ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

СВОД ЗАКОНОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ТОМ 10

Каз 3/21

А

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Казахская ССР. Законы.

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

10-ТОМ

АЛМАТЫ

ББК 67.99(2К)—3
Қ—17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Досполов Д. (председатель),
Қадырова З. Ж., Изюмников В. К.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,
Бацула А. Е., Жандосов С. У.,
Карбовский Э. С., Ахметов З. А.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ПУБЛИЧНАЯ
ИСТОРИЧЕСКАЯ
БИБЛИОТЕКА РСФСР
5319 1987 год

К $\frac{1203070000-69}{401(05)-87}$ 82—87

ББК 67.99(2К)—3

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

10-том

АЛМАТЫ

ББК 67.99(2К)—3
Қ 17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Досполов Д. (председатель),
Нұрпейісов С. С., Изюмников В. К.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,
Бацула А. Е., Жандосов С. О.,
Карбовский Э. С., Әбділдин Ж. М.

К $\frac{1203070000-135}{401(05)-88}$ 84—88 ББК 67.99(2К)—3

IV БӨЛІМ

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

Қазақ ССР Заңдары жинағының 10-томын пайдаланған кезде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқару органдары жүйесіндегі өзгерістер туралы» 1985 ж. 2 декабрьдегі Указымен Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті құрылғанын еске алу қажет.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті жойылды.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі болып қайта құрылды.

6-тарау

ТРАНСПОРТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

§ 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР-інің АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ [1]

1963 жылғы 28 декабрьдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

363—375-статьялар

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1979 жылғы 14 декабрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

6-статьяның бірінші бөлігінің үшінші абзацы, 8-статьяның 4-пункті, 25 және 26-статьялар

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

16-статьяның 2, 5-пункттері, 19 және 20-статьялар

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

18-статьяның 4-пункті, 19-статья

---

[1] 2-томның 7-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 145-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 163-бетін қараңыз.
[4] 1-томның 191-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

16-статьяның 6-пункті, 17-статьяның 5-пункті, 18-статья, 31-статьяның 7-пункті, 35-статьяның үшінші бөлігі

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1968 жылғы 20 декабрьдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

17-статьяның 4—10-пункттері

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [3]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ 1984 жылы 22 мартта қабылдаған

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14)

140, 141, 143 және 144-статьялар

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮКТЕРІ МЕН ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫ, ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ТРАНСПОРТ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ШАРУАШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ ЫҚПАЛЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 28 ОКТЯБРЬДЕГІ № 942 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ

1982 жылғы 17 декабрьдегі
№ 480 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылық жүктері мен жолаушылар тасымалдауды жоспарлауды, ұйымдастыруды жақсарту және транспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға шаруашылық механизмінің ықпалын күшейту туралы» 1982 жылғы 28 октябрьдегі № 942 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

---

[1] 1-томның 220-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 254-бетін қараңыз.
[3] 12-томның 179-бетін қараңыз.
[4] 10-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 28 октябрьдегі № 942 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, Қазақ Азаматтық авиация басқармасы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті транспортты дамыту жоспарларын әзірлегенде мыналарды қамтамасыз етсін:

халық шаруашылығы мен қорғаныс мүддесі үшін тасымалдау мен транспорт жүйесін дамытуды комплексті жоспарлауды, транспорттың материалдық-техникалық базасын неғұрлым тиімді пайдалану, сондай-ақ шаруашылық қызметінің жоғары түпкі нәтижелеріне жету негізінде салалық және территориялық жоспарлауды өндіріс, материалдық-техникалық жабдықтау және беру жоспарларымен ұштастыра отырып ұтымды үйлестіруді;

халық шаруашылығы мен халықтың тасымалға деген қажеттерінің және барлық транспорт түрлерінің тасымалдау қабілеттері дамуының теңдестірілуін;

өнімді тасымалдауға арналған шығынның ең аз болуын ескере отырып, оны жеткізуде ұтымды шаруашылық байланыстар орнатылуын;

тасымалдаудың транспорт түрлері арасында ұтымды бөлінуін және аралас қатынастарда жүк тасымалдаудың экономикалық жағынан негіздей отырып дамытылуын;

транспорттың жекелеген түрлерін дамытуда оптималды арақатыстардың белгіленуін, транспорттың жаңа түрлерінің жекелеген экономикалық аудандарда пайдаланылуының экономикалық орынды болуын ескере отырып, олардың неғұрлым кеңінен қолданылуын;

барлық транспорт түрлерінде ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің кеңінен енгізілуін, транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбек өнімділігінің өсуін және халық шаруашылығы мен халықтың транспорт қажетін өтеу сапасын жақсартуға бағытталған пайдалану қызметінің жақсартылуын;

негізгі қорлардың, материалдық, еңбек және финанс ресурстарының тиімді пайдаланылуын, отынның, электр энергиясының, материалдардың үнемді жұмсалуын, ысыраптар мен өнімсіз шығындардың жойылуын;

жылжымалы составтың, транспорт жүйесінің өткізу және тасу қабілеттерінің қажетті резервтерінің жасалуын, оның жұмысының әсіресе халық шаруашылық жүктері мен жолаушыларды жаппай тасымалдау кезеңінде сенімділігінің арттырылуын.

3. Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының бесжылдық жоспарлары (жылдар бойынша бөле отырып) мен жылдық жоспарларда негізгі қызмет бойынша мынадай көрсеткіштер мен экономикалық нормативтер [1] бекітілсін:

а) Қазақ ССР Автомобиль транспорт министрлігіне:

— тасымалдау бойынша:

— халық шаруашылық жүктерін тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен жалпы көлемі;

жүк жөнелтуші министрліктер мен ведомстволар бойынша жүк тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен көлемі;

универсалды және мамандандырылған контейнерлер мен пакеттеп жүк тасымдалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен жалпы көлемі;

[1] Жылдық жоспарлардың көрсеткіштерін бесжылдықтың тиісті жылына белгіленген тапсырмалар нақтылайды, ал жекелеген реттерде дәлелдей түседі.

жолаушылар айналымы:

қалалық қатынаста жалпы пайдаланудағы автомобиль транспорты жолаушылар айналымының көлемі;

— еңбек және әлеуметтік даму бойынша:

— еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырма;

жұмысшылар мен қызметшілер санының лимиті;

барлық қызмет түрлері бойынша табыстың бір сомына шаққандағы жалақы нормативі;

пайдадан материалдық көтермелеу қорына, әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорына жарна бөлу нормативтері;

— финанстар бойынша:

пайданың жалпы сомасы;

табыстың жалпы көлемі;

табыстың бір сомына шаққандағы шығындар;

пайданың бір сомына шаққандағы материалдық шығындардың (ақшалай) лимиті (шекті деңгейі);

мемлекеттік бюджетке түсетін төлемдер сомасы;

министрліктің иелігінде қалдырылатын пайдадан жарна бөлу нормативі;

— күрделі құрылыс бойынша:

негізгі қорларды іске қосу;

өндірістік қуаттар мен аса маңызды объектілерді іске қосу, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта қаруландыру мен қайта құру есебінен қуаттардың өсуі;

мемлекеттік күрделі қаржы мен құрылыс-монтаждау жұмыстарының лимиттері, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта қаруландыру мен қайта құруға арналған шығындар;

өндірісті дамыту қорын құрау нормативтері;

— жаңа техниканы енгізу бойынша:

жүктерді тасымалдау мен жолаушыларға қызмет көрсетудің ғылыми-техникалық программаларын орындау, жаңа техниканы, аса тиімді жаңа технологиялық процестерді игеру мен енгізу жөніндегі негізгі тапсырмалар;

— материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша:

жылжымалы составтың негізгі түрлері мен басқа да материалдық-техникалық ресурстарды беру көлемі;

б) Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасына:

— тасымалдау бойынша:

халық шаруашылық жүктерін тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен жалпы көлемі;

жүктерді белгіленген номенклатура бойынша тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен көлемі;

универсалды және мамандандырылған контейнерлер мен пакеттеп жүк тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен жалпы көлемі;

жолаушылар айналымы;

порттар мен айлақтарда пароходствоның күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарының көлемі;

— еңбек және әлеуметтік даму бойынша:

еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырма;

жұмысшылар мен қызметшілер санының лимиті;

жалақының жалпы қоры;

материалдық көтермелеу қорын, әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорын құраудың жалпы мөлшері мен нормативтері;

— финанстар бойынша:
негізгі пайдалану қызметінен түсетін пайда;
— күрделі құрылыс бойынша:
негізгі қорларды іске қосу;
өндірістік қуаттар мен аса маңызды объектілерді іске қосу, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта қаруландыру мен қайта құру есебінен қуаттардың өсуі;
мемлекеттік күрделі қаржы мен құрылыс-монтаждау жұмыстарының лимиттері, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта қаруландыру мен қайта құруға арналған шығындар;
өндірісті дамыту қорын құрау нормативтері;
— жаңа техниканы енгізу бойынша:
жүктерді тасымалдау мен жолаушыларға қызмет көрсетудің ғылыми-техникалық программаларын орындау, жаңа техниканы, аса тиімді жаңа технологиялық процестерді игеру мен енгізу жөніндегі негізгі тапсырмалар;
— материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша:
кемелердің негізгі түрлері мен басқа да материалдық-техникалық ресурстарды беру көлемі;
в) Қазақ азаматтық авиация басқармасына (жергілікті әуе жолдары бойынша):
— күрделі құрылыс бойынша:
негізгі қорларды іске қосу;
өндірістік қуаттарды — ұшу-қону алаңдарын іске қосу;
мемлекеттік күрделі қаржы мен құрылыс-монтаждау жұмыстарының лимиттері, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта қаруландыру мен қайта құруға арналған шығындар.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бесжылдық және жылдық жоспарларда Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасына — тура аралас қатынаста жүк айналымы көлемін, жүк тасымалдау (жөнелту) көлемін тонна есебімен және қол еңбегін қысқарту жөніндегі тапсырманы, сондай-ақ Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне — жеңіл таксилердің ақылы жүріс көлемін, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасына — тасымалдаудың өзіндік құны мен материалдық шығындар лимитін (шекті деңгейін) бекітіп отырсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы бесжылдық жоспарлардың жобаларын әзірлеген кезде жүк жеткізудің нормативтік мерзімдерін қысқартуды көздейтін болсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті халық шаруашылығында транспорт шығындарын қысқарту мақсатында бесжылдық және жылдық жоспарларды әзірлеген кезде транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының таңдаулы коллективтерінің озық жұмыс әдістерін енгізу негізінде транспорт-экономикалық байланыстарды одан әрі жетілдіруді, ұтымсыз тасымалдау көлемін қысқартуды, жаңа транспорт түрлерін енгізуді, тасымалдауды транспорт түрлері бойынша экономикалық жағынан негіздеп бөлуді, тасымалдау процесін ұйымдастыруды жетілдіруді көздейтін болсын.

7. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары және Қазақ азаматтық авиация басқармасы шаруашылық қызметінің түпкі нәтижелерінің жақсаруына, жұмыстың сапасы мен тиімділігінің артуына, мемлекеттік бюджетке қаржылар бөлудің өсуімен бірге аз шығын жасай отырып халық шаруашылығы мен халықтың жүк пен жолаушылар тасымалдауға деген қажетінің қанағаттандырылуына қарай транспорт кәсіпорындарының иелігінде қалдырылатын ресурстардың артуына кепілдік болатын бесжылдық жоспардың тапсырмалары мен ұзақ мерзімді экономикалық нормативтер негізінде басқарудың барлық деңгейінде шаруашылық есептің одан әрі дамуын қамтамасыз етсін.

Транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларды экономикалық ынталандыру әрбір транспорт түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, жүк тасымалдаудың (жөнелтудің) тонна есебімен жалпы көлемі, жүктерді белгіленген номенклатура бойынша жөнелту, жолаушылар айналымы, шығындарды (шетелдік валюта есебімен) шегере отырып жүктерді шетелдік тасымалдаудан түскен табыстар, еңбек өнімділігі, пайда және тасымалдаудың өзіндік құны жөнінде бекітілген жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына сүйеніп жүргізілсін.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 28 октябрьдегі № 942 қаулысымен көзделген ережелермен және осы қаулымен қатар КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 жылғы 12 июльдегі № 695 қаулысының (СП СССР, 1979 ж., № 18, ст. 118) 2—6, 12, 13, 16, 23—25, 30—45-тармақтарын да, 47-тармақтың «в» және «г» тармақшаларын, 48, 50, 54, 57 және 59 тармақтарын да басшылыққа алатын болсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «1981—1985 ЖЫЛДАРЫ ЖҮКТЕРДІ КОНТЕЙНЕРЛЕР МЕН ПАКЕТТЕРДЕ ТАСЫМАЛДАУДЫ ДАМЫТУДЫ ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 28 МАЙДАҒЫ № 500 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ

1981 жылғы 2 июльдегі
№ 295 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: соңғы жылдары республикада барлық транспорт түрлерінде жүктерді контейнерлер мен пакеттерде

[1] 2, 4, 5, 7, 8-пункттер, 12-пункттің үшінші абзацы, 14, 16 және 17-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

15-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 28 майдағы № 500 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

тасымалдауды одан әрі дамыту жөніндегі жұмыс күшейтілді. Өткен бесжылдықта жүктерді контейнерлерде тасымалдау көлемі 1,5 еседен астам және пакеттерде тасымалдау 1,9 есе өсті.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі универсалды және мамандандырылған контейнерлер мен контейнер тасушылардан өз паркін жасау жөнінде ірі шараларды жүзеге асыруда. Картоп, овощ және бақша дақылдарын егістіктен тікелей сауда, дайындау жүйесі мен оларды ұқсататын кәсіпорындарға мамандандырылған контейнерлер мен жәшіктерде тасымалдау ұлғайып келеді, мұның өзі тасымалдағанда (аталған өнімнің) бұзылуы мен сапасының төмендеуіне жол бермейді.

Сонымен бірге контейнерлер мен пакеттерде тасымалдауды ұйымдастыруда, жоспарлау мен басқаруда елеулі кемшіліктер бар, әр транспорт түрінің жұмысын салааралық үйлестіру жоқ.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1981—1985 жылдары жүктерді контейнерлер мен пакеттерде тасымалдауды дамытуды жеделдету және тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 28 майдағы № 500 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

3. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары жұмыс істеп тұрған контейнер пункттерінің қуаттарын арттыру, контейнерлерді, жәшіктер мен пакеттеу құралдарын пайдаланудағы орын алған кемшіліктерді жою, олардың айналымдылығын жеделдету, контейнерлер мен пакеттерде тасымалдауды жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдіру, олардың тиімділігін арттыру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыратын болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі тасымалдаған кезде ауыл шаруашылығы өнімінің сақталуын және бұзылуына жол бермеуін қамтамасыз ету үшін картопты, овощтарды, бақша дақылдары мен басқа да ауыл шаруашылық өнімін егістіктен тікелей сауда жүйесіне, овощ базалары мен ұқсататын кәсіпорындарға мамандандырылған контейнерлерде тасымалдаудың едәуір ұлғайтылуын қамтамасыз етсін.

9. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, мамандандырылған контейнерлер мен пакеттеудің көп айналымды құралдары бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары он бірінші бесжылдықта контейнер пункттері орналасқан аудандарда контейнерлер мен пакеттеу құралдарын күрделі жөндеу жөніндегі шеберханалар құратын болсын.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары 1982—1985 жылдарға арналған жоспарлардың жобаларында жүктерді контейнерлер мен пакеттерде тасымалдаудың техникалық құралдарын жасап шығаратын және күрделі жөндейтін қуаттарды қайта құру, ұлғайту мен жасау жөніндегі осы қаулымен белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыруға қажетті күрделі қаржыны халық шаруашылығының тиісті салаларын дамытуға көзделген күрделі қаржы шегінде көздейтін болсын.

11. Қазақ ССР-інің министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары 1982 жылдан бастап:

Қарағандыдағы бірлестіктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға өнімді универсалды және мамандандырылған контейнерлерде және пакеттелген күйде жеткізу жөнінде тапсырмалар беріп отырсын. Бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар бұл тапсырмаларды өнім беруге арналған шарттарға және жүктерді барлық транспорт түрімен тасымалдауға арналған заявкаларға енгізетін болсын;

пакеттелуге жарамды өнімге арналған стандарттар мен техникалық шарттардың жаңаларының жобаларын әзірлеген және қолданылып жүргендерін қайта қарау жөнінде ұсыныстар дайындаған кезде оларда өнімді тек пакеттелген күйде, орынды деп табылған ретте жеңілдетіп орап-түюді қолдана отырып жөнелту туралы талаптарды көздейтін болсын.

Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы мен Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі жүктердің жүк жөнелтуші бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар табыс ететін заявкаларға сәйкес мамандандырылған контейнерлер мен пакеттелген күйінде қабылдануын қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

1983 жылдан бастап универсалды және мамандандырылған контейнерлер мен пакеттелген күйде, өнім тасымалдауға арналған транспорт түрін, соның ішінде тура аралас қатынасты көрсете отырып өнім беру көлемі (экспорттық өнімді бөліп) жөнінде ұсыныстарды, сондай-ақ жүктерді контейнерлер мен пакеттелген күйде тасымалдау көлемінің артуына сәйкес транспорт ыдысын өндіруге арналған материалдық шығындарды қысқарту жөніндегі шараларды СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетке табыс ету үшін әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізсін.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1983 жылдан бастап СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының бесжылдық және жылдық жоспарларда белгіленетін жүктерді контейнерлер мен пакеттерде тасымалдаудың жалпы көлемдері жөнінде тапсырмалардың негізінде жүктерді универсалды және мамандандырылған контейнерлер мен пакеттелген күйінде тасымалдаудың СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген жылдық жоспарларын әзірлеп, сыртқы сауда тасымалдары мен тура аралас қатынастардағы тасымалдар көлемін бөле отырып Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етсін.

18. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, республиканың министрліктері мен ведомстволары жыл сайын 20 июньге Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне осы қаулының орындалу барысы туралы информация табыс етіп отырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған материалдарды он күн мерзім ішінде қорытып, оларды Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етіп отырсын.

ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАҒАН КЕЗДЕ КОНТЕЙНЕРЛЕРДІ ТИІСІНШЕ ПАЙДАЛАНБАҒАНЫ ҮШІН ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРДІҢ, ЖҮК АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АВТОТРАНСПОРТ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 15 октябрьдегі
№ 541 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 22, 114-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасының, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің жүктерді автомобиль транспортымен тасымалдаған кезде контейнерлерді тиісінше пайдаланбағаны үшін жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының мынадай материалдық жауапкершілігін белгілеу туралы Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен, Қазақ ССР Юстиция министрлігімен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитражбен келісілген ұсынысы қабылдансын:

а) тікелей автомобиль қатынасымен баратын контейнерлерде жүктерді тасымалдаудың орташа тәуліктік жоспарлы немесе келісілген нормасын орындамағаны үшін, сондай-ақ тасымалдау жоспарын орындауға контейнерлерді автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы бермегені үшін, берілген контейнерлерді жүк жөнелтушілер пайдаланбағаны үшін немесе жоспарда көзделген контейнерлерден бас тартқаны үшін айыпты жақ мынадай мөлшерде штраф төлейді:

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 10 сом,
брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 5 сом,
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 3 сом,
брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін 1 сом 50 тиын;

б) жүк жөнелтуші бағыттар бойынша тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін мынадай мөлшерде штраф төлейді:

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 3 сом,
брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 2 сом,
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 1 сом,
брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін 50 тиын;

в) контейнерлерді белгіленген мерзімдерден артық ұстағаны үшін жүк жөнелтуші мен жүк алушы мынадай мөлшерде штраф төлейді;

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін сағатына 30 тиын,
брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін сағатына 20 тиын,
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін сағатына 10 тиын,
брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін сағатына 5 тиын;

г) брутто салмағы 10 тонна контейнерді техникалық нормасына немесе толық жүк көтеруіне (сыйымдылығына) дейін жүкпен толтырмағаны үшін жүк жөнелтуші жүктерді тасымалдауға арналған тарифтерде көзделген мөлшерде штраф төлейді. Егер жүк жөнелтуші контейнерді жүкпен толтырса, жүк толтырмағаны үшін штраф өндіріп алынбайды.

---

[1] 3—5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2-пункт СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 21 августағы № 650 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 19 январьдағы
№ 38 ҚАУЛЫСЫ

Автомобиль транспортымен тасымалдау жоспарын орындамағаны және жүктерді жеткізуді кешіктіргені үшін материалдық жауапкершілікті күшейту мақсатында және СССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырмалар мен міндеттерін орындамағаны үшін материалдық жауапкершілігін күшейту туралы» 1967 жылғы 27 октябрьдегі № 988 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Төмендегі ұйымдар төлейтін штрафтардың қолданылып жүрген мөлшерлері 1968 жылдың 1 январынан бастап екі есе көбейтілсін:

а) автомобиль транспортымен жүк тасу жоспарын орындамағаны үшін автотранспорт ұйымдары мен жүк жіберушілер (жүкті алушылар);

б) орталықтандырылған қалааралық тасымал жүктерін жеткізуді кешіктіргені үшін автотранспорт ұйымдары.

2. Автотранспорт ұйымдарына, жүк жіберушілерге (жүкті алушыларға) жүк берушілердің (жүк алушылардың) автотранспорт ұйымдары қабылдаған заявкасы бойынша жоспардан тыс және жоспардан артық жүк тасу міндеттемелерін орындамағаны үшін автомобиль транспортымен жүк тасу жоспарын орындамағандағы жауапкершілік сияқты жауапкершілік жүктелетін болсын.

3. Жүк жіберушілер, жүкті алушылар (заказ берушілер) мен автомобиль транспорты ұйымдары арасындағы жүк тасымалының жылдық шарттары халық шаруашылығы жоспары бекітілгеннен кейінгі 60 күн ішінде жасалатын болсын.

Автомобиль тасымалын орындау шартын жасауды кешіктіргені немесе шарт жасаудан себепсіз бас тартқаны үшін кінәлы жақ екінші жаққа әрбір кешіккен күн үшін 50 сом штраф төлейді, бірақ 500 сомнан артық болмауы керек.

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ ЖАНЫНАН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ҰТЫМДЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 21 августағы
№ 372 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанынан Жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі республикалық ведомствоаралық ко-

---

[1] 4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 27 октябрьдегі № 988 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1967 ж. № 26, 186-ст.).

миссия құрылсын, оның құрамы қосымшаға [1] сәйкес, сондай-ақ аталған Комиссия туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1981 жылғы 21 августағы № 372
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ҰТЫМДЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссияны [2] Қазақ ССР Министрлер Советі Комиссия председателі, председательдің орынбасары, мүшелері және жауапты секретары құрамында құрады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың республикада жүк тасымалдауды ұтымдылауға, транспорттық-экономикалық байланыстарды жақсартуға байланысты мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру және осы мәселелер жөнінде оперативтік шешімдер қабылдау болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, жүк тасымалдауды ұтымдылау мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен жұмысын үйлестіреді.

4. Комиссияның шешімдері республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары, кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары үшін міндетті болып табылады.

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

— республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының, темір жол басқармаларының, республика территориясына орналасқан одақтық бағыныстағы бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың автомобиль, өзен және құбыр транспортымен жүк тасымалдауды ұтымдылау, жүк тасымалдау көлемін арттыру жөніндегі ұсыныстарын қарайды;

— Қазақ ССР-і бойынша жүк тасымалдауды ұтымдылау мәселелері жөніндегі ұсыныстарының әзірленуін қамтамасыз етеді;

— жүк тасымалдауды ұтымдылау жөнінде тиісті шараларды республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларының жобаларына енгізу туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қарауына табыс етеді;

— жүктерді алыска тасымалдауды қысқарту, ерсілі-қарсылы және басқа ұтымсыз тасымалдауды жою туралы және жекелеген жүктер бойынша жүк ағындарының қалыпты бағыттарының схемаларын әзірлеу туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетіне енгізеді;

---

[1] Қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Бұдан былай текст бойынша «Комиссия».

— жүк тасымалдауды ұтымдылау мен транспорт-экономикалық байланыстарды жетілдіруге байланысты мәселелер жөнінде кеңестер өткізеді, бұл кеңестерге мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қатыстырады;

— министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жүк тасымалдауды ұтымдылау мәселелері жөніндегі озық жұмыс тәжірибесін қорытып, таратады.

6. Комиссияның мынадай правосы бар:

— Комиссияның қарауына енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдар даярлауды министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, темір жолдар басқармаларына, бірлестіктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға тапсыруға;

— Қазақ ССР-інің министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары, темір жолдар басқармалары, республиканың территориясына орналасқан одақтық бағыныстағы бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының жүк тасымалдауды ұтымдылау мен транспорт-экономикалық байланыстарды жақсарту жөніндегі шаралардың орындалуы туралы хабарларын өз мәжілістерінде тыңдап отыруға;

— республикада жүк тасымалдауды ұтымдылауға және транспорт-экономикалық байланыстарды жақсартуға байланысты мәселелердің ғылыми әзірленуін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, сондай-ақ Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ғылыми-зерттеу ұйымдарына белгіленген тәртіп бойынша тапсыруға.

7. Комиссияның жұмысы оның мәжілістерінде бекітілетін перспективалық және ағымдағы жоспарларға сәйкес құрылады.

8. Комиссияның мәжілістері оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда заңды деп есептеледі.

9. Жекелеген министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың мүдделерін қозғайтын мәселелер қаралған кезде Комиссияның мәжілістеріне олардың өкілдері қатыстырылады.

10. Комиссияның ерсілі-қарсылы тасымалдауды жою, сондай-ақ жүктерді темір жол транспортынан транспорттың басқа түрлеріне (өзен, автомобиль, құбыр) аудару жөніндегі қабылдайтын шешімдері протоколдармен ресімделіп, тиісті министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізіледі.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Председателінің транспорттың дамуы мен жұмысын жоспарлау мәселелерін басқаратын орынбасары комиссияның председателі, ал Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің транспорт мәселелерін басқаратын орынбасары Комиссия председателінің орынбасары болып табылады.

12. Комиссияның құрамына Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармаларының, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының, республиканың басқа министрліктерінің, ведомстволары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс жоспарларының жобалары мен оның қызметі туралы есептер жасау, Комиссияның мәжілістерінде қарау үшін мәселелер әзірлеуді ұйымдастыру, сондай-ақ Комиссияның председате-

лі мен оның орынбасарының тапсырмаларын орындау Комиссияның жауапты секретарына жүктеледі.

14. Жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі мәселелерді Комиссияның қарауына әзірлеу үшін халық шаруашылығының тиісті салалары бойынша тұрақты жұмыс істейтін жұмыс топтары және жұмыс топтарының материалдарын қорытатын жиынтық топ құрылады. Аталған жұмыс топтарының құрамына Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің тиісті салалық бөлімдерінің, республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері кіреді.

Жұмыс топтарының құрамын Комиссия председателі бекітеді.

ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1972 жылғы 27 декабрьдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж., № 1)

88—91 және 94-статьялар

[1] 6-томның 204-бетін қараңыз.

§ 2. ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ӨНЕРКӘСІПТІК ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1971 ЖЫЛҒЫ 2 ИЮНЬДЕГІ № 338 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1971 жылғы 22 сентябрьдегі № 547 ҚАУЛЫСЫ

Республикада өнеркәсіптік темір жол транспортының жұмыс тиімділігін арттыру, ведомстволық кірме темір жолдарда вагондар мен локомотивтердің тұрып қалуын қысқарту мен пайдаланылуын жақсарту мақсатында, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптік темір жол транспортының жұмысын жақсарту туралы» 1971 жылғы 2 июньдегі № 338 қаулысын орындау үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына мыналар міндеттелсін:

— халық шаруашылығының тиісті салаларында белгіленген қаржының шеңберінен шықпай, өнеркәсіптік темір жол транспортын дамытуға қажетті көлемде күрделі қаржы және материалдық-техникалық ресурстар бөліп отыруды қамтамасыз ету;

— 1972 жылдан бастап, жоспарларда өнеркәсіптік темір жол транспортын техникалық қайта құру мәселелерін дербес бөлім етіп бөлу, ол бөлімде мынадай тапсырмаларды белгілеу:

а) өнеркәсіптік темір жол транспортын сүйретудің жаңа түрлеріне көшіру және ең алдымен магистральді темір жол линияларына жалға-

---

[1] 1, 2-пункттер, 3-пункттің «д» тармағы, 5—15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1971 ж. 2 июньдегі № 338 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

сатын, ауыр жүктер тасылатын кірме жолдарды сүйреудің жаңа түрлеріне көшіру жөнінде;

б) жүк тиеу-түсіру орындарын ауыр салмақты маршруттарды қабылдауды қамтамасыз ететіндей етіп кеңейту, қойма шаруашылығын, ең алдымен шикізат пен отынның қыстық қорын жасау үшін қоймаларды, жүктерді вагонға тиеу кезінде өлшейтін құрылымы бар таразы шаруашылығын ұлғайту жөнінде; жүк тиеу-түсіру жұмысын комплексті механикаландыру дәрежесін арттыру үшін комплексті құрылым, машина, механизмдер және темір жолдың арнаулы жылжымалы құрамдарын енгізу, вагондардың жүгін түсірумен бірге толық тазалауды қамтамасыз ету жөнінде; контейнерлермен, пакеттермен және поддондармен жүк тасу көлемін арттыру, брутто салмағы 20 және 30 тонна контейнерлерді көтеруге механизмдер енгізу жөнінде;

в) транспорт құрылымдарын модернизациялау, ал қажет болған жағдайда алмастыру, сөйтіп, сегіз білікті жүк вагондарымен жұмыс істеуді, ең алдымен Қарағанды, Екібастұз көмір бассейндерінің, Қарағанды металлургия, Жезқазған және Балқаш кен-металлургия, Соколов-Сарыбай және Лисаков кен-байыту, Қаратау кен-химия, Өскемен қорғасын-мырыш, Зырян қорғасын, Лениногор полиметалл комбинаттарының кәсіпорындарында, Павлодар алюминий заводында, Торғай кен басқармасының рудниктерінде, сондай-ақ Павлодар және Қарағанды энергия жүйесінің электр станцияларында жұмыс істеуді қамтамасыз ету жөнінде;

г) жол шаруашылығын күшейту, оны жүк тасуға пайдаланатын жылжымалы құрамға және поездар жүрісінің белгіленген жылдамдығына сәйкестендіру, сондай-ақ жол жөндеу жұмысын механикаландыру дәрежесін арттыру жөнінде;

е) станциялық жұмыстарды механикаландырудың қазіргі заманғы құралдарын, автоматика мен байланыс құралдарын енгізу, ең алдымен стрелкалар мен сигналдарды, өткізу сигнализацияларын электрлік орталықтарға енгізу жөнінде;

ж) салааралық жөндеу базаларын салуға және бұрыннан барларын қайта құруға өнеркәсіп кәсіпорындарының, құрылыстар мен ұйымдардың үлес қоса қатысуын еске ала отырып, жөндеу базаларын кеңейту жөнінде;

з) қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құрғанда және ондай кәсіпорындарды жаңадан салғанда материалдарды станциялар арасында түсіруді болдырмауды қамтамасыз ететін, транспорт процестерін және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын автоматтандыру ережелеріне сай келетін, тасымалда еңбек өнімділігін күрт арттыруға және тасымалдың өзіндік құнын арзандатуға мүмкіндік беретін транспорттың тиімді үздіксіз жүйесін енгізу есебінен өнеркәсіптік темір жолдардың таситын жүгінің үлес салмағын азайту жөнінде, атап айтқанда мыналарды қолдану есебінен:

өндіруші өнеркәсіпте жалпылама сусыма жүктерді карьерлер мен шахталардан байыту фабрикаларына, заводтарға және түсіретін орындарға тасығанда, сондай-ақ қара және түсті металлургия, құрылыс материалдары өнеркәсібі, көмір және химия өнеркәсібі кәсіпорындарында темір жол транспортынан алып жөнелтілетін пункттерден тікелей өндіріс агрегаттарына жеткізгенде конвейерлі транспортты пайдалану;

таулы — ойлы-қырлы жерлерде кен, көмір, әк, қиыршық тас, тағы сондай материалдарды өндірілген немесе өңделген орындардан тұтыну орындарына немесе транспорттың басқа түрлеріне тиеуге жеткізгенде аспалы-желілі транспортты пайдалану;

егер құмды, көмірді, қиыршық тасты су күшімен айыру, шикізатты

ылғалдап байыту және шайынды құрылыс салу процестерімен тығыз байланысты болған жағдайларда гидравликалық транспортты пайдалану;

тозаң тәрізді және ұсақ түйірлі материалдарды цехтардың ішінде және цехтар арасында тасығанда пневматикалық транспортты пайдалану.

ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫНДА АДАМДАРДЫ БАҚЫТСЫЗ ЖАҒДАЙҒА ҰШЫРАТПАУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 30 майдағы
№ 348 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 11, 55-ст.)

Темір жол транспортында адамдарды бақытсыз жағдайға ұшыратпау мақсатымен және СССР Министрлер Советінің «Темір жол транспортында адамдарды бақытсыз жағдайға ұшыратпау шаралары туралы» 1969 жылғы 10 марттағы № 179 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

4. Облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне мүдделі кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың келісімімен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы кәсіпорындар мен ұйымдардың жергілікті автомобиль жолдарын салуға және жөндеуге қатысумен байланысты шығындарды жабуы үшін пайдалана алатын көздері есебінен темір жол бойындағы қалалар мен қала сыртында автомобиль жолдарының темір жолдармен қиылысатын орындарында путепроводтар салуға рұқсат етілсін.

7. Қазақ Темір жолы басқармасына, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне, облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне темір жол транспортында адамдарды бақытсыз жағдайға ұшыратпау жөнінде жүргізілген шаралар туралы жыл сайын 1 февральдан қалдырмай Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлап тұру міндеттелсін.

ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫНДА ЖҮКТЕРДІ ҰТЫМСЫЗ ТАСЫМАЛДАУДЫ ОДАН ӘРІ ҚЫСҚАРТУ ЖӘНЕ МАРШРУТТАУ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 6 июльдегі
№ 304 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

5. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқар-

---

[1] 1—3 және 5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 10 марттағы № 179 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

[2] 1—4 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

масы жүк тасымалдауды темір жол транспортынан өзен транспортына аудару жөніндегі тапсырмалардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін, мұның өзінде өзен порттарындағы қайта тиелетін жүктердің уақтылы тасып әкетілуіне айрықша назар аударсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі жыл сайынғы шараларда жақын жерге тасылатын жүктерді темір жол транспортынан автомобиль транспортына аудару жөнінде тапсырмалар көздеп отырсын.

8. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті жүк тасымалдауда маршруттау деңгейін одан әрі көтеруге қажетті жағдай жасау мақсатында жүк тасқындарын жөнелтуді шоғырландыруды, жөнелтудің ең аз нормаларын арттыруды, маршруттарды қабылдауға арналған базалар мен қоймаларды неғұрлым толық пайдалануды жүзеге асырсын.

9. Халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне өнеркәсіп, құрылыс, транспорт кәсіпорындары мен басқа да ұйымдар коллективтерінің темір жолмен жүктерді ұтымсыз тасымалдауын қысқарту және маршруттау деңгейін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындауына тұрақты бақылау орнату, транспорт шығындарын барынша азайтуға қол жеткізу және транспорт құралдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі жөніндегі қолда бар резервтерді пайдалану міндеттелсін.

10. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары осы қаулының орындалу барысы туралы информацияны жыл сайын 15 февральға Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етіп отырсын. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған материалдарды он күн мерзім ішінде қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етсін.

§ 3. ӨЗЕН ТРАНСПОРТЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ӨЗЕН ФЛОТЫ БАС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1956 жылғы 24 августағы
№ 524 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1956 жылғы 24 августағы № 524
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ӨЗЕН ФЛОТЫ БАС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е[1]

2. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы Қазақ ССР өзендерінде халық тұтынатын жүктерді, өнеркәсіптің, құрылыстардың, ауыл шаруашылығының жалпы жүктерін және жолаушылар тасуды жүзеге асырады, сонымен қатар шағын өзендерді жаңадан игеруді жүзеге асырады, оларда кеме жүзуді ұйымдастырады және дамытады.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын Басқарма бастығы басқарады.

4. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының бастығы Бас басқарманың және оның қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық қызметіне басшылық етеді.

5. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының бастығы заңдарға, СССР Министрлер Советі мен Қазақ

[1] 1-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарына сүйеніп және оларды орындау үшін, өзінің қызмет бабы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және олардың орындалуын тексереді.

6. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының бастығы өзіне тікелей бағынатын кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар басшыларының заңдарға, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулыларына, жарлықтарына, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының бұйрықтары мен нұсқауларына қайшы келетін бұйрықтарын және нұсқауларын тоқтатады және өзгертеді.

7. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының бастығы Бас басқарма бөлімдерінің басшы қызметкерлерін және Бас басқармаға тікелей бағынатын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындайды және босатады, пароходство бастықтарын, бас инженерлерін, бас бухгалтерлерін, пайдалану учаскелері мен жол дистанциясы бастықтарын, кеме жасау-кеме жөндеу кәсіпорындарының директорларын, бас инженерлерін, бас бухгалтерлерін және пароходстволар жанындағы жұмысшыларды жабдықтау басқармаларының және бөлімдерінің бастықтарын бекітеді.

8. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасында коллегия құрылады, оның құрамына Бас басқарманың бастығы (председатель), оның орынбасарлары және басқарманың жауапты қызметкерлері кіреді.

Коллегия құрамын Бас басқарма бастығының ұсынуымен Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді. Коллегия өзінің мәжілістерінде Қазақ ССР өзендері мен көлдерінің пайдаланылатын бассейндерінде жүк-жолаушы тасуды ұйымдастыруға және дамытуға, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруға және ұйымдастыруға, шағын өзендерді игеру және пайдалануға, істің орындалуын тексеруге, кадрларды іріктеуге және орналастыруға практикалық басшылық етудің маңызды мәселелерін қарайды, Бас басқарманың маңызды бұйрықтарының, ереже, нұсқауларының жобасын талқылайды, қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшы қызметкерлерінің, Бас басқарма бөлімдерінің есептерін тыңдайды. Коллегия шешімдері Бас басқарма бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Бас басқарма бастығы мен коллегия мүшелері арасында келіспеушілік болған жағдайда Бас басқарманың бастығы өзінің шешімін жүзеге асырады, туған келіспеушілік туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндайды; коллегия мүшелері өз тарапынан Қазақ ССР Министрлер Советіне шағым ете алады.

9. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы бастығының жанында техникалық совет ұйымдастырылады, оның құрамын Бас басқарманың бастығы бекітеді.

10. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы бастығының жанында Бас ревизор бөлімі ұйымдастырылады, ол Қазақ ССР су жолдарында кеме қатынасының және барлық министрліктер мен ведомстволар жүргізетін ағаш ағызудың хауіпсіздігіне бақылау жасайды.

11. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы Бас басқармаға тікелей бағынышты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады; жүк және жолаушы тасудың жоспарлары мен тарифын, өнеркәсіп кәсіпорындарының өнім шығару жоспарларын, күрделі қаржы жұмсау, еңбек және кадр даярлау жөніндегі жоспарларды жасап, Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне ұсынады;

— халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттерімен келісе отырып, паромдармен өткізудің және қала маңында жүк тасудың тарифын бекітеді;

— жүк тиеу-түсіру жұмыстарының және пристань алымының тарифтарын бекітеді;

— өзінің қызмет бабы шеңберінде күрделі құрылыстар салу объектілерінің жобасын және сметасын бекітеді;

— Қазақ ССР өзендері мен көлдерінде кеме жүзуді одан әрі дамытудың шараларын жасап, Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне ұсынады және оны жүзеге асырады;

— өзінің қарамағындағы кәсіпорындардың тасымалдық және өнімнің өзіндік құнын арзандату жөніндегі тапсырмаларды, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындауына бақылау жасайды;

— кәсіпорындар үшін жүк және жолаушылар тасудың навигациялық жоспарларын, күрделі құрылыстарды және су жолдарын қалыпты ұстауды қаржыландыру жоспарларын, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және товар айналымы жоспарларын белгілейді;

— кеме жолдарын және жол жағдайын, пристань шаруашылығын, гидротехникалық құрылыстарды, техникалық және транспорттық флоттарды пайдаланудың және күтіп ұстаудың техникалық шарттарын, нормативтері мен нұсқауларын жасайды;

— өзен мен көлдердің кеме жолдарын, флоттың техникалық құрылыстарын күтіп ұстауға және пайдалануға техникалық бақылау ұйымдастырады; өзен флотының қарамағындағы кәсіпорындарға техникалық көмек көрсетіп, консультациялар беріп отырады;

— өзен флотына жаңа техника мен техникалық жетілдірулерді, өнертабыс пен рационализаторлық ұсыныстарды, жабдықтарды пайдаланудың прогрессивтік орташа нормаларын енгізу, шикізаттарды, материалдарды, отынды және электр қуатын жұмсау жұмыстарына басшылық етеді;

— Бас басқармаға бөлінген материалдық қорларды жұмсауды жоспарлайды және ұйымдастырады, қарамағындағы кәсіпорындарды, мекемелерді және ұйымдарды жабдықтармен, отынмен және материалдармен жабдықтауды ұйымдастырады;

— басшы кадрлар мен мамандар даярлауды, мамандығын арттыруды ұйымдастырады, кадрлар даярлауға методикалық басшылық етеді;

— Бас басқармаға бағынатын кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қызметі жөніндегі өндірістік және финанс есептері мен баланстарын қарайды және бекітеді, белгіленген тәртіппен Бас басқарма бойынша жинақ есеп беріп отырады.

Басшы қызметкерлердің, мамандардың және жұмысшылардың озат тәжірибелерін жақсы пайдалану мақсатымен, Бас басқарма активтердің кеңесін өткізеді, оларда Бас басқарманың, кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық және финанс қызметінің мәселелері, Партия мен Үкіметтің аса маңызды шешімдері жөнінде баяндамалар, Қазақ ССР Министрлер Советінің басшылық нұсқаулары талқыланады.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының құрылымын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

12. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және өзінің аты жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР КӨЛЕМІ ШАҒЫН КЕМЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 1 октябрьдегі № 404 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 20, 68-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 1 октябрьдегі № 404
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР КӨЛЕМІ ШАҒЫН ҚЕМЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының басты міндеті өз қадағалауындағы кемелердің республиканың өзендерінде, бөгендерінде және басқа су қоймалары мен ішкі теңіз суларында хауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету, су қоймаларында право тәртібін, сондай-ақ айналадағы ортаны қорғау ісін нығайту мақсатында кемелердің дұрыс пайдаланылуын және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) қадағалау болып табылады.

2. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы:

— кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың иелігіндегі (әскери кемелерден, Теңіз флоты, СССР Ішкі істер министрлігі, СССР Балық шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, СССР Гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының иелігіндегі өндірістік мақсаттарға арналған кемелерден, сондай-ақ спорттық кемелер мен балықшы колхоздардың иелігіндегі кемелерден басқалары) қуаты 75 ат күшінен кем бас двигателі бар өздігінен жүретін кемелер мен жалпы сыйымдылығы 80 регистр тоннадан кем өздігінен жүрмейтін кемелер;

— азаматтардың иелігіндегі моторлы кемелер (двигательдерінің қуатына қарамастан), желкенді кемелер, сондай-ақ жалпы сыйымдылығы 0,13 регистр тоннадан астам өздігінен жүрмейтін кемелер жөнінде өз міндеттерін жүзеге асырады.

3. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасының бұйрықтары мен жарлықтарын, халық депутаттары Советтері мен олардың атқару комитеттерінің шешімдерін, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы өзіне жүктелген міндеттерді Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Теңіз флоты министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлі-

гі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі, Гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі Қазақ республикалық басқармасы, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт жөніндегі комитет, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы органдарымен, сондай-ақ шекаралық әскерлермен тығыз қарым-қатынас жасай отырып шешеді.

Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы өз жұмысында көлемі шағын кемелердің хауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде құрылатын ерікті халық жасақтарының, сондай-ақ қызметі су қоймаларында право тәртібін қамтамасыз етуге байланысты өзге де қоғамдық ұйымдардың көмегіне сүйенеді.

5. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының құрамына мыналар кіреді:

Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның басқармасы;

облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялары;

техникалық қадағалау, тіркеу және емтихан жұмысының бөлімшелері, учаскелері, топтары, күзет қызметі, кемелерге техникалық тексеру жүргізуге арналған диагностикалық станциялар және инспекцияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті басқа да бөлімшелер.

Облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялары өз қызметінде халық депутаттары облыстық Советтерінің тиісті атқару комитеттеріне де, Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясына да бағынады.

6. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

— қадағалауындағы кемелер мен олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдаланудың белгіленген ережелерін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді, осы ережелерді және жүзудің хауіпсіздігі мен айналадағы ортаны қорғауға қатысты басқа нормативтер мен талаптарды бұзушылықтың бетін ашады және оны жояды;

— қадағалауындағы кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асырады; осы кемелерді алғашқы техникалық және жылдық куәландыру мен арнайы тексеру ісін жүргізеді; кеменің конструкциясына қарай жолаушылар сыйымдылығы, жүк көтерімділігі, двигательдердің шекті қуаты мен саны, желкендердің пұрсатты көлемі, жүзу аймағы, толқынның кеме жүзе алатындай биіктігі, суға шөгуі, су бетіндегі борты, құтқару және өртке қарсы қолданылатын құралдармен, белгі алаулары-мен, навигациялық және басқа жабдықтармен жабдықтандырылуы жөніндегі міндетті шарттарды, нормалар мен техникалық талаптарды белгілейді; қадағалауындағы кемелерді классификациялайды;

— қадалағауындағы кемелерді тіркеп, есебін жүргізеді, осындай кемелерге борт номерін береді; белгіленген үлгідегі кеме билеттерін беріп, олардың есебін жүргізеді, сондай-ақ жоғалған және бүлінген кеме билеттерінің дубликаттарын береді;

— қадалағауындағы кемелер тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) жыл сайын техникалық куәландыру ісін жүргізіп, оларды пайдалануға рұқсат береді, аталған базалар (құрылыстар) үшін жүзу құралдарын орналастыру нормаларын, хауіпсіз пайдаланудың шарттары мен техникалық талаптарын белгілейді; аталған кемелер тоқтайтын базалардың (құрылыстардың) жобалары бойынша қорытындылар береді;

— қадағалауындағы кемелерді жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар мен мектептерді тіркеу ісін жүзеге асырады; осы кемелерді пайдалану ережелері және оларды нақты басқару машығы бойынша емтихан қабылдайды, кеме жүргізушілерді аттестациялап, кемелерді басқару правосының куәліктерін береді;

— қадағалауындағы кемелерді, олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) алғашқы техникалық және жылдық куәландырудың және арнайы тексерудің көлемін анықтайтын техникалық талаптар мен нормативтерді, қадағалауындағы кемелердің хауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік-техникалық документтемені әзірлеп, бекітеді; осы талаптар мен нормативтерді барлық кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

— қадағалауындағы кемелердің авариядағы ұшырауы мен оқиғаларының есебін белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді, олардың пайда болу себептері мен жағдайларына талдау жасап, осы себептер мен жағдайларды жоюға шаралар қолданады; аталған кемелердің жүзу хауіпсіздігінің дәрежесін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, оларды белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға енгізіп, жүзеге асыруға жәрдемдеседі;

— қадағалауындағы кемелердің авариядағы ұшырауын болдырмау жөніндегі қажетті шараларды кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жүргізуін бақылайды;

— браконьерлікке және аңшылық пен балық аулау тәртібін басқа да бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда тиісті органдарға жәрдем көрсетеді;

— қадағалауындағы кемелер мен олардың двигательдерінің хауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге қатысты бөлігі жөнінде олардың стандарттары, техникалық шарттары, жобалары мен конструкциялары бойынша қорытындылар береді; жаңа кеме техникасы үлгілерін сынауға және қабылдауға қатысады;

— қадағалауындағы кемелерді пайдалану жағдайларын, олардың конструкцияларының, жабдықтарының, механизмдерінің ерекшеліктері мен кемшіліктерін зерттеп, кемелердің, жабдықтардың, механизмдердің беріктігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

— қадағалауындағы кемелердің жүзу хауіпсіздігі, оларды дұрыс пайдалану және айналадағы ортаны қорғау туралы заңдарды түсіндіру мен насихаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, осы мақсаттарда баспасөзді, киноны, радио мен телевизияны пайдаланады;

— қадағалауындағы кемелерді тіркеу және есепке алу тәртібін, осы кемелер мен олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану тәртібін бұзушылықтың есебін жүргізеді;

— қадағалауындағы кемелердің жүзу хауіпсіздігі туралы заңдарды қолдану практикасын қорытып, заңдарды біркелкі және дұрыс қолдануға шаралар қабылдайды, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

— қарамағындағы кемелерді иемденетін азаматтардың заңдармен белгіленген, кемелерді пайдалануға байланысты өндірілетін алымдарды төлеуін бақылауды жүзеге асырады;

— инспекция орындайтын жұмыстарды атқаруға және қызмет көрсетуге арналған тарифтердің жобаларын, сондай-ақ осы тарифтерді жетілдіру туралы ұсыныстарды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетіне енгізеді;

— штаттан тыс инспекторлар даярлауды ұйымдастырып, олардың жұмысына басшылықты жүзеге асырады.

7. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында оның мынадай правосы бар:

— қадағалауындағы кемелерді пайдалану режимдерінде двигательдердің қуаты мен саны, желкендерінің көлемі, қозғалыс жылдамдығы жөніндегі қосымша шектеулерді жергілікті жағдайларды ескере отырып белгілеуге;

— жай-күйі пайдаланудың хауіпсіздігіне, айналадағы ортаны қорғауға, өзен мен теңізде кеме жүзу хауіпсіздігіне қатер төндіретін өз қадағалауындағы кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалануға тыйым салуға;

— қажет болған реттерде қадағалауындағы кемелерді жүргізушілердің осы кемелерді пайдалану ережелері жөніндегі білімін тексеруге, сондай-ақ кемелерді басқаруға жарамдылығын анықтау үшін оларды дәрігерлік куәландыруға жіберуге;

— қажет болған жағдайда қадағалауындағы кемелерді тоқтатуға, осы кемелерді пайдалану ережелерін бұзған адамдардан аталған ережелерді бұзушылықты тыюды талап етуге;

— мас күйдегі адамдарды, сондай-ақ қадағалауындағы кемелерді басқаруға право беретін куәліктері жоқ немесе осы кемелерді пайдалану ережелерін өрескел бұзған адамдарды кеме басқарудан шеттетуге қажет болған жағдайда кемелерді кеме иелерінің есебінен сақтау және техникалық күтім жасау үшін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың олар тоқтайтын базаларына (құрылыстарына) беруге.

Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының тиісті органдары мен лауазымды адамдары осы тармақта көзделген праволармен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланады.

8. Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялардың қадағалауындағы кемелерді тіркеу мен есепке алу тәртібін, сондай-ақ осындай кемелер мен олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережелерін бұзғаны үшін көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялар қызметкерлерінің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік жазалар беруге правосы бар.

9. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясын бастық басқарады, оны Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы тағайындайды, ол сонымен бірге осы инспекция басқармасының бастығы болып табылады.

Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының бастығы:

— көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның бүкіл қызметіне басшылық етеді;

— көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекция басқармасының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялары туралы ережелерді бекітеді;

— облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияларының штат кестелері мен жалақы қорларын бекітеді;

— облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияларының бастықтарын халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің келісуі бойынша жұмысқа тағайындайды және жұмыстан босатады, сондай-ақ Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жө-

ніндегі мемлекеттік инспекциясының басқа да қызметкерлерін (Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы бекіткен номенклатура бойынша) жұмысқа тағайындайды және жұмыстан босатады;

— Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның компетенциясы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

— облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияларына кіріс-шығыс сметаларын, инспекцияның жоспарланатын жылға, тоқсанға арналған қызметін анықтайтын бақылау тапсырмаларын белгілейді, аталған тапсырмалардың орындалуы жөніндегі жылдық есептерді қарап, бекітеді және инспекциялардың жұмысын бақылайды;

— тоқсандық баланстар мен есеп берулердің негізінде басы артық және меншікті айналым қаржыларын бюджетпен ара қатынасты өзгертпей облыстардың көлемі шағын кемелер жөніндегі инспекциялары бойынша қайта бөледі;

— Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекторлар категорияларына жататын лауазымдарының тізбесін белгілейді;

— Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының штаттан тыс инспекторлар құрамын бекітеді;

— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы белгілейтін тәртіп бойынша басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

10. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының лауазымды адамдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны және берілген праволарды дұрыс пайдаланбағаны үшін заңдармен белгіленгендей жауап береді.

Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның әрбір қызметкері жұмыста жоғары мәдениеттілік көрсетуге, азаматтармен қарым-қатыста әдепті және сыпайы, кеме жүргізушілер жөнінде сергек әрі іждағатты болуға міндетті.

11. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы заңды ұйым болып табылады және өзін өзі өтеушілік негізінде жұмыс істейді.

Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның кірістері оған жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға байланысты орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін алынатын төлемдерден құралады. Мұндай жұмыстар мен қызметтердің тізбесін Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы белгілейді.

12. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының вымпелі мен эмблемасы болады, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы бекітеді.

13. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

14. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының құрылымы мен штат кестесін Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы бекітеді.

§ 4. АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 12 апрельдегі
№ 146 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 10, 34-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1978 жылғы 12 апрельдегі № 146
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е[2]

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде тікелей Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, оның қарамағындағы автотранспорт өндірістік басқармалары (бірлестіктері), бірлестіктер, трестер, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдар және басқа кәсіпорындар мен ұйымдар* Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

Министрлік республикада жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының жайы мен дамуына, ғылыми-техникалық прогреске және өндірістің техникалық дәрежесіне, халық шаруашылығы мен халыққа транспортпен қызмет көрсету қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға, автомобиль транспортының жылжымалы составын (соның ішінде азаматтардың қолындағы транспорт құралдарын) жөндеу мен техникалық күтудің сапасына, өндірістік қорларды, жылжымалы составты, жабдық пен механизмдерді, материалдық ресурстарды, күрделі қаржыларды тиімді пайдалануға, өндірістік қуаттарды кезінде іске қосу мен игеруге, құрылыстың сметалық құны мен финанс тәртібін сақтауға, шығарылатын өнім сапасына, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарының тапсырмалары мен бюджет алдындағы міндеттердің орындалуына жауап береді.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің қызметі орталықтандырылған жоспарлы басшылықты Министрліктің, кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық дербестігімен және инициативасымен дұрыс ұштастыра отырып, республика халық шаруашылығының, Министрліктің және оның құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың мүдделерін сақтау негізінде құрылады.

Министрлік шаруашылық есеп негізінде жұмыс істейді, жобалау, конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына, басқару аппаратын ұстауға арналған шығындарды қоса алғанда, тасымалдауға, транс-

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 35-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

* Бұдан былай — кәсіпорындар мен ұйымдар

порттық-экспедициялық қызметтер мен қызметтің басқа да түрлеріне жұмсалған шығындарды толық өтеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ бюджетпен және банкілермен есеп айырысу, саланы дамыту, қорлар, резервтер жасау үшін және басқа мақсаттар үшін қажетті пайда алуды қамтамасыз етеді.

3. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің басты міндеттері мыналар:

халық шаруашылығының және халықтың автомобильмен тасымалдау жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында республиканың жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортын дамыту мен жетілдіру;

оптималдық жоспарларды жасау, белгіленген көрсеткіштер бойынша экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарының тапсырмаларын, бюджетке төлеу жоспарын орындау және мемлекеттік тәртіпті сақтау;

техникалық прогресті қамтамасыз ету, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені кеңінен пайдалану, жаңа техника жөніндегі жұмыстарды жоспарлауды ұйымдастыру;

саланың жоспарлы және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, шоғырландыру мен мамандандыру, ішкі резервтерді жете пайдалану, өндірісті барынша интенсивтендіру, тасымалдаудың және өнімнің өзіндік құнын үнемі арзандату мен өндірістің рентабельділігін арттыру негізінде еңбек өнімділігін және өндіріс тиімділігін барынша арттыру;

күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану мен тиімділігін арттыру, құрылыс салудың мерзімдерін қысқарту мен құнын арзандату, өндірістік қуаттарды кезінде іске қосуды және толық пайдалануды қамтамасыз ету;

жоспарлау мен басқаруды жетілдіру, еңбек пен өндірісті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарды басқаруда экономикалық әдістердің ролін арттыру;

социалистік жарысты барынша дамытуды және өндірісті басқаруға еңбекшілердің кеңінен қатысуын қамтамасыз ету, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың коллективтерін әлеуметтік дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй жағдайларын жақсарту, еңбектің неғұрлым қолайлы және хауіпсіз жағдайларын жасау, сондай-ақ транспорт құралдары жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға басшылық жасайды және олар жөнінде жоғары тұрған орган ретінде әрекет етеді, шаруашылық қызметін жүзеге асырады, оның дербес балансы, сондай-ақ өз қызметіне байланысты праволары мен міндеттері бар және ол заңды ұйым болып табылады.

5. Өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бірыңғай техникалық саясат жүргізеді, жекелеген өндірістік-шаруашылық функцияларын орындауды толығымен немесе ішінара орталықтандырады.

Өндірістік-шаруашылық функциялар орталықтандырылып орындалатын кезде қажетті реттерде Министрлік кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы міндеттемелердің пайда болуының негіздері мен тәртібін анықтай алады және, егер мұндай міндеттемелердің пайда болуының негіздері мен тәртібі және жауапкершілік қолданылып жүрген заңдарда көрсетілмеген болса, осы міндеттемелерді орындамағаны немесе тиі-

сінше орындамағаны үшін жауапкершілікті (тұрақсыздық айыбын, штрафты, өсімді қоса алғанда) белгілей алады.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің құрамына заңды ұйымдар болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдар енеді.

7. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі өз жұмысын Министрлікті басқару жөніндегі барлық мәселелерді талқылау мен шешуде коллегиялық пен жеке басшылықты лауазымды адамдардың өздеріне тапсырылған жұмыс учаскесіндегі істің жайына нақты жауапкершілігін белгілеу мен ұштастыру негізінде ұйымдастырады.

Министрлік Автомобиль транспорты және тас жолдар жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесіп, өндірістік-техникалық және экономикалық конференцияларды, актив кеңестерін үнемі өткізіп отырады, оларда тұтас алғанда Министрліктің, сондай-ақ оның құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі мен дамуының аса маңызды мәселелері талқыланады.

8. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және жояды.

9. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі өз қызметінде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Министрлер Советінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады, социалистік заңдылық пен мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтайды.

Министрлік өз құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың праволарын сақтауға міндетті.

10. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне басшылықты коллегия жүзеге асырады, оны жеке басшылық негізінде жұмыс істейтін Министр басқарады.

11. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрін Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялардың аралығындағы кезеңде, кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне енгізетін болып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Министр Министрліктің барлық жұмысын ұйымдастырады және оның қызметіне толық жауап береді.

12. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрі барлық кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда Министрліктің мүддесін білдіреді. Министрлікке бекітілген мүлікке қолданылып жүрген заңдарға, осы Ережеге сәйкес иелік жасайды.

Министр өз компетенциясы шегінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, еңбек заңдарына сәйкес — Министрліктің орталық аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ белгіленген номенклатура бойынша Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, бұл қызметкерлерге көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза береді.

Егер Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының бұйрықтары қолданылып жүрген заңдарға, осы Ережеге және басқа нормативтік актілерге қайшы келетін болса, Министр ол бұйрықтарды бұзады немесе бұйрықтарды өзгерту туралы орындалуға міндетті нұсқаулар береді.

13. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрінің орынбасарлары болады, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Министр бөліп береді.

14. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрінің орынбасарла-

рының компетенциясын және Министрліктің орталық аппаратының басқа да басшы қызметкерлерінің компетенциясын Министр белгілейді.

15. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығын мөлшері сметамен белгіленеді. Сметада көзделген шығындар кәсіпорындар мен ұйымдардың автомобильмен тасымалдаудың, шығарылатын өнімнің (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнына жатқызылып бөлінетін қаржысы есебінен өтеледі.

Министрліктің орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар сметасын Министр белгіленген тәртіп бойынша бекітеді және өзгертеді.

16. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің орталық аппаратының құрылымын, штаттық саны мен жалақы қорын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және орталық аппаратының штаттық кестесін Министр белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

Министрліктің орталық аппараты қызметкерлерінің қызметтік окладтарын Министр қызметтік окладтардың қолданылып жүрген схемасына сәйкес және Министрліктің орталық аппаратының қызметтік окладтар схемасының орташа окладтары бойынша есептелген жалақы қоры шегінде белгілейді және өзгертеді.

17. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (коллегия председателі), оның орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

18. Коллегия мыналарды қарайды:

тұтас алғанда Министрліктің, сондай-ақ оның құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың дамуының перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын;

Министрліктің, оның құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік-шаруашылық қызметі туралы есептерді, сондай-ақ аса маңызды тапсырмалардың орындалуы туралы есептерді;

салада техникалық прогресті қамтамасыз ету, халық шаруашылығына және халыққа автомобильмен тасымалдау қызметін көрсетуді, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту, транспорт құралдарын (соның ішінде азаматтардың қолындағы) жөндеу мен техникалық күтуді одан әрі жетілдіру мәселелерін, сондай-ақ стандарттар енгізу мәселелерін, кәсіпорындар мен ұйымдарды мамандандыруды және кооперациялауды, транспорт құралдарын, өндірістік қуаттарды, материалдық, еңбек және финанс ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, Министрліктің ұйымдық құрылымын жетілдіруге бағытталған ұйымдастыру-техникалық шаралар жоспарларының жобаларын;

жабдықтау және өткізу органдарымен және басқа кәсіпорындармен, ұйымдармен Министрліктің шаруашылық байланысын шаруашылық есеп принциптері мен шарттар жүйесі негізінде ұйымдастыру мәселелерін;

еңбекті және өндірісті ғылыми жолмен ұйымдастыру, басқаруды, шаруашылық есепті жетілдіру мәселелерін;

кадрларды іріктеу, орналастыру, пайдалану, даярлау мен оқыту мәселелерін;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша экономикалық көтермелеу қорларын жасау нормативтерінің жоба-

ларын, экономикалық көтермелеудің орталықтандырылған қорларын, сондай-ақ басқа да қорлар мен резервтерді пайдалану мәселелерін;

Министрлікте жекелеген өндірістік-шаруашылық функцияларды орындауды орталықтандыру туралы, бұл функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың мөлшері мен көздері туралы мәселелерді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар коллективтерінің әлеуметтік даму мәселелерін;

Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін.

19. Коллегияның шешімдері, әдетте Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Коллегия мәжілісінде талқыланатын мәселелер жөнінде Министр мен коллегия мүшелері арасында келіспеушіліктер болған жағдайда Министр бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді. Коллегия мүшелері, өз тарапынан, Қазақ ССР Министрлер Советіне өз пікірін хабарлай алады.

20. Автомобиль транспортын өркендетудің техникалық және экономикалық проблемаларын қарау үшін, отандық және шетелдік ғылымның, техниканың ең соны жетістіктерін, ірі өнертабыстарды және ғылыми жаңалықтардың нәтижелерін, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды және озық тәжірибені пайдалану мен өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінде жоғары білікті мамандардың, өндіріс жаңашылдарынан, ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдардың өкілдерінен техникалық-экономикалық совет құрылуы мүмкін.

Техникалық-экономикалық советтің құрамы мен ол туралы ережені Министр бекітеді.

21. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы шаруашылық даушарларды қарау үшін арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі шығарған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыратын бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Министр бекітеді.

22. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің мүлкі Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі және айналым қаржыларынан, қорларынан және оларға бекітіліп берілген басқа да мүліктен, сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратының негізгі және айналым қаржыларынан, қорларынан, резервтерінен және оған бекітіліп берілген басқа да мүліктен тұрады.

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға бекітіліп берілген мүлік — олардың дербес баланстарында, ал Министрліктің орталық аппаратына бекітіліп берілген мүлік Министрліктің орталық аппаратының дербес балансында көрсетіледі. Аталған баланстар Министрліктің жиынтық балансына енгізіледі.

23. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінде тиісті қорлар мен резервтер белгіленген тәртіппен жасалады, олар, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, өздері арналған мақсатқа пайдаланылады.

24. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі жекелеген өндірістік-шаруашылық функцияларды орталықтандырып жүзеге асырған жағдайда бұл қызмет үшін қажетті қаржы мен басқа да мүлік Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың тиісті қаржылары және басқа да мүлкі есебінен, сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратына бекітіліп берілген қаржы мен басқа да мүлкі есебінен Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындармен және ұйымдармен келісіп алғаннан кейін Министр белгілеген тәртіппен және көлемде бөлінеді.

25. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі өз міндеттемелері бойынша өзіне бекітіліп берілген мүлікпен жауап береді. Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің міндеттемелері бойынша өздеріне бекітіліп берілген мүлікпен жауап береді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың Министрліктің орталық аппаратының міндеттемелері бойынша жауапкершілігі және Министрліктің орталық аппаратының Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі тек заңдарда немесе шартта көзделген жағдайларда ғана пайда болады.

Министрліктің орталық аппараты, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің міндеттемелері бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өндіріп алуға жұмсауға болатын мүлікпен жауап береді.

26. Министрліктің өндірістік-шаруашылық қызметін басқару және жүзеге асыру жөніндегі Министрліктің орталық аппаратының праволарын — Министр және белгіленіп бөлінген міндеттер жөніндегі праволарды оның орынбасарлары мен Министрліктің орталық аппаратының басқа да лауазымды адамдары жүзеге асырады.

27. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі өзінің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға өз компетенциясы шегінде қосымша праволар бере алады.

28. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі республиканың халық шаруашылығының және халқының автомобильмен тасымалдау мен қызмет көрсету жөніндегі қажеттерін зерттейді, сұраным құрылымын анықтайды және осының негізінде, ғылыми-техникалық прогрестің перспективаларына сүйене отырып, саланың техникалық және экономикалық дамуының ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлейді немесе әзірлеуге қатысады.

29. Белгіленген тапсырмалар негізінде, сондай-ақ республика халық шаруашылығының және халқының автомобильмен тасымалдау және қызмет көрсету жөніндегі анықталған қажеттерін, шаруашылық шарттарын есепке ала отырып және саланың даму перспективаларын есепке ала отырып, Министрліктің орталық аппараты:

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда перспективалық және жылдық жоспарлардың жобаларын жасау жөніндегі жұмысты, жоспарлардың барлық бөлімдерінің өзара үйлесуін қамтамасыз ете отырып, ұйымдастырады;

кәсіпорындардың, ұйымдардың және тұтас алғанда Министрліктің жоспарларының әзірленген жобаларын қарайды және Министрлік бойынша (белгіленген реттерде — территориялар бойынша) жоспарлардың жобаларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етеді.

30. Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін, белгіленген көрсеткіштер бойынша (тапсырмаларды әр жылға бөле отырып) жасалған бес жылдық жоспар Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің өндірістік-шаруашылық қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

31. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарлы тапсырмаларына өзгерістерді Министрліктің орталық аппараты СССР Министрлер Советі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде, қажетті ретте басқа да өзара байланысты көрсеткіштерді анықтай отырып, Министрлікті тұтас алғанда бюджетпен өзара қатысты өзгертпей енгізе алады.

32. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі:

техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізаттың, отынның, материалдардың жұмсалуы мен запастарының нормаларын, өндірістік

және пайдалану қажеттеріне жылу және электр энергиясын жұмсаудың нормаларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірлейді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар бекітетін нормалар мен нормативтердің (кәсіпорындар мен ұйымдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітетін нормалар мен нормативтерден басқа) тізбесін белгілейді;

бекітілген нормалар мен нормативтердің енгізілуін қамтамасыз етеді;

саланы дамытудың аса маңызды проблемалары бойынша ғылыми-техникалық болжамдар әзірлейді немесе оларды әзірлеуге қатысады, осы болжамдардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық және технологиялық жұмыстар және стандарттау мен унификациялау жөніндегі жұмыстар үшін пайдаланады;

Министрлікті тұтас алғанда ғылым мен техниканы дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлеп, қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес бекітеді;

ғылыми зерттеулерді, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық әзірлемелерді, технологиялық процестерді жетілдіру, автомобильмен тасымалдауды ұйымдастырудың прогрестік әдістерін енгізу және еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды өз күштерімен және басқа кәсіпорындармен, ұйымдармен кооперация жасау тәртібімен жүзеге асырады, ғылыми әзірлемелерден бастап алынған қорытындыларды өндірісте пайдалануға дейін ғылыми-техникалық міндеттерді комплексті шешуді, сондай-ақ басқарудың автоматтандырылған жүйелерін жасауды және жоспарлау мен басқару ісіне осы заманғы экономикалық-математикалық әдістер мен есептеу техникасын енгізуді қамтамасыз етеді;

жаңа техниканы, өнертабыстарын, жаңа материалдарды, механикаландыру және автоматтандыру құралдарын, жаңа технологияны жасау мен пайдалану жөніндегі және еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу жөніндегі жұмыстардың техникалық-экономикалық негізделуін қамтамасыз етеді. Министрліктің орталық аппараты ескірген өнімді өндірістен алу туралы мәселелерді белгіленген тәртіп бойынша шешеді;

автомобильмен тасымалдауды ұйымдастырудың дәрежесіне тұрақты талдау жасап отырады, қызмет профилі бойынша отандық және шетелдік ғылым мен техниканың жетістіктерін, патенттік материалдар мен стандарттарды зерттейді, сондай-ақ автомобиль транспортын пайдаланудың тәжірибесін қорытады, оның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға шаралар алады;

шығарылатын өнімнің сапасын бағалауды жүйелі түрде жүргізеді және өнімді сапасын аттестациялауға әзірлеуді жүзеге асырады;

Министрлікке бекітілген номенклатура бойынша өнімге мемлекеттік стандарттар жобаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіп бойынша оларды бекітуге табыс етеді, мемлекеттік стандарттардың енгізілуін және сақталуын қамтамасыз етеді;

өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің жекелеген түрлеріне нормативтік-техникалық документацияны белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар шығаратын бұйымдарды, сондай-ақ олар тұтынатын шикізатты, материалдар мен басқа да ресурстарды унификациялау жөнінде шаралар жүргізеді:

өнертапқыштық пен рационализация жөніндегі жұмысты дамытуды қамтамасыз етеді, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады, Автомобиль

транспорты және тас жолдар жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен және Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының ұйымдарымен бірлесіп, өнертапқыштық пен рационализаторлық жөнінде жарыстар, конкурстар мен байқаулар өткізіп тұрады;

өнертабыстары дәрежесінде орындалған техникалық шешімдерді табу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың авторлық куәліктер беру жайлы заявкаларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес табыс етулерін қамтамасыз етеді;

ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде шаралар белгілейді, қажетті өндірістік-эксперименттік базаны жасауға шаралар қабылдайды;

күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржының неғұрлым тиімді пайдаланылуын, прогрестік өндірістердің басым дамуын, күрделі қаржыны жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыруға бірінші кезекте бағыттауды, сала ішіндегі пропорцияларды жақсартуды, қаржыны іске қосылатын құрылыстарда шоғырландыруды, аяқталмаған құрылыс көлемін қысқартуды қамтамасыз етеді. Күрделі құрылыс, әдетте, мердігерлік әдіспен жүргізіледі;

жобалау-сметалық документацияны, мемлекеттік күрделі қаржылар есебінен жүзеге асырылатын өндірістік мақсатқа арналған құрылыстардың титулдық тізімдерін (бекіту правосы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпорындарға берілген титулдық тізімдерден басқа), алдағы жылдардың құрылысына арналған жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

жұмыс істеп тұрған өндірістік мақсатқа арналған объектілерді кеңейтуге (реконструкциялауға) арналған жобалау-смета документациясы мен титулдық тізімдерді бекітеді және қайта бекітеді, бұл кеңейту өндірісті дамытудың орталықтандырылған қорының қаржылары есебінен объектілерді кеңейтудің (реконструкциялаудың) смета құнынан тәуелсіз жүзеге асырылады;

өндірістік мақсатқа арналған объектілерді өндірісті дамытудың орталықтандырылған қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылатын жаңадан бастап салу жөніндегі жобалау-смета документациясы мен титулдық тізімдерді Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітеді;

құрылыс салудың мерзімін қысқартуға, сапасын жақсартуға және құнын арзандатуға шаралар қабылдайды, сондай-ақ құрылыс салу ұзақтығының белгіленген нормаларын және өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды іске қосу мерзімдерін сақтауды қамтамасыз етеді;

салынып болған кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға қабылдау жөнінде мемлекеттік қабылдау комиссияларын тағайындайды (өз компетенциясы шегінде), кәсіпорындардың, үйлер мен ғимараттардың құрылысына арналған жиынтық сметаларды (жиынтық смета-финанс есептерін) олар пайдалануға берілгеннен кейін жабады;

жаңадан іске қосылған өндірістік қуаттарды оларды игеру ұзақтығының нормаларында көрсетілген мерзімдерде игеруді қамтамасыз етеді;

жабдықтау мен өткізудің елімізде қолданылып жүрген жалпы мемлекеттік жүйесін ескере отырып, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

өзіне бөлінген материалдық ресурстарға арналған қорларды Ми-

нистрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға бөледі, сондай-ақ қажетті реттерде бұл қорларды өндірістік программаны және күрделі құрылыс жоспарын орындау мен асыра орындауды есепке ала отырып қайта бөледі;

өнімді жеткізіп беруге арналған шарттардың жасалуына және бөлінген қорларды өткізуге бақылауды жүзеге асырады, материалдық ресурстардың дұрыс сақталуына және тиімді пайдаланылуына жауап береді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда жабдықты кезінде орнатуға және іске қосуға, материалдық құндылықтардың нормадан тыс қалдықтарының пайда болуына жол бермеуге, сондай-ақ Министрліктегі артық және пайдаланылмайтын материалдық ресурстарды белгіленген тәртіп бойынша өткізуге шаралар қабылдайды;

кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратының Министрліктің номенклатурасына енетін басшы кадрларын іріктеп алуды және орналастыруды жүзеге асырады, кәсіпорындар мен ұйымдарда басшы қызметтерге жоғарылату үшін кадрлар резервтерін жасау және даярлау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады, кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандар мен білікті жұмысшыларға деген ағымдағы және перспективалық қажетін анықтайды, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс істеу үшін білікті жұмысшылар даярлауды ұйымдастырады;

өз қарауындағы оқу комбинаттары мен автомектептердің оқу-материалдық базасын нығайту жөніндегі шараларды іске асырады; жалпы білім беретін мектептерді бітірушілерді және кәсіптік-техникалық оқу орындарын, оқу комбинаттары мен автомектептерді бітіретін жас жұмысшыларды қабылдап алуға кәсіпорындар мен ұйымдардың кезінде әзір болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасалуын қамтамасыз етеді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті және өндірісті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, басқарудың формаларын, әдістері мен құрылымын жетілдіру жөніндегі шараларды белгілеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді; еңбекті нормалау, өндірім (уақыттың) нормаларын, қызметкерлер санының нормативтері мен қызмет көрсету нормаларын қайта қарау жөніндегі, жұмысшы орындарын ұйымдастырудың үлгі жобаларын енгізу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етеді, хауіпсіздік техникасы, еңбек жағдайларын жақсарту мен сауықтыру жөніндегі, сондай-ақ жол жүрісінің хауіпсіздігі жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарының дұрыс қолданылуын және еңбек өнімділігінің артуы мен орташа жалақының өсуінің дұрыс арақатысын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардағы жалақы қорының, материалдық көтермелеу қорының және басқа көтермелеу қорларының жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

жалақы қорының артық жұмсалуын ағымдағы жылдың жалақы қоры жөніндегі резерв, тұтас алғанда жыл ішіндегі оның абсолютті үнемі есебінен, сондай-ақ жалақы қоры бойынша пайда болатын үнем есебінен кейіннен қалпына келтіре отырып, материалдық көтермелеу қорынан жабуға кәсіпорындар мен ұйымдарға рұқсат береді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарап, бекітеді;

еңбекшілердің ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын кезінде және мұқият қарауды ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуіне күш салады, сондай-ақ Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметіндегі еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдайды;

кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және финанс-шаруашылық қызметінің барлық жақтарына жүйелі бақылауды жүзеге асырады, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және финанс-шаруашылық қызметіне тұрақты ревизия жүргізіп отырады, олардың шаруашылық қызметіне жан-жақты талдау жасалуын, ақша қаражаттары мен материалдық құндылықтардың түгел болуын, үнемдеу режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

33. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгіленген тәртіп бойынша:

жаңа техниканы (еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды қоса алғанда) енгізуден түсетін жылдық экономикалық тиімділіктің есептерін бекітеді және Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға жаңа техниканы жасағаны және енгізгені үшін Министрлікте осы мақсатқа арнап жасалатын орталықтандырылған қор қаржылары есебінен төленетін бір жолғы сыйлықтар сомаларын белгілейді;

нормалар мен нормативтерді өз компетенциясы шегінде бекітеді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға жаңа техниканы жасағаны және енгізгені үшін сыйлық береді және, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мұндай сыйлық беруді кәсіпорындар мен ұйымдар өздігінше жүзеге асыратын жағдайлардан басқа реттерде, сыйлықтарды төлеуге оларға рұқсат етеді;

өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар үшін ақы және өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге көмектескені үшін сыйлықтар төлейді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға басқару аппаратын ұстау үшін Министрлікке бұл мақсаттарға арнап белгіленген қаржы шегінде шекті қаржыны, сондай-ақ социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы Ереженің күші қолданылмайтын кәсіпорындар мен ұйымдардың құрылымы мен штаттарын типті құрылымдар мен штаттарға сәйкес, Министрлікке белгіленген жалақы қоры және басқару аппаратын ұстауға арналған шекті қаржы шегінде, тиісті кәсіпорындар мен ұйымдардың қызмет окладтарының схемаларын сақтай отырып және қызмет окладтары схемаларының орташа ставкалары бойынша есептелген жалақы қоры шегінде бекітеді;

жалақы қоры бойынша резерв жасай алады;

көтерме сауда бағалары мен тарифтердің жобаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар шығаратын жекелеген өнімдер (жұмыстар, қызметтер, өндіріс қалдықтары) түрлерінің көтерме сауда бағалары мен тарифтерін бекітеді, осы кәсіпорындар мен ұйымдардың баға жөніндегі мемлекеттік тәртіпті сақтауына жауап береді;

өзіне бөлінген қорларды бөлген кезде шикізат, отын, жабдық, жылжымалы состав және басқа материалдық-техникалық ресурстар бойынша резерв жасай алады;

бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді, берілетін есепті жасайды, тұтас алғанда Министрліктің өндірістік-шаруашылық қызметінің барлық түрлері бойынша жиынтық есептер мен баланстарды белгіленген мерзім ішінде тиісті органдарға табыс етеді, бухгалтерлік

және статистикалық есепті, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың бекітілген формалар мен көрсеткіштер бойынша берілетін есепті жасауын және оны кезінде табыс етуін ұйымдастырып, бақылайды және оның анықтығын қамтамасыз етеді, бастапқы документация мен бастапқы есепке алуды одан әрі жетілдіру, есеп-есептеп шығару жұмыстарын механикаландыру және есепке алудың прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі шараларды іске асырады.

34. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі:

ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған шарттарды басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен жасаса алады;

басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесе отырып (үлес қосып қатысу тәртібімен), тұрғын үйлер салуды, коммуналдық шаруашылық объектілері мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелерді салу мен кеңейтуді Министрлікке осы мақсаттарға арнап жоспарда көзделген күрделі қаржы есебінен жүзеге асыра алады;

сумен жабдықтау, канализация, газбен және жылумен жабдықтау, байланыс, кірме жолдар объектілерін және бірлесіп пайдаланатын басқа да объектілерді салуда, кеңейтуде және реконструкциялауда өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысының жиынтық сметаларында (жиынтық смета-финанс есептерінде) және күрделі қаржы жоспарларында осы мақсаттарға арнап көзделген қаржыны үлес қосып қатысу тәртібімен беруге Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға рұқсат ете алады;

белгіленген тәртіпті сақтай отырып, тұтас алғанда Министрлік бойынша күрделі қаржылардың жылдық көлемдерін және қуаттарды, объектілер мен негізгі қорларды іске қосу жөніндегі тапсырмаларды кемітпестен, жоспарларды асыра орындаушы құрылыстар мен объектілер бойынша күрделі құрылыстарды қаржыландыру жоспарларын өз жоспарларын орындамайтын құрылыстар мен объектілер бойынша қаржыландыру жоспарларын кеміту есебінен жыл ішінде қажетті ретте арттыра алады;

кәсіпорындар салу дирекциясын ұстауға арналған шығындардың мөлшерін бұл шығындардың сметамен белгіленген лимиті шегінде құрылыстың әрбір жылы бойынша дифференциациялай алады;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар үшін жүзеге асырылатын күрделі құрылыс бойынша заказ берушінің функцияларын орталықтандырылған түрде атқара алады;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарда өндірімнің (уақыттың) бірыңғай нормаларын, қызметкерлер санының нормативтері мен қызмет көрсету нормаларын, егер нақ осындай салалық және салааралық нормалар мен нормативтер жоқ болса, белгіленген тәртіп бойынша қолдану үшін кәсіподақ органымен келісіп алғаннан кейін бекіте алады;

тұтас алғанда Министрліктің өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша пайдадан түсетін төлемдер жөнінде мемлекеттік бюджетпен есеп айырысуларды СССР Финанс министрлігі белгілеген тәртіппен, орталықтандырылған түрде жүргізе алады;

күрделі қаржы бойынша автомобильдер, құрылыстардың сметасына енбейтін жабдық алғаны үшін, сондай-ақ орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін жеткізушілермен есеп айырысуды қоса алғанда, Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс операцияларын орталықтандырылған түрде жүзеге асыра алады;

Министрлікке аударылуға тиісті қаржыны, финанс жоспарлары бойынша қайта бөлу тәртібімен алып қою көзделген қаржыны, жылдық есептер бойынша меншікті айналым қаржының артығын немесе өндірістік жоспардың өзгеруіне байланысты меншікті айналым қаржының нормативі өзгерген кезде пайда болған артығын Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың счетынан талассыз есептен шығаруға СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне тапсырмалар бере алады;

Министрлікте орталықтандырылған түрде жүзеге асырылатын шаралар бойынша банк кредитін пайдалана алады және кредитті белгілі мақсатқа пайдалану мен оны кезінде қайтаруға жауап береді;

Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың кредиттік міндеттемелері бойынша СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне кепілдемелер бере алады;

пайданы, негізгі қорлардың толық қалпына келтірілуіне арналған амортизациялық үлестерді (кәсіпорынның немесе ұйымның өндірісін дамыту қорына бағытталатын үлес бөлулерден басқа) және Министрліктің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс жоспарлары бойынша, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, қайта бөлуге болатын басқа да қаржыны қайта бөлуді жүзеге асыра алады;

кәсіпорындар мен ұйымдардағы артық және пайдаланылмайтын жабдықты, транспорт құралдарын, материалдарды, отынды және басқа материалдық ресурстарды кәсіпорындар мен ұйымдардан олардың артықтығы туралы хабарды алғаннан кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында (жабдықтау мен өткізудің елімізде қолданылып жүрген жалпы мемлекеттік жүйесін есепке ала отырып) қайта бөле алады.

36. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ УСТАВЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 18 июньдегі
№ 379 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспортының қоса беріліп отырған Уставы бекітілсін.

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 18 июньдегі № 379 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫНЫҢ УСТАВЫ[1]

I бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Автомобиль транспорты халық шаруашылығының аса маңызды салаларының бірі бола отырып, транспорттың басқа түрлерімен бірге, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының қалыпты өнім өндіруін, өнімнің айналымға қосылуын, күрделі құрылыстың және халық шаруашылығының басқа да салаларының мұқтажын қамтамасыз етеді, халықтың жүк тасу жөніндегі қажетін қанағаттандырады және ССР Одағының қорғаныс қуатын нығайтуға мүмкіндік жасайды.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспортының Уставы Қазақ ССР территориясындағы автомобиль транспорты басқармаларының, бірлестіктерінің, конторларының, трестерінің және бұдан былай автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары деп аталатын автомобиль транспортының басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының, олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, сондай-ақ автомобиль транспортын пайдаланатын кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың міндетін, правосын және жауапкершілігін анықтайды.

Қазақ ССР-інде автомобильмен жүк тасу жоспарын жасау және орындау тәртібін, автомобиль транспортымен жүк, жолаушы, багаж және почта тасудың негізгі шарттары, сондай-ақ Қазақ ССР территориясындағы автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының транспорттың басқа түрлерінің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен автомобиль транспортына жататын жүк тасуды жүзеге асыру жөніндегі өзара қарым-қатысы осы Уставпен реттеледі.

3. Қазақ ССР территориясындағы автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының басты міндеті халық шаруашылығының және халықтың автомобильмен жүк тасу жөніндегі қажетін толық қанағаттандыру, жүк және жолаушылар тасу жоспарын автомобиль транспортымен орындау, тасылатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды тағайындалған пункттерге уақытында жеткізу болып табылады.

Автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары, сол сияқты жүк жөнелтетін және жүк қабылдайтын министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер жүк тасу кезінде мемлекеттік мүддені қатаң сақтауға және автомобиль транспортымен жүк тасу жоспарын толық және жүйелі орындауды қамтамасыз етуге, жылжымалы құрамды тиімді пайдалануға, автомобильдердің жүру хауіпсіздігін сақтауға және

---

[1] 7-статьяның «г» пункті және 106-статья Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 ж. 12 апрельдегі № 147 қаулысымен алынып тасталды (Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 9, 32-ст.).

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 29 январьдағы № 52 қаулысымен 144-статьяның екінші бөлігі алынып тасталды және 129[1]-статьямен толықтырылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 5, 24-ст.).

Устав осы шешімдермен, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 ж. 15 октябрьдегі № 541 қаулысымен өзгертілген және толықтырылған (Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 22, 114-ст.).

халық шаруашылығында транспорт шығынын барынша азайтуға міндетті.

4. Осы Уставтың күші Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің қарауына жататын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының (көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты) жүк, жолаушы, багаж және почта тасуына, сондай-ақ Қазақ ССР территориясындағы СССР, Қазақ ССР және басқа одақтық және автономиялық республикалар министрліктері мен ведомстволарының, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің, кооперативтік және қоғамдық ұйымдарының автомобиль транспорты мен кәсіпорындары жүзеге асыратын жүк тасу жұмысына қолданылады, бұларға Қорғаныс министрлігінің, СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің және СССР Ішкі істер министрлігінің автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары кірмейді.

5. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің, республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарының автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары халық шаруашылығының заң тәртібімен белгіленген тасымал қажеті есепке алына отырып құралады.

6. Автомобильмен жүк тасу қаладағы, қала маңындағы, қалалар арасындағы, республикалар арасындағы және халықаралық тасымал түрлеріне бөлінеді.

Қаладағы тасымалға қала (басқа елді мекен) шеңберінде жүргізілетін тасымал, қала маңындағы тасымалға — қала шеңберінен тыс (басқа елді мекеннің) 50 километрге дейінгі қашықтықта жүргізілетін тасымал, қалааралық тасымалға — қаладан (басқа елді мекеннен) тыс 50 километрден әрі қашықтықта жүргізілетін тасымал жатады.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі жеке жағдайларда қала (басқа да елді мекен) шеңберінен 50 километрге жетпейтін қашықтыққа тасылатын тасымалды да қалааралық тасымалға жатқыза алады.

Республикааралық тасымалға екі және одан да көбірек одақтас республикалар территориясында тасылатын, ал халықаралық тасымалға — СССР территориясынан тыс жерлерге немесе тыс жерлерден тасылатын тасымал жатады.

7. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына мыналар жүктеледі:

а) қай ведомствоға бағынатынына қарамастан мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ азаматтардың жүктерін тасу.

Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты мен ұйымдарының негізгі міндеті — қалаларда, өнеркәсіп орталықтарында өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыстар, жабдықтау, сауда және транспорт-пайдалану ұйымдары үшін, құрылыс материалдары өнеркәсіп кәсіпорындары үшін орталықтандырылған жүк тасу, темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға), аэропорттарға орталықтандырылған жүк тасу (тасып әкету), селолық жерлерде жүк тасу, бірінші кезекте дәнді және техникалық дақылдар өнімін, овощ, картоп, сүрлемдік балауса және басқа ауыл шаруашылық жүктерін дайындау пункттеріне, өңдейтін кәсіпорындарға және ұзақ мерзім сақталатын орындарға тасу болып табылады;

б) жолаушы, багаж және почта тасуды жүзеге асыру;

в) тікелей жөнелтілетін аралас жүктерді тасуға қатысу;

д) кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға транспорттық-экспедициялық қызмет көрсету;

е) азаматтардың қарауындағы транспорт құралдарына техникалы қызмет көрсету;

ж) кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және халықты бір жолғы заказдары бойынша жеңіл автомобильдер, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша автобустар беру.

8. Ведомстволық автомобиль транспорттары Қазақ ССР территориясында мыналарды жүзеге асырады:

орталықтандырылған, сол сияқты қалааралық тасымалдан басқа, көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты орындайтын өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыстардың технологиялық және шаруашылық жүктерінің барлық түрін тасу. Құрылыс министрліктерінің автомобиль транспорттары тиімді болған жағдайда орталықтандырылған және қалааралық тасымалдарды да орындай алады;

колхоз ішінде және совхоз ішінде ауыл шаруашылық өндірісінің технологиясына тікелей байланысты жүктерді тасу.

Селолық жерлерде колхоздар мен совхоздардың технологиялық жүк тасымалын Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің автомобиль транспорты да бір орталықтан жүзеге асыруы мүмкін.

Технологиялық жүк тасымалдарының тізбегі белгіленген тәртіппен анықталады.

Технологиялық жүк тасымалын ведомстволық автомобиль транспортымен жүзеге асыру тәртібін тиісті министрліктер, ведомстволар, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар белгілейді, ал ол жүктерді, ерекше бір жағдайда, жалпы пайдаланылатын автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары тасығанда тасымал тәртібі — Ережемен белгіленеді.

Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары жоқ аудандарда жүк, жолаушы, багаж және почта тасудың барлық түрлерін министрліктердің, ведомстволардың және халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүзеге асырады.

9. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары өздерінің экономикалық жұмысын ұдайы жақсартуға, тасымалдың әдісін жетілдіруге және тасымалдың өзіндік құнын арзандататын, рентабельділікті арттыратын қосымша резервтерді іздестіруге міндетті.

Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортының автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жұмысының негізгі әдісі орталықтандырылған жүк тасу болып табылады. Жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар барлық жерде жүкті орталықтандырылған әдіспен тасуды дамытуға көмектесуге міндетті.

10. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісе отырып, Қазақ ССР автомобиль транспортының тасымал ережесін және тарифтерін, көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты қалалар арасында үнемі жүк таситын автомобиль жолдарының тізбегін, қалааралық қатынас бойынша тасылатын жүктерді қабылдайтын, жеткізіп беретін пункттерді, ол пункттер арасының қашықтығын көрсете отырып бекітеді және Жинақта жариялап отырады, сондай-ақ бұл туралы автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары арқылы жүк жөнелтуге мүдделі ұйымдарға хабарлап отырады.

Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары көрсетілген тізбекке енгізілмеген автомобиль жолдары-

мен қалалар арасында жүк тасуды жүк жөнелтушілердің (жүк қабылдаушылардың) келісімімен жүзеге асырады.

Министрліктердің, ведомстволардың, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары қалалар арасында жүк тасуды Ережеде белгіленген тәртіптер мен жағдайларға сәйкес орындай алады.

11. Республикалар арасында автомобиль транспортымен жүк тасудың тәртіптері мен шарттары Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі мен басқа одақтық республикалардың автомобиль транспортын басқару органдары арасындағы келісіммен белгіленеді.

Мұндай келісім жасалмаған болса, территориясында тасымалдауға жүк, жолаушы, багаж, немесе почта қабылданған одақтық республикада ондай жүктерді тасудың қолданылып жүрген тәртіптері мен шарттары қолданылады.

12. Автомобиль транспортымен халықаралық жүк, жолаушы және багаж тасу ССР Одағы заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

13. Осы Устав негізінде Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР автомобиль транспортының жүк тасу ережелері мен тарифтерін бекітіп, оны Жинақта жариялайды:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитражбен келісе отырып, Қазақ ССР-інде автомобильмен жүк тасудың Ережесін (мұнан былай Ереже деп аталады) жасайды, ол мүдделі министрліктердің, ведомстволардың қатысуымен әзірленеді және онда жүктің кейбір түрлерін тасудың, коммерциялық операцияларды орындаудың, кәсіпорындар мен ұйымдарға транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетудің шарттары белгіленеді.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетудің Қазақ ССР территориясындағы автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының транспорттың басқа түрлерінің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара байланысына қатысы бар шарттары тиісті транспорт министрліктерімен, ведомстволарымен келісе отырып бекітіледі;

б) тиісті министрлікпен (ведомствомен) бірлесіп және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитражбен келісіп, Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен халық шаруашылығының жекелеген салаларындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер жүгін тасудың Ерекше шарттарын жасап бекітеді;

в) тиісті транспорттық министрлікпен немесе ведомствомен бірлесіп, Қазақ ССР-інде темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға автомобиль транспортымен орталықтандырылған жүк тасудың (тасып әкетудің) Ережесін жасап бекітеді;

г) жолаушы, багаж тасудың, сол сияқты азаматтарға транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетудің Ережесін жасап бекітеді.

Азаматтарға транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетудің Қазақ ССР территориясындағы автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының транспорттың басқа түрлерінің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара байланысына қатысы бар шарттары тиісті транспорт министрліктерімен және ведомстволарымен келісе отырып бекітіледі.

II бөлім

ЖҮК ТАСЫМАЛЫН ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ, ҚҰРЫЛЫСТАР МЕН ҚҰРЫЛЫМДАР

Жылжымалы құрам

14. Жүк, жолаушы, багаж және почта тасуды жүзеге асыру үшін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының жылжымалы құрамы: жүк автомобильдері және жүк көтергіштігі әр түрлі тіркемелері (қорапты, самосвал, фургон, соның ішінде изотермиялық тіркеме, цистерна және басқалары), жол таңдамай жүретін автомобильдер, жартылай тіркемесі бар тартқыш автомобильдер, әр түрлі үлгідегі автобустар, таксомоторымен қоса жеңіл автомобильдері болуға тиіс.

15. Автомобиль транспортының жылжымалы құрамы мен құрылыстарын қалыпты жағдайда ұстау тәртіптері, бұл жылжымалы құрамды жолдарда техникалық пайдаланудың тәртіптері, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен жасалған және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бекіткен ережелермен және нұсқаулармен, сондай-ақ қалалардың, елді мекендердің көшелерінде және ССР Одағының автомобиль жолдарында жүру Ережелерімен белгіленеді.

Автомобиль жолдары мен кірме жолдар

16. Қазақ ССР территориясындағы жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары жалпы мемлекеттік, республикалық және жергілікті маңызы бар жол түрлеріне бөлінеді. Жергілікті маңызы бар жолдардан облыстық маңызы бар жолдар бөлінеді.

Жалпы мемлекеттік және республикалық маңызы бар жолдар Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің қарауында болады.

Облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің және халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің қарауында болады.

Қалалардың және жұмысшы поселкелердің шеңберіндегі автомобиль жолдары тиісті халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің қарауында болады.

17. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттері, колхоздар мен совхоздар және басқа кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің қарауындағы жолдарды немесе өздеріне ұдайы қызмет көрсететін жолдарды, жол белгілерін, көрсеткіштерді, жүрісті реттейтін басқа да техникалық құралдарды автомобильдердің тоқтаусыз және хауіпсіз жүруін қамтамасыз ететіндей қалыпты күйде сақтауға, сондай-ақ ол жолдарда жүруді жақсартуға қажетті шаралар қолдануға міндетті. Жолдарды жөндеуге тура келген жағдайда автомобиль транспорты, тоқтаусыз өтетін айналмалар әзірлеуге тиіс.

Автомобиль жолдарымен пайдаланудың және жүріс хауіпсіздігінің тәртіптері СССР және Қазақ ССР заңдарымен реттеледі.

18. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, сондай-ақ автомобильдері бар басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер жүктерді, жолаушыларды, қол жүгін және почтаны автомобиль жолдарымен тасымалдаған кезде жол жүрісі Ережелерінің орындалуын және автомобиль жолдары төсеніштерінің, жол ғимараттарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

19. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі автомобиль жолдарында жылжымалы құрамдарға, олар кімнің қарамағында болса да, техникалық көмек көрсетеді, көрсетілген қызметке тариф бойынша ақы алады.

Техникалық көмек көрсетілетін автомобиль жолдарының тізбегін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бекітеді және ол Қазақ ССР автомобиль транспортының тасымал ережелері мен тарифтары Жинағында жарияланады.

Автомобиль жолдарында жылжымалы құрамға техникалық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бекітетін Қазақ ССР автомобиль жолдарында жылжымалы құрамға техникалық көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы Ережеде белгіленеді.

20. Қазақ ССР территориясында автомобиль жолдарымен жүк, жолаушы, багаж және почта тасуды уақытша тоқтату немесе шек қою тек қана стихиялық реттерде немесе жол-климат жағдайларына байланысты болуы мүмкін.

Жалпы мемлекеттік және республикалық автомобиль жолдарында жүк, жолаушы, багаж және почта тасуды тоқтату немесе шек қою туралы шешімді жүк тасуды тоқтату немесе азайту мерзімін көрсете отырып, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің келісімі бойынша Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, ал көпшілік пайдаланатын басқа жолдар бойынша — халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері қабылдайды.

Жүк тасудың уақытша тоқтатылғаны немесе шек қойылғаны туралы жалпы мемлекеттік және республикалық автомобиль жолдары бойынша Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, ал қалған жолдар бойынша — халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері мүдделі кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға хабарлауға міндетті.

Кезек күттіруге болмайтын жағдайларда, көшелердің, жолдардың кейбір учаскелерін пайдалану жүріске хауіпті болса, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы жүк таситын автомобильдердің жүруіне тыйым салуы немесе шек қоюы мүмкін.

21. Жүк жөнелтушілердің және жүк қабылдаушылардың автомобиль жолдарынан жүк тиейтін және түсіретін пункттерге баратын кірме жолдары болуы және ол жолдарды автомобильдердің тоқтаусыз да хауіпсіз жүруін және қай уақытта болса да жүк тасуда еркін айналып жүруін қамтамасыз ететіндей жарамды күйде ұстауға міндетті.

22. Қазақ ССР территориясындағы автомобиль жолдары мен кірме жолдардың күйі, жүру хауіпсіздігі мен жүктерді және жылжымалы құрамдарды сақтаудың талабына қаншалықты сай екендігін тиісті жол органдары, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, Мемлекеттік автомобиль инспекциясының органдары бірлесіп анықтайды.

Жүк тасуды және жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруға арналған құрылыстар мен құрылымдар

23. Жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылардың жүк тиеу-түсіру пункттерінде мыналар болуы керек: автомобильдерге жүк тиеу және түсірудің мерзімін сақтауды қамтамасыз ететін механизация құралдары және қажетті мөлшерде жұмысшылар, кешқұрым және түнде жұмыс істей қалғанда жұмыс орнына және кірме жолдарға жарық беретін қондырғылар, инвентарь, такелаж және қажет болған жағдайда жүктер мен жылжымалы құрамдарды өлшеу үшін таразы қондырғыла-

ры, сондай-ақ орындалатын жұмыстың көлеміне және сипатына қарай, қажетті мөлшерде жүк тиеуге және түсіруге арналып жабдықталған орын және қоймаларға апаратын, кіретін, шығатын жолдардың көрсеткіштері.

24. Қалалар арасында кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың жүктерін тасу, халыққа транспорттық-экспедициялық қызмет көрсету, оның ішінде тікелей аралас қатынаспен де қызмет көрсету, шағындап жөнелтетін жүктерді қабылдау, жүктерді қысқа мерзімге сақтау және оларды жөнелтілетін бағытына қарай топтау үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі жүк автостанцияларын, транспорттық-экспедициялық конторлар, агенттіктер және басқа ұйымдар құрады.

25. Жүк автомобиль станцияларының, транспорттық-экспедициялық конторлардың, агенттіктердің және басқа ұйымдардың кірме жолдары, жүк тиейтін-түсіретін алаңдары және жүктерді қысқа мерзімге сақтауға және топтауға қажетті қоймалары, сондай-ақ жүк тиеу-түсіру және жүкке байланысты басқа жұмыстарды ойдағыдай және үздіксіз орындауды қамтамасыз ететін механизация құралдары мен жабдықтары болуға тиіс.

26. Қала маңындағы және қалааралық қатынас жолдарда көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының тасылатын жүктердің көлеміне және сипатына қарай автовокзалдары (автостанциялары) және автопавильондары болуы керек. Автовокзалдардың (автостанциялардың) билет кассалары және тасылатын жүктердің көлеміне, сипатына қарай,— қол жүктері мен багаждарды сақтайтын орындары, күту залдары, аналар мен сәбилер бөлмелері, буфеті немесе ресторан, жолаушыларға мәдени-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық қызмет көрсететін орындары (почта, анықтама бюросы, медициналық көмек пункті тағы сондайлар), сондай-ақ шоферлер мен кондукторлар үшін дем алатын бөлмелері, жолаушыларға қызмет көрсетуге, автобустар мен таксомоторлардың жүрісіне тікелей байланысы бар адамдар үшін қызмет үйлері болуға тиіс.

Қалаларда автовокзалдарды (автостанцияларды) орналастыру жолаушыларға қолайлы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

Автовокзалға (автостанцияға) жалғас территорияларда жолаушылар автобустарға және таксомоторларға отыратын және олардан шығатын, түрлі көрсеткіштер қойылған және қоршалған перрондарды, сондай-ақ автобустар мен маршрутты таксомоторлар тұратын алаңдары болуға тиіс. Автовокзалдар (автостанциялар) жанындағы алаңдарды көркейту халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне жүктеледі.

27. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары транспорттың басқа түрлері басқармалары органдарының келісімі бойынша вокзалдарға сол органдардың қарауына жататын үйлерді автовокзал (автостанция) ұйымдастыруға пайдалана алады.

28. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары автобустар жүретін маршруттарда олардың жүретін уақыттарын немесе расписаниясын көрсетіп, аялдама пункттерін жабдықтайды.

29. Қалаларда және басқа елді мекендерде халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері автобус маршруттарының аялдама пункттерінде жолаушылар автобусқа кіретін және одан шығатын алаңдар, автопавильондар жабдықтайды.

Қалаларда және басқа елді мекендерде халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР Автомобиль транспорты ми-

нистрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының ұсынуы бойынша таксомоторлар тоқтайтын жақсартылған алаңдар бөлуге тиіс.

Қазақ ССР-інің қалаларында және басқа елді мекендерінде транспортқа отыратын алаңдарды, автопавильондарды, сондай-ақ жеңіл таксомоторлар тоқтайтын орындарды жөндеу және қалыпты ұстау тиісті халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері арқылы жүргізіледі.

III бөлім

ЖҮК ТАСУДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жүк тасуды жоспарлау

30. Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жүк тасу жоспар бойынша жүзеге асырылады, ол жоспар өндірістің, күрделі құрылыстардың, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу, материалдық-техникалық жабдықтау және товар айналымы жоспарларының негізінде жасалады және тиісті есептеулермен негізделеді.

Жүк тасу жоспарларын жасаудың тәртіптері мен мерзімдері СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тәртіп бойынша бекітілетін ережелермен белгіленеді.

Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер, министрліктер мен ведомстволар автомобиль транспортымен жүк тасудың жоспарын жасағанда мыналардың қажеттігін еске алуға міндетті:

а) транспорт шығынын азайту;

б) халық шаруашылығының жүк тасу жөніндегі қажетін қанағаттандыру және оған орталықтандырылған жүк тасуды ұлғайту жолымен қызмет көрсетуді жақсарту, сол сияқты тиімді маршруттарды және жүк тасқынының схемасын енгізу;

в) автомобиль транспортының жылжымалы құрамын пайдалануды жақсарту;

г) жүк тасуды транспорттың әр түрлеріне дұрыс бөлу.

Жалпылама жүктерді, сол сияқты жақын жерлерге тасылатын жүктерді транспорттың жеке түрлеріне бөлуді, экономикалық тиімділікті және транспорттың осы түрін пайдаланудың нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, жоспарлаушы органдар мен транспорт органдары жүргізуге тиіс.

31. Жүктерді жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортымен тасымалдауды жоспарлаудың негізі Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін бесжылдық және жылдық жоспарлар болып табылады.

Жылдық жоспарда жүктерді автомобиль транспортымен тасымалдаудың көлемдері былайша бекітіледі:

а) Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары бойынша;

б) СССР Министрлер Советі белгілеген тәртіп бойынша бекітілетін ережеге сәйкес (Қазақ ССР территориясындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің жүктерін тасу жөнінде) СССР министрліктері мен ведомстволары бойынша.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының автомобиль транспортымен (көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты емес) жылдық жүк тасу жоспарлары Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тәртіпке сәйкес бекітіледі.

СССР министрліктері мен ведомстволарының Қазақ ССР территориясындағы автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының жылдық жүк тасу жоспары сол министрліктер мен ведомстволар белгілеген тәртіп бойынша бекітіледі.

32. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортымен жүк тасудың Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен жылдық жоспары негізін-

де Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, өзіне қарайтын автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына жүк тасудың жылдық және тоқсандық жоспарларын бекітеді.

33. Жүк жөнелтушілер (жүк қабылдаушылар) бойынша жүк тасуды әр тоқсанға жоспарлауды жергілікті жерлердегі автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүзеге асырады, бұған орталықтандырылған тәртіп бойынша жоспарланатын жүк тасу кірмейді.

Жүк тасуды ұйымдастыру

34. Қазақ ССР-інің көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары мына жүктерді тасуға қабылдайды:

а) белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жоспардағы жүктер;

б) жоспардан тыс шағындап жөнелтілетін, біржолғы сипаттағы жүктер, халық ұсынатын жүктер, сондай-ақ Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің нұсқауы бойынша тасылатын жүктер.

Овощ, жеміс, сүт және басқа тез бұзылатын ауыл шаруашылық өнімдері дайындау ұйымдарына және тұтыну кооперациясы ұйымдарына жоспар бойынша тасылады, ал жоспардан тыс жүктер тасудан бес күн бұрын берілген заявка бойынша (шек қойылмай) тасылады.

Министрліктер мен ведомстволардың және халық депутаттарының Советтері атқару комитеттерінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүкті тасуға тиісті министрлік пен ведомстволық немесе халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің белгілеген тәртіптері бойынша қабылдайды.

Стихиялық жағдайларға немесе аварияға байланысты тасуға тура келген жүктер жоспардан тыс және кезексіз қабылданып тасылады.

35. Жүк тасудың жоспары негізінде автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары автомобиль транспортымен жүк тасу жөнінде жүк жөнелтушілермен, жүк қабылдаушылармен жылдық шарттар жасайды.

Жүк қабылдаушылармен жүк тасуға шарт жасағанда, сол сияқты олардан бір жолғы заявкалар қабылданғанда автотранспорт кәсіпорындары жүк жөнелтушілер үшін осы Уставта қаралған праволармен пайдаланады, өздеріне міндеттеме мен жауапкершілік алады.

Транспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы болып саналмайтын жабдықтаушы-өткізуші яғни басқа ұйымдармен де жылдық шарттар жасаса алады. Бұл жағдайда жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы болып саналмайтын ұйымдар шартқа сәйкес, жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар үшін осы Уставта қаралған праволармен пайдаланады және өздеріне міндеттеме мен жауапкершілік алады.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары автомобиль транспортымен жүк тасуға жүк жөнелтуші немесе қабылдаушы болып саналмайтын жүк жөнелтушімен, жабдықтаушы-өткізуші яғни басқа ұйымдармен жылдық шарттар жасаған жағдайда, ондай жағдайлардың тізбегі Ережелермен белгіленеді.

Автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шарттары бойынша автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүктерді белгіленген мерзімде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші — ол жүктерді келісілген көлемде беруге міндеттенеді. Жылдық шартта тасылатын жүктердің көлемі, тасу ережелері, есеп айырысу тәртіптері белгіленеді және тиімді маршруттар мен жүк тасқынының схемалары анықталады.

Жылдық шартқа сәйкес және тоқсандық жоспар шеңберінде автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк жөнелтушімен келісе отырып, тоқсан басталудан 10 күн бұрын айлық жоспарды бекітеді

және тоқсанның алғашқы айында жүк тасудың онкүндік жоспарлы тапсырмаларын анықтайды.

Тоқсанның екінші және үшінші айларының онкүндік жоспарлы тапсырмалары да осы тәртіппен тиісті айдың басталуынан 10 күн бұрын белгіленеді.

Жүк тасудың бекітілген жоспары өзгертілген жағдайда бұл туралы белгіленген тәртіп бойынша жүк жөнелтуші ай басталудан 10 күн бұрын автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына жазбаша түрде ескертуге міндетті.

Автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық үлгі шарты мүдделі министрліктердің және ведомстволардың қатысуымен жасалады және оны Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитраждың келісімі бойынша Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бекітеді.

Автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шарттарын жасау тәртібі мен мерзімдері Ережелерде қаралады.

Тұрақты шаруашылық байланыстары бойынша автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы және жүк жөнелтуші автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шартының күшін келесі жылға ұзарта алады.

36. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортының жылжымалы құрамының Қазақ ССР облыстарынан тыс, ұдайы барып тұратын орындарынан басқа жерлерге баруына байланысты болатын жүктерді тасуға тура келгенде, бұл Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

Аталған жылжымалы құрамды облыс ішінде ұдайы барып тұратын орнынан басқа жерлерге жұмысқа жіберуге байланысты болатын жүктерді тасу Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің автотранспорт өндірістік басқармаларының (бірлестіктерінің) рұқсатымен жүзеге асырылады.

Автомобиль транспортының жылжымалы құрамын Қазақ ССР көлемінде егін жинау кезінде астықты және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тасу үшін (үнемі барып тұратын орнынан басқа жердегі жұмыстарға) жіберу Қазақ ССР Министрлер Советінің рұқсатымен немесе оларға белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Автотранспорт кәсіпорындарының және ұйымдарының жылжымалы құрамды оның үнемі барып тұратын орындарынан басқа жерлерге жіберуіне байланысты қосымша шығындарын тариф бойынша жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) төлейді.

37. Автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге олармен жасалған шарт бойынша сағатына қарай ақы алып қызмет көрсетуге жүк автомобильдерін тек мынадай жағдайда ғана: жұмыстың жағдайына байланысты тасылатын жүктің санын салмағымен есептеу мүмкін болмағанда, сондай-ақ «Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жүк тасудың бірыңғай тарифтарында» қаралған жағдайда ғана беруі мүмкін.

38. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары орталықтандырылған жүк тасуда жүк тасу мен транспорттың қызмет көрсетуін ұштастыра отырып, автомобиль транспортымен жүк тасу жөніндегі шарт бойынша және жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылардың негізгі өндірістерінің өндірістік процесін ескере отырып, келісіп жасалған график бойынша өнеркәсіп кәсіпорындарынан, базалардан, қоймалардан, темір жол станцияларынан, порттардан (пристаньдардан) және аэропорттардан жүктерді тасып әкетеді (әкеледі).

Орталықтандырылған жүк тасуды ұйымдастырудың тәртіптері, сондай-ақ мұндай жүк тасуды жүзеге асырудағы автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылардың праволары мен міндеттері Ережеде белгіленеді.

Темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға орталықтандырылған жүк тасуды (тасып әкетуді) ұйымдастырудың тәртіптері, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, темір жол станцияларының, порттардың (пристаньдардың) және аэропорттардың праволары мен міндеттері Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға орталықтандырылған жүк тасудың (тасып әкетудің) ережелерімен белгіленеді.

39. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүктерді уақытында тасуды қамтамасыз етуге, ал жүк жөнелтушілер (жүк қабылдаушылар) жүктерді автомобиль транспортымен жүк тасу жөнінде жасалған шартта немесе орындауға қабылданған біржолғы заказдарда көрсетілген мөлшерде уақытында ұсынуға міндетті.

40. Жүк жөнелтуші жүк тасу жөнінде жылдық шарт жасаған болса автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымдарына жүк тасуға тиісті заявка, ал жылдық шарт болмаса — біржолдық заказ береді.

Біржолғы заказдардың формасын және оларды берудің, толтырудың тәртіптерін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгілейді.

41. Жүк тасу жоспарын жасаған кезде жүк тасуға берілетін заявкаларды үнемі артық немесе кем бергені, автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық жоспарында, заявкаларда немесе орындауға қабылданған заказдарда қаралған жүктерді тасуға ұсынбағаны, сондай-ақ жүктерді тиеу және түсіру мерзімін бұзғаны үшін кінәлы қызмет адамдары белгіленген тәртіп бойынша жауапты болады.

42. Жүк тасуды жүзеге асыру үшін қажетті болатын автомобильдердің түрлерін және санын тасылатын жүктердің көлемі мен сипатына қарай автомобиль транспортының кәсіпорындары және ұйымдары анықтайды.

43. Тез жанғыш, жарылғыш, улы, уландырғыш және күйдіргіш заттарды, сондай-ақ басқа да хауіпті жүктерді автотранспорттың кәсіпорындары немесе ұйымдары Ережеде қаралған тәртіптер мен жағдайлар бойынша тасуға қабылдайды.

44. Автотранспорттың кәсіпорындары және ұйымдары автомобиль транспортымен жүк тасу шарттарына сәйкес жүк тиейтін және түсіретін барлық пункттерге уақытында жылжымалы құрам беруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүк жөнелтушілерге жүктің сол түрін тасуға жарамды және санитарлық талаптарға сай жылжымалы құрам беруге міндетті.

Шартта келісілген жүктерді тасуға жарамсыз жылжымалы құрам беру транспорт құралдарын бермегендікпен бірдей саналады.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүк тасудың келісілген айлық тапсырмасы бойынша өз кінәсынан жылжымалы құрам бермеген жағдайларда, жүк жөнелтушілердің (жүк қабылдаушылардың) талап етуі бойынша тасылмай қалған жүктерді осы тоқсанның келесі айында тасу үшін жылжымалы құрам бөлуге міндетті. Тоқсанның соңғы айында берілмеген жылжымалы құрам келесі тоқсанның алғашқы айында бөлінуге тиіс.

Жөнелтілмей қалған жүктерді тасу үшін жылжымалы құрам бөлудің тәртіптері автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы мен жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

Келісілген тәртіп бұзылса, автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жылжымалы құрам бермегені үшін, ал жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) тасылатын жүктерін ұсынбағаны үшін тасымал жоспарын орындамағандар белгіленген жауапкершілікке тартылады.

45. Жүк тасу шарты бойынша автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары өздеріне жүк жөнелтуші сеніп тапсырған жүктерді тағайындалған пункттерге жеткізуге және оны қабылдауға праволы адамға (жүк қабылдаушыға) табыс етуге міндеттенеді, ал жүк қабылдаушы жүк тасудың белгіленген ақысын төлеуге міндеттенеді.

Сайларға төгілетін топырақ, қар және басқа, есебі қойма арқылы жүргізілмейтін (товарлық сипаты жоқ) жүктерді тасығанда автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүк тасу шарттарының келісімдері бойынша жүкті жүк қабылдаушыға тапсыру міндетінен босатылуы мүмкін.

46. Автотранспорт кәсіпорындары және ұйымдары жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) бағасын жариялаған жеке жүктерді тасуға қабылдайды. Оның жариялаған бағасы жүктің нақты құнынан артық болмауы керек. Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары мен жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) арасында келіспеушілік болған жағдайда жүктің құнын сарапшы анықтайды, бұл жөнінде акт жасалады.

Құны міндетті түрде көрсетілетін жүктердің, сондай-ақ құны көрсетілуге жатпайтын жүктердің тізбегі Ережеде белгіленеді.

47. Жүк жөнелтуші товарлық сипаты бар жүктерді тасуға ұсынғанда автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымдарына әдетте төрт дана етіп толтырылған товар-транспорт накладнойын қосып тапсыруға тиіс, ол товар тасудың негізгі документі болып саналады және ол бойынша жүк жөнелтуші жөнелтілген жүктерді өз есебінен шығарады да, жүк қабылдаушы ол жүктерді кіріске алады.

Жүк жөнелтуші мен жүк алушы товар-транспорт накладнойындағы өздері көрсеткен теріс, дәл емес немесе толық емес мәліметтерден туатын бар зардаптар үшін жауап береді. Автотранспорт кәсіпорындарының және ұйымдарының бұл мәліметтердің дұрыстығын тексеруге правосы бар.

Товар-транспорт накладнойымен ресімделмеген товарлық сипаты бар жүктерді автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары тасуға қабылдамайды.

Товарлық сипаты жоқ жүктер тасуға өлшем актісімен немесе шегу актісімен ресімделеді. Көптеп топырақ тасыған реттерде оның саны геодезиялық өлшеумен анықталуы мүмкін. Өлшем актісін немесе шегу актісін жасау тәртібі, сол сияқты товарлық сипаты жоқ жүктерді қабылдау мен тапсыру актілерін жасау тәртіптері Ережелермен белгіленеді.

Автомобильді оның жұмысына мерзімдік ақы төленетін тарифпен пайдалану жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының) жол листогіне шофердің жүрген және түскі үзіліс уақыттары көрсетілген жазуларымен ресімделеді.

Товар-транспорт накладнойының үлгі формасы, жол листогінің формасы, сондай-ақ оларды толтыру ережелері белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Жүк жөнелтетін министрліктер мен ведомстволар товар-транспорт накладнойларының формасын товар-транспорт накладнойларының Үлгі формасына сәйкес белгілейді.

48. Бір жүк жөнелтушіден бір жүк қабылдаушының адресіне бір тектес жүк жөнелтілсе бір товар-транспорт накладнойымен, бір өлшеу

актісі немесе бір шегу актісімен Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша ресімделуі мүмкін.

49. Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк тасуды әдетте жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының) экспедиторсыз-ақ, барлық транспорттық-экспедициялық операцияларды орындай отырып, жүргізеді.

Жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының) экспедиторы алып жүретін жүктердің тізбегі және ол жүктерді тасудың тәртіптері Ережелерде белгіленеді.

50. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының шофер-экспедиторы тасуға жүк қабылдарда жүк жөнелтушіге өзінің қызмет куәлігін және автотранспорт кәсіпорнының немесе ұйымының мөрімен куәландырылған жол листогін көрсетеді.

51. Шофер-экспедитор жүк жөнелтушіден тасуға жүк қабылдап алғанын товар-транспорт накладнойының барлық данасына қол қойып куәландырады, оның бір данасы жүк жөнелтушіге беріледі.

52. Жүк жөнелтуші автомобиль жүк тиеуге келгенге дейін жүктерді тасуға әзірлеуге (ыдыстарға салуға, жүк қабылдаушыларға бөліп топтауға, товар-транспорт документтерін, жүк тиейтін және түсіретін орындарға бару үшін рұқсат қағаз; тағы басқаларын даярлауға), сөйтіп, жылжымалы құрамды тиімді пайдалануды, жүктің жолшыбай сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ыдысқа салынған немесе оралған және шағындап жіберілетін бөлшек жүктерді тасуға ұсынғанда жүк жіберуші әр жүкті Ережелерге сәйкес алдын ала маркалауға міндетті.

Тасу кезінде жоғалудан, кемуден, бұзылудан және зақымданудан сақтау үшін ыдыстарға салуды қажет ететін жүктер тасуға берілерде мемлекеттік стандартқа немесе техникалық шарттарға сай келетін ыдыстарға немесе белгіленген жағдайларға сай жүктердің толық сақталуын қамтамасыз ететін басқа да жарамды ыдыстарға салып тапсырылуы керек.

Қолхоздар мен тұтыну кооперацияларының дайындау ұйымдары жөнелтетін ауыл шаруашылық өнімдері тасымал кезінде жүктің сақталуын қамтамасыз ететін стандартсыз ыдыстарға салынған түрінде тасуға қабылдануы мүмкін.

Жүк жөнелтуші тарапынан тасымал ережесіне сай келмейтін күйінде ұсынылған және жөнелтуді қамтамасыз ететін уақытқа дейін тиісті күйге келтірілмеген жүктер тасуға ұсынылмаған жүк деп саналады.

53. Автомобильдің жүк тиеуге келген уақыты шофердің жүк тиеу пунктіне жол листогін ұсынған сәттен, ал автомобильдің жүк түсіруге келген уақыты — шофердің жүк түсіру пунктіне товар-транспорт накладнойын ұсынған сәттен есептеледі.

Жүк тиейтін және түсіретін пункттерде (темір жол станцияларынан басқаларында) кіретін қақпа немесе бақылау-пропуска пункті бар болса, автомобильдің жүк тиеуге немесе түсіруге келген уақыты шофердің жүк жөнелтушіге немесе жүк қабылдаушыға қақпа алдында немесе бақылау-пропуска пунктінде жол листогін немесе товар-транспорт накладнойын ұсынған сәттен есептеледі.

Жүк тиеу және түсіру тиелген немесе түсірілген жүкке тиісті ресімделген товар-транспорт документтері шоферге берілгеннен кейін аяқталды деп саналады.

Автомобильдің қақпадан немесе бақылау-пропуска пунктінен жүк тиейтін және түсіретін орындарға барған және кейін жүрген уақыттары автомобильдің жүк тиеуге немесе түсіруге тұрған уақытына кірмейді.

Автомобиль жүк тиеуге келісілген мерзімнен ерте келсе, егер оны жүк жөнелтуші сол нақты келген сәтінде жүк тиеуге қабылдамаса, автомобиль жүк тиеуге келісілген уақытында келді деп саналады.

Жүк жөнелтушілер, жүк қабылдаушылар, темір жол станциялары, порттар, (пристаньдар) және аэропорттар автомобильдердің жүк тиеу және түсіру пункттеріне келген және кеткен уақытын товар-транспорт накладнойында көрсетіп отыруға міндетті.

Автомобильдердің жүк тасу кезінде жүк тиейтін және түсіретін пункттерге келген және кеткен уақыты туралы белгі қойып ресімдеу тәртібі Ережелерде белгіленеді, ал темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға жүк орталықтандырылып тасылғанда (тасып әкеткенде) — Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға жүкті орталықтандырылып тасу ережелерде белгіленеді.

54. Жүк жөнелтушілер және жүк қабылдаушылар, темір жол станциялары, порттар (пристаньдар) және аэропорттар автомобильдер мен автомобиль тіркемелеріне жүк тиеу және түсіру жұмыстарын белгіленген мерзімде жүзеге асыруға міндетті.

55. Автомобильдерге жүк тиеу және олардан жүк түсіру мерзімдері, сондай-ақ жүк тиеуге және түсіруге байланысты қосымша операцияларды орындау мерзімі автомобиль транспортымен жүк тасудың республикамызда қолданылып отырған Бірыңғай тарифымен белгіленеді.

Жүк жөнелтушілер және жүк қабылдаушылар, темір жол станциялары, порттар (пристань) және аэропорттар автомобильдерге жүк тиеу және түсіру мерзімін барынша қысқартуға тиіс.

56. Автомобиль транспортымен құрылыс материалдарын және басқа жалпылама тасылатын жүктер тасығанда жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар тәулік сайын, соның ішінде демалыс және мереке күндерінде кем дегенде екі сменада жүк қабылдауға және босатуға, сөйтіп, бұл күндері жүк тиеу-түсіру жұмысының көлемі кемуіне жол бермеуге міндетті.

Жүк қабылдаушылар темір жол станцияларынан, порттардан (пристаньдардан) және аэропорттардан жүкті орталықтандырып тасығанда өздерінің адресіне келген жүктерді автотранспорт кәсіпорынынан және ұйымдарынан транспорттың тиісті түрінің транспорттық уставында (кодексінде) немесе соған негізделіп жасалған ережелерде белгіленген мерзімдерде қабылдап алуға міндетті.

Технологиялық жүк тасуды жүзеге асыратын автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары автомобиль транспортымен жүк тасудың жоспарына және жылдық шарттарына сәйкес, өздері қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Технологиялық жүк таситын автомобильдер шоферлерінің қызмет көрсетілетін кәсіпорындарда қолданылып жүрген ережелер мен нұсқаулардан хабары болуға және оларды оқып үйренуге тиіс.

57. Жүктерді тиеуге және тасуға қажетті құрал-саймандар мен көмекші материалдарды (басқыш, тіреуіш, сына, лотка, сандал, сым, қоршайтын заттар, тағы басқаларын) жүк жөнелтуші әзірлеуге және қондыруға, оларды жүк қабылдаушы ағытып алуға тиіс.

Жүктерді жабатын және таңатын брезент пен арқанды тариф бойынша ақысын алып, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары береді.

Жүк жөнелтушінің меншігіне жататын барлық құрал-саймандарды

автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүкпен бірге жүк қабылдаушыға береді немесе оның товар-транспорт накладнойында көрсетілуіне сәйкес жүк жөнелтушіге кері қайтарады және төлемі соның есебінен болады.

58. Автомобильге жүк тиеу, бекіту, бүркеу және таңу жұмыстарын жүк жөнелтуші жүргізеді, ал автомобильден жүк түсіру, бекітулері мен жабынын алу жұмыстарын — жүк қабылдаушы жүргізеді.

Шофер жүріс хауіпсіздігі және жылжымалы құрамды сақтауды қамтамасыз ету талаптарына сай жүктің жылжымалы құрамға дұрыс орналастырылуын және бекітілуін бақылауға, сондай-ақ жүкті орналастыруда және бекітуде, олардың сақталуына хауіп келтіретіндей шалағайлықтар байқалса, ол туралы жүк жөнелтушіге хабарлауға міндетті. Жүк жөнелтуші шофердің талап етуі бойынша жүкті орналастыру мен бекітуде байқалған шалағайлықтарды түзетуге міндетті.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк жөнелтушімен немесе жүк қабылдаушымен келісе отырып, төмендегідей жүктерді тиеуді және түсіруді өз міндетіне ала алады:

а) товар айналымы шағын сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына ыдыспен, бөлшек күйінде және бөшкемен тасылатын жүктер;

б) автотранспорт кәсіпорындарында немесе ұйымдарында жүк тиеу-түсіру жұмыстарының механикалық құралдары болса басқа да жүктер қабылданады. Бұл ретте автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шарттарында жүк тиейтін-түсіретін механизмдерді барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін шарттар, жүк жөнелтушінің жүкті алдын ала әзірлеу (поддонниктерге, контейнерлерге салу, т. б.) және жүк тиейтін-түсіретін механизмдер тұратын және жеңіл-желпі жөндеу жүргізетін орындар, сондай-ақ жұмысшыларға үй беру міндеттері қаралуы керек.

59. Темір жол станцияларында, порттарда (пристаньдарда) және аэропорттарда автомобильге жүк тиеу және автомобильден жүк түсіру жұмыстары темір жол станцияларының, порттардың (пристань) және аэропорттардың күш-құралдарымен жүргізіледі, бұған темір жол станцияларында хауіпті және құйып алынатын жүктер және порттарда (пристаньдарда) және аэропорттарда хауіпті жүктерді тиеп-түсіру кірмейді, оларды тиеп-түсіруді тиісті жүк жөнелтушілер немесе жүк қабылдаушылар жүргізеді.

Жүк автостанцияларында автомобильге жүк тиеу және автомобильден жүк түсіру автостанциялардың күш-құралдарымен жүргізіледі.

60. Жүк көптеп тасылатын болғанда жүк жөнелтушілер және жүк қабылдаушылар, сондай-ақ автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шарттарында жүк тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландырылған әдіспен орындауды, бұл жұмыстарды орындауға прогрессивтік әдістерді енгізуді белгілеулері керек. Жүк айналымы шағын пункттерде жүк тиеу-түсіру жұмыстары механизацияның әр түрлі өте қарапайым құралдарын пайдалану арқылы орындалуға тиіс.

61. Жүк жөнелтуші мен автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк тасығанда жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының) заказында көрсетілген жүк көлемінде, жылжымалы құрамға оның сыйымдылығын толық пайдаланғанға дейін жүк тиеуге, бірақ жүк көтеру күшінен асырмауға міндетті.

Жеңіл жүктерді (соның ішінде ауыл шаруашылық жүктерін) көптеп тасығанда автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары қорапты биіктетуге немесе жылжымалы құрамның жүк көтеру мүмкіндігін то-

лығырақ пайдалануды қамтамасыз ететіндей басқа да шаралар қолдануға міндетті.

62. Үйілген күйінде, бос төгілген немесе сұйық қалпында және контейнермен тасылатын жүктерді жүк жөнелтуші тапсырғанда және тасылатын жүктерді тапсырғанда және автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары қабылдағанда ол жүктердің салмағы анықталуы және товар-транспорт накладнойында көрсетілуі тиіс.

Ыдысқа салынған және бөлшек жүктер тасуға товар-транспорт накладнойында әр жүктің салмағы және жүк алатын орындардың саны көрсетіліп қабылданады. Жүк жөнелтуші ыдысқа салынған және бөлшек жүктердің салмағын жүк жөнелтуші оларды тасуға ұсынудан бұрын анықтайды және жүк алатын орынның санын көрсетеді. Жүктің жалпы салмағы таразыға шегумен немесе жүк орындарындағы салмақты трафарет немесе стандарт бойынша есептеумен анықталады. Ережелерде белгіленген кейбір жүктердің салмағы оның сырт аумағын, көлемін өлшеумен немесе шартты түрде анықталуы мүмкін.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары темір жол станцияларынан, порттардан (пристаньдардан) және аэропорттардан жүкті орталықтандырып тасып әкетуді жүзеге асырғанда тиісті транспорт ұйымдары жүктерді автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына жүктің салмағын немесе орын санын, сондай-ақ жүктердің күйін тексеріп тапсыруға міндетті. Мұндай жағдайда ыдысқа салынған және бөлшек жүктердің салмағы мен күйі тек зақымданған орындарда ғана тексеріліп, тапсырылады.

Товар-транспорт накладнойына жүктің салмағы және оны анықтау әдістері туралы жазуларды жүк жөнелтуші жазады.

63. Жүктің салмағын жүк жөнелтуші мен автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы бірлесіп жүк жөнелтушінің техникалық құралдарымен, ал жүк автостанцияларында — жүк жөнелтуші мен автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы бірлесіп автотранспорт кәсіпорынының немесе ұйымының техникалық құралдарымен анықтайды.

Жүкті жылжымалы құрам үстінде өлшеу уақыты үшін автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы автомобиль транспортымен жүк тасудың қолданылып жүрген тарифында белгіленген мөлшерде төлем алады.

Жабық автомобильдерде және тіркемелерде, автомобильдердің жүк жөнелтуші пломбалаған жеке секцияларында, контейнерлерде және цистерналарда жүк тасығанда, жүктің салмағын жүк жөнелтуші анықтайды.

64. Бір жүк қабылдаушыға жіберілген жүк тиелген жабық автомобильдер (соның ішінде изотермиялық және рефрижераторлар) мен тіркемелер, автомобильдердің жеке секциялары, контейнерлер және цистерналар жүк жөнелтуші тарапынан пломбаланған болуға, ал жәшіктерге, қораптарға және басқа ыдыстарға салынған бөлшек ұсақ товарлар пломбаланған немесе бандерольға салынған болуға тиіс.

Автомобильдерді, тіркемелерді, автомобильдің жеке секцияларын, цистерналарды және контейнерлерді пломбалау тәртібі Ережелерде белгіленеді.

65. Тағайындалған пунктте жүк қабылдаушыға жүктерді салмағы және орын саны бойынша тапсыру олар жүк жөнелтушіден қалай қабылданса, сол тәртіппен жүргізіледі.

Бұзылмаған автомобильдерде, тіркемелерде, автомобильдің жеке секцияларында, контейнерлерде және цистерналарда келген, жүк жөнелтуші салған пломбасы бүтін жүктер жүк қабылдаушыға жүктің салмағы мен күйі және жүктің орын саны тексерілместен беріледі.

Жүк жеткізу тағайындалған пункттерде автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүктің салмағын, орын санын және күйін мынадай жағдайларда тексеруге міндетті:

а) жүк қорабы бұзылған жылжымалы құраммен немесе қорабы бұзылмаған, бірақ пломбасы зақымданған немесе жол бойындағы жүк автостанциясының пломбасымен келсе;

б) тез бұзылатын жүк оны жеткізу мерзімі өткізіліп келсе немесе тасу кезінде ережеде белгіленген температура режимі бұзылса;

в) автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүк автостанциясының қоймасынан тиеген жүк келсе;

г) жүк автостанцияның қоймасынан берілсе.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары ыдысқа салынған және бөлек жүктерді барлық жағдайда да тек зақымданған жерлерінің салмағы мен күйін тексеріп барып береді. Ыдыс бұзылған, сондай-ақ жүктің күйіне әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлар анықталған реттерде автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы товар-транспорт накладнойы бойынша жүктің зақымдалған жерлерін тексеруге міндетті.

Жүк қабылдаушының автомобиль таразысы болмаған жағдайда, үйіп тиелген немесе бос төгілген жүктің кем шығу белгілері болмаса, оның салмағы тексерілместен тапсырылады.

Жүктің салмағы егер жүк жөнелтілген пунктте анықталған салмақ пен жіберілген пунктке келгендегі салмағын салыстырғанда шыққан айырмашылық СССР Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген таразыларда болатын айырмашылық нормасынан, жүктің осы түрінің бекітілген тәртіптегі табиғи шығыны нормасынан аспаса,— дұрыс деп саналады.

66. Жүк қабылдаушы мен автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүк қабылдаушының адресіне келген жүктерді автомобильден толық түсіруге міндетті.

Жүгі түсірілгеннен кейін автомобильдерді және контейнерлерді осы жүктердің қалдығынан жүк қабылдаушы тазартуға тиіс, ал мал, құс, малдың өнімдері және тез бұзылатын жүк тасылғаннан кейін жүк қабылдаушы жылжымалы құрамды жууға және қажет болған реттерде оны дезинфекциялауға міндетті.

Жылжымалы құрамды немесе контейнерді жүгі түсірілгеннен кейін тазартпағаны үшін жүк қабылдаушыдан Ережелерде белгіленген мөлшерде штраф өндіріледі.

Ережелермен көзделген реттерде автомобильдер мен контейнерлерді жуып, дезинфекциялауды жүк жөнелтуші жүзеге асырады.

Автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүк жөнелтушімен немесе жүк алушымен келісіп алғаннан кейін автомобильдер мен контейнерлерді жуып, дезинфекциялау жөніндегі жұмыстарды ақысын төлетіп өзі орындауы мүмкін.

67. Егер жүк жіберілген пунктте жүктің салмағын, жүк орнының санын немесе күйін тексергенде жүктің кем шыққаны, бұзылғаны немесе зақымданғаны анықталса, егер бұл жағдай жолшыбай анықталып, акт жасалған болса, автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүктің нақты кем шығу, бұзылу немесе зақымдану мөлшерін анықтауға міндетті.

Экспертиза жүргізу қажет болған жағдайда автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы өз инициативасымен немесе жүк қабылдаушының талап етуімен тиісті мамандарды шақырады.

68. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары қалааралық жүк тасығанда жүктерді белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті.

Қалалар арасында жүк тасығанда оны жеткізу мерзімдері және уақытты есептеу тәртіптері Ережелерде белгіленеді.

69. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүкті автомобиль транспортының жүруіне жол ашық, ең қысқа маршруттармен тасуға міндетті, бұған жолдың жағдайына қарай, тасымалдың жүріс жолын ұзарту тиімдірек болатын реттер кірмейді.

Автомобиль транспортымен қалалар арасында ұдайы жүк тасу ұйымдастырылған жолдарда транспорттың жүк тасу жүрісін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің рұқсат етуімен, ал басқа жолдарда — тиісті автотранспорт кәсіпорны мен ұйымының рұқсат етуімен ұзартуға болады.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары заказ қабылдарда жүк тасылатын аралықтың ұзартылғаны туралы жүк жөнелтушіге хабарлауға міндетті. Бұл жағдайда жүк тасу төлемі нақты тасылған қашықтыққа есептеп алынады.

70. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары қалалар арасында жүк тасығанда оны жүк қабылдаушының қоймасына (пәтеріне) жеткізіп беруге міндетті. Жүкті жүк қабылдаушының қоймасына (пәтеріне) жеткізіп беру және жүк тасу ақысын төлеу тәртіптері Ережелерде белгіленеді.

71. Жүк автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының қоймаларында, соның ішінде станциялардың, порттардың (пристань), аэропорттардың жалға алынған қоймалары мен жалпы пайдаланылатын орындарында, Ережелерде қаралған жағдайларда оның келгендігі туралы жүк қабылдаушыға хабарлағаннан кейін бір тәулік бойы тегін сақталады. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының қоймаларында жүк сақтаудың ең ұзақ мерзімі — 30 тәулік.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүкті бір тәуліктен артық сақтағаны үшін жүк қабылдаушыдан (жүк жөнелтушіден) тарифта белгіленгендей төлем алады.

Жүк қабылдаушы келіп алмаған жүктер жүк сақтаудың ең ақырғы мерзімі өткеннен кейін Ережеде белгіленген тәртіп бойынша, өткізуге (сатуға) жатады.

72. Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүкті жіберілген пунктте товар-транспорт накладнойында көрсетілген жүк қабылдаушыға береді.

Жүк қабылдаушы жүк қабылдап алғанын товар-транспорт накладнойының үш данасына қол қойып, мөр (штамп) басып растайды, оның екі данасы шофер-экспедитордың қолында қалады.

Қаладағы және қала маңындағы тасымалда жүк қабылдаушы автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымдарына қатысы жоқ себептермен жүк қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, жүктерді жүк жөнелтуші, Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша, басқа жүк қабылдаушыға жібереді немесе жүк жөнелтушіге қайтарылады. Мұндай жағдайларда жүкті апару және кейін алып келу құнын, сондай-ақ автомобильдің қарап тұрғаны үшін штрафты жүк жөнелтуші төлейді. Жүк қабылдаушы жүкті қабылдаудан бастартқаны туралы товар-транспорт накладнойына белгі соғуға, оны қол қойып, мөр (штамп) басып куәландыруға міндетті.

Қалалар арасында жүк тасығанда, сондай-ақ темір жол станцияларынан, порттардан (пристаньдардан) және аэропорттардан орталықтандырылып жүк тасығанда жүк қабылдаушы өзіне автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жеткізген жүктерді қабылдап алуға міндетті. Автомобиль транспортымен жүк тасу шартында немесе біржолғы заказда қаралмаған жүктер келіп түскен жағдайда жүк қабыл-

даушы ондай жүктерді сақтауға жауапты болып қабылдайды, бұл туралы товар-транспорт накладнойында көрсетіледі. Бұдан әрі жүк қабылдаушы жауаптылықпен сақтауға қабылдаған жүктерге жүк жөнелтуші қожалық етуге міндетті.

Жүк қабылдаушы бұзылу немесе зақымдану салдарынан жүктің сапасы негізгі мақсатқа толық немесе ішінара пайдалануға мүмкін болмайтындай болып өзгерген, бұған автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жауапты болған жағдайда ғана жүкті қабылдаудан бас тарта алады.

Қалалар арасында жүк тасығанда жүкті автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымдарына қатысы жоқ себептермен жүк қабылдаушыға тапсыру мүмкін болмаса, жүк жөнелтуші, Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша, жүкті апарудың жаңа пунктін көрсетіп, автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымына нұсқау беруге міндетті.

Автотранспорт кәсіпорынының немесе ұйымының жүкті жаңа тағайындалған орындарға жеткізу мүмкіндігі болмаса, олар бұл тасымалдан бас тарта алады, бұл туралы жүк жөнелтушіге білдіреді. Мұндай жағдайда автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүкті жүк жөнелтушіге қайтарады. Бұған байланысты қосымша шығындарды (жылжымалы құрамды айдау, қарап тұруы, жүкті сақтау, тағы басқа) жүк жөнелтуші төлейді.

Егер қалалар арасында тасылатын тез бұзылатын жүктерді жүк қабылдаушыға тапсыру мүмкін болмаса, ал жүк жөнелтуші басқа жүк қабылдаушы туралы нұсқау бермесе, жүкті сату үшін басқа ұйымдарға берілуі мүмкін.

73. Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы басқа ұйымдарға берген жүк үшін алған соманы, автотранспорт кәсіпорынына немесе ұйымына тиістісінен қалғанын мыналарға аударады:

а) товар-транспорт накладнойында көрсетілген жүк қабылдаушыға, егер ол жүктің құнын төлеген болса;

б) барлық қалған жағдайларда — жүк жөнелтушіге.

Көрсетілген соманы жүк қабылдаушыға немесе жүк жөнелтушіге аудару мүмкін болмаса, ол сома жүктің тағайындалған жеріне жеткізілмегені үшін талап қоюдың белгіленген мерзімі өткеннен кейін Қазақ ССР республикалық бюджетінің кірісіне түседі.

Басқа ұйымдарға берілген, құны Қазақ ССР республикалық бюджетінің кірісіне аударылған жүк құнының сомасын талап ету бойынша кейін жүк жөнелтушіге немесе жүк қабылдаушыға қайтаратын болған жағдайда, бұл соманы автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы Қазақ ССР республикалық бюджетіне кезекті аударылатын қаржының есебінен төлейді.

74. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі жүксіз бара жатқан автомобильдерге, олардың қай ведомствоға қарайтындығына қарамастан, жүк тиеуді жүзеге асырады, ол үшін қалаларда, темір жол станцияларында, порттарда (пристаньдарда), сондай-ақ жүк көп тасылатын жолдарда жүксіз кетіп бара жатқан жолшыбай автомобильдерге жүк салатын арнаулы транспорт-экспедиция конторларын және агенттіктер құрады.

Бос автомобильдерге жүк салу тәртібі, транспорт-экспедиция конторлары, агенттіктер, диспетчерлік-бақылау постылары, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің праволары мен міндеттері және жауапкершілігі көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің бос бара жатқан жолшыбай жүк автомобильдеріне жүк салу тәртібі туралы Ережелерде белгіленеді.

IV бөлім

ЖОЛАУШЫЛАР, БАГАЖ ЖӘНЕ ПОЧТА ТАСУ

Жолаушылар және багаж тасу

75. Көпшілік пайдаланатын автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары автобустарда және жеңіл автомобильдерде жолаушылар және багаж тасуды жүзеге асыруға, автомобиль транспортын пайдалану кезінде жолаушылардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жолаушыларға қажетті қолайлы жағдай туғызуға, автовокзалдарда, автостанцияларда, автобустарда және жеңіл автомобильдерде оларға мәдени қызмет көрсетуге, жолаушылардың жүгін уақытында тасуға және сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Министрліктердің, ведомстволардың және халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушылар және багаж тасу жөнінде белгіленген тәртіп пен қолданылып жүрген тариф бойынша осы Уставтың 8-статьясында көрсетілген жолаушы және багаж тасуды жүзеге асырады.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары өндірістік объектілері мен тұрғын үйлері қалалық жолаушы транспортының жалпы линияларынан шалғай орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындарымен, байланыс кәсіпорындарымен және құрылыс ұйымдарымен жасалған шарттар бойынша аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері үшін арнаулы маршруттар ұйымдастыруы мүмкін, мұндай маршруттарда транспорт құралдарын пайдалану зиян шектіретін ретте қосымша шығындар транспорт кәсіпорындарына өтеледі.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілерді жұмыс орнына тегін апарып, тегін алып қайтуға белгіленген тәртіп бойынша рұқсат етілген кәсіпорындар мен ұйымдарға осындай тасымал үшін шарт бойынша автобустар беріп, сағаттық тарифпен ақы алуы мүмкін.

Арнаулы автобус маршруттарын ұйымдастыруға арналған Үлгі шартты Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитражбен және Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін бекітеді.

Халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері арнаулы автобус маршруттарын ұйымдастыруда өнеркәсіп кәсіпорындарына, құрылыс ұйымдарына, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдарына жәрдемдесіп отырады.

76. Жолаушы тасу жөніндегі шарт бойынша автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымы жолаушыларды баратын пунктке жеткізуге, ал жолаушы багаж өткізген болса багажды баратын пунктке жеткізуге және оны багаж қабылдауға уәкілдігі бар адамға тапсыруға міндеттенеді, жолаушы белгіленген жол ақысын, ал багаж өткізген болса багаж тасу ақысын төлеуге міндеттенеді.

77. Маршруттарда автобустардың және таксомотордың жүрісі кесте бойынша ұйымдастырылады.

Жаңа маршруттарды мыналар ұйымдастырады:

а) қалалық, қала маңында — халық депутаттары Советтерінің қалалық немесе аудандық атқару комитеттерімен келісіп автотранспорт трестері және басқармалары;

б) облыс ішіндегі қалааралық — халық депутаттарының облыстық

Советтері атқару комитеттерімен келісіп автотранспорт трестері және басқармалары;

в) облыстардағы қалааралық — Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі;

г) республикалар аралық — басқа одақтық республикалардың автомобиль транспортын басқару органдарымен келісіп, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі.

Жаңа маршруттар егер жолдардың жайы және олардың құрылыстары транспорт жүрісінің хауіпсіздігі талабына сай болса ғана ұйымдастырылуы мүмкін.

Автобустар мен маршрутты таксомоторлар жүрісінің кестесін бекіту тәртібі Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушылар және багаж тасу Ережелерімен белгіленеді.

78. Қаладағы және қала маңындағы автобус маршруттарының бастапқы, ақырғы және олардың аралығындағы аялдама пункттерінде жолаушылардың танысуы үшін тәулік мерзімдері бойынша автобустар жүрісі аралығының уақыты көрсетілген таблица және маршруттардың схемалары іліп қойылады.

Қала маңындағы маршруттарда автобустардың жүру аралығы уақыты 20 минуттан асатын аялдама пункттерінде осы аялдама пунктке автобустың келетін және кететін уақытының кестесі іліп қойылады.

Қалааралық автобус маршруттарының автовокзалдарында, автостанцияларында және автопавильондарында жолаушылардың танысуы үшін барлық маршруттар бойынша автобустардың жүріс кестесі, жолаушылардың жол жүру мен багаж тасу бағасы көрсетілген таблица, әртүрлі үлгідегі автобус салондары жоспарының схемалары, Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасудың негізгі Ережелері, сондай-ақ кассаларда жұмыстың басталатын және аяқталатын уақыты туралы жарнама іліп қойылады.

79. Автобуста және маршрутты таксомоторда жүру, сондай-ақ багаж тасу үшін әрбір жолаушы билет алуға міндетті.

Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасудың Ережелерінде белгіленген тәртіп бойынша жүретін билеттер сатуды қамтамасыз етуі тиіс. Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы қалалар арасында жүретін автобустарда жолаушыларға отыратын орын беруге міндетті.

Билеттердің және басқа жол документтерінің үлгісін, оларды сатудың және пайдаланудың тәртіптерін, қанша уақытқа жарамдылығын Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгілейді.

80. Қалааралық маршруттарда жолаушылардың жүруі және багаж тасуы үшін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары барлық аялдама пункттерінде касса арқылы билет сатады немесе касса арқылы билет сату ұйымдастырылмаған жерлерде шофер (кондуктор) арқылы сатады.

Қалааралық маршруттарда автобуспен жүру үшін бастапқы, ақырғы және олардың аралығындағы ірі аялдама пункттерде алдын ала билет сатылады.

81. Автовокзалдардағы және автостанциялардағы сақтау камералары жолаушылардан жүру документтерінің бар-жоқтығына қарамастан, қол жүктерін сақтауға қабылдайды.

Сақтау камераларына өрт хаупін туғызатын, жарылғыш, тез тұтанғыш, уландырғыш, есірткіш және иістенген заттар мен материалдарды қабылдауға және тапсыруға тыйым салынады.

Қол жүктерін сақтау камераларының жұмыс уақыттарын автобустардың және маршрутты таксомоторлардың жүріс кестесіне, сондай-ақ

жергілікті жағдайларға байланысты автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары белгілейді.

82. Жолаушылардың мынадай праволары болады:

а) Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасу Ережелерінде қаралған тәртіппен қай автобусқа және маршрутты таксомоторға болса да билет алуға;

б) қаладағы және қала маңындағы маршруттарда жүретін автобустарда және маршрутты таксомоторларда өзімен бірге жасы 7-ден аспаған бір баланы (қалааралық маршруттарда жасы 5-тен аспаған бір баланы), егер ол бөлек орын алмайтын болса, тегін алып жүруге;

в) қаладағы, қала маңындағы және қалааралық маршруттарда жүретін автобустарда, сондай-ақ маршрутты жеңіл таксомоторларда өзімен бірге Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасудың Ережелерінде белгіленген мөлшерде қол жүгін тегін алып жүруге;

г) белгіленген тариф бойынша ақысын төлеп, өзімен бірге Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасудың Ережелерінде қаралған мөлшерде багаж алып жүруге;

д) Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгілеген линияларда қалалар арасында багаж таситын автомобильдерге багаж тапсыруға;

е) билет алынған автобусқа (маршрутты таксомоторға) ол автобустың (таксомотордың) жүретін уақытынан 3 сағат кешігіп қалса, ауырып қалу немесе бақытсыз бір оқиғадан 3 тәулік бойы кешіксе, билет құнының 25 процентін қосымша төлеп жол жүру документтерін жаңартуға немесе Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасудың Ережелерінде қаралған тәртіп бойынша 25 процентін кемітіп билет құнын қайтарып алуға;

ж) билет автовокзалдың (автостанцияның) кассасына автобус (маршрутты таксомотор) жүруден екі сағат бұрын қайтарылса, билет құнын толық қайтып алады, мұнда билеттің алдын ала сатылғаны үшін төлем ұсталып қалады, ал билет бұл уақыттан кешірек, бірақ автобус (таксомотор) жүруден бұрын қайтарылса — билет құнын, оның 15 процентін және билеттің алдын ала сатылғаны үшін төлемді ұстатып, қайтып алуға;

з) ауырып қалу немесе бақытсыз бір оқиғаға ұшырау салдарынан қалааралық қатынас жолымен жүру тоқтатылса, жүрілмеген аралықтың жол ақысын қайтарып алуға.

83. Жолаушы мынадай жағдайларда автобустың (таксомотордың) жолға шығуынан бұрын билетті кассаға қайтарып, билеттің құнын және алдын ала сатылғаны үшін төлемді қайтып алуға праволы болады:

а) автобус (таксомотор) жолға шығатын кестедегі уақытынан бір сағаттан аса кешіксе;

б) жолаушыға автобуста (таксомоторда) билет сатылған орыннан төмен класты орын берілсе;

в) жолаушыға билетте көрсетілген орын берілмесе.

Жолаушы төмен класты автобусқа немесе таксомоторға отыруға келіссе, оған төленген сома мен жолына төленетін соманың, билет құны мен айырмашылығы қайтарылады.

Егер кестеде көрсетілген автобус (таксомотор) орнына жол ақысы қымбат автобус (таксомотор) берілсе, бұл туралы жарияланудан бұрын билет алып қойған жолаушылар қосымша төлеместен сол билеттерімен жүре беруге праволы болады. Автобустың (таксомотордың) үлгісі өзгертілетіні туралы жарияланған сәттен бастап билет белгіленген жоғары тарифпен сатылады, бұл туралы жолаушыларға ескертіледі.

84. Осы Уставтың 82 және 83-статьяларында қаралған жағдайлар бойынша ақшаны қайтару Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

85. Автовокзалдарда, автостанцияларда және автотранспорттың басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарында шағым және ұсыныстар жазатын кітап болуға тиіс, ол жолаушының бірінші талап етуі бойынша берілуі керек.

Автотранспорт кәсіпорынының немесе ұйымының басшысы жолаушылардан түскен шағымдарды немесе ұсыныстарды үш күн мерзім ішінде қарауға және оларды қараудың нәтижесі, қолданылған шаралар туралы шағым иесіне жазбаша түрде білдіруге міндетті.

Қосымша тексеруді қажет етпейтін шағымдар дереу қаралып шешіледі.

86. Автобустарда және таксомоторларда қол жүгін және багаж тасудың тәртіптері Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасу Ережелерінде белгіленеді.

87. Багаждың тасуға қабылданғанын куәландыру үшін жолаушыға багаж квитанциясы беріледі.

Жолаушы өзінің багажын тапсырарда белгіленген төлемді төлеп, оның құнын жариялауға праволы.

Багаж тағайындалған пунктте багаж квитанциясын ұсынған адамға беріледі де, одан багаждың сақтау ақысы алынады.

88. Багажбен және қол жүк ретінде өрт хаупін туғызатын, жарылғыш, уландырғыш, улы, есірткі және істенген заттарды, сондай-ақ жылжымалы құрамды, жолаушылардың киімін ластайтын жүктерді алып жүруге рұқсат етілмейді.

89. Жолаушыдан бөлек тасуға қабылданған багаж тағайындалған пунктке кесте бойынша осы пунктке жолаушы келетін күннен кешікпей жеткізілуге тиіс.

90. Жолаушы талап етпеген багаждарды автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары тағайындалған пунктте сақтайды.

30 күн ішінде талап етілмеген багаждар Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен жолаушы және багаж тасу Ережелерінде белгіленген тәртіп бойынша сатып жіберу үшін жергілікті сауда ұйымдарына берілуге жатады.

Багаж квитанциясын ұсынушы багаж сатылған күннен бастап алты ай мерзім ішінде автотранспорт кәсіпорынынан немесе ұйымынан сауда ұйымдарына берілген талап етілмеген багаж үшін төленген соманы алуға праволы, автотранспорт кәсіпорынына немесе ұйымына тиісті сома ұсталып қалады.

Почта тасу

91. Почта тасуды автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүк автомобильдерімен, сондай-ақ маршрутты автобустармен немесе жеңіл автомобильдермен-таксилермен, автотранспорт кәсіпорындары және ұйымдары байланыс орындарымен жасасқан шарттар бойынша жүзеге асырады.

92. Автомобиль транспортының почта тасуға арнайы бөлінген жылжымалы құрамы почта тасудың жоспары мен кестесіне сәйкес тікелей сол мақсатқа пайдаланылуға тиіс.

Почта тасуға арнайы бөлінген автомобильдерде бұл тасымалға қатысы жоқ басқа адамдарды тасуға рұқсат етілмейді.

93. Почтаны тиеу мен түсіру, сондай-ақ жолшыбай алып жүру жә-

не сақтау байланыс кәсіпорындарының күшімен және құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының байланыс кәсіпорындарымен келісуі бойынша почтаны жолшыбай алып жүруді, сақтауды автомобиль транспортының кәсіпорындары немесе ұйымдары қамтамасыз етуі мүмкін.

94. Почта тасу және оны алып жүру ақысы қолданылып жүрген тариф бойынша төленеді.

95. Автомобиль транспортымен почта тасу Ережесін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі мен Қазақ ССР Байланыс министрлігі бекітеді.

V бөлім

ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕРДІ ПРОКАТҚА БЕРУ

96. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары шарт бойынша азаматтарға уақытша пайдалануға жеңіл автомобильдерін ақы алып прокатқа береді, ақы мөлшері қолданылып жүрген тарифтерде белгіленеді.

97. Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы прокатқа жай-күйі жеңіл автомобильдердің техникалық пайдалану Ережесіне сай келетін автомобильдерді беруге міндетті.

98. Прокатқа автомобильдер берудің шарттары мен тәртіптері Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Қазақ ССР-інде жеңіл автомобильдерді прокатқа берудің үлгі шартында белгіленеді. Бұл Үлгі шарттан пайдаланушылардың праволарын шектейтіндей болып шегіну, заңды емес.

VI бөлім

АЗАМАТТАРДЫҢ ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖӨНДЕУ

99. Азаматтардың қолындағы транспорт құралдарына қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қажетсінуін қанағаттандыру үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі өзінің қалаларда, ірі жұмысшы поселкелерінде және автомобиль жолдарында ұйымдастыратын техникалық қызмет көрсету станциялары, мотельдері, жуу пункттері, гараждары және басқа объектілері арқылы азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сақтау жұмыстарының барлық түрін орындауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ сол транспорт құралдарын жасап шығаратын заводтармен шарт жасай отырып, кепілді жөндеу жұмыстарын орындайды.

100. Азаматтардың меншігіндегі транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, оларды аялдамаларда уақытша немесе ұзақ мерзімге сақтау және басқа қызмет көрсету ақысының мөлшері мұндай қызметтердің қолданылып жүрген тарифінде белгіленеді.

101. Техникалық қызмет көрсету және көрсетілген қызмет үшін азаматтармен есеп айырысу белгіленген тәртіп бойынша бекітілген транспорт құралдарының иелеріне қызмет көрсету Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

VII бөлім

ТАСЫМАЛДЫҢ ТАРИФТЕРІ МЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ

102. Автомобиль транспортымен жүк, жолаушы, багаж және почта тасу, прокатқа берілген автомобильдерді пайдалану ақысының мөлшері, сондай-ақ автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының тасымал жұмысына байланысты жүргізген операциялары мен қызметі үшін төленетін алымдардың мөлшері белгіленген тәртіп бойынша бекітіліп, қолданылып жүрген тариф негізінде анықталады.

Тарифтерді қолдану, сондай-ақ оларды өзгерту мен толықтыру тәртібін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігімен және Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін бекітеді.

103. Автотранспорт кәсіпорындарымен және ұйымдарымен олардың жүк тасығаны үшін және осы тасымалға байланысты басқа төлемдер жөнінде жүк жөнелтушілер (жүк қабылдаушылар) және автомобиль транспортына заказ берген басқа кәсіпорындар мен ұйымдар Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша есеп айырысады.

104. Орталықтандырып жүк тасығанда автотранспорт кәсіпорынымен немесе ұйымымен жүк тасығаны, экспедициялағаны және жүк тасуға байланысты жүргізген басқа да операциялары мен көрсеткен қызметі үшін есептің бәрін жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы айырысады. Мұнда автотранспорт кәсіпорындарына және ұйымдарына жоғарыда айтылған жүк тасу, операциялар мен қызмет көрсету жұмыстары үшін төленген соманы жүк жөнелтуші немесе босатылған өнімдердің счеттарына қосады немесе жүк қабылдаушы қабылдап алған өнімдері үшін жүк жөнелтушінің счеттарын төлегенде ұстап қалады.

105. Автомобильмен тасымалдау және тасымалдаумен байланысты басқа да қызметтер үшін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына тиісті төлемдер белгіленген тәртіп бойынша төленеді.

107. Жүк және жолаушы тасуға немесе басқа қажеттерге автомомобильдерді (автобустарды) ақы алмай беруге, сол сияқты оларда тегін жүруге СССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген реттерде ғана рұқсат етіледі.

VIII бөлім

ТРАНСПОРТТЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ ҚАТЫСАТЫН ТӨТЕ АРАЛАС ҚАТЫНАС ЖОЛЫ

108. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты транспорттың басқа түрлерімен — темір жол, теңіз, өзен және әуе транспорттарымен өзара тығыз байланыс жасап, төте аралас қатынас жүйесін ұйымдастыра отырып: автомобиль-темір жолы, автомобиль-су жолы, автомобиль-су-темір жолы, автомобиль-әуе жолы және басқа қатынас жолдары арқылы жүк, жолаушы және багаж тасуды жүзеге асырады.

Төте аралас қатынас жолымен жүк тасу жолдың бүкіл бойына жасалған бірыңғай транспорт документі бойынша жүргізіледі.

109. Төте аралас қатынас жолымен жүк тасу Уставтың осы бөлімі негізінде және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің тиісті басқа транспорт министрліктері және ведомстволарымен бірлесе отырып төте аралас қатынас жолдарымен жүк тасу жөнінде бекітетін ережелері негізінде жүргізіледі.

Уставтың осы бөлімінде және айтылған ережелерде қаралмаған жүктерді төте аралас қатынас жолдарымен тасу қабылдағанда транспорттың тиісті түрлерінде тасымалды реттейтін уставтардың, кодекстердің, ережелердің және тарифтердің нормалары қабылданады.

Төте аралас қатынас жолдарымен жолаушы және багаж тасу Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің тиісті басқа транспорт министрліктерімен және ведомстволарымен жасаған ерекше келісімі негізінде жүргізіледі.

110. Төте аралас қатынас жолдарымен жүк тасуға мыналар кіреді:

а) Қазақ ССР территориясындағы автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары,— Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі белгілейтін тізбек бойынша, ал басқа одақтас республикалар территориясындағылар, сол республикалардың автотранспорт басқармаларының органдары белгілейтін тізбек бойынша;

б) темір жолдың жүк тасу операциясы үшін ашық барлық станциялары;

в) теңіз порттары,— Теңіз Флоты министрлігі белгілейтін тізбек бойынша;

г) Қазақ ССР территориясындағы өзен порттары мен пристаньдары,— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы белгілейтін тізбек бойынша, ал басқа одақтас республикалар территориясындағылар — сол республикалардың өзен транспорты басқармаларының органдары белгілейтін тізбек бойынша;

д) азаматтық әуе флотының аэропорттары,— Азаматтық авиация министрлігі белгілейтін тізбек бойынша.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, порттар, пристаньдар және аэропорттар төте аралас қатынас жолына қосылғандығы туралы телеграфпен білдірген кезден бастап (кейін жинақта транспорттық министрліктер мен ведомстволардың жүк тасу ережелері және тарифтері жариялануымен) оған қосылды деп есептеледі.

111. Жүктер төте аралас қатынас жолдарымен тасуға тәртіп бойынша бекітілетін жоспармен қабылданады.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және басқа транспорттық министрліктер мен ведомстволар өзара келісе отырып төте аралас қатынас жолдарымен тасуға жоспардан тыс жүктер қабылдай алады.

Төте аралас қатынас жолдарымен ұсақтап жөнелтілетін жүктерді аударылған пункттерден тасуға қабылдау және жөнелту ұсынылған бойда төте аралас қатынас жолдарымен жүк тасудың ережелерінде көзделген реттерде сұрыптай отырып жүргізіледі, темір жолға берген кезде — жүк сұрыптау станциясында, автомобиль, су және әуе транспортына берген кезде — тиісінше автомобиль кәсіпорындарында және ұйымдарында, порттарда (пристаньдарда) және аэропорттарда сұрыптай отырып жүргізіледі.

112. Жүк аударылатын пункттерде транспорт кәсіпорындары мен ұйымдары аударылған жүктерді тиеуге уақытында және үздіксіз автомобильдер, вагондар және кемелер беруге, жүктерді төте вариантпен (қоймаға түсірместен) транспорттың бір түрінен екінші түріне аударуды кеңінен өрістетуге міндетті.

Жүк аудару жоспары төте аралас қатынас жолдарымен жүк тасу ережелерінде белгіленген тәртіптерге сай жасалады және бекітіледі.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары айдың бірінші немесе екінші жартысының кейбір күндерінде ұсынылмаған немесе толық тиелмеген жүктерді осы айдың қалған күндерінде толықтыруға міндетті.

113. Төте аралас қатынас жолдарда тасығанда жоғалудан, кемуден, бұзылудан және зақымданудан сақтау үшін ыдыстарға салуды қажет ететін, жүктер аударған кезде және жолда автомобильдерде, вагондарда, кемелерде және басқа транспорт құралдарында сақталуын қамтамасыз ететін жөнді ыдыстарға салып тапсырылуы керек.

Төте аралас қатынас жолдарымен тасылатын жүктерді ораудың ережелері мемлекеттік стандарттарда қаралуға тиіс.

114. Құйып тасылатын жүктер, су жолымен сал арқылы ағызылатын ағаш, сондай-ақ жарылғыш және күшті әсер ететін улы заттар төте аралас қатынас жолдарымен тасуға қабылданбайды.

Төте аралас жолдармен тасуға қабылданатын тез бұзылатын, хауіпті, отқа жанғыш жүктердің, жүк жөнелтушілердің немесе жүк қабылдаушылардың адамы алып жүруді қажет ететін жүктердің тізбегін, сондай-ақ төте аралас қатынас жолдарымен бос тиелген ағаш жүктерін тасудың ережелерін тиісті транспорт министрліктері мен ведомстволары бірлесе отырып белгілейді.

115. Төте аралас қатынас жолдармен тасылатын жүктер олар аударылған пункттерде автомобиль транспортынан темір жол, су жолы және әуе жолы транспорттарына берілерде немесе, керісінше, темір жолдан, порттардан (пристаньдардан) және аэропорттардан жүк қабылдаушыға берілерде екі жақтың талап етуімен таразыда өлшенеді.

Тасымалдауға стандарт салмағымен немесе жүк жөнелтуші әрбір жүк орнына көрсеткен салмағымен қабылданған және аударылатын пунктке ыдысы бүтін жеткізілген ыдысқа салынған және бөлшек жүктер транспорттың бір түрінен екінші түріне өлшенбестен беріледі, жүк қабылдаушыға да жүктер тағайындалған пункттерде орын саны бойынша осы тәртіппен тапсырылады.

116. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің, Қатынас жолдары министрлігінің, Теңіз флоты министрлігінің, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының және басқа одақтық республикалардың автомобиль және өзен транспорты басқармасы органдарының контейнерлерімен төте аралас қатынас жолдарда жүк тасу тиісті транспорт министрліктері мен ведомстволары белгілейтін пункттер арасында жүзеге асырылады.

Контейнерлермен жүк тасудың ережелерін және контейнерлердің айналымын тиісті транспорт министрліктері мен ведомстволары бірлесе отырып белгілейді.

Контейнерлерді белгіленген мерзімдерден артық ұстағаны үшін пароходстволар, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, темір жолдар брутто салмағы 5 тоннадан асатын контейнерлерді кідірткен әр тәулік үшін 2 сом мөлшерінде, брутто салмағы 5 тонна және одан кем контейнерлерді кідірткен әр тәулік үшін 30 тиын мөлшерінде штраф төлейді.

117. Жүк аудару жұмысын мыналар орындайды:

а) вагондардан және қоймалардан автомобильдерге, сондай-ақ автомобильдерден вагондарға және қоймаларға — темір жолдар;

б) кемелерден және қоймалардан автомобильдерге, сондай-ақ автомобильдерден кемелерге және қоймаларға — порттар (пристаньдар);

в) самолеттерден және қоймалардан автомобильдерге, сондай-ақ автомобильдерден самолеттерге және қоймаларға — аэропорттар.

118. Жүк аудару пункттерінің жұмыс ережелері автотранспорт кәсіпорнының немесе ұйымының темір жолмен, пароходствомен (портпен) және аэропортпен үш жылға жасайтын тораптық келісімімен белгіленеді.

Тораптық келісімді әзірлеу және оны жасау тәртіптері төте аралас қатынас жолдармен жүк тасу ережелерімен белгіленеді.

Тораптық келісімнен туған таластарды ведомстволар тұрған жердегі мемлекеттік арбитраждар қарайды.

119. Автотранспорт кәсіпорынының немесе ұйымының басшысы, станцияның бастығы, порттың (пристаньның) бастығы өзара келісе отырып, автомобильдер мен вагондар беруді жиілете алады және жүк аударудың тәуліктік нормасынан асатын жүк ұсына алады.

120. Жүк жеткізу мерзімдері оларды автомобильмен және транспорттың басқа да түрлерімен жеткізу мерзімдерінің жиынтығы бойынша анықталады және жүк жеткізу мерзімдерін есептеудің транспорттың осы түрлеріне қолданылып жүрген ережелері негізінде есептеледі.

121. Автотранспорт кәсіпорындарының немесе ұйымдарының темір жолмен, пароходстволармен төте аралас қатынас жолдарда жүк тасығаны жөнінде есеп айырысуы былай жүргізіледі:

тасымал документтеріне енгізілген төлемдер мен жинақтар бойынша,— акцептісіз тәртіппен;

басқа барлық жинақтар мен штрафтар жөнінде, акцепті тәртіппен жалпы негіздегі счеттар бойынша.

Төте аралас автомобиль-темір жол қатынасы бойынша тасылған жүктің тасымал ақысы мынадай тәртіппен өндіріледі:

а) автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарынан жөнелту пунктінде жөнелткенде — автомобиль жолының бүкіл бойы үшін және тағайындалған пунктте — темір жолдың бүкіл бойы үшін;

б) темір жолдан жөнелту станцияларында — тасымалға қатысатын барлық темір жолдардың бүкіл бойы үшін және тағайындалған пунктте — автомобиль жолының бүкіл бойы үшін.

Автотранспорт кәсіпорындарына немесе ұйымдарына тиісті тасымал ақысы мен басқа төлемдер тасымал документтеріне енгізілмейді, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының счеттары бойынша жүк жөнелтушілерден немесе жүк қабылдаушылардан тікелей өндіріледі.

Порттардан (пристаньдардан) станцияларға немесе одан кейін автомобиль транспортымен аударма жүктерді тасу ақысы темір жолға тиісті төлемдер сомасына қосылады, ал бұл тасымал үшін автотранспорттың кәсіпорындарымен немесе ұйымдарымен темір жол есеп айырысады.

Төте аралас автомобиль, автомобиль — әуе және автомобиль-су-әуе қатынас жолдарымен жүк тасығанда оның төлемі осы Уставтың 109-статьясына сәйкес бекітілетін төте аралас қатынас жолдармен жүк тасу ережелерінде белгіленетін тәртіп бойынша өндіріледі.

122. Жүк аударудың жоспарлы нормасының орындалу есебі автомобиль транспортынан транспорттың басқа түрлеріне берілетін жүктер бойынша және транспорттың басқа түрінен автомобиль транспортына берілетін жүктер бойынша бөлек жүргізіліп отырады.

Есеп карточкаларының үлгілерін және оларды толтыру тәртіптерін тиісті транспорт министрлігі мен ведомстволар бірлесе отырып белгілейді.

123. Жүк аудару жоспарын орындамаса автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, темір жолдар, транспорттың басқа түрлерінің кәсіпорындары материалдық жағынан жауапты болады.

Автотранспорт кәсіпорыны мен ұйымы жүк тасып әкетудің және оларды аударуға ұсынудың тәуліктік нормасын орындамаса оған жауапты болады.

Автотранспорт кәсіпорыны мен ұйымы, темір жолдар және транспорттың басқа түрлерінің кәсіпорыны кейбір күндері жүк аударудың

орташа тәуліктік нормасын орындамаса, мынадай жағдайда жауаптылықтан құтылады:

а) айдың алғашқы күндері жүк аударуды жиілету нәтижесінде жүк аударудың тиісті нормасын асыра орындаса;

б) айдың осы жартысының кейбір күндерінде жүк аудару жоспары бойынша жүктің толық тиелмей қалған олқылығын немесе вагон берілмей қалғанын айдың бірінші немесе тиісінше екінші жартысында толықтырса.

124. Төте аралас қатынас жолымен жүк тасу жоспарын орындамағаны үшін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, темір жол, порттар (пристань) және аэропорттар тонна жүкке 10 тиынға дейін штраф төлейді.

125. Жүктің сақталуына жүк нақты өткізілгенге дейін — беруші жақ, ал нақты өткізілгеннен кейін — қабылдаушы жақ жауапты болады.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, темір жолдың пароходстволар мен аэропорттардың және транспорттың басқа түрлері кәсіпорындарының төте аралас қатынас жолдармен тасуға қабылданған жүктерді сақтауға жауапкершілігі транспорттың тиісті түріне қолданылып жүрген Уставтарда (кодексте, ережелерде) белгіленеді.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, темір жолдың, пароходстволар мен аэропорттардың жүктің жоғалуына, кемуіне, бұзылуына немесе зақымдануына кінәлы екені анықталса, тиісті автотранспорт кәсіпорыны мен ұйымы, темір жол, пароходство мен аэропорт жауапты болады.

126. Автомобиль транспорты кәсіпорыны мен ұйымы, темір жолдар, порттар (пристаньдар) және аэропорттар жүк аудару пункттерінде жүк тиеуге немесе жүк түсіруге берілген автомобильдерді, вагондарды, кемелерді және самолеттерді белгіленген мерзімнен нормативінен артық (қарап тұру), кідіртсе, автомобиль транспортымен жүк тасудың Бірыңғай тарифында, тиісті транспорт түрлерінде қолданылып жүрген ережелерде, тарифтік нұсқауларда белгіленген тәртіптер мен мөлшерде өзара материалдық жағынан жауапты болады.

IX бөлім

КӨПШІЛІК ПАЙДАЛАНАТЫН АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫ КӨРСЕТЕТІН ТРАНСПОРТТЫҚ-ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

127. Жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының кәсіпорындары мен ұйымдары жүктерді тікелей автомобиль қатынасымен де, аралас автомобиль-темір жол, автомобиль-су, автомобиль-авиация қатынасымен де жеткізіп беретін жағдайда кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар және халық үшін тасымалдауға байланысты операциялар мен қызметтерді (транспорт-экспедициялық операциялар мен қызметтерді) орындайды.

Халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері халыққа транспорттық-экспедициялық қызмет көрсететін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына олардың өндірістік қызметі үшін қажетті үйлер, қойма және басқа орындар бөлуге, сондай-ақ ол кәсіпорындарын телефон байланысымен қамтамасыз етуге міндетті.

128. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдары жүзеге асыратын транспорттық-экспедициялық опе-

рациялар мен қызметтердің тізбегі және ол операциялар мен қызметтерді жүзеге асырудың тәртіптері осы Уставтың 13-статьясының «а» және «г» тармақтарында қаралған ережелерде белгіленеді.

X бөлім

АВТОТРАНСПОРТ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ, ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРДІҢ, ЖҮК ҚАБЫЛДАУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ТРАНСПОРТТЫҚ-ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ЖӘНЕ ПРОКАТҚА БЕРІЛГЕН АВТОМОБИЛЬДЕРМЕН ПАЙДАЛАНАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, АКТІЛЕР, ПРЕТЕНЗИЯЛАР МЕН ТАЛАПТАР

Жалпы ережелер

129. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, жүк жөнелтушілер, жүк қабылдаушылар және жолаушылар, сондай-ақ транспорттық-экспедициялық қызметпен, прокатқа берілген автомобильдермен пайдаланатын азаматтар жүк, жолаушы және багаж тасудан және прокатқа автомобиль пайдаланудан туатын өз міндеттерін бұзса осы уставтың негізінде материалдық жауапты болады.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының жүк жөнелтушілермен, жүк қабылдаушылармен, сондай-ақ транспорттық-экспедициялық қызметпен және прокатқа берілген автомобильдермен пайдаланатын азаматтармен жасаған, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарына, жүк жөнелтушілерге, жүк қабылдаушыларға және жолаушыларға, сондай-ақ транспорттық-экспедициялық қызметтермен, прокатқа берілген автомобильдермен пайдаланатын азаматтарға жүктелетін жауапкершілікті өзгерту немесе жою мақсатын көздейтін барлық келісімдері заңсыз деп, және бұл туралы жол листогіне, товар-транспорт және басқа документтерге қойылған осы Уставта және Ережелерде қаралмаған белгілердің барлығы күші жоқ деп саналады.

129[1]. Шарт немесе бір жолғы заказ бойынша орындауға қабылданған транспорт-экспедициялық операциялар мен қызметтерді атқармағаны үшін автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүк жөнелтушіге (жүк алушыға), сондай-ақ азаматқа орындалмаған транспорт-экспедициялық операциялар мен қызметтер құнының 20 проценті мөлшерде штраф төлейді.

Тасымал жоспарын және орындауға қабылданған біржолғы заказдарды орындамағаны, жүк жеткізудің кешіктірілгені және тасылатын жүктер мен багаждың сақталмағаны үшін жауапкершілік

130. Тасымал жоспарын және орындауға қабылданған біржолғы заказдарды орындамағаны үшін автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар өзара материалдық жауапты болады.

Жүк тасудың шартта белгіленген айлық көлемін немесе орындауға қабылданған біржолғы заказды орындамағаны үшін кінәлы жақ ұсынылмаған немесе белгіленген мерзімде тасылмай қалған жүктің тасымал ақысының 20 проценті мөлшерінде штраф төлейді, ал осы жүктің шартта (заказ бойынша) белгіленген тасу қашықтығына төленеді.

Ұсынылмаған немесе тасылмаған жүктің тасымал ақысы тариф бойынша және тасымалдың орташа қашықтығына қарай белгіленеді.

Автомобиль қатынасымен тікелей баратын контейнерлердегі жүк-

терді тасымалдаудың орташа тәуліктік жоспарды немесе келісілген нормасын орындамағаны үшін, сондай-ақ тасымалдау жоспарын орындауға контейнерлерді автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы бермегені үшін, берілген контейнерлерді жүк жөнелтуші пайдаланбағаны үшін немесе жоспарда көзделген контейнерлерден бас тартқаны үшін айыпты жақ мынадай мөлшерде штраф төлейді:

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 10 сом;

брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 5 сом;

брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 3 сом;

брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін 1 сом 50 тиын.

Жүк жөнелтуші бағыттар бойынша тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін мынадай мөлшерде штраф төлейді:

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 3 сом;

брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 2 сом;

брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 1 сом;

брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін 50 тиын.

Тасымал жоспарының орындалуы есеп карточкасында жазылып отырады, оған автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы және жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) қол қояды.

Есеп карточкасының үлгісін және оны толтыру ережесін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бекітеді.

Айдың аяғында, бірақ келесі айдың 10-нан кешікпей, автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүк жөнелтушіге (жүк қабылдаушыға) тасымал жоспарын орындамағаны үшін автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына және жүк жөнелтушіге (жүк қабылдаушыға) тиісті штраф сомасы туралы есеп айырысуды хабарлайды.

Автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына және жүк жөнелтушіге (жүк қабылдаушыға) тиісті штраф сомасы бес күн мерзім ішінде төленуге жатады.

Темір жол станциясына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға жүкті орталықтандырып тасығанда (тасып әкеткенде) автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, темір жолдар, порттар (пристаньдар) және аэропорттар өзара келісілген тасымалдың тәуліктік көлемін орындамағаны үшін Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға жүкті орталықтандырылып тасу (тасып әкету) ережелерінде қаралған тәртіп пен мөлшерде өзара материалдық жауапты болады.

131. Жұмысына кесімді немесе айрықша тарифтер бойынша ақы төленетін автомобильдерді алғашқы жүк тиеу пунктіне келісілген уақытында бермегені үшін автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы кешіктірген әрбір минутына 8 тиын мөлшерінде, бірақ тасымал жоспарын орындамағаны үшін санкцияларды қоспағанда автомобильдерді дер кезінде бермеген әрбір ретте 5 сомнан асырмай (ал тез бұзылатын жүктерді тасымалдаған жағдайда — шек қоймай) жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) штраф төлейді.

Жүк тиеу үшін автомобиль жүк жөнелтушінің (жүк алушының) кінәсынан дер кезінде берілмеген реттерде ол нақ осындай материалдық жауап береді.

132. Автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жұмысына мерзімді тариф бойынша ақы төленетін жүк автомобильдері мен автобустарды шартпен немесе орындауға қабылданған бір жолғы заказбен көзделген мөлшерде бермеген немесе бұл автомобильдер мен автобустарды кешіктіріп берген жағдайда автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы, шартта немесе заказда көрсетілген пайдалану уақытына сүйене отырып, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға), сондай-ақ автобустарға заказ

беруші кәсіпорынға немесе ұйымға жүк автомобильдері мен автобустарды пайдалану құнының 20 процентін төлейді.

Жүк жөнелтуші (жүк алушы), сондай-ақ автобустарға заказ беруші кәсіпорын немесе ұйым жұмысына мерзімді тариф бойынша ақы төленетін жүк автомобильдері мен автобустарын шартта немесе орындауға қабылданған бір жолғы заказда көрсетілген мөлшерде пайдаланудан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда жүк жөнелтуші (жүк алушы), сондай-ақ автобустарға заказ беруші кәсіпорын немесе ұйым, шартта немесе заказда көрсетілген пайдалану уақытына сүйене отырып, автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына жүк автомобильдері мен автобустарды пайдалану құнының 20 процентін төлейді.

133. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары және жүк жөнелтушілер тасымал жоспарын немесе орындауға қабылданған біржолғы заказдарды орындамағаны үшін, автомобильдер (автопоездар) бермегені немесе автомобильдер беруді кешіктіргені үшін және жүк жеткізу мерзімін сақтамағаны үшін мынадай жағдайларда штраф төлеуден босатылады;

а) стихиялық сипатты құбылыстарда (жолды қар, топырақ басу, су тасқыны, өрт, тағы сондайлар);

б) кәсіпорында авария болып, соның салдарынан жөнелтілетін жүк шығаратын кәсіпорынның немесе цехтың жұмысы кем дегенде үш тәулікке тоқтап қалса;

в) автомобиль жолдарымен жүк тасу осы Уставтың 20-статьясында белгіленген тәртіпке сай уақытша тоқтатылса немесе шек қойылса.

134. Автомобиль транспортымен жүк тасудың жылдық шартын жасау мерзімін өткізіп алса немесе оны жасаудан дәлелсіз жалтарса, кінәлы жақ екінші жаққа босқа өткізілген әрбір күн үшін 50 сом мөлшерінде, бірақ 500 сомнан аспайтындай штраф төлейді.

135. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүкті тасуға қабылданғаннан бастап, оларды жүк қабылдаушыға бергенге дейін немесе Ережелерге сәйкес басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге өткізгенге дейін, егер жүктің жоғалуы, кем шығуы, бұзылуы немесе зақымдануы төмендегідей жағдайлардан болғанын, оны жою транспорт ұйымдарының қолынан келмегенін және оларды жою транспорт кәсіпорындарына байланысты емес екенін дәлелдей алмаса, атап айтқанда, жүктің жоғалуы, кем шығуы, бұзылуы, зақымдануы төмендегідей жағдайдың салдарынан болса, жүктердің сақталуына жауапты болады:

а) жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының) кінәсынан;

б) тасылған жүктің өзіне тән ерекше табиғи қасиетінен;

в) ыдыс немесе оралған жүкті тасуға қабылдау кезінде сырт қарағанда байқау мүмкін емес кемшілігінен, немесе жүктің өзіне тән қасиетіне лайықсыз немесе белгіленген стандартқа сай емес ыдыстарды пайдаланудан, ыдыстардың жолда зақымданған ізі байқалмаса да;

г) жүк тасуға берілгенде оның ерекше жағдай талап ететін өзіне тән ерекшелігі, сондай-ақ тасу немесе сақтау кезінде жүкті аман сақтау үшін сақтық шараларын қолданудың қажеттігі товар-транспорт документтерінде көрсетілмей берілсе;

д) тасуға ылғалдылығы немесе температурасы белгіленген нормаға сай келмейтін жүктер өткізілсе.

136. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүктің жоғалғаны, кем шыққаны, бұзылғаны немесе зақымданғаны үшін мынадай жағдайларда жауаптылықтан құтылады:

а) жүк жөнді автомобильде (контейнерде) жүк жөнелтушінің пломбасы бұзылмай келсе, ал бөлшек жүктер: қорғаныш маркировкасымен,

бандеролімен жүк жөнелтуші немесе жүк дайындаушы қойған пломбасымен келсе;

б) жүктің кем шығуы, бұзылуы немесе зақымдануы үсті ашық жылжымалы құрамда тасуға байланысты табиғи себептерден болса;

в) жүк жөнелтушінің (жүк қабылдаушының)-экспедиторының алып жүруімен тасылған жүк болса;

г) жүктің кем шығуы табиғи кемитін нормадан аспайтын болса.

Бұл айтылған жағдайларда, егер претензия қоюшы жүктердің жоғалуы, кем шығуы, бұзылуы немесе зақымдануы автотранспорт кәсіпорындарының немесе ұйымдарының кінәсынан болғанын дәлелдесе, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жауапты болады.

137. Егер транспортқа бос төгіліп, үйіліп немесе құйылып тиелген әр түрлі товар-транспорт накладнойы бойынша бір жүк жөнелтушіден бір ғана жүк қабылдаушының адресіне тасылатын біртектес жүктер тасымал процесі кезінде кемісе, оның табиғи кемуі жол бойында кеміген барлық жүктің жалпы салмағымен есептеледі.

Транспортқа бос төгіліп, үйіліп немесе құйылып тиелген, жол бойында түсірілген және қайта тиелген, бір жүк жөнелтуші бір ғана жүк қабылдаушының адресіне жіберген жүктер жолшыбай кемігені байқалмай, жөнді жылжымалы құрамда келіп жетсе, ол жүктердің кем немесе артық шығуы жүк қабылдаушыға тапсырар кезде барлық жүкті тексеру нәтижесіне қарай анықталады.

138. Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары жүк тасу кезінде келтірілген зиянды мынадай мөлшерде төлейді:

а) жүктің жоғалғаны немесе кем шыққаны үшін — жоғалған немесе кем шыққан жүктің нақты құны мөлшерінде;

б) жүктің бұзылғаны немесе зақымданғаны үшін — оның құны қанша кемісе сол сома мөлшерінде;

в) тасуға құны көрсетіліп тапсырылған жүктің жоғалғаны үшін — сол көрсетілген құн мөлшерінде, егер ол көрсетілген құн жүктің нақты құнынан төмен екенін дәлелдей алмаса.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары тасылған жүктің жоғалуына, кем шығуына, бұзылуына немесе зақымдануына байланысты келтірілген зиянды төлеумен қатар, жоғалған, кем шыққан, бұзылған немесе зақымданған жүктер үшін алынған тасымал ақысында да (егер ол жүктердің бағасына кірмейтін болса) Ережелермен белгіленген тәртіп бойынша қайтарады.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары тасуға қабылданған қандай болса да жүкті өз қажетіне пайдаланған жағдайда, бұған кінәлы адам белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады, ал автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүктің құнын екі есе мөлшерде қайтарады.

139. Жүктің құны жүк жөнелтушінің счетында көрсетілген жалпы сомаға қарай анықталады.

Автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары талап ету (претензиялар) бойынша жүк жөнелтушіге (жүк қабылдаушыға) жоғалған, кем шыққан, бұзылған немесе зақымданған жүктердің құнын жүк жөнелтушінің счеты бойынша қайтарады, ал есеп айырысу банк арқылы жүргізілмейтін жағдайларда,— счеттың орнына жүретін басқа документ негізінде қайтарады. Егер жоғалған, кем шыққан, бұзылған немесе зақымданған жүктер бойынша жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) айналым салығын төлеуге міндетті болып, ал жүк жөнелтушінің счеты салық қосылмаған баға бойынша жазылған болса, претензия қоюшының счетындағы сомаға финанс органының анықтамасы бойынша анықталған айналым салығының тиісті сомасы қосылады.

Жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушы арасындағы есеп айырысу айналым салығынсыз бағамен жүргізілетін, ал жүк сатылғаннан кейін бюджетке айналым салығы төленетін ішкі системалық жүктер тасылғанда, жүк жөнелтуші финанс органының анықтамасы орнына өнеркәсіптің айналым салығы бірге көрсетілген көтерме баға прейскурантынан көшірме қоса алады.

Азаматтардың қарауындағы жүктердің құны сол жердегі және жүктің тапсырылатын уақытында қолданылып отырған мемлекеттік бөлшек сауда бағасы бойынша анықталады.

140. Қалааралық тасымал бойынша жүк жеткізу кешіктірілсе автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы, егер кешігу өздерінің кінәсынан болмағанын дәлелдей алмаса, жүк қабылдаушыларға кешіктірілген әрбір тәулікке тасымал ақысының 12 проценті мөлшерінде, ал шұғыл заказдар бойынша — 20 проценті мөлшерінде штраф төлейді.

Жүк жеткізудің кешіктірілгені жөніндегі штрафтың жалпы сомасы тасымал ақысының 60 процентінен аспауға тиіс.

141. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жүктің жоғалуы, кем шығуы, бұзылуы немесе зақымдануы, сондай-ақ кешіктірілуі өздерінің кінәсынан болмағанын дәлелдей алмаса, тасуға қабылданған жүктердің жоғалуына, кем шығуына, бұзылуына немесе зақымдануына, сондай-ақ кешіктіріліп жеткізілуіне материалдық жауапты болады.

Багаждың жоғалуына немесе кем шығуына автотранспорт кәсіпорындары немесе ұйымдары мынадай мөлшерде жауапты болады:

а) тасуға бағасы көрсетіліп тапсырылған багаждың сол көрсетілген бағасы мөлшерінде, егер ол багаждың нақты құнынан кем екенін дәлелдей алмаса;

б) тасуға бағасы көрсетілмей қабылданған багаж үшін,— жоғалған багаждың немесе оның жетіспейтін бөлегінің құны мөлшерінде. Егер багаждың құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайларда, автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы тарифта көрсетілген мөлшерде жауапты болады.

Багаждың бұзылғаны немесе зақымданғаны үшін оның құны қанша сомаға кемісе, автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы сонша төлейді.

Багаждың кешіктіріліп жеткізілгені үшін автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы кешіктірілген әрбір тәулікке тасымал ақысының 10 проценті мөлшерінде, бірақ тасымал ақысының 50 процентінен аспайтындай мөлшерінде, штраф төлейді, мұнда толық емес тәулік толық тәулікке саналады.

Багаж жеткізу мерзімінің өткізілуі ол келуге тиісті күнгі 24 сағаттан бастап саналады.

Багаж жеткізудің кешіктірілгені үшін штрафты автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы багажды тапсырарда жолаушының талап етуімен жасалған акт бойынша төлейді.

Жолаушының өзімен бірге алып жүретін жүктердің тұтастығына және сақталуына қамқорлық жасау жолаушының өз міндетіне жатады.

142. Жүк жөнелтуші және жүк қабылдаушы, егер жүк қаладағы және қала маңындағы тасымалда тасуға қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде, қалааралық тасымалда жеткізу мерзімінен 30 күн өткеннен кейін, ал тура аралас қатынас жолдарымен тасығанда — оны тасуға қабылдаған күннен бастап төрт ай өткеннен кейін жүк қабылдаушының талап етуі бойынша қолына берілмесе оны жоғалған деп санауға және жоғалған жүкті төлеуді талап етуге праволы.

Жолаушы, егер багажы тағайындалған пунктке жеткізу мерзімі өт-

кеннен кейін 10 тәулік ішінде келмесе, багажды жоғалды деп санауға және құнын талап етуге праволы.

143. Егер жоғалған немесе кем шыққан және ол үшін автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы тиісті құнын төлеген жүк немесе багаж кейіннен табылса, жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) жүктің немесе багаждың жоғалғаны немесе кем шыққаны үшін алған төлемді қайтара отырып, жүктің немесе багаждың оған берілуін талап етуге праволы.

Жылжымалы құрамның бос тұрып қалғандағы және тасымал шарттарын орындамағаны үшін жауапкершілік

144. Жүк тиеу немесе жүк түсіру үшін берілген автомобильдер (автопоездар) жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының кінәсынан белгіленген мерзімдерден тыс (бос тұрып қалуы) кідіртілгені үшін жүк жөнелтуші немесе жүк алушы автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына автомобильдің (автопоездың) бос тұрып қалған әрбір минуты үшін жүк көтергіштігі:

4 тоннаға дейін қоса алғанда — 8 тиын мөлшерінде;

4 тоннадан астам және 7 тоннаға дейін қоса алғанда — 9 тиын мөлшерінде;

7 тоннадан астам және 10 тоннаға дейін қоса алғанда — 10 тиын мөлшерінде;

10 тоннадан астам болса —15 тиын мөлшерінде штраф төлейді.

Мамандандырылған автомобильдер (рефрижераторлар, изотермикалық автомобильдер, автоцистерналар мен түрлі мақсаттағы автофургондар) бос тұрып қалған жағдайда штраф мөлшері екі есе арттырылады.

Жүк тиеу немесе жүк түсіру үшін автомобиль (автопоезд) берілуі мүмкін уақыт шартпен немесе жүктерді автомобиль транспортымен тасымалдауға арналып берілген бір жолғы заказбен анықталады.

Автомобильдердің бос тұрғызылғаны үшін штраф тасымал жоспарын орындамағаны үшін төленетін штрафқа қарамастан өндіріледі.

Автомобильдердің бос тұрып қалғаны үшін штраф салуға автомобильдердің келген және кеткен уақыты туралы товар-транспорт документтеріне және жол листогіне қойылған белгілер, ал автомобильдер гаражда бос тұрып қалса — жүк жөнелтушінің немесе жүк қабылдаушының жазбаша түрде бастартуы негіз болады.

Жүк тиеуді бір сағат күткеннен кейін автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жылжымалы құрамды гаражға қайтаруға немесе басқа тасымалға пайдалануға праволы. Мұндай жағдайда жүк тасу болмады деп саналады да, бос тұрушылыққа штраф есептеу тоқтатылады және жүк тасу жоспарының орындалмауына автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жауапты болмайды.

Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жүк тиеу пунктіне бірінші рет барғанда автомобильдерді келісілген мерзімнен 30 минуттан аса кешіктіріп берсе, жүк жөнелтушіден (жүк қабылдаушыдан) транспорттың бос тұрғаны үшін штраф өндіруге правосы болмайды.

145. Контейнерлерді белгіленген мерзімдерден артық ұстағаны үшін жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушы мынадай мөлшерде штраф төлейді:

брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін сағатына 30 тиын;

брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін сағатына 20 тиын;

брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін сағатына 10 тиын;

брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін сағатына 5 тиын.

Брутто салмағы 10 тонна контейнерді техникалық нормасына немесе толық жүк көтеруіне (сыйымдылығына) дейін жүкпен толтырғаны үшін жүк жөнелтуші автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына жүктерді тасымалдауға тарифтерде көзделген мөлшерде штраф төлейді. Егер жүк жөнелтуші контейнерді жүкпен толтырса, штраф өндіріліп алынбайды.

Контейнерлерді кешіктіргені үшін айып контейнерлермен жүк тасу жоспарын орындамағаны үшін төленетін штрафқа қарамастан өндіріледі.

146. Жылжымалы құрамның қарап тұрып қалуы немесе контейнерлерді кешіктіру стихиялық жағдайдағы себептерден (жолдарды қар басу, су тасқыны, өрт, т. б.) немесе кәсіпорнында авария болып, соның салдарынан қолданылып жүрген ережелерге сәйкес жүк тасу-түсіру жұмыстарына тыйым салынатын жағдайлардан болса, жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы штраф төлеуден босатылады.

147. Егер жүк жөнелтуші заявкада немесе біржолғы заказда қаралмаған жүктерді тасуға немесе оларды басқа пунктке тасуды ұсынса, автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы ол жүктерді тасудан бастартуға, автомобильдердің онда бару және қайту шығынын тариф бойынша өндіруге праволы.

148. Товар-транспорт документтерінде жүктің аты дұрыс көрсетілмегені үшін жүк жөнелтуші немесе жүк алушы әрбір товар-транспорт документіне немесе жол қағазына 7 сом мөлшерінде штраф төлейді.

Тасымалдауға тыйым салынған жүкті немесе тасымалдау кезінде айрықша сақтық жасау шараларын талап ететін жүкті оның атын немесе қасиетін дұрыс көрсетпей бергені үшін жүк жөнелтушіден автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына келтірілген зиянға қоса тасымалдың бүкіл қашықтығына ең жоғары тариф бойынша тасымал ақысының бес есесі мөлшерінде штраф алынады.

Жүк өз иесінен басқаға негізсіз берілген ретте автотранспорт кәсіпорны немесе ұйымы жүк жөнелтушіге немесе жүк алушыға — жүктің иесіне аталған жүктің құнына қоса 25 сом мөлшерінде штраф төлейді.

149. Товар-транспорт документін, сондай-ақ жол листогін толтырудан бас тартса немесе теріс толтырса, жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы әрбір товар-транспорт документі немесе жол листогі үшін талассыз 7 сом штраф төлейді.

150. Темір жол станциялары, порттар (пристаньдар) және аэропорттар автомобильдердің бос тұрып қалғандығы үшін және товар-транспорт документтерін толтырудан бас тартқандығы немесе толтырғандығы жөнінде осы Уставтың жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар үшін қаралған 144-статьясы және 149-статьясы бойынша жауапты болады.

151. Товар-транспорт накладнойына таможнялық, санитарлық және басқа әкімшілік ережелерді орындауға қажетті документтер тіркемеудің салдарынан жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы автомобильдерді және контейнерлерді кешіктірсе, осы Уставтың 144 және 145-статьяларында белгіленген мөлшерде штраф төлейді және осы себептен автотранспорт кәсіпорнының немесе ұйымының шеккен зиянын да төлейді.

152. Осы Уставтың 144, 145, 149 және 151-статьяларында белгіленген штрафтар кредит мекемелері арқылы даусыз (акцептісіз-ақ) өндіріледі.

153. Тасуға берілген багаждардың ішінде багажбен тасуға тыйым

салынған заттар анықталса, багаж несі оның әрқайсысына тарифта белгіленген мөлшерде штраф төлейді.

154. Жүк жөнелтуші және жүк қабылдаушы, өздерінің кінәсынан жүк артық тиелсе, жүкті тиеу, түсіру кезінде оларды дұрыс тиемеу, дұрыс орамау немесе дұрыс бекітпеу салдарынан жылжымалы құрам зақымданса, бұдан автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына келтірілген зиянды төлеуге міндетті.

Жүк қабылдаушы автотранспорт кәсіпорнынан немесе ұйымынан орталықтандырылып тасымалдау кезінде темір жол станциясынан, порттардан (пристаньнан) және аэропорттардан жеткізілген жүктерді тиісті транспорт орындарының Уставында (кодекстерде) белгіленген немесе соның негізінде шығарылған ережелерде белгіленген мерзімдерде қабылдап алмаса, бұған байланысты автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына келтірілген зиянды, соның ішінде жүкті сақтау алымы мен штрафтарды да төлейді.

155. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары, жүк жөнелтушілер, жүк қабылдаушылар және жолаушылар осы Уставтан туатын міндеттерін орындамаса немесе толық орындамаса, осы Уставтың тиісті статьяларында, Ережелерде және қолданылып жүрген тарифтарда қаралған шеңберде материалдық жауапты болады.

Транспорт-экспедиция қызметімен және прокатқа берілген жеңіл автомобильдермен пайдаланатын азаматтардың жауапкершілігі

156. Прокатқа автомобиль алған адам оны алған сәттен бастап автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына қайтарғанға дейін автомобильдің несі болып саналады және автомобильді пайдалану кезінде оған зиян келтірсе азаматтық заңдарға сәйкес үшінші адам алдында материалдық жағынан жауапты болады.

157. Автомобильдің зақымданғаны үшін оны прокатқа алған адамнан автотранспорт кәсіпорынына немесе ұйымына келтірілген зиян өндіріледі. Зиянның сомасы автомобильді жөндеу құнына қарай немесе автомобильдің және оның запас бөлшектерінің бөлшек сауда бағасымен есептеледі.

158. Автомобильді прокатқа алған адам автомобильдің бүтін бөлшектерін, тораптарын және автомашинаның өзін жоғалтса немесе бүтін емес, немесе тозған бөлшектермен ауыстырса, ол адамнан жоғалған немесе ауыстырылған бөлшектердің құны бөлшек сауда бағасымен үш есе мөлшерде өндіріледі.

159. Прокатқа берілген автомобильді пайдаланудың тәртіптері мен шарттарын бұзған адам Қазақ ССР-інде Жеңіл автомобильдерді прокатқа берудің типтік шартында белгіленген мерзімге автомобиль пайдалану правосынан айырылады.

160. Транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетудің тәртіптері және транспорт-экспедиция кәсіпорындары мен заказ берушінің өзара материалдық жауаптылықтары Ережелерде белгіленеді.

Актілер, претензиялар, талаптар

161. Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылардың автомобильмен жүк тасу кезінде материалдық жауаптылығына негіз болатын жағдайлар товар-транспорт документтеріндегі жазулармен расталады, ал автотранспорт кәсіпорнымен немесе ұйымымен жүк жөнелтушілер (жүк қабылдаушы-

лар) арасында келіспеушілік болса — белгіленген үлгі бойынша жасалған актімен расталады.

Автотранспорт кәсіпорыны мен ұйымының және жолаушылардың автомобильмен жүк тасу кезіндегі материалдық жауапкершілігіне негіз болатын жағдайлар белгіленген үлгіде жасалған актімен расталады.

Товар-транспорт документтерінде жазылып расталуға жататын жағдайлардың тізбегі, актілердің үлгісі және оларды жасау тәртіптері Ережелермен белгіленеді.

Автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының темір жол станцияларының, порттардың (пристаньдардың) және аэропорттардың темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға орталықтандырып жүк тасығанда (тасып әкеткенде) материалдық жауапкершіліктеріне негіз болатын жағдайлар Қазақ ССР-інде автомобиль транспортымен темір жол станцияларына, порттарға (пристаньдарға) және аэропорттарға орталықтандырып жүк тасу (тасып әкету) ережелерінде белгіленген тәртіптер бойынша расталады.

162. Жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына ақы талабын қоюдан бұрын, міндетті түрде осы Уставтан туатын претензияларын айтулары керек.

Автотранспорт кәсіпорны мен ұйымына претензиялар және тиісті реттерде талап қоюға мыналардың правосы бар:

а) жүк жоғалған ретте:

жүк жөнелтушінің — жүкті тасымалдауға алғандығы жөнінде автотранспорт кәсіпорны мен ұйымының белгісі бар товарлық-транспорттық накладнойды көрсеткен жағдайда және онда жүк алушының жүкті алғаны туралы белгісі жоқ болса;

жүк алушының — жүк жөнелтуші оған аталған белгілері бар товарлық-транспорттық накладнойды, егер ол жоқ болса, жүктің құнын төлегені туралы документті жіберген ретте;

б) жүк жетіспеген, бұзылған немесе бүлінген ретте, жүк алушы — осы жағдайлар туралы жазылған товарлық-транспорттық накладнойды, сондай-ақ актіні, егер ол жасалған болса, көрсеткен жағдайда;

в) жүкті жеткізіп берудің мерзімі өтіп кеткен ретте, жүк алушы — товарлық-транспорттық накладнойды көрсеткен жағдайда.

Жүктің жоғалғаны, бұзылғаны және жетіспегені немесе бүлінгені үшін претензиялар жүктің әрбір жіберілуі бойынша жеке-жеке қойылуға тиіс.

163. Жүк тасымалдаудан туған претензиялар автотранспорттың жүкті берген кәсіпорнына немесе ұйымына, ал жүк толық жоғалған жағдайда — оны тасуға қабылдап алған автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына беріледі.

Жолаушылар немесе багаж тасымалдаудан туған претензиялар арыз етушінің қалауы бойынша автотранспорттың жүк жөнелткен немесе жүк жеткізген пунктте автотранспорттың кәсіпорнына немесе ұйымына берілуі мүмкін.

Төте аралас қатынас жолдарында жүк тасымалдаудан туған претензиялар мыналарға беріледі:

а) егер соңғы пункт жүк автостанциясы болса транспорт кәсіпорнына немесе ұйымына;

б) егер соңғы пункт темір жол станциясы, порт (пристань) немесе аэропорт болса, тиісінше сол транспорт органдарына.

164. Жүк жөнелтушілердің (жүк қабылдаушылардың) және транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының әрбір товар-транспорт доку-

менті бойынша 10 сомға жетпейтін талаптар қоюына жол берілмейді, бұған азаматтардың претензиялары кірмейді.

Автотранспорт кәсіпорындарының және ұйымдарының жүк жөнелтушілерге, жүк қабылдаушыларға, сондай-ақ жүк жөнелтушілердің, жүк қабылдаушылардың автотранспорт кәсіпорындарына және ұйымдарына біртектес талаптар бойынша (тасымал жоспарын орындамағаны, жүктің жоғалғаны, кем шыққаны немесе бұзылғаны үшін, немесе төленген штрафты қайтару туралы) өзара претензиялар, соның ішінде бір товар-транспорт документі бойынша 10 сомнан кем талаптар ұдайы болып тұрса, оларды бір айлық есеп айырысуды тексерудің нәтижесіне қарай біріктіруі және ұсынуы мүмкін.

165. Претензия және талап ету правосын басқа ұйымдарға немесе азаматтарға беруге жол берілмейді, мұндай правоны жүк жөнелтуші жүк қабылдаушыға немесе жүк қабылдаушы жүк жөнелтушіге, сондай-ақ жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы — жоғары ұйымдарға немесе транспорт-экспедиция ұйымдарына ғана бере алады.

Претензия мен талап қою правосын басқаға беру документте сол жөніндегі жазумен расталады.

166. Претензиялық арызға претензияны растайтын документтер қоса берілуі керек.

Жүктің жоғалуы, кем шығуы, бұзылуы немесе зақымдануы жөніндегі претензияға, претензия жасауға праволылығын растайтын документтермен қатар, жөнелтілген жүктің санын және құнын дәлелдейтін документтер қоса берілуі керек.

167. Автотранспорт кәсіпорнына немесе ұйымына жасалатын претензия алты ай ішінде, ал штраф төлеу жөніндегі претензия 45 күн ішінде берілуі мүмкін.

Бұл мерзімдер былай есептеп шығарылады:

а) жүктің бұзылғанын, зақымданғанын немесе жетпей қалғанын төлеу жөніндегі претензиялар бойынша — жүкті немесе багажды жеткізіп берген күннен бастап;

б) қалааралық тасымалда жоғалған жүкті төлеу жөніндегі претензиялар бойынша жүк жеткізу мерзімі өткен күннен бастап 30 тәулік ішінде және қаладағы, қала маңындағы тасымалда — багажды қабылдап алған соң 10 тәулік ішінде;

в) жоғалған багаждарды төлеу жөніндегі претензиялар бойынша — багажды жеткізу мерзімі аяқталған соң 10 тәулік өткеннен кейін;

г) жүкті немесе багажды жеткізу мерзімінің өткізілуі жөніндегі претензиялар бойынша жүкті немесе багажды берген күннен бастап;

д) төте аралас жолдардағы тасымалда жоғалған жүкті төлеу туралы туған претензиялар бойынша — жүкті тасуға қабылдаған күннен бастап 4 ай өткеннен кейін;

е) жүк тасу жөніндегі келісілген тапсырма немесе біржолғы заказ бойынша жүктердің тасып әкетілмегені үшін штраф төлеу жөніндегі претензиялар бойынша — жүк тасу жоспарының және қабылданған біржолғы заказдың орындалуы жөніндегі есеп документтеріндегі жазуларды Ережелерде белгіленген мерзімге сәйкес салыстырып тексеру аяқталған күннен бастап;

ж) автомобильдердің босқа тұрып қалғаны және контейнерлердің кешіктірілгені үшін акцептсіз ретпен өндіріп алынған штрафты қайтару жөніндегі претензия бойынша — штраф есептеу туралы автотранспорт кәсіпорынының немесе ұйымның төлем талабының (счетының) көшірмесін талап қоюшы алатын күннен бастап;

з) басқа барлық жағдайда претензия жасауға негіз болған оқиға басталған күннен бастап.

168. Автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы жасалған претензияларды олар түскен күннен бастап мынадай мерзім ішінде қарауға және оның қанағаттандырылғаны немесе қабыл алынбағаны туралы арыз иесіне хабарлауға міндетті:

а) автомобиль қатынасымен тасымалдаудан туған претензиялар бойынша — 3 ай ішінде;

б) төте аралас қатынас жолындағы тасымалдаудан туған претензиялар бойынша — 6 ай ішінде;

в) штраф төлеу жөніндегі претензиялар бойынша — 45 күн ішінде.

Претензиялар ішінара қанағаттандырылғанда немесе қабыл алынбағанда автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы бұл туралы қабылданған шешімнің дәлелдерін арыз иесіне хабарлауға және претензияға қосылып берілген документтерді қайтаруға тиіс.

Претензияның сомасы толық қанағаттандырылған жағдайда арызға қосылып берілген документтер қайтарылмайды.

169. Жүк жөнелтушілердің және жүк қабылдаушылардың осы Уставтан туатын автотранспорт кәсіпорнына қоятын немесе ұйымына талабы автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы олардың претензиясын қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартса немесе осы Уставтың 168-статьясында көрсетілген уақыттың ішінде олардан жауап алынбаса берілуі мүмкін.

Бұл көрсетілген талаптар автотранспорт кәсіпорнынан немесе ұйымынан жауап алынған күннен бастап екі ай мерзімде немесе жауап сәйкес беру үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап ведомствоға бағыныштылығы мен олардың ісінің қарауына талап қойылған автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы тұрған жердегі арбитраж немесе сот орындарына беріледі.

Претензиялар және талаптар қою уақытын есептегенде документтерді (претензияларды, претензияға жауаптарды) байланыс органдарының жеткізуіне кететін уақыттар ескерілуі тиіс.

Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындарына және ұйымдарына қойылған 100 сомға дейінгі претензияны белгіленген тәртіп бойынша жауапкер бағынатын жоғары орган шешеді.

170. Автотранспорт кәсіпорындарының және ұйымдарының жүк жөнелтушілерге, жүк қабылдаушыларға және жолаушыларға қоятын, осы Уставтан туатын талаптары алты ай ішінде олардың ісі қаралатын арбитражға немесе сотқа берілуі мүмкін.

Көрсетілген алты ай мерзім былай есептеп шығарылады:

а) келісілген тапсырмада немесе біржолғы заказда көрсетілген жүктерді тасуға ұсынбағаны үшін штраф өндіру жөнінде — жоспардың және біржолғы заказдың орындалуы жөнінде есеп документтеріндегі жазуларды тексерудің Ережелерде белгіленген мерзімі аяқталған күннен бастап;

б) басқа барлық жағдайларда — талап қоюға негіз болған оқиға басталған күннен бастап.

171. Автотранспорт кәсіпорындарының, ұйымдарының және азаматтардың прокатқа автомобиль пайдаланудан туған талаптары талап қоюға негіз болған оқиға басталған күннен бастап 3 жыл ішінде бұл іс қарауына жататын сот орындарына берілуі мүмкін.

172. Претензияның қабылданған сомасына немесе арбитраждың не сот орындарының шешімі бойынша төленетін сомаға автотранспорт кәсіпорындары және ұйымдары жылдық 3 процент төлейді.

Проценттер претензия берілген күннен бастап, ақшаны аударған немесе төлеген күнге дейін есептеледі.

Жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар да, оларға автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының жүк тасуға байланысты туған талаптары бойынша сол мөлшерде процент төлейді.

Бұл жағдайда проценттер автотранспорт кәсіпорыны немесе ұйымы тиісті соманы төлеу туралы жазбаша түрде талап еткен күннен бастап, ол төленген күнге дейін есептеледі.

Штраф туралы претензиялар мен талаптар бойынша барлық жағдайда да процент есептелмейді.

XI бөлім

ЖҮРІС ХАУІПСІЗДІГІ ҚЫЗМЕТІ

173. Қазақ ССР-інің автомобиль транспорты бар барлық министрліктері мен ведомстволарының басқармаларында, автотрестерінде және автомобиль шаруашылықтарында жүріс хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтауға бақылау жасауды және жол-транспорт оқиғаларын алдын-ала ескертіп отыруды оларда құрылатын жүріс хауіпсіздігі қызметі жүзеге асырады.

XII бөлім

АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҚЫЛАУ

174. Көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының, министрліктер мен ведомстволардың автотранспорт кәсіпорындарының осы Уставтан туатын талаптарды сақтауына бақылауды Қазақ ССР территориясында Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-ревизия қызметі жүзеге асырады, бұған Қорғаныс министрлігінің, СССР Ішкі істер министрлігінің және СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдары кірмейді.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-ревизия қызметі туралы Ереже мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен әзірленеді және оны Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

ЖҮК АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1968 жылғы 4 октябрьдегі № 603 ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жүк автомобиль транспортын пайдалануды жақсарту туралы» 1968 жылғы 5 августағы № 598 қаулысын орындау үшін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Жүк автомобиль транспортын пайдаланудың тиімділігін артты-

---

[1] 1-пункттің «а» тармағы, 3-пункттің «а», «в», «д» тармақтары, 6, 8, 10, 13—15, 17, 18 және 20-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 5 августағы № 598 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

ру және халық шаруашылығының, халықтың жүк таситын автомобильдерге қажетсінуін қанағаттандыру мақсатымен облыстық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

б) орталықтандырып жүк тасу ісін ұйымдастыруды одан әрі кеңейту және жақсарту қамтамасыз етілсін, бұл тасымалға көбінесе көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты пайдаланылсын;

в) темір жол станцияларындағы, өзен пристаньдарындағы, жабдықтау-өткізу базаларындағы, құрылыстардағы, дайындау пункттеріндегі, құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарындағы және барлық басқа кәсіпорындар мен ұйымдардағы автомобильдерді тиеу және түсіру пункттерінің жіберу мүмкіндіктерін арттыруға шаралар қолдансын, бұл ретте жүк тиеу операциялары өндірісінің бағытын кеңейтуге, тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруды күшейтуге және автомобильдердің бос тұрып қалуын қысқартуға бағытталған басқа шараларды жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлінсін;

г) жүк автомобильдерінің жүксіз жүруін біршама қысқартуға шаралар қолданылсын, мұнда оларға екі бағытқа да жүк тиеуді қамтамасыз ету еске алынсын;

д) автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде бір орталықтан техникалық қызмет көрсету және жөндеудің агрегаттық әдісін кеңінен енгізу арқылы жүк автомобильдерінің бос тұрып қалуы қысқартылсын.

Министрліктер мен ведомстволар, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісе отырып, қарауында 50-ден кем емес автомобильдері бар жаңа автомобиль шаруашылықтарын (негізінен шаруашылық есепте болатын) ұйымдастыруды жүзеге асыратын болсын (бұған совхоздардың, колхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, тамақ және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының және тұтыну кооперацияларының селолық жерлерде тұратын автомобиль шаруашылықтары кірмейді), ал кейбір аудандарда қарауында 15-тен кем емес сондай шаруашылықтар ұйымдастыруды жүзеге асыратын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жүк жөнелтіп отыратын министрліктер мен ведомстволар бойынша халық шаруашылығының жылдық жоспарларында көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортымен жүк тасудың көлемін белгілеп отыратын болсын.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, оның трестері мен автомобиль шаруашылықтарына қалааралық қатынас бойынша кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер үшін, олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, жүк тасуды ұйымдастыру сондай-ақ ол кәсіпорындар мен ұйымдардың және мекемелердің бос бара жатқан автомобильдеріне жүк тиеу жүктелсін.

3. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне мыналар міндеттелсін:

б) шаруашылық есептегі транспорт-экспедициялық кәсіпорындар, жүк станциялары, диспетчерлік — бақылау пункттер, агенттіктер, ұйымдар үшін қысқа мерзімге жүк сақтайтын қоймалар жүйесін кеңейтуге, орталықтандырып қалааралық жүк тасуды жүзеге асыруға және сол бағытқа жүксіз бара жатқан автомобильдерге жүк тиеуге, сондай-ақ осы пункттің «а» тармағында көрсетілген автомобиль жолдарында жүргізушілер құрамы үшін дем алатын бөлмелер ұйымдастыруға шаралар қолданатын болсын;

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне аталған кәсіп-

орындар мен ұйымдарды оған бекітілген еңбек жөніндегі жоспар шегінде құруға рұқсат етілсін.

г) жолдардың дайын болуына қарай, автомобиль жолдарының ұйымдастырылатын орталықтандырылған қалааралық жүк тасымалы учаскелерінде жүк қабылдау және жеткізу пункттерінің ашылғаны жарияланып отыратын болсын.

4. Орталықтандырып қалааралық жүк тасудағы автомобильдерді бұл тасымалға байланысты емес жұмыстарға пайдалануға тыйым салынсын.

5. Республиканың министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындары мен шаруашылық ұйымдарының басшыларына жүксіз бара жатқан (қаладан және елді мекеннен тысқары) жүк автомобильдерін сол бағытқа жүк тиеп жіберу үшін көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорындарына беру және жүксіз жіберетін автомобильдерді, олардың саны және бағыты туралы деректерді алдын ала, жөнелту мерзімімен кемінде 24 сағат бұрын, көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортының тиісті кәсіпорындарына хабарлау міндеттелсін.

7. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жергілікті жағдайды ескере отырып, үш ай мерзім ішінде мыналарды ұйымдастыру міндеттелсін:

а) жүк тиеу, түсіру пункттерінде күн сайын, демалыс күнсіз, бір жарым-екі және үш сменалық жұмыс ұйымдастырып, осы мақсатпен тиісті мөлшерде қызметкерлер және жалақы қорын бөлу белгіленсін.

б) жүк автомобильдері жұмысының орташа тәуліктік ұзақтығын арттыруға және автомобильдердің көп сменалы жұмысын қамтамасыз ету үшін шоферлер даярлауды ұлғайтуға шаралар қолдансын.

9. Республиканың министрліктері мен ведомстволары және облыстық атқару комитеттері 1969 жылдан бастап, жылдық жоспарлардың жобасымен бірге, жақынға тасылатын, темір жолдан көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортына аударылатын жүктердің көлемі туралы ұсыныс әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне беріп отыратын болсын, мұнда 30 километрден жақын жерлерге тасылатын жүктер (кірме темір жолдардың бірінен екіншісіне тасылатын көпшілік жүктерден басқалары) әдетте автомобиль транспортымен тасылатын, ал жүк жөнелтуші темір жолға тиісті негіздеме берген жағдайда ғана темір жол транспортымен тасылуы мүмкін екені еске алынсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығының жылдық жоспары жобаларында темір жолдан көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортына аударуға жататын, жақынға тасылатын жүктердің көлемін көрсетіп отыратын болсын.

11. Министрліктер мен ведомстволар қаладан тыс жерлерге орналастырылатын өнеркәсіп кәсіпорындарын салу сметаларында жолаушылар таситын автотранспорт объектілерін салуға (немесе ондай құрылыстарға қаржы бөліп үлес қосуға) күрделі қаржы бөлуді белгілейтін болсын.

12. Қазақ ССР Байланыс министрлігіне Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігімен шарттар жасай отырып, қалалар арасында жүк таситын жүк автомобиль станцияларында, диспетчерлік пункттерде және автотранспорттың кәсіпорындарында телефон-телеграф байланысын ұйымдастыру міндеттелсін.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Авто-

мобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Көмір өнеркәсібі басқармасы, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі және «Қазахстаннефть» бірлестігі халық шаруашылығы жоспарларында автомобильдерге бір орталықтан қызмет көрсететін мамандандырылған кәсіпорындар мен цехтар салуға қажетті күрделі қаржы бөліп отыратын болсын.

* * *

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттері, республиканың министрліктері мен ведомстволары халық шаруашылығы мен халықтың автомобиль тасымалдауларына деген қажетін қамтамасыз ету мақсатында осы қаулының орындалу барысын ұдайы бақылауды жүзеге асырсын және автомобиль транспортының жұмысын жақсарту мәселелеріне айрықша назар аударып отырсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖҮК АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1968 ЖЫЛҒЫ 5 АВГУСТАҒЫ ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1969 жылғы 1 декабрьдегі № 712 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына міндеттелсін:

— ведомстволық бағыныстағы ұсақ автошаруашылықтарды қажетті біріктіруді жүргізу және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне жалпы пайдаланудағы автотранспортпен орталықтандырылып іске асырылуы тиімді жүк тасымалдаумен шұғылданатын автошаруашылықтар мен жүк автомобильдерін беру.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1970 жылдан бастап халық шаруашылығы жоспарларында мыналарды белгілеп отыратын болсын:

а) басқа министрліктер мен ведомстволарға жүк таситын автомобиль бөлу тоқтатылып, олардың жүктерін көпшілік пайдаланатын автотранспортқа беру тиімді деп саналып, жүк автомобильдерін алдымен Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне бөлуді;

б) қаржыландырудың орталықтандырылмаған көздері есебінен жүзеге асырылатын автомобиль шаруашылықтарының, автомобиль жөндеу кәсіпорындарының өндірістік және мәдени-тұрмыс объектілерін салу үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне қордан құрылыс материалдарын бөлу.

5. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келіспейінше және КПСС Орта-

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің үшінші-алтыншы абзацтары, 3, 6—12-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

лық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 5 августағы қаулысында [1] белгіленген мөлшерден кем автомобильдері бар жаңа автомобиль шаруашылықтарын ұйымдастыруға тыйым салынсын.

РЕСПУБЛИКАДА ЖҮК АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 13 сентябрьдегі
№ 472 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 19, 93-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне көпшілік пайдаланатын жүк автомобиль транспортын одан әрі дамытуды, ол паркте автомобиль санын көбейту есебінен республиканың автомобиль транспортында жүк автомобиль транспортының үлес салмағын арттыруды, оларды пайдалануды жақсартуды, жұмыстың сменалылығын арттыруды, автомобильдерді демалыс және мереке күндері кеңінен пайдалануды, бос тұрып қалушылығын қысқартуды, орталықтандырып жүк тасуды кеңейтуді, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және халыққа транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетуді дамытуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— *(үшінші абзац)* Москва, Ленинград автомобиль жолдары басқармаларының жүк автомобильдерінің бос жүруін қысқарту, қалааралық қатынас бойынша автомобиль транспортымен жақынға тасылатын жүктерді темір жол транспортында қолданылып отырған жүйеге аудару, жүксіз бара жатқан ведомстволық автомобильдерге сол бағытқа қарай шағын топтап жіберілетін жүктерді тиеу үшін трассалар бойында ол жүктерді құрастырып әзірлейтін базалар мен қоймалардың кең жүйесін жасау жөніндегі жұмыс тәжірибесін республиканың көпшілік пайдаланатын автомобиль транспорты кәсіпорнына кеңінен таратуды қамтамасыз ету;

— шаруашылық есепте болатын транспорт-экспедиция кәсіпорындарының, жүк станцияларының, бақылау-диспетчерлік пункттердің трассалар бойындағы жүк жинайтын алаңдар мен қысқа мерзімге жүк сақтайтын қоймалардың, автомобильдерге техникалық қызмет көрсететін пункттердің, жылжымалы құрамның жүргізушілеріне дем алатын бөлмелердің жүйесін одан әрі дамытудың жоспарларын жасап бекіту; көрсетілген объектілерді жүк тиеу-түсіру механизмдерімен, қажетті байланыс құралдарымен жарақтандыруға шаралар қолдану.

7. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— ведомстволық жүк автомобиль транспортын пайдалануды жақ-

---

[1] СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз.

[2] 2-пункт, 3-пункттің екінші абзацы, 4—6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 6 июльдегі № 475 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

сартып, өнімділігін арттыру, олардың бір жарым және одан да көп сменада жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жүк автомобильдерінің бос жүруін мейлінше қысқарту;

— өздерінің қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортымен және Транссельхозтехниканың автомобиль транспортымен орталықтандырып жүк тасуға жағдай жасауды, ол үшін демалыс және мереке күндері жүктерді екі-үш сменамен қабылдауды және жөнелтуді қамтамасыз ету, жүк тиеу-түсіру алаңдарын және оларға кірме жолдарды жақсарту, контейнерлерді, поддонник, пакеттерді, тағы басқа да құралдарды кеңінен қолдана отырып, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру;

— жүк автомобильдерін бөлгенде алдымен оларды ұстауға, техникалық қызмет көрсетуге қажетті өндірістік базалары бар және автомобильдерді барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ірі автомобиль шаруашылықтарына беруді көздеу;

— жүк автомобильдерін сақтауды жақсарту жөнінде шаралар белгілеу және жүзеге асыру, сондай-ақ өздерінің қарауындағы автомобиль шаруашылықтары басшыларының ол шараларды орындауға жеке жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз ету.

РЕСПУБЛИКАДА ҚЫЗМЕТТІК ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ТӘРТІПТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ҚЫСҚАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 16 июльдегі
№ 376 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 15, 68-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

(үшінші абзац) жеңіл автомобильдер паркінің осы қаулының 1-пунктінде көзделген қысқаруымен байланысты босап қалған жеңіл автомобильдерді халыққа комиссиялық магазиндер арқылы сату үшін сауда ұйымдарына беруді қамтамасыз етсін.

Автомобильдер сауда ұйымдарына комиссиялық ақысын шығарып тастап, қолданылып жүрген бөлшек сауда бағалары бойынша (тозғанын есепке ала отырып) беріледі, ал олардан алынған сомалар одақтық бюджеттің кірісіне енгізіледі.

3. *(Төртінші абзац)* Қызметтік жеңіл автомобильдерді ұстауға арналып бөлінетін қаржылар кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басқару аппаратын ұстауға арналған сметаларда бөлек көрсетілетін болсын.

Қазіргі бар кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қызметтік жеңіл автомобильдерді ұстауға арнап қаржы бөлуді арттыруға Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне тыйым салынсын.

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің екінші абзацы, 3-пункттің бірінші-үшінші, алтыншы, жетінші абзацтары, 5, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 31 майдағы № 372 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

4. Кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қызметкерлерге қызмет бабындағы сапарлар үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді штаттағы шоферлерсіз беру бұл автомобильдерді пайдаланудың негізгі формасы болуға тиіс деп белгіленсін. Қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдаланудың бұл формасына көшу 3 жыл ішінде жүзеге асырылсын.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдаланудың көрсетілген формасына көшу үшін кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қажетті жағдай жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырсын және осындай жағдай жасалуына қарай қызметтік жеңіл автомобильдердің штаттағы шоферлер санын (биік таулы аймақтардағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жеңіл автомобильдерінің шоферлерінен басқасын) қысқартатын болсын. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық және басқа мұқтаждарын қанағаттандыруға байланысты сапарларды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалану правосы бар, бірақ денсаулық жағдайына байланысты автомобильдерді жүргізе алмайтын адамдарға қызмет көрсету үшін 3-ке дейін жеңіл автомобильдері бар кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жеңіл автомобильдердің шоферінің бір штаттық қызметін, қызметтік жеңіл автомобиль саны 3-тен 10-ға дейін болса, жеңіл автомобиль шоферінің үш штаттық қызметі және қызметтік жеңіл автомобиль саны 10-нан асатын болса, 10-автомобильден асқан әрбір 5 жеңіл автомобиль үшін жеңіл автомобиль шоферінің қосымша бір штаттық қызметі сақталсын.

Қызметтік жеңіл автомобильдерді техникалық күту үшін және оларды штаттағы шоферсіз сапарларға тиісінше әзірлеу (жанар және жағар материалдар құю, жуу, шиндерді үрлеу және басқа жұмыстар) үшін кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің штаттарында (бұл қажет жерлерде) слесарь-механиктің қызметі белгіленсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚЫЗМЕТ БАБЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕРДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 16 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 178 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 30 марттағы
№ 146 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 8, 22-ст.)

СССР Министрлер Советі 1981 жылғы 16 февральдағы № 178 қаулысымен мынаны атап өтті: министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың көптеген басшылары қызмет бабындағы және арнаулы жеңіл автомобильдердің пайдаланылуын бақылауды қанағаттанарлықсыз жүзеге асырады, оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды азайтуға қажетті шаралар қолданбайды.

---

[1] 3-пункттің үшінші абзацы, 5-пункттің екінші абзацы, 7—9-пункттер және 11-пункт Казақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 февральдағы № 178 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

Бірқатар реттерде қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерді ұстауға жұмсалатын шығындар осы мақсатқа арналған қаржының белгіленген мөлшерлерінен асып кетеді және өндіріс шығындарына заңсыз түрде жатқызылады. Лауазымды адамдар жеңіл автомобильдерді қызмет бабындағы міндеттерін атқарумен байланысты емес сапарлар үшін жиі пайдаланады, автомобильдердің жүрісі мен бензин шығыны белгіленген нормативтерден асып кетеді.

Қызмет бабындағы және арнаулы жеңіл автомобильдерді пайдаланудағы аталған кемшіліктер біздің республикада да орын алуда.

Министрліктердің, ведомстволардың, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің кейбір басшылары қызмет бабындағы және арнаулы жеңіл автомобильдерді пайдаланудағы тәртіп бұзушылықтарға қарсы тиісінше күрес жүргізбейді, қызмет бабындағы автомобильдерді жекелеген қызметкерлерге дербес пайдалануға бекітіп беру практикасы орын алуда. Осындай тәртіп бұзушылықтарға кінәлы лауазымды адамдар көп ретте жауапқа тартылмайды.

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Қызмет бабындағы және арнаулы жеңіл автомобильдердің пайдаланылуын тәртіпке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 16 февральдағы № 178 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Финанс министрлігі 1981 жылдың 1 июніне дейін республиканың министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне арналған қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының жалпы лимиттерін бұл автомобильдердің санын оларды ұстауға жұмсалатын қаржының белгіленген жалпы мөлшерлеріне (бір автомобильді ұстаудың орташа құнын ескере отырып) сәйкестендіруді еске ала отырып қарап, Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныстар енгізсін.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша мыналарды бекітсін:

қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының белгіленген жалпы лимиттері мен оларды ұстауға жұмсалатын қаржының мөлшерлерін негізге ала отырып осы автомобильдер санының лимиттерін;

1981 жылдың 1 октябріне дейін жеңіл автомобильдер санының белгіленген лимиттері мен оларды ұстауға жұмсалатын қаржының мөлшерлерін ескере отырып, осындай автомобильдерді қызмет бабындағы сапарлар үшін пайдалануға правосы бар лауазымды адамдардың тізбелерін.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

а) 1981 жылдың 15 апреліне дейін Қазақ ССР Финанс министрлігіне арнаулы жеңіл автомобильдердің анықталған тізбелерін табыс етсін, бұл тізбелерге медициналық көмек, авария-техникалық қызмет автомобильдері, байланыс кәсіпорындарына почта тасымалдау үшін қажетті автомобильдер, инкассация қажеттеріне арналған автомобильдер, сондай-ақ, әдетте, стационар жабдықтар орнатылған басқа да автомобильдер енгізілуге тиіс екенін еске алатын болсын.

(Төртінші абзац) Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың пайдаланудағы жеңіл автомобильдерге станционар жабдықтарды орнатуы СССР Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі;

б) арнаулы жеңіл автомобильдердің жүргізушілер штатын қысқарту жөніндегі шараларды кәсіптерді қоса атқару есебінен жүзеге асырсын.

4. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың иелігіндегі жеңіл автомобильдерді тіркеуді: қызмет бабындағыларын — жоғары тұрған ұйымдар олар үшін бекіткен қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының лимиттері шеңберінде, ал арнаулыларын — СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 16 февральдағы № 178 қаулысына сәйкес анықталған тізбелер бойынша жүргізсін.

5. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

(үшінші абзац) министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлеріне қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерді дербес пайдалануға бекітіп беруге тыйым салу;

осы қаулымен көзделген шараларды жүргізу нәтижесінде қарамағындағы кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан босаған жеңіл автомобильдерді комиссиялық магазиндер арқылы халыққа сату үшін сауда ұйымдарына белгіленген тәртіп бойынша беруді қамтамасыз ету. Бұл автомобильдерді өткізуден алынған сомалар СССР Финанс министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша одақтық бюджеттің кірісіне аударылсын.

6. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін жеңіл автомобильдерге арнап қорлар бөлуді қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының белгіленген жалпы лимитін және арнаулы жеңіл автомобильдердің анықталған тізбесін ескере отырып жүргізсін.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі 1981—1983 жылдары Алматы қаласында, облыс орталықтары мен ірі қалаларда кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға (олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) көбінесе жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының автотранспорт кәсіпорындары арқылы жеңіл автомобильдермен қызмет көрсетуге көшу үшін осы автотранспорт кәсіпорындарының өндірістік-техникалық базасын одан әрі нығайту жөніндегі облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен келісілген ұсыныстарды Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігімен бірлесе отырып әзірлеп, 1981 жылдың 1 июліне дейін Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етсін.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қызмет көрсетудің аталған формасына көшудің барысына қарай өздерінің қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жеңіл автомобильдерін жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының автотранспорт кәсіпорындарына өтеусіз беруді қамтамасыз етсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АЗАМАТТАРДЫҢ ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖӨНДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1968 ЖЫЛҒЫ 10 ОКТЯБРЬДЕГІ № 790 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 27 февральдағы
№ 129 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің құрамында (Бас басқарма правосында) азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі, шаруашылық есептегі Республикалық өндірістік бірлестік (Казавтотехобслуживание)[2] құрылсын.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің Республикалық «Казавтотехобслуживание» өндірістік бірлестігі мыналарды жүзеге асырады деп белгіленсін:

— техникалық қызмет көрсету станцияларының, мотельдерінің және азаматтардың транспорт құралдарына (жеңіл автомобильдеріне, мотоциклдеріне, мотоколяскаларына, мотороллерлеріне және басқаларына) техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі басқа да кәсіпорындардың жұмысына басшылықты жүзеге асырады;

— азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету, оларды жөндеу және сақтау жөніндегі қызметтердің барлық түрлерін орындауды, сондай-ақ дайындаушы заводтармен жасалған шарт бойынша осы транспорт құралдарын кепілді жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауды ұйымдастырады;

— техникалық қызмет көрсету станцияларын, мотельдерін және азаматтардың транспорт құралдарына қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі басқа да кәсіпорындарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды қамтамасыз етеді.

3. Республикалық «Казавтотехобслуживание» өндірістік бірлестігіне таяу жылдардың ішінде қалалар мен ірі жұмысшы поселкелерінде және автомобиль жолдарында азаматтардың транспорт құралдарына қызмет көрсету жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру үшін техникалық қызмет көрсету станцияларының, мотельдерінің, жуу пункттерінің, гараждардың және басқа объектілердің кең жүйесін құруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне қажет болған жағдайда Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісе отырып, Министрлікке бекітілген еңбек жөніндегі жоспардың шеңберінде, азаматтардың транспорт құ-

---

[1] 4, 5-пункттер, 7-пункттің «д», «ж», «з» тармақтары, 11-пункттің екінші және үшінші абзацтары және 22-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

24-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 10 октябрьдегі № 790 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

25-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 4 июльдегі № 1392 жарлығының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 16 январьдағы № 50 қаулысымен Автомобиль өнеркәсіп министрлігінің қарауына берілді.

ралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде жаңа кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

7. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1969—1972 жылдарда жұмыс істеп тұрған автомобиль жөндеу кәсіпорындарында, азаматтардың жеңіл автомобильдерін жөндеудің қажеттілігін ескере отырып, жеңіл автомобильдерді және олардың агрегаттарын, соның ішінде қолмен басқарылатын «Запорожец» және «Москвич» автомобильдерін күрделі жөндеуден өткізетін арнайы жабдықталған цехтар мен учаскелер құруды жүзеге асырсын;

б) Республикалық «Қазавтотехобслуживание» өндірістік бірлестігінің барлық кәсіпорындарында мүгедектердің қолмен басқарылатын жеңіл автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу кезектен тыс жүргізілсін;

в) жүк автомобильдері мен автобустарға техникалық қызмет көрсету станцияларын салған кезде азаматтардың жеке пайдалануындағы жеңіл автомобильдерге және басқа транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және эксплуатациялық жөндеу үшін учаскелер құруды қарастырсын;

г) қалалар мен курорттық орындарда азаматтардың жеке меншігіне жататын жеңіл автомобильдері мен басқа транспорт құралдарын уақытша және ұзақ сақтау үшін ақылы тұрақтардың санын көбейтуді қамтамасыз ету;

е) 1969 жылдан бастап Министрліктің оқу комбинаттарында азаматтардың жеңіл автомобильдеріне және басқа транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі кәсіпорындар үшін қажетті мөлшерде маман жұмысшылар даярлауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі мыналарды істесін:

— 1969 жылдан бастап автомобиль жолдарын салуға арналған жобалар мен сметаларда мотельдерді, техникалық қызмет көрсету станцияларын, автомобильге май құйып беретін станцияларды, жуу пункттерін және транспорт құралдарына қызмет көрсететін басқа да объектілерді салуды көздеп, бұл жобаларды Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігімен және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі Бас басқармамен келіссін;

— автомобиль жолдарын салудың жалпы комплексінде техникалық қызмет көрсету станцияларының, автомобильге май құйып беретін станциялардың құрылысын жүргізіп және автомобиль жолдарын пайдалануға қосумен бірге олардың да іске қосылуын жүзеге асырсын.

9. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі Бас басқармаға мыналар міндеттелсін:

— 1969—1975 жылдарда қалалар мен ірі жұмысшы поселкелерінде азаматтардың транспорт құралдарына қызмет көрсету жөніндегі қажетін мейлінше толық қанағаттандыру үшін автомобильге май құйып беретін станциялардың жүйесін кеңейту жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

— жалпы пайдаланудағы автомобильге май құйып беретін станцияларда азаматтардың жеңіл автомобильдеріне және басқа транспорт құралдарына бірінші кезектегі қажетті запас бөлшектерді және автомобиль керек-жарақтарын сатуды ұйымдастыру, сондай-ақ транспорт құралдарының иелеріне жекелеген техникалық қызметтер көрсетуді

қамтамасыз ету (шиндерді үрлеу, су құю, автомобильдерге тежегіш және аккумулятор сұйық заттарын құю және басқалар).

10. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі Бас басқармаға қызмет көрсету формаларының жаңа түрлерін ұйымдастыруға және енгізуге қатысқан адамдарды көтермелеу мақсатымен, өзіне қарасты кәсіпорындардың халыққа қызмет көрсетуде істеп жүрген қызметкерлеріне сыйлық беру үшін халыққа мұнай өнімдерін аз мөлшерде бөлшектеп сатудан, автомобильдер мен мотоцикл техникасының запас бөлшектерін сатудан және азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсетуден түсетін ақшаның бір проценті мөлшерінде орталықтандырылған қор жасауға рұқсат етілсін.

11. Өздерінің қарауында автотранспорт және автомобиль жөндеу кәсіпорындары мен құрал-сайманмен жабдықталған гараждары бар Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету министрлігіне, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне және Қазақ ССР Көмір өнеркәсібі басқармасына ол кәсіпорындар мен гараждарда, республикада азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде арнайы жабдықталған кең база құрылғанға дейін, азаматтардың жеңіл автомобильдеріне және олардың агрегаттарына, мотоциклдеріне, мотороллерлеріне және мотоколяскаларына күнделікті қолданылып жүрген тариф (баға) бойынша техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

12. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі:

— азаматтардың жеңіл автомобильдеріне арналған запас бөлшектердің, агрегаттардың және тораптардың рынок қорларына деген республиканың қажетсінуін анықтасын және осы автомобильдерге арналған запас бөлшектерге, агрегаттар мен тораптарға СССР Мемлекеттік жабдықтау комитетіне (номенклатура бойынша) уақтылы заявкалар беруді қамтамасыз етсін;

— рынок қорлары бойынша республикаға бөлінетін жеңіл автомобильдердің запас бөлшектерін, агрегаттары мен тораптарын азаматтардың транспорт құралдарына қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі жұмыстардың Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті белгілеген көлеміне сәйкес Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына бөлудің, сондай-ақ Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мұнай өнімдерімен жабдықтау жөніндегі Бас басқарманың сауда орындарының халыққа сатуы үшін бөлудің жоспарларын жасауды жүзеге асырсын.

13. Жеңіл автомобильдердің запас бөлшектерінің, агрегаттарының және тораптарының Республикалық «Қазавтотехобслуживание» өндірістік бірлестігі үшін және азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде тапсырмалар белгіленетін республиканың министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындары үшін Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі бөлген рынок қорларын таратып беру Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне жүктелсін.

14. Қазақ ССР Министрлер Советінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Бас басқармасы, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жергілікті шаруашылықты жабдықтау және өткізу жөнін-

дегі Бас басқарма және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі 1969 жылдан бастап, мүгедектердің жеке пайдалануындағы қолмен басқарылатын «Запорожец» және «Москвич» автомобильдеріне, мотоколяскаларына қызмет көрсетіп жүрген техникалық қызмет көрсету станцияларын, автомобиль жөндеу кәсіпорындары мен мастерскойларын айтылған автомобильдер мен мотоколяскалардың запас тетіктерімен, тораптарымен және бұйымдарымен қажетті мөлшерде толық қамтамасыз етсін.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1970 жылдан бастап халық шаруашылығы жоспарларында азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар мен объектілерді салу мақсатына арналған күрделі қаржы бөлуді қарастырып отыратын болсын.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жергілікті шаруашылықты жабдықтау және өткізу жөніндегі Бас басқарма 1970 жылдан бастап жол бойындағы транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету үшін техникалық қызмет көрсету станцияларына автомобильдер мен мотоцикл техникасын бөлуді қарастырып отыратын болсын.

17. Халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне қалалар мен жұмысшы поселкелерінде азаматтардың жеңіл автомобильдері мен мототранспорт құралдары тұратын кооперативтік гараждарды және ашық орындарды салуға арнап белгіленген тәртіп бойынша жер учаскелерін, әдетте көркейтілген кірме жолдары мен жолдары, су құбыры, канализация желілері бар және электрмен жабдықталған аудандардан бөлу міндеттелсін.

Автотранспорт құралдары тұратын кооперативтік гараждар мен ашық орындарға баратын кірме жолдарды және инженерлік қатынас жолдарын салу қалалар мен жұмысшы поселкелерін көркейту жөніндегі жұмысқа бөлінетін қаржының есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

18. Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті мен облыстық атқару комитеттеріне қалалардың бас жоспарларын және қалалардың тұрғын үй аудандары мен өнеркәсіп аудандарын мұқият жоспарлап, салу жобаларын жасап және бекіткен кезде, құрылысты жүзеге асырғанда транспорт құралдары паркінің перспективалы өсуін еске алу және халыққа транспорт құралдарын сатуға, азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге, жанар-жағар майларын құйып беруге және сақтауға байланысты құрылыстардың комплекстерін ұқыпты орналастыруды қамтамасыз ету, қажет болған реттерде бұл мақсатқа қалалардың жер асты кеңістігін, соның ішінде қоғамдық мақсатқа арналып жобаланатын ірі үйлер мен ғимараттардың астын пайдалануды еске алу тапсырылсын.

19. Қазақ ССР Министрлер Советінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Бас басқармасына азаматтардың жеңіл автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі салынып жатқан станцияларды қажетті құрал-жабдықтармен (соның ішінде диагностикалық құрал-жабдықтармен), приборлармен және басқа бұйымдармен және арнаулы аспап-саймандармен толықтыру жүктелсін.

20. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Бас басқармасына жылдық халық шаруашылығы жоспарларында орталықтандырылмаған қаржыландыру көздері мен банк несиесі есебінен жүргізілетін, азаматтардың транспорт құралдарына техниналық қызмет көрсету және олардың жөндеу жөніндегі кәсіпорындар

мен объектілердің құрылыстарын материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді қарастыру тапсырылсын.

21. Азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі кәсіпорындарды, мотельдерді, автомобильге май құйып беру станцияларын, жуу пункттерін және қызмет көрсетуге арналған басқа да объектілерді салу ісі өздерінің қызмет атқаратын аудандарында Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне және Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне жүктелсін.

Республикаға бағынатын автомобиль жолдарында жоғарыда айтылған кәсіпорындар мен объектілерді салу Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне жүктелсін.

22. Қазақ ССР Сауда министрлігі:

— Алматы қаласында және республиканың барлық облыс орталықтарында жеке пайдалануында қолмен басқарылатын автомобильдері бар мүгедектерге автомобильдердің тетіктері мен тораптарын үздіксіз сатуды ұйымдастырсын.

23. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1971 жылдан бастап, азаматтардың жеңіл автомобильдеріне және басқа транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі кәсіпорындар үшін қажетті мөлшерде мамандандырылған жұмысшылар даярлау жүктелсін.

АЗАМАТТАРДЫҢ ИЕЛІГІНДЕГІ ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН БАСҚА ДА ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУДЫ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 23 августағы
№ 482 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 17, 85-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

— қалалар мен жұмысшы поселкелерінде азаматтардың иелігіндегі жеңіл автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін станциялардың құрылысы үшін халыққа қызмет көрсетуге қолайлы, жақсы жабдықталған кірме жолдары мен жолдары, су құбыры, канализация, жылу және электрмен жабдықтау жүйесі бар орындардан жер учаскелерін белгіленген тәртіп бойынша бөлетін болсын;

— азаматтардың иелігіндегі жеңіл автомашиналар мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін қосымша станцияларды (филиалдарды) ұйымдастыруға, соның ішінде «Жигули» автомобильдерін кепілді жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге де жарамды қазіргі бар үйлер мен орындарды іздестіріп, оларды Қазақ ССР

---

[1] 1, 2, 6 және 12-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт СССР Министрлер Советінің 1971 ж. 8 июльдегі № 481 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

Автомобиль транспорты министрлігіне беру туралы мәселені карап, бұл жөнінде қажетті шаралар алатын болсын.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі мен Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі азаматтардың иелігіндегі жеңіл автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін станциялардың, сондай-ақ запас бөлшектер қоймалары бар республикалық орталық жабдықтау базаларының мердігерлік жұмыстар көлемін орындауды және оларды пайдалануға беруді осы қаулыда көрсетілген мерзімдерде қамтамасыз ететін болсын.

5. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері азаматтардың иелігіндегі жеңіл автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін станциялардың салыну барысына бақылау жасап, салынып жатқан объектілерді дер кезінде іске қосуға байланысты мәселелерді шешуде құрылыс және басқа ұйымдарға қажет болған ретте практикалық көмек көрсетіп отырсын.

7. Қазақ ССР Финанс министрлігі қоймаларда материалдар мен запас бөлшектердің запастарын олардың бөлшек сауда бағалары бойынша жеткізілуін есепке ала отырып жинап алу үшін айналым қаржыларын Республикалық «Казавтотехобслуживание»[1] өндірістік бірлестігіне арнап Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне бөлуді қамтамасыз етсін.

8. Республикалық «Казавтотехобслуживание» өндірістік бірлестігіне жеңіл автомобильдердің запас бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының республикаға бөлінетін рыноктық қорларын бөліп беру және өткізу жүктелсін.

9. Азаматтардың иелігіндегі жеңіл автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін қазіргі бар және жаңадан іске қосылатын станцияларда жеңіл автомобильдердің запас бөлшектерін, агрегаттары мен тораптарын бөлшек сауда бағаларының қолданылып жүрген прейскуранттары бойынша сатуға Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне рұқсат етілсін.

11. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы жыл сайын февраль айында Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндап отыратын болсын.

---

[1] 100-беттегі түсірмені қараңыз.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫМЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДА ҚОСЫП ЖАЗУЛАРҒА, АВТОМОБИЛЬ БЕНЗИНІ МЕН БАСҚА ДА ЖАНАР-ЖАҒАР МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ШЫҒЫНЫ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬГЕ МАЙ ҚҰЯТЫН СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 9 ИЮНЬДЕГІ № 491 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 13 июльдегі № 336 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «Автомобиль транспортымен жүк тасымалдауда қосып жазуларға, автомобиль бензині мен басқа да жанар-жағар материалдарының шығыны мен оларды талан-таражға салуға қарсы күресті күшейту және автомобильге май құятын станциялардың жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1977 жылғы 9 июньдегі № 491 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті мыналарды қамтамасыз етсін:

— жүк автомобиль паркін, ең алдымен автомобиль тартқыштарды, түрлі мақсатты жартылай тіркемелер мен тіркемелерді пайдалануды жақсартуды; тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізген кезде механикаландыру құралдарын барынша кең және тиімді пайдалану, жүк жөнелтушілердің жүктерді жөнелтуге күні бұрын әзірлеу және товар-транспорт документтерін уақтылы ресімдеу жолымен автомобильдердің осы жұмыстарда нормадан тыс босқа тұруын жоюын; жылжымалы составқа жүкті оның көтергенінше тиеуді;

— автомобиль транспорты бар немесе басқа министрліктер мен ведомстволардың автомобиль транспортын пайдаланушы кәсіпорындар мен ұйымдарда автомобиль транспортының жұмысы есебінің дұрыстығын күн сайын бақылауды жүзеге асыруды;

— Қазақ ССР Автомобиль транспортының Уставында көзделген жүк тасымалдау жоспары орындалуының есеп карточкаларын автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының, жүк жөнелтушілер мен жүк алушылардың мұқият жүргізуін;

— жүк таситын барлық автомобильдерді спидометрлермен жарақтандыруды, олардың түзіктілігі мен пломба салынуын күн сайын бақылауды жүзеге асыруды, барлық кәсіпорындар мен ұйымдарда, олардағы нақты бар автомобильдердің санына қарамастан, спидометрлер жұмысын есепке алу мен пломба салу журналын 1978 жылғы 1 январьдан бастап енгізіп, оны жүргізу жөніндегі жауапкершілікті автотранспорт кәсіпорындарының (цехтарының) басшыларына жүктеуді;

— *(жетінші абзац)* автомобиль транспортымен жүк тасымалдауда

---

[1] 2-пункт, 3-пункттің алтыншы, оныншы абзацтары, 4—6, 8, 10, 11 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 9 июньдегі № 491 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді. (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

қосып жазуларға кінәлы, автомобиль транспортының жұмысын есепке алу тәртібін бұзатын, бұзылған немесе пломба салынбаған спидометрлері бар автомобильдерді пайдалануға және жағар-жанар материалдарын ұтымсыз жұмсауға жол беретін адамдарға қатаң шаралар қолдануды;

— автотранспорт кәсіпорындары жүк тасымалдауға ақы төлеуге арналған счеттар жазуға негіз болатын деректерді қарамағындағы жүк жөнелтуші (жүк алушы) кәсіпорындар мен ұйымдардың осы кәсіпорындар нақты тасыған жүк мөлшерімен кемінде тоқсан сайын бір рет салыстырып көруін.

Салыстырудың нәтижелерін тиісті актімен ресімдейтін болсын.

7. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

— автомобильге май құятын станциялардың құрылысына арналған жер учаскелерін халық қажетін өтеуге қолайлы жерлерде уақтылы бөлуді қамтамасыз етсін, оларды салу мен пайдалануға арналған шығындардың азайтылуын ескеретін болсын;

— мүдделі ұйымдардың күші мен қаржысы есебінен автомобильге май құятын жаңа станцияларды алдын ала салмай тұрып жалпы пайдаланудағы автомобильге май құятын станцияларды жабуға және бұзуға тыйым салсын.

9. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі жалпы мемлекеттік және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жаңаларын салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру жобалары мен сметаларында жалпы пайдаланудағы үлгі автомобильге май құятын станцияларды құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес салуды көздеп, олардың құрылысын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін және салынған автомобильге май құятын станцияларды пайдалану үшін Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің балансына беріп отырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1978 жылдан бастап жоспарларда Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында автомобильге май құятын станциялар салу үшін «Мұнай мен мұнай өнімдері транспорты және халық шаруашылығын мұнай өнімдерімен жабдықтау» саласы бойынша күрделі қаржы бөлуді көздейтін болсын.

Автомобильге май құятын станциялары жоқ одақтық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын іске қосуға тыйым салынсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1983 ЖЫЛҒЫ 5 АВГУСТАҒЫ № 759 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1983 жылғы 27 сентябрьдегі № 390 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: соңғы жылдары автомобиль транспорты кең қолданылып, республиканың бірыңғай транспорт жүйе-

[1] 4-пункттің екінші абзацы, 7-пункт, 11-пункттің үшінші абзацы, 12-пункттің «в» тармақшасы, 14-пункттің бірінші абзацы және 22-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

23-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 5 августағы № 759 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

сінің аса маңызды буындарының біріне айналды, оның материалдық-техникалық базасы нығайып, жұмыс сапасы артты.

Сонымен бірге жүк тасымалдауды ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер орын алып отыр.

Бұрынғыша бос жүрістер мен автомобильдердің жүк тиеу мен түсіруде бос тұрулары көп, оларды басқа мақсатқа және тіпті жеке бас пайдасына пайдалануға жол беріледі.

Транспорт процесін ұйымдастырудың прогресті әдістері және ең алдымен жүктерді орталықтандырып тасымалдау баяу енгізілуде, көптеген автомобильдер шағын автомобиль шаруашылықтарында ұсталады.

Автомобиль транспортының жұмысын және жанар-жағар материалдарды жұмсаудың есебін жоспарлау, ұйымдастыру сапасы қойылатын талаптарға сай емес.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және басқа министрліктер мен ведомстволар жүйесінің автомобиль шаруашылықтарында автомобильдердің басым бөлігі спидометрлері бұзылған және пломба салынбаған болса да пайдаланылып келеді.

Мұның бәрі автомобиль транспорты жұмысының тиімділігін төмендетуге әкеп соғады, тасымалдаудың орындалмаған көлемдерін қосып жазуға жағдайлар жасауға жәрдемдеседі, жанар-жағар материалдардың ысыраптары мен ұрлануына әкеп соғады. Мұның өзінде ұрланған автомобиль отынының едәуір бөлігі жеке транспорт құралдарының иелеріне өткізіледі. 1982 жылы автомобильге май құятын станцияларды бір-ақ рет тексергеннің өзінде олардан 33,3 мың литр мөлшерінде автомобиль отынына арналған мемлекеттік қордың талондары алынды.

Автомобильге май құятын станциялардың жүйесі әсіресе селолық жерлерде жеткіліксіз дамыған. Осының салдарынан селоларда тұратын азаматтардың басым көпшілігі колхоздардың, совхоздар мен басқа да мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың иелігіндегі бензинді өздерінің транспорт құралдарына құю үшін пайдаланады. Көптеген автомобильге май құятын станцияларда автомобиль отынын босату тәртібі өрескел бұзылады, ұрлау және басқа қиянат жасау фактілеріне жол беріледі.

Республиканың министрліктері, ведомстволары, жергілікті партия және совет органдары автомобиль шаруашылықтарының, өнеркәсіп, құрылыс және басқа салалардың автотранспорт құралдарын пайдалануда қырсыздық көрсеткен, жанар-жағар материалдарды талан-таражға салуға, тасымалдаудың орындалмаған көлемдерін қосып жазуға жол берген басшыларын қатаң жауапқа тартпайды.

Автомобиль транспортында мемлекеттік тәртіпті нығайтуға және жанар-жағар материалдарды үнемдеу режимін күшейтуге айрықша мән бере отырып Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылығында автотранспорт құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, автомобиль транспортымен жүк тасымалдауда қосып жазуларға қарсы күресті күшейту және жанар-жағар материалдардың сақталуын қамтамасыз ету туралы» 1983 жылғы 5 августағы № 759 қаулысы бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Облыстық партия комитеттеріне, халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитеті-

не, республиканың министрліктері мен ведомстволарына КПСС XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінін ноябрь (1982 ж.) және июнь (1983 ж.) Пленумдарының шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінің Бас Секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ю. В. Андропов жолдастың шаруашылық механизмін одан әрі жетілдіру жөніндегі нұсқауларын, Қазақстан Компартиясының XV съезінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VIII және X Пленумдарының шешімдерін басшылыққа ала отырып, жүк автомобиль транспортының жұмысын ұйымдастыруды, жоспарлау мен есепке алуды түбегейлі жақсартуды, нормативтен тыс бос тұруларды жоюды және автомобильдердің бостекі жүрістерін қысқартуды, оларды пайдалану тиімділігін бақылауды күшейтуді, жүк тасымалдаудағы қосып жазуларды, сондай-ақ бензин мен басқа да жанар-жағар материалдардың ысырабы мен ұрлануын жоюды, автотранспорт және мұнай өткізетін кәсіпорындарда, жүк жөнелтуші және жүк алушы кәсіпорындарда тәртіпті нығайтуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

Автотранспорт және мұнай өткізетін кәсіпорындардың басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары еңбек коллективтерінің тәрбиелік күшіне сүйене отырып, еңбек және өндірістік тәртіпті бұзушылықтың барлық түрлеріне, өз міндеттеріне, қырсыздық пен ысырапшылдық фактілеріне селсоқ қарауға қарсы батыл күрес жүргізетін болсын.

Бастауыш партия ұйымдары саяси-тәрбие жұмысының деңгейін көтерсін, әкімшіліктің автомобиль отынын үнемді жұмсау, техникаға ұқыпты қарау жөніндегі қызметін бақылау правосын толығырақ пайдалансын.

3. Автомобиль паркін пайдалануды жақсарту, жанар-жағар материалдарды жұмсауда үнем режимін күшейту, жүктерді орталықтандырып тасымалдауды одан әрі дамытып, тәртіптеу мақсатында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарларда мыналарды бекітіп отырсын:

1984 жылдан бастап:

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне («Сельхозхимия» бірлестігінің автомобиль транспорты бойынша), Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне, Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі бас территориялық басқармасына және Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволарына — орталықтандырып жүк тасымалдау жоспарларын;

б) Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына — жүктерді автомобиль транспортымен алушыларға орталықтандырып жеткізу жоспарларын, жүктерді орталықтандырып жеткізудің деңгейін 1990 жылға 70 процентке дейін жеткізу ескерілсін;

1985 жылдан бастап автомобиль транспортымен (жұмыс жоспарының тәртібі Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 17 декабрьдегі 480 қаулысымен бекітілген жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортынан басқа) жүк тасымалдау көлемін, автотранспорт кәсіпорындары (автомобиль шаруашылықтары) бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары бойынша жылжымалы составтың еңбек өнімділігін өсіру жөніндегі тапсырмаларды, автомобиль отынына арналған корлар мен оларды транспорт жұмысына жұмсау нормаларын — халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары жоғарыда аталған көрсеткіштерді қарамағында автомобиль транспорты кәсіпорындары үшін және орталықтандырып тасымалдаудың жоспарларын жүк жөнелтуші кәсіпорындар үшін бекітіп отырсын.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі:

(үшінші абзац) жүктердің майда топтарын тасымалдаған кезде автомобиль транспортын неғұрлым тиімді пайдалану және тасымалдаудың орындалған көлемдеріне қосып жазуды болдырмау мақсатында 1984 жылдан бастап кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қажетін орындауды жүк таксомотор принципімен жұмыс істейтін автомобильдермен мұндай жүк топтарын тасымалдауға арнап берілген жеке-жеке заявкалар бойынша ұйымдастырсын.

5. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары:

1985 жылдың 1 январынан бастап товар-транспорт документтерінің жаңа формаларын енгізуді;

автотранспорт құралдарының жұмысын, жанар-жағар материалдардың ұтымды жұмсалуын, сондай-ақ товар-транспорт документтерін дұрыс ресімдеуді және орындалған тасымалдау көлемдерін салыстырудың белгіленген тәртіп бойынша жүргізілуін бақылауды күшейтуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР-інің өз қарамағында жүк автомобилі бар министрліктері мен ведомстволары:

қарамағындағы автомобиль шаруашылықтарына жүк автомобильдерін жүргізушілердің еңбегіне ақы төлеудің қолданылып жүрген формаларының тиімділігіне талдау жасап, кесімді еңбекақы автотранспорт құралдарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге жәрдемдеспейтін және орындалмаған тасымалдау көлемдерін қосып жазуға жағдай жасайтын реттерде оларды еңбекақы төлеудің мерзімдік сыйлықты жүйесіне көшіруге шаралар қолдансын;

жүргізушілердің еңбегін ұйымдастыру мен ақы төлеудің бригадалық формасын одан әрі дамытып, жетілдіруге және олардың жұмысын шаруашылық есеп жағдайларында бригадалық мердігерлік әдіске көшіруге шаралар қолдансын. Мұның өзінде жүргізушілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бүкіл коллективтің түпті нәтижелерге жетуде және оның өнімділігі мен жұмыс сапасын арттыруда жеке және коллективтік материалдық ынталылығын ұштастыруды қамтамасыз етуге тиіс;

жүктерді автомобиль транспортымен тасымалдағанда еңбек және материалдық ресурстардың пайдаланылуын жақсарту, транспорт процесін жетілдіру мақсатында 1984—1990 жылдары автомобильдердің бос тұруы мен бостекі жүрістерін қысқарту, оның жұмыс өнімділігін арттыру және жанар-жағар материалдарды үнемді жұмсау есебінен жүк тасымалдаудың өзіндік құнын № 1 қосымшаға сәйкес кемітуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі мен халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері автотранспорт құралдарының ведомстволық бағынысына қарамастан олардың тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруда жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының диспетчерлік қызметінің ролін арттыруға және осы қызметті білікті қызметкерлермен толықтыруға шаралар қолдансын.

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының аталған диспетчерлік қызметі мен мемлекеттік автоинспекцияның

жұмысын үйлестіру жөнінде қосымша шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1984 жылдан бастап жылдық жоспарларда жүк автомобильдері бар республиканың министрліктері мен ведомстволарына дизельді отынмен жұмыс істейтін автомобильдер орындайтын тасымалдау көлемін арттыру жөнінде тапсырмалар белгілесін, автомобиль транспорты жүк айналымының жалпы көлемінде осы тасымалдаудың сыбағалы салмағын 1985 жылы 50 процентке дейін және 1990 жылы 60 процентке дейін жеткізуді ескерсін.

Сығылған табиғи газбен жұмыс істейтін автомобильдермен тасымалдауды едәуір арттыру көзделсін.

10. Автотранспорт құралдары бар министрліктер мен ведомстволардан спидометрлік жабдықтарды күтіп ұстау мен пайдалануда тиісті тәртіп орнату, әрбір автомобиль шаруашылығында олардың Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 13 июльдегі № 336 қаулысымен көзделген ережелерге қатаң сәйкес жұмыс істеуі мен көрсетулерінің дұрыстығын ұдайы бақылауды қамтамасыз ету талап етілсін.

11. Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті:

а) транспорт құралдары бар азаматтарға жанар-жағар материалдарды Алматы қаласында — 1983 жылдың 1 октябрінен, республиканың облыс орталықтары мен басқа да ірі қалаларында — 1984 жылдың 1 июлінен бастап және магистралды автомобиль жолдарында 1983—1986 жылдары тек нақты ақшаға босатуды қамтамасыз етсін;

б) өзендер мен су қоймаларында катерлер мен моторлы қайықтары бар азаматтарға жанар-жағар материалдарды олардың тұрақты орындарында орнатылатын автомобильге май құятын контейнерлік станциялар, сондай-ақ жылжымалы станциялар арқылы босатуды қамтамасыз етсін.

12. Селолық жерлерде тұратын транспорт құралдары бар азаматтарды автомобиль отынымен жабдықтауды жақсарту және колхоздардың, совхоздар мен басқа да мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың иелігіндегі жанар-жағар материалдарды өзіндік меншігі үшін пайдалану сияқты теріс практиканы жою мақсатында 1984—1987 жылдары азаматтарға нақты ақшасы үшін бензин мен жағар материалдар босату үшін селоларда автомобильге май құятын станциялардың жан-жаққа таралған жүйесі жасалуын қамтамасыз ету қажет деп танылсын.

Осыған байланысты:

а) азаматтарға жанар-жағар материалдарды босатуды ұйымдастыру жөніндегі жауапкершілік магистралды автомобиль жолдарында орналасқан селолық аудан орталықтарында — Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне, ал қалған селолық елді мекендерде Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына жүктелсін;

б) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне рыноктық қорлардан бөлінген жанар-жағар материалдарды өзінің иелігіндегі автомобильге май құятын станцияларға тұтыну кооперациясы ұйымдарымен жасасқан шарттар бойынша жеткізу, сондай-ақ осы станцияларды жөндеу мен техникалық күтім жасау жүктелсін.

13. Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен қатар халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері

де автомобильге май құятын станциялар жүйесінің дамуы үшін жауап береді.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері Украин ССР-інің тәжірибесін пайдалана отырып, автомобильге май құятын станциялар жүйесін бірінші кезекте селолық жерлерде дамытуды ескеріп, оның жүйесін ұлғайта түсу үшін шаруашылық ішіндегі ресурстарды кеңінен пайдаланатын болсын.

14. *(Екінші абзац)* Республиканың министрліктері мен ведомстволары автотранспорт кәсіпорындарының жаңаларын салуға және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құруға арналған жобалар мен сметаларда осы тұрақты пункттер мен алаңдарды салуды көздеп отырсын.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда аталған пункттер мен алаңдарды салу КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 5 августағы № 759 қаулысына сәйкес мемлекеттік күрделі қаржының лимитінен тыс кредиттелетін шаралар бір жылға дейінгі мерзімде жүргізілген және кредитті шара аяқталған күннен бастап үш жылға дейінгі мерзімде өтеген жағдайда берілетін СССР Мемлекеттік банкісінің кредиті есебінен жүзеге асырылсын. Құрылыс министрліктерінің автотранспорт кәсіпорындарына аталған кредитті СССР Құрылыс банкісі береді.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына автомобильге май құятын пункттер мен гараждардың территориясына жылжымалы май құятын станцияларды орналастыру үшін алаңдар салуға арналған материалдық-техникалық ресурстар бөлуді қамтамасыз етсін.

15. Қазақ ССР Халықтық бақылау комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, колхоздар мен совхоздардың автомобиль транспорты мен жанар-жағар материалдардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін бақылауды күшейтсін. Тасылған жүктердің көлемдеріне қосып жазуларға, автомобиль отынын талан-таражға салып, ұрлауға жол берген лауазымды адамдарды қатаң жауапқа тартып отырсын.

16. Қазақ ССР Финанс министрлігі мен Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы автомобиль транспортымен жүк тасымалдаудың орындалған көлемдері туралы деректердің дәлдігін, жанар-жағар материалдар жұмсалуының дұрыстығын, жүк жөнелтуші және жүк қабылдаушы кәсіпорындардың товар-транспорт документтері бойынша товар-материалдық байлықтарды есептен шығару мен кіріске алудың белгіленген тәртібін сақтауын, сондай-ақ тасымалдардың орындалған көлемдері туралы деректерге салыстырулар жүргізілуін бақылауды күшейтсін.

17. Қазақ ССР Прокуратурасы автомобиль транспортында социалистік заңдылықтың сақталуын қадағалауды, сондай-ақ қосып жазуларға, жанар-жағар материалдарды ұрлау мен талан-таражға салуға қарсы күресті күшейтсін.

18. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өз қызметін Қазақ ССР Прокуратурасымен үйлестіре отырып, автомобиль транспортында қосып жазулар мен жанар-жағар материалдарды ұрлау фактілерін анықтау мен тексеру жөніндегі жұмысты жандандырсын, автотранспорт құралдарының техникалық жайы мен олардың тиісті мақсатта пайдаланылуын Мемлекеттік автомобиль инспекциясы тарапынан бақылауды күшейтсін.

19. Материалдық ресурстарды үнемдеу және ұтымды пайдалану жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссияға, сондай-ақ осы орайлас салалық, облыстық және қалалық комиссияларға автомобиль транспортында жанар-жағар материалдардың жұмсалуын ұдайы бақылауды жүзеге асыру жүктелсін.

Аталған комиссиялар жанар-жағар материалдарды жұмсаудағы істің жайы туралы тиісінше Қазақ ССР Министрлер Советіне, халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне оқтын-оқтын баяндап отырсын, қажет болған ретте олардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар туралы ұсыныстар әзірлейтін болсын.

20. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері осы қаулының орындалуын ұдайы бақылауды жүзеге асырсын, автомобиль транспортының жұмысын жақсарту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейтсін, автомобиль құралдарын ұтымсыз, тиімсіз пайдалану, жанар-жағар материалдардың жұмсалуына қырсыздықпен қарау фактілерін үзілдікесілді тыйып отыратын болсын.

21. Газеттер мен журналдардың, радио мен телевизияның редакциялары жоғары нәтижелерге жетіп жүрген автотранспорт және мұнай өткізу ұйымдарының жұмысын ұдайы көрсетіп, озық тәжірибені насихаттауды мақсатты жүргізіп отырсын. Автотранспорттағы қосып жазулар мен жанар-жағар материалдарды талан-таражға салуға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда кең жариялылықты оның тиімділігін арттырудың, еңбекшілерді бұл жұмысқа белсенді қатыстырудың қажетті шарты ретінде қарайтын болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, автотранспорт және мұнай өткізу кәсіпорындарының, жүк жөнелтуші және жүк алушы кәсіпорындардың коллективтері автомобиль транспорты жұмысының тиімділігін арттыру және халық шаруашылығында транспорт шығындарын қысқарту, жүк тасымалдауда қосып жазуларды жою, жанар-жағар материалдардың сақталуы мен үнемді жұмсалуын қамтамасыз ету үшін қажеттінің бәрін істейді деп сенім білдіреді.

Қазақстан Компартиясының
Орталық Комитеті мен Қазақ ССР
Министрлер Советінің
1983 жылғы 27 сентябрьдегі
№ 390 қаулысына № 1
ҚОСЫМША

ЖҮК АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАУЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН КЕМІТУ ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ МИНИСТРЛІКТЕРІ МЕН ВЕДОМСТВОЛАРЫНА ТАПСЫРМА

(процент есебімен)

	1985 жылы 1981 жылмен салыстырғанда (есеп беру)	1990 жылы 1985 жылмен салыстырғанда
Ауыл шаруашылығы	3,5	6,5
Жалпы пайдаланудағы автомобиль транспорты	4	5
Құрылыс салу (Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, «Главалмаатастрой» және басқалар)	4	6

жалғасы

1	2	3
Ағаш және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі (Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі)	3	6
Басқа салалар (Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы)	3	5—6

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 6 марттағы № 138 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 6, 26-ст.)

1. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 6 марттағы
№ 138 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес республикалық министрлік болып табылады және ол тікелей Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге басшылық жасайды және республикада автомобиль жолдарының жай-жағдайына, оларды одан әрі дамытуға, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасына жауап береді.

2. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— өзіне тапсырылған саланы халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде жан-жақты дамыта беруді, халық шаруашылығының қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен жақсартылған автомобиль жолдары жүйесінің шапшаң қарқынмен дамуын қамтамасыз ету, автомобиль жолдарын дер кезінде сапалы жөндеп, күтіп ұстау;

— мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген тапсырмаларды орындау және мемлекеттік тәртіптің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету;

— халық шаруашылығының осы саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, жалпы мемлекеттік, республикалық, облыстық маңызы бар автомобиль жолдары мен жалпы жұрт пайдаланатын жергілікті жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін енгізуді, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштері негізінде еңбек өнімділігінің арта беруін қамтамасыз ету;

— жол-құрылыс жұмыстарының программасында белгіленген құрылыс материалдарына, темір-бетон және металл конструкцияларына деген мұқтажын толық қанағаттандыру үшін жол-құрылыс материалдары мен жабдықтарын жөндейтін кәсіпорындарды ұлғайту;

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

— күрделі қаржыны тиімді пайдаланып, оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, автомобиль жолдарын, өндірістік қуаттарын, негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен материалдарды аз жұмсай отырып, автомобиль жолдарын жоғары сапалы етіп салуды қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материал және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды қамтамасыз ету, пайда, құн, сыйлық және несие сияқты экономикалық тәсілдерді барынша толық пайдалану, электрондық-есептеу техникасын қолдана отырып, басшылық жасаудың тиімді жүйелерін енгізу, басқарудың құрылым мен ұйымдық түрлерін жетілдіру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, құрылыстар мен мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кадрларды еңбекке, мемлекеттік мүдде мен тәртіпті қатаң сақтауға коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеу, қоғамдық өндірісті дамытудың материалдық және моральдық ынталандыруды дұрыс ұштастыру және әр қызметкердің өзіне тапсырылған іс үшін және коллектив жұмысының жалпы қорытындылары үшін жауапкерлігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізу;

— жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбектің хауіпсіздігі жағдайларын туғызу;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің социалистік мемлекеттік өнеркәсіп орындары туралы Ережеде және қолданылып жүрген заңдардың басқа актілерінде белгіленген праволарды қатаң сақтауды қамтамасыз ету, олардың шаруашылық дербестігі мен инициативасын дамыта беруге барынша көмектесу.

3. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі өз жұмысында СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі министрлік жүйесінде заңдардың қолданылу практикасынан қорытынды шығарады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі:

— Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрлары негізінде жобалау, күрделі құрылыс, министрліктің басқа да жұмысы жөніндегі перспективтік және ағымдағы жоспарлардың бақылау цифрларын белгілейді және оларды өзінің қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге жеткізеді;

— Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрлары және министрліктің кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері тапсырған жоспарлардың жобалары негізінде министрлік жүйесі бойынша перспективтік және ағымдағы жоспарлардың жобаларын жасайды,

оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— министрліктің қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қатысуымен халық шаруашылығы жоспарының тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша олардың перспективтік және ағымдағы жоспарларын қарап, бекітеді, бұл жоспарлардың барлық тараулары мен көрсеткіштерін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың өздері өндірген өнімдерін өткізуге байланысты шаралар жасап, жүзеге асырады, сондай-ақ мүдделі органдардың ұсыныстарын ескере отырып, халық шаруашылығы жоспарында қарастырылмаған номенклатура бойынша министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың өнім өндіру көлемін белгілейді;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің перспективтік және ағымдағы жоспарлардың жобаларын жасау жұмысын ұйымдастырады, бұл жоспарлардың жобаларын әзірлеу жөнінде методикалық нұсқаулар береді және кәсіпорындардың техникалық, өнеркәсіп-финанс жоспарларының формаларын бекітеді;

— белгіленген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізатты, отынды, материалдарды жұмсау және запас нормаларын, электр энергиясын өндірістік және пайдалану мұқтаждарына жұмсау нормаларын жасап, бекітеді, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер бекітетін нормативтер мен нормалардың тізбегін белгілейді және бекітілген нормативтер мен нормаларды енгізуді қамтамасыз етеді;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың өнімі мен көрсеткен қызметінің бағалары мен тарифтерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітеді немесе бекітуге табыс етеді, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің бағалар мен тарифтерді дұрыс қолдануына бақылау жасайды.

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде, алғашқы есеп алу жұмысын ұйымдастырады, олар үшін алғашқы есеп формаларын бекітеді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есептерді қабылдайды, есеп жұмыстарын орталықтандыру, есеп алудың прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі шараларды жүргізеді;

— осы саланың өнім өндіруде және шығаруда қол жеткен техникалық-экономикалық дәрежені талдау және бағалау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді, ғылыми және техникалық жетістіктерді барынша тиімді пайдалану жолдарын белгілейді, отандық және шет елдік ғылым мен техника негізінде осы саланы дамытудың техникалық дәрежесінің жоғары болуын қамтамасыз етеді;

— министрлік жүйесіндегі ғылыми-зерттеу мекемелері мен жобалау-конструкторлық ұйымдардың жұмысына басшылық жасайды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жоспарлауды, ұйымдастыруды жетілдіру және олардың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктері мен халық шаруашылығының талаптарына жауап беретін өнімнің жаңа түрлерін жасап, өндіріске енгізуді, сондай-ақ өндірісті ұйымдастырудың жоғары тиімді технологиялық процестері мен әдістерін жасап, енгізуді қамтамасыз етеді, өндірісті, құрылысты комплексті механикаландыру және автоматтандыру, экономикалық жағынан неғұрлым үнемді материалдар мен шикізатты пайдалану шараларын іске асырады;

— ғылыми және ғылыми-техникалық информацияны ұйымдастыра-

ды, сала бойынша белгіленген тәртіп бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық әдебиет дайындап, бастыруды қамтамасыз етеді;

— министрлік жүйесіндегі ұйымдар мен кәсіпорындарда өнер тапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісін басқарады, өнер тапқыштар мен рационализаторлардың жұмысына көмек көрсетеді, өнер тапқыштық, техникалық жетілдіру және рационализаторлық ұсыныстар саласында тәжірибе алмасуды ұйымдастырады, олардың өндіріске енгізілуін қамтамасыз етеді;

— автомобиль жолдарының, өндірістік объектілердің, азаматтарға арналған үйлер мен ғимараттардың күрделі құрылысын жүргізеді, күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын, жаңа құрылысты тиімді орналастыруды, күрделі қаржыны автомобиль жолдарын салуға және қазір жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарды техникамен жаңадан жарақтандыруға бірінші кезекте жұмсауды, пайдалануға берілетін құрылыстарға күрделі қаржыны шоғырландыруды және аяқталмаған құрылыс санын азайтуды қамтамасыз етеді;

— жаңа автомобиль жолдарын салу, қазіргі кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды реконструкциялау және ұлғайту жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелері мен тапсырмаларын жасап, бекітеді, сондай-ақ келесі жылдардың құрылысы үшін белгіленген тәртіп бойынша жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін жасап, бекітеді;

— күрделі құрылысқа арналған жабдықтардың заказдарын бөлінген қорлар мен қаражатқа сәйкес өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға орналасуына бақылау жасайды, сондай-ақ құрылыстағы ішкі ресурстарды жұмылдыруға шаралар белгілеп, олардың орындалуына бақылау жасайды;

— автомобиль жолдарын, өндірістік қуаттарды, негізгі қорларды дер кезінде іске қосуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ өзінің міндеттері шегінде салынып біткен автомобиль жолдарын, кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссиялар құрады, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді, сметалық финансстық жинақ есептерді жабу туралы шешім қабылдайды;

— жабдықты модернизациялау, оның техникалық дәрежесі мен өнімділігін арттыру, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық, пайдалану жағдайларын жақсарту жұмыстарын қамтамасыз ете отырып, негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады; жөндеу жұмысының сапасын жақсарту, оны арзандату шараларын жүзеге асырады;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, шикізат, отын, жабдық, басқа да материалдық ресурстар жөніндегі қажетін анықтайды, министрлікке бөлінген материалдық ресурстарға иелік жасайды; материалдық-техникалық жабдықтау жоспарының орындалуын, материалдық ресурстардың дұрыс жұмсалуын, сондай-ақ министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің өнім өткізу шарттарын дер кезінде жасауын бақылап отырады;

— министрлікке бөлінген шикізат, отын, жабдық тағы басқа материалдық ресурстардың қорларын өз жүйесіндегі кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге таратып береді, сондай-ақ өндірістік программа мен күрделі құрылыс жоспарының орындалуын және асыра орындалуын есепке ала отырып, қажетті жағдайларда аталған қорларды қайта бөледі;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің шикізатты, отынды, жабдықты, тағы басқа материалдық ресурс-

тарды дұрыс сақтап, пайдалануды қамтамасыз етуін ұйымдастырады, басы артық және пайдаланылмаған материалдық ресурстарды қажетке жаратуға шаралар қолданады;

— материалдарды, шикізатты, отынды үнемді жұмсаудың, өндірістік шығынды азайтудың, өндіріс қалдықтары мен екінші рет пайдаланылатын шикізатты пайдаланудың шараларын, материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған басқа да шараларды жасап, жүзеге асырады;

— шаруашылық есепті нығайтудың, рентабельділікті арттырудың министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың қорларын барынша көбейтудің, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк несиелерін тиімді пайдаланудың шараларын іске асырады және министрлік жүйесіндегі финанс ресурстарын пайдалануға бақылау жасайды;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржысының сақталуын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, өнім өткізушімен, мердігер ұйымдармен, банктермен дер кезінде есеп жасасуды, сондай-ақ күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуді, финанс жоспарларында белгіленген басқа да мақсаттарды қаржыландыруға арналған меншікті қаржыларды кәсіпорындардың, ұйымдардың аударып отыруын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша жаңа техниканы игеру қорын, жаңа техниканы жасап, өндіріске енгізгені үшін сыйлық қорын, орталықтандырылған басқа да қорларды, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге финанс көмегін көрсету үшін резерв жасайды;

— банк мекемелерімен бірлесе отырып, төлемдерді тездетуге, айналым қаржысының орамдылығына, төлем тәртібін нығайтуға көмегі тиетін есеп айырысудың барынша үнемді, прогрестік формаларын енгізуді ұйымдастырады; министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелердің өзара қарыздарын есептеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады;

— министрлікке бағынатын бас басқармалардың, басқармалардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың бөлімдерінің есептері мен баланстарын бекітеді, министрліктің, өндіріс-шаруашылық жұмысының барлық түрлері бойынша ағымдағы және жылдық бухгалтерлік есептері мен баланстарын жасайды, сондай-ақ министрліктің ұйымдарында, кәсіпорындарында, мекемелерінде документтік тексеруді ұйымдастырады, алғашқы документация жасауды және алғашқы есеп алуды одан әрі оңайлату, қысқарту, жетілдіре беру, есептеу техникасының жаңа құралдарын кеңінен енгізу шараларын жүзеге асырады;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды ұйымдастырады; қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін дұрыс пайдалану үшін жағдайлар жасайды;

— осы салада еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын белгілейді, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде еңбекті және басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу жұмысына басшылық жасайды;

— кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, еңбек өнімділігін одан әрі арттыру, құрылыс-монтаж, жөндеу жұмыстары мен өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын арзандату жөнінде жұмысшылардың, инженер-техниктердің, қызметшілердің творчестволық инициативасын дамытуға бағытталған социалистік жарысты ұйымдастырады;

— мүлтіксіз қызметімен көзге түскен қызметкерлерді «Құрметті жолшы» значогымен және «Социалистік жарыстың озаты» значогымен наградтайды;

— белгіленген тәртіп бойынша қоғамдық ұйымдардың қатысуымен актив жиналыстарын өткізіп тұрады, оларда партия мен үкімет шешімдерін орындау шаралары туралы баяндамалар, жол құрылысының маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады;

— еңбекшілердің хаттарына (шағымдары мен арыздарына) мезгілінде және ұқыпты қарауды ұйымдастыра отырып, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысындағы еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

— өзіне бекітілген еңбек жоспарының (бюджеттік қаржының) шегінде белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді құрады және ажыратады.

5. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігін министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды, ал сессия аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кейіннен бекітуіне ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министр орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі бөліп береді.

6. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында министр (председатель) және министрдің орынбасарлары, сондай-ақ министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

7. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына тікелей жауап береді, министрдің орынбасарларының, министрліктің басқа да бөлім бастықтары мен басшыларының, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысы үшін жауапкерлік дәрежесін белгілейді.

8. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі өз міндеттері шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары негізінде және соларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі, қажет болған жағдайда, Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволары басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

9. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіп отыратын мәжілістерінде жол құрылысын өркендетудің негізгі мәселелерін, министрлік жұмысының, басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, даярлау

және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, министрліктің бас басқармаларының, басқармалары мен бөлімдерінің, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің баяндамалары мен есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері әдетте министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас туған жағдайда министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

10. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, осы салада негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, отандық, шет елдік ғылымның, техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөніндегі ұсыныстарды жасау үшін Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінде ғалымдардан, ірі мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын, ол туралы Ережені Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі бекітеді.

11. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасындағы шаруашылық мәселелеріне байланысты туған дау-шарларды қарау үшін арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі шығарған шешімдерін ықтиярсыз орындату жөнінде бұйрық шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы Ережені Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрі бекітеді.

12. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің құрылымын және оның орталық аппараты қызметкерлерінің санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесі, сондай-ақ министрліктің бас басқармалары, басқармалары және бөлімдері туралы ережелерін белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Автомобиль жолдары Министрі бекітеді. Бас басқармалар, басқармалар мен бөлімдер туралы ережелерде олардың министрліктің міндеттері шегіндегі уәкілділігі анықталады.

13. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ӨНДІРІСТІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 14 декабрьдегі № 510
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 2, 8-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары өндірістік басқармасы туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

КОЛХОЗДАРДЫҢ, СОВХОЗДАРДЫҢ, ӨНЕРКӘСІП, ТРАНСПОРТ, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ БАСҚА ҚӘСІПОРЫНДАР МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН САЛУҒА ЖӘНЕ ЖӨНДЕУГЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1969 жылғы 4 апрельдегі
УКАЗЫ

(1980 ж. 17 октябрьдегі Указының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44, 95-ст.)

СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Колхоздардың, совхоздардың, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және басқа кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының автомобиль жолдарын салуға және жөндеуге қатысуы туралы» 1958 жылғы 26 ноябрьдегі Указына [1] сәйкес халық шаруашылығының және халықтың автомобиль тасымалына деген мұқтаждарын неғұрлым толық қанағаттандыру, транспорттың өндіріс шығындарын қысқарту және автомобиль транспортын пайдалану тиімді-

[1] СССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1958 ж., № 34, 415-ст.

лігін арттыру үшін жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салуды тездету және оларды күтіп ұстауды жақсарту мақсатымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Колхоздардың, совхоздардың, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және басқа кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының, олардың кімге бағынатынына қарамастан, жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға қатысуы міндетті және тегін болып табылады деп белгіленсін.

2. Осы Указдың 1-статьясында көрсетілген ұйымдар мен кәсіпорындардың жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға қатысу көлемі былайша белгіленеді:

а) колхоздар, совхоздар, орман шаруашылықтары, ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары, эксперименттік шаруашылықтар, колхозаралық ұйымдар, аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестіктері және өзге де мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары үшін — осы шаруашылықтардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қарамағындағы тізімдегі әрбір жүк автомобиліне, тракторға, экскаваторға, тиеуші кранға, жер қазатын, құрылыс, жол машинасына тіркемелі жол — құрылыс механизміне жылына 5 күндік норма, бірақ кемінде олардың жалпы өнімінің жылдық көлемінің 0,5 процентін орындау;

б) өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және басқа мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдары (дайындау, сауда жасайтын және жабдықтау-өткізу ұйымдарынан басқа) үшін — осы кәсіпорындар мен ұйымдардың қарамағындағы тізімдегі әрбір жүк автомобиліне, тракторға, экскаваторға, тиеуші кранға, жер қазатын, құрылыс, жол машинасына және тіркемелі жол-құрылыс механизміне жылына 4 күндік норма орындау. Егер өнеркәсіп және басқа мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдары жол жұмыстарына ақшалай жарна қосу жолымен қатысатын болса, онда бұл мақсаттарға жұмсалған шығындар өнім өндіру көлемінің атқарылған жұмыстың немесе осы кәсіпорындар мен ұйымдар көрсететін қызметтің 0,3 процентінен аспауы тиіс, ал сауда жасайтын ұйымдар үшін олардың жылдық бөлшек товар айналымының (қоғамдық тамақтандыруды қоспағанда) 0,02 про-

центі және көтерме товар айналымының 0,01 проценті мөлшерінде, дайындау, жабдықтау-өткізу ұйымдары үшін — олардың жылдық қойма айналымының 0,02 проценті және транзиттік айналымының 0,01 проценті мөлшерінде анықталады.

3. Осы Указдың 2-статьясында аталған өз транспорты, құрылыс, жол машиналары мен механизмдері жоқ кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдары жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға тиісті кәсіпорындар мен ұйымдар үшін белгіленген нормалар бойынша ақшалай қатысады.

4. Жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға кәсіпорындар мен ұйымдардың натуралдық және ақшалай қатысу көлемін оларды жол жұмыстарына қатыстыру аймағын, жұмыстардың орындалу және жол жұмыстарына тікелей қатысу орнына ақша қаражатын аудару мерзімдерін, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және басқа кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының жұмыс орнын халық депутаттарының аудандық Советтері атқару комитеттерінің ұсынуы бойынша халық депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді.

Жол жұмыстарына қатысу жөніндегі тапсырмалар жыл басталардан екі ай бұрын жұмысты орындаушылардың есіне салынады.

Алматы қаласында және облыстық бағыныстағы қалаларда тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың жол жұмыстарына қатысу жоспарын халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың жол жұмыстарына қатысатын еңбек, ақша және материлдық-техникалық ресурстарын ұтымды пайдалану және құрылыстың үнемді тәсілдерін кеңінен енгізу мен автомобиль жолдарын жетілдірілген төсеніштер үлгісімен жөндеу мақсатында әрбір шаруашылықтың жергілікті жолдарды (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға натуралдық және ақшалай қатысу көлемін анықтаған кезде кәсіпорындар мен ұйымдар жол жұмыстарын жүргізгенде қолда бар техникасын пайдалануға мүмкін және тиімді болатын жол жұмыстарын тікелей орындайтыны ескертілсін, ал олардың жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға қатысуының қалған көлемі оның құнымен белгіленіп, бұлар ақша қаражатын жол салу жұмыстарын орындау үшін мамандандырылған жол ұйымдарына аудару арқылы қамтамасыз етіледі.

Шаруашылық ішіндегі жолдарды, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы жолдардан кәсіпорындар мен ұйымдарға баратын кірме жолдар болып табылатын автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу және күтіп ұстау осы Указбен белгіленген жол жұмыстарына қатысудан тыс сол кәсіпорындар мен ұйымдарға жүктеледі.

5. Жол жұмыстарының белгіленген көлемін кәсіпорындар мен ұйымдардың тікелей орындауы үшін барлық қажетті машиналар мен механизмдерді, жабдық пен транспорт құралдарын осы кәсіпорындар мен ұйымдар жүргізушілерімен және қызмет көрсететін адамдарымен бірге бөледі әрі осы ұйымдардың қорынан және солардың есебінен жанаржағар май материалдарымен, тағы басқаларымен қамтамасыз етеді.

6. Жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға міндетті түрде қатысудан босатылатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің

тізбегін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісілген Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

7. Кәсіпорындар мен ұйымдар жол жұмыстарына жұмсалатын ақшалай қаражаттарын белгіленген мерзімдерде аударудан жалтарған ретте, бұл қаражаттар даусыз түрде өндіріліп алынады.

Жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға тікелей қатысу жөніндегі тапсырмаларды белгіленген мерзімдерде орындамаған ретте халық депутаттарының облыстық және аудандық Советтері атқару комитеттерінің шешімдері бойынша колхоздардан, совхоздардан, кәсіпорындардан және басқа шаруашылық ұйымдарынан орындалмаған жұмыс көлемі құнының 50 проценті даусыз түрде өндіріліп алынады. Жол жұмыстарына қатысудан жалтарғаны үшін ақша қаражатын өндіріп алу кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарын жол жұмыстарының белгіленген көлемін орындаудан босатпайды.

8. Жол жұмыстарына қатысудан жалтарғаны үшін өндіріліп алынған, сондай-ақ жол жұмыстарына натуралдық қатысудың орнына алынған ақша қаражаты жол органдарының арнаулы счеттарына түседі және жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға жұмсалады. Ағымдағы жылы пайдаланылмаған қаражат келесі жылы аталған мақсаттарға жұмсалады.

9. Мыналарға мынадай право берілсін:

Қазақ ССР Министрлер Советіне жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарынан түсетін қаражаттың бір бөлігін автомобиль жолдарының жүйесі нашар дамыған облыстарға бағыттай отырып, облыстар арасында қайта бөлуге;

халық депутаттарының облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға кәсіпорындар мен ұйымдардың машиналары мен механизмдерін осы Указға сәйкес белгіленген жол жұмыстары көлемінен тыс қосымша қатыстыруға право берілсін. Бұл ретте жол органдары кәсіпорындар мен ұйымдарға орындалған жұмыстардың сметалық құны бойынша машиналар мен механизмдерді пайдаланғаны үшін шығындарын өтейді, ал жүк тасымалдау үшін қосымша қатыстырылатын автомобиль транспортын пайдаланған ретте, тасымалдар жөнінде қолданылып жүрген бірыңғай тарифтерге сүйеніп есеп айырысады.

10. Халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне кәсіпорындар мен ұйымдар осы Указға сәйкес экономикалық және әлеуметтік даму жоспарында белгіленген мемлекеттік күрделі қаржылар көлемі шегінде жол жұмыстарына арнап бөлетін қаржыларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жол ұйымдарының қажетті бірыңғай өндірістік базаларын құруға және жол қызметі қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға жұмсауға рұқсат етілсін.

11. Экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспары бойынша өнеркәсіп пен құрылыстың аса маңызды салаларын өркендетуге арналған күрделі қаржылар мен материалдық ресурстар жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға пайдаланылмауға тиіс.

12. Жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса)

салу, қайта салу, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру, осы Указға сәйкес орындалатын жол жұмыстарының сапасын бақылау, оны қабылдап алу және есеп жүргізу халық депутаттарының аудандық, облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне, облыстық тас жолдар басқармаларына және жергілікті жол ұйымдарына жүктеледі.

Жергілікті автомобиль жолдарын (облыстық жолдарды қоса) салуға, қайта салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға техникалық басшылықты Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, облыстық тас жолдар басқармалары және жергілікті жол ұйымдары жүзеге асырады.

ЖЕРГІЛІКТІ (ОБЛЫСТЫҚТЫ ҚОСА) АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН САЛУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ЖӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ КҮТІП-ҰСТАУҒА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСУДАН БОСАТЫЛАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕГІ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 9 январьдағы № 6 жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

1. Мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қаржылар есебінен ұсталатын ұйымдар мен мекемелер.

2. Ойын-сауық кәсіпорындары (кинодан басқа), спорттық және қоғамдық ұйымдар (тұтыну кооперациясының ұйымдарынан басқа).

3. Санаторийлер, демалыс үйлері, пансионаттар, профилакторийлер мен пионер лагерьлері.

4. СССР Мемлекеттік банкісінің, СССР Құрылыс банкісінің және СССР Мемлекеттік сақтандыру мекемелері.

5. Шаруашылық есепке көшірілген министрліктер мен ведомстволардың орталық аппараты.

6. Негізгі қызметі бойынша тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық, сондай-ақ қалалық электр транспортының (автотранспорт, өнеркәсіп, жөндеу-құрылыс, жобалау және жабдықтау кәсіпорындары мен ұйымдарынан басқа) кәсіпорындар мен ұйымдар.

7. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды жүзеге асырушы ұйымдар.

8. Өздерінің негізгі қызметі бойынша байланыс кәсіпорындары мен ұйымдары (транспорт, өнеркәсіп, құрылыс, жабдықтау және жобалау кәсіпорындары мен ұйымдарынан басқа).

РЕСПУБЛИКАНЫҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫМЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 2 октябрьдегі
№ 369 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: республикада автомобиль транспортымен жүк тасымалдау едәуір өсіп отыр. Жолдарда ұйымдастыры-

[1] 2-пункттің жетінші абзацы, 3, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

латын қарулы ныққа салу жүйесі бойынша, соның ішіндегі жүкті «есіктен-есікке» әдісімен жеткізетін ұдайы жүк тасымалдау жүзеге асырылатын тұрақты жұмыс істейтін маршруттардың жүйесі ұлғаюда, мұның өзі жүк тасымалдауды жеделдетіп, оның сақталуын қамтамасыз етеді, автомобильдердің бос жүрістерін, артық жүк тасу операцияларын мүлде азайтады және халық шаруашылығының транспорт шығындарын едәуір кемітеді.

Сонымен бірге автомобиль транспортымен жүк тасымалдауды ұйымдастыруда кемшіліктер орын алып отыр. Қалааралық қатынастарда жалпы пайдаланудағы автотранспортпен орталықтандырып жүк тасымалдау баяу дамуда. Бұл тасымалдауларда іс жүзінде барлық министрліктер мен ведомстволардың иелігіндегі мыңдаған жүк автомобильдері пайдаланылады, олардың едәуір бөлігі жүксіз зырылдайды. Мұндай автомобильдердің бостекі жүрістеріне көптеген жағар материалдар рәсуа боп жұмсалады. Кейбір жолдарда салынған, сапарлас бағыттағы бос автомобильдерге жүк тиеу жүктелген бақылау-диспетчерлік пункттер іс жүзінде жұмыс істемейді.

Жүктерді алыс қашықтықтарға тасымалдауға қатысатын автомобильдердің көпшілігі осындай тасымалдауларға бейімделмеген, сондықтан да тиімсіз пайдаланылады. Көптеген жүргізушілер автомобильдерге екі бағытта да жүк тиеу жөнінде нақты тапсырмалар алмайды, олардың еңбегін ұйымдастыруға қажетті көңіл бөлінбейді.

Облыс орталықтары, селолық және өнеркәсіптік аудандар арасында жүк тасымалдауда көбінесе қажетті жоспарлылық жоқ, мұның өзі бостекі жүрістерді көбейтіп, автомобильдердің жүк тиеуді күтіп көп уақыт бос тұруына әкеп соғады.

Жалпы пайдаланудағы қалааралық мамандандырылған автомобиль кәсіпорындары жеткіліксіз дамуда, жақын қашықтыққа жүк тасымалдауларды темір жолдан автомобиль транспортына аудару жөнінде қолда бар мүмкіндіктер толық пайдаланылмайды.

Кейбір облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын автомобиль транспортын пайдалану тиімділігін арттыру және жүргізушілер құрамы арасында тәртіпті нығайту жөнінде талап қоюды нашарлатып жіберді, соның салдарынан жүк тасу мүмкіндіктері мен материалдық ресурстардың едәуір ысырап болуы орын алып отыр, кәсіпорындар мен ұйымдардың орынсыз мол транспорт шығындарына, машиналардың мерзімінен бұрын қатардан шығуына және көбінесе кісі өлімімен аяқталған көптеген жол-транспорт оқиғаларына жол берілді.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің осы мәселе жөніндегі нұсқауларын басшылыққа ала отырып Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, республиканың жүк автомобильдері бар басқа да министрліктері, ведомстволары мен кәсіпорындары автомобиль жолдарымен жүк тасымалдауды ұйымдастыруды түбірімен жақсарту қажеттігіне орай осындай жүк тасымалдауға жүк автомобильдерін пайдалануды тәртіпке келтіруге, қалааралық жүк тасымалдауға жалпы пайдаланылатын автотранспорттың ролін едәуір арттыруға, 1980 жылдан бастап, бірте-бірте ірі қалалар мен республиканың өнеркәсіп орталықтарының арасындағы ұзақ қашықтыққа жүк тасымалдау бір орталықтан негізінен жалпы пайдаланылатын автотранспортпен, екі бағытқа да жүк алып жүретін, көп жүк тарта-

тын автопоездармен орындалатын болатындай шаралар қолдануға назар аударсын.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі автомобиль жолдарымен жүк тасымалдауды ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі нақты шараларды жете тексеріп, іс жүзіне асырсын. Ол үшін мына жағдайлар қамтамасыз етілсін:

жүк тасымалдауға автомобиль тіркемелерін, жартылай тіркемелерін, контейнерлерді, табандықтарды кеңінен қолдану және жылжымалы составтардың жұмыссыз тұрып қалуын және олардың бос қайтуларын барынша қысқарту;

қалааралық қатынастағы, тәртіп бойынша, сағаттық график және тиімді маршрутпен жүк тасымалдайтын арнайы жаңа да ірі автокәсіпорындары құрылсын және қазіргі кездегілерін нығайту;

жүк автостанциялары жүйелері, контейнер алаңдары, ірі қоймалар, жүкті топқа бөлуге және қайта ыңғайлауға қабылдайтын механикаландырылған комплекстер, күзетілетін тоқтамдар және жылжымалы составтарды техникалық қамту станциялары, сондай-ақ транспорттардың бос қайтуларын, қосымша тасымалдау мен басқа да тиімсіз тасымалдауды қысқарту мақсатымен автомобиль жолдарындағы автомобиль қозғалысын ұйымдастыру жүктелетін арнаулы диспетчерлік орталықтарды одан әрі кеңейту;

Алматы қаласына және басқа да қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына овощ және картоп өнімдерін контейнерлермен егіс басынан тікелей сақтау базаларына, қайта өңдейтін және оны халыққа сататын пункттерге жеткізетін бір орталықтан тасымалдау көлемін ұлғайту;

халық шаруашылығы кәсіпорындары мен мекемелеріне комплексті транспорттық қызмет көрсетуді кеңінен енгізу.

4. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына:

ведомстволарға қарасты кәсіпорындар мен мекемелерге жалпы пайдаланылатын автомобиль транспортымен қалааралық жүк тасымалдауды одан әрі өрістету үшін жүкті екі-үш сменамен, демалыс және мереке күндері қабылдау және жөнелту, тиеу және түсіру алаңдары мен оларға кіріс жолдарын жақсы жабдықтау, тасымалдауға контейнерлерді, табандықтарды кең қолдана отырып, тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру жолымен жағдай жасалсын;

автомобиль жолдарымен бос кетіп бара жатқан ыңғайлы бағыттағы барлық жүк автомобильдеріне жүк тиеуді қамтамасыз ететін шаралар қолданылсын.

5. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Казглавнефтеснабқа, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және облыстық атқару комитеттеріне қалааралық автомобильдермен үнемі жүк тасылатын автомагистральдарды, олардың өткізу мүмкіндігін және жол хауіпсіздігін арттыру мақсатымен, күтуді жақсартуға, автомобиль жолдарында автотранспорттың өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды жасауға, автомобильдерге май құятын станциялары жүйесін, жүргізушілер мен жолаушыларға қызмет көрсететін жол үстіндегі қонақ үйлері мен тамақтандыру пункттерін кеңейтуге шаралар қолдану тапсырылсын.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі бақылау-диспетчерлік пункттері мен Мемлекеттік автомобиль инспекциясы постыларының автомобиль жолдарымен кетіп бара жатқан ыңғайлы бағыттағы ведомстволық автомобильдерге жүк тиеуді қамтамасыз етудегі жұмыстарының кемшіліктерін түзетуге шаралар қолдансын.

9. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен халық де-

путаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттері автомобиль транспорттары жұмыстарына, автомобиль жолдарымен жүк тасуды ұйымдастыруды жақсартуға, автотранспорт кәсіпорындары коллективтерінде тәртіпті нығайтуға және тәрбиелік жұмыстардың деңгейін көтеруге бақылауды күшейтсін.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері автотранспорт кәсіпорындарының бастауыш партия ұйымдарына ұйымдастыру және саяси-тәрбиелік жұмыстарды жақсартуға, автотранспорт жұмыстарының тиімділігі мен сапасын көтеруге және тасылатын жүктің жеткізілуін тездетуге, жүргізушілердің транспорт құралдарын жоғары тиімділікпен пайдалануды және авариясыз жұмыс істеуді қамтамасыз ететін озат тәжірибелерін кең таратуға көмек жасасын.

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 26 декабрьдегі
№ 649 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 1, 5-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1972 жылғы 26 декабрьдегі № 649
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметі Қазақ ССР территориясында Қазақ ССР автомобиль транспорты Уставынан туатын талаптарды Қорғаныс министрлігінің, СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті мен СССР Ішкі істер министрлігінің автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарынан басқа жалпы пайдаланудағы автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының, министрліктері мен ведомстволардың автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының орындауын бақылауды жүзеге асырады.

2. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметінің негізгі міндеттері мыналар:

— жүктерді, жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының, сондай-ақ автомобиль транспортының жүрістегі составын пайдалануды реттейтін басқа қағидалар мен ережелердің сақталуын бақылау;

— бағыттас бос автомобильдерге жүк салу ережелерінің орындалуын тексеру;

— автомобиль транспорты кәсіпорындары мен ұйымдарының жүрістегі составты өз мақсатына сәйкес дұрыс пайдалануын бақылау;

— орындалған жұмыс көлемдерін есептеудің, автобензинді жұмсаудың, ақшалай табысты жинап, өткізудің, жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдағаны үшін ақы алудың автомобиль транспортында белгіленген тәртібінің сақталуын бақылау.

3. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметі:

— жалпы пайдалану маршруттарындағы автомобиль транспортының, оның қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, жұмысын тексеруді ұйымдастырады, тексеру материалдарын қорытады және тиісті кәсіпорындар мен ұйымдарға ашылған кемшіліктерді 10 күн мерзімнен кешіктірмей жою жөнінде өз компетенциясы шегінде міндетті нұсқаулар береді;

— линиядағы автомобильдер жұмысын тексереді және Қазақ ССР автомобиль транспорты Уставын бұзушылықты тапқан ретте актілер жасайды, жол және билет-есептеу қағаздарына белгілер соғады, ал ерекше реттерде оларды алып қояды және автомобильдерді линиядан шығарады;

— жолаушылар таситын автомобиль транспортында билетсіз жүрген азаматтарға белгіленген тәртіп бойынша штраф салады;

— автомобиль транспортымен жүктер, жолаушылар, багаж тасымалдау жөніндегі тарифтердің және тарифтерді қолдану ережелерінің сақталуын, сондай-ақ автомобиль транспортының кәсіпорындары орындайтын басқа да жұмыстар мен көрсеткен қызметтер үшін алым алудың дұрыстығын бақылайды;

— жүктерді тасымалдау мен жолаушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі құрал-тетіктер мен құрылыстардың жайын және күтіп ұсталуын тексереді;

— автомобиль транспорты орындаған жұмысты есепке алатын транспорт документтерінің дұрыс ресімделуін тексереді;

— автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының билет кассаларында билеттер мен квитанциялардың дұрыс сақталуын, есепке алынуын және жұмсалуын тексереді;

— Қазақ ССР автомобиль транспорты Уставы талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқауларды, сондай-ақ бақылау-тексеру қызметінің қызметкерлері үшін қызметтік нұсқауларды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

— бақылау-тексеру қызметінің бөлімдері мен топтарының озық тәжірибесін таратуды және осы қызмет қызметкерлерінің мамандығын арттыруды ұйымдастырады;

— тексерулерге Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің орталық аппаратының, автомобиль транспорты басқармаларының, автотрестердің, автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының мамандарын, қоғамдық бақылаушылар мен кәсіподақ және комсомол ұйымдарының активін осы ұйымдардың келісуі бойынша, белгіленген тәртіппен қатыстырады;

— автомобиль транспортының жұмысындағы кемшіліктер және жолаушыларды, жүктер мен багажды тасымалдағаны үшін ақыны дұрыс алмағаны туралы азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қарайды.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың бақылау-тексеру қызметінің құрылымын Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрі белгілейді.

5. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметінің қызметкерлері жұмыстағы міндеттерін орындау кезінде жалпы пайдаланудағы автобустарда тегін жүруге праволы.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметінің өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

§ 5. БАЙЛАНЫС

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылы 22 мартта ҚАБЫЛДАҒАН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14)

147—151-статьялар

ҚАЗАҚ ССР БАЙЛАНЫС МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 30 майдағы
№ 347 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 11, 54-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Байланыс министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 30 майдағы № 347
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР БАЙЛАНЫС МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Байланыс министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және ол өз жұмысында Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Байланыс министрлігіне бағынады.

---

[1] 12-томның 179-бетін қараңыз.

[2] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі республикада жалпы пайдалануға арналған, почта, телеграф, радио байланыстарына, радио хабарын таратудың, радиоландырудың, телевизияның техникалық құралдарына және мерзімді баспасөздің таралуына басшылық етеді.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі республикадағы жалпы пайдалануға арналған байланыстың барлық түрлерінің, радио хабарларының, радиоландырудың, телевизияның техникалық құралдарының қазіргі жай-жағдайына және оларды онан әрі дамытуға, мерзімді баспасөздің таралуына, байланыс саласында ғылыми-техникалық прогресс үшін, жоғары сапалы байланыс қызметі мен құралдарына деген республика қажеттерін неғұрлым толық және үздіксіз қанағаттандыруға жауап береді.

2. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— республика халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде халықтың, халық шаруашылығының және елімізді қорғау ісінің жалпы пайдалануға арналған байланыстың барлық түрлеріне деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін оларды жан-жақты дамытуды қамтамасыз ету;

— мерзімді баспасөзді таратуды, жөнелтуді, тасымалдауды және иесіне тапсыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген тапсырмаларды орындау және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау;

— қоғамдық еңбекті неғұрлым аз жұмсай отырып, байланыс құралдарының дәл, үзіліссіз жұмыс істеуін және мерзімді баспасөзді тарату, қызмет көрсетудің мәдениетін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту жөніндегі жұмыстардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

— байланыс құралдарын жасауда және онан әрі дамытуда бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін өндіріске енгізу, жұмыстың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және салу мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды өндіріске енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзінөзі көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— Министрлік жүйесіндегі қызметкерлердің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз ету.

3. Қазақ ССР Байланыс министрлігі, оның қарамағындағы облыстық өндірістік-техникалық байланыс басқармалары, радио релесі магистральдарының басқармалары, телеграфтар, почтамттар, радио орталықтары, қала аралық және қалалық телефон станциялары, «Союзпечать» ұйымдары, басқа да барлық кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер Қазақ ССР Байланыс министрлігінің жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Байланыс министрлігі өз жұмысында СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Байланыс министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік

актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемлерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

5. Қазақ ССР Байланыс министрлігі республикада өзіне тапсырылған жұмыстың саласына әдетте облыстық өндірістік-техникалық басқармалар арқылы басшылық етеді және министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарды басқарады.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі өз жұмысын тапсырылған жұмыс учаскелеріндегі істің жайына және белгіленген тапсырмалардың орындалуына қызмет адамдарының жауапкершілігін дәл белгілей отырып, өндіріс саласын басқару жөніндегі барлық мәселелерді талқылап, шешуде коллегиялық пен жеке басшылықты ұштастыру негізінде ұйымдастырады.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Байланыс министрлігі:

— мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен еліміздің бірыңғай автоматтандырылған байланыс жүйесіне сәйкес республикада электр байланысының, радиохабарының, радиоландырудың және телевизияның автоматтандырылған жүйесін дамытудың схемаларын, сондай-ақ Министрліктің жылдық және перспективалық жоспарларын жасайды, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Байланыс министрлігіне табыс етеді;

— көпшілікке арналған байланыс құралдарын пайдалануды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіп бойынша басқа министрліктердің, ведомстволардың, жекелеген кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, азаматтардың қарамағындағы байланыс құралдарының пайдаланылуына бақылау жасайды;

— ведомстволық бағыныштылығына қарамастан республиканың барлық кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің СССР байланыс Уставының талаптарын орындауына бақылау жасайды;

— келісу үшін берілген, бірыңғай автоматтандырылған байланыс жүйесіне кіретін байланыс жабдықтары жөніндегі жобалау тапсырмаларын белгіленген тәртіп бойынша қарайды;

— өнертапқыштық және рационализаторлық жұмысты басқарады, жаңа техниканы, өнер табыстарын, жетілдірілген техникалық жетістіктерді енгізу жөніндегі, өндіріс процестері мен есептеу жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады, өз қарамағындағы кәсіпорындардың мемлекеттік стандарттарды және ведомстволық техникалық шарттарды орындауын қамтамасыз етеді; электр энергиясына, отынға, материалдарға жұмсалатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды белгілейді және оның орындалуына бақылау жасайды; техникалық информация, насихат жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді;

— жаздырып алатын мерзімді баспасөзді тарату, жөнелту, иесіне табыс ету және оны «Союзпечатьтың» бөлшек сауда жүйесі арқылы сату жұмыстарын ұйымдастырады; республикада филателия ісін ұйымдастыру шараларын жүзеге асырады;

— белгіленген тәртіп бойынша радио жиілігін белгілеуді және радио станцияларын сатып алу, пайдалану жөнінде республиканың министрліктеріне, ведомстволарына, кәсіпорындарына, мекемелеріне, ұйымдарына рұқсаттар берілуін қамтамасыз етеді; радио хабарын беретін станциялардың, радио жиілігін пайдаланылуын және радио хабарын қабылдауда ауада кездесетін бөгеттерді жоюды қамтамасыз ететін талаптардың орындалуын бақылайды;

— белгіленген тәртіп бойынша өзіне бекітілген еңбек жоспары

(бюджеттік қаржы) шегінде кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді жаңадан құрады, қайта құрады және таратады;

— Министрлік жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржыларды тиімді пайдалануды, жаңа құрылысты ұтымды орналастыруды, байланыс саласында прогрестік өндірістік айрықша дамытуды, күрделі қаржыны ең алдымен қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта қаруландыруға жұмсауды, сала аралық және сала ішіндегі пропорцияларды жақсартуды, күрделі қаржыны пайдалануға берілетін құрылыстарға бірінші кезекте шоғырландыруды және аяқталмаған құылыс санын азайтуды қамтамасыз етеді;

— байланыс кәсіпорындарын, үйлері мен ғимараттарын жаңадан салу, қазір жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, реконструкциялау ісін жобалауға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер мен тапсырмаларды жасап, бекітеді;

— белгіленген тәртіп бойынша құрылыстың титулдық тізімдерін, сондай-ақ алдағы жылдардың құрылысына арналған жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін жасап, бекітеді;

— жобалау және смета документациясының сапасына, құрылыстың бекітілген сметалық құнының сақталуына бақылау жасайды, сондай-ақ салынып жатқан объектілердегі құрылыс-монтаж жұмыстарының және оларға жеткізіліп тұратын жабдықтардың сапасына техникалық бақылау жүргізеді, құрылыста авторлық бақылау ұйымдастырады;

— құрылысты қаржыландыруды және оны жабдықтармен, материалдармен, бұйымдармен (бұларды жеткізіп тұру заказшының міндетіне жатады) жабдықтауды қамтамасыз етеді;

— бөлінген фондылар мен қаржыға сәйкес күрделі құрылыс үшін жабдық сатып алуға берілген заказдардың өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға дұрыс орналасуын қадағалап отырады;

— құрылыстағы ішкі ресурстарды жұмылдыру шараларын белгілейді және олардың орындалуына бақылау жасайды;

— құрылысы аяқталған байланыс кәсіпорындарын, үйлерді, ғимараттарды пайдалануға беруге қабылдау жөнінде өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссиялар тағайындайды, бұл құрылыстарды қабылдау туралы актілерді бекітеді және сметалық-финанс жиынтық есептерін жабу туралы шешім қабылдайды;

— негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады, жабдықтарды модернизациялауды, олардың техникалық дәрежесі мен өнімділігін арттыруды, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық және пайдалану жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді; жөндеудің сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— кабель өнімі ресурстарын және байланыс жабдықтарының негізгі түрлерін Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары арасында тиісті органдардың бөлуіне қатысады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің материал, жабдық жөніндегі қажетін анықтайды, Министрлікке бөлінген материалдық ресурстарға иелік жасайды, бұл кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің материалдық-техникалық жағынан жабдықталуына жауап береді;

— материалдар мен жабдық жөніндегі фондылардың таратылуына, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің өнім жеткізіп тұру туралы шарттарды дер кезінде жасауына және шарттық міндеттемелердің орындалуына бақылау жасайды;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің материалдар мен жабдықтарды дұрыс сақтап, пайдалануын ба-

қылайды, басы артық және пайдаланылмай келе жатқан материалдық ресурстарды қажетке жаратуға шаралар қолданады;

— Министрлікке материал, жабдық алу үшін бөлінген фондыларды кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер арасында бөледі, сондай-ақ қажет болған жағдайда аталған фондыларды құрылыс салу және өндірістік-пайдалану қызметі жоспарларының орындалуын және асыра орындалуын есепке ала отырып, қайта бөледі;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың шаруашылық есебін нығайту, рентабельділігін арттыру және қорды барынша мол жинау, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— белгіленген тәртіп бойынша байланыс кәсіпорындарын, ұйымдарын, мекемелерін қаржыландырады, олардың финанс қызметін басқарады; Министрлік жүйесінде финанс ресурстарының пайдаланылуына бақылау жасайды;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс жоспарын орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен және қызметшілермен, бюджетпен, товар берушілермен, подрядшылармен, банктермен дер кезінде есеп айырысуды, сондай-ақ күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуді қаржыландыруға және финанс жоспарында алдын ала қаралған басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларды кәсіпорындар мен ұйымдардың аударып отыруын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша жаңа техниканы жасағаны және өндіріске енгізгені үшін сыйлық қорын, тағы басқа орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға көмек көрсету үшін резерв жасайды;

— кәсіпорындар мен ұйымдар арасында меншікті айналым қаржыны, пайданы, орталықтандырылған қор жасауға арналған соманы белгіленген тәртіп бойынша қайта бөлу үшін банктерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резервтегі қаржыны және күрделі жөндеуге арналған амортизация үшін бөлінген резервтегі қаржыны сақтайтын жеке счеттар ашады;

— басқармалардың, трестердің, сондай-ақ министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтық есебін, баланстарын бекітеді; министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер және баланстар жасайды;

— Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, ведомстволық бақылау туралы қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес тексерулердің үнемі жүргізілуін, экономика жағдайына жан-жақты талдау жасалуын, ақша қаражаты мен материалдық мүліктің төгіліп-шашылмауын, үнемдеу режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

— еңбекке ақы төлеудің және сыйлықтар берудің қазіргі шарттарын дұрыс қолдануды, сондай-ақ еңбек өнімділігінің артуы мен жалақының өсуі арасында дұрыс ара қатынастың болуын қамтамасыз етеді; еңбекақы қорларының және көтермелеу-сыйлық қорларының жұмсалуына бақылау жасайды;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу жұмысын басқарады, еңбек жағдайын онан әрі жақсарту және сауықтыру, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндіріс санитариясының талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесінде есеп алу және есеп беру ісінің дәл жүргі-

зілуін және дұрыстығын бақылайды, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық зияндарды өндіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды ұйымдастырады; Министрлік жүйесіндегі кадрларды зерттейді, тәжірибелі қызметкерлер мен жас мамандарды дұрыс орналастыруды қамтамасыз етеді, өз ісін жетік білетін қызметкерлерді басшылық жұмысқа жоғарылатуға жағдайлар жасайды. Министрлік жүйесінде кадрларды тұрақтандыруға бағытталған шараларды жүргізеді;

— еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысындағы еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

— коллективтік шарттар жасауды басқарады және олардың орындалуын бақылайды;

— Байланыс қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетінің қатысуымен Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ сауықтыру шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді;

— Байланыс қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарысты ұйымдастырады, Министрлік жүйесінде республикалық жарыстың шарттарын бекітеді, коммунистік еңбек, өндірістің жоғары мәдениеттілігі жолындағы қозғалысты өрістетуге көмектеседі;

— Байланыс қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады, озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл тулар мен ақшадай сыйлықтар береді, кәсіпорындарға және ұйымдарға коммунистік еңбек коллективі атағын береді, еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытындылауды және таратуды ұйымдастырады, сондай-ақ республиканың байланыс кәсіпорындары мен ұйымдарын Бүкілодақтық социалистік жарысқа қатыстырады.

7. Қазақ ССР Байланыс министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Байланыс министрлігінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Министр бөліп береді.

8. Қазақ ССР Байланыс министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Байланыс министрі Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді, Министрдің орынбасарларының, басқармалар мен бөлім бастықтарының, министрліктің тағы басқа бөлімшелері басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Байланыс министрі Министрліктің компетенциясы

шегінде қазіргі қолданылып жүрген заңдар, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Байланыс министрлігінің ережелері, бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер міндетті түрде орындауға тиісті нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Байланыс министрі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа да министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіп тұратын мәжілістерінде байланыс құралдарын дамытудың негізгі мәселелерін және Министрлік жұмысының басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Қазақ ССР Байланыс министрлігі басшылары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері әдетте Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас туған жағдайда Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Ғылым мен техниканы өркендетудің негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, байланыс саласында ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, отандық және шет елдік ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Байланыс министрлігінде өз ісіне жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдардың, тағы басқа ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Министр бекітеді.

13. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің структурасы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Байланыс министрлігінің келісімі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің басқармалары мен бөлімдері туралы ережені Қазақ ССР Байланыс министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДІҢ ХАЛҚЫ МЕН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІН ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 14 ИЮЛЬДЕГІ № 611 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1978 жылғы 14 сентябрьдегі № 359 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Еліміздің халқы мен халық шаруашылығына почта байланысының қызмет көрсетуін одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 14 июльдегі № 611 қаулысы бұлжытпай басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Байланыс министрлігіне жүктелсін:

— көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде, өндірістік-техникалық базаны одан әрі жетілдіру және почта байланысының жұмысын түбірімен жақсарту жөнінде нақты шаралар жасалып, іс жүзіне асырылсын. Почта жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға, байланыс кәсіпорындарын механикаландыру және хат, бандероль, посылка сорттауды автоматтандыру құралдарымен жабдықтауға қосымша шаралар қолданылсын. Мерзімді баспасөз бен почтаны моторлы көлікпен жеткізу әдісін енгізу тездетілсін, почта контейнерлерімен жіберілген заттарды тасымалдауды едәуір кеңейту қамтамасыз етілсін, халықтың және халық шаруашылығының почта байланысы жөніндегі қажетін анағұрлым толық қанағаттандыру үшін қолда бар резервтерді пайдалану бойынша жүргізілетін жұмыстар күшейтілсін;

— *(Тоғызыншы абзац)* Таяудағы жылдарда орталық және республикалық газеттерді барлық елді мекендерге міндетті түрде, олар шыққан күні жеткізу қамтамасыз етілсін.

3. Қазақ ССР министрліктері, ведомстволары, халық депутаттары облыстық Советі атқару комитеттері мен халық депутаттары Алматы қалалық Советінің атқару комитеті одаққа қарайтын бірлестіктер мен кәсіпорындар байланыс органдарымен бірлесе отырып, айына почтамен 10000 және одан да астам посылкамен (бумамен) солардың ведомстволарына қарасты кәсіпорындарға және мекемелерге кіріс жолды темір жол және автомобиль жолдары мен сол почтамен жөнелтілетін заттарды механизммен өңдеуге арналған технологиялық құралжабдықтары бар өндірістік жайларды бөлуді қамтамасыз етсін, ал жаңа кәсіпорындар салу және қолда бар кәсіпорындарды қайта салу кезінде құрылыс жобасын және мұндай жайларды жабдықтауды өздерінің күрделі қаражаттары мен материалдық қорының есебінен қарастырсын.

4. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, одаққа қарайтын

---

[1] 2-пункттің үшінші-сегізінші абзацтары, 6, 11-пункттер және № 6 қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 14 июльдегі № 611 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

бірлестіктер мен кәсіпорындарға, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советінің атқару комитеттеріне:

тұрғын үйлерді жобалағанда және салғанда байланыс кәсіпорындарының үйлердің подъездеріне абонент шкафтарын және баспасөз басылымдарын сақтайтын орындарын (тірек пункттерін) орналастыру жөніндегі технологиялық талаптары ескерілсін;

үш және одан да көп қатарлы үй жобаларында оларды абонент шкафтарымен жабдықтау жағы қарастырылсын.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі қарамағындағы кәсіпорындарда тірек пункттерінің шкафтарын жыл сайын қажетті мөлшерде шығаруды қамтамасыз етсін.

5. Халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советі атқару комитеттеріне:

— байланыс кәсіпорындарының қызметіне бақылау күшейтілсін және оларға халық пен халық шаруашылығын почта байланысымен қамтуды жақсартуға, почта байланысы қызметкерлеріне қажетті мәдениетұрмыстық жағдай жасауға керекті көмек көрсетілсін. Хат тасушыларға қызмет пәтерлері мен олардың балалары үшін балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерден орын көптеп бөлінсін.

— жарамсыз үй-жайларды алмастыруға, қазіргі байланыс бөлімшелерінің көлемін ұлғайтуға шаралар қолданылсын және қосымша ашылатын байланыс бөлімшелері үшін үй-жайлар бөлу қамтамасыз етілсін.

7. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1979 жылы почта байланысының кәсіпорындары үшін № 6 қосымшаға сәйкес арнаулы инвентарь мен жабдықтар және посылка жәшіктерін жасап шығаруды қамтамасыз етсін, посылка жәшіктерін әзірлеген кезде материалдардың жарамды қалдықтары мен бір орталықтан бөлінбейтін әзірлемелерді кеңінен пайдаланатын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, аталған министрліктер мен ведомстволар жылдық жоспарларда талап етілетін материалдық ресурстарды бөле отырып, осы өнімнің қажетті мөлшерде өндірілуін көздеп отырсын.

8. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Байланыс министрлігі бірлесе отырып, халыққа почта және посылка жәшіктерін сатуды қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі 1979 жылдан бастап, жылдық жоспарлардың жобаларында тиісті номенклатура бойынша темір жол станцияларында, айлақтарда және шалғай елді мекендерде байланыстың алмасу пункттері мен бөлімдерін ұйымдастыру үшін қажетті мөлшерде стандартты үйлер, почтаны тасымалдау және жеткізу үшін транспорт құралдарын, сондай-ақ мерзімдік баспасөздер мен почта жөнелтулерін буып-түю үшін полиэтилен пленкаларын, кенеп және қағаз қаптар, қағаз жіп пен басқа да материалдарды Қазақ ССР Байланыс министрлігіне бөлуді көздейтін болсын.

10. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі Қазақ ССР Байланыс министрлігіне жүк тасымалдау жоспарына сай жүк автомо-

бильдерін бөлуді қамтамасыз етіп және Қазақ ССР Байланыс министрлігімен бірлесіп, мерзімді баспасөз бен хат-хабарларды қала маңындағы және қала аралығындағы рейсті автобустармен тасымалдауды едәуір ұлғайтсын.

13. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне почта байланысы кәсіпорындарында саяси-көпшілік жұмыстарын күшейту, кадрлардың тапсырылған іске деген жауапкершілігін арттыру міндеттелсін. Оларға озық тәжірибені таратуда, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайтуда, халық пен халық шаруашылығына почта байланысы қызметін көрсету мәдениетін арттыруда нақты көмек көрсетілсін. Почта байланысы кәсіпорындары коллективтерінің арасында белгіленген тапсырмалар мен қабылданған міндеттемелерін табысты орындау үшін социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін.

ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1964 жылғы 10 августағы № 551 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар міндеттелсін:

б) жылма-жыл қорды қайта бөлу кезінде Қазақ ССР Байланыс министрлігіне почта тасымалдау, жылжымалы байланыс бөлімшелерін құру, сондай-ақ почтаны контейнермен тасымалдауды ұйымдастыру үшін қажетті мөлшерде автомобильдер, оның ішінде жүк көтеретін тетіктермен жабдықталған автомобильдер бөлуді көздеу.

3. Қызмет борышын орындау кезінде почтальондарға көпшілік пайдаланатын қалалық және аудан ішіндегі транспортта тегін жүруге право берілсін.

4. Облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) қала мен аудандарда жұмыс істеп тұрған почта байланысы кәсіпорындары үйлерінің жарамсыздарын ауыстырудың нақты мерзімдерін белгілеу және жаңадан ұйымдастырылған кәсіпорындарға пайдалану және халыққа мәдени қызмет көрсету талаптарына сай келетін өндірістік үйлер бөлуді қамтамасыз ету;

б) қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлерден байланыс бөлімшесі үшін орын бөлуді қамтамасыз ету; оның құрылысы тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар салуға көзделген қаржы есебінен, тұрғын үй құрылысына бөлінген күрделі қаржының 0,4 процентіне дейінгі мөлшерде жұмсалып, жүзеге асырылуға тиіс.

8. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) қалалық және аудандық тракталар бойынша почта тасу үшін байланыс органдарына жабық қорапты автомобильдерді уақытылы бөлуді қамтамасыз ету;

б) селолық елді мекендерге жолаушылар таситын автобустармен почта жеткізуге қажетті шаралар қолдану.

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің «а» тармағы, 6, 7, 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1964 ж. 22 майдағы № 436 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 2 апрельдегі
№ 182 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің аткару комитеттері:

(бесінші абзац) жыл сайын жергілікті бюджеттен абонементтік аппараттардың тобын алуға және орнатуға қажетті қаржылар бөлсін.

Көп этажды тұрғын үйлердің подъездерінде бұрын орнатылған жарамсыз абонементтік шкафтарды ауыстыру ведомстволардың-тұрғын жайлардың иелерінің есебінен жүргізілсін.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— байланыс кәсіпорындарына қажетті мөлшерде автомобильдер, почта тасымалдауға арналған жабдықтар бөлуді және бекітуді қамтамасыз ету, бұл автомобильдерді басқа жүктерді тасымалдауға қатыстыруға тыйым сала отырып, почта тракталарындағы автомобильдердің жүріс графигін қатаң сақтау;

— байланыс кәсіпорындарымен жасалған шарт бойынша почта тасымалдауды қалааралық автобуста контейнерлермен тасуды ұйымдастыру, оны жасауды Қазақ ССР Байланыс министрлігінің заказы бойынша өзіне бағынатын кәсіпорындарға жүктеу.

5. Қазақ азаматтық авиация басқармасы Қазақ ССР Байланыс министрлігімен бірлесе отырып:

— *(үшінші абзац)* авиация кәсіпорындарына байланыс органдарының келісімінсіз почта тасымалдауды жүзеге асыратын авиарейстерді жабуға тыйым салатын болсын. Самолеттердің ұшу кестесін жасағанда байланыс органдарының почта-жолаушы тасымалдайтын қосымша авиация жолдарын ашу жөніндегі ұсыныстарын ескерсін;

— байланыс кәсіпорындарымен жасасқан шарт бойынша азаматтық авиация самолеттерінде контейнермен почта тасымалдауды енгізуді жеделдетсін.

7. Совхоздардың орталық усадьбаларына, дербес бөлімшелер мен фермаларға, сондай-ақ жайылымдағы мал шаруашылығының орталық баздарына почта жеткізуді Қазақ ССР Байланыс министрлігі жүзеге асырады деп белгіленсін [2].

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— бөлімшелердегі фермалар мен бригадаларда тұратын совхоз жұмысшыларына, сондай-ақ жайылымдағы мал шаруашылығының отарларына почтаны совхоздардың күшімен және құралдарымен күнбе-күн, тек өте шалғайдағы мекендерге халық депутаттары облыстық Совет-

---

[1] 18-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 декабрьдегі № 516 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 3, 10-ст.).

1, 2-пункттер, 3-пункттің екінші-төртінші, жетінші абзацтары, 5-пункттің екінші абзацы, 6-пункт, 16-пункттің үшінші, бесінші абзацтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

17-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 31 декабрьдегі № 1047 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

[2] 7-пункттің күші Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 4 октябрьдегі № 571 қаулысымен Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан колхоздарға қолданылады.

терінің атқару комитеттерімен келісіп, ең кем дегенде екі тәулікте бір рет жеткізіп отыруды қамтамасыз ету;

— байланыс органдарының почтальондарына совхоз бөлімшелері мен фермаларына почта жеткізу үшін жолшыбай кездескен совхоз автомобильдерімен және көлігімен тегін жүруге рұқсат ету.

Қолхоздарға фермаларда, дербес бөлімшелердің, фермалардың бригадалар мен учаскелердің құрамына енетін басқа да пункттерде тұратын халыққа, сондай-ақ жайылымдағы мал шаруашылығындағы отарларға почтаны колхоздың өз күшімен және құралдарымен күнбе-күн, тек өте шалғай мекендерге халық депутаттары облыстық Советі атқару комитеттерімен келісіп, кем дегенде екі тәулікте бір рет жеткізу ұсынылсын, сондай-ақ байланыс органдарының почтальондарына колхоздардың бөлімшелері мен фермаларына почта жеткізу үшін жолшыбай кездескен колхоз автомобилімен және көлігімен тегін жүруге рұқсат етілсін [1].

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі халық шаруашылығы жоспарларын жасаған кезде Қазақ ССР Байланыс министрлігінің байланыс кәсіпорындарындағы автомобиль шаруашылықтарының автомобильдерін күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі заявкаларын толық қанағаттандыруды ескеретін болсын.

10. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы сауда ұйымдары арқылы почта және посылка жәшіктерін, сондай-ақ конверттер, ашық хаттар мен маркаларды сатуды кеңінен ұйымдастыратын болсын.

11. Мыналар міндеттелсін:

— Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы өздеріне қарайтын кәсіпорындарда халыққа сату үшін жалпы саны кем дегенде 1,5 миллион дана посылка жәшіктерін дайындауды қамтамасыз етсін;

— Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі сауда ұйымдарының заявкалары бойынша жыл сайын 60 мыңға дейін қақпақты почта жәшіктерін, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің заявкалары бойынша 20 мыңға дейін абонементтік шкафтар дайындасын;

— Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі байланыс бөлімдері үшін жыл сайын кем дегенде 300 мың сомның арнаулы почта мебельдерін (тоспалар, сұрыптау шкафтары, почтальондар карточкаларына арналған столдар) жасауды көздесін.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне 1972 жылдан бастап министрліктер мен ведомстволардың халық шаруашылығы жоспарларында оларға осы қаулының 11-пунктінде белгіленген почта мебельдерін, посылкалық, қақпалы почта жәшіктерін, абонементтік шкафтар және тірек пункттерінің шкафтарын жасау жөніндегі тапсырмалардың көлемін белгілеу, Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасымен бірге бұл мақсатқа қажетті таралық фанер, кесілген жұқа темір, қағаз қаптар, лактау-бояу өнімдерін және шпагаттар жеткізу міндеттелсін.

13. Қазақ ССР Байланыс министрлігі Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасымен бірлесіп мерзімді баспасөз бен почта корреспонден-

---

[1] 8-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 4 октябрьдегі № 571 қаулысымен төртінші абзацпен толықтырылды.

цияларын тасымалдауға қажетті контейнерлер мен қаптарды полимерлі материалдардан, посылкаларға қажетті тараны картоннан даярлау мәселелерін шешетін болсын.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасына және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне халық шаруашылығы жоспарларында Қазақ ССР Байланыс министрлігіне почта байланысы кәсіпорындары үшін қажетті мөлшерде автомобильдер, жүк мотороллерлерін, мотоциклдер және оларға қажетті запас бөлшектер бөлуді ескерту тапсырылсын.

15. Қазақ ССР Жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне және Қазақ ССР Байланыс министрлігіне өз жоспарларында көпшілік пайдаланатын автомобиль транспортымен тасымалданатын почта корреспонденциялары мен мерзімді баспасөздің көлемін ескеру міндеттелсін.

16. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті:

экспедициялық байланыс кәсіпорындарына баспадан шыққан газет пен журналдарды келісілген графикпен беріліп тұруын қатаң сақтауды қамтамасыз етсін;

(төртінші абзац) облыс орталықтарында типографиялардың үйлерін салған және қайта салған кезде газет-журналдық экспедициялар үшін қажетті өндіріс алаңдарын бөлуді көздесін.

РЕСПУБЛИКАДА ТЕЛЕФОН БАЙЛАНЫСЫН ДАМЫТУДЫ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 21 сентябрьдегі
№ 436 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., № 20, 66-ст.)

Халықтың және халық шаруашылығының қалалық телефон байланысы құралдарына деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің елімізде телефон байланысын дамытуды тездету жөніндегі шаралар туралы 1976 жылғы 2 августағы қаулыларын орындау үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне тұрғын үй құрылысына бөлінетін күрделі қаржылардың 0,4 проценті есебінен үлгі жобалар бойынша АТС үйлерін салуды жүзеге асыруға право берілсін.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қалалық автоматтандырылған телефон станцияларының үйлерін салуға үлес қосып қатысу үшін мүдделі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржыларын белгіленген тәртіп бойынша тартатын болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару

---

[1] 1, 3, 4, 6, 9, 10, 12-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт СССР Министрлер Советінің 1976 ж. 2 августағы № 610 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті телефон ғимараттарын одан әрі салудың перспективаларын ескере отырып, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің және оның жергілікті органдарының қатысуымен телефон кабелін бөлетін болсын.

Тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді телефондандыру үшін бөлінетін телефон кабелін басқа мұқтаждарға жұмсауға тыйым салынсын.

7. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті қалалық телефон жүйелерін перспективалы дамытуды есепке алып, АТС-тің типті үйлерін адамдар тұратын массивтерде орналастыруды қалалардың бас жоспарлары мен оларды егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында көздейтін болсын және оларды салу үшін жер учаскелерінің кезінде бөлінуін қамтамасыз етсін.

8. Еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР Байланыс министрлігінің автоматтандырылған телефон станцияларын салуды жүзеге асыратын мердігер ұйымдарына телефон канализациясын төсеу жөніндегі жер қазу жұмыстарын орындауда, осы жұмыстарды атқаруға рұқсаттарды кезінде беруде, аталған ұйымдардың қызметкерлеріне АТС-терді салу кезеңінде қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауда, ал қызмет көрсететін персоналды АТС-терді жаңа тұрғын микроаудандарда салған кезде қызмет үй-жайларымен қамтамасыз етуде барынша көмек көрсетіп отырсын.

ҚАЗАҚ ССР ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИОХАБАР ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 17 сентябрьдегі
№ 541 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 19, 100-ст.)

1-пункттің екінші абзацы, 6-пункттің бірінші абзацы және «ж»-«и» тармақтары

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕ РАДИО ТАРАТУ ЖЕЛІСІНІҢ ПӘТЕР ІШІНДЕГІ СЫМЫН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1964 жылғы 3 июньдегі
№ 392 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) тұрғын үйлерді жобалаған және салған кезде радио тарату желісінің пәтер ішіндегі сымын жүргізу жөніндегі жұмысты бір бөлмелі және екі бөлмелі пәтерлерде екі радио нүкте, үш бөлмелі пәтерлерде

---

[1] 5-томның 191-бетін қараңыз.

[2] 1-пункттің «в», «г» тармақтары Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 марттағы № 117 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1-пункттің «б» тармағы, 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

үш радио нүкте мөлшерінде жүзеге асырып, бұл жұмыстарды тұрғын үй құрылысына бөлінген күрделі қаржы есебінен төлеу.

2. Қазақ ССР-інің жобалау ұйымдарына мыналар міндеттелсін:

а) тұрғын үй құрылысына арналған жобаларды әзірлегенде үйге радио тарату желісін енгізу және үй шатыры мен баспалдақ сымын жүргізумен қатар оларда осы қаулының 1-пунктіне сәйкес тұрғын бөлмелер мен ас үйлерде пәтер ішіндегі сым жүргізу жөніндегі жұмысты да көздейтін болсын;

б) республикалық бағыныстағы қалаларға арналған тұрғын үйлер құрылысының жобаларында бөлмелердегі радио розеткасын үш программалық хабар алу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін электр желісі розеткасына жақын орнатуды көздеу.

ПЕРИОДИКАЛЫҚ БАСПАСӨЗДЕРДІ РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫНА ЖІБЕРУДІ, ЖЕТКІЗІП БЕРУДІ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1959 жылғы 4 марттағы
№ 187 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1959 ж., № 13)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) совхоздар мен колхоздардағы почта байланысының барлық кәсіпорындары бұған жарамды — бейімделген үйлермен және байланыс бөлімінің бастығы пәтер үймен қамтамасыз етілсін;

б) аудан орталығынан немесе байланыстың тораптық кәсіпорындарынан совхоздардың орталығына почта тасу үшін совхоздар тарапынан делбешісі немесе шофері бар транспорттарда (байланыс орындарымен жасалған договор бойынша) аптасына 6 рет үздіксіз беріп отыру қамтамасыз етілсін;

в) совхоздардың орталығынан 3 километрден аса алыстағы фермаларда және бөлімшелерде тұратын совхоз жұмысшыларына және қызметшілеріне почта мен баспасөздерді уақытында, аптасына ең кемі 6 рет жеткізіп тұру қамтамасыз етілсін;

г) ауыл шаруашылығы артелінің Уставына, сол сияқты совхоздардағы сыйлық беру тәртібіне сәйкес, колхозшыларды, совхоздардың жұмысшы, қызметшілерін жақсы қамтыған почтальондарға колхоздық почтальондар үшін белгіленген нұсқаудағы көрсеткіштерге қарай сыйлық беру жүйесі белгіленсін.

5. Қазақ ССР Байланыс министрлігіне мыналар рұқсат етілсін:

а) қалалық жерлердегі почта кәсіпорындарына қажетті мөлшерде, жұмыс күні қысқартылған, штаттан тыс почтальондар алынсын, оларға жалақының жалпы қоры есебінен жалақы төленсін, бұл жұмысқа үй шаруасындағы әйелдер мен қора сыпырушылар пайдаланылсын. Штаттан тыс почтальондарға штатты қызметкерлердің айлық ақысының 50 процентіне дейін төленсін;

б) республикаға және облыстарға бағынатын қалалардың почта таситын службаларында жұмыс істейтін почтальондарға байланыс кәсіпорындарының жанынан тегін жатақхана берілсін, сол сияқты почта

[1] 1, 2, 4-пункттер, 7-пункттің «б» тармағы, 8—13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

тасуға байланысты көпшілік пайдаланатын қалалық транспортпен жүргені үшін транспорт билетін тапсырған жағдайда олардың жол шығыны төленетін болсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына халық шаруашылығы жоспарында Қазақ ССР Байланыс министрлігіне арнаулы автомашиналар, бензин, авторезиналар, қағаз қапшық және почта орайтын қағаз бөлуді, почтаны атпен таситын станциялар үшін жем және почта кәсіпорындарына мебельдер алу үшін лимиттер бөлуді белгілеу тапсырылсын.

7. Азаматтық Әуе флотының Қазақ территориялық басқармасының бастығына мыналар міндеттелсін:

а) Қазақ ССР Байланыс министрлігімен келісілген график бойынша газеттер мен почталарды облыс орталығына уақытында жеткізу қамтамасыз етілсін. Жолы қиын аудандарға, отар учаскелеріне, әсіресе, жол бұзылған уақыттарда почта тасуға жеңіл моторлы авиация мен вертолеттер кеңінен қолданылсын.

ҚАЗАҚ ССР БАЙЛАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ ФИНАНС-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 14 февральдағы
№ 96 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР Байланыс министрлігінің «Союзпечать» Басқармасына баспалармен және өнеркәсіп кәсіпорындарымен көркем және балалар әдебиетін, календарьлар, мәдени және басқа товарларға тікелей шарт жасасуға право берілсін.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне көп қабатты үйлердің жобаларында тұрғын және әкімшілік үйлердің подъездерінде почта орналастыруға арналған абонементтік шкафтарды қоса салуды ескеру тапсырылсын.

5. Облыстық атқару комитеттері, Алматы және Қарағанды қалалық атқару комитеттері:

а) 30 мың адамнан астам халқы бар қалаларда «Союзпечать» магазиндері үшін үй бөлінсін;

б) 1970 жылдан бастап тұрғын үйлерден почта жеткізу учаскелерінде почтальондарға байланыс органдарында жұмыс істеген кезінде тұруы үшін қызмет бөлмесін бөлсін.

---

[1] 1, 2-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ССР ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ҚАЛААРАЛЫҚ ТЕЛЕФОН-ТЕЛЕГРАФ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АВАРИЯСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1954 жылғы 5 июльдегі
№ 438 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Байланыс министрлігінің әуе және кабельді желілеріндегі күзет аймағында мыналарға тыйым салынсын:

а) қандай да болмасын құрылыс салуға және Байланыс министрлігі органдарының жазбаша рұқсатынсыз тұрақты, сондай-ақ сипаты уақытша құрылыс, жер қазу және монтаждау жұмыстарын жүргізуге;

б) байланыс органдарының келісімінсіз ағаш отырғызуға;

в) басқа ведомстволардың байланыс желілерін, әуе және кабельді электр жүйелерін салуға және әртүрлі құбырлар тартуға;

г) астық маялауға, сабан үюге, шөп шөмелелеуге, шымтезек, ағаш және басқаларды жинауға, от жағуға және алау жағуға, шлак пен басқа да өндірістік қалдықтар төгетін орынға айналдыруға;

д) жерасты байланыс кабельдері трассасына ауыр салмақты жүк тастауға, құрамында қышқыл, тұз және сілті бар сұйық заттарды төгуге.

4. Ұйымдарға, ведомстволарға және жеке адамдарға:

а) Байланыс министрлігіне ескертпейінше және олардың органдарының рұқсатынсыз телеграф-телефон желілеріне өздігінен сым қосуға;

б) жергілікті басқарманың немесе Байланыс министрлігі конторының келісімінсіз жоғары вольтті, жарық беретін сымдардың, антенналар мен басқа сымдардың өткелдерін жасауға;

в) Байланыс министрлігі органдарымен келіспейінше телеграф-телефон желісі трассаларының бойында ағаштар кесуге;

г) қалыпты байланыс қызметінің бүлінуіне және бұзылуына әкеліп соғатын барлық жұмыстарды, мәселен: бағаналарды, тіреулерді, қосымшаларды аралауға, сымдар мен керме сымдарды үзуге, сымдарға қажетсіз заттарды (сым, темір және тағы басқаларды) тастауға, байланыс желілеріне қосылуға, бағана қосымшаларындағы сым орамдарын алуға;

д) бағаналарға шығуға, сымдарға қандай да болмасын заттар жалғауға, кабельді құдықтардағы қақпақтарды ашуға, кабель жәшіктері мен шкафтарын ашуға, өлшем белгілерін өшіруге немесе бұлдіруге тыйым салынсын.

---

[1] 5-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 27 февральдағы № 127 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1, 2-пункттер, 4-пункттің жетінші абзацы, 6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-тарау

САУДА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ

§ 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР-інің АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ[1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1963 жылғы 28 декабрьдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

224—246-статьялар

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1979 жылғы 14 декабрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 6-пункті және 24-статья

ҚАЗАҚ ССР САУДА МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 9 апрельдегі
№ 256 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 9, 47 ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Сауда министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

---

[1] 2-томның 7-бетін қараңыз.

[2] 1-томның 145-бетін қараңыз.

[3] Екінші абзац Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1970 жылғы 9 апрельдегі № 256
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР САУДА МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

1. Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Сауда министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Сауда министрлігі республикадағы бөлшек және көтерме саудаға және қоғамдық тамақтандыруға басшылықты жүзеге асырады.

Қазақ ССР Сауда министрлігі сауданың жайына және оны одан әрі дамытуға, саладағы ғылми-техникалық прогресс үшін және халыққа сауда қызметін көрсету мен қоғамдық тамақтандырудың сапасы үшін жауап береді.

2. Қазақ ССР Сауда министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— республика халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде сауданы барынша дамытуды қамтамасыз ету, халық тұтынатын тауарлар өндіруге, олардың түр-түрін жақсартып, сапасын арттыруға пәрменді ықпал жасау және осының негізінде ұлттық және тұрмыстық өзгешеліктерді ескере отырып, халықтың тауарларға деген өскелең талаптілегін неғұрлым толық қанағаттандыру;

— бөлшек сауда тауар айналымының мемлекеттік жоспарын және сауда жөніндегі басқа да жоспарлы тапсырмаларды орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— колхоздардан, совхоздардан және басқа шаруашылықтардан, сондай-ақ халықтан картоп пен жеміс-овощ өнімін сатып алуды, оларды қайта өңдеуді және ұзақ уақыт сақтауды ұйымдастыру [2];

— қоғамдық еңбекті аз жұмсай отырып, сауданың ұйымдастырылуы мен техникасын жетілдіруді, оның материалдық-техникалық базасын дамытуды және нығайтуды қамтамасыз ету, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін енгізу және сауданы өркендетудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және олардың тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандатып, мерзімдерін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзімде игеру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді іскер кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

— басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды, басқарудың тиімді жүйеле-

---

[1] 6-пункттің алпыс екінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1976 ж. 11 ноябрьдегі № 508 қаулысымен күшін жойды деп танылды. (Қазақ ССР ҚЖ, 1976., № 22, 77-ст.).

[2] Қазіргі кезде бұл міндеттер Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына берілген.

рін енгізуді, басқарудың құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіруді қамтамасыз ету;

— басқару ісінде демократиялық негіздерді дамытуды қамтамасыз ету, сауданы, өндірісті жетілдіру және Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыста еңбекшілердің және олардың қоғамдық ұйымдарының инициатива көрсетуі және белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олар үшін санитариялық-гигиеналық және еңбек хауіпсіздігі жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыруға, әдетте, халық депутаттарының облыстық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары мен бөлімдері және қоғамдық тамақтандыру басқармалары арқылы басшылық жасайды және республикаға бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді тікелей немесе өзі құратын органдар арқылы басқарады.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, халық депутаттары облыстық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары мен бөлімдері және қоғамдық тамақтандыру басқармалары, оларға бағынатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, көтерме сауда ұйымдары мен кәсіпорындарын қосқанда, Қазақ ССР Сауда министрлігінің біртұтас жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Сауда министрлігі халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, республикада сауданы дамыту, бөлшек сауда айналымы жоспарларын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі, халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады және сауда саласында жетекші бола отырып, республиканың басқа министрліктері мен ведомстволарының және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының (Қазақстан Тұтыну одағының) сауда қызметін реттеп отырады.

5. Қазақ ССР Сауда министрлігі өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Сауда министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Сауда министрлігі Министрлік жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасайды және бұл ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Сауда министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Сауда министрлігі:

Қазақ ССР-інде сауданы дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын жасау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады, бұл жоспарлардың жобаларын дайындау жөнінде методикалық нұсқаулар әзірлейді;

халық депутаттары облыстық және қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары (бөлімдері) мен қоғамдық тамақ-

тандыру басқармаларын, республикаға бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қатыстыра отырып, перспективалық және жылдық жоспарларды қарайды және мұны оларға халық шаруашылығы жоспары мен бюджетінің тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша бекітіп береді, бұл жоспарлардың барлық бөлімдері мен көрсеткіштерін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

Министрлік жүйесіндегі барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің белгіленген жоспарларды орындауын қамтамасыз етеді;

халық тұтынатын товарларды республика аралық жеткізіп тұру жоспарларына сәйкес оларды жалпы одақтық қажеттер үшін және жалпы одақтық фондыларға жеткізіп тұруды жүзеге асырады;

Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, СССР Сауда министрлігіне және республиканың тиісті министрліктері мен ведомстволарына халық тұтынатын товарларды өндіру және жеткізіп тұру, бұл товарларға арналған рыноктық фондылардың мөлшерлері туралы ұсыныстар табыс етеді, белгіленген тәртіп бойынша қарағаннан кейін товарларды республика аралық тасып әкелу және тасып шығару туралы ұсыныстар табыс етеді, олардың өндіріс жоспарларының жобаларын әзірлеуге және аталған товарларға арналған рыноктық фондыларды анықтауға қатысады;

жергілікті жерлерде тұтыну үшін жалпы одақтық және республикалық фондылардан картоп пен жеміс-овощ өнімін қажет етуге арналған заявкаларды дайындап, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Сауда министрлігіне табыс етеді [1];

бекітілген номенклатура бойынша халық тұтынатын товарларға арналған рыноктық фондыларды белгіленген тәртіппен бөледі және қайта бөледі, облыстар мен Алматы қаласы бойынша бөлшек сауда айналымы жоспарын товармен қамтамасыз етудің есептерін жасайды;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың өздері шығарған өнімдерді өткізумен байланысты шараларды жасап, жүзеге асырады; мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын есепке ала отырып, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың халық шаруашылық жоспарында көрсетілмеген номенклатура бойынша өнім өндіруінің көлемін анықтайды;

халықтың көпшілік тұтынатын товарларға деген қажетін зерттеуді және болжауды ұйымдастырады, халық тұтынатын товарларды өндіруге және жеткізіп тұруға сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының заказдарды өнеркәсіпке табыс етуін қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесе отырып, товарларды жеткізіп тұру жөнінде өнеркәсіп және сауда кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы ұтымды шаруашылық байланыстарды дамытуға, товар қозғалысының жолдарын қысқартуға шаралар қолданады, халық тұтынатын товарларды көтерме сату жөніндегі жәрмеңкелерді белгіленген тәртіп бойынша өткізеді;

халық тұтынатын товарлар өндірісін орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға тікелей қатысады, оларды өндіруді ұлғайту, түр-түрін жақсарту және сапасын арттыру, жаңа бұйымдар шығару жөнінде өнеркәсіпке талаптар қояды, жасап шығарушы — министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, өндіріске енгізу үшін товарлардың таңдаулы үлгілерін белгіленген тәртіп бойынша бекітеді; министрліктер мен ведомстволардың алдына товарлардың ескірген түрлерін өндірістен алып тастау және оларды неғұрлым жетілдірілген түрлерімен ауыстыру туралы мәселелер қояды;

халық тұтынатын товарлардың сапасын бақылауды жүзеге асыра-

[1] 146-беттегі түсірмені қараңыз.

ды, осы товарларға қойылған стандарттар мен техникалық шарттарды бекіту және өзгерту туралы ұсыныстарды қарауға қатысады, өндіруге жататын рыноктық мақсаттағы бұйымдардың үлгілеріне (эталондарына) қорытындылар береді, сапасы төмен, ескірген және халық қажет етпейтін товарларды сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының қабылдауын тоқтату туралы, сондай-ақ товарлардың тиісті сапасын қамтамасыз етпейтін өнеркәсіп орындарында товарлар қабылдаудың айрықша режимін енгізу туралы шешімдер алады;

халық тұтынатын товарлардың, сондай-ақ сауда-технологиялық, тоңазытқыш және басқа сауда жабдықтары мен инвентарының жеткізіліп тұруына бақылау ұйымдастырады; халық тұтынатын товарларды жеткізіп тұру туралы, бұл товарларды (белгіленген жоспарлар мен номенклатура шегінде) республика ішінде де және республика аралық товарлар жеткізіп тұру және жалпы одақтық қажеттер үшін жеткізіп тұру жоспарлары бойынша да тиеп жөнелту кезегі туралы жабдықтау және өткізу органдары, көтерме сауда ұйымдары мен өнеркәсіп орындары үшін міндетті нұсқаулар береді;

республикада халық тұтынатын товарлар мен көтерме сауда жасауды, товарларды бекітілген жоспарлар мен жасалған договорлар бойынша дер кезінде жеткізіп тұруды және бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын, сондай-ақ рыноктан тысқары тұтынушыларды (белгіленген номенклатура бойынша) товарлармен үзіліссіз жабдықтауды жүзеге асырады, барлық жүйелердегі сауда ұйымдарының басы артық товарларды сату және сатып алу жөніндегі сауда-делдалдық операцияларын ұйымдастырады, басы артық товарларды көтерме сату жөнінде республикалық, облыс аралық және облыстық жәрмеңкелер өткізеді;

азық-түлік товарлары мен азық-түлік емес товарларды облыстар мен сауда жүйелері бойынша біркелкі орналастыруды қамтамасыз етеді, товар запастарының жағдайына үнемі бақылау жасауды жүзеге асырады, сауда ұйымдарында пайда болған нормадан тыс товар запастары мен басы артық товарларды облыстар, аудандар және сауда жүйелері арасында қайта орналастыруды белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

министрліктер мен ведомстволардың (Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тізбек бойынша) сауда-технологиялық, тоңазытқыш және басқа сауда жабдықтарына деген қажеттерін, ал инвентарь, шикізат, отын және басқа материалдық ресурстар жөніндегі қажеттерді — Министрлік жүйесі үшін бекітілген номенклатура бойынша анықтайды және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Сауда министрлігіне оларды өндіру жоспарларының жобаларын жасау үшін ұсыныстар табыс етеді, аталған материалдық ресурстарды бөледі және қайта бөледі; сауда техникасының, озық технологияның, өндіріс процестерін автоматтандыру мен механикаландырудың енгізілуін, сауда техникасын жөндеу және техникалық күту жөніндегі өндірістік базаны дамытуды, сауда жабдығын және инвентарын пайдалану мен жөндеуді жақсартуды қамтамасыз етеді;

сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін жабдықтың, инвентарь мен материалдардың жаңа түрлерін жасауға арналған техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қарауға қатысады және ұсыныстар әзірлейді, ал тиісті реттерде осындай техникалық-экономикалық талаптар қояды, келісуге табыс етілетін жабдықтың, инвентарь мен материалдардың аталған түрлерін жасауға арналған техникалық тапсырмаларды қарауға қатысады, қажет болған жағдайларда жабдықтың, инвентарь мен материалдардың бұл түрлерін технологиялық

сынаулардан өткізу үшін жағдайлар туғызады, оларды сынауға және қабылдауға қатысады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің товарларды, шикізатты, отынды, жабдықты және басқа да материалдық ресурстарды дұрыс сақтауын, үнемді пайдалануын және олардың ысырабын азайтуын қамтамасыз етеді, басы артық және пайдаланылмайтын материалдық ресурстарды өткізуге шаралар қолданады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің халық тұтынатын товарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімді жеткізіп тұруға договорлар және басқа да договорлар жасасуын ұйымдастырады, договорлардың дер кезінде жасалуына және договорлық міндеттемелердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады, договорлық қарым-қатынастарды жақсартуға және жетілдіруге шаралар қолданады, договорлық тәртіптің сақталуын және нығайтылуын қамтамасыз етеді;

барлық министрліктер мен ведомстволардың республика территориясында орналасқан сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдары мен кәсіпорындары үшін міндетті сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмыс ережелерін бекітеді, олардың сауда ережелерін сақтауына бақылауды жүзеге асырады; сауданың прогрестік формалары мен әдістерін жасап, енгізеді, сауданы ұйымдастырудың және оның техникасының шетелдік және отандық озық тәжірибесін зерттеп, қорытады және оны сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысында пайдалану жөнінде шаралар жүргізеді, сауда жарнамаларын дамытуды жүзеге асырады; сауданы және қоғамдық тамақтандыруды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды орындауға бағытталған конкурстар өткізеді;

шетел валютасымен саудаға, посылкамен сауда жасауға, курортты жерлерде сауда мен қоғамдық тамақтандыруды, темір жол мен әуе транспортында жолаушыларға тамақтандыру қызметін көрсетуді ұйымдастыруға тікелей басшылықты жүзеге асырады;

белгіленген тәртіп бойынша халық тұтынатын товарларды темір жол мен өзен, әуе және автомобиль жолдарымен тасымалдаудың жоспарларын жасайды және олардың орындалуына оперативтік бақылау жүргізіп отырады; Министрлік жүйесінде автомобиль транспортының пайдаланылуын, оның техникалық жағдайын, дұрыс және тиімді пайдаланылуын бақылайды;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, товарларды көтерме сауда кәсіпорындарынан, өнеркәсіп орындарынан және басқа жеткізіп тұрушылардан автомобиль транспортымен бір орталықтан бөлшек сауда жүйесі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына жеткізіп беруді жақсарту және ұлғайту жөніндегі шараларды жасайды;

Министрлік жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржыларды тиімді пайдалануды, жаңа құрылыстарды ұтымды орналастыруды, қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникамен қайта қаруландыруды, күрделі қаржыларды іске қосылатын құрылыстарға шоғырландыруды және аяқталмаған құрылысты азайтуды жүзеге асырады. Күрделі құрылыс, әдетте, мердігерлік тәсілмен жүргізіледі;

тұрғын үй құрылысына арналған қаржылардан бөлінетін бес процентті жарналардың және басқа да көздердің есебінен сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салуға бөлінетін қаржылардың пайдаланылуын бақылайды, оларды толық игеруге шаралар қолданады;

кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды жаңадан салуды, олардың қазір жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялауды және ұлғайтуды жобалаудың технологиялық-экономикалық негіздемелері мен тапсырмаларын белгіленген тәртіп бойынша жасап, бекітуді қамтамасыз етеді;

құрылыстардың титулдық тізімдерін, сондай-ақ алдағы жылдардың құрылыстарына арналған жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітеді, қажетті жобалық және сметалық документацияны дер кезінде әзірлеуді және құрылыстарға беруді қамтамасыз етеді;

жобалық және сметалық документацияның сапасына, құрылыстың бекітілген сметалық құнының сақталуына бақылауды, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстары мен салынып жатқан объектілерге жеткізілетін жабдықтың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асырады; құрылысқа белгіленген тәртіп бойынша авторлық бақылауды ұйымдастырады;

құрылыстарды қаржыландыруды және оларды заказшы жеткізіп беруге міндетті жабдықпен, материалдармен және бұйымдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді;

өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысқа арналған жабдыққа деген заказдарын жабдықты алу үшін бөлінген фондылар мен қаржыларға сәйкес орналастыруларына бақылауды жүзеге асырады; құрылыстағы ішкі ресурстарды жұмылдыру шараларын жасап, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

салынып біткен кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға қабылдау үшін өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссиялар тағайындайды, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді және жиынтық сметалық-финанс есептерін жазу туралы шешімдер қабылдайды;

жабдықты модернизациялауды, оның техникалық дәрежесі мен тиімді пайдаланылуын арттыруды, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық және пайдалану жағдайын жақсартуды қамтамасыз ете отырып, негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады, жөндеудің сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайту, олардың рентабельділігін арттыру және қор жинауын барынша ұлғайту, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөнінде шаралар жүргізеді; республикаға бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық етеді, финанс ресурстарын пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдарының финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, жеткізушілермен, мердігерлермен, банкілермен дер кезінде есеп айырысуды, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысты, күрделі жөндеуді және финанс жоспарында белгіленген басқа мақсаттарды қаржыландыруға көзделген меншікті қаржыларын аударып отыруын қамтамасыз етеді;

жаңа техниканы меңгеру қорын, жаңа техниканы жасағаны және енгізгені үшін сыйлық беру қорын, орталықтандырылған басқа қорларды және товарлардың бағасын кеміту қорын, сондай-ақ республикаға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсетуге арналған резервті белгіленген тәртіп бойынша жасайды;

банкілердің мекемелерімен бірлесе отырып, төлемдердің, айналым

қаржыларының айналмалылығының жылдамдауына және төлем тәртібінің нығаюына септігі тиетін есеп айырысудың неғұрлым үнемді және прогрестік формаларының енгізілуін ұйымдастырады;

республикаға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында меншікті айналым қаржыларын, пайданы, жаңа техниканы меңгеру қорын жасауға арналған соманы және басқа қаржыларды қайта бөлу үшін банкіде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсетуге арналған резерв қаржыларын және күрделі жөндеуге арналған амортизациялық қаржы бөлу резервінің қаржыларын сақтау жөнінде жеке счеттар ашады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есепті ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есепті алады, есеп жұмыстарын орталықтандыру және механикаландыру, есептің прогрестік әдістерін енгізу шараларын жүргізеді; халық депутаттары облыстық және қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары мен қоғамдық тамақтандыру басқармаларының, Министрліктің бас басқармаларының, басқармалары мен бөлімдерінің, республикаға бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жиынтық есептері мен баланстарын қарап, бекітеді; Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер мен баланстар жасайды;

Министрлік жүйесінде бақылау, тексеру жұмысын ұйымдастырады, ведомстволық бақылау туралы қолданылып жүрген заңға сәйкес тексерулердің жиі жүргізілуін, экономика жағдайына жан-жақты талдау жасауды, ақша қаражаттары мен бағалы материалдық заттардың сақталуын тексеруді, үнемдеу режимінің сақталуын қамтамасыз етеді, Министрлік жүйесінде есеп жүргізу мен есеп алудың дұрыс және дәл болуына бақылауды, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру шараларын жүзеге асырады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда ведомство ішіндегі финанс бақылауын жүзеге асырады;

бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қызметі жөніндегі қоғамдық бақылау комиссияларына, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының қоғамдық бақылаушыларына үнемі көмек көрсетуді ұйымдастырады;

халық тұтынатын тоқарлардың бөлшек сауда бағалары жүйесін жетілдіру және қолданылып жүрген прейскуранттарды тәртіптеу мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша енгізеді;

қоғамдық тамақтандырудың мемлекеттік кәсіпорындарының өніміне баға қою тәртібін белгілейді және осы өнімге қойылатын үстеме бағалардың шекті мөлшерлерін бекітеді;

халық тұтынатын товарларға Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік баға комитеті бекітетін бөлшек сауда бағаларын белгілеу мәселелерін қарауға қатысады. Сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдары мен кәсіпорындарының бөлшек сауда бағаларын дұрыс қолдануына бақылауды жүзеге асырады;

Қазақ ССР Сауда министрлігінің жүйесіндегі кәсіпорындар шығаратын сауда жабдығының, сауда инвентарының, жарнама өнімі мен сауда-технологиялық жабдықты жөндеудің көтерме сауда бағаларының жобаларын жасап, СССР Сауда министрлігінің бекітуіне енгізеді;

Министрлік жүйесіндегі кадрларды іріктеп алуды және орналастыруды жүзеге асырады, кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олар-

дың мамандығын арттыруды тікелей және өз қарамағындағы ұйымдар арқылы ұйымдастырады;

Министрлік жүйесі бойынша кадрларды даярлауға және қайта даярлауға айналым шығындарының есебінен қаржы бөлудің мөлшерлерін белгіленген тәртіп бойынша анықтайды және облыстар, Алматы қаласы және республикаға бағынатын ұйымдар бойынша бекітілген жоспар шегінде қаржы бөлудің мөлшерін дифференциациялайды;

еңбек тәртібін нығайту шараларын кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, әзірлеп, жүзеге асырады;

еңбекке ақы төлеудің және сыйлық берудің қазір күшінде бар шарттарының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, жалақы қоры мен көтермелеу қорларының жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

штаттан тыс персонал жалақысының Министрлікке бекітілген жалпы қоры шегінде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың штаттан тыс (тізімнен тыс) құрамындағы қызметкерлердің жалақы қорын белгілейді;

Мемлекеттік сауда мен тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, коллективтік договорлар жасауды қамтамасыз етеді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

кәсіпорындардың ысылған жетік қызметкерлеріне мамандықтары бойынша шеберлер атақтарын белгіленген тәртіп бойынша береді, мемлекеттік сауданың озаттарын омырау значоктарымен, құрмет грамоталарымен наградтайды және көтермелеудің басқа да түрлерін қолданады;

Мемлекеттік сауда мен тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарысты және коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты ұйымдастырады, республиканың мемлекеттік сауда кәсіпорындары мен ұйымдары коллективтерінің мемлекеттік сауда мен қоғамдық тамақтандыруды жақсы ұйымдастыру жолындағы социалистік жарысының шарттарын бекітеді, ауыспалы Қызыл туларды белгіленген тәртіп бойынша тағайындайды;

Мемлекеттік сауда мен тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады және онда озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етеді; өнертапқыштық пен рационализаторлық жөнінде перспективалық және ағымдағы тематикалық жоспарларды жасайды; өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуді қамтамасыз етеді. Министрлік өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту жұмысын Мемлекеттік сауда мен тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып жүргізеді;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде социалистік мемлекеттік меншіктің өрт хауіпсіздігін және оған ұқыпты қарауды қамтамасыз етеді;

қоғамдық ұйымдардың қатысуымен белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда Партия мен Үкіметтің сауда мен қоғамдық тамақтандыру саласындағы шешімдерін орындау жөніндегі баяндамалар мен шаралар, саланы өркендетудің аса маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың,

ұйымдар мен мекемелердің қызметін жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады;

еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, осы хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

Министрлікке бағынысты кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгілеген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және жояды [1]. *(алпыс үшінші абзац)* өз қарамағындағы мекемелер мен ұйымдардың үлгі штаттары шегінде, сондай-ақ жоспарлаудың жаңа тәртібіне көшірілмеген, социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар туралы Ереже қолданылмайтын кәсіпорындардың Министрлікке белгіленген әкімшілік-басқару персоналы санының шегінде, қызмет айлығы схемалары мен орташа айлық бойынша белгіленіп есептелген жалақы қорын сақтай отырып, әкімшілік-басқару персоналының құрылымы мен штаттарын бекітеді және өзгертеді;

Министрліктің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері туралы уставтарды (ережелерді) бекітеді; сауда басқармасы органдарының құрылымын жақсарту және оңайлату, бөлшек және көтерме сауда ұйымдарының жұмысындағы параллелизмді жою жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асырады [2].

7. Қазақ ССР Сауда министрлігі:

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінен — республика, облыстар және Алматы қаласы бойынша халықтың сатып алу фондыларын, Қазақ ССР-інің жоспарлаушы органдарынан, министрліктері мен ведомстволарынан — халық тұтынатын тауарларды кәсіпорындар бойынша көлемі мен ассортиментіне қарай өндіру және бөлу жоспарларын, сондай-ақ аталған тауарларды өндіру мен жеткізіп беру туралы есептерді алады;

республика территориясына орналасқан барлық сауда жүйелерінен — тауар айналымы, сауда жүйесін, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін дамытудың және мамандандырудың, сауданың прогрестік формаларын дамытудың жоспарларын, нақты тауар қорлары, рынок фондыларын тауарландыру туралы жалпы деректерді, озық технологияны енгізудің, өндірістік процестерді механикаландырудың және автоматтандырудың жобалары мен жоспарларын алады;

республика бойынша сауда мен қоғамдық тамақтандырудың статистикалық есебін белгіленген көрсеткіштерге сай жүргізеді және олардың жайымен оларда болып жатқан өзгерістерге конъюнктуралық бақылау жүргізеді.

8. Қазақ ССР Сауда министрлігі өз жұмысын республикада сауданы басқару жөніндегі барлық мәселелерді талқылауда және шешуде коллегиялық пен жеке адамның басқаруын ұштастыру негізінде, тапсырылған жұмыс участогындағы істің жайы мен белгілі тапсырмалардың орындалуы үшін қызмет адамдарының нақтылы жауапкершілігін белгілей отырып ұйымдастырады.

---

[1] 6-пункттің алпыс бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1976 ж. 11 ноябрьдегі № 508 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., № 22, 77-ст.).

[2] 6-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 ж. 16 марттағы № 138 қаулысымен қоғамдық тамақтандыру мемлекеттік кәсіпорындарының өнімдеріне бағаларды анықтау тәртібін белгілеу және осы өнімге жоғары шекті көтерме бағаны бекіту бөлігінде күші жойылды деп танылды.

9. Қазақ ССР Сауда министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Сауда министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Министр бөліп береді.

10. Қазақ ССР Сауда министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ сауданың басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

11. Қазақ ССР Сауда министрі Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы үшін жеке басы жауап береді, Министрдің орынбасарларының, бас басқармалар бастықтарының және Министрліктің басқа да бөлімшелері басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі үшін жауапкерлік дәрежесін белгілейді.

12. Қазақ ССР Сауда министрі министрліктің компетенциясы шегінде СССР мен Қазақ ССР-інің қазіргі қолданылып жүрген заңдары, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Сауда министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және нұсқаулар береді, бұлардың орындалуын тексереді, бұл бұйрықтар мен нұсқауларды халық депутаттарының облыстық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары мен бөлімдері, қоғамдық тамақтандыру басқармалары, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті.

Қазақ ССР Сауда министрінің сауданы басқарудың Министрліктің компетенциясына кіретін мәселелері жөніндегі бұйрықтары мен нұсқауларын сауданың барлық кәсіпорындары мен ұйымдары, сондай-ақ бұл кәсіпорындар мен ұйымдар бағынатын министрліктер мен ведомстволар орындауға міндетті.

Қазақ ССР Сауда министрі қажет болған реттерде басқа да министрліктердің және ведомстволардың басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

Қазақ ССР Сауда министрі халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің сауда басқармалары (бөлімдері) мен қоғамдық тамақтандыру басқармаларының, өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарына, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарына, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарына, сондай-ақ СССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларына қайшы келетін бұйрықтары мен нұсқауларын бұзады.

13. Қазақ ССР Сауда министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, министрліктер мен ведомстволардың, сауда ұйымдары мен кәсіподақ органдарының өкілдерін (қажет болған реттерде) қатыстыра отырып, сауданы, қоғамдық тамақтандыруды өркендетудің негізгі мәселелерін және Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды;

сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды; Министрліктің бас басқармаларының, басқармалары мен бөлімдерінің, сауда мен қоғамдық тамақтандыру басқармаларының жергілікті органдарының, республикадағы сауда ұйымдары, мекемелері мен кәсіпорындары қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, олардың баяндамалары мен есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған жағдайда Министр бұл туған келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірін Қазақ ССР Министрлер Советіне өз тарапынан, хабарлай алады.

14. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, саудада ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, саудада отандық және шет елдік ғылымның, техника мен озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Қазақ ССР Сауда министрлігінде ғалымдардан, ысылған жетік мамандардан, сауда жаңашылдарынан, сондай-ақ республиканың ғылыми-техникалық қоғамдары мен басқа да ұйымдарының өкілдерінен қоғамдық негізде техникалық-экономикалық совет құрылады.

Техникалық-экономикалық советтің құрамын және ол туралы Ережені Қазақ ССР Сауда министрі бекітеді.

15. Сауда министрлігінің жүйесіндегі кәсіпорындардың ұйымдары мен мекемелердің арасындағы шаруашылық дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Сауда министрлігі арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі.

Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Сауда министрі бекітеді.

16. Қазақ ССР Сауда министрлігінің орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын СССР Сауда министрлігімен келісе отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді, Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Сауда министрі бекітеді.

17. Қазақ ССР Сауда министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

Қазақ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

22-статья және 30-статьяның 5-пункті

[1] 1-томның 163-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

13-статьяның 2-пункті және 21-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

13-статьяның 2-пункті, 19-статья, 31-статьяның 7-пункті және 33-статьяның 6-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

19-статьяның 1, 3, 5, 6 және 8-пункттері

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [4]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылғы 22 мартта
ҚАБЫЛДАҒАН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14)

160—164-1-статьялар

ҚАЗАҚ ССР-і ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ САУДА БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [5]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 1 декабрьдегі № 458
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 23, 99-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің сауда басқармасы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

[1] 1-томның 191-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 221-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 254-бетін қараңыз.
[4] 12-томның 179-бетін қараңыз.
[5] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1982 жылғы 1 декабрьдегі
№ 458 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-і ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ САУДА БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің сауда басқармасын[1] Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Сауда министрлігіне де бағынады.

Сауда басқармасы облыс (Алматы қаласы) территориясындағы мемлекеттік, кооперативтік, колхоз саудасы мен қоғамдық тамақтандыруға, өзінің қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылық етеді; жоғары тұрған органға бағынысты, сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволардың сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысын үйлестіріп, бақылайды[2].

2. Сауда басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

— облыста (Алматы қаласында) сауданы барынша дамыту, халықтың товарларға деген өскелең сұранымын неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында халық тұтынатын товарлар өндіруді молайту, олардың ассортиментін жақсартып, сапасын арттыру ісінде өнеркәсіп кәсіпорындарына белсенді түрде ықпал жасау;

— бөлшек сауда товар айналымының мемлекеттік жоспарын және сауда мен қоғамдық тамақтандыру жөніндегі басқа да жоспарлы тапсырмаларды орындау;

— еңбек шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып сауда мен қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруды және олардың техникасын жетілдіру, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын дамытуды және нығайтуды қамтамасыз ету, негізгі қорларды, еңбек, материалдық, финанс ресурстары мен күрделі қаржыны пайдалануды жақсарту;

— товарлар сату мен халыққа қызмет көрсетудің прогресті әдістері мен формаларын, атап айтқанда өзіне өзі қызмет көрсетуді кеңінен енгізу, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру.

3. Сауда басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыста әрекет жасай отырып шешеді.

4. Сауда басқармасы өз қызметінде СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы

[1] Бұдан былай текст бойынша «сауда басқармасы».

[2] 1-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 15 февральдағы № 62 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 5, 13-ст.).

қалалық) Советінің шешімдерін, олардың атқару комитеттерінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Сауда басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

сауда мен қоғамдық тамақтандыруды дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітуге табыс етеді, осы жоспарларды қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға арнап бекітеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды құру және қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды жоғары тұрған органдардың бекітуіне табыс етеді;

халық тұтынатын тауарларға арналған рыноктық қорларды белгіленген номенклатураға орай мемлекеттік сауда мен тұтыну кооперациясының ұйымдары бойынша бөлу және қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің бекітуіне енгізеді, бөлшек сауда тауар айналымы жоспарын товармен қамтамасыз етудің есептерін жасайды, қосымша тауар ресурстарын іздеп табу және оларды тауар айналымына қосу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

халық тұтынатын тауарларға деген халық сұранымын зерттеуді ұйымдастырады, бұл тауарларды өндіріп, сауда жүйесіне беріп тұру жөнінде Қазақ ССР Сауда министрлігіне, ал облыстың (Алматы қаласының) кәсіпорындарында халық тұтынатын тауарлар шығаруды молайту, ассортиментін жақсартып, сапасын арттыру жөнінде халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне ұсыныстар әзірлеп, табыс етеді;

мүдделі кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп, халық тұтынатын тауарлар беріп тұру жөнінде сауда және өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдары арасында ұтымды шаруашылық байланыстарын дамытуға шаралар қолданады; тауарлардың көтерме саудасы жөнінде жәрмеңкелер ұйымдастырады және қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың оларды беріп тұруға арнап шарттар жасасуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін халық тұтынатын тауарларды темір жол, автомобиль транспортымен және тауарларды ыдыс-жабдықтар, контейнерлер мен табаншаларды пайдалана отырып тасымалдауды қоса алғанда транспорттың басқа да түрлерімен тасымалдаудың жоспарлары мен графиктерін белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді және олардың орындалуына оперативті бақылау жасауды жүзеге асырады; көтерме сауда базаларынан, өнеркәсіп кәсіпорындары мен басқа да өнім беріп тұрушылардан тауарларды тікелей бөлшек сауда жүйесіне автомобиль транспортымен орталықтандырып жеткізуді жақсартуға шаралар қолданады; саудада информациялық-диспетчерлік қызметтерді дамытуға және халықты тауарлармен кідіріссіз жабдықтауда олардың ролін арттыруға жәрдемдеседі;

тауар запастарының жайына және олардың сауда ұйымдары мен кәсіпорындары бойынша ұтымды орналастырылуына жүйелі түрде бақылау жасауды жүзеге асырады;

тұрғын үй құрылысына арнап күрделі қаржыдан бөлінетін 5 процеттік жарналар есебінен бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салып, жабдықтандыру жөнінде халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне ұсы-

ныстар енгізеді, кәсіпорындар мен ұйымдардың ведомстволық бағынысты лығына қарамастан сауда объектілерін іске қосу жөніндегі тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

сауда мен қоғамдық тамақтандыру ұйымдары мен кәсіпорындарының белгіленген номенклатура бойынша сауда-технологиялық, тоңазытқыш және басқа жабдықтарға, инвентарьға, шикізатқа, отынға деген қажетін анықтайды және оларды осы материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге шаралар қолданады;

сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен колхоз базарларында сауда тәртібі мен санитарлық ережелердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

сауда кәсіпорындарының бағаларды дұрыс қолдануын бақылайды; мемлекеттік сауда кәсіпорындары мен ұйымдарын стандарттармен, техникалық шарттармен, прейскуранттармен және басқа техникалық документтемемен қамтамасыз етеді;

сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының халық үшін неғұрлым қолайлы жұмыс режимін белгілеу туралы халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне ұсыныстар енгізіп, оның сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

шаруашылық есепті нығайтуға, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың рентабельділігін арттырып, пайдасын барынша молайтуға, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредитін тиімді пайдалануға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық жасайды, финанс, ресурстарын лайықты пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, өнім беріп тұрушылармен, мердігерлермен, банктермен дер кезінде есеп айырысуды, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысты, күрделі жөндеуді қаржыландыру үшін және финанс жоспарларымен көзделген басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларды аударып отыруын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіп бойынша орталықтандырылған қорлар құрайды, ол үшін банк мекемелерінде тиісті счеттар ашады; банк мекемелерімен бірлесе отырып есеп айырысудың төлемдерді, айналым қаржыларының айналымын жеделдетуге және төлем тәртібін нығайтуға жәрдемдесетін неғұрлым үнемді әрі прогресті формуларын енгізуді қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бухгалтерлік және статистикалық есеп ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есептерді алып отырады, есеп жұмыстарын орталықтандыру мен механикаландыру жөнінде шаралар жүргізеді, жиынтық есептер жасап, олардың тиісті органдарға дер кезінде берілуін қамтамасыз етеді;

колхоз базарларын кеңейту, көркейту, базарларда сауда мәдениетін арттыру, оларды қажетті жабдықтармен жабдықтандыру жөнінде белгіленген тәртіп бойынша шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

тұтыну кооперациясына келісім бағалары бойынша халықтан сатып алатын ауыл шаруашылық өнімдерімен сауда жасауды кеңейтуге, осы өнімдерді қалаларда, өнеркәсіп орталықтарында сататын магазиндерге арнап кооперативтік ұйымдарға үй-жайлар бөлуге барынша жәрдемдеседі;

қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындарда бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс практикасына ғылым, техника жетістіктері мен озық тәжірибенің, арнаулы контейнерлерді (ыдыс-жабдықтарды) қолдана отырып товарларды тасымалдаудың, сақтау мен сатудың прогресті технологиясының енгізілуін қамтамасыз етеді, өндірістік процестер мен басқаруды комплексті механикаландыру мен автоматтандыру есебінен қол еңбегін азайтуға шаралар қолданады;

ғылыми-техникалық және экономикалық информация ұйымдастырады, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық жасайды, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін, сондай-ақ осы мәселелер жөнінде тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді;

білікті қызметкерлер кадрларын іріктеу жөнінде жұмыс жүргізеді, оларды даярлау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

облыстық кәсіподақ комитетінің қатысуымен еңбек жағдайларын одан әрі жақсарту, хауіпсіздік техникасы ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері үшін тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекті ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарын дұрыс қолдану жөнінде жұмыс жүргізеді, жалақы қорлары мен көтермелеу қорларын жұмсауға бақылау жасауды жүзеге асырады;

облыстық кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып еңбек тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасуға басшылық етеді және олардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

азаматтардың ұсыныстарының, арыздары мен шағымдарының дер кезінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, олардың пайда болу себептерін жоюға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық жасайды.

Сауда басқармасының осы Ережеде баяндалған праволарымен қатар, оған қолданылып жүрген заңдармен берілген басқа праволары да бар.

6. Сауда басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Сауда басқармасын бастық басқарады, оны халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің сессиясы қызметке бекітіп, қызметтен босатады, ал сессиялар аралығындағы кезеңде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша міндеттерді атқарушы етіп тағайындайды және міндеттерді атқарудан босатады.

Сауда басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

7. Сауда басқармасының бастығы:

басқарма қызметіне басшылық жасайды және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері мен жарлықтары, оның атқару комитетінің шешімдері, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және соларды орындау үшін басқарма компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады;

басқару аппараты қызметкерлерін, сондай-ақ басқарманың тікелей қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын белгіленген тәртіп бойынша жұмысқа қабылдап, жұмыстан босатады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының шешімдері мен жарлықтарының және сайлаушылардың сауда басқармасының қызметіне қатысты аманаттарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

8. Сауда басқармасы өзінің жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің жиналыстары мен азаматтардың тұрғылықты жерлерінде есеп беріп отырады.

9. Сауданы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау, ғылымның, техниканың ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін сауда басқармасында техникалық-экономикалық совет құрылады.

Техникалық-экономикалық советтің құрамы мен ол туралы ережені сауда басқармасының бастығы бекітеді.

10. Сауда басқармасы шаруашылық есепте тұрады, банкілерде есеп айырысу және басқа счеттары болады. Сауда басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Сауда басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 5 ноябрьдегі
№ 440 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 22, 73-ст.)

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің қоғамдық тамақтандыру басқармасын* ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Сауда министрлігіне де бағынады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасы облыс (Алматы қаласы) территориясындағы қоғамдық тамақтандыруға, өзінің қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылық етеді; жоғары тұрған органға бағынысты, сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволардың қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысын үйлестіріп, бақылайды [1].

---

* Бұдан былай текст бойынша «қоғамдық тамақтандыру басқармасы».

[1] 1-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 15 февральдағы № 62 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 5, 13-ст.).

2. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

облыс (Алматы қаласының) территориясында қоғамдық тамақтандыру ісін одан әрі дамытып, жетілдіруді қамтамасыз ету, халықтың өскелең қажеттерін қанағаттандыруда қоғамдық тамақтандырудың ролін арттыру;

мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіпті сақтау;

тағам әзірлеудің индустриалдық технологиясын енгізу, жоғары дәрежеде дайындалған жартылай фабрикаттар өндіруді шоғырландырып, орталықтандыру, азық-түлік ресурстарын ұтымды пайдалану, диеталық тамақтандыру ісін ұйымдастыру;

қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту, негізгі қорлардың, еңбек, материалдық, финанс ресурстарының және күрделі қаржының пайдаланылуын жақсарту;

қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында жұмыстың прогресті формалары мен еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, халыққа қызмет көрсету мәдениетін арттыру.

3. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыс жасай отырып шешеді.

4. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

халықтың қоғамдық тамақтандыру қызметіне сұранымын зерттеуді ұйымдастырады;

қоғамдық тамақтандыру ісін дамытудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобаларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарларын бекітеді және олардың орындалуына тұрақты бақылау жасауды жүзеге асырады;

қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін ұтымды орналастырып, дамытуды, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құруды және олардың қуатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

қарамағындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарының азық-түлік және басқа товарларға деген қажетінің есебін жасайды, олардың арасында рыноктық қорларды бөледі және товарлардың бірқалыпты берілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады; қосымша азық-түлік товарларын іздестіріп тауып, оларды товар айналымына қосу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

облыстың (Алматы қаласының) көтерме сауда кәсіпорындары мен ұйымдары, өнеркәсіп кәсіпорындары және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдары арасында азық-түлік және басқа товарлар беріп тұру жөніндегі шаруашылық байланыстарды жетілдіруге,

товарларды автомобильмен және транспорттың басқа да түрлерімен тікелей қоғамдық тамақтандыру жүйесіне бір орталықтан жеткізіп беру ісін жақсартуға шаралар қолданады, өнім беріп тұрушылардың шарттық міндеттемелерді орындауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындарда қосалқы ауыл шаруашылықтарын кеңейту, тағам қалдықтарын жинау мен пайдалану жөнінде жұмыс жүргізеді;

тұрғын үй құрылысына арналған күрделі қаржыдан бөлінетін 5 процеттік жарна есебінен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салу және жабдықтау жөнінде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне ұсыныстар енгізеді, осы қаржылар есебінен күрделі құрылыс жоспарларын әзірлеуге қатысып, олардың орындалуын бақылайды;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, бөлінген қорлардың алынуын және олардың өз мақсатына үнемді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің келісуі бойынша облыс (Алматы қаласы) мемлекеттік саудасының қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының бағынысына қарамастан оларға үстеме баға категорияларын (жоғарыдан басқа) белгілейді;

қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында бағаларды қолданудың дұрыстығын, сауда тәртібінің, санитариялық және техникалық ережелердің сақталуын бақылайды;

облыс (Алматы қаласы) мемлекеттік саудасының қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары шығаратын жартылай фабрикаттар мен бұйымдардың бөлшек сауда бағаларының жобаларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірлеп, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің бекітуіне белгіленген тәртіп бойынша енгізеді;

мемлекеттік сауда жүйесінің қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарын стандарттармен, техникалық шарттармен, прейскуранттармен және басқа нормативтік-техникалық документтемемен қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайтып, олардың рентабельділігін арттыру, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық етеді, финанс ресурстарын қалыпты пайдалануға бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларын сақтауын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, өнім беріп тұрушылармен, мердігерлермен, банкілермен уақтылы есеп айырысуын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысты, күрделі жөндеуді қаржыландыруға және финанс жоспарымен көзделген басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларын аударуын қамтамасыз етеді;

орталықтандырылған қорларды белгіленген тәртіп бойынша құрайды, бұл үшін банк мекемелерінде тиісті счеттар ашады, есеп айырысудың төлемдерді, айналым қаржыларының айналымын тездетіп, төлем тәртібін нығайтуға жәрдемдесетін неғұрлым үнемді және прогресті

формаларын енгізуді банк мекемелерімен бірлесе отырып ұйымдастырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы есепке алу ісін ұйымдастырады, ішкі ведомстволық бақылау-тексеру қызметінің ролін арттырып, оның жұмысын жақсартуды, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді алады, есеп жұмыстарын орталықтандыру мен механикаландыру ісін жүргізеді, жиынтық бухгалтерлік есептер мен баланстар жасайды, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ғылым, техника жетістіктерінің және озық тәжірибенің, тағам әзірлеудің, жоғары дәрежеде дайындалған жартылай фабрикаттар, кулинария тағамдарын өндірудің прогресті технологиясы енгізілуін, оларды тасымалдауды қамтамасыз етеді, қол еңбегін қысқартуға шаралар қолданады;

ғылыми-техникалық және экономикалық информацияны, кулинария советтерінің жұмысын ұйымдастырады, өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды білікті кадрлармен қамтамасыз етеді, оларды даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

еңбек жағдайларын одан әрі жақсарту, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбек ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарын дұрыс қолдану жөнінде жұмыс жүргізеді, жалақы қорлары мен көтермелеу қорларын жұмсауға бақылау жасауды жүзеге асырады;

облыстық кәсіподақ комитетімен бірлесіп қарамағындағы кәсіпорындарда социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, қызметкерлердің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық етеді, азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және мұқият қаралуын ұйымдастырады шағымдарды тудырған себептерді жоюға шаралар қолданады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасының, осы Ережеде баяндалған праволармен қатар, қолданылып жүрген заңдармен оған берілген басқа да праволары бар.

6. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялылықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасын бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының бастығы:

басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін басқарманың компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады;

басқару аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ басқармаға тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын белгіленген тәртіп бойынша жұмысқа алады және жұмыстан шығарады;

халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі шешімдерінің, оның атқару комитетінің, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының шешімдері мен жарлықтарының және сайлаушылардың қоғамдық тамақтандыру басқармасының қызметіне қатысты аманаттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде қаржыларға иелік етеді.

8. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы өз жұмысында халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

9. Облыс (Алматы қаласының) территориясында қоғамдық тамақтандыру ісін дамытып, жақсартудың негізгі мәселелерін қарау, ғылымның, техниканың ең соңғы жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, тәрбиелеу және орналастыру, сондай-ақ басқа да маңызды мәселелерді қарау үшін қоғамдық тамақтандыру басқармасында техникалық-экономикалық совет құрылады.

Техникалық-экономикалық советтің құрамы мен ол туралы ережені қоғамдық тамақтандыру басқармасының бастығы бекітеді.

10. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы шаруашылық есепте тұрады, банкілерде есеп айырысу және басқа счеттары болады. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР САУДА-ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАСЫНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 17 январьдағы № 23
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 5, 13-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Осыған қосылған Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы уставының жобасы мақұлдансын.

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумына аталған жобаны Палатаның толық мүшелері жалпы жиналысының қарап, бекітуіне енгізу ұсынылсын.

ҚАЗАҚ ССР САУДА — ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАСЫНЫҢ УСТАВЫ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Қазақ ССР-інің территориясында СССР-дің басқа елдермен сауда жасасуын, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарын дамытуға жәрдемдесетін қоғамдық ұйым болып табылады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қызметі осы Уставқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы өзіне бағынысты ұйымдармен бірге СССР Сауда-өнеркәсіп палатасының одақтық республикалық жүйесіне енеді.

3. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы заңды ұйым болып табылады: ол қағас мүлікке иелік жасайды, өз атынан мүліктік және мүліктік емес өзіндік праволарға ие болып, міндеттерін атқарады, сотта, арбитражда немесе аралық сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы СССР мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша өндіріп алынуы мүмкін өз иелігіндегі мүлікке өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді. Мемлекет пен оның органдары, сондай-ақ СССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы мемлекет пен оның органдарының, сондай-ақ СССР Сауда-өнеркәсіп палатасының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Палатаның мүшелері Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Палата мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының өз эмблемасы — Меркурий асатаяғы және айқастырылған орақ пен балға бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

5. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының тұратын жері — Алматы қаласы.

II. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының функциялары

6. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы:

а) сауданы және сыртқы экономикалық қызметтің басқа түрлерін дамытуда советтік сыртқы сауда ұйымдарына жәрдемдеседі;

б) шетелдік ұйымдармен және фирмалармен экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуда Палатаның мүшелеріне және Қазақ ССР-інің территориясында өз қызметін жүзеге асыратын совет кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына жәрдемдеседі;

в) шетелдік іскер және қоғамдық топтармен, сондай-ақ оларды біріктіретін немесе өкілі болып табылатын ұйымдармен байланыстарды дамытуға белгіленген тәртіп бойынша қатысады, әр түрлі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады, аралас сауда палаталарының құрамына кіре алады;

г) шетелдік сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық делегацияларды, іскер топтар мен қоғамдық ұйымдардың жекелеген өкілдерін белгіленген тәртіп бойынша қабылдайды, сондай-ақ советтік сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық делегациялардың құрамында өз өкілдерін шетелдерге, көрмелерге, басқа да шараларға жіберу туралы ұсыныстар енгізеді;

д) Палата мүшелерінің және Қазақ ССР-інің басқа кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының шетелдердегі советтік сауда-өнеркәсіп көрмелеріне қатысуы және осы көрмелерге республикалық бөлімдер ұйымдастыру жөніндегі қажетті шараларды жүргізеді;

е) Қазақ ССР-інде шетелдік мамандандырылған, ұлттық сауда-өнеркәсіп көрмелерін және жекелеген шетелдік фирмалардың көрмелерін, сондай-ақ конгрестер, конференциялар, симпозиумдар және басқа орайлас шаралар өткізуге жәрдемдеседі;

ж) өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілері шетелде патенттелуіне, сондай-ақ республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарының товарлық белгілері шетелде тіркелуіне жәрдемдеседі;

з) совет кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының, шикізат пен жабдықтарды қоса алғанда, товарлардың сапасына экспертиза және бақылау жасау, олардың мөлшерін тексеру жөніндегі тапсырмаларын коммерциялық негізде орындайды;

и) СССР-ден тасылатын товарлардың шығу тегі туралы куәліктерді, сондай-ақ осы товарлардың счеттарын және товарға қоса жіберілетін басқа документтемені куәландырады;

к) СССР-дің және шетелдердің экономикасы мен сыртқы саудасы туралы, сауда палаталарының, бірлестіктердің, іскер топтар одақтарының, халықаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық байланыс мәселелерімен шұғылданатын халықаралық экономикалық және басқа ұйымдардың қызметі туралы анықтамалықтар мен информациялық материалдарды белгіленген тәртіп бойынша таратады;

л) республика туралы, сондай-ақ Палатаның компетенциясына енетін мәселелер бойынша бюллетеньдер, анықтамалықтар, информациялық-жарнамалық материалдар шығарады;

м) Палатаның мүшелері мен экспорт үшін товарлар беріп тұрушыларға, сондай-ақ халықаралық жәрмеңкелер мен шетелдердегі көрмелердің советтік қатысушыларына, Қазақ ССР-і өткізетін халықаралық және шетелдік көрмелердің қатысушыларына арналған қолтума көркем жарнамалар жасау жөніндегі заказдарды орындайды;

н) Қазақ ССР-інің территориясында өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қолтума товар белгілерін әзірлеп жасау жөніндегі заказдарын орындайды;

о) экономикалық және ғылыми-техникалық документтемені, сондай-ақ анықтамалық және информациялық-жарнамалық материалдарды шетел тілдерінен СССР халықтарының, СССР халықтарының тілдерінен шетел тілдеріне аудару жөніндегі заказдарды белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

III. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының праволары

7. Осы Уставтың 6-статьясымен көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының белгіленген тәртіп бойынша мынадай правосы бар:

а) Қазақ ССР-інің территориясында құрылыс салуға, кез келген жылжитын және жылжымайтын мүлікті сатып алуға, неліктен шығаруға, арендаға алуға және беруге;

б) мәмлелер мен шарттар жасасуға;

в) Қазақ ССР-інің территориясында шаруашылық есепте жұмыс істейтін және заңды ұйым праволарына ие бюроларды, бөлімшелерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға.

IV. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының құрамы. Палата мүшелерінің праволары мен міндеттері

8. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы толық мүшелерден, құрметті мүшелерден және корреспондент-мүшелерден құралады.

9. Республиканың территориясында орналасқан, СССР-дің басқа елдермен сауда жасасуын, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарын жүзеге асыруға қатысатын немесе өз қызметімен осындай байланыстарды дамытуға жәрдемдесетін советтік мемлекеттік, кооперативтік және басқа қоғамдық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының толық мүшелері бола алады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының толық мүшелері СССР Сауда-өнеркәсіп палатасының да толық мүшелері болып табылады.

10. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының толық мүшелері өзінің белсенді қызметімен Палатаның міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдескен совет кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және азаматтары арасынан сайланады.

11. Палатаның міндеттерін жүзеге асыруда оған пайда келтіруге әзір екенін білдірген совет кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және азаматтары Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының корреспондент-мүшелері бола алады.

12. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы толық мүшелерінің өзінің өкілетті өкілдері арқылы мынадай правосы бар:

а) СССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі белгілейтін тәртіп бойынша СССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезіне делегаттар сайлауға;

б) Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі белгілейтін тәртіп бойынша Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезіне делегаттар сайлауға;

в) Палатаның басшы органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

г) Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумы мен Советінің қарауына Палатаның қызмет аясына кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

д) Палатаның қызмет аясына кіретін мәселелерді шешуде одан қажетті көмек алуға;

е) Палата мен оның ұйымдарының қызметтерін бірінші кезектегі тәртіп бойынша пайдалануға.

13. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының толық мүшелері:

а) Палатаның міндеттерін жүзеге асыруға белсене жәрдемдесуге;

б) Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының есеп айырысу счетына кіру жарнасы мен мүшелік жарнаны төлеп отыруға міндетті.

14. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының құрметті мүшелері Палатаның толық мүшелерінің осы Уставтың 12-статьясы «а», «б» және «в» тармақтарында баяндалған праволардан басқа барлық праволарымен пайдаланады. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының құрметті мүшелері кіру жарнасы мен мүшелік жарнаны төлемейді.

15. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының корреспондент-мүшелері Палатаның міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі және

Палатаның, оның ұйымдары мен кәсіпорындарының қызметтерімен пайдаланады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының корреспондент-мүшелері кіру жарнасы мен мүшелік жарнаны төлемейді.

V. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының басшы органдары

16. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезі, Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі, Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумы Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының басшы органдары болып табылады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезі

17. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезі Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының жоғары басшы органы болып табылады.

18. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының кезекті съездерін Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі бес жылда кемінде бір рет шақырады.

Кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерді талқылау үшін Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының кезектен тыс съездері шақырылуы мүмкін.

Палатаның кезектен тыс съездері Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Советінің немесе Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Президиумының қаулылары бойынша, Палатаның тексеру комиссиясының талап етуі немесе оның толық мүшелерінің кемінде бестен бірінің талап етуі бойынша шақырылады.

19. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезін шақыру мерзімі мен орны, сондай-ақ съезде қарауға жататын мәселелер туралы Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумы съездің ашылатын күнінен кемінде 30 күн бұрын Палата мүшелеріне хабарландыру жіберуге тиіс. Съезд шақыру туралы хабар баспасөзде жарияланады.

20. Съездерге өкілдік нормасын, делегаттар сайлау тәртібін немесе Палатаның толық мүшелерінің Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съездеріне қатысу тәртібін Палатаның Советі белгілейді.

21. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы съезінің қарауына мыналар жатады:

а) Палатаның қызметі туралы Палата Советінің баяндамаларын, тексеру комиссиясының есептерін қарау және солар бойынша шешімдер қабылдау;

б) Палатаның Советін сайлау;

в) Палатаның тексеру комиссиясын сайлау;

г) Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Уставын бекіту, өзгерту немесе толықтыру;

д) Палатаның қызметіне қатысты басқа да мәселелерді қарау.

22. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының съезі Палатаның толық мүшелерінің кемінде үштен екісінің өкілдігі болған жағдайда өкілетті деп саналады.

23. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының кезекті де, кезектен тыс та съездерінде талқыланатын мәселелер, Палатаның Уставын бекіту, өзгерту немесе толықтыру туралы мәселелерден басқалары, ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен шешіледі. Ол мәселелер Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы толық мүшелерінің съезде қатысып отырған өкілдерінің кемінде үштен екісінің дауыс беруімен шешіледі.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі

24. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қызметіне жалпы басшылық ету үшін Палатаның съезі бес жыл мерзімге Палатаның Советін сайлайды. Палата Советінің сайланатын мүшелерінің санын Палатаның съезі белгілейді.

25. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Советі:

а) Палатаның Президиумын сайлайды;

б) Палатаның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту және Палатаның мүшелігінен шығару туралы Палата Президиумының шешімдеріне шағымдарды қарайды;

в) Палатаның құрметті мүшелерін сайлайды;

г) Палата Президиумының жұмысы туралы жылдық есептерді қарап, бекітеді;

д) Палатаның жылдық, перспективалық финанс-шаруашылық не басқа жоспарларын, олардың орындалуы туралы есептерді, тексеру комиссиясының олар жөніндегі қорытындыларын бекітеді;

е) Палатаның қорларын: уставтық қорын, материалдық көтермелеу қорын, әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорын бекітеді;

ж) Палатаның кезекті және кезектен тыс съездерін шақырады;

з) Палатаның қызметі туралы Палатаның съезіне баяндайды;

и) шығып қалған мүшелердің орнына Палатаның Президиумы мен тексеру комиссиясының мүшелерін Палатаның кезекті съезіне дейінгі мерзімге сайлайды;

к) Палатаның Президиумы мен тексеру комиссиясының мүшелерін мерзімінен бұрын міндеттерінен босатады;

л) Палатаның Президиумы мен тексеру комиссиясы, сондай-ақ Палатаның жекелеген мүшелері Палата Советінің қарауына ұсынатын Палата қызметі мәселелерін шешеді.

26. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Советінің мәжілістері жылына кемінде бір рет шақырылады. Палата Президиумының шешімі немесе Палатаның тексеру комиссиясының талап етуі бойынша Палата Советінің кезектен тыс мәжілістері шақырылуы мүмкін.

27. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Советінің мәжілістері Совет құрамының жартысынан астамы болған жағдайда өкілетті деп саналады. Советтің шешімдері Палата Советінің қатысып отырған мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады.

Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумы

28. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының ағымдағы қызметіне басшылық ету үшін Палатаның Советі бес жыл мерзімге Палатаның Президиумын сайлайды, оның құрамында Президиум председателі, председателінің орынбасарлары және мүшелері болады. Палата Президиумының сайланатын мүшелерінің санын Палатаның Советі белгілейді.

29. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының Президиумы:

а) Палатаның және оған бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етеді;

б) Палатаның съезі мен Палата Советінің шешімдерін жүзеге асырады және олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады;

в) толық мүшелер мен корреспондент-мүшелерді Палатаның құрамына қабылдайды және құрамынан шығарады;

г) Палатаның қаржыларына иелік етеді, Палатада бақылау-тексеру жұмысын, оның қарамағындағы ұйымдарда есепке алу мен есеп берудің жайын тексеруді ұйымдастырады;

д) жылдық және перспективалық финанс-шаруашылық, басқа да жоспарлардың жобасын әзірлеп, Палата Советінің бекітуіне енгізеді, олардың орындалуы туралы есептерді Палата Советінің бекітуіне табыс етеді;

е) Палатаның мына қорларын: уставтық қорын, материалдық көтермелеу қорын, әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорын әзірлеп, Палата Советінің бекітуіне енгізеді;

ж) Палатаның қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың құрылымын, штаттарын және әкімшілік-басқару шығындарының сметаларын белгіленген қаржылар, қызметкерлер саны мен жалақы қоры шеңберінде бекітеді;

з) мүшелік кіру жарналарын төлеу тәртібі мен мерзімін белгілейді;

и) Палатаның қызметіне байланысты мәселелерді әзірлеп, талқылау үшін арнаулы секциялар құрады, олардың құрамына Палата мүшелерінің, басқа да совет кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ жекелеген азаматтар енгізілуі мүмкін;

к) Палатаның бөлімшелері, бөлімдері, ұйымдары, кәсіпорындары мен секциялары туралы ережелерді бекітеді.

30. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Президиумының мәжілістері Палатаның Президиумы мүшелерінің жартысынан астамы болған жағдайда өкілетті деп саналады. Палата Президиумының шешімдері Палата Президиумының қатысып отырған мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады.

31. Шарттарға, міндеттемелерге, сенімхаттарға және басқа ақша документтеріне Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы Президиумының председателі немесе оның орынбасары қол қояды. Ақша, товар-материалдық және басқа байлықтарды қабылдау мен беруге негіз болып табылатын, сондай-ақ Қазақ ССР Сауда-Өнеркәсіп палатасының кредит және есеп айырысу міндеттемелерін өзгертетін документтерге сонымен қатар бас бухгалтер немесе оның орынбасары қол қояды.

VI. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының тексеру комиссиясы

32. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының финанс-шаруашылық қызметін тексеру, кассасына, мүлкі мен есеп беруіне тексеріс жүргізу үшін Палатаның съезі Палатаның Советі мен Палата Президиумының құрамына енбейтін адамдар арасынан, съезд белгілейтін мөлшерде, бес жыл мерзімге тексеру комиссиясын сайлайды.

VII. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қаржылары

33. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қаржылары мыналардан құралады:

а) кіру жарнасы мен мүшелік жарнадан;

б) Палата көрсететін қызметтер үшін алынатын ақыдан;

в) Палата ұйымдары қызметінің табыстарынан;

г) өзге де түсімдерден.

34. Кіру жарнасы 50 сом мөлшерінде, мүшелік жарна жылына 100 сом мөлшерінде белгіленеді.

35. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қаржылары оның қызметін қамтамасыз етуге және уставтық қорын, материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорын құрауға жұмсалады.

36. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының есепті жылы 1 январьдан 31 декабрьге дейін деп белгіленеді.

VIII. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қызметін тоқтату

37. Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының қызметін тоқтату туралы және оның істері мен материалдарын жою тәртібі туралы мәселені қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Палатаның съезі шешеді.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАРДЫҢ САПАСЫ МЕН САУДАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ (ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК САУДА ИНСПЕКЦИЯСЫ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 24 августағы № 358
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 18, 65-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-і бойынша Халық тұтынатын товарлардың саудасы мен сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция бұдан былай Қазақ ССР Халық тұтынатын товарлардың сапасы мен саудасы жөніндегі

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

формаларын енгізуді банк мекемелерімен бірлесе отырып ұйымдастырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы есепке алу ісін ұйымдастырады, ішкі ведомстволық бақылау-тексеру қызметінің ролін арттырып, оның жұмысын жақсартуды, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді алады, есеп жұмыстарын орталықтандыру мен механикаландыру ісін жүргізеді, жиынтық бухгалтерлік есептер мен баланстар жасайды, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ғылым, техника жетістіктерінің және озық тәжірибенің, тағам әзірлеудің, жоғары дәрежеде дайындалған жартылай фабрикаттар, кулинария тағамдарын өндірудің прогресті технологиясы енгізілуін, оларды тасымалдауды қамтамасыз етеді, қол еңбегін қысқартуға шаралар қолданады;

ғылыми-техникалық және экономикалық информацияны, кулинария советтерінің жұмысын ұйымдастырады, өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды білікті кадрлармен қамтамасыз етеді, оларды даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

еңбек жағдайларын одан әрі жақсарту, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбек ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарын дұрыс қолдану жөнінде жұмыс жүргізеді, жалақы қорлары мен көтермелеу қорларын жұмсауға бақылау жасауды жүзеге асырады;

облыстық кәсіподақ комитетімен бірлесіп қарамағындағы кәсіпорындарда социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, қызметкерлердің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық етеді, азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және мұқият қаралуын ұйымдастырады шағымдарды тудырған себептерді жоюға шаралар қолданады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасының, осы Ережеде баяндалған праволармен қатар, қолданылып жүрген заңдармен оған берілген басқа да праволары бар.

6. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялылықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасын бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Қоғамдық тамақтандыру басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының бастығы:

басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін басқарманың компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады;

басқару аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ басқармаға тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын белгіленген тәртіп бойынша жұмысқа алады және жұмыстан шығарады;

халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі шешімдерінің, оның атқару комитетінің, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының шешімдері мен жарлықтарының және сайлаушылардың қоғамдық тамақтандыру басқармасының қызметіне қатысты аманаттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде қаржыларға иелік етеді.

8. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы өз жұмысында халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

9. Облыс (Алматы қаласының) территориясында қоғамдық тамақтандыру ісін дамытып, жақсартудың негізгі мәселелерін қарау, ғылымның, техниканың ең соңғы жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, тәрбиелеу және орналастыру, сондай-ақ басқа да маңызды мәселелерді қарау үшін қоғамдық тамақтандыру басқармасында техникалық-экономикалық совет құрылады.

Техникалық-экономикалық советтің құрамы мен ол туралы ережені қоғамдық тамақтандыру басқармасының бастығы бекітеді.

10. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы шаруашылық есепте тұрады, банкілерде есеп айырысу және басқа счеттары болады. Қоғамдық тамақтандыру басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Қоғамдық тамақтандыру басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАРДЫҢ САПАСЫ МЕН САУДАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ (ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК САУДА ИНСПЕКЦИЯСЫ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 24 августағы
№ 358 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 18, 65-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-і бойынша Халық тұтынатын товарлардың саудасы мен сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция бұдан былай Қазақ ССР Халық тұтынатын товарлардың сапасы мен саудасы жөніндегі

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мемлекеттік инспекциясы (Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы) деп аталатын болсын.

2. Қазақ ССР Халық тұтынатын товарлардың сапасы мен саудасы жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 24 августағы № 358
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАРДЫҢ САПАСЫ МЕН САУДАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Халық тұтынатын товарлардың сапасы мен саудасы жөніндегі мемлекеттік инспекциясы (Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы) Қазақ ССР Сауда министрлігі орталық аппаратының дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оны бастық басқарады және тікелей Министрге бағынады.

Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы орталық аппараттан және облыстар мен Алматы қаласы бойынша мемлекеттік сауда инспекцияларының басқармаларынан тұрады.

Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының басты міндеттері мыналар:

— стандарттардың, техникалық шарттардың, басқа нормативтік-техникалық документтеменің және бекітілген үлгі-эталондардың талаптарына сай келмейтін бұйымдарды шығарудың, беріп тұрудың, қабылдау мен өткізудің алдын алу мақсатында Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан өнеркәсіп (ұн тарту, жарма және құрамажемнен басқа), сауда, қоғамдық тамақтандыру және халық шаруашылығының басқа да салалары кәсіпорындарының ведомстволық бағынысына қарамастан тікелей соларда халық тұтынатын товарлардың сапасын бақылауды жүзеге асыру;

— сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарының ведомстволық бағынысына қарамастан олардың сауданы реттейтін заңдарды және басқа нормативтік актілерді сақтауын бақылау;

— қарамағындағы басқармалардың бақылау формалары мен әдістерін жетілдіру және оның тиімділігін арттыру.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

— халық тұтынатын товарлар өндіретін бірлестіктер мен кәсіпорындарда стандарттардың, техникалық шарттардың, бекітілген үлгі-эталондардың, рецептуралар мен технологиялық нұсқаулардың сақталуын, ал қажет болған жағдайда — товарлар өндіру үшін пайдаланы-

латын жартылай фабрикаттардың, шикізаттың, материалдардың сапасын іріктеп тексеруді жүргізеді;

— дайындау ұйымдарының базалары мен қоймаларында сауда орындарына беріп тұру үшін әзірленген картоп пен жеміс-овощ өнімінің сапасын, сондай-ақ тікелей бөлшек сауда жүйесі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында олардың сапасын тексереді;

— көтерме, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында халық тұтынатын товарлар мен қоғамдық тамақтандыру өнімінің сапасын, сондай-ақ осы кәсіпорындардың товарларды қабылдау, сақтау, орап-қаптау, таңбалау, босату, жөнелту және өткізу ережелерін сақтауын тексереді;

— темір жолмен тасымалданатын тез бұзылатын товарлардың жайын тексеруге қатысып, қажет болған реттерде оларды одан әрі тасымалдау мүмкіндігі немесе ұқсату және өткізу үшін кідірте тұру туралы қорытынды береді;

— халық тұтынатын товарларға арналған стандарттардың, техникалық шарттардың және басқа нормативтік-техникалық документтеменің жобаларын қарауға, халық тұтынатын товарлар шығаратын министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың (бірлестіктердің) көркемдік-техникалық, үйлестіруші советтерінің, аттестациялаушы, дегустациялық комиссияларының және басқа советтері мен комиссияларының жұмысына белгіленген тәртіп бойынша қатысады;

— мүдделі ұйымдармен бірлесіп халық тұтынатын товарлар сапасының салыстырмалы байқауларын ұйымдастырады;

— товарлардың сапасын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі өз жұмысын СССР Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарымен және өнім сапасын бақылайтын басқа да ұйымдармен үйлестіреді;

— көтерме, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында мыналарды тексереді:

кәсіпорындар жұмысының, товарларды сату мен алмастырудың белгіленген режимі мен ережелерінің сақталуын, товарлар мен қоғамдық тамақтандыру өнімін босатудың, сатып алушылармен есеп айырысудың, өлшемдермен және өлшеу приборларымен пайдаланудың, бөлшек сауда бағаларының, үстеме бағалардың, қоғамдық тамақтандыру өніміне баға қою тәртібінің дұрыстығын;

ассортименттік тізбелермен немесе менюлермен көзделген товарлар мен қоғамдық тамақтандыру өнімінің сатуда бар-жоғын;

шағымдар мен ұсыныстар кітаптарын, бақылау журналдарын және басқа көзделген документтемені жүргізу тәртібін;

сатып алушыларға сауда мен қызмет көрсету ережелері, көрсетілетін қызметтер мен бөлшек сауда бағалары туралы хабарлау жөніндегі жұмысты;

— көтерме сауда базаларында, бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру қоймаларында товарлардың жеткілікті ассортиментте бар-жоғын, оның бөлшек сауда жүйесі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы ассортиментке сәйкестігін, сондай-ақ товарларды, оның ішінде сұранымы көп бұйымдарды босату тәртібінің сақталуын тексереді;

— халық тұтынатын товарлардың сапасы, сауда ережелерін, бөлшек сауда бағаларын бұзу мәселелері жөніндегі азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың арыздарын, хаттары мен шағымдарын, баспасөз органдарының материалдарын қарап, олар бойынша белгіленген тәртіпке орай тиісті шаралар қолданады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарда ведомстволық бақылаудың

жайын және сауда мен қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының халық тұтынатын сапасыз товарлар мен қоғамдық тамақтандыру өнімін өндіруді және оларды өткізуді, сауда ережелерін, бөлшек сауда бағаларын бұзуды болдырмау жөніндегі жұмысын тексереді;

— жүргізілген бақылаудың нәтижелеріне талдау жасап, қорытады, халық тұтынатын товарлардың сапасын жақсарту, сауда кәсіпорындарының жұмысын бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және беті ашылған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстармен бірге оларды Қазақ ССР Сауда министрлігі мен басқа да тиісті органдарға табыс етеді.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы мен оның жер-жердегі органдарының мынадай правосы бар:

— халық тұтынатын товарлар өндіретін өнеркәсіп пен сауда кәсіпорындары (бірлестіктері) орындауға міндетті мынадай нұсқаулар мен нұсқамаларды белгіленген тәртіп бойынша оларға беруге:

стандарттарды, техникалық шарттар мен басқа да нормативтік-техникалық документтемені бұзып өндірілген товарларды жөнелту мен қабылдауды тоқтату туралы;

технологиялық тәртіптің бұзылуын жою, сапасыз товарларды, сондай-ақ сорттылығы мен бағалары дұрыс көрсетілмеген немесе бағалары көрсетілмеген не бұл деректер жөнелту (төлемдік) документтеріне сәйкес келмеген товарларды өткізуден алып тастау туралы;

— қажет болған реттерде товарлар қабылдаудың айрықша режимін енгізуге;

— нормативтік-техникалық документтеменің талаптарына сай келмейтін товарлардан Мемлекеттік сапа белгісін алып тастау туралы СССР Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарына ұсыныстар енгізуге;

— тиісті шаралар қолдану үшін Мемлекеттік сауда инспекциясы стандарттардың, техникалық шарттардың, рецептуралардың талаптарына сай келмейтін және тиісті үлгілерге сәйкеспейтін товарларды өнім шығарушы қай кәсіпорындардан сауда орындарына беріп тұруға тыйым салғанын СССР Мемлекеттік банкісінің мекемелеріне хабарлауға;

— нормативтік-техникалық документтемеден, сондай-ақ бекітілген үлгі-эталондардан ауытқып өндірілген өнімді өткізуден түскен пайданы мемлекеттік бюджеттің кірісіне аудару және осы өнімді өндіріс пен пайда жоспарының орындалуы туралы есепті деректерден шығарып тастау туралы өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарына белгіленген тәртіп бойынша нұсқамалар беруге;

— тексерудің нәтижелері бойынша сауда, қызмет көрсету ережелерін, товарлардың бағаларын және оларды сақтау ережелерін беті ашылған бұзушылықтарды жою туралы көтерме, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдары орындауға міндетті шешімдер шығаруға;

— сатып алушыларды алдау және бағаларды арттыру фактілерінің беті ашылған сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында товар-материалдық байлықтар мен ақша қаражатына инвентаризация жүргізу туралы орындалуы міндетті шешімдерді қажет болған реттерде белгіленген тәртіп бойынша қабылдауға;

— бұзылған, белгіленген таңбасы жоқ, тексеру мерзімі өткен өлшеу құралдары мен өлшемдерді, түпнұсқа документтерді, сапасыз өнімдердің үлгілерін және тәртіп бұзушылықтарды немесе қиянат жасаушылықтарды айғақтайтын басқа товарларды алып қоюға, мұндай алып қоюшылықты әрбір ретте тиісті актімен ресімдеуге;

— жүргізілетін тексерулерге байланысты документтерді, мәліметтерді, сондай-ақ түсініктемелерді өнеркәсіп пен сауда ұйымдарынан, кәсіпорындарынан алуға;

— сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының ведомстволық бағынысына қарамастан (3-категориядағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан басқасы) бөлшек сауда бағаларын арттырған фактілерінің беті ашылған және артық алынған соманы сатып алушыларға қайтару мүмкін болмаған жағдайда оны тиісті бюджет кірісіне алып қою туралы шешімдер шығаруға.

3-категориядағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының бағаларды бұзу нәтижесінде алған сомасы бюджетке алып қойылмайды, қайта олар оны бұл кәсіпорындардың өнімін арзандатуға жұмсайды.

5 мың сомнан асқан соманы бюджетке алып қою туралы шешімдерді Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығы бекітеді;

— сапасыз товарлар беріп тұрған реттерде кәсіпорындарды мүліктік жауапкершілікке тарту үшін белгіленген тәртіп бойынша арбитраж органдарына материалдар беріп отыруға;

— халық тұтынатын сапасыз товарлар мен қоғамдық тамақтандыру өнімін шығаруға, жөнелтуге және өткізуге кінәлы немесе сатып алушыларға (тұтынушыларға) қиянат жасау мен алдауға жол берген адамдарды жауапқа тарту үшін олардың материалдарын қажет болған реттерде прокуратура, ішкі істер, халықтық бақылау органдарына, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссияларына және басқа органдарға жіберуге;

— сапасыз товарлар мен өнімді сатуға және сақтаудың шарттары мен мерзімдерін бұзу салдарынан олардың бүлінуіне ұдайы жол беретін бөлшек және көтерме сауда кәсіпорындарының магазиндерін, бөлімдерін, секцияларын, қоймаларын, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын беті ашылған кемшіліктерді жою үшін тексерулердің нәтижелері бойынша уақытша жабу туралы орындалуы міндетті шешімдер шығаруға;

— өнім жасаушылар (беріп тұрушылар) мен сатып алушылар (алушылар) арасында келіспеушіліктер болған ретте халық тұтынатын товарлардың сапасы туралы жазбаша қорытындылар, сондай-ақ өнімді одан әрі сақтау немесе тасымалдау сапаның кемуіне немесе жойылуына әкеп соғатындай жағдайда оны пайдалану туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге;

— товарлардың, қоғамдық тамақтандыру өнімінің, комплектеуші детальдардың, шикізаттың және материалдардың сапасына салыстырмалы байқау, сынау, анализ жасау үшін олардың үлгілерін (сынамаларын) белгіленген тәртіп бойынша таңдап алуға;

— товарлардың, комплектеуші детальдардың, шикізаттың және материалдардың үлгілерін (сынамаларын) сынау, анализ жасау үшін үлгілер (сынамалар) мен жүргізілген экспертизалардың құнын олар таңдап алынған сауда және өнеркәсіп кәсіпорындарының есебінен төлей отырып өнеркәсіптің, сауданың, денсаулық сақтаудың ғылыми-зерттеу институттары мен лабораторияларына жіберуге;

— кәсіпорындарда тексерулер жүргізген кезде товарлардың сапасын бақылау үшін оларда бар нормативтік-техникалық документтемемен, техникалық және өлшеу құралдарымен пайдалануға, кәсіпорындарда товарлардың, қоғамдық тамақтандыру өнімінің үлгілерін (сынамаларын) сынаудың, анализ жасаудың нәтижелері туралы материалдар, оларды өндіру үшін пайдаланылатын товарлардың, комплек-

теуші детальдардың, шикізаттың және материалдардың сапасын сипаттайтын басқа да документтер, мәліметтер алуға;

— бөлшек сауда жүйесі арқылы өткізілетін товарларды кепілді жөндеуді жүзеге асыратын кәсіпорындардан жөндеу жөніндегі есептік деректерді және олардың сапасындағы кемшіліктерді сипаттайтын материалдарды алуға;

— тиісті кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының келісуі бойынша өнеркәсіп, сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының мамандарын, сондай-ақ қоғамдық бақылаушылар мен штаттан тыс инспекторларды товарлардың сапасын, бағалардың, сауда мен қызмет көрсету ережелерінің сақталуын тексеруге қатыстыруға;

— стандарттарды, техникалық шарттарды және басқа нормативтік-техникалық документтемені әзірлеп, бекітетін ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдарда Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының компетенциясына жататын мәселелер бойынша Қазақ ССР Сауда министрлігі атынан өкілдік етуге.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы мен оның жер-жердегі органдары өз қызметінде сауда мен қоғамдық тамақтандыруды басқарудың жергілікті органдарына тәуелді емес.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығын, оның орынбасарын, Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бас бухгалтерін, бөлім бастықтарын, облыстар мен Алматы қаласы бойынша мемлекеттік сауда инспекциялары басқармаларының бастықтарын Қазақ ССР Сауда министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының басқа қызметкерлерін және облыстар мен Алматы қаласы бойынша мемлекеттік сауда инспекциялары басқармаларының инспекторлық құрамын Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы республикалық бюджетте тұрады, дербес балансы болады, СССР Мемлекеттік банкісінің мекемелерінде счеттар ашып, қажетті банктік және кассалық операциялар жасай алады.

Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы мен оның жергілікті органдарын ұстауға арнап босатылатын қаржыларға Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығы иелік етеді.

8. Мемлекеттік инспекторлардың шешімдеріне шағымдарды бағынысына қарай Мемлекеттік сауда инспекциясының тиісті органының бастығы, ал Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығына жасалған шағымдарды Қазақ ССР Сауда министрі қарайды.

Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы органдарының азық-түлік товарлары сапасының мәселелері жөніндегі шешімдеріне шағымдар бағынысына қарай облыс (Алматы қаласы) бойынша мемлекеттік сауда инспекциясының бастығына немесе Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығына актіні алған күннен бастап екі күн ішінде, ал азық-түліктік емес товарлар жөніндегі шағымдар бес күн ішінде беріледі.

Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы органдарының қаржыларды мемлекеттік бюджетке алып қою және санкциялар қолдану туралы шешімдеріне оларды алған күннен бастап екі апта мерзімде кәсіпорындар мен ұйымдар немесе олардың жоғары тұрған органдары Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының бастығына шағымдана алады.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының қаржыларды

мемлекеттік бюджетке алып қою туралы шешіміне белгіленген мерзімде шағым жасалған жағдайда оны орындау тиісті органдарда мәселе шешілгенге дейін тоқтатыла тұрады. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының басқа шешімдеріне жасалған шағым олардың орындалуын тоқтатпайды.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы бастығының өз қарамағындағы органдардың шешімдерін бұзуға (өзгертуге) правосы бар.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы бастығының шешімдеріне жасалған шағымдарды шешімдерді алған күннен бастап 10 күн мерзімде Қазақ ССР Сауда министріне беруге болады.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясының және облыстар мен Алматы қаласы бойынша мемлекеттік сауда инспекциялары басқармаларының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР-інде САУДАНЫ БАСҚАРУДЫҢ БАС СХЕМАСЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 30 майдағы
№ 234 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 13, 38-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының, сауда жүйесі бар басқа да министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен әзірлеп, СССР Сауда министрлігімен, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен, облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен келісілген, Қазақ ССР-інде сауданы басқарудың мынадай бас схемасы бекітілсін:

а) Қазақ ССР Сауда министрлігі бойынша:

бөлшек саудада: үш буынды жүйе — Қазақ ССР Сауда министрлігі — облыстық атқару комитетінің (Алматы қалалық атқару комитетінің) сауда басқармасы, республикалық «Қазювелирторг» конторы — көтерме-бөлшек сауда (бөлшек сауда) бірлестігі, сауда ұйымы (шаруашылық есептегі кәсіпорындарсыз), бөлшек сауда кәсіпорны; төрт буынды жүйе — Қазақ ССР Сауда министрлігі — облыстық атқару комитетінің сауда басқармасы — облыстық жеміс-овощ сауда ұйымы — шаруашылық есептегі база, магазин;

қоғамдық тамақтандыруда: үш буынды жүйе — Қазақ ССР Сауда министрлігі — жол ресторандарының республикалық «Қаздорресторан» тресі, облыстық атқару комитетінің сауда басқармасы, облыстық атқару комитетінің (Алматы қалалық атқару комитетінің) қоғамдық тамақтандыру басқармасы — асханалар мен ресторандар тресі (шаруашылық есептегі кәсіпорындарсыз), қоғамдық тамақтандыру бірлестігі, комбинаты, кәсіпорны;

көтерме саудада: үш буынды жүйе — Қазақ ССР Сауда министрлі-

---

[1] 4-пункт, № 3 қосымшадан басқасы, Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 21 июньдегі № 265 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

2, 5-пункттер және қаулының № 3 қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

гі — көтерме сауда жөніндегі республикалық контор — облыстық көтерме сауда базасы;

б) тұтыну кооперациясы бойынша: төрт буынды жүйе — Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы — облыстық тұтыну қоғамдары одағы — аудандық тұтыну қоғамдары одағы, аудандық тұтыну қоғамы — кооператив, сауда базасы, бөлшек сауда кәсіпорны, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны.

Қазақ ССР Сауда министрлігіне қазіргі сауда ұйымдары мен олардың сауда жүйелері негізінде өз жүйесінде көтерме-бөлшек сауда (бөлшек сауда) бірлестіктерін ұйымдастыруға право берілсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті аталған бас схемаға сәйкес сауданы басқаруға көшу жөніндегі шараларды белгіленген тәртіп бойынша, бұл үшін қажетті жағдайлардың жасалуына қарай, жұмыс істеп тұрған сауда кәсіпорындары мен ұйымдары үшін басқару аппаратын ұстауға арналып бөлінген қаржылар шегінде жүзеге асыратын болсын.

3. Былай деп белгіленсін:

— Қазақ ССР Сауда министрлігі:

республиканың бүкіл территориясында халық тұтынатын товарлармен көтерме сауда жасауды;

Алматы қаласында, облыс орталықтары мен басқа қалаларда бөлшек сауда жасауды жүзеге асырады және сол қалаларда қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастырады;

— Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы селолық жерлерде, селолық аудан орталықтары мен халқына қызмет көрсету тұтыну кооперациясына жүктелген қалаларда бөлшек сауда жасауды жүзеге асырады және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастырады, халық тұтынатын товарлармен өз жүйесінде көтерме сауда жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ республиканың барлық қалаларында қалалық кооперативтік сауда ұйымдарының мамандандырылған жүйесінде ауыл шаруашылық өнімдерінің артығын сатуды жүргізеді;

— жұмысшыларды жабдықтау басқармалары, жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері мен жабдықтау орындары жүйесіндегі сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары дала жағдайларындағы құрылысшылар мен геологтар контингенттеріне, жекелеген жаңа құрылыстар мен кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілеріне, теміржолшыларға (негізінен темір жол линияларында), жабық территориялардағы, сондай-ақ кейбір елді мекендердегі контингенттерге қызмет көрсетеді.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ОН БІРІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТА САУДАНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА САУДА ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 14 ЯНВАРЬДАҒЫ № 29 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 22 марттағы
№ 120 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі оныншы бесжылдықта республикада сауданы одан әрі дамыту, халыққа мәдени қызмет көрсетуді арттыру және саланың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде белгілі жұмыс жүргізілгенін атап өтеді. Халық тұтынатын товарларды шығаруды және халықтың ақшалай кірісін арттыру жөнінде жүзеге асырылған шаралардың нәтижесінде мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек товар айналымы 23,8 процентке өсті, тамақ өнімдерін, киім, мебель, мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы заттарды сату ұлғайтылды.

Сонымен қатар сауданы дамытудың және сауда қызметін көрсету сапасының республикада қол жеткен дәрежесі халықтың өскелең сұранымына толық дәрежеде жауап бермейді, қойылып отырған талаптардан артта қалып отыр.

Сауда ұйымдары халық тұтынатын товарлар шығару жоспарларын жасауға, өнеркәсіптің товарларды белгіленген мерзімде және келісілген ассортиментте жеткізіп беру жөніндегі шарттық міндеттемелерін орындауына тиісті ықпал жасамайды. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және олардың қарамағындағы ұйымдар жекелеген товарлардың қажеттігін анықтау кезінде қателіктер мен кемшіліктерге жол береді, шарттарда көзделінген бұйымдарды іріктеп алудан бас тарту жағдайлары жиі кездеседі.

Товар айналымын жоспарлау мен товар ресурстарын бөлуде елеулі кемшіліктер орын алып отыр, көптеген сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары товар айналымы жоспарларын үнемі орындамайды.

Көптеген көтерме сауда ұйымдары қорлық тәртіпті бұзады, товар ресурстарымен нашар маневр жасайды, товарларды республикааралық товар жеткізу жоспарында көзделінген ассортимент пен көлемдерде тасып жеткізуді қамтамасыз етпейді. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың сауда жұмысын жақсартуына, республикаға орталықтандырылмаған сатып алу есебінен товар жеткізуді ұлғайтуға пәрменді шаралар қолданбайды. Тиісті бақылаудың болмауы салда-

---

[1] 5-пункттің «г» тармағы, 8-пункт, 9-пункттің бірінші абзацы, 10-пункт, 13-пункттің бірінші — алтыншы, сегізінші, тоғызыншы абзацтары, 16, 18-пункттер, 19-пункттің бірінші абзацы, 21-пункт, 25-пункттің төртінші абзацы, 27-пункт, 28-пункттің екінші абзацы, 29-пункттің бірінші және екінші абзацтары, 31, 33, 34-пункттер, 36-пункттің екінші абзацы, 38-пункттің екінші абзацы, 41—43-пункттер, 44-пункттің бірінші абзацы және қаулының № 26 қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

48-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 14 январьдағы № 29 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

рынан сауда жүйесіне сапасы төмен және халық сұранысынан шықпайтын товарлар еніп кетеді.

Осының бәрі бірінші қажеттіктегі және жаппай сұранымдағы товарларды сатуда іркілістердің болуына әкеп соқтырады.

Қоғамдық тамақтандыруды одан әрі дамытуға, әсіресе өндірістік кәсіпорындарда, құрылыстарда, оқу орындарында пәрменді шаралар қолданбайды. Бірқатар министрліктер мен ведомстволар асханалар мен буфеттер ашу үшін үйлер беру жөніндегі, диеталық тағамды ұйымдастыру жөніндегі тапсырмаларды орындамайды. Тағамды даярлаудың индустриялық әдістері, кәсіпорындарды жартылай фабрикаттармен комплексті жабдықтауға көшіру нашар енгізіледі. Кулинария магазиндерінің жүйесін кеңейтуге, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын механикаландырылған линиялармен жабдықтауға қажетті шаралар қолданылмайды. Халыққа қызмет көрсету мәдениеті және тағамдардың сапасы бірқатар жағдайларда төмен болып отыр.

Сауданың материалдық-техникалық базасын дамытып, нығайтуға бөлінетін күрделі қаржы толықтай пайдаланылмайды. Тұрғын үй құрылысын жүзеге асыратын министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін дамытуға арнап бөлінген қаржылардың толық игерілуіне қажетті шаралар қолданбайды.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті саудадағы, әсіресе тиеу-түсіру және басқа еңбекті көп талап ететін жұмыстардағы еңбектің механикаландырылу дәрежесін арттыруға тиісті көңіл бөлмейді.

Бірқатар сауда ұйымдарында өнімді ыдыс-жабдықтың көмегімен тасып жеткізіп, өткізу, товарларды сатып алушылардың алдын-ала берген заказы бойынша сату, товарларды үйге әкеліп беру жеткілікті дәрежеде қолданылмайды; өнеркәсіп орындары мен құрылыстарда тұрақты жұмыс істейтін заказ қабылдау пункттерін ұйымдастыруға тиісті көңіл бөлмейді.

Сауда қызметкерлері, әсіресе төменгі және орта басқару буындарының басшы қызметкерлері кадрларын іріктеуде, орналастыру мен тәрбиелеуде елеулі кемшіліктер бар, саудаға жастар аз тартылады, сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің тұрмысы мен еңбек жағдайларын жақсартуға тиісті қамқорлық жасалмайды.

Кейбір партия және совет органдары халыққа сауда қызметін көрсетудің жағдайына пәрменді бақылау жасалмайды, сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының басшыларына тиісті талаптар қоймайды, сауда ережесін сақтауда қатаң тәртіп орнату, ұқыпсыздықты, шығынды және басқа теріс құбылыстарды жою туралы Партия мен Үкіметтің нұсқауларын орындауда шабандыққа жол беріледі.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Он бірінші бесжылдықта сауданы одан әрі дамыту және халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1982 жылғы 14 январьдағы № 29 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалсын.

2. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволарға қалалар мен селолық жерлерде сауда мен қоғамдық

тамақтандыруды одан әрі дамытып, жақсартуды, халыққа сауда қызметін көрсету дәрежесін, сауда кәсіпорындары жұмысының тиімділігі мен сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ету міндеттелсін. Еңбек коллективтерінің күш-жігері товар айналымы жоспарларын және басқа тапсырмаларды ойдағыдай орындауға бағытталсын, бұл үшін қажетті жағдайлар жасалсын. Магазиндер, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, көтерме сауда базалары мен қойма қызметкерлерінің товар босату мен сату ережелерін бұлжытпай сақтауға табанды түрде қол жеткізілсін, дефицит товарларды тығып тастау, талан-таражға салу, ұрлау және басқа қиянаттар сияқты зиянды көріністер сауда практикасынан үзілді-кесілді жойылсын, сауда кәсіпорындары мен ұйымдары басшы қызметкерлерінің товарлардың тұтынушыларға дер кезінде жеткізілуіне және халықтың тамақ өнімдері мен азық-түліктік емес товарларға деген сұранысын неғұрлым толық қанағаттандыруға жауапкершілігі арттырылсын. Сауда ұйымдары мен кәсіпорынның жұмысына мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық бақылауды күшейту қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық комитеті, кәсіпорындары халық тұтынатын товарлар шығаратын Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындар сауда жүйесімен жасалынған шарттарға сәйкес товарлар шығару мен жеткізу жөніндегі жоспарлар мен қосымша тапсырмаларды орындауды қамтамасыз етсін, өнеркәсіп орындарында, тұтыну кооперациясында, колхоздарда, совхоздарда халыққа қажетті бұйымдар шығаруды арттыру үшін резервтер іздестіріп, іске қосу жөніндегі ұйымдастырушылық жұмысты күшейтсін, жергілікті шикізат пен өндіріс қалдықтарын барынша толық пайдаланатын болсын. Халыққа сату үшін шығарылатын товарлардың сапасы мен түр-түрін жақсартуға табандылықпен қол жеткізілсін.

4. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жұмыста орын алған кемшіліктерді жоятын болсын, сауда ұйымдарының қызметіне бақылауды күшейтсін, халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсарту жөніндегі Партия мен Үкіметтің шешімдерінің орындалуына кадрлардың жауапкершілігін арттырсын, коллективтерде тәрбие жұмысын күшейтетін болсын, сауда ережелерінің бұзылу және қиянат жасау фактілеріне қарсы қатаң күрес жүргізсін, өнеркәсіптің сауда жүйесіне жасалынған шарттарға сәйкес товар шығару мен жеткізу жоспарларын орындауына пәрменді бақылау орнатылсын, сауданың өнеркәсіппен шаруашылық байланыстарын үйлестіру дәрежесін арттырсын, республикаға товарларды республикааралық товар жеткізу жоспарында көзделген көлемде және түр-түрде тасып жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жақсартсын, жабдықтар мен сауда алаңдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомостволарға, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) саудада ғылыми-техникалық прогресті тездету жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыру. Ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану, озат тәжірибені кеңінен енгізу негізінде бөлшек товар айналымы жоспарларының орындалуына, еңбек өнімділігінің өсуіне және халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсартуға қол жеткізілсін. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда товарлардың өсіп отырған көлемін қызметкерлердің сол бұрынғы немесе аз санымен өткізуді қамтамасыз ету;

б) бөлшек товар айналымы жоспарларының және халыққа сату үшін облыстар, аудандар, сауда ұйымдары мен кәсіпорындары бойынша бөлінетін товарлардың экономикалық негізділігін арттыру, товар ресурстарымен маневр жасауды жақсарту, оларда ең алдымен тағам өнімдерін ұтымды жұмсауды қамтамасыз ету, ол үшін кәсіпорындарда стол заказдар ұйымдастыру, асханалар мен кулинариялық магазиндер арқылы жартылай фабрикаттар, кулинариялық және кондитерлік бұйымдар сату сияқты сауда формаларын пайдалану;

в) магазиндерді, асханаларды және басқа сауда объектілерін тиімді орналастыруды қамтамасыз ету, халыққа барынша қолайлы болуы үшін олардың жұмыс тәртібін жақсарту.

6. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйелері бар министрліктер мен ведомстволар 1982—1985 жылдарда әр облыс және жекелеген қалалар бойынша мемлекеттік және кооперативтік сауданы ұтымды етудің финанстық және материалдық ресурстармен үйлестірілген комплексті территориялық салааралық программаларын әзірлеп, жүзеге асыратын болсын. Комплексті ұтымды ету барысында қайда бағынатындарына қарамастан сол ауданның өндірістік кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілеріне сауда қызметін көрсетуді жақсартуға бөлінетін қаржыларды шоғырландыруды қамтамасыз етсін.

Мемлекеттік және кооперативтік сауданы комплексті ұтымды етуді жүргізу кезінде мыналар қамтамасыз етілсін:

а) бөлшек саудада:

жұмыс істеп тұрған сауда кәсіпорындары жүйесін қайта құру, техникалық жағынан қайта жарақтандыру және ұтымды мамандандыру, сауда алаңдарын неғұрлым тиімді пайдалану;

қалаларда күнделікті сұранымдағы товарларды сатуды «универсам» үлгісіндегі магазиндерге, ал техникалық жағынан күрделі бұйымдарды, маталарды, киімдер мен аяқкиімдерді, балалар товарларының түр-түрін мамандандырылған және фирмалық магазиндерге, универмагтарға, сауда орталықтарына және басқа ірі сауда кәсіпорындарына одан әрі шоғырландыру; азық-түлік товарларын халықтың алдын ала беретін заказы бойынша сатуды ұлғайту;

тасымалдауға, сақтауға озат технологияны енгізуді тездетуді және товарларды арнаулы контейнерлерді (ыдыс-жабдықтарды) қолдана отырып сату;

Ірі көлемді товарларды үлгілері бойынша оларды тікелей кәсіпорын-дайындаушылардан немесе көтерме және бөлшек сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының қоймаларынан сатушылардың үйіне әкеліп бере отырып сатуды ұлғайту;

б) қоғамдық тамақтандыруда — тағам дайындаудың өндірістік технологиясын енгізу, дайын тағамдарды, жартылай фабрикаттарды, кулинарлық және кондитерлік бұйымдарды, олармен асханалар мен кулинарлық магазиндерді комплексті жабдықтауды қамтамасыз ететін өнеркәсіптің тамақ өндірісі салаларының кәсіпорындарында да, қоғамдық тамақтандырудың мамандандырылған кәсіпорындарында да (дайындау кәсіпорындарында) шығаруды ұлғайту;

в) көтерме саудада — қоймаларды мамандандыру мен шоғырландыру жолымен қойма шаруашылығын тиімді пайдалану, қойма үйлерінің алаңдары мен көлемдерін неғұрлым толық пайдалану, тиеу-түсіру және көтеру-тасымалдау жұмыстарын механикаландыру, контейнерлерді, пакеттерді және ыдыстарды қабылдаудың, іріктеудің, сақтаудың және тиеудің прогресті технологиясын енгізу.

7. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, олардың қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындар кәсіпорындары халық тұтынатын товарлар шығаратын Қазақ ССР министрліктерімен және ведомстволарымен, сондай-ақ халықтың халық тұтынатын товарларға деген сұранымын және сауда конъюнктурасын зерттеу жөніндегі Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының Қазақ филиалымен және Бүкілодақтық кооперативтік сауда экономикасы ғылыми-зерттеу институтының Қазақ филиалымен бірлесе отырып, халықтың халық тұтынатын товарларға деген сұранысын зерттеу мен болжам жасау жөніндегі жұмысты жетілдіруді, товарларды шығару және оларды сауда жүйелеріне жеткізуге берілген өтініштердің негізділігін арттыруды қамтамасыз ететін болсын. Товарлар жарнамасын ұйымдастыруды жақсартып, халықтың қажеттерін анықтауда оның ролін арттырсын.

9. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті азық-түліктік емес товарлармен комиссиялық сауданы жақсартуды пайдаланудағы комиссиялық заттарға арналған қабылдау пункттерінің санын көбейтуді, халықтағы заттарды үйіне барып бағалау және одан қабылданған ірі көлемді және ауыр товарларды магазиндерге жеткізу жөнінде қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

11. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы товарлармен жабдықтау жөнінде оперативті басқару жүйесі бар, электронды-есептеу техникасымен және осы заманғы байланыс құралдарымен жарақтанған диспетчерлік қызметтерді жасаудағы елдегі оңды тәжірибені тарату жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы ұйымдарымен тікелей шарттар бойынша сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының диспетчерлік пункттеріне байланыс құралдарын орнататын болсын.

12. Қазақ ССР Сауда министрлігіне Урс-тар мен Орс-тардың жұмысына басшылық пен бақылауды күшейту және олардың қарамағындағы жөндеу-монтаждау кәсіпорындарында заказ берушілер қажетті материалдық құрал-жабдықтарды берген жағдайда жұмысшыларды жабдықтау басқармасы мен жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі сауда кәсіпорындарының және әскери бұйымдар сататын магазиндердің иелігіндегі сауда, технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарына күрделі жөндеу жүргізу міндеттелсін.

13. *(Жетінші абзац)* Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті материалдық ресурстардың іздестірілуіне қарай мемлекеттік күрделі қаржы лимиттері жоспарынан тыс белгіленген бір рет жинаудан түскен қаржылар есебінен колхоз базарларын салуды, кеңейтуді, көркейтуді және пайдалануды жүзеге асырсын.

14. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі автотранспорт кәсіпорындарының жұмысын жақсартатын болсын, жалпы пайдаланудағы автошаруашылықтарда сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнына қызмет көрсететін мамандандырылған бөлімшелер құруды аяқтасын және оларды әр түрлі товарларды, соның ішінде ыдыстармен, пакеттелінген түрде және арнаулы контейнерлермен жеткізілетін товарларды тасымалдауға бейімделінген автомобильдермен қажетті мөлшерде жабдықтасын.

15. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне 1982—1985 жылдарда әр түрлі ведомстволық бағыныстағы сауда ұйымдары қызметінің аймағын ұтымды шектеуді және олардың

жұмысының қосарлылығын жою міндеттелсін. Сауда ұйымдары мен кәсіпорындарын тиісті сауда жүйелеріне беру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

17. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, министрліктер мен ведомстволар, халық қажеттерін қанағаттандыруда бұл салада еңбек өнімділігін, қоғамдық тамақтандырудың ролін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын, бұл орайда мыналар көзделетін болсын:

қоғамдық тамақтандыруды дамытудың жедел қарқындары;

жұмысшыларды, колхозшыларды, қызметшілер және оқушыларды жұмыс және оқу орындарында ыстық тағамдармен қамтамасыз етуді жақсарту, тағамның сапасы мен қызмет көрсету мәдениетін айтарлықтай арттыру;

өндірістік кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздар мен оқу орындарында қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жүйесін және бірінші кезекте асханалар жүйесін одан әрі кеңейтуді.

19. *(Екінші абзац)* Өндірістік кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басшылары бұларда жартылай фабрикаттар, кулинариялық және кондитерлік бұйымдар сататын магазиндер мен бөлімдер ашу үшін қажетті үйлер бөлетін болсын.

20. Қазақ ССР өнеркәсіп министрліктеріне өндірістік жаңа кәсіпорындарды жоспарлау мен салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру кезінде бұлардың құрамында (бұл қажет болған кезде) жартылай фабрикаттар мен кулинариялық бұйымдар фабрикасын, олардың асханалары мен буфеттерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ асханалары мен буфеттері жоқ құрылыс және басқа өндірістік учаскелерге термоконтейнермен түскі ыстық ас әкелу үшін жартылай фабрикаттарды, дайын тағамдарды, кулинариялық және кондитерлік бұйымдарды орталықтандырып шығаратын кәсіпорын-дайындаушы немесе мамандандырылған цехтар салуды көздеу міндеттелсін.

22. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті дайын тағамдар, жартылай фабрикаттар, кулинариялық және кондитерлік бұйымдар шығаратын дайындаушы-кәсіпорындарды салуды кеңінен жүзеге асыратын болсын, бұл максаттар үшін тұрғын үй құрылысына арнап бөлінетін күрделі қаржылардан 5 проценттік қаржыны пайдалансын және оларды ұтымды орналастыруды қамтамасыз етсін.

23. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты Бас басқармасы темір жол, әуе және өзен транспортындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын дамытуға шаралар қолдансын, тағамдарды дайындау және жолаушыларға мәдени қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етсін.

24. Темір жол транспортында жолаушыларға сауда қызметін көрсетуді жақсарту мақсатында:

а) Қазақ ССР Сауда министрлігі, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары поездардағы жолаушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудағы орын алып отырған кемшілікті жоятын бол-

сын және вагон-ресторандарды және купе-буфеті бар вагондарды тиісті санитарлық-техникалық жағдайда ұстауды қамтамасыз етсін.

б) Қазақ ССР Сауда министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

1982—1985 жылдарда Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Петропавл, Целиноград темір жол станцияларында вагон-ресторандарды жабдықтау базаларын салуды қамтамасыз етсін;

базалар мен темір жол ресторандарында вагон ресторандар мен купе-буфеті бар вагондарды кідіріссіз жабдықтау үшін қажетті ассортимент пен мөлшерде азық-түлік товарлары мен жартылай фабрикаттардың запастары болуын қамтамасыз етсін.

25. Көтерме сауданы одан әрі жақсарту, бөлшек сауда кәсіпорындарын товарлармен қамтамасыз етуге оның жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына міндеттелсін:

көтерме сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының жұмысындағы кемшіліктерді жою, олардың сауда қызметінің дәрежесін арттыру және сауда технологиялық процестерді жетілдіру жөніндегі, көтерме сауда кәсіпорындары басшыларының маусымдық товарлардың жинақталуына, магазиндерді товарлармен кідіріссіз және ырғақты жабдықтауды ұйымдастыруға, магазиндерді қосымша қызмет көрсетуіне және олардың жұмысын жақсартуға белсенді көмек көрсетуіне жауапкершілігін күшейту;

қор тәртібінің сақталуына пәрменді бақылау орнату, бұл орайда көтерме сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының қосымша товар ресурстарын іздестіруге айрықша назарын аудару, республикаға бөлінген товарлардың толық көлемі мен қажетті түр-түрін дер кезінде тасып жеткізу, өнеркәсіппен байланысты нығайту, халықтың сұранымын зерттеуді жақсарту және өнеркәсіп заказдарының негізділігін арттыру.

26. Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісе отырып, товар запастарының нормативтерін Қазақ ССР Сауда министрлігі системасының бөлшек және көтерме сауда ұйымдарының арасында олар үшін қолданылып жүрген нормативтер шегінде қайта бөлетін болсын.

28. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті сауданың материалдық-техникалық базасын дамытуға арналған қаржыландыру мен материалдық ресурстардың барлық көздері бойынша күрделі қаржыларды тиімді пайдалану жөнінде шараларды жүзеге асырсын.

(Үшінші абзац) Толық жиналымды қоймаларды, сақтау орындарын, тоңазытқыштарды және басқа сауда объектілерін салу кезінде жеңіл металдан жасалған тіреу және қалқалау құрастырмалары қолданылсын.

29. *(Үшінші абзац)*. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, тұрғын үй құрылысын жүзеге асыратын Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары тұрғын үй құрылысына сауда жүйесін дамытуға көзделінген күрделі қаржыдан бөлінетін 5 проценттік қаржының толық бөлініп, пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Аталған көздер есебінен сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін салу және орналастыру кезінде Қазақ ССР жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің жеміс-овощ магазиндеріне деген қажеттігі толық ескерілсін.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті 1982 жылдан бастап тұрғын үй құрылысына арналған күрделі қар-

жыдан бөлінетін 5 проценттік қаржы есебінен бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салу мен жарақтандыруға арнап жергілікті Советтер, сондай-ақ облыс және Алматы қаласы территориясындағы СССР және Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының (Қорғаныс министрлігінен басқасы) ұйымдары мен кәсіпорындары жіберетін күрделі қаржының жоспарын бекітсін, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың (қайда бағынатынына қарамастан) сауда объектілерін іске қосу жөніндегі тапсырмаларды орындауына пәрменді бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті облыстар мен Алматы қаласы жоспарларының негізінде тұрғын үй құрылысына арналған күрделі қаржыдан бөлінетін 5 проценттік қаржы есебінен сауда объектілерін салуға жіберілетін күрделі қаржының жиынтық жоспарларын жалпы Қазақ ССР территориясы бойынша бекітетін болсын.

30. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Главалмаатастройға, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда объектілерін салуды жүзеге асыратын басқа да министрліктер мен ведомстволарға құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарларын сөзсіз орындауды және магазиндерді, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жалпы товар қоймаларын, бөлу тоңазытқыштарын және басқа сауда объектілерін дер кезінде іске қосуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

32. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне:

халықтан кепілді баға белгіленген шыны ыдыс қабылдауды ұйымдастыру ісін айтарлықтай жақсарту қамтамасыз етілсін, бұл орайда оны шыны ыдысқа салынған товарлар сататын барлық магазиндерде және қабылдау пункттерінде магазиндер мен қабылдау пункттерінің бүкіл жұмыс уақыты ішінде шектеусіз қабылдауды қамтамасыз етуге назар аударылсын;

жылжымалы автомобиль және көлік-арба пункттерін көбейту есебінен халықтан шыны ыдысты тікелей тұрғылықты жерінде қабылдау ұлғайтылсын, еңбекшілердің жаппай демалыс орындарында, демалыс үйлерінде, саяхана аймақтарында ыдыс жинау ұйымдастырылсын, бұл жұмысқа шарт жасасу жағдайында осы мекемелердің қызметкерлері және пенсионерлер тартылсын;

халықтан шыны ыдыс қабылдайтын пункттер ұйымдастыру үшін арнаулы үйлер салу, сондай-ақ қолда бар үйлерді осы мақсатқа бөліп, бейімдеу жүзеге асырылсын.

Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет-сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі сауда ұйымдарынан қайтарылатын шыны ыдыстарды кедергісіз қабылдауға шаралар қолдансын.

35. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында Қазақ ССР Сауда министрлігі кәсіпорындарында жыл сайын кемінде 15 мың дана мөлшерінде ыдыс-жабдық дайындауды көздейтін болсын.

36. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігіне міндеттелсін: *(Үшінші абзац)* балық өсіру мен балық аулауды ұйымдастыру үшін тұтыну кооперациясы ұйымдарына қажетті ассортиментте ау материалдарын бөлуді жылдық жоспарларда көздеу.

37. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жылдық жоспарларда тұтыну коопе-

рациясы ұйымдарына балыққа арналған түйіршіктелген құрама жем мен товарлы балық өсіру үшін минералдық тыңайтқыштарды және балық өсіретін шаруашылықтарға балық көшіру материалын Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының қажетін қанағаттандыратындай мөлшерде бөлуді көздейтін болсын.

38. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволарға, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне міндеттелсін:

(Үшінші абзац) сауданың басшылары мен мамандарының квалификациясын одан әрі арттыруға, сауда мен қоғамдық тамақтандырудың кәсіпорындары мен ұйымдарын жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандардың арасынан шыққан ысылған, саяси жағынан жетілген кадрлармен нығайтуға шаралар қолдану, мемлекеттік тәртіпті, сауда ережесін қатаң сақтауда оларға қойылатын талапты күшейту, халыққа сауда қызметін көрсетуді ұйымдастырудағы орын алып отырған кемшіліктерді жою. Басшы қызметкерлер мен мамандарды аттестациялаудың ролін арттыру;

пенсионерлер мен үй шаруасындағы әйелдерді толық емес жұмыс күні тәртібі бойынша (ал бірінші кезекте сауда кәсіпорындарының жұмысы барынша көбейетін сағаттарында) еңбекке неғұрлым кеңінен тартуды қамтамасыз ету, қызметкерлерді екінші мамандыққа оқыту, олардың мамандығын арттыру.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігі он бірінші бесжылдықта мемлекеттік саудаға жоғары және арнаулы орта білімі бар, кемінде 14,4 мың маман жіберетін болсын, Қазақ ССР Сауда министрлігі № 26 қосымшаға сәйкес сауда кәсіпорындары үшін жұмысшылар даярлауды жүзеге асырсын. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне кәсіптік-техникалық училищелерді бітірген білікті жұмысшылар жіберуді көздейтін болсын;

тиісті кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарында кадрларды нығайту, қызметкерлердің еңбегі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту, материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

39. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволар сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің еңбек өнімділігінің өсуін тездетуге және белгіленген тапсырмаларды қызметкерлердің аз санымен орындауға мүдделілігін күшейту мақсатында еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің прогресті формаларын енгізетін болсын, мамандықтарды (лауазымдарды) ұштастыру, СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 4 декабрьдегі № 1145 қаулысында[1] көзделгендей жалақы қорын үнемдеу есебінен қосымша ақы белгілей отырып, қызмет көрсету аймағын кеңейту немесе орындалатын жұмыстардың көлемін ұлғайту кеңінен қолдансын.

40. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі әрбір коллективтің халықтың сұранысын барынша толық қанағаттандыру және

---

[1] СССР Заңдары жинағының 2-томын қараңыз.

қызмет көрсету мәдениетін арттыру жөніндегі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында социалистік жарысты одан әрі дамытып, жетілдіруге, озат коллективтер мен қызметкерлердің тәжірибесін насихаттап, енгізуге шаралар қолдансын. Сауда қызметкерлеріне идеялық, еңбек және адамгершілік тәрбиесін беру, олардың мәдениетін, білімін және кәсіби шеберлігін көтеру мәселесіне зор көңіл бөлінсін. Әрбір сауда кәсіпорнының қызметінде социалистік коллективизм принципі — әр қызметкердің коллектив алдындағы жауапкершілігі және коллективтің әр қызметкер үшін жауапкершілігі дәйекті түрде жүзеге асырылсын.

44. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Сауда министрлігіне сауда мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындары мен техникумдары үшін кадрлар даярлауға, оқу және лаборатория жабдықтары мен инвентарьларын сатып алуға бөлінетін қаржыдан 2 процентке дейін жұмсауға право берілсін.

45. Сауда қызметкерлерінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, кадрларды тұрақтандыру мақсатында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында Қазақ ССР сауда ұйымдары мен кәсіпорындарында бар әлеуметтік-мәдени шаралар мен тұрғын үй құрылысы қорының қаржысы есебінен сауда қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысына және балалар мекемелерін, профилакторийлер мен басқа да мәдени-тұрмыстық объектілерді салуға арнап Қазақ ССР Сауда министрлігіне күрделі қаржы лимиттерін бөлуді көздейтін болсын.

46. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, республикалық және облыстық газеттердің, журналдардың редакциялары халыққа сауда қызметін көрсетуді ұйымдастырудағы кемшіліктерді сынаумен қатар сауда қызметкерлері еңбегінің қоғамдық маңыздылығын кең ашып көрсететін болсын, озат коллективтердің жаңашылдар мен сауда ардагерлерінің, социалистік жарыс жеңімпаздарының жетістіктерін насихаттасын, сала еңбеккерлерінің мәртебесін көтеруге белсенді түрде жәрдемдесетін болсын.

47. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері саудаға басшылықты айтарлықтай жақсартатын болсын, қалалық және аудандық партия комитеттерінің, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының күш-жігерін жұмыс тиімділігін және халыққа сауда қызметін көрсету сапасын арттыруға, материалдық және еңбек ресурстарын ұтымды да үнемді пайдалануға, саудадағы теріс құбылыстарды жедел жоюға, кадрларды іріктеу мен орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыруға жұмылдырсын. Еңбек коллективтерінде орындаушылық тәртіпті нығайтуға, қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға барынша жағдай жасайтын болсын. Сала еңбеккерлерін кемшіліктерге төзбеушілікке, халыққа қызмет көрсету мәдениетін арттыруға табанды түрде тәрбиелейтін болсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті,

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда мен қоғамдық тамақтандырудың барлық қызметкерлері социалистік жарысты кеңінен өрістету негізінде сауданы дамыту және халыққа сауда қызметін көрсетуді түбірінен жақсарту жөніндегі он бірінші бесжылдық жоспарлары мен тапсырмаларын ойдағыдай орындауды қамтамасыз етеді деп сенім білдіреді.

АЗАМАТТАРҒА ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТОВАРЛАРДЫ НЕСИЕГЕ САТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 27 сентябрьдегі № 343
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 23, 73-ст.)

Ұзақ уақыт пайдаланылатын товарлар сатуды кеңейтіп, оны ұйымдастыруды жетілдіру, азаматтардың бұл товарларды алуына неғұрлым қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ товарларды несиеге сату мәселелері жөніндегі нормативтік актілердің көптілігін жою мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік және кооперативтік бөлшек сауда кәсіпорындарының азаматтарға ұзақ уақыт пайдаланылатын товарларды несиеге сату тәртібі туралы осыған қосылған нұсқау бекітілсін.

2. Несиеге сатылатын ұзақ уақыт пайдаланылатын товарлардың тізбесін мыналар белгілейді:

екі жылға дейінгі мерзімге — халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері;

екі жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге — СССР Мемлекеттік банкісі Қазақ республикалық конторының келісуі бойынша Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы пенсиялық куәліктерге ұзақ уақыт пайдаланылатын товарларды несиеге сатып алуға арналған қосымша беттер жасалуын қамтамасыз етсін және оларды Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне, Қазақ ССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті мен Қазақ ССР Әскери комиссариатына ақысына беретін болсын.

Пенсиялық куәліктерге қосымша беттер қатаң түрде есеп берілетін бланкілер болып табылады және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің, Қазақ ССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті мен Қазақ ССР Әскери комиссариатының органдары есепке алып отырады деп белгіленсін.

---

[1] 4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1985 жылғы 27 сентябрьдегі
№ 343 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інің МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КООПЕРАТИВТІК БӨЛШЕК САУДА ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРҒА ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТОВАРЛАРДЫ НЕСИЕГЕ САТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ[1]

1. Ұзақ уақыт пайдаланылатын товарларды несиеге сату (өтеу мерзімін ұзартып) ведомстволық бағынысына қарамастан Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан магазиндерде жүргізіледі.

Товарларды несиеге сататын магазиндердің тізімін сауда жасаушы тиісті ұйым (сауда ұйымы, бірлестік, жұмысшыларды жабдықтау басқармасы, жұмысшыларды жабдықтау бөлімі, жабдықтау орны, әскери сауда ұйымы, тұтыну қоғамы, аудандық тұтынушылар одағы және басқалар) белгілейді.

2. Несиеге сатылатын товарлардың тізбесіне Қазақ ССР-інің бөлшек сауда жүйесінде жеткілікті мөлшерде бар товарларды (зергерлік бұйымдардан басқа) енгізуге болады.

Тұтынушылардың сұранымын қанағаттандырмайтын товарлар несиеге сатуға жатпайды.

Товарларды сату олар сатылатын күнге қолданылып жүрген бағалар бойынша жүргізіледі. Несиеге сатылған товарлардың бағасы кейіннен өзгеруі қайтадан есеп айырысуға әкеп соқтырмайды.

3. Товарлар мына адамдарға несиеге сатылады:

тұрақты тұратын жері бар және сол ұйымда, кәсіпорында, мекемеде немесе колхозда кемінде бір жыл жұмыс істеген жұмысшылар мен қызметшілерге;

әскер бөлімдерінде, ұйымдары мен кәсіпорындарында әскери қызметін өтеп жүрген (жұмыс істеп жүрген), оларда кемінде 6 ай әскери қызметін өтеген немесе жұмыс істеген офицерлер мен мерзімнен тыс әскери қызметтегі әскери қызметшілерге;

тұрақты тұратын жері бар пенсионерлерге, Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына, қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына, егер оларға тағайындалған пенсияның мерзімі төлем үшін берілетін мерзімнен бұрын бітпейтін болса.

Товарларды несиеге сату алармандар тұрақты жұмыс істейтін немесе әскери қызметін өтеп жүрген елді мекенде (қалада, жұмысшы поселкесінде, селода, ауылда), ал вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға, пенсионерлерге, Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға тұрақты тұратын жерінде жүргізіледі.

4. Алармандар несиеге алған товарлар олардың құнының кемінде 25 процентін, ал бағасы 3 мың сомнан асатын товарлардың кемінде 50 процентін төлеген жағдайда оларға беріледі. Товарлар құнының қалған бөлігін алармандар 6 айдан 3 жылға дейінгі, ал бағасы 3 мың сомнан асатын товарларды — 4 жылға дейінгі мерзім ішінде төлеуге тиіс.

---

[1] Қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соларға теңестірілген мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына бағасы 1 мың сомға дейінгі несиеге алатын товарларды өткізу бастапқы жарнасыз, ал бағасы бұл сомадан асатын товарлар — жалпы негіздерде жүргізіледі [1].

Төлем мерзімін анықтаған кезде ай сайынғы төлем жалақының немесе алатын ақшалай үлестің 20 процентінен аспауын көздей отырып, заттардың құнын және аларманның алатын жалақысы мен ақшалай үлесін ескеру керек.

5. Товарларды несиеге сатқан кезде алармандардан берілетін кредит сомасының 2 проценті, бағасы 3 мың сомнан асатын товарларды сатқан жағдайда — 3 проценті сауда кәсіпорындарының пайдасына өндіріп алынады.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соларға теңестірілген мүгедектер товарларды несиеге алған кезде товарлардың бағасына қарамастан берілетін несие сомасынан бір процент сауда кәсіпорнының пайдасына төлейді.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, қаза тапқан әскери қызметшілердің семьялары товарларды несиеге алған кезде берілетін несие сомасынан бір процент, ал товардың құны 3 мың сомнан асқан жағдайда — 1,5 процент төлейді [1].

6. Несиеге сатылған ұзақ уақыт пайдаланылатын товарлар үшін есеп айырысу алармандардың кезекті төлемді өтеу үшін сауда кәсіпорындарының кассасына қолма-қол ақшалай жарна төлеу жолымен жүзеге асырылады.

Алармандарға қолайлы болуы үшін олардың жазбаша кепілдемесі негізінде кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, әскер бөлімдері, колхоздар олар несиеге алған товарлар үшін кезекті төлемнің сомасын кепілдеме берген азаматтың жалақысынан ұстап қалып, оны тиісті сауда кәсіпорындарына аударады.

7. Ескі телевизорларды, радиоқабылдағыштарды және басқа күрделі техникалық товарларды өткізген жағдайда алармандардың бұларға орайлас жаңа товарларды жеңілдік шарттармен несиеге сатып алуына право беріледі.

Мұндай реттерде телевизорды, радиоқабылдағышты немесе басқа күрделі техникалық товарларды несиеге сатып алуды ресімдеген кезде аларман несиеге сатып алынған товар үшін қолма-қол ақшалай бастапқы жарна мен кредит үшін процентті төлеуден босатылады (бұрын пайдалануда болып, өткізілгендерінің орнына аталған товарларды сату ережелерімен көзделген мөлшерде алым ғана төленеді). Аларман телевизордың, радиоқабылдағыштың және басқа күрделі техникалық товарлардың құнын, өткізілген заттар құнының есепке жатқызылған сомасынан басқасын, осы товарларды сатып алғаннан кейінгі келесі календарлық айдан бастап бірдей бөліктермен 24 айдың ішінде төлейді және кредит үшін процент бір мезгілде төленеді.

8. Аларман несиеге сатып алу үшін таңдап алған товарды оны несиеге сатып алуға арналған анықтама мен кепілдеме-міндеттемені ресімдеуге қажетті 3 күннен асырмай магазинде сақтауға болады. Сақтау үшін «Кредит» деген гриф және берілген датасы көрсетілген товар чегі негіз болып табылады.

---

[1] 4-пункттің екінші абзацына және 5-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 25 ноябрьдегі № 453 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., № 1, 3-ст.).

9. Товарларды несиеге сатып алатын кезде алармандар паспортын немесе оны алмастыратын документін, соңғы үш ай ішіндегі орташа айлық жалақысы немесе алатын ақшалай үлесі туралы жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жүрген жерінен № 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша алған анықтаманы, ал пенсионерлер паспортын, пенсиялық куәлігін және № 2 қосымшаға сәйкес оның қосымша бетін көрсетеді.

10. Егер аларманның жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жүрген жерінде ұстап қалынатын жалпы сома жалақысының (алатын ақшалай үлесінің) 50 процентінен асып кететін болса, алатын жалақы туралы анықтаманы несиеге товарлар алу үшін беруге болмайды.

Бұрын несиеге алған товарлары үшін борышын толық өтегенге дейін несиеге товар сатып алмақшы болған адамдарға алатын жалақысы туралы анықтама беруге тыйым салынады.

11. Товарларды несиеге сатып алатын жағдайда осы Нұсқаудың 9-тармағында аталған документтерді көрсетсе (табыс етсе), құны 100 сомнан асатын бір затты (комплектіні) екі және одан да көп адамдарға (алармандарға) сатуға болады (семьялық кредит).

12. Товарларды несиеге сатып алатын жағдайда азаматтар магазинде несиеге сатып алынған товардың кезекті төлемінің сомасын жалақысынан немесе алатын ақшалай үлесінен ұстап қалу туралы № 3 қосымшаға сәйкес төлемдік кепілдеме-міндеттемені екі данада толтырады.

Аларман кепілдеме-міндеттеменің бірінші данасын оның екінші данасына қол қойдырып жұмыс істейтін жеріндегі әкімшілікке тапсырады.

Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің, әскер бөлімінің, колхоздың мөрімен куәландырылған кепілдеме-міндеттеменің екінші данасын аларман несиеге сатып алынған товарды алған кезде магазинге (есепке алу үшін) береді.

13. Несиеге товар алатын пенсионерлер де жоғарыда аталған форма бойынша екі данада кепілдеме-міндеттеме толтырады.

Кепілдеме-міндеттеменің бірінші данасы магазинге тапсырылады, ал екіншісі аларман-пенсионерде қалады.

Аларман-пенсионерге берілген кредиттің сомасын магазин пенсиялық куәлікке қосымша бетке міндетті түрде жазып береді және кепілдеме-міндеттемеде келісілген мерзімдерде магазин кассасына қолма-қол ақшалай жарна төлеу жолымен өтеледі.

Кезекті жарнаны алған кезде магазин аларман-пенсионердің қолындағы кепілдеме-міндеттемеге төлегені туралы белгі қойып, сонымен бір мезгілде осы сомаға кіріс ордерінің квитанциясын береді.

Пенсионерге берілген кредит сомасының толық өтелгені туралы магазин пенсиялық куәлікке қосымша бетте белгі қояды, мұндай белгі болған жағдайда пенсионердің товарларды несиеге қайталап алуына правосы бар.

Төлем мерзімін анықтаған кезде ай сайынғы төлем пенсияның 50 процентінен аспауын көздей отырып, заттардың құнын және алатын пенсиясын ескеру керек.

14. Ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер, әскер бөлімдері, колхоздар несиеге сатып алынған товарлар үшін кезекті төлемді жалақыдан немесе алатын ақшалай үлестен айына бір рет ұстап қалады. Ұстап қалу кезекті еңбек демалысы үшін ақы төлеуді қоса алғанда жалақының барлық түрінен, уақытша еңбек етуге қабілетсіздік жөніндегі жәрдем сомасынан да жүргізіледі.

Ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, әскер бөлімдерінің және колхоздардың басшылары мен бас (аға) бухгалтерлері азаматтар

несиеге сатып алған товарлар үшін кезекті төлемнің олардан уақтылы және толық ұсталуына, ол соманың магазиндерге аударылуына, алармандарға берілген төлемдік кепілдеме-міндеттемелердің және солар бойынша ұсталған сомалардың есебі алынуына заңда белгіленген дәрежеде жауап береді.

Несиеге сатылған товарлар үшін жалақыдан және алатын ақшалай үлестен ұстап қалуды азаматтардың қалауы бойынша мерзімінен бұрын жүргізуге болады.

15. Ұстап қалған сомаларды магазиндерге немесе сауда жасаушы ұйымдарға аудару Мемлекеттік банкінің тиісті мекемесі арқылы төлемдік кепілдеме жазып беру жолымен, жалақыдан ұсталған салықтарды бір мезгілде аудара отырып жүргізіледі. Төлемдік кепілдеме де немесе оған қосылатын тізімде әрбір төлеушінің фамилиясынан басқа кепілдеме-міндеттемелердің номері және олардың әрқайсысы бойынша аударылатын сома міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

16. Несиеге товар сатып алған азамат басқа жұмысқа ауыстырылған, ауысқан немесе жұмыстан шығарылған (демобилизацияланған) ретте ұйым, кәсіпорын, мекеме, әскер бөлімі, колхоз бұл туралы несиеге товар сатқан сауда кәсіпорнына дереу хабарлап, жұмыстан шығару (ауыстыру) туралы бұйрықтан үзіндіні қосып кепілдеме-міндеттемені оған қайтаруға міндетті.

Қажет болған реттерде магазин несиеге товар сатып алған адамның жаңадан жұмыс істейтін немесе қызметін өтейтін жеріне кепілдеме-міндеттемені жіберу жайында ұйымға, кәсіпорынға, мекемеге, әскер бөліміне, колхозға өтініш білдіреді.

Кепілдеме-міндеттемені жіберу сауда кәсіпорнының жазбаша түрдегі өтініші алынған кезден бастап екі күн мерзім ішінде жүргізілуге тиіс.

Алармандардың жазбаша түрдегі кепілдемесі негізінде несиеге алған ұзақ уақыт пайдаланылатын товарлар үшін кезекті төлемдер олардан кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, әскер бөлімінің, колхоздың кінәсынан толық ұсталмаған немесе кредитті өтеу үшін ұсталған сомалар сауда кәсіпорындарына уақтылы аударылмаған, сондай-ақ жұмыстан шығарылған және несиеге сатып алған товарлар жөнінде қарыздар адамдар туралы сауда кәсіпорындарына хабарлау мерзімі бұзылған ретте кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, әскер бөлімдері, колхоздар тиісті сауда кәсіпорындарына кешіктірген әрбір күн үшін ұсталмаған (аударылмаған) соманың 0,1 проценті мөлшерінде өсім төлейді.

17. Жұмыстан (қызмет өтеуден) шығарылған (демобилизацияланған) және несиеге сатып алған товар жөнінде қарыздар аларман бұл туралы магазинге жұмыстан шығарылғаннан кейінгі бес күн мерзімнен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Егер жұмыстан (қызмет өтеуден) шығарылған (демобилизацияланған) аларман белгілі бір уақыт жұмыс істемесе, онда осы мерзім бойы ол әрбір айдың 5-інен кешіктірмей магазинге кезекті төлем сомасын өткізуге міндетті.

Кезекті төлемді уақтылы төлемеген ретте алармандар, сондай-ақ пенсионерлер де кешіктірілген әрбір күн үшін магазинге мерзімі өткен төлем сомасынан 0,1 процент мөлшерінде өсім төлейді.

Аларман несиеге сатып алған товарлар жөніндегі қарызын кепілдеме-міндеттемеде келісілген мерзімде дәлелді себептермен (науқастану, әскери жиындарда болу және с. с.) төлемеген жекелеген реттерде магазин басшылары кезекті төлемдердің мөлшерін міндеттемеде келісілген мерзім шеңберінде қайта қарайды.

Жаңа жұмысқа тұрған жағдайда аларман несиеге сатып алған товарлар жөнінде қарызы бар екені туралы әкімшілікке дереу хабарлауға, сондай-ақ жаңадан жұмыс істейтін жері жайында магазинге мәлімдеуге міндетті.

18. Несиеге сатып алған товар үшін кезекті екі жарнаны дәлелсіз себептермен төлемеген ретте магазиннің қалған қарыздың барлық сомасын, сондай-ақ осы Нұсқаудың 17-тармағында аталған мөлшерде өсімді аларманнан өндіріп алуға правосы бар.

Өндіріп алу нотариалдық контордың орындау қағаздары бойынша жүргізіледі.

19. Бөлшек сауда жүйесінде қолма-қол есеп айырысып сатып алған нақ осындай товарлар үшін белгіленген кепілді пайдалану мерзімі мен айырбастау тәртібі несиеге сатып алған товарларға да қолданылады.

Кепілді мерзім аларманға товарларды берген кезден басталады.

20. Халыққа товарларға несиеге сату жөніндегі операциялар мен есеп айырысулардың бухгалтерлік есепке алынуы магазиндерде Қазақ ССР Сауда министрлігінің, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының, сауда жүйесі бар басқа министрліктер мен ведомстволардың нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «САУДАНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 5 ИЮЛЬДЕГІ № 611 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ мен ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 7 сентябрьдегі № 438 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Сауданы одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1977 жылғы 5 июльдегі № 611 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясы облыстық, қалалық және аудандық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, Қазақ ССР Геология министрлігіне, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармаларына, сауда жүйесі бар басқа министрліктер мен ведомстволарға мыналар міндеттелсін:

---

[1] 3-пункттің бірінші — үшінші, жетінші абзацтары, 4, 7-пункттер, 8-пункттің тоғызыншы, оныншы, он екінші, он үшінші абзацтары, 9-пункттің бірінші, екінші, төртінші, бесінші абзацтары, 10-пункттің бірінші абзацы, 11—13-пункттер, 14-пункттің үшінші абзацы, 15, 17, 18, 20-пункттер, 22-пункттің бірінші — үшінші, бесінші — жетінші абзацтары, 23-пункттің бірінші, екінші, бесінші, алтыншы абзацтары, 24-пункттің сегізінші-оныншы абзацтары, 26-пункттің екінші, төртінші, бесінші абзацтары, 27-пункт, 28-пункттің бесінші абзацы, 29-пункт және 31—33-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

34-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 5 июльдегі № 611 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

халыққа сауда қызметін көрсетудегі кездесетін кемшіліктерді жою жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру, барлық сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының 1977—1980 жылдарға белгіленген бөлшек сауда товар айналымы жоспарларын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету, сауда мен қоғамдық тамақтандыруды жақсарту, халыққа қызмет көрсету мәдениетін жоғарылату жөніндегі жұмысты жүйелі түрде жүргізу, сатып алушылармен ықылассыз және дөрекі қарым-қатынас, кезекте уақытты ысырап ету жағдайларын жою, жұмыстың прогрессивті формаларын белсенді енгізу;

бөлшек және көтерме сауда ұйымдары басшыларының сауда жүйесін товарлармен толықтыруға, товар ресурстарын дұрыс бөлуге және олармен шапшаң шебер пайдалануды қамтамасыз етуге жауапкершілігін арттыру;

магазиндердің, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен қоймаларды жұмыс істеп тұрған жүйесінің жағдайын жақсарту, оларды дер кезінде жөндеуді, қайта құру мен техникалық жабдықтауды, қажетті санитарлық жағдайлар туғызуды қамтамасыз ету;

күрделі құрылыс, соның ішінде тұрғын үй құрылысына бөлінетін, күрделі қаржыдан бес процентті жарна есебінен жүзеге асырылатын, жоспарларының орындалуын және магазиндерді, асханаларды, қоймаларды, тоңазытқыштарды, картоп, көкөніс пен жеміске арналған қоймаларды іске қосуды қамтамасыз ету;

сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің арасында жұмыстың тиімділігі мен сапасы үшін, оныншы бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау үшін социалистік жарысты кеңінен өрістету, озат коллективтердің тәжірибесін барынша тарату;

кадрларды іріктеп алу, орналастыруды және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жақсарту, сауда мен қоғамдық тамақтандырудың барлық бөлімдерінде қызметкерлердің мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауына жауапкершілігін арттыру. Озат қызметкерлерді моральдық және материалдық көтермелеу жүйесін жетілдіру;

сауда және қоғамдық тамақтандырудың кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысына, товар айналымы жоспарларының орындалуына, өнеркәсіптік кәсіпорындардың халық тұтыну товарларын шығаруына және жеткізуіне бақылауды күшейту.

Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі кәсіподақ ұйымдарының сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жұмысын жақсарту, олардың қызметіне қоғамдық бақылауды күшейту жөніндегі шараларды жасау мен жүзеге асыруға, сондай-ақ сауда қызметкерлерінің социалистік жарысын ұйымдастыруға, оларға коммунистік тәрбие беру жөніндегі жұмыстың формалары мен әдістерін жетілдіруге белсенді қатысуын қамтамасыз етсін. Кәсіподақ ұйымдарының сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартудағы ролі мен жауапкершілігі жоғарылатылсын.

сауданың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде

3. *(Төртінші абзац)* Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар, еңбекшілер депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері мен Алматы қалалық Советінің атқару комитеті тұрғын үй құрылысына бөлінетін қаржыдан түсетін ақшаның бес процентті жарнаны сауда объектілері құрылысына дер кезінде және толық бөлуді, пайдалануды қамтамасыз ететін болсын.

Жаңа кварталдар мен аудандарда тұрғын үйлер салуды сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары құрылысы комплексінде жүргізетін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарлар жобасында тұрғын үй құрылысына бөлінетін күрделі қаржыдан түсетін бес процентті жарна есебінен құрылысы жүзеге асырылатын бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын іске қосу тапсырмаларын қарастыратын болсын, ал СССР Құрылыс банкісінің және СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторлары бұл қаржылардың толық пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын болсын.

5. Қазақ ССР Ауыр индустрия құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Село құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ

ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда объектілерін салуды жүзеге асыратын басқа министрліктер мен ведомстволарға, магазиндердің, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының, жалпы товар қоймаларының, бөлу тоңазытқыштарының, картоп, көкөніс пен жеміске арналған қоймалардың құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарларын сөзсіз орындауды және оларды дер кезінде іске қосуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар басқа министрліктер мен ведомстволар СССР Құрылыс банкісі мен СССР Мемлекеттік банкісі несиесі есебінен сауда объектілерін салуды ұлғайтатын болсын, сондай-ақ белгіленген тәртіпте өздерінің қаржыландырудың орталықтандырылмаған көздері және халық шаруашылығы жоспарларында көзделген мемлекеттік күрделі қаржының жалпы көлемінен тыс жергілікті көздерінен материалдық ресурстарды іздестіру есебінен қоймаларды, тоңазытқыштарды, картоп, көкөніс пен жеміс сақтайтын қоймаларды және қоғамдық тамақтандыру орындарын салудың мүмкіндіктерін толық пайдаланатын болсын.

Сауда кәсіпорындары жұмысының және қызмет көрсету мәдениетінің тиімділігін арттыру жөнінде

8. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволар, еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

халыққа қызмет көрсетудің прогрессивті формаларын дамыту, механизация құралдарын жан-жақты қолдану, еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу, жұмыс уақытын үнемді пайдалану, еңбекке кесімді ақы төлеуді кеңінен қолдану негізінде сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің еңбек өнімділігінің одан әрі өсуін қамтамасыз ететін болсын. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда қызметкерлер санын арттырмай және қызмет көрсетудің жоғары дәрежесін қамтамасыз ете отырып, бөлшек сауда товар айналымының жоспарын орындау жөніндегі сауда қызметкерлерінің жекелеген коллективтерінің бағалы бастамасы қолдап отырылсын және кеңінен таратылсын;

көбінде ірі кәсіпорындар салу, сауда залдары алаңын ұлғайтуды көздейтін магазиндер үйін ұтымды жобалау, түскі тағамдарды комплектілеу үшін механикаландырылған линияларды қолдану есебінен асханалардың түскі тағам залдарының жұмыс істеу қабілетін арттыру жолымен, қоймаларды аралық кран-штабельдермен, сәкілермен және тығырықтармен жабдықтау негізінде олардың пайдалы көлемін толық пайдалану жолымен саудада негізгі қорларды пайдалану дәрежесін және күрделі қаржылар тиімділігін арттыратын болсын;

саудада материалдық ресурстарды пайдалану жақсартылсын, оның ішінде оларды сақтау мен тасымалдауды неғұрлым ұтымды ұйымдастыру, көп айналымды арнаулы таразыны қолдану және оны ұқыпты пайдалану негізінде товар шығынын азайту қамтамасыз етілсін. Дайындау, тасымалдау, сақтау мен тарату кезінде картоптың, көкөніс пен жемістің шығынын жоюға, өнімді егіс даласынан жеткізу мен көбінде контейнерлерде сақтауды ұйымдастыра отырып, жеміс-көкөніс өнімдерін керексіз қайта тасымалдауға жол бермеуге шаралар қолданылсын;

товар айналымын шапшаңдатуға және бүкіл сауда процесін үлгілі ұйымдастыруға көмектесетін товармен жабдықтау жүйесі енгізілсін.

Товарларды арнаулы контейнерлерде (ыдыс-жабдықтарда) тасу, сақтау мен сату және осы мақсатқа ыңғайластырылған автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарын пайдалану жөніндегі саудалаушы ұйымдардың тәжірибесі кеңінен таратылсын;

халықтың товар жөніндегі сұранымын зерттеуді жақсартуға және оны неғұрлым толық қанағаттандыруға шаралар белгіленсін, бұл істе Қазақ ССР Сауда министрлігі жанындағы халық тұтынатын тауарларға халық сұранымын зерттеу жөніндегі Ведомство аралық советтің ролі мен жауапкершілігі арттырылсын;

сауда қызметін көрсету дәрежесі арттырылсын, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің назары тұтынушылар үшін қалыпты жағдай жасауға және олардың товар сатып алуға уақыт шығынын азайтуға аударылсын;

өзіне-өзі қызмет көрсететін магазиндердің жұмысы, олардың істеу қабілетін арттыруға, сауданың бұл формасының артықшылығын толығырақ пайдалануға назар аудара отырып, анағұрлым жақсартылсын;

(он бірінші абзац) алдын ала заказдар бойынша және автоматтар арқылы товарлар сатуды, сондай-ақ посылкалық және тасымал сауда дамытылып, жетілдірілсін, халыққа қосымша қызмет көрсету практикасы кеңейтілсін.

9. *(Үшінші абзац)* Азық-түліктік және азық-түліктік емес тауарларды шығаратын министрліктер сауданың оралған тауарларға қажеттілігін барынша қанағаттандыруға, орағыштардың сапасы мен безендірілуін жақсартуға шаралар қолдансын.

(Алтыншы абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы жоспарларында халық тұтынатын тауарлар орауды жүргізетін кәсіпорындары бар республика министрліктері мен ведомстволарының, сондай-ақ мемлекеттік және кооперативтік сауда ұйымдарының қағаз, целлофан мен полиэтилен пленкалары, пакеттер, желімделетін лента, картон және басқа орау материалына деген қажеттерін неғұрлым толық қамтамасыз етуді көздейтін болсын.

10. *(Екінші абзац)* Фирмалық магазиндерді салу мен жабдықтау тиісті өнеркәсіп министрліктерінің жылдық жоспарларында белгіленген салаларды дамытуға арналған күрделі қаржы есебінен жүзеге асырылсын.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері қажет болған реттерде белгіленген тәртіпте министрліктерге фирмалық магазиндер ұйымдастыру үшін үйлер беретін және фирмалық сауда жүйесін ұйымдастыру пәрменді көмек көрсететін болсын.

Универсальды магазиндерде және ірі өнеркәсіп тауарлары магазиндерінде осы облыс пен ауданның территориясында орналасқан өндірістік бірлестіктер мен өнеркәсіп кәсіпорындардың тауарларын сату үшін мамандандырылған секциялар мен бөлімдер құратын болсын.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы:

жылдық жоспарларда мемлекеттік және кооперативтік сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының мұздату өнімділігі сағатына 2,5 мың килокалорий тоңазытқыш қондырғыларына, автоматика және қорғау приборларына, осы тоңазытқыш қондырғылары мен көтеру-транспорт жабдықтарын жөндеу үшін запас бөлшектер мен материалдарға деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруды көздейтін болсын;

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының

көмір қышқыл газы жөніндегі заявкаларын мейлінше толық қанағаттандыруға шаралар белгіленсін.

16. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі қалалардағы сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін товарлар таситын автотранспорт ұйымдарының жұмысын жақсартуға тиісті шаралар қолданылсын. Осы мақсатта:

бөлшек және көтерме сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерді жалпылай пайдаланылатын автошаруашылықтарда құру қамтамасыз етілсін;

көрсетілген бөлімшелер әртүрлі товарлар тасу үшін және ең алдымен товарларды тығырықтарда және арнаулы контейнерлерде тасу үшін бейімделген автомобильдермен (көтерілетін борты, консольды краны, кузов ішінде жүктерді қозғалтатын құралдары бар автомобильдермен, жартылай фабрикаттарды, кулинарлық тағамдарды және басқа тез бұзылатын өнімдерді тасу үшін мұздатқыш және изотермиялық құрылғылары бар арнаулы автомобильдермен) толықтырылсын.

Қоғамдық тамақтандыруды дамыту жөнінде

19. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, министрліктер мен ведомстволар, еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері жуық жылдарда барлық жұмысшылар мен қызметшілерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының оқушыларын қоғамдық тамақпен қамтуды едәуір арттыру үшін өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыста, транспорт ұйымдары мен совхоздарда асханалар мен буфеттер жүйесін едәуір ұлғайтуға шаралар қолдансын.

21. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері совхоздардың орталық усадьбаларында, бөлімшелерінде және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін ұлғайтуды қамтамасыз етсін.

22. *(Төртінші абзац)* Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары азық-түлік товарларға, жартылай фабрикаттар мен кулинарлық тағамдарға стол-заказдар ашу үшін қажетті бөлмелер бөлсін.

23. *(Үшінші абзац)* Шығарылатын жартылай шикізаттар бірінші кезекте қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына тарату үшін жіберілсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері қоғамдық тамақтандыру жүйесінде мамандандырылған кәсіпорындар, оның ішінде жартылай фабрикаттар мен кулинарлық өнім өндіруді қамтамасыз ететін комбинаттар құруды және оларды жартылай фабрикаттар өндіретін өнеркәсіптің қажетті материалдық-техникалық базасы жоқ қалалардағы дайындауға дейінгі кәсіпорындар мен кулинария магазиндерін комплексті жабдықтауды қарастырсын.

Көтерме сауданы жақсарту жөнінде

24. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері:

көтерме сауда базалары жұмысын жақсартуды, өнеркәсіп кәсіпорындары мен сауда арасындағы шаруашылық байланыстарын нығайтуды, халықтың товарларға деген сұранымын зерттеуді жақсартуын, заказдардың негізделуін жақсартуды, сондай-ақ халық тұтынатын товарлар өндіруді молайту, олардың түр-түрін жаңарту мен ұлғайту және сапасын жақсарту мақсатында көтерме сауданың өнеркәсіп кәсіпорындарына ықпалын күшейтуді;

өздері қызмет көрсететін көтерме сауда кәсіпорындары мен ұйымдарын товарлармен үздіксіз жабдықтау жолындағы және осы кәсіпорындар мен ұйымдардың бөлшек сауда товар айналымының жоспарын орындау жолындағы жауапкершілігін арттыруды, көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынасты жетілдіруді қамтамасыз ететін болсын, мұнда атап айтқанда, көтерме база үшін бөлшек сауда жүйесі үздіксіз жабдықталуы тиіс товарлардың міндетті түр-түрінің тізбегі және базада қорланатын маусымдық сұраным товарлары тізбегін, сондай-ақ көтерме сауда базалары тиімді болған кезде, басы артық товарларды бөлшек сауда кәсіпорындарынан қабылдайтын болып белгіленсін;

Қазақ ССР Сауда министрлігінің көтерме сауда базаларына және облыстық тұтыну қоғамдары одақтарына жыл сайын бөлшек сауда жүйелеріне товарларды орталықтандырып жеткізу жөніндегі тапсырмаларды белгілеуді;

халық сұранымына сәйкес товарлар тұтынуды анықтауда және оларды сауда жүйесіне дер кезінде жеткізуді қамтамасыз етуде көтерме сауда жәрмеңкелерінің ролін арттыруды;

қоймадағы товар айналымын одан әрі дамытудағы товарларды қосымша сұрыптауды, орауды, комплектілеуді, бөлшек сауда кәсіпорындарына жөнелту үшін көтерме сауда базаларында товарларды дайындау жөніндегі басқа да жұмыстарды ұлғайтуды;

көтерме сауда товар айналымын жоспарлауды жетілдіруді, қойма үйлерді неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін болсын.

Тұтыну кооперациясының, комиссиялық және колхоз саудасын жақсарту жөнінде

25. Село халқына қызмет көрсетуді одан әрі жақсарту және тұтыну кооперациясының материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында:

а) Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттері:

аудан орталықтарында және ірі селолық елді мекендерде қазіргі заманғы сауда орталықтарының және универсалды магазиндер жүйесін дамытатын болсын, сондай-ақ универсалды магазиндер мен арнаулы магазиндерде түр-түрі күрделі азық-түлік емес товарлар сатуды шоғырландыру жөніндегі жұмыс одан әрі жүзеге асырылсын;

тұрақты сауда кәсіпорындары жоқ елді мекендерде, сондай-ақ егіс жұмыстары жүргізілетін жерлерде, мал фермаларында және алыс мал жайылымы учаскелерінде тасып жеткізу және посылкамен жіберіп сатуды ұлғайту, алдын-ала заказдар беру арқылы товарлар сату жолымен сауданы ұйымдастыру жақсартылсын;

жаңадан құрылатын агро-өнеркәсіптік және мал шаруашылығы комплекстерінің, құс фабрикаларының, мал азығын өндіретін кәсіпорындарының және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметкерлеріне сауда қызметін көрсету дер кезінде ұйымдастырылсын;

б) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығы комплекстерін және басқа ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жобалаған кезде осы кәсіпорындар қызметкерлеріне сауда қызметін көрсету мен оларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін үйді қарастыратын болсын;

в) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері селолық сауда жүйелеріне товарлар жеткізу және ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын сату жөніндегі қызметін есепке ала отырып, тұтыну кооперациясы ұйымдарының автомобиль транспортына деген қажетін қамтамасыз ететін болсын.

26. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитеттері:

(үшінші абзац) тұтыну кооперациялары ұйымдары арнаулы магазиндер үшін тиісті үйлер бөлу және оларды әр түрлі ауыл шаруашылығы өнімдерін кеңінен сатуды жүзеге асыру, сондай-ақ колхоз рыноктарында сауда үйлерін, қойма және тоңазытқыш сыйымдылықтарын бөлу қарастырылатын болсын.

28. Колхоз рыноктарының жұмысын одан әрі дамыту мен жақсарту, товар айналымына халықтық және колхоздардың артық ауыл шаруашылығы өнімдерін барған сайын толық қосу мақсатында:

а) еңбекшілер депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері колхоз рыноктары жұмыстарын жақсарту, колхоздардың, колхозшылар мен басқа да азаматтардың жеке көмекші шаруашылықтарының ауыл шаруашылығы өнімін рынокқа жеткізуді молайту жөніндегі шараларды талдап жасап, жүзеге асыратын болсын, колхоздар мен колхоз рыноктары арасындағы шарттастық байланыстарды одан әрі дамыту қамтамасыз етіліп, екі жақтың жасасқан шарттарының орындалуына үнемі бақылау жасау жүзеге асырылсын;

б) колхоздар мен совхоздарға, колхозшыларға, совхоз жұмысшылары мен қызметшілеріне колхоз рыноктарында ауыл шаруашылығы өнімін өткізуге көмектесу, атап айтқанда, оларға бұл өнімдерді колхоз рыноктарына жеткізу үшін автотранспорт бөлу ұсынылсын;

в) еңбекшілер депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері бір жолғы алымдар, қызмет көрсеткені үшін төлеп және рыноктың басқа да кірістері оларды салуға, ұлғайтуға, көріктендіруге, рыноктарды пайдалану жөніндегі шығындарға толық пайдаланылуы тиіс екенін ескере отырып, колхоз рыноктарының қаржыларының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ететін болсын;

г) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығы жоспарлары жобаларында жабық колхоз рыноктарын, павильондар мен мейманханаларды осы заманғы жобалар бойынша салуды қарастыратын болсын.

Кадрлармен жұмысты жақсарту жөнінде

30.Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, қалалық комитеттері, аудандық комитеттері, еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі

бар министрліктер мен ведомстволар кадрлармен жұмысты одан әрі жақсарту, сауда ұйымдары мен кәсіпорындарын жоғары білікті мамандармен нығайту және магазиндер мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары басшы қызметтеріне қажетті кәсіби дайындығы және жоғары іскерлік қабілеті бар қызметкерлерімен нығайтатын болсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰТЫНУ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТЫП, ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 11 НОЯБРЬДЕГІ № 1003 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 9 январьдағы
№ 9 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Тұтыну кооперациясының қызметін одан әрі дамытып, жақсарту туралы» 1979 жылғы 11 ноябрьдегі № 1003 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалсын.

2. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, облыстық тұтыну қоғамдары одағына, аудандық тұтыну қоғамдары одағына және аудандық тұтыну қоғамына міндеттелсін:

тұтыну кооперациясының барлық буындары жұмысының тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруды қамтамасыз ету, селодағы сауда мен қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруды едәуір жақсарту, бөлшек товар айналымы көлемдерін, ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын сатып алуды арттыру үшін мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалану, кооперативтік кәсіпорындарда халық тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайту;

материалдық-техникалық базаны барынша нығайту, тұтыну кооперативтерінің шаруашылық инициативасы мен қоғамдық белсенділігін дамыту, олардың жоспарлы тапсырмаларды орындаудағы, кооперативтік социалистік меншікті сақтау мен еселей түсу жолындағы күрестегі ролін арттыру, кооператив мүшелері мен кооперация қызметкерлерінің уставтық міндеттерге сәйкес мемлекеттік және қоғамдық істерге кеңінен қатысуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Компартиясы облыстық және аудандық комитеттері, халық депутаттары облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері КПСС XXV съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XIV съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, алға қойылған міндеттерді орындауға тұтыну кооперациясы ұйымдары мен кәсіпорындарына, пәрменді көмек көрсететін болсын, шаруашылық жүргізуді одан әрі жетілдіруге және сауда, дайындау және өндіріс қызметін дамыту, еңбек коллективтерін жұмыста жоғары көрсеткіштерге жету жолындағы, село еңбеккерлері-

[1] 3, 4, 7, 9—11-пункттер, 12-пункттің бірінші абзацы, 15-пункттің бірінші абзацы 16, 17, 19, 20—23-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

24-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 11 ноябрьдегі № 1003 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдар жинағының 8-томын қараңыз).

нің сұранымдарын толық қанағаттандыру жолындағы социалистік жарысқа кеңінен тарту ісінде тұтыну кооперациясының инициативасын кеңейтуге барынша жәрдемдесетін болсын. Кооперативтік органдарды білікті, істің жөнін жақсы білетін қызметкерлермен нығайтуға жіті көңіл бөлінсін, ішкі кооперативтік демократияны дамытуға ұдайы қамқорлық жасалып отырсын.

5. Қазақ ССР Сауда министрлігі ағаш, құрылыс және шатырлық материалдарға, санитарлық-техникалық жабдықтарға, лак-бояу бұйымдарына, бау-бақша құрал-саймандарына, жергілікті құрылыс материалдары мен басқа да шаруашылық мақсаттағы бұйымдарға арналған рыноктық қорларды бөлу кезінде аталған товарларды Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, оларға деген село халқының қажетін неғұрлым толық қанағаттандыруды ескере отырып, бөлуді көздейтін болсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі мен Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі белгіленген тәртіппен бесжылдық және жылдық жоспарлардың жобаларында тұтыну кооперациясының ұйымдары үшін көтерме сауда базаларын, сауда орталықтарын, универмагтар, картоп, овощ және жеміс-жидектер сақтайтын қоймалар, нан заводтарын және басқа да ірі кәсіпорындар, сондай-ақ облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті мен тұрғын үйлер салу жөніндегі бірденбір заказшы болатын республика қалаларында тұрғын үйлер салу жөніндегі қажетті мердігерлік жұмыстардың көлемін орындауды көздейтін болсын.

8. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жергілікті құрылыс материалдарын бөлу кезінде облыстық тұтыну қоғамдарының одағы мен «Қазкоопстроймонтаж» құрылыс ұйымдарының бұл материалдарға деген қажетін ескеретін болсын.

12. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі кооперативтік ұйымдардың заявкасы бойынша және олардың қаржылары есебінен ондатр шаруашылығын дамыту үшін гидротехникалық құрылыстар салуға арналған жобалау-сметалық документацияны әзірлеуді жүзеге асырсын.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі жылдық жоспарлардың жобаларында олардың бөлетін өнім номенклатурасына сәйкес Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына мыналарды бөлуді көздейтін болсын:

тұтыну кооперациясы құрылыс ұйымдарының күшімен жүзеге асырылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының белгіленген жоспарларын және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына арнап мамандандырылған автотранспорт, сауда кәсіпорындарын жарақтандыру үшін металл сөрелер, контейнерлер (ыдыс-жабдықтар) және мебельдер шығару жоспарларын орындауды қамтамасыз ететіндей көлемде материалдар, жабдықтар, құрылыс, жол машиналары мен механизмдерін;

тұтыну кооперациясы ұйымдары үшін белгіленген товар айналымы және ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын дайындау көлеміне сәйкес жүк тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жүк, арнаулы және жеңіл автомобильдер, автобустар, автотіркемелер, тракторлар мен трактор тіркемелерін;

тұтыну кооперациясы ұйымдарына халық тұтынатын товарларды шығару жөнінде белгіленген тапсырмаларды орындау үшін қажетті

мөлшерде шикізаттар, қосалқы және буып-түю материалдарын және ыдыстар;

қажетті мөлшерде көтеру-транспорттық, тоңазытқыштық, сауда-технологиялық және химиялық жабдықтар, газ үрлегіштер, бу қазандарын, металл кесетін және ағаш өңдейтін станоктар, ұста-пресс машиналарын, автомобиль таразыларын, гидравликалық борт көтергіштер, автолақтырғыштар мен транспортер-тиегіштер;

мал бордақылайтын пункттер мен овощ-картоп қоймаларын жарақтандыру үшін жабдықтар. Тұтыну кооперациясы ұйымдарының автомобильдердің запас бөлшектеріне деген қажеті толық қанағаттандырылсын.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

жоспарларда Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының автомобильдерді, оларға арналған тораптар мен агрегаттарды жөндеу жөніндегі заявкасын ескеретін болсын;

ұзақ сақтауға қойылатын картопты, овощты және жеміс-жидекті ыдысқа салу үшін тұтыну кооперациясы ұйымдарының контейнерлерге деген қажетін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз етсін.

15. *(Екінші абзац)* «Союзучетиздаттың» Қазақ бөлімшесі, 1981 жылдан бастап Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының алғашқы бухгалтерлік есеп бланкілерін дайындауға арналған қағазға деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыруды қамтамасыз етсін.

18. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жылдық және перспективалық жоспарлардың жобасын әзірлеу кезінде республика тұтыну кооперациясы үшін жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандарды, оларға деген қажеттікке сәйкес даярлауды көздейтін болсын.

РЕСПУБЛИКАДА САУДАНЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 4 ноябрьдегі
№ 740 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті мемлекеттік сауда ұйымдары мен тұтынушылар кооперацияларының магазиндер мен қоймалар салуға қажетті жергілікті құрылыс материалдарын бөлуді жоспарда көздеп отырсын.

7. Колхоздардың экономикалық мүмкіндіктері болғанда тұтыну кооперациясының қаржысы есебінен немесе кейіннен тұтыну кооперациясынан өндіріп ала отырып, өз қаржылары есебінен шарт жасасу негізінде өз территориясында магазиндер, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен наубайханалар салу колхоздарға ұсынылсын.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы магазиндер, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен наубайханалар салу үшін, колхоздарға жобалау-смета документтерін дайындауға көмектесіп және қажетті технологиялық құралдар бөлсін.

---

[1] 1—4, 6, 10-пункттер, 12-пункттің бірінші абзацы, 15—19-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

20-пункт СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 31 августағы № 824 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

8. Совхоздардың орталық усадьбалары мен ірі бөлімшелерінде шаруашылықты нығайту мен ұлғайту қорының қаржысы есебінен наубайханалар мен магазиндер салуға совхоз директорларына рұқсат етсін.

9. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, сауда жүйелері бар министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне:

— сауда ұйымдарында уақытымен сауда жүйелеріне товарларды жеткізуді жақсарту шаралары жасалсын, сауда орындарында товарлардың жеткілікті мөлшерде болуы үшін іркілістерге жол берілмесін, мәдениетті қызмет көрсету жоғарылатылып, сауданың жаңа түрлері (өзіне өзі қызмет ету магазиндері, товарларды үйге жеткізу, үлгі сауда және басқалар) енгізілсін, товар-қойма жайларын тиімді пайдаланысын;

— сауда кәсіпорындары мен ұйымдарында товарларды өнеркәсіпте өндіру мен жеткізіп тұру заказдарын дайындауда, әсіресе жекелеп сататын сауда товар айналымында, үнемдеу жұмыстарын едәуір жақсарту қамтамасыз етілсін, облыстық, қалалық және аудандық сауда системаларында товар қорларын дұрыс бөлмеу фактілерін болдырмасын;

— орталықтандырылмаған финанс көздерін және тұтыну кооперациясын, өндіріс саласы құралдарын, тұрғын-үй құрылысынан бес процентті бөлу арқылы, «Сауда» саласының күрделі қаржысымен, қоғамдық тамақтандыру және сауда объектілерін салу мен өз уақытында пайдалануға беруді бақылау қамтамасыз етілсін.

11. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, халықтың сұранымын зерттеу мен болжауды жақсарту мақсатында және сауда конъюнктурасындағы болған өзгерістер туралы керекті информация алу үшін Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы мен Қазақтың Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының конъюнктурасы және сұранымы филиалы (ВНИИКС) мен бірге кең жүйелі корреспондент пункттері ұйымдастырылып, халықтан сұрап, кейбір товарлардың запастарын және келісілген программа бойынша ішінара сату арқылы тексеру жүргізсін.

12. *(Екінші абзац)* Өнеркәсіп жеткілікті мөлшерде шығаратын халық тұтынатын товардың көлемі, түр-түрлері және сапасы бойынша өндіру жоспарлары, әдетте сауда ұйымдарының өнеркәсіп кәсіпорындарымен жасасқан шаруашылық шарттарына сәйкес белгіленуге тиіс деп белгіленсін.

13. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және халық тұтынатын товарларды шығаратын басқа министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті товар өндірісін арттыру мәселелерін ұдайы қарап, қарамағындағы кәсіпорындарға қосымша тапсырмалар бекітетін болсын, ал республика Үкіметінің шешуін керек ететін мәселелер бойынша Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныс енгізетін болсын.

14. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР-інің басқа да халық тұтынатын товарлар шығаратын министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті товар рекламаларын жақсартсын, ол үшін баспасөз, телевидения және радио-

хабар кең көлемде пайдаланылсын, товарларды буып-түю мен көркемдеп дайындауға үлкен көңіл бөліп, сауда кәсіпорындарындағы интерьер мен витриналарды дайындауды жақсартсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жылына бес қысқа метражды кинофильм рекламаларын шығаруға және республиканың барлық экрандарында көрсету үшін заказдарды қабылдауды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі жыл сайын товарларды буып-түю және оның көркем-рекламалы дайындау конкурстарын ұйымдастырсын. Товардың жақсы буып-түйілген үлгілеріне дипломдар ұйымдастырылсын.

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ОНАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1967 жылғы 7 майдағы № 298 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республикада қоғамдық тамақтандыруды онан әрі дамыту және жақсарту мақсатында қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

— қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының салынуына, дер кезінде пайдалануға берілуіне және жарақтандырылуына ұдайы бақылау орнатылсын, жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлерде қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнына арнап тұрғын үй құрылысына бөлінген күрделі қаржыдан бес процент шығару есебінен үйлер бөлу ұлғайтылсын;

— өз мақсатында пайдаланылмай отырған сауда үйлерінде, сондай-ақ осы мақсат үшін жарамды басқа да үйлерде кафе және асхана ашу мүмкіндіктері толық пайдаланылсын;

— өнеркәсіп кәсіпорындарын, әкімшілік үйлерін, оқу орындары мен мектептерді жобалаған және салған кезде құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес асханалар және басқа қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салу мен жабдықтау көзделсін.

Қазақ ССР-інің министрліктеріне, ведомстволарына және еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық аудандық Советтері атқару комитеттеріне тұрғын үй құрылысына бөлінген күрделі қаржыдан бес процент шығару есебінен, сондай-ақ қаржыландырудың барлық басқа да көздерінің есебінен салынған сауда үйлерін және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнына арналған үйлерді алуға және өз мақсатынсыз пайдалануға тыйым салынсын.

4. Еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық, аудандық Со-

---

[1] 1, 2-пункттер, 4-пункттің үшінші абзацы, 5-пункттің бірінші — үшінші, бесінші абзацтары, 6—15-пункттер, 16-пункттің үшінші, төртінші абзацтары, 18-пункттің үшінші — бесінші абзацтары, 19-пункттің екінші, үшінші, бесінші, алтыншы абзацтары 20—25-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

26-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 7 марттағы № 198 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

веттері атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Геология министрлігіне, «Қазахстаннефть» бірлестігіне, Қазақ ССР Көмір өнеркәсібі басқармасына, Қазақ ССР Химия өнеркәсібі басқармасына және Қазақ ССР-інің қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар басқа да министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— қалаларда және селолық жерлерде жаңа қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынын салып, жабдықтаған кезде жақсы жабдықталған мамандандырылған кафе және жеңіл тамақ — сосиска, пирожки, шашлык, блины, пельмен, чебурек, ұлттық тағамдар және басқалар сататын асханалардың кең жүйесін жасау көзделсін;

— *(төртінші абзац)* парктерде, бақтарда, сквелрлерде, мәдени кәсіпорындарда, қала маңындағы демалыс аймақтарында, стадиондарда, мұз айдындарында, шаңғы базаларында, су станцияларында, жағажайларда ұдайы жұмыс істейтін және маусымдық кафелер, ресторандар, жеңіл тамақ асханаларын салып, жабдықтау жүзеге асырылсын;

— тұрғын аудандарда үй кухняларының және кулинария магазиндерінің жүйесі едәуір кеңейтілсін; халықтан тамақ дайындауға, сондай-ақ шала фабрикаттар, кулинария, ұн және кондитер тағамдарын дайындауға заказдар қабылдау ұйымдастырылсын. Жағдай мүмкіндік беретін ірі азық-түлік және өнеркәсіп магазиндерінде, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарында кафетерийлер ашу, азық-түлік магазиндерінде шала фабрикаттар және кулинария бұйымдарын сату кеңейтілсін;

— кәсіпорындар мен құрылыстарда қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдасын, кешкі және түнгі сменалардың жұмысшыларына қызмет көрсету тәртіпке келтірілсін, қарамағындағы кәсіпорындар басшыларының қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапкершілігін арттырсын;

— асханаларда түрлі шала фабрикаттарды, кулинарлық және кондитер тағамдарын өндіру мен кеңінен сатуды, көп әйелдер жұмыс істейтін өнеркәсіптік кәсіпорындарда осы тағамдармен сауданы ұлғайтуға айрықша көңіл бөле отырып, ұйымдастырсын;

5. *(Төртінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі жылдық жоспарларда совхоздарда негізінен мердігерлік әдіспен асханалар салуды көздейтін болсын.

16. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, «Қазахстаннефть» бірлестігіне, Қазақ ССР Көмір өнеркәсібі басқармасына, Қазақ Темір жол басқармасына, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қазақ ССР-інің қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар басқа да министрліктері мен ведомстволарына, жергілікті партия, совет және кәсіподақ органдарына мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

— фабрика-завод және совхоз асханаларында және оқу орындары асханаларында қызмет көрсетудің тамақты абонемент бойынша жіберу, комплексті ертеңгілік, түстік және кешкі тамақтар әзірлеу, өзіне-өзі қызмет көрсету, тамақты цехтағы жұмысшы орнына үздіксіз технологиялық процесс үстінде әкеліп беру, түстікке алдын ала заказ қабылдау секілді тұтынушылар үшін қолайлы түрлері кеңінен енгізілсін, сондай-ақ еңбекшілердің тамақ алу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін қызмет көрсетуді жетілдіру жөніндегі басқа да шаралар жүзеге асырылсын;

17. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары озат қызметкерлерінің дәмді тамақ әзірлеу және халыққа жоғары мәдениетті қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін тарату мақсатында партия, совет, кәсіподақ және сауда ұйымдарына асханалар, кафелер және ресторандар қызметінің байқауын ұйымдастыруды, аспаздардың тағамдар мен кулинария бұйымдарын үздік әзірлеу және көркемдеу жөніндегі аудандық, қалалық, облыстық және республикалық конкурстарын өткізу, конкурс жеңімпаздарына құрмет грамоталарын, ақшалай сыйлықтар мен бағалы сыйлықтар тапсыруды практикаға енгізу ұсынылсын. Байқаулар мен конкурстардың қорытындысы Совет сауда қызметкерлерінің күніне орай шығарылсын, бұл қорытындылар баспасөзде, радио, телевизия бойынша кеңінен көрсетілсін. Үздік аспаздардың тұтынушылардан жоғары баға алған фирмалық және ұлттық тағам жасап шығару жөніндегі кәсіптік шеберлігі мен инициативасы барынша ынталандырылсын.

18. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, «Казахстаннефть» бірлестігіне, Қазақ ССР Көмір өнеркәсібі басқармасына, Қазақ Темір жолы басқармасына, Қазақ ССР-інің қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар басқа да министрліктері мен ведомстволарына, еңбекшілер депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

асханаларда, кафелер мен жеңіл тамақ асханаларында өнімсіз шығындарды қысқарту, көмекші және шошқа бордақылау шаруашылықтарының өнімін неғұрлым толық пайдалану, жабайы жеміс-жидек, бал дайындауды кеңейту, жергілікті су қоймаларында балық өсіру және аулау жолымен тамақ құнын арзандату жөнінде шаралар қолданылсын. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен ұйымдарының мемлекеттік бөлшек сауда бағасынан аспайтын баға бойынша орталықсыз ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуы кеңінен өрістетілсін.

19. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын шала фабрикаттармен жақсы қамтамасыз ету және оларды сатуды кеңейту үшін Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне және Қазақ ССР Сауда министрлігіне мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

— *(төртінші абзац)* ет комбинаттарын, балық заводтарын, құс етін өңдеу кәсіпорындарын және мал, балық, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды салған және қайта құрған кезде шала фабрикаттар өндіретін цехтар ұйымдастыру көзделсін.

(Жетінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі 1968 жылғы және одан кейінгі жылдардағы халық шаруашылық жоспарларында шала фабрикаттар өндіру жөнінде тапсырмалар көздейтін болсын.

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі 1968 жылдан бастап жоспар жобаларында қоғамдық тамақтандыру орындарында ыстық күйінде, бөлшек сауда жүйесінде салқын және ыстық күйінде сату жөніндегі қажетті қамтамасыз ету үшін сосиска және сарделка өндіруді шұғыл ұлғайтуды көздейтін болсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СФЕРАСЫНДА ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІН КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ЫСЫРАПТАРДЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 30 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 895 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 7 декабрьдегі
№ 459 ҚАУЛЫСЫ

БАЛАЛАР ТАМАҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРУДІ ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ТАМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1965 жылғы 31 декабрьдегі
№ 915 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне мыналар міндеттелсін:

б) ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында қуаттылығы сменасына 100 тоннадан кем емес сүт беретін сүт заводтарын салу кезінде бұл заводтарда ең кішкентай балалар үшін сүт тағамдарын шығаратын арнаулы цехтар құруды қамтамасыз ету.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

б) балалар тамағы өнімдерін сататын арнаулы магазиндер жүйесін, ал арнаулы емес магазиндерде бөлімдерді кеңейту қамтамасыз етілетін және олар үшін ассортименттік минимум белгіленсін, сондай-ақ бұл арнаулы магазиндер мен бөлімдерді көрсетілген өнімдерді сатуға дайындалған маманданған сатушылармен толықтырылсын.

10. Облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне ертерек тамақ іше бастаған және қолдан тамақтандырылатын бір жастағы балалар үшін көп балалы және тұрмысы нашар семьяларға донор сүтін, балалардың құрғақ және консервіленген өнімдерін (Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1960 жылғы 6 апрельдегі № 356 қаулысының 8-пунктінде қаралған, сүт қоспасын тегін беруден басқа) тегін беруге рұқсат етуіне право берілсін, балалар тағамдары өнімдерін тегін беруге байланысты шығындар облыстардың және Алматы қаласының жергілікті бюджеттерінің есебіне жатқызылсын.

---

[1] 8-томның 76-бетін қараңыз.

[2] 1-пункт, 2-пункттің «а», «в» тармақтары, 3-пункттің «а», «в», «г» тармақтары 4—9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

САУДАДА ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 7 июньдегі
№ 261 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Былай деп белгіленсін: алдағы уақытта республикада ашылатын азық-түлік товарларын, киім, аяқ киім, кітап, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы және күнделікті шаруашылық заттарын сататын магазиндер, әдетте, өзіне-өзі қызмет көрсету әдісі бойынша жұмыс істейтін болсын.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті өзіне-өзі қызмет көрсететін магазиндер жұмысын, олардың адамдарды өткізу қабілеттілігін жоғарылатуға, халықтың товарларды сатып алуға кететін уақытын едәуір қысқартуға көңіл бөле отырып, біржола жақсартсын.

Осы мақсатта мыналар қамтамасыз етілсін:

— кәсіпорындардың көлемі мен мамандандырылуын, халықтың сұранысын еске ала отырып, тұтынушылық комплекстері бойынша товар қорын жасау, оларды өзіне-өзі қызмет етуге көшіргенде товарлардың ассортименті едәуір кеңейтілетін болсын;

— товарларды есептеуді жақсартуға, сауда залдарын тиімді пайдалануға, орнатылатын және көрсететін алаңдарын ұлғайтуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы сауда жабдықтары мен инвентарьды шығаруды көбейту;

— товармен қамтамасыз ету жүйесін дәл ұйымдастыру, сауда процесін және сатып алушылармен есептесуді жетілдіру;

— өзіне-өзі қызмет көрсету магазиндері үшін кадрларды дайындауды ұлғайту, оларды маманданған қызметкерлермен толықтыру, еңбекті ұйымдастыру мен материалдық ынталандыруды жақсарту.

7. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті тұрғын үй құрылысына бес процеттік қаржы бөлу есебінен сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары құрылысына бөлінетін қаржыларды белгіленген тәртіппен орталықтандыру әдісімен өзіне-өзі қызмет көрсететін универсал магазиндерін, оларда тұтынушылық комплекстері бойынша сауданы ұйымдастыра отырып, салуды көздесін.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы жоспарларда министрліктер мен ведомстволарға ұсақ текшеленген және оралған товарлар шығаруды молайту және саудада өзіне-өзі қызмет көрсетуді дамыту үшін қажетті жабдық пен материалдарды қарастыратын болсын.

---

[1] 1, 4—6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ССР ҮКІМЕТІНІҢ КОЛХОЗ РЫНОКТАРЫНДАҒЫ САУДА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 23 июньдегі
№ 262 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 15, 53-ст.)

Қазақ ССР Заңдар жинағын басып шығаруға байланысты және Қазақ ССР Үкіметінің колхоз рыноктарындағы сауда мәселелері жөніндегі шешімдерінің көптілігін жою мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

колхоз рыноктарының жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мен жетілдіруге, олардың қызметіндегі кемшіліктерді жоюға, көркейтуді, қажетті жабдықтармен және инвентарьмен жабдықтандыруды жақсартуға шаралар қолданатын болсын;

колхозшылар мен халықтың колхоз рыноктарына ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізуін ұлғайту, колхоздар мен рыноктардың байланысын кеңейту және олардың арасында осы өнімдерді беріп тұру мен олардың саудасын ұйымдастыруға арнап шарт жасасуы жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырып отырсын;

колхоздарды, колхозшылар мен басқа да азаматтарды қатыстыра отырып, колхоз рыноктарында мереке алдындағы және маусымдық базарлар мен жәрмеңкелер өткізуді қолданатын болсын. Осы мақсатқа жергілікті баспасөзді, радионы, телевизияны және жарнаманың басқа құралдарын пайдалансын. Жәрмеңкелер мен базарларға ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізуде колхоздар мен халыққа қажетті көмек көрсетіп отырсын;

рыноктардың сауда қызметтері бюросының жұмысын жақсартсын, оларға арнап қажетті үй-жайлар мен транспорт бөліп отырсын;

тұрақты және маусымдық сауда жүйесін ұлғайту есебінен колхоз рыноктарында картоп, овощ, жеміс пен басқа да ауыл шаруашылық өнімдерінің мемлекеттік және кооперативтік саудасын кеңейтсін;

колхоз рыноктарында сауда тәртібінің бұлжытпай сақталуын бақылауды күшейтіп, бұл жұмысқа рынок советтері мен басқа да қоғамдық ұйымдарды қатыстырып отырсын, сондай-ақ рыноктарда сатылатын ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасын және санитариялық режимнің сақталуын қадағалауды күшейтсін, бұл істе рыноктардың, етсүт пен тамақ бақылау станциялары басшыларының жауапкершілігін арттырсын;

рыноктарды білікті кадрлармен нығайтып, олардың рыноктарда қалыпты сауданы қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін арттырып отыратын болсын;

колхоз саудасының, рыноктарды салу мен көркейтудің жайын атқару комитеттерінің мәжілістерінде мезгіл-мезгіл қарап, осы мәселелердегі кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданып отырсын.

---

[1] 10-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері:

рыноктарда сауда жасау үшін келетін колхозшылар мен басқа азаматтардың сұранымын қанағаттандыру үшін қажетті шаруашылық және өнеркәсіп товарларын рыноктарда сатуды ұлғайтатын болсын;

рыноктарда басы артық ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуді жүзеге асырушы колхозшылар мен басқа азаматтарға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартып отырсын.

3. Облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері:

колхоздар, тұтыну кооперациясы ұйымдары, колхозшылар және басқа азаматтар колхоз рыноктарында сататын ауыл шаруашылық өнімдерінің шекті бағалары белгіленуіне жол бермесін, мұның өзінде колданылып жүрген заңдарды қатаң басшылыққа алатын болсын;

қалаларда, жұмысшы поселкелері мен селолық жерлерде колхоз рыноктарын дамытудың перспективалы жоспарларын әзірлеп, Қазақ ССР Сауда министрлігінің келісуімен бекітіп отырсын;

рыноктардың қаржылары өз мақсатына пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін, рыноктардың біржолғы алымы, қызметтер үшін төлеттіретін ақы мен басқа да кірістері оларды көркейтуге, салуға және рыноктарды пайдалану жөніндегі шығындарға түгел жұмсалатыны еске алынатын болсын;

колхоз рыноктарының сауда, қойма және өзге құрылыстарын басқа мақсаттар үшін алып қоюға, беруге және пайдалануға, рыноктардың автотранспортын ауыл шаруашылық өнімдерін рыноктарға тасып жеткізуге қатысы жоқ жұмыстарға пайдалануға жол бермесін.

4. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері колхоз рыноктарына ауыл шаруашылық өнімдерін тасып жеткізу үшін колхозшыларға, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілеріне және басқа азаматтарға бекітілген тарифтер бойынша ақысын төлеттіріп автомобиль беретін болсын, осы мақсатпен өнімдерді тасымалдау үшін халықтан заказ қабылдайтын пункттер ұйымдастырсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларында:

жабық рыноктар, павильондар және сауда мен тұрмыстық басқа да объектілер салынуын, осы мақсатқа күрделі қаржының, жобалау-іздестіру және мердігерлік жұмыстардың, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстардың қажетті лимиттері бөлінуін;

Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының колхоз рыноктарының және басы артық ауыл шаруашылық өнімдері кооперативтік саудасының мұқтаждарына арналған мамандандырылған автотранспорт жөніндегі заявкалары неғұрлым толық қанағаттандырылуын көздеп отыратын болсын.

6. Колхоз рыноктарында азаматтардың өсімдіктен және басқалардан жасалған заттарды дәрі-дәрмек ретінде, сондай-ақ үйде консервіленген өнімдерді сатуына барлық жерде тыйым салынсын.

7. СССР Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ республикалық басқармасы мен Қазақ ССР Сауда министрлігі рыноктарда салмақ өлшеу приборларын пайдалану ережелерінің сақталуын қатаң бақылауды жүзеге асырып, осы приборларға уақтылы техникалық күтім жасалуын, олардың жөнделуін және мемлекеттік тексерілуін қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлі-

гі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы колхоз саудасын бұзушылықтың бетін ашу жөнінде халық депутаттарының жергілікті Советтері мен жұртшылық өкілдерінің қатысуымен колхоз рыноктарында ұдайы рейдтер өткізіп отырсын. Еңбексіз табыс табу мақсатымен ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алып, қайта сатумен шұғылданатын адамдардың әрекетін тыюға үзілді-кесілді шаралар қолданатын болсын.

9. Қазақ ССР-інің рыноктарында көрсетілетін қызметтер үшін ақының шекті ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 23 июньдегі № 262 қаулысына

ҚОСЫМША

ҚАЗАҚ ССР-інің КОЛХОЗ РЫНОКТАРЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН АҚЫНЫҢ ШЕКТІ СТАВКАЛАРЫ

Көрсетілетін қызмет түрлері	Өлшем единицасы	Қызметтер үшін ақының шекті ставкалары
Столға қоятын таразылар мен сауда инвентарын — пышақтар, шанышқылар, табақтар бере отырып ет шабу	кг	6 тиын
Столға қоятын таразыларды бір күн саудаға арнап прокатка беру	комплект	30 тиын
Рынок таразышысының товар таразыларымен өлшеп беруі	бір рет өлшеуі	20 тиын
Өнім тиелген автомашинаны немесе көлікті (кейіннен бос автомашинаны немесе көлікті өлшей отырып) автомобиль таразыларымен өлшеу	»	50 тиын
Рынок таразышысының өнімдерді столға қоятын таразылармен өлшеп беруі	кг	3 тиын
Сауда инвентарын (табақтар, қалақшалар, корзинкалар, пышақтар, шанышқылар, воронкалар және т. б.) және сұйық заттарды (сүт, өсімдік майы және т. б.) өлшеу мен құюға арналған керек-жарақтар комплектілерін бір күн саудаға арнап беру	зат немесе комплект	5 тиын
Бір күн саудаға арнап санитариялық киім беру:		
алжапқыш	дана	20 тиын
жеңқаптар	пар	20 тиын
орамал	дана	20 тиын
бас киім	»	10 тиын
Рыноктардың арнаулы үй-жайларында ауыл шаруашылық өнімдерін және азаматтардың заттарын сақтау:		
тоңазытқыштар мен мұздықтарда	кг. тәулігіне	3 тиын
қоймалар мен овощ қамбаларында	»	1 тиын
сақтау камераларында	орын тәулігіне	15 тиын
Рынок жабылғаннан кейін оның территориясын пайдалану:		
бос ыдысты сақтау үшін	шаршы метр	10 тиын
өнімдерді және басқа жүктерді сақтау үшін	кг	0,5 тиын
Ауыл шаруашылық өнімдерін сауда орындарынан тоңазытқыштарға, сақтау камераларына тасып апару және кері жеткізу	кг	1 тиын
Қол арбаларды пайдалану	сағат	20 тиын
Етті өлшеу үшін ет бақылау пунктіне және сауда орнына жеткізу	кг	1 тиын

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОСПАРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІ МЕН ЖҰМЫС САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 12 ИЮЛЬДЕГІ № 695 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 11 октябрьдегі
№ 386 ҚАУЛЫСЫ

30-пункт

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ РОЛІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 19 МАРТТАҒЫ № 292 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 26 майдағы
№ 250 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 23; Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 14, 38-ст.)

11-пункттің бірінші абзацы

БӨЛШЕК САУДА ТОВАР АЙНАЛЫМЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАРҒА АРНАЛҒАН РЫНОК ҚОРЛАРЫН ЖОСПАРЛАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 16 октябрьдегі
№ 516 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 20, 92-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. 1976 жылдан бастап бөлшек сауда товар айналымын, халық тұтынатын товарларға арналған рынок қорларын және басқа да сауда көрсеткіштерін жоспарлаудың мынадай тәртібі белгіленсін:

а) Қазақ ССР Министрлер Советі мыналарды бекітеді:

облыстар, Алматы қаласы мен негізгі сауда жүйелері бойынша бөлшек сауда товар айналымының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары айналымының, оның ішінде меншікті өнім жөніндегі айналымның, сауда-қойма жүйесі өсуінің жоспарларын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынуы бойынша;

---

[1] 8-томның 8-бетін қараңыз.

[2] 1-томның 292-бетін қараңыз.

[3] 6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

бөлу жоспарларын Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісіп алғаннан кейін бекітетін азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының тізбектерін;

сауда жүйелері бойынша айналыс шығындары жөніндегі жоспарларды және саудада жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жалақы қорларын сауда жүйелері бойынша айналымның проценті есебімен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынуы бойынша;

одаққа бағынатын кәсіпорындар мен осы кәсіпорындардың көмекші ауыл шаруашылықтарынан басқа сауда ұйымдарының кәсіпорындары мен көмекші ауыл шаруашылықтары жөніндегі өндіріс жоспарларын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынуы бойынша;

сатып алынған және келісімге сәйкес бағалар бойынша комиссияға арнап қабылданған ауыл шаруашылық өнімдерін сату жөніндегі тұтыну кооперациясының айналым жоспарларын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынуы бойынша;

ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алған кезде колхоздар мен колхозшыларға өтеме сатуға арналған тауарлардың қорларын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының ұсынуы бойынша;

СССР Дайындау министрлігімен келісіп алғаннан кейін рынок қоры бойынша ұн мен жарманың ассортиментін, сондай-ақ ұнға, жарма мен макарон тағамдарына арналған рынок қорларының бөлінісін — Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Сауда министрлігінің ұсынуы бойынша;

мал шаруашылығы өнімдерінің (ет, сүт, жұмыртқа) мемлекеттік ресурстарын пайдалану жоспарын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынуы бойынша;

картоптың, овощтың, бақша дақылдарының, дәнді және сүйекті жемістердің, жүзім мен жидектің мемлекеттік ресурстарын пайдалану жоспарын — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Сауда министрлігінің ұсынуы бойынша;

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне сауда жүйелері мен ұйымдары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының айналымының, соның ішінде өз өнімі жөніндегі айналымның жоспарларына (облыстар мен Алматы қаласы бойынша жоспарларды өзгертпестен) бөлшек сауда жүйесін және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын бір сауда жүйелерінің (ұйымдарының) белгіленген тәртіп бойынша екіншілеріне беруінен туындайтын ішінара өзгерістерді енгізу правосы берілсін.

Аталған өзгерістер бөлшек сауда тауар айналымының жоспарларына министрліктердің, ведомстволардың, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің шешімдері және бөлшек сауда жүйесі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жоспарлы көрсеткіштерімен қоса қабылдау-беру актілері негізінде енгізіледі деп белгіленсін [1];

б) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті балды, саңырауқұлақ пен кептірілген жемістерді пайдалану жоспарын Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының ұсынуы бойынша бекітеді;

в) Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісіп алғаннан кейін облыстар мен Алматы қаласы бойынша қосымшаға сәйкес кейін бөлу үшін мемлекеттік және кооператив-

---

[1] 1-пункттің «а» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 10 майдағы № 242 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 12, 43-ст.).

тік сауданы бөлек көрсетіп, азық-түлік товарлары мен азық-түлік емес товарларға арналған рынок қорларының бөлінісін бекітеді.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Сауда министрлігі бекіткен азық-түлік товарлары мен азық-түлік емес товарларға арналған рынок қорлары Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етіледі;

г) рынок қорлары мыналарға жеке-дара көрсетіліп бөлініп беріледі:

СССР Газ өнеркәсібі министрлігінің Жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері мен СССР Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары құрылысы министрлігінің Жұмысшыларды жабдықтау бөлімдеріне — Қазақ ССР Сауда министрлігі бекітетін тізбек бойынша мал шаруашылығы өнімі мен азық-түлік емес товарларға арналған рынок қорлары;

балық өнеркәсібі мен балықшы колхоздардың кәсіпшілік-экспедициялық флотына — мал шаруашылығы өніміне, картопқа, овощқа, жеміс пен жүзімге арналған рынок қорлары;

товарларға арналған рынок қорларын бөлу СССР Министрлер Советінің шешімдерімен орталықтандырылған тәртіп бойынша көзделген басқа сауда ұйымдарына бөлінеді;

д) облыстар мен Алматы қаласы бойынша коньяктің, шампанның, цитрус жемістерінің, жеміс-овощ консервілерінің, кептірілген жемістің рынок қорларын бөлуді Қазақ ССР Сауда министрлігі жүргізеді;

е) «а», «б», «в» және «д» тармақтарында көрсетілмеген, соның ішінде импорт бойынша да алынатын товарларға арналған рынок қорларын Қазақ ССР Сауда министрлігінің көтерме сауда жөніндегі республикалық конторлары облыстарға, Алматы қаласына бөліп береді және олар сауда ұйымдарымен жасасқан шарттар бойынша өткізіледі;

ж) облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті мыналарды бекітеді:

— товарларға арналған рынок қорларын Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының мемлекеттік және кооперативтік сауданың арасында бөлгенін есепке ала отырып, қалалар, аудандар, сауда жүйелері бойынша бөлшек сауда товар айналымының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары айналымының, соның ішінде өз өнімі жөніндегі айналымның жоспарларын, сатып алынған және келісімге сәйкес бағалар бойынша комиссияға арнап қабылданған ауыл шаруашылық өнімдерін сату жөніндегі тұтыну кооперациясы айналымының, сауда-қойма жүйесі өсуінің жоспарларын, сондай-ақ азық-түлік товарлары мен азық-түлік емес товарлардың рынок қорларын;

— халықтың сұранымы мен жергілікті жағдайларға сүйеніп, сауда ұйымдарының заказдарын есепке ала отырып, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары жасап шығаратын товарлардың ассортиментін.

2. Қазақ ССР Сауда министрлігіне Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен келісіп алғаннан кейін осы қаулының 1-пунктінің «в» және «д» тармақтарында көрсетілген товарлардың тізбегіне жекелеген товарлардың қалыптасқан сауда конъюнктурасына байланысты өзгерістер енгізу правосы берілсін.

3. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына кейін хабарлай отырып, азық-түлік товарлары мен азық-түлік емес товарларға арнап бөлінетін рынок қорларын, қажетті ретте,

сауда жүйелеріне, қалалар мен аудандарға қайта бөлу правосы берілсін.

4. Өнеркәсіп министрліктерінің, ведомстволарының Жұмысшыларды жабдықтау басқармаларына, Жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері мен азық-түлікпен жабдықтау органдарына және Қазақ ССР-інің территориясына орналасқан басқа сауда ұйымдарына товар айналымының және сауда-қойма жүйесін дамыту жоспарларының жобаларын белгіленген формалар бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Сауда министрлігіне, сондай-ақ тиісті облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне табыс ету міндеттелсін.

5. Қазақ ССР сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері, Жұмысшыларды жабдықтау басқармалары мен азық-түлікпен жабдықтау органдары, сондай-ақ басқа да сауда ұйымдары еңбек пен айналым шығындары жөніндегі жоспарлардың жобаларын белгіленген формалар бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1975 жылғы 16 октябрьдегі № 516
қаулысына
ҚОСЫМША

РЫНОК ҚОРЛАРЫН ҚАЗАҚ ССР ТҰТЫНУ ҚОҒАМДАРЫ ОДАҒЫМЕН КЕЛІСІП АЛҒАННАН КЕЙІН ҚАЗАҚ ССР САУДА МИНИСТРЛІГІ БЕКІТЕТІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТОВАРЛАРЫ МЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТОВАРЛАРДЫҢ ТІЗБЕГІ

Азық-түлік товарлары

Балық
Балық консервілері
Май шабақтар
Өсімдік майы
Маргарин
Тағамдық тоң май
Қант
Кондитер тағамдары
Арақ және ликер-арақ ішімдіктер
Шарап
Табиғи шай
Ас тұзы

Азық-түлік емес товарлар

Мақта-маталар
Жүн маталар
Жібек маталар
Зығыр маталар
Тігін бұйымдары
Трикотаж бұйымдары
Шұлық-ұйық бұйымдары
Мехтар және мех бұйымдары

Қой терісі-тон бұйымдары
Бас киімдер
Былғары аяқ киім
Резина аяқ киім
Киіз аяқ киім
Мебель
Тігін машиналары
Тоңазытқыштар
Кір жуғыш машиналар
Мамық-қауырсын бұйымдары
Фарфор-фаянс ыдысы
Сортты және хрусталь ыдыс
Мырышталған темір ыдыс
Эмальды темір ыдыс
Сіріңке
Шеге
Үй төбесін жабатын болат қаңылтыр
Терезе әйнегі
Шам керосині
Мельхиордан жасалған ыдыс пен бұйымдар
Линолеум
Үй төбесін жабатын жұмсақ материал
Фанера
Іске жарамды ағаш
Ағаш материалдар
Стандартты үйлер
Үйлерге арналған детальдардың комплектісі
Тас көмір
Шифер
Цемент
Жылыту радиаторлары
Жеңіл автомобильдер
Автомашиналар
Мотоциклдер
Телевизорлар
Оқушы дәптерлері
Пианинолар мен рояльдар
Радиоқабылдағыштар мен радиолдар
Велосипедтер
Кілемдер мен кілем бұйымдары
Кір сабын
Синтетикалық жуғыш заттар
Иіс сабын
Парфюмерия-косметика товарлары
Темекі бұйымдары

§ 2. ТОВАРЛАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІМЕН САУДА

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «НАН ЖӘНЕ НАН-ТОҚАШ БҰЙЫМДАРЫН НЕҒҰРЛЫМ ҮНЕМДІ ЖҰМСАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 3 ИЮЛЬДЕГІ № 623 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 5 августағы
№ 345 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Нан және нан-тоқаш бұйымдарын неғұрлым үнемді жұмсау жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 3 июльдегі № 623 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалсын.

2. Барлық жерде нан және нан-тоқаш бұйымдарын үнемді және ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыру партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының аса маңызды міндеттері деп саналсын.

Қазақстан Компартиясы облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтері нан және нан-тоқаш бұйымдарын шығарып, оның саудасын ұйымдастыруға және пайдалануға қатаң бақылау орнатсын, бұл бағалы тағам өнімдерінің шығынын толық жоятын болсын. Нан және нан-бөлке бұйымдарын ұтымды және үнемді пайдалануға бағытталған түсіндіру жұмысын кеңінен өрістетсін; бұл жұмысқа еңбек коллективтері, мектептер мен басқа да оқу орындары, әрбір семья кеңінен қамтылсын.

---

[1] 3-пункттің он екінші, он үшінші абзацтары, 4, 5, 7-пункттер және 8-пункттің бесінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 3 июльдегі № 623 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

Кәсіпорындар мен ұйымдар еңбекшілерінің жиналыстарында, мектептерде және басқа оқу орындарында, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша халық арасында нан және нан-тоқаш бұйымдарын үнемді жұмсауға байланысты мәселелері ұдайы талқыланып отырсын.

Нан және нан-тоқаш бұйымдарының молшылығы ысырапқорлықты туғызбауға, барлық кезде нанға көрсетіліп келген құрмет сезімін төмендетпеуге тиіс екені халыққа ұдайы түсіндіріліп отырсын.

3. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Сауда министрлігі, кәсіпорындары нан және нан-тоқаш бұйымдарын шығаратын министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті:

1981 жылдан бастап салмағы 700—900 грамдық нан шығаруды арттырсын, 1985 жылы салмағы 1000—1300 грамдық нан шығаруды тиісінше қысқарту есебінен оны шығаруды Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарында 42 процентке және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағында 10 процентке өсіруді қамтамасыз етсін.

Салмағы 700—900 грамдық нан шығаруды арттыру бірінші кезекте облыс және өнеркәсіп орталықтарында жүзеге асырсын;

1981 жылдан бастап салмағы 500 грамдық және одан да шағын бөлке және тоқаш бұйымдарын шығаруды арттыруға шаралар қолдансын, 1985 жылы оларды шығару мөлшерін кемінде 161 мың тоннаға, соның ішінде Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінің нан пісіретін кәсіпорындарында 95 мың тоннаға және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының нан пісіретін кәсіпорындарында 60 мың тоннаға жеткізуге назар аударылсын. Салмағы 50—70 грамдық нан-тоқаш бұйымдарын шығару көлемін арттыруды қамтамасыз етсін және 1985 жылы оларды шығаруды Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарында 7,3 мың тоннаға дейін жеткізсін. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі бұл өнімдерді мектеп буфеттеріне, әуе және темір жол транспортының тамақтану пункттеріне, шағын асханаларға, асханалар мен ресторандарға дер кезінде тасып-жеткізуге шаралар қолдансын;

аз салмақты нан-тоқаш бұйымдарын буып-түйілген түрде шығаруды ұйымдастырсын;

нанның ұлттық сорттарын шығаруды арттырсын; 1985 жылы оны кемінде 45,7 мың тонна, оның ішінде Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінің нан пісіретін кәсіпорындарында 25,7 мың тонна және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының нан шығаратын кәсіпорындарында 20 мың тонна мөлшерінде шығаруды қамтамасыз етсін.

1983 жылдан бастап пеште пісірілген нанның орнына ұн сатуды барынша қысқарту үшін 1981—1985 жылдарда нан пісіретін кәсіпорындарды нанның ұлттық сорттарын шығару жөніндегі қажетті жабдықтармен жарақтандырсын;

өндіріс технологиясын қатаң сақтауды қамтамасыз ете отырып, пеште пісірілетін нанның, бөлке, баранка және кепкен нан бұйымдарының сапасын жақсартуға қол жеткізсін. Нан және нан-бөлке бұйымдарын пісіру кезінде ұнның, қанттың және майдың жоспардан тыс шығын болуына жол бермеуге шаралар қолданылсын.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі республиканың наубайхана кәсіпорындарына қажетті сапа мен ассортиментте кідіріссіз ұн босатуды қамтамасыз етсін;

нан және нан-тоқаш бұйымдарына арналған қолданылып жүрген нормативтік-техникалық документациялары қайта қаралсын, бұл орай-

да қалыптасқан халықтың сұранымы мен өндіріс рентабельділігін, сондай-ақ бұл бұйымдардың кәсіпорындарда сақталу мерзімін азайтуды ескере отырып, ассортиментті саралау мен ұтымды қысқартуды жүзеге асыруға назар аударылсын;

наубайхана кәсіпорындарының жылдық жоспарларында нанның биологиялық бағалылығын арттыратын және оның көгеріп бұзылуын баяулататын белоктік байытқыштары бар нан және нан-тоқаш бұйымдарын шығаруды арттыру жөнінде нақты тапсырмалар көзделінсін.

6. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және нан сататын сауда кәсіпорындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті барлық жердегі бөлшек сауда жүйесінде сатып алушылар талабы бойынша ірі көлемді нан және нан-тоқаш бұйымдарын 2—4 бөлікке бөліп сатуды қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Сауда министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

қалалардағы сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына нан және нан-тоқаш бұйымдарын кемінде күніне екі-үш рет және түнгі уақыттарда тәулік ішінде тасылатын нан және нан-тоқаш бұйымдарының 35—45 процентін жеткізіп беру үшін наубайхана кәсіпорындарын арнаулы автотранспортпен толықтай қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдансын.

Қазақ ССР Сауда министрлігі нан және нан-тоқаш бұйымдарын сататын мамандандырылған магазиндердің жүйесін кеңейтетін болсын. Сауда кәсіпорындарында нанды қабылдау мен сақтау үшін қажетті жағдайлар жасасын;

жалпы пайдаланудағы автомобиль шаруашылықтары жанынан нан және нан-тоқаш бұйымдарын тасып-жеткізуге арналған мамандандырылған колонналар құрсын және оларды наубайхана кәсіпорындарына бекітіп қойсын, бұл транспортты басқа жұмыс түрлеріне пайдалануға тыйым салсын.

(Алтыншы абзац) 1982 жылдан бастап Алматы қаласында нанды магазиндерге аталған контейнерлермен жеткізуге толықтай көшірілсін.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарларда сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына нан және нан-тоқаш бұйымдарын жеткізіп беру үшін Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының наубайхана кәсіпорындарына мамандандырылған автотранспорт бөлуді көздейтін болсын.

11. Халыққа сату үшін бөлінген құрама жемді колхоздар мен совхоздардағы мал азығына жіберу дұрыс емес практика ретінде айыпталсын.

Облыстық атқару комитеттері өзіндік қосалқы шаруашылықтардағы малдың жеміне арнап мемлекеттік ресурстардан бөлінетін құрама жемдердің халыққа тікелей мақсат бойынша сатылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

12. Республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті нанға ұқыптылықпен қарауға байланысты мәселелерді, бұл бағалы өнімді семьяда, мектепте және басқа да оқу орындарында, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында үнемді жұмсау тәжірибесін көрсете отырып, кеңінен және ұдайы жариялап отырсын. Нан және нан-тоқаш бұйымдарын пайдалануға ұқыпсыз қарау фактісін ашып, қатаң сынға алатын болсын. Нан және нан-тоқаш

бұйымдарын пайдалануға немқұрайды қарайтын адамдарға қоғамдық төзбеушілік жағдайын қалыптастырсын.

13. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі климат және басқа жағдайларды ескере отырып, халықтың әртүрлі топтарының нан және нан-тоқаш бұйымдарын тағам үшін ұтымды пайдаланылуын насихаттауды қамтамасыз етсін.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АЗАМАТТАРДЫ ӨЗІНДІК ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІН ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 8 ЯНВАРЬДАҒЫ № 27 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 16 февральдағы
№ 70 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 5, 10-ст.)

3, 7 және 18-пункттері

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТА МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДІ ЖҰМСАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 6 АПРЕЛЬДЕГІ № 282 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 29 апрельдегі
№ 196 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 10, 43-ст.)

8-пункттің үшінші абзацы

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП БҰЙЫМДАРЫНЫҢ САПАСЫ МЕН АССОРТИМЕНТІН ЖӘНЕ САУДАНЫҢ ӨНЕРКӘСІППЕН БАЙЛАНЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 22 АПРЕЛЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 12 майдағы
№ 271 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 11, 46-ст.)

3-пункт және 6-пункттің бірінші абзацы

---

[1] 9-томның 167-бетін қараңыз.
[2] 4-томның 119-бетін қараңыз.
[3] 9-томның 126-бетін қараңыз.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬДЕРМЕН САУДАНЫ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 2 ИЮЛЬДЕГІ № 626 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 30 июльдегі
№ 309 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР министрліктері мен ведомостволары жеңіл автомобильдерге рыноктік қорларды дер кезінде бөлуді және қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерге жеткізуді қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың министрліктері мен ведомстволарына бөлінген жеңіл автомобильдерге рыноктік қорлары кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерге 1 октябрьге дейін жеткізілмесе Қазақ ССР Сауда министрлігінің қарамағына беріледі деп белгіленсін.

РЕСПУБЛИКАДА СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН САУДА ЖАСАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 20 июньдегі
№ 427 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, Қазақ темір жол басқармасына, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволарға міндеттелсін:

а) сауда ұйымдарының барлық сүт сататын магазиндерінде, асханаларында, буфеттерінде, сондай-ақ мектеп және студенттер асханалары мен буфеттерінде сүт пен қаймағы алынбаған сүт өнімдерінің түр-түрін барынша көптеп сатуды жер-жерде ұйымдастыру;

б) сүтті үйге әкеліп беріп сатуды күрт арттыру; барлық ірі азық-түлік магазиндерінде азық-түлік товарлары мен сүт өнімдерін үйге әкеліп беру үшін оларға алдын-ала заказдар қабылдауды ұйымдастыру, сондай-ақ арнаулы павильондар мен шатырлар ашу есебінен сүт сататын сауда нүктелерінің санын көбейту;

в) республиканың барлық қалалары мен өнеркәсіп орталықтарында қаймағы алынбаған сүт өнімдерін — айран, қатық, қаймақ, кілегей, ірімшік, сыр және басқа сүт өнімдерін тасып-тарату жүйесі арқылы оларды тікелей өнеркәсіп орындарына және ірі әкімшілік үйлеріне жұмыс аяқталған кезде әкеліп сатуды ұйымдастыру.

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының ұйымдарының сүт сату үшін пайдаланатын тіркемедегі сүт цистерналарын жуу-

---

[1] 3 және 4-пункттер Казақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

1-пункт СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 2 июльдегі № 626 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

[2] 4—6, 8—10, 12 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ды, санитарлық өңдеуден өткізуді және оларға салқындатылған сүтті құюды ұйымдастырсын;

г) жаз күндерінде көшелерде алкогольдік емес сусындармен және кваспен қатар салқындатылған сүт сатуды, сондай-ақ пирог және самса сататын жерде ыстық сүт сатуды ұйымдастырсын;

д) сатып алушылардың сүт өнімдерінің түр-түріне деген сұранысын жүйелі түрде зерттеуді ұйымдастырсын және сүт өнеркәсібі орындарына таяу уақыттағы сүт өнімдеріне деген қажеттік туралы болжауды хабарлап отыратын болсын.

2. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына аудан орталықтары мен жұмысшы поселкелерінде сүт және қаймағы алынбаған сүт өнімдерін, кілегей, қаймақ, қатық, айран, ірімшік және басқа сүт өнімдерін үзбей сатуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне совхоз жұмысшылары мен қызметшілеріне сүт өнімдерін сатуды ұйымдастыру міндеттелсін.

7. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне сауда ұйымдарының заявкасы бойынша сүт тасу үшін шағын көлемді автотранспорт пен авторефрижераторлар бөлуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне жылқы және түйе фермаларының тұрған жерінде, жылқы сүті мен шұбатты жинау мен жеткізуді айналмалы әдіспен ұйымдастырып, сондай-ақ шұбат пен қымызды өз уақытында өлшеп бөлшектеуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында және магазиндерде өлшеп бөлшектелген шұбат пен қымызды үздіксіз сатуды ұйымдастырсын.

РЕСПУБЛИКАДА КІТАП САУДАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 26 сентябрьдегі
№ 455 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті қалалар мен қала үлгісіндегі поселкелерді егжей-тегжейлі жоспарлау мен салу жобаларын талдап жасаған кезде кітап магазиндерін орналастыруды көздейтін болсын, ал облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті оларды салуды қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданатын болсын.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері мұндай магазиндер жоқ аудан орталықтарында кітап магазиндерін салуды көздейтін болсын.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен Қазақ ССР Мәдениет министрлігі шалғай елді мекендерде және алыс мал жайылымы учаскелерінде алдын ала заказдар

[1] 1 және 3-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

беру арқылы кітап саудасын ұйымдастыру үшін автоклубтар мен автодүкендерді кеңінен пайдалануды қамтамасыз ететін болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы:

— халық шаруашылығының жылдық жоспарлары жобаларында Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне «Қазкнига» кітап саудасы бірлестігі үшін автотранспорт пен көтеру-транспорт жабдығын бөлуді көздейтін болсын;

— кітап саудасы кәсіпорындары мен ұйымдарын есептеу және есеп техникасымен жарақтандыруды жақсартуға шаралар қолданатын болсын.

6. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі 1978 жылдан бастап Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне оның заказдары бойынша жылына 200 мың сомға дейінгі мөлшерде кітапхана коллекторлары мен кітап магазиндері үшін стандартты емес жабдықтар дайындауды және жеткізуді қамтамасыз етсін. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті осы мақсатқа қажетті мөлшерде жұқа қабырғалық электрмен пісірілген трубалар және басқа материалдар бөлуді қарастырсын.

7. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің заявкалары бойынша оның ресурстары есебінен жыл сайын 300 мың сомға дейін кітап саудасы кәсіпорындары мен ұйымдарының үйлерін күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізетін болсын.

8. «Қазторгрекламаның» қазақ көркем-өндірістік комбинаты Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің заказдары бойынша жыл сайын 250 мың сомға дейін жарнама-безендіру жұмыстарын жүргізсін. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне осы мақсаттар үшін қажетті материалдарға қор бөлетін болсын.

АУЫЛ-СЕЛОЛАРДАҒЫ КІТАП САУДАСЫНЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1965 жылғы 13 январьдағы № 32 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. *(Екінші абзац)* Ауыл-селоларда кітап сатуды шұғыл арттыру республика тұтыну кооперациясының аса маңызды міндеті деп есептелсін.

Әрбір кітап магазинінде және әрбір селолық магазиннің кітап сататын бөлімінде марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, КПСС съездері мен КПСС Орталық Комитетінің пленумдарының материалдары, ауыл шаруашылығын интенсивті жүргізу туралы, озат совхоздар мен колхоздардың тәжірибесі туралы, ғылымның және ауыл

[1] 1-пункттің бірінші абзацы, 2, 3, 5—7 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

шаруашылығы өндірісінің жаңашылдарының жетістіктері туралы жазылған кітаптар, көпшілікке арналған кітапшалар мен плакаттар, саяси оқу жүйесіндегі үйірмелер мен мектептердің тыңдаушыларына арналған, агротехникалық білім мен механизаторлардың жаппай оқу негіздерін жақсарта беруге арналған оқулықтар мен көрнекі құралдар сатылатын болсын.

4. Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен оның жергілікті органдарына ауыл-селоларда кітап саудасын жақсартуға бағытталған шаралар қолдану міндеттелсін. Бұл үшін:

а) барлық елді пункттерде және мал жайылымы участоктарында кітаптар, мектеп оқулықтары мен оқу-методика әдебиетін сату қамтамасыз етілсін, бұл үшін кітаптарды қыдыртып жүріп сату және ауыл-селолық магазиндерде кітап сататын арнаулы бөлімдер ашу, жеке сатушылар бөлініп, арнаулы сөрелер мен витриналар жабдықталсын;

б) халыққа кітаптарды уақытында жеткізу, барлық магазиндердің, киоскілердің, сельмагтардың, мәдени товарлары магазиндерінің және автодүкендердің кітап сатудың айлық, тоқсандық жоспарларын орындауы және асыра орындауы қамтамасыз етілсін; әдебиеттерді жеткізуде халықтың ұлттық құрамы және колхоздар мен совхоздардың экономикалық ерекшеліктері ескерілетін болсын;

в) алдағы оқу жылына арнап шығарылған оқулықтар, мектеп программалары мен оқу-методика әдебиеттерін тұтыну кооперациясының кітап сататын барлық магазиндеріне жеткізу жыл сайын 20 августа аяқталатын болсын;

г) кітап сататын магазиндерде, базаларда қанша әдебиет қалғаны дереу анықталсын, қалдық әдебиеттерді магазиндер мен аудандар, облыстар арасында ауыстырып сатып отыру қамтамасыз етілсін. Аудан-аралық кітап жәрмеңкесін, кітап айлығын, он күндігі мен апталығын өткізу практикасы қолданылсын, магазиннен тыс жерлерде: көшелерде, парктерде, клубтарда, кітапханаларда кітап сатудың жаңа әдістері қолданылсын, қоғамдық негізде жұмыс істейтін халықтық магазиндер мен киоскілер көбейтілсін, сөйтіп нормадан тыс қалдықтарды болдырмау қамтамасыз етілсін;

д) кітаптарды насихаттауда және таратуда мектептер, кітапханалар, клубтар, мәдениет үйлері, киноқондырғылар кең пайдаланылсын; аудандық оқу бөлімдерімен бірлесе отырып, мектептердің жанынан «Кітаптың жас достары» деген пионер кооперативтері ұйымдастырылсын;

е) жұртшылықтың кітап жөніндегі тілегін зерттеу жақсартылсын, сөйтіп кітаптарды, соның ішінде оқулықтарды заказбен алдыру ісі тәртіптелетін болсын. Мұндай заказдарды жақсарту ісіне магазин қызметкерлері, кітапханашылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мамандар, ауыл-село интеллигенциясы мен кітап таратушы активтер атсалысуға тиіс.

Кітап сататын барлық магазиндер мен сельмагтарда жұртшылықтың кітап жөніндегі тілегі есепке алынып отыратын болсын;

ж) кітаптарды насихаттау және жарнамалау ісі күшейтілсін, мұның үшін газеттер мен радио редакцияларының жанынан қоғамдық негізде кітап саудасы орындарының қызметкерлерінен, журналистерден, ауыл шаруашылығы мамандарынан, ауыл-село интеллигенциясы өкілдерінен жарнама-хабар бөлімдері құрылсын;

з) кітап саудасы ұйымдары маман кадрлармен нығайтылсын, кітап саудасы қызметкерлерінің іскерлік мамандығын жетілдіру үшін шаралар қолданылсын, кітап саудасы орындары қызметкерлері-

нің, кітап тасушылардың, қоғамдық кітап таратушылардың кітап сатуды жақсы ұйымдастыруға, кітап таратудың жаңа формалары мен әдістерін қолдануға бағытталған социалистік жарысына басшылық күшейтілсін. Тұтыну кооперациясы басшыларының кітап саудасы қызметкерлерін кітап сатудан басқа жұмысқа пайдалануына тыйым салынсын.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне ауыл-селолардағы кітап саудасын жақсартуда тұтыну кооперацияларына көмек көрсету міндеттелсін, мұның үшін кітаптарды насихаттау және тарату, таңдаулы магазиндер мен маңдай алды сатушылардың өзара тәжірибе алысуын ұйымдастыру, кітап сатудың жаңа формаларын қолдану, сондай-ақ өзара кітап алмасып отыру жөнінде бірлескен шаралар жүргізілсін.

8-тарау

КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ

§ 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1979 жылғы 14 декабрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 4, 6-пункттері, 25 және 27-статьялар

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

6-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 2-пункті, 15-статьяның 4-пункті, 21-статьяның 1—3, 5—8 пункттері және 30-статьяның 5-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 20-статьяның 1, 2, 5—8-пункттері және 28-статьяның 4-пункті

---

[1] 1-томның 145-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 163-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 191-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 17-статьяның 2—6, 10—12-пункттері, 26-статьяның 4-пункті, 31-статьяның 3, 7-пункттері және 33-статьяның 3, 6, 8-пункттері

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1968 жылғы 20 декабрьдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 12-статьяның 5-пункті, 18-статьяның 1, 2, 4—7-пункттері және 24-статьяның 3-пункті

ҚАЗАҚ ССР-інің ТҰРҒЫН ҮЙ КОДЕКСІ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1983 жылғы 30 июньдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 28, 299-ст.)

1-статья, 9-статьяның бесінші бөлігі, 10-статьяның 9-пункті, 11-статьяның 6-пункті, 52-статьяның үшінші-бесінші бөліктері және 53-статья

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [4]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ 1984 жылғы 22 мартта ҚАБЫЛДАҒАН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14)

159-статья

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ МЕН КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [5]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 30 ноябрьдегі
№ 816 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 15, 84-ст.)

4-пункттің «б» тармағы, 7-пункт, 12-пункттің үшінші абзацы, 23, 27-пункттер және 33-пункттің «в», «г» тармақтары

---

[1] 1-томның 221-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 254-бетін қараңыз.
[3] 4-томның 8-бетін қараңыз.
[4] 12-томның 179-бетін қараңыз.
[5] 4-томның 55-бетін қараңыз.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТА МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДІ ЖҰМСАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 6 АПРЕЛЬДЕГІ № 282 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 29 апрельдегі
№ 196 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 10, 43-ст.)

3—5, 7 және 8-пункттер

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА РЕСПУБЛИКАНЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫНА КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 3 августағы
№ 310 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі соңғы жылдары республикада қала шаруашылығын дамыту, халыққа тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылғанын атап көрсетті. Едәуір мөлшерде тұрғын үйлер, мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, ауруханалар, сауда және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы кәсіпорындар салынды. Көптеген қалаларда осы заманғы тұрғын аудандар пайда болды, ескі құрылыс кварталдары көріктендірілді, жол өткелдері мен транспорт айырықтары салынды. Ірі су құбырлары мен канализациялық тазарту ғимараттары, инженерлік желілер, қонақ үйлер пайдалануға берілді, трамвай және троллейбус линияларының ұзақтығы артты. Қалаларды көріктендіру мен санитарлық жағдайда ұстау жөнінде үлкен жұмыс істелінді.

Сонымен бірге республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуда әлі де болса елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі, Қазақстан Компартиясы жекелеген облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттері қалаларды комплексті өркендету, халыққа коммуналдық қызмет көрсету дәрежесін арттыру жөніндегі қолда бар мүмкіндіктерді толық дәрежеде пайдаланбайды. Су құбыры мен канализация, телефон байланысы, орталықтандырылған жылумен жабдықтау, монша және кірхана объектілерін салуда елеулі артта қалушылыққа жол беріліп отыр. Сол себептен халықты, кәсіпорындар мен мекемелерді сумен, жылу және электр энергиясымен, телефонмен және басқа қызметтермен қамтамасыз етуде қиыншылықтар кездесіп отыр. Осы уақытқа дейін барактар мен подвал тұрғын жайлары жойылмай отыр. Осылардың бәрі халықтың әділетті реніші мен шағымын туғызуда. Сонымен бірге тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді салу жөнінде белгіленген тапсырмалар орындалмайды. Осы мақсаттарға бөлінген қаржылар нашар пайдаланылады.

---

[1] 4-томның 119-бетін қараңыз.

[2] 10-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бар республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері тұрғын үйлер мен жылу қазаны шаруашылығын техникалық жағынан пайдалануда елеулі кемшіліктерге жол беруде. Көптеген қалаларда тұрғын үй-пайдалану және жөндеу-құрылыс ұйымдарын дамыту және өндірістік базасын жарақтандыру тұрғын үй қорының өсуінен едәуір артта қалып отыр. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері ведомстволық тұрғын үйлерді өткізуде шабандыққа жол беруде.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі көшені жарықтандыру желілерін пайдалануды қанағаттанғысыз жүзеге асырады және бұл желілерді қайта құру мен ұлғайтуға қажетті шараларды қолданбайды.

КПСС XXVI съезінің және Қазақстан Компартиясы XV съезінің талаптарын жүзеге асыруда халыққа тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетуді одан әрі дамыту мақсатында Қазакстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық және қалалық партия комитеттеріне, халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына міндеттелсін:

коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары мен кәсіпорындарына басшылықты жақсарту, 1982—1985 жылдарда жергілікті жағдайларды ескере отырып, коммуналдық шаруашылықты дамыту жөніндегі шараларды талдап жасап, жүзеге асыру, бұл орайда коммуналдық қызметтерге деген халықтың талап-тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыруды қамтамасыз етуге назар аудару, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары басшыларының еңбекшілерге сапалы қызмет көрсетуге, ал құрылыс ұйымдары басшыларының объектілерді дер кезінде пайдалануға беруге жауапкершілігін арттыру;

қалаларды комплексті дамытуды және 1982 жыл мен он бірінші бесжылдыққа белгіленген тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, балалар мекемелерін, коммуналдық шаруашылық, жолаушы транспорты, газ, жылу және энергетика шаруашылығы объектілерін салып, пайдалануға беру жөніндегі тапсырмаларды орындауды қамтамасыз ету;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарын ысылған, инициативалы жігерлі қызметкерлер қатарынан шыққан басшы кадрлармен нығайту, оларға жұмыста әрдайым көмек көрсету, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының қызметін жандандыру, олардың назарын қызметкерлер арасында тәрбие жұмысын күшейтуге аудару, оларды халыққа қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін барынша жақсартуға жұмылдыру;

халықты, әсіресе жастарды, қалалардағы тазалық пен тәртіпке жоғары жауапкершілік сезіміне, халық игілігіне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеуге ұдайы көңіл бөлу;

тұрғын үй микроаудандарын, көшелерді, сквердерді көріктендіруге, үйлер мен қоғамдық жайларды үлгілі ұстауға, суды, отынды, жылу және электр энергиясын үнемдеуге еңбекшілердің қатысуын өрістетіп, белсенді түрде пайдалану;

партия комитеттерінде, халық депутаттары жергілікті Советтерінің сессияларында коммуналдық қызмет көрсету мәселесін үнемі қарап отыру, орын алған кемшіліктерді жоюға пәрменді шаралар қолдану;

еңбекшілердің барлық ұсыныстары мен арыз-шағымдарын терең де жан-жақты зерттеу, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруды жақ-

сарту, халықтың сұранымына мұқият әрі дер кезінде көңіл бөлу. Бұл жұмыс еңбекшілерге коммуналдық қызмет көрсетуді жетілдіруге ықпал етудің пәрменді формаларының бірі деп саналсын.

2. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігіне, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне, Главалмаатастройға, басқа да Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер құрылысының сапасын жақсарту, үй салу құрылыстары мен кәсіпорындарында жоғары талапшылдық пен өндірістік-техникалық тәртіпті бұзушыларға төзбеушілік жағдайын қалыптастыру, объектілерді шала-пұла, территориясын көріктендірмей пайдалануға беру фактілерімен батыл күрес жүргізу міндеттелсін. Тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді бірыңғай заказ беруші қызметі арқылы комплексті үздіксіз жоспарлау мен тасқынды салу практикасын кеңейтуге қосымша шаралар қолданылсын, оларды жыл бойында ырғақты пайдалануға беру қамтамасыз етілсін.

3. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі, басқа да Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары тұрғын үй қорын пайдалану мен жөндеуді одан әрі жақсарту жөніндегі Партия мен Үкіметтің шешімдерін сөзсіз орындауға қосымша шаралар қолдансын, бұл орайда тұрғын үй шаруашылығын басқаруды одан әрі жетілдіру, оның материалдық-техникалық базасын нығайту, үйлерге күрделі және жай жөндеуді дер кезінде әрі сапалы жүргізу, бұл мақсаттарға бөлінген қаржы мен материалдық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану, тұрғын үй шаруашылығына автоматтандыруды кеңінен енгізу және тұрғын үйлердің инженерлік жабдықтарының жұмысын басқаруды диспетчерлендіру, пайдалану персоналының еңбегін механикаландыру қамтамасыз етілсін.

4. Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне қалалық электр транспорты жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін күрт жақсартуды қамтамасыз ету міндеттелсін, бұл орайда жылжымалы составтың пайдалану коэффициентін және трамвайлар мен троллейбустар қозғалысының жүйелілігін арттыруға айрықша назар аударылсын.

5. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті және Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі қонақ үй шаруашылығын тәртіпке келтірсін, қонақ үйлерді күтіп-ұстауда орын алған кемшіліктерді жоятын болсын, оларды осы заманғы мебельдермен, жабдықтармен, инвентарьлармен және қызмет көрсетуші персоналдың еңбегін механикаландыру құралдарымен жарақтандыру жөнінде ұдайы қамқорлық жасап отырсын. Қонақ үйлердің басшыларына оларды тиісті жағдайда күтіп-ұстауға деген талап күшейтілсін.

6. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесе отырып, 1983—1985 жылдарда көшені жарықтандырудың қалалық желілерін пайдалану мен дамытуды жақсарту жөніндегі шараларды талдап жасап, жүзеге асыру міндеттелсін.

7. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігімен келісе отырып, жылдық және бесжылдық жоспарларда үлестік қатысу негізінде республи-

ка қалаларында жылу көздері мен магистральдық жылу желілерін салып, кеңейтуге қажетті көлемде күрделі қаржы көздейтін болсын.

8. Қазақ ССР Байланыс министрлігі қалалық телефон байланысы кәсіпорындарының жұмысында орын алған кемшіліктерді жоюға, станциялар мен телефон желілерінің жабдықтарын тиімді пайдалануға және тұрғындар мен халық шаруашылығына телефон байланысы құралдарымен қызмет көрсетуді одан әрі жақсартуға қажетті шаралар қолданатын болсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарын материалдық ресурстармен, жабдықтармен, арнаулы аспаптармен және шағын механикаландыру құралдарымен жабдықтауды жақсартуға шаралар қолдансын.

ҚАЗАҚ ССР КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 6 июльдегі
№ 418 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 14, 71-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1970 жылғы 6 июльдегі № 418
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде тікелей Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі өзіне бағынатын кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тікелей, сондай-ақ жергілікті орындарға бағынатын кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімдері мен Алматы қалалық салалық басқармалар арқылы басшылық жасайды.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі өз қызметін халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттерімен өз ара тығыз байланыста жүзеге асырады, Қазақ ССР-інің министрліктері және ведомстволарымен бірге коммуналдық шаруашылықты өркендету жөніндегі жұмысты үйлестіреді, сондай-ақ

[1] Қазіргі кезде — Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі.
2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

республиканың осы министрліктері мен ведомстволарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары және ұйымдары арасында басқа да қажетті байланыстар ұйымдастырады.

2. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— қалаларда, қалалық поселкелерде және аудан орталықтарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты комплексті өркендетуге басшылық жасау, техникалық прогресті қамтамасыз ету, озық ғылым мен техниканың жетістіктерін тұрғын үй және коммуналдық шаруашылыққа енгізу;

— тұрғын үй қорын, коммуналдық кәсіпорындарды және қаланың көркейту ғимараттарын пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің техникалық дәрежесін арттыру жөніндегі шараларды жасап, өндіріске енгізу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға шаралар қабылдау;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары коллективтерінің халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуінің дәрежесін арттыру, жөндеу-құрылыс жұмыстарының және өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорлардың, еңбек, материалдық және финанс ресурстарының пайдаланылуын жақсарту;

— күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және олардың тиімділігін арттыру, коммуналдық шаруашылық объектілерін салу мен жөндеудің құнын арзандату, мерзімдерін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу;

— басшылық етудің экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз ету, басқарудың құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды және коммуналдық өндірістің жаңашылдарын басшылық жұмысқа жоғарылату;

— басшы және инженер-техник кадрларды іріктеп алудың және орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыру, Партия мен Үкіметтің шешімдерін басшы кадрлардың орындауын бақылауға және тексеруге баса назар аудару, қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас, мемлекеттік мүдделерді қатаң сақтау рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыс жүргізу, әрбір қызметкердің халықтың коммуналдық-тұрмыстық қажетін өтеу үшін жауапкершілігін арттыру;

— жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде социалистік мемлекеттік меншікті қорғау және оған ұқыпты қарау.

3. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Прези-

диумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі қазір күшінде бар заңдардың Министрлік жүйесінде қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, бұл ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі:

— облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімдері мен Алматы қалалық салалық басқармалар табыс ететін бақылау цифрларының және жоспарлар жобаларының негізінде республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын өркендетудің перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын жасап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне[1] және Алматы қалалық салалық басқармаларына, сондай-ақ Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жоспарлар бекітеді;

— негізгі қорларды жақсы пайдалану, жоспарлауды жетілдіру, экономикалық көтермелеуді күшейту және өндірістің тиімділігін арттыру, кәсіпорындарды нығайту және белгілі кәсіпке бейімдеу, еңбек өнімділігін арттыруға және жұмыс пен қызмет көрсетудің өзіндік құнын арзандатуға жағдайлар жасау, сондай-ақ тұрмыстық-коммуналдық қажетті өтеудің прогрестік формаларын енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

— халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, коммуналдық шаруашылық объектілерін территориялық жағынан орналастыруды жүзеге асырады, кәсіпорындарды жаңадан салудың және қазір жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялаудың қажеттілігін анықтайды;

— қалалық жерлерді, барлық тұрғын үй қорын (мемлекеттік, кооперативтік және азаматтардың жеке меншігіндегі), жер асты коммуникацияларын, көркейту объектілері мен коммуналдық кәсіпорындарды техникалық инвентаризациялауға және паспорттандыруға басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың негізгі қорларының құрамындағы, жағдайы мен құнындағы ағымдағы өзгерістерді тіркеуді қамтамасыз етеді;

— жабдықты пайдаланудың дәлелденген және белгіленген тәртіп бойынша бекітілген техникалық нормаларын, шикізатты, материалдарды, отын мен электр энергиясын жұмсаудың нормативтерін жасап, өндіріске енгізеді;

— халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің тұрғын үй-коммуналдық органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

— қалалардағы, қалалық поселкелер мен аудан орталықтарындағы коммуналдық шаруашылық объектілерінің күрделі құрылысына басшылықты жүзеге асырады, оларды жобалауға байланысты тапсырмаларды келіседі, әзірленген жобаларға экспертиза жасауды жүзеге асырады, өз компетенциясы шегінде жобалау-смета документациясын

---

[1] Қазіргі кезде — облыстық атқару комитетінің тұрғын үй-коммуналдық бөлімі.

бекітеді, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті бекіткен коммуналдық объектілердің құрылысына арналған жобалар мен сметаларды іріктеу тәртібімен тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ құрылысын басқа министрліктер мен ведомстволар жүзеге асыратын су құбырын, канализация, қалалық электр транспортын салудың жобалары жөнінде өз қорытындыларын береді;

— қалаларды, қалалық поселкелер мен аудан орталықтарын салудың бас жоспарларының жобаларын қарауға қатысады және олар жөнінде қорытындылар береді;

— өз қарамағындағы коммуналдық кәсіпорындар мен ұйымдардың материалдарға, жабдыққа, механизмдерге, құрал-сайманға, инвентарьға деген қажетін анықтайды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың мұқтажына бөлінген материалдық ресурстарды бөліп береді, олардың өткізілуін және орынды пайдаланылуын бақылайды;

— коммуналдық кәсіпорындарды, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, пайдаланылмай тұрған жабдық пен материалдарды өз қарамағындағы кәсіпорындардың және ұйымдардың арасында қайта бөледі, салынып жатқан коммуналдық объектілерді жабдықпен және арнаулы материалдармен толықтыруды ұйымдастырады, материалдық ресурстарды үнемдеу жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асырады;

— айналым қаржыларын Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында белгіленген тәртіп бойынша қайта бөледі және оларға осы мақсат үшін жасалған қордың шегінде уақытша финанс көмегін көрсетеді;

— Министрлікке бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, Министрлік жүйесінде бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізу мен есеп берудің дұрыс жолға қойылуын ұйымдастырады және бақылайды, республикаға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың есептерін және баланстарын қарап, бекітеді, жиынтық баланстар мен бухгалтерлік есептерді жасайды, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық-финанс қызметіне талдау жасайды және олардың рентабельділігін арттыру жөнінде шаралар жүргізеді, тұрғын үй-коммуналдық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметіне документтік тексерулер ұйымдастырады және жүргізеді;

— Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісілген жылу энергиясына, трамваймен, троллейбуспен жүруге арналған тарифтердің жобаларын және қонақ үйлерді пайдалану тарифтерін жасап, Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік баға комитетінің бекітуіне табыс етеді;

— республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Финанс министрлігімен келісе отырып, коммуналдық қызмет көрсетуге арналған тарифтердің (бағалардың) дәрежесін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді;

— еңбекті ғылыми ұйымдастыру, басқару аппаратының құрылымын жетілдіру және оны ұстауды арзандату жөніндегі, жаңа техниканы, өнер табыстары мен рационализаторлық ұсыныстарды, жұмыстың жаңа әдістерін енгізу, қол еңбегін көп керек ететін және ауыр жұмыстарды механикаландыру жөніндегі, өндіріс процестерін автоматтандыру жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асырады;

— кәсіподақ ұйымдарын қатыстыра отырып, өз қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің еңбегін нормалауды және

оған ақы төлеуді тәртіпке келтіру жөніндегі шараларды, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу мен сыйлық беру шарттарының дұрыс қолданылуын, жалақы қорларының жұмсалуын, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек заңын, еңбек қорғау және техника хауіпсіздігі ережелерін сақтауын, коллективтік шарттардың мезгілінде жасалуын және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— жергілікті өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыс кәсіпорындарының жұмысшылары кәсіподағының Республикалық комитетімен бірлесе отырып, Министрлік жүйесінде қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, белгіленген жоспарларды орындауға және асыра орындауға, халық қажетін өтеудің мәдениетін арттыруға, жұмыстың және қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға, өндірістің рентабельділігін арттыруға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады;

— жергілікті өнеркәсіп және коммуналдық тұрмыс кәсіпорындарының жұмысшылары кәсіподағының Республикалық комитетімен бірлесе отырып, үздік шыққан қызметкерлерді «Қазақ ССР-інің коммуналдық шаруашылығы социалистік жарысының үздігі» значогымен наградтайды;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, қайта құрады және жояды;

— ғылыми-техникалық информацияны және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді дамыту жөнінде өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастырады;

— шаруашылық-финанс қызметінің қорытындылары, коммуналдық шаруашылықты дамытудың аса маңызды проблемалары, сондай-ақ республика халқына коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету ісін жақсартумен байланысты мәселелер тыңдалып, талқыланатын шаруашылық активінің республикалық кеңестерін шақырады.

5. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі бөліп береді.

6. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

7. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жеке басы жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің басқа да бөлімшелері бастықтары мен басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

8. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі өз компетенциясы шегінде, қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жар-

лықтары негізінде және оларды орындау үшін Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер міндетті түрде орындауға тиіс бұйрықтар-нұсқаулар, ережелер шығарады, нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

Коммуналдық кәсіпорындарды, тұрғын үйлер мен көркейту объектілерін күтіп ұстау және пайдалану жөнінде Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі шығаратын ережелер мен нұсқаулар кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, сондай-ақ халық орындауға міндетті.

Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа министрліктері және ведомстволары басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар, нұсқаулар мен ережелер шығарады.

9. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің коллегиясы өзінің өткізіліп тұратын мәжілістерінде тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын өркендетудің, жаңа техниканы енбекті ғылыми ұйымдастыруды және озық тәжірибені енгізудің негізгі мәселелерін, Министрлікке бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға практикалық басшылық жасау мәселелерін, істің орындалуын бақылау және тексеру, кадрларды іріктеп алу және даярлау, мемлекеттік тәртіпті нығайту, Министрліктің орталық аппараты мен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын қарайды. Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды, өндіріс жаңашылдарының баяндамаларын және жұмыстың озық әдістерін талқылайды, оларды таратып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың тиісті салаларына енгізуді ұйымдастырады, жергілікті өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыс кәсіпорындарының жұмысшылары кәсіподағының Республикалық комитетімен бірлесе отырып, қалаларды көркейту жөніндегі жұмысты жақсы жүргізу жолындағы социалистік жарыс қорытындылары туралы материалдарды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне табыс етеді, сондай-ақ Министрлік компетенциясына жататын басқа да мәселелерді қарайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған жағдайда Министр бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

10. Бұл салада бірыңғай техникалық саясат жүргізу үшін, коммуналдық шаруашылықта отандық және шет елдік ғылымның, техника мен озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінде ысылған жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдары мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі бекітеді.

11. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасындағы шаруашылық дау-шарларды қарау үшін арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзінің шығарған шешімдерін ықтиярсыз орындату ту-

ралы бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі бекітеді.

12. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің құрылымы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

13. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрі Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережені және Министрліктің орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

Бас басқармалар, басқармалар мен бөлімдер туралы ережелерде олардың Министрлік компетенциясы шегіндегі өкілдіктері белгіленеді.

14. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, осы хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

15. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР ГАЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 23 августағы
№ 357 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 17, 63-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Осыған қосылған:

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 23 августағы № 357
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ГАЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік басқарудың республикалық органы болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың газбен жабдықтау және газдандыру жүйесіне басшылықты жүзеге асырып, республикада халық шаруашылығы мен халықтың газбен

[1] 1-пункттің үшінші абзацы және 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

кідіріссіз жабдықталуына, газ шаруашылығының жайына және оның одан әрі дамытылуына жауап береді.

2. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қолданылып жүрген заңдардың қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті өз компетенциясына енетін мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

3. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің басты міндеттері мыналар:

халық шаруашылығы мен халықтың газға деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында республика халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде газ шаруашылығының ғылыми-техникалық прогресс негізінде барынша өркендетілуін қамтамасыз ету;

белгіленген көрсеткіштер бойынша экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарының тапсырмаларын, бюджетке төлемдер жоспарын орындау және Комитет қарамағындағы кәсіпорындардың мемлекеттік тәртіпті сақтауын, газды бөлінген лимиттер шеңберінде және жасасқан шарттарға сәйкес беріп тұру жөніндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;

Қазақ ССР-інің қалаларын, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендерін газдандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, газ шаруашылығын пайдалану, негізгі қорлардың, сондай-ақ еңбек, материалдық және финанс ресурстарының пайдаланылуын жақсарту;

республиканы газбен жабдықтауда және газдандыруда бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін, озық тәжірибені енгізіп, өндірістің жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету;

республика газ шаруашылығының хауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету, өндірісте еңбектің хауіпсіз жағдайларын жасау, өндірістік травматизм мен аварияларды болдырмаудың жаңа құралдары мен әдістерін енгізу;

күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын төмендетіп, мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттардың уақтылы іске қосылып, толық пайдаланылуын қамтамасыз ету;

басқарудың құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру, еңбек пен өндірісті ғылыми ұйымдастыруды енгізу, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды басқаруда экономикалық әдістердің ролін арттыру;

Комитет жүйесінің кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету, кадрларды тұрақтандыру және қызметкерлердің білім мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, кадрларды іріктеу, орналастыру және дұрыс тәрбиелеу, өздерін жақсы жағынан көрсеткен жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

социалистік жарыстың барынша дамытылуын және еңбекшілердің өндірісті басқаруға кеңінен қатысуын қамтамасыз ету;

Комитет жүйесінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары қыз-

меткерлерінің мәдени-тұрмыс және тұрғын үй жағдайларын жақсарту.

4. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өндірістің техникалық дәрежесіне жүйелі түрде талдау жасап, республиканың газ шаруашылығын өркендетудің негізгі бағыттарын анықтайды және белгіленген тәртіп бойынша осы мәселелер жөнінде қажетті ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ тиісті шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

өнім беріп тұрушылардан табиғи және сұйытылған газдың қабылдануын ұйымдастырып, халық шаруашылығы мен халықтың белгіленген қорлар шеңберінде онымен кідіріссіз жабдықталуын қамтамасыз етеді, өнеркәсіп және басқа кәсіпорындардың газ тұтыну режимін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

қоғамдық және тұрғын үйлердегі табиғи және сұйытылған газ жүйелерін, топтық қондырғыларды, газ құбырлары мен газ жабдықтарын, газ бөлу станцияларын, қоймалар мен баллондар алмастыру пункттерін пайдалану жөнінде жұмыс жүргізеді және қалалардың, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендердің газ шаруашылығын пайдаланған кезде хауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

өнеркәсіп, коммуналдық-тұрмыс, ауыл шаруашылық және басқа кәсіпорындардың балансындағы газ құбырларына, газдандырылған қазандықтарға, агрегаттар мен газ жабдықтарына шарттық негіздерде профилактикалық күтім жасау мен жөндеуді жүзеге асырады;

кооперативтік тұрғын үйлердегі, сондай-ақ өзіндік меншік правосы негізінде азаматтардың иелігіндегі үйлерде үй ішіндегі газ жабдықтарын жөндеуді, профилактикалық байқауды, жылдық техникалық тексерулерді аталған үй иелері есебінен жүргізеді;

халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен, министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен бірлесе отырып мемлекеттік тұрғын үй қоры үйлеріндегі үй ішіндегі газ жабдықтарының жайын жүйелі түрде тексеруді жүзеге асырады, оны уақтылы жөндеу жөнінде нұсқаулар береді;

жұмыс істеп тұрған және жобаланатын объектілерде табиғи газды отын ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды қарап, министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, бірлестіктерге, кәсіпорындарға және басқа ұйымдарға өз компетенциясы шеңберінде қорытынды береді, газға арналған лимиттерді республикалық бағыныстағы тұтынушылар бойынша бөлуге қатысады;

тұрмыстық газ приборлары мен қондырғыларын пайдаланған кездегі хауіпсіздік ережелері жөнінде халыққа нұсқау береді, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындарда еңбек қорғау, хауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт хауіпсіздігі ережелері және еңбектің хауіпсіз жағдайлары сақталуын бақылайды;

республиканың халық шаруашылығы мен халқының газға деген қажетін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуымен зерттейді, саланы дамытудың перспективаларына сүйеніп, сондай-ақ белгіленген тапсырмалар негізінде перспективалық және жылдық жоспарлардың жобаларын әзірлейді, оларды белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың перспективалық және жылдық жоспарларын қарап, бекітеді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

шикізаттың, отынның, материалдардың жұмсалуы мен запастарының техникалық-экономикалық нормативтерін, нормаларын, жөндеу-пайдалану мұқтаждарына арналған жылу және электр энергиясының,

запас бөлшектердің, сондай-ақ газ ысырабының нормаларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірлеп, олардың енгізілуін қамтамасыз етеді, Комитет құрамына кіретін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бекітетін нормалар мен нормативтер тізбесін белгілейді;

өнімнің жекелеген түрлеріне арналған нормативтік-техникалық документтемені белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

газ шаруашылығын өркендету және газды пайдалану проблемаларымен шұғылданатын ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдармен, мекемелермен ынтымақтасуды ұйымдастырады, механикаландыру мен автоматтандыру құралдарының жаңа түрлерін игеру, техника мен технологиялық процестерді жетілдіру жөніндегі тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық әзірлемелерді, жұмыстарды өз күшімен, басқа да кәсіпорындармен және ұйымдармен кооперация тәртібі бойынша жүзеге асырады, ғылыми-техникалық міндеттердің ғылыми әзірлемелерден бастап алынған нәтижелерді өндірісте пайдалануға дейін комплексті шешілуін, сондай-ақ басқарудың автоматтандырылған жүйелері жасалуын және жоспарлау мен басқаруда осы заманғы экономикалық-математикалық әдістер мен есептеу техникасының енгізілуін қамтамасыз етеді;

мемлекеттік стандарттардың енгізілуі мен сақталуын, өлшеудің осы заманғы құралдары мен әдістерінің қолданылуын, сондай-ақ өлшеу және сынау құралдарының жайын бақылауды қамтамасыз етеді;

өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етеді, перспективалық және жылдық жоспарларды әзірлейді, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізу мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады, ғылыми-техникалық информацияның дамытылуын қамтамасыз етеді, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады, осы мәселелер бойынша жарыстар, конкурстар мен байқаулар өткізеді;

өндірістік қорлардың, материалдық, еңбек және финанс ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді, газ шаруашылығы объектілерін пайдалану тәжірибесін қорытады, оның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға шаралар қолданады;

Комитет жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын, қаражаттың іске қосылатын құрылыстарға шоғырландырылуын, аяқталмаған құрылыс көлемінің қысқартылуын қамтамасыз етеді, титулдық тізімдер мен жобалау-смета документтемесін әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

елімізде жабдықтау мен өткізудің қолданылып жүрген жалпы мемлекеттік жүйесін ескере отырып қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді;

республика территориясында тұрғын үй қорының ведомстволық бағынысына қарамастан оның жаңадан іске қосылатындары мен қазіргі қолда барындағы пәтерлердің газ жабдықтарына деген қажетін анықтайды және оларды газдандыру үшін соларға арналған қорларды бөледі;

ведомстволық газ-техникалық инспекцияға басшылықты жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың шаруашылық есеп принциптерін сақтауын қамтамасыз етеді, өндірістің ішкі резервтерін барынша пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өнді-

рістік-шаруашылық және финанс қызметінің негізгі көрсеткіштерін белгіленген тәртіп бойынша жоспарлайды, олардың жоспар, финанс және смета тәртібін сақтауын бақылайды, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

басқару аппаратын ұстауға арналған шекті қаржылардың лимиттерін қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жеткізеді, олардың қызметкерлеріне қызметтік окладтар мен тарифтік ставкалардың дұрыс белгіленуін бақылауды жүзеге асырады;

Комитет жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларын сақтауын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, өнім беріп тұрушылармен, мердігерлермен, банктермен уақтылы есеп айырысуларын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысты, күрделі жөндеуді қаржыландыруға және финанс жоспарымен көзделген басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларын аударуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың есептері мен баланстарын бекітеді, Комитет қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер мен баланстар жасайды;

Комитет жүйесінде праволық жұмысқа басшылық етеді, социалистік заңдылықтың, мемлекеттік, жоспар, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді;

шарттар жасалуын ұйымдастырады, шартты міндеттемелердің орындалуын тексереді;

газ беріп тұруды қамтамасыз етуге байланысты мәселелер жөніндегі нормативтік актілерді жетілдіру, сондай-ақ Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда шаруашылық шарттардың ролін арттыру туралы ұсыныстарды республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволары мен жекелеген тұтынушылардың қатысуымен әзірлейді;

қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өндіретін өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағалар мен тарифтерді әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді, олардың мемлекеттік баға тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

Комитет жүйесінің кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында еңбек өнімділігін арттыру, еңбек пен өндірісті ғылыми ұйымдастыруды енгізу, басқарудың формаларын, әдістері мен құрылымын жетілдіру жөнінде шаралар әзірленіп, жүргізілуін, еңбекті нормалау, қызмет көрсету нормаларын қайта қарау, жұмыс орындарын ұйымдастырудың үлгі жобаларын енгізу жөнінде жұмыстар атқарылуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда бухгалтерлік есеп пен есеп берудің жолға қойылуына басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, бекітілген формалар бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді белгіленген тәртіпке орай алып, оған талдау жасайды, есеп жұмыстарын орталықтандыру мен механикаландыру және есепке алудың прогресті әдістерін енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Комитет жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, тексерулердің ұдайы жүргізілуін, экономиканың жайына жан-жақты талдау жасалуын, қаржылар мен материалдық байлықтардың сақталуын тексеруді, үнем тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық залалды өтеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

кадрларды іріктеу, тәрбиелеу, даярлау және орналастыру жөніндегі

жұмыстарды жүзеге асырады, жұмысшылар мен қызметшілердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырып, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасайды;

мемлекеттік жоспардың орындалуын қамтамасыз ету, Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің өндірістік-шаруашылық қызметін дамытып, жетілдіру жөніндегі шараларды талқылау мен жүзеге асыруда Комитет қызметкерлерінің, оның қоғамдық ұйымдарының инициатива көрсетіп, белсене қатысуы үшін жағдайлар жасайды, Комитеттің аппараты мен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіндегі кемшіліктерді жояды;

кәсіподақ органдарымен бірлесіп:

а) қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, өндірістік жоспарларды толық және асыра орындауға, материалдық, еңбек және ақша ресурстарын үнемді жұмсауға бағытталған социалистік жарысты ұйымдастырады, жарыстың қорытындыларын шығарып, оның жеңімпаздарын белгіленген тәртіп бойынша көтермелейді, озат қызметкерлерді үкімет наградтарымен наградтауға ұсынады;

б) еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибенің зерттелуін, қорытылып, таралуын ұйымдастырады;

в) белгіленген тәртіп бойынша коллективтік шарттар жасалуына басшылық етеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

г) қызметкерлердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді, Комитет жүйесіндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар коллективтерінің әлеуметтік даму жоспарларын орындауын бақылайды;

д) азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және мұқият қаралуын ұйымдастырып, оларда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуіне күш салады, осы ұсыныстарда, арыздар мен шағымдарда хабарланған Комитет аппараты мен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіндегі кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

5. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды орындау үшін оған мынадай право беріледі:

республика территориясында орналасқан министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық бағынысына қарамастан оларда газдың ұтымды әрі тиімді пайдаланылуын, оны жұмсаудың үлесті нормаларын белгілеу мен қолданудың дұрыстығын, газ шығынын қысқарту және оны үнемдеу жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын СССР Мемлекеттік газ қадағалаудың Қазақ территориялық инспекциясымен бірлесе отырып тексеріп, осы мәселелер бойынша міндетті нұсқамалар беруге;

белгіленген тәуліктік газ лимитін артық жұмсайтын тұтынушыларды ықтиярсыз шектеуді енгізуге, сондай-ақ табиғи газға арналған қорлары жоқ кәсіпорындарға газ беруді тоқтатуға;

газ кем берілген немесе авария жасалған реттерде, сондай-ақ газ шаруашылығында хауіпсіздік ережелері адам өміріне қатер төндіретіндей немесе авариялардың пайда болуына әкеліп соғатындай бұзылған жағдайда кәсіпорындарға газ беруді шектеуге немесе мүлде тоқтата тұруға;

газ шаруашылығында хауіпсіздік ережелері авариялық жағдайға

душар ететіндей бұзылған ретте жұмысты тоқтата тұру және газ жабдықтарына күтім жасайтын адамдарды шеттету туралы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық бағынысына қарамастан оларға орындалуы міндетті нұсқамаларды өз компетенциясы шеңберінде беруге, газ жабықтарының хауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін шараларды әзірлеуді және оларды орындауды талап етуге;

Қазақ ССР-інің министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары өкілдерінің, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының Комитет компетенциясына енетін мәселелер бойынша баяндамалары мен хабарламаларын тыңдап отыруға;

белгіленген тәртіп бойынша қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда қолдану үшін бірыңғай өндірім (уақыт) нормаларын, қызметкерлер санының нормативтері мен қызмет көрсету нормаларын кәсіподақ органдарының келісуі бойынша бекітуге;

тұтас алғанда Комитеттің өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша пайдадан төлемдер жөнінде мемлекеттік бюджетпен СССР Финанс министрлігі белгілеген тәртіпке орай орталықтандырылған есеп айырысулар жүргізуге;

құрылыстардың сметаларына енбейтін, күрделі қаржы бойынша алынған жабдықтар үшін өнім беріп тұрушылармен, сондай-ақ орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысуларды қоса алғанда қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың финанс операцияларын орталықтандырып жүзеге асыруға;

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне аударуға жататын қаржыларды, финанс жоспарлары бойынша қайта бөлу тәртібімен алып қою көзделген қаржыларды, меншікті айналым қаржыларының жылдық есептер бойынша немесе өндірістік жоспардың өзгеруіне байланысты меншікті айналым қаржыларының нормативі өзгерген жағдайда пайда болған артығын қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың счеттарынан дау-дамайсыз есептен шығару жөнінде СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне тапсырмалар беруге;

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінде бір орталықтан жүзеге асырылатын шаралар бойынша банк кредитімен пайдалануға;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың кредиттік міндеттемелері бойынша СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне кепілдемелер беруге;

пайданы, негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық жарналарды (кәсіпорын мен ұйымның өндірісін дамыту қорына бағытталатын жарналардан басқаларын) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың финанс жоспарлары бойынша қайта бөлуге болатын басқа да қаржыларды қайта бөлуді жүзеге асыруға;

салынып жатқан кәсіпорындардың дирекциясын ұстауға арналған шығындардың мөлшерін осы шығындардың сметамен белгіленген лимиті шеңберінде салыну жылдары бойынша саралап отыруға,

6. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығындағы кезеңде, кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Председа-

телінің орынбасарларын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

7. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Комитетке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына дербес жауап береді, Председательдің орынбасарлары мен Комитеттің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде Қазақ ССР Үкіметі республиканың министрлеріне берген праволармен пайдаланады.

8. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Комитеттің Председателі (коллегия председателі) және Председательдің лауазым бойынша орынбасарлары, сондай-ақ басқа да басшы қызметкерлері болады.

Комитеттің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде саланы дамытудың және оған практикалық басшылық жасаудың, халық шаруашылығы мен халықты газбен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ісін жетілдірудің негізгі мәселелерін, жоғары тұрған органдарға енгізілетін нормативтік және басқа маңызды документтердің жобаларын, сондай-ақ Комитет қаулыларының, бұйрықтары мен нұсқауларының жобаларын, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, даярлау, пайдалану және олардың біліктілігін арттыру мәселелерін қарайды, Комитеттің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, Комитет жүйесіндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының баяндамалары мен есептерін тыңдайды, сондай-ақ Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің компетенциясына жататын басқа да мәселелерді қарайды.

9. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Комитет жүйесіндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар шығарып, тапсырмалар береді, сондай-ақ олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті қажет болған реттерде республиканың басқа министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен бірлесіп немесе солардың келісуі бойынша қаулылар, бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

10. Газ шаруашылығын өркендету мен пайдаланудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясат белгілеу, ғылымның, техниканың ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінде жоғары білікті мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен техникалық совет құрылуы мүмкін.

Техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

11. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті қарамағындағы кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша (жұмысшылар мен қызметшілер санының оған бекітілген лимиті және жалақының жалпы қоры шеңберінде) құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, сондай-ақ ережелерді (уставтарды) бекітеді.

12. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті орта-

лық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің штат санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Комитеттің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

13. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ, КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІН ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМА (ҚАЗГЛАВТОПСНАБ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 13 июльдегі
№ 365 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 14, 62-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма (Қазглавтопснаб) туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1973 жылғы 13 июльдегі № 365
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ, КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІН ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМА (ҚАЗГЛАВТОПСНАБ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма (Қазглавтопснаб) республикалық орган болып табылады, шаруашылық есепте тұрады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқын, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін Қазглавтопснабтың жабдықтауы оның сонымен бірге халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне бағынатын шаруашылық есептегі облыстық отын трестері (конторлары), қалалық (аудандық) отын базалары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма бөлінген қорлар шегінде халықтың, коммунал-

дық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерінің отынға деген қажетін қанағаттандыруға, базалардың, қоймалар мен магазиндердің жайына және оларды дамытуға, олардың техникалық дәрежесіне, күрделі қаржыларды тиімді пайдалануға, өндірістік қуаттарды дер кезінде іске қосуға және игеруге, құрылыстың сметалық құны мен финанс тәртібін сақтауға, сондай-ақ халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының тапсырмалары мен бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуына жауап береді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма республиканың облыс орталықтары мен Алматы қаласындағы, облысқа бағынатын қалалар мен республиканың ірі елді мекендеріндегі ведомствоға қарасты облыстық трестерге (конторларға) және базаларға басшылық жасайды.

2. Казглавтопснабтың басты міндеттері мыналар:

— отынмен жабдықтаушы ұйымдардың барынша дамытылуын қамтамасыз ету, республика халқының коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерінің отынға деген қажетін неғұрлым толық және үздіксіз қанағаттандыру, сондай-ақ жергілікті отын ресурстарын орталықтандырылмаған дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

— облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесе отырып, ведомствоға қарасты отынмен жабдықтаушы ұйымдардан көмір мен ағашты халықтың үйіне орталықтандырылған әдіспен жеткізіп беруді жүзеге асыру;

— халықты және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтаудың прогрестік формаларын енгізу;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— республикалық отын базаларын техникалық жағынан дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу;

— тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруды арттыру;

— күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану мен олардың тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ қолда бар отын базалары мен қоймаларын қайта құру;

— жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту, өндірісте еңбектің хауіпсіз жағдайын жасау;

— тұтынушылардың қорларды кезінде алып отыруына, күзгі-қысқы кезеңде халықты және кәсіпорындар мен ұйымдардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін отынның қажетті запасын жасауға бақылауды жүзеге асыру;

— қалаларда, аудан орталықтары мен селолық жерлерде отын базаларын, қоймалары мен магазиндерін (отынмен жабдықтаушы ұйымдардың материалдық-техникалық базасының даяр болуына қарай) ұйымдастыру, мұнда оларды қажетті тиеу-түсіру механизмдерімен, отынды бөлшектеп буып-орайтын құралдармен, сондай-ақ оны халыққа жеткізіп беретін автотранспортпен қамтамасыз етуді ескеру.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің шешімдерін, осы Ережені, сондай-ақ қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Министрлер Со-

веті жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма:

— Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті қала халқының, жұмысшы поселкелерінің және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерінің отынға деген қажетін белгілеген кезде тікелей қатысады;

— коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерінің отынды ұтымды пайдалануы мен сақтауына бақылауды жүзеге асырады, облыстық атқару комитеттерімен, республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарымен және мекемелерімен бірлесе отырып, отынды үнемді пайдалану, өндіргенде, тасымалдағанда және сақтағанда оның шығынын азайту жөніндегі шараларды әзірлейді;

— отын жеткізу жайлы разнарядкаларды қор ұстаушылардың кезінде жіберуіне бақылауды жүзеге асырады;

— отынға арналып бөлінген қорлардың негізінде отынды рыноктан тыс тұтынушылар мен халыққа өткізу жөніндегі қоймалық және транзиттік товар айналымы жоспарын жасайды;

—отын трестерінің (конторларының) перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын жасау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

— халық шаруашылық жоспары мен бюджеттің тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша перспективалық және ағымдағы жоспарларды бекітеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді, жоспардың тапсырмаларын отын трестерінің (конторларының) орындаушыларға дейін жеткізуін қадағалайды;

— ведомствоға қарасты ұйымдардың мұқтаждары үшін жабдыққа, автотранспортқа, тиеу-түсіру механизмдері мен материалдарға арналған жиынтық-заявкалар әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді;

— өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етеді, өнертапқыштық пен рационализаторлық жөнінде перспективалық және ағымдағы тақырыптық жоспарлар әзірлейді, өнер табыстары мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін қамтамасыз етеді;

— өз міндеті шегінде, отын базаларының үйлері мен ғимараттарының аяқталған құрылыстарын пайдалануға қабылдау үшін мемлекеттік комиссиялар тағайындайды, оларды пайдалануға қабылдау актыларын бекітеді және смета-финанс есептерін жабу туралы шешім қабылдайды;

— негізгі қорлардың күрделі жөндеуін ұйымдастырады, жөндеу сапасын жақсарту және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге бөлінген амортизациялық аударма қаражатты қайтып алады және қайта бөледі;

— белгіленген тәртіп бойынша трестерін (конторларын), қалалық (аудандық) отын базаларын қаржыландырады; олардың финанс қызметіне басшылық жасайды, финанс ресурстарының пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, шаруашылық есепті нығайтуды, негізгі қорларды өзінің айналым қорларын және банк кредиттерін тиімді пайдалануды, финанс жоспарларын орындауды, есеп айырудың белгіленген тәртібі мен мерзімін сақтауды қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіппен орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ жүйенің ұйымдарына финанс көмегін көрсету үшін резерв жасайды. Мемлекеттік банк

пен Құрылыс банкінің мекемелерінде тиісті счеттарды ашады және жабады, өзінің айналым қорларын қайта бөлуді жүргізеді;

— бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырып, оның жолға қойылуын бақылайды, ведомствоға қарасты ұйымдарды ағымдағы және жылдық есептердің формаларымен қамтамасыз етеді, шаруашылықтардың жиынтық бухгалтерлік есептері мен баланстарын талдап жасайды және ведомствоға қарасты салаларда документті ревизия жүргізеді, бухгалтерлік және статистикалық есеп пен есеп беруді жүргізу мәселелеріне методикалық басшылықты жүзеге асырады;

— ұйымдардың штат-смета жұмысына басшылық жасайды, әкімшілік-басқару құрамының құрылымын жақсарту мен санын қысқарту жөніндегі ұсыныстарды белгілейді;

— социалистік мемлекеттік меншікті қорғауды және оған ұқыпты қарауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдардың келіспеулері мен ізденулерін уақтылы және дұрыс беруіне бақылау жасайды;

— отын трестерін (конторларын), базаларын, қоймалары мен магазиндерін маман кадрлармен қамтамасыз етеді, оларды даярлау мен мамандығын көтеруді ұйымдастырады, тұрақты кадрлар жасауға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

— кәсіподақ органдарымен бірлесе отырып, социалистік жарысты ұйымдастырады, Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, Қазглавтопснаб жүйесі бойынша республикалық социалистік жарыстың шарттарын бекітеді, коммунистік еңбек, өндірістің жоғары мәдениеті жолындағы қозғалыстың өрістеуіне көмектеседі. Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарыстың қорытындылары .бойынша коллективтерге ауыспалы Қызыл тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, коммунистік еңбек кәсіпорындары коллективтері деген атақ береді, еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

— ведомствоға қарасты ұйымдардың өнім жеткізу және отынды тұтынушыларға дейін жалпы пайдаланудағы автотранспортпен бір орталықтан тасымалдау жөнінде шарттар жасасу жұмысына басшылық етеді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

— ведомствоға қарасты ұйымдардың халықты және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтаудың прогрестік формаларын енгізуін қадағалайды.

5. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарманы бастық басқарады.

Қазглавтопснаб бастығының орынбасарлары болады. Бастық пен оның орынбасарларын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

Бастықтың орынбасарлары арасындағы міндеттерді Қазглавтопснабтың бастығы бөледі.

6. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыс кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарманың бастығы:

— Қазглавтопснаб пен оның ведомствоға қарасты ұйымдардың қызметін басқарады. Қазглавтопснабқа жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы үшін жеке басы жауап береді, өз орынбасарларының, бөлім бастықтарының Қазглавтопснабтың басқа да бөлімшелері басшыларының жүйедегі ұйымдардың қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

өз міндеті шегінде қолданылып жүрген заңдар, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары негізінде және оларды орындау үшін Қазглавтопснаб жүйесіндегі ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді;

— қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының басшыларымен бірлесіп бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

— ведомствоға қарасты ұйымдардың қолданылып жүрген заңдарға, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарына, осы Ережеге, сондай-ақ Қазглавтопснабтың бұйрықтары мен нұсқауларына қайшы келетін бұйрықтарының орындалуын тоқтатады және күшін жояды;

— белгіленген тәртіп бойынша отын өткізетін ұйымдарды қайта ұйымдастырады, жояды;

— Қазглавтопснабтың орталық аппаратының қызметкерлерін және ведомствоға қарасты ұйымдардың басшы қызметкерлерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тағайындайды және жұмыстан шығарады;

— Қазглавтопснабтың бөлімдері туралы ережелерді, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдар туралы ережелерді (уставтарды) бекітеді;

— облыстық отын трестері (конторлары) мен базаларға басқару аппаратын ұстауға арналған шығындарды осы мақсатқа белгіленген лимит шегінде, мекеменің, ұйымның үлгі штаттарын және қызметтік окладтық схемаларының орташа окладтары бойынша есептелген жалақы қорын сақтай отырып бекітеді;

— Қазглавтопснабтың атынан сенім хаттар береді, документтерге қол қояды, қолданылып жүрген заңға сәйкес Қазглавтопснабтың мүлкі мен қаржыларына иелік жасайды.

7. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма еңбекшілердің хаттарын (арыздары мен шағымдарын) кезінде және ұқыпты қарауды ұйымдастырады, оларда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ еңбекшілердің хаттарында хабарланған ведомствоға қарасты ұйымдардың қызметіндегі кемшіліктерді жоюға шаралар алады.

8. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халықты коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма республика министрліктерінің, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдарының өкілдерін қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтаудың аса маңызды мәселелері тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ Қазглавтопснаб пен оның қарамағындағы ұйымдардың қызметін жақсартуға байланысты мәселелер сын мен өзара сынды өрістету негізінде талқыланады.

9. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарманың құрылымы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазглавтопснабтың орталық басқару аппаратының штаттық кестесін Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісіп алғаннан кейін Қазглавтопснабтың бастығы бекітеді.

10. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдық-

тау жөніндегі Бас басқарма заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген өз аты, қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 5 ноябрьдегі
№ 440 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 22, 73-ст.)

1. Халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімін * ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне де бағынады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жергілікті Советтердің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады және өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің негізгі міндеттері мыналар:

ғылыми-техникалық прогресті, озық ғылым мен техника жетістіктерін енгізу негізінде қалаларда, жұмысшы поселкелері мен аудан орталықтарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың комплексті дамуын қамтамасыз ету;

тұрғын үй қорын, коммуналдық кәсіпорындар мен көркейту және санитариялық күтіп ұстау объектілерін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің техникалық деңгейін арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту;

халықтың коммуналдық-тұрмыс қажетін өтеу ісінің деңгейін арттыру, жөндеу-құрылыс жұмыстары мен өндірілетін өнімнің сапасын, сондай-ақ негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттарының облыстық Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыс жасай отырып шешеді.

4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министр-

---

* Бұдан былай текст бойынша «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі».

лер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді;

қалаларда, жұмысшы поселкелері мен аудан орталықтарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің күрделі құрылысына басшылықты жүзеге асырады, күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын және қуаттардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етеді, күрделі құрылысқа байланысты мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шараларын белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырып, финанс қызметіне басшылық етеді, олардың финанс ресурстарын қалыпты пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларын сақтауын, бюджетпен, жұмысшылармен, қызметшілермен, өнім беріп тұрушылармен және мердігер ұйымдармен, банк мекемелерімен уақтылы есеп айырысуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы есепке алу ісін ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік және статистикалық есеп беруді алады, жиынтық баланстар мен бухгалтерлік есептерді жасап, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс-шаруашылық қызметіне документтік тексерулер мен тексерістер жасауды ұйымдастырып, ұдайы жүргізеді, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайту, олардың рентабельділігін арттыру және пайданы барынша молайту, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, бөлімге бөлінген материалдық ресурстарға арналған қорларды олардың арасында бөледі, олардың жұмсалуына және жабдықтар мен басқа да материалдық-техникалық ресурстардың өз мақсатына пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

көрсетілетін коммуналдық қызметтер бағаларының (тарифтерінің) жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша тиісті органдардың бекітуіне табыс етеді және оларды қолданудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;

қалалық жерлерді, бүкіл тұрғын үй қорын, инженерлік құрылыстарды, көркейту объектілері мен коммуналдық кәсіпорындарды техникалық инвентаризациялау мен паспорттандыруға басшылықты жүзеге асырады, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың негізгі қорларының құрамындағы, жағдайындағы және құнындағы ағымдық өзгерістердің тіркелуін қамтамасыз етеді;

мемлекеттік стандарттар мен осы заманғы өлшеу құралдарының енгізілуін және өнім сапасының сыналуын қамтамасыз етеді;

еңбек ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарын дұрыс қолдану жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, жалақы қорлары мен басқа да көтермелеу қорларының жұмсалуын бақылайды;

білікті кадрларды іріктеу жөнінде жұмыс жүргізіп, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды олармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, еңбек жағдайларын одан әрі жақсарту және сауықтыру, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

облыстық кәсіподақ комитетінің қатысуымен қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ сауықтыру шараларының жүргізілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөнінде шаралар әзірлеп, олардың орындалуын қамтамасыз етеді, өндірістік процестерді комплексті механикаландыру мен автоматтандыру есебінен қол еңбегін қысқартуға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етіп, өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін қамтамасыз етеді, осы мәселелер жөнінде тәжірибе алмасуды ұйымдастырады;

облыстық кәсіподақ комитетімен бірлесіп қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, белгіленген жоспарларды толық және асыра орындауға, еңбек өнімділігін одан әрі өсіріп, халыққа қызмет көрсету мәдениеті мен өндірістің рентабельділігін арттыруға, жұмыстар мен қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы қаралып, шешілуін ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық етеді;

ведомстволық иелігіне қарамастан тұрғын үй қорын басқару, оны пайдалану мен жөндеу саласында үйлестіруді жүзеге асырады [1].

6. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімін меңгеруші басқарады, ол «Қазақ ССР халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

8. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі:

бөлімнің қызметіне басшылық етеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

бөлімнің қызметкерлерін, сондай-ақ бөлімнің тікелей қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмысқа алады және жұмыстан шығарады;

---

[1] 5-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 15 февральдағы № 62 қаулысымен абзацпен толықтырылды (Қазақ ССР КЖ, 1986 ж., № 5, 13-ст.).

халық депутаттары облыстық Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін бөлімнің компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын ұйымдастырады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде қаржыларға иелік етеді;

бөлімнің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін бұйрықтарын орындауды тоқтата тұрады және бұзады.

9. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде коллегия құрылуы мүмкін. Коллегияның құрамын халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті бекітеді.

Тұрғын үй-коммуналдық бөлімінің коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың негізгі мәселелерін қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың жобаларын, сондай-ақ бөлімнің компетенциясына енетін басқа да мәселелерді талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, бөлім меңгерушісінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Меңгеруші мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте меңгеруші пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін атқару комитетіне хабарлай алады.

10. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі шаруашылық есепте тұрады, банкілерде есеп айырысу және басқа счеттары болады. Бөлімнің құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі заңды ұйым праволарымен пайдаланады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР-інің ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 23 марттағы
№ 170 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 7, 31-ст.)

1. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі (горкомхоз) Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) сәйкес [1] құрылады және халық депутаттарының қалалық Советі мен оның атқару комитетіне де, сондай-ақ халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөліміне де бағынады.

2. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдары мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумының

[1] Қазіргі кезде қалалық атқару комитетінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі 1982 ж. 29 декабрьдегі Указына сәйкес құрылады (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 2, 12-ст.).

указдары мен қаулыларын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдары мен қаулыларын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, халық депутаттарының облыстық және қалалық Советтері мен олардың атқару комитеттерінің шешімдерін, облыстық атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімінің нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі коммуналдық шаруашылықты комплексті дамытуға, коммуналдық мақсатқа арналған объектілерді және тұрғын үй қорын (қалалық атқару комитетіне тікелей бағынатын тұрғын үй басқармасы болмаса) пайдалануға басшылық жасайды.

4. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөліміне мыналар жүктеледі:

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша өндірістік-финанс қызметі, күрделі құрылыс, күрделі жөндеу, көркейту жоспарларының жобаларын жасап, халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитетіне және облыстық атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөліміне табыс ету, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз ету;

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға техникалық басшылықты жүзеге асыру, шикізатты, материалдарды, отын мен электр энергиясын жұмсаудың техникалық жағынан негізделген және прогрестік нормаларын өндіріске енгізу;

— коммуналдық шаруашылық объектілерінің күрделі құрылысын басқару, оларды жобалауға арналған тапсырмалар жасау, өз міндеті шегінде жобалау-смета документациясын бекіту;

— қаланың бас жоспарының жобасы, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, қаланы салудың техникалық жобалары, оның территорияларын және шаруашылық жерге орналасуын инженерлік тұрғыдан әзірлеу жобалары бойынша қорытындылар әзірлеу;

— қаланың жерін, үйлері мен ғимараттарын, қаланың сыртқы түрін көріктендіру объектілерін және коммуналдық кәсіпорындарды техникалық инвентаризациялауға, тіркеуге және паспорттандыруға басшылықты жүзеге асыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың негізгі қорларының есебін ұйымдастыру және олардың құрамында, құнының жағдайында болған ағымдағы өзгерістерді тіркеуді қамтамасыз ету;

— қала ішіндегі көпірлерді, жолдарды, гидротехникалық құрылыстарды техникалық пайдалану жөніндегі, қаланың территориясын санитариялық тазалау және көгалдандыру жөніндегі, сондай-ақ қаланың сыртқы түрін көріктендіру объектілерін күтіп ұстауды жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарда жалақы қорын үнемді жұмсау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын, жұмыстардың және қызмет көрсетудің құнын арзандату, рентабельділікті арттыру жөніндегі практикалық шараларды жүзеге асыру;

— кәсіподақ органдарымен бірлесе отырып, жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің өндірістік-пайдалану жоспарын орындауға және асыра орындауға, жұмыстар мен қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға, халықтың коммуналдық-тұрмыстық қажетін өтеуге бағытталған социалистік жарысына басшылық жасау;

— материалдық-техникалық жабдықтаудың жылдық және тоқсандық қорларын өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында бөлу, сондай-ақ бұл қорларды таратуды қамтамасыз ету;

— қаланың коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында мемлекеттік социалистік меншікті қорғау жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру;

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс-шаруашылық қызметіне басшылық жасау, оларды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландыру;

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізуі мен есеп беруін ұйымдастыру, есептері мен баланстарын бекіту, финанс тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарын инженер-техник және ысылған жетік жұмысшы кадрларымен қамтамасыз ету, олардың білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін қажетті жағдайлар туғызу;

— коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын тудыру;

— өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарда басшы, инженер-техник кадрларын іріктеп алу және орналастыру, сондай-ақ олардың мамандығын арттыруды ұйымдастыру.

5. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар бөлетін қаржылардың есебінен, ал мұндай мүмкіндік болмаған ретте — қаланың бюджеті есебінен ұсталады. Оны ұстауға арналған шығындардың сметасын халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті жыл сайын бекітеді.

6. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімін меңгеруші басқарады, оны халық депутаттарының қалалық Советі бекітеді және қызметінен босатады.

7. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі:

— бөлімнің және оған бағынатын коммуналдық кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық жұмысына басшылық жасайды;

— бөлім номенклатурасына жататын бөлімнің қызметкерлерін және кәсіпорындар мен ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындайды және босатады;

— өз міндеті шегінде өзіне бағынатын барлық кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, олардың орындалуын тексереді;

— еңбек заңына және ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес коммуналдық шаруашылық бөлімінің қызметкерлері міндеттерінің шеңберін белгілейді;

— бекітілген сметалардың шегінде кредиттердің билеушісі болып табылады, банкілерде ағымдағы және есеп айырысу счеттарын ашуға және жабуға, ақша және басқа документтерге өз міндеті шегінде қол қоюға правосы бар.

8. Қалалық атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі жанында кеңесші орган правосында техникалық-экономикалық совет құрылады, оның құрамында бөлімнің меңгерушісі (председатель), бас инженері, жетекші мамандары, оған бағынатын ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары болады.

9. Кәсіпорындар мен ұйымдардың озат тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану мақсатында коммуналдық шаруашылық бөлімі шаруашылық

активінің жиналыстарын өткізіп тұрады, оларда өндірістік-финанс қызметінің, социалистік жарыстың, жаңа техниканы енгізудің, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мәдениетін арттырудың мәселелері талқыланады.

10. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

§ 2. КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ КӘСІПОРЫНДАР МЕН ХАЛЫҚТЫ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ

§ 2. КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ КӘСІПОРЫНДАР МЕН ХАЛЫҚТЫ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ

ХАЛЫҚТЫ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІН ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 7 сентябрьдегі
№ 516 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне белгілейтін көмірдің (оның ішінде сортты көмірдің) және ағаш отынның фондысында 1973 жылдан бастап жылдық жоспарларда халыққа сатылатын және коллективтік шарттар бойынша жұмысшылар мен қызметшілерге босатылатын көмірдің осы түрлерінің саны (осы отынның жеке түрлері бойынша және көрсетілген бағытта) бөлінуге тиіс.

2. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар тапсырылсын:

а) ең тиімді отынның қолда бар ресурсы ең алдымен халықтың қажетін қамтамасыз етуге берілсін;

г) тұрғын үйлер көп орналасқан жерлерде аудандық және өнеркәсіптік қазандар мен ТЭЦ арқылы жылу беруді шоғырландыруға шаралар қолданып, уақытша шағын қазандар салуға жол берілмесін;

д) халықты отынмен жабдықтауды жақсарту үшін жергілікті отын ресурсын барынша пайдалануды қамтамасыз етсін;

е) халықты және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау ісіне және осы мақсатқа бөлінген отын фондысын қатал түрде арнайы пайдалануға ұдайы бақылау жасасын;

---

[1] 1-пункттің бірінші абзацы, 2-пункттің «б», «в», «з» тармақтары, 3—8, 10—12-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

14-пункт СССР Министрлер Советінің 1971 ж. 21 июньдегі № 408 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

ж) сортты тас көмір мен ірі класты антрацитті электр станцияларда, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық қазандарында (секциялық шойын қазандармен жабдықталған коммуналдық-тұрмыстық қажетіне арналған қазандардан басқа) жұмсауға жол бермеу шараларын қолдансын.

Ірі класты антрацитті, Кузнецк және Қарағандының сортты көмірін технологиялық өндірістік мақсатқа және отынмен жабдықтау ісі Қазақ ССР Министрлер Советінің фондысы бойынша жүзеге асырылатын министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдарындағы қазандарды пайдалануға СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісіліп Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің рұқсатымен ерекше реттерде ғана жол беріледі деп белгіленсін.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі мен Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігімен бірлесе отырып:

а) бесжылдық және жылдық жоспарларды дайындаған кезде қай ауданға асхана тұрмыстық электр плитасын қолданатын аудандарды белгілесін, бұл ретте оларды бірінші кезекте қатты отынмен қамтамасыз етілмеген немесе орталықтандырылған жабдықтауы жоқ қалаларда, жұмысшы поселкелерде және селолық жерлерде орнату ескерілсін;

б) жылу тораптарын салуды жылдамдату мен тұрғын үй қорын жылыту көзделсін.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жабдықтау Бас басқармасы, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жылдық және перспективалық жоспарларда осы қаулыда көрсетілген тапсырмаларды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті күрделі қаржылар мен материалдық-техникалық ресурстарды (металдық прокатты, жергілікті жылыту құрылғылары бар үйлерді газдандыру үшін радиаторлар мен трубаларды қосқанда) бөлуді көздесін.

ҚАЗАҚ ССР ҚАЛАЛАРЫН, ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРІН, АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫН ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ХАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 26 марттағы
№ 211 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы газ шаруашылық Бас басқармасына, газ отынын пайдаланатын Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне республиканың қалаларында, жұмысшы поселкелерінде, аудан орталықтарында және басқа елді мекендерде газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану хауіпсіздігін арттырып, жақсарту жөніндегі қажетті шараларды іске асыру міндеттелсін, ол үшін:

а) үйлер мен мекемелерді қосқанда газ жүйелерін және қондырғыларды монтаждау мен пайдалану кезінде хауіпсіздік ережелерін сақтауға қатаң бақылау белгіленсін;

---

[1] 1-пункттің «в», «г» тармақтары, 2, 3 және 6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

б) 1970 жылдан бастап тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарда жыл сайын профилактикалық қызмет етумен қатар газ құрал-жабдықтарды толық техникалық қарау мен тексеру жүргізілсін;

д) газ шаруашылығын пайдалануды өз күшімен жүзеге асыратын кәсіпорындарда осы мақсат үшін арнаулы қызметтер құрылсын;

е) сұйытылған газды газ тартқыш станцияларында, топтама ыдыстарда және елді мекендердің қоймаларында хауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданылсын;

ж) қала мен село халқын тұрмыста газды пайдалану ережелерін баспасөз, радио, кино және телевизия арқылы кеңінен таныстыру ұйымдастырылсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жабдықтау Бас басқармасы жылдық жоспарларда Қазақ ССР Газ басқармасына қажетті мөлшерде авариялық қызметтер мен пайдалану базаларын жабдықтау үшін материалдар, транспорт құралдарын, механизмдер мен құрал-жабдықтар, сондай-ақ газ желілерін электрохимиялық коррозиядан қорғау үшін және газ шаруашылығын телемеханикаландыру үшін кабель бұйымдар бөлуді көздесін.

5. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті газ шаруашылықтарын пайдалану жұмысымен айналысатын жұмысшылар мен қызметшілерге қажетті қызметтік тұрғын үй беруді қамтамасыз етуге міндеттелсін.

ӨЗ МЕНШІГІ ПРАВОСЫ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТАРҒА ҚАРАЙТЫН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ТАБИҒИ ГАЗБЕН ГАЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КООПЕРАТИВТІҢ ҮЛГІ УСТАВЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 12 февральдағы
№ 60 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 3, 13-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі **қ а у л ы е т е д і:**

өз меншігі правосы негізінде азаматтарға қарайтын тұрғын үйлерді табиғи газбен газдандыру жөніндегі кооперативтің осыған қосылған Үлгі уставы бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1974 жылғы 12 февральдағы № 60
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ӨЗ МЕНШІГІ ПРАВОСЫ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТАРҒА ҚАРАЙТЫН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ТАБИҒИ ГАЗБЕН ГАЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КООПЕРАТИВТІҢ ҮЛГІ УСТАВЫ

Жалпы ережелер

1. Өз меншігі правосы негізінде азаматтарға қарайтын тұрғын үйлерді табиғи газбен газдандыру жөніндегі кооператив ерікті бірлестік болып табылады және кооператив мүшелерінің қаржысы есебінен төмен қысымды газ жүйелерін жобалау мен салу жөніндегі жұмыстарды

ұйымдастыру үшін халық депутаттары Советінің тиісті атқару комитетінің шешімі бойынша құрылады.

Кооперативтің қаржылары кооператив мүшелерінің кіру, мүшелік және пай жарналарынан құрылады және жобалау-смета документациясына, құрылыс-монтаж жұмыстары мен үй ішіндегі жабдыққа төлеуге пайдаланылады. Кооператив өз қызметін кооперативтің Уставын тіркеген халық депутаттары Советі атқару комитетінің қадағалауымен және бақылауымен жүзеге асырады.

2. Өз меншігі правосы негізінде азаматтарға қарайтын тұрғын үйлерді табиғи газбен газдандыру жөніндегі кооператив жалпы жиналыста кооперативтің Уставын қабылдайды және тіркету үшін оны халық депутаттары Советінің атқару комитетіне береді.

Уставы тіркелгеннен кейін кооператив заңды ұйым правосына ие болады, банк мекемесінде өз счетын ашады және кооперативтің аты жазылған мөрі болады. Қалалар мен қалалық поселкелерде кооперативтің құрамына кемінде 20 адам, ал басқа елді мекендерде кемінде 10 адам бірігеді.

3. Өз меншігі правосы негізінде тұрғын үйі бар, 18 жасқа толған адамдар кооператив мүшелері бола алады.

Газ таратын сыртқы құбырларды салу кезінде кооперативтен шығып қалған кооператив мүшесіне пай және мүшелік жарналар қайтарылады.

4. Кооператив пен оның мүшелері арасындағы азаматтық-праволық даулар, сондай-ақ бір жағынан, кооператив, екінші жағынан, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы даулар заңда белгіленген тәртіп бойынша қаралады.

5. Өз меншігі правосы негізінде азаматтарға қарайтын тұрғын үйлерді табиғи газбен газдандыру жөніндегі кооператив учаскелерінің шекараларын бас архитектордың ұсынысы бойынша, Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті газ шаруашылығын пайдалану ұйымының, сондай-ақ совхоздардың немесе колхоздардың қорытындыларын ескере отырып, халық депутаттары Советінің атқару комитеті белгілейді.

Кооперативті басқару органдары

6. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы кооперативті басқарудың жоғары органы болып табылады. Егер кооператив мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысса, жалпы жиналыс заңды деп саналады. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады.

Жалпы жиналыс кооператив мүшелерінің ішінен әрбір органның құрамында кемінде үш адам болатын кооперативтің басқармасы мен тексеру комиссиясын жалпы жиналыс белгілейтін мерзімге сайлайды.

Кооперативтің басқармасы мен тексеру комиссиясы кооперативтің жалпы жиналысына есеп береді. Кооперативтің басқармасы іс атқарушы орган болып табылады.

Тексеру комиссиясы бақылаушы орган болып табылады және кооператив басқармасының шаруашылық қызметін жылына кемінде бір рет тексереді. Тексерудің қорытындылары кооперативтің жалпы жиналысына баяндалады.

Кооперативтің жалпы жиналысын кооператив басқармасы жылына кемінде екі рет шақырады. Кооператив мүшелері кезектен тыс жалпы жиналысын басқарма кооператив мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің

талап етуі бойынша, сондай-ақ халық депутаттары Советінің атқару комитетінің ұсынысы бойынша бір апта мерзімде шақырады.

7. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы:

а) кооперативті құрады және жояды, кооперативке мүшелер қабылдайды және оларды мүшеліктен шығарады;

б) кіру, пай және мүшелік жарналардың мөлшерін бекітеді, кооперативті басқару жөніндегі шығындарды белгілейді;

в) экспертиза жүргізілгеннен кейін және Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті газ шаруашылығының тресімен (басқармасымен, конторымен) келісіп алғаннан кейін кооператив мүшелерінің тұрғын үйлеріне газ беру жөніндегі жүйелер мен қондырғылардың құрылысына арналған жобалау-смета документациясын бекітеді;

г) кооператив басқармасы мен тексеру комиссиясының қызметі жайлы кооператив мүшелерінің шағымдары мен арыздарын қарайды.

Салынып біткен газ тарататын сыртқы құбырлар Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті ұйымдарының балансына бұл ұйымдардың күшімен және қаржысымен техникалық пайдалану мен профилактикалық қызмет көрсету үшін кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша тегін берілуі мүмкін.

8. Кооператив басқармасы:

а) кооператив мүшелерінен кооперативтің жалпы жиналысы белгілеген кіру, мүшелік және пай жарналарын алады және барлық іс қағаздарын жүргізеді;

б) Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті ұйымдарымен жобалау-смета документациясын әзірлеуге арналған, үй ішіндегі газ жабдығы мен үйлерге газ таратқыштарды монтаждауға арналған, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын техникалық бақылауды жүзеге асыруға арналған шарттар жасасады;

в) орындалған жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстарына ақы төлейді;

г) Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің 1972 жылы 19 октябрьде бекіткен тұрғын үйлер мен қоғамдық үйлерді жанған газ өнімдерінен арылтуға арналған мұржалар мен желдеткіш каналдарды тексеру мен тазалау жөніндегі Нұсқауының және өрт хауіпсіздігі Ережелерінің талаптарына сәйкес жылыту пештері мен мұржаларды салуға және оларға профилактикалық қызмет көрсетуге арналған шарттарды Қазақ ССР-інің Өртке карсы ерікті қоғамымен жасасады;

д) кооперативтің атынан сот, әкімшілік мекемелері мен қоғамдық ұйымдарда өкілдік етеді.

Кооператив мүшелерінің праволары мен міндеттері

9. Кооператив мүшелерінің:

а) өз иелігіндегі үйдің территориясында жылыту пештеріне газ беруге, газ плиталарын, су ысытқыштар мен басқа газ приборларын орнатуға;

б) Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті газ шаруашылығы тресімен (басқармасымен, конторымен) жасасқан шарт бойынша иелігіндегі үй территориясында төмен қысымды газ құбырын көшіріп орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

в) өзімен бірге тұрақты тұратын семьяның кәмелетке толған кез келген мүшесіне өзінің пайын кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының келісімімен беруге праволары бар.

10. Кооператив мүшелері:

а) кооперативтің Уставын орындауға;

б) жалпы жиналыс белгілеген кіру, мүшелік, пай жарналарын кооперативтің есеп айырысу счетына кезінде төлеп отыруға;

в) газ приборларын пайдалану ережелері жөніндегі нұсқауларды белгіленген мерзімде алуға;

г) ауладағы сыртқы газ жүйелері мен оларға арналған құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Кооперативтің қызметін тоқтату

11. Кооперативті кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ халық депутаттары Советінің атқару комитетінің шешімі бойынша жоюға болады.

§ 3. КОММУНАЛДЫҚ ЭНЕРГЕТИКА, СУ ҚҰБЫРЫ, КАНАЛИЗАЦИЯ

ТҰРҒЫН АЛАҢҒА, КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ, ГАЗҒА, ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА, БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІНЕ, ТҰРМЫСТЫҚ ПРИБОРЛАР МЕН АППАРАТТАРҒА АБОНЕМЕНТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ХАЛЫҚПЕН ЕСЕПТЕСУ ҮШІН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ ДОКУМЕНТІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 9 сентябрьдегі
№ 350 ҚАУЛЫСЫ

Жинақ кассаларының төлемдерді қабылдау жөніндегі халыққа қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Алматы қаласында, 1981 жылдың 1 июлінен бастап тұрғын алаңға, коммуналдық қызметтерге, газға, электр энергиясына, байланыс қызметіне, тұрмыстық приборлар мен аппараттарға, абонементтік қызметке халықпен есептесу үшін бірыңғай төлем документі енгізілсін.

Бірыңғай төлем документі халық депутаттарының жергілікті Советтерінің, мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың үйлерінде, сондай-ақ азаматтардың өзіндік меншігіндегі үйлерінде тұратын халықпен есептесу үшін енгізіледі.

Қазақ ССР Орталық статистика басқармасына халықтың көрсетілген төлемдерді жинақ кассаларына салу жөніндегі документтерді автоматтандырылған өңдеу (осы қаржыларды алушы — республика министрліктері мен ведомстволармен шарт жасасу негізінде) жүктелсін.

2. Бірыңғай төлем документтерін өңдеудің автоматтандырылған жүйесін жасау мен енгізу жөніндегі шығындар Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің және есептесудің басқа қатысушыларының қаржылары есебінен үлестік негізде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

---

[1] 3—7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

§ 4. ҚАЛАЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ КӨРКЕЙТУ

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚОНАҚ ҮЙЛЕРІНДЕГІ ТҰРҒЫНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ОНАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 26 АВГУСТАҒЫ № 781 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 14 октябрьдегі
№ 476 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті халық депутаттары жергілікті Советіне қатысты қонақ үйлерде тұру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдансын ол үшін:

— қонақ үйлерде тұратын адамдарға көрсетілетін ақылы қызметтің көлемі мен ассортиментін ұлғайтуға;

— қонақ үйлер ыдыс-аяқтармен, төсек орындармен, жасау бұйымдармен, инвентарьмен және жабдықпен қамтамасыз етілсін, оларды қазіргі заманғы мебельдермен жабдықтандыруға және қызмет етуші персоналдың еңбегіне механикаландыру құралдарын енгізуге шаралар қабылдансын;

— қонақ үйлердің техникалық пайдалануы едәуір жақсартылсын, ағымдағы және күрделі жөндеуді дер кезінде жүргізу қамтамасыз етілсін, қажет болған жағдайда, номерлерді қайта құру және жақсылап жабдықтау дәрежелерін арттыру, вестибюльдер мен холлдарды эстетикалық безендіру жөніндегі жұмыстар атқарылсын. Қонақ үйлердің санитарлық және өртке қарсы күрес жайын жақсарту жөніндегі шаралар жүзеге асырылсын. Қонақ үйлерді жөндеп ұстау үшін олардың басшыларына талап етушілік арттырылсын;

(алтыншы абзац) қонақ үйлер қызметкерлері кадрлармен жұмыс жақсартылсын, қонақ үйді әкімшіліктің, портье, корпус және этаж мең-

---

[1] 1-пункттің бесінші және жетінші абзацтары, 2, 4—7, 10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.
11-пункт СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 26 августағы № 781 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

герушілерінің қызметтеріне қою үшін оларды даярлау және қайта даярлау жүйелі түрде жүргізіліп отырсын.

3. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне 1978 жылдан бастап, орынды деп табылған жерлерде, қонақ үй шаруашылығының облыстық және қалалық бірлестіктерін ұйымдастыру мәселесін қарап, шешуге.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1978 жылдан бастап, республиканың халық шаруашылығын орындау жоспарында қонақ үйлерді салу мен пайдалануға беру тапсырмаларын қарастырсын.

9. Қонақ үйлері бар Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне, басқа министрліктер мен ведомстволарға қонақ үйлеріндегі қосымша ақылы қызметкерлерден алынатын кірістерден, қонақ үй шаруашылықтары қорында қонақ үй қызметкерлерін тұратындарға жоғары сапалы қызмет көрсеткені үшін көтермелеу мақсатын жұмсауға қаржылардан бес процент қаржы бөлуге рұқсат етілсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ БЕЙІТТЕРДІ ЖӘНЕ СОВЕТ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ МЕН ПАРТИЗАНДАРЫНЫҢ ҚАБІРЛЕРІН ҚӨРКЕЙТУ ЖӘНЕ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 11 АПРЕЛЬДЕГІ № 339 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 3 майдағы
№ 184 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 12, 29-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне:

а) әскери бейіттерді және совет жауынгерлері мен партизандарының қабірлерін көркейту және тиісті тәртіпке келтіру жөнінде қосымша шаралар қабылдау;

б) Қорғаныс министрлігімен немесе әскери басқарудың жергілікті органдарымен келісіп алмайынша жерленгендер сүйегін бауырластар қабірлерінен алып қайта жерлеуге жол бермеу тапсырылсын.

---

[1] 2-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 11 апрельдегі № 339 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

РЕСПУБЛИКА ҚАЛАЛАРЫНЫҢ, ҚАЛАЛЫҚ ПОСЕЛКЕЛЕРІ МЕН СЕЛОЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ САНИТАРЛЫҚ ЖАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЛАРҒА ҰШЫРАУЫН БОЛҒЫЗБАУ ЖӨНІНДЕГІ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 20 майдағы
№ 275 ҚАУЛЫСЫ

(Үзінді)

8. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

— көшелерді, тұрғын үйлердің, кәсіпорындардың, мекемелердің, рыноктардың территорияларын, парктер мен сквердерді көркейту және оларды санитарлық жағынан тазарту жөніндегі жұмыс күшейтілсін, мұның өзінде қалалардағы, қалалық поселкелердегі жеке құрылыс аймақтарын көркейтуге және олардың санитарлық жайын жақсартуға, оларды қоқыстар мен лас заттардан дер кезінде тазартуға ерекше назар аударылсын. Жұртшылықты, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің тұрақты комиссияларын кеңінен қатыстыра отырып, қалалардың, қалалық поселкелер мен селолық елді мекендердің санитарлық жайын тексеру және байқау жұмысы ұдайы жүргізілсін;

— көркейту объектілерін ұстауға бөлінетін бюджеттік қаржыларды ұтымды пайдалану қамтамасыз етілсін, олар ең алдымен территорияларды қоқыстарын жинау және санитарлық тазарту қажеттеріне жұмсалсын;

— санитарлық тазарту кәсіпорындарын жұмысшы кадрларымен толықтыруда коммуналдық шаруашылық органдарына көмек көрсетілсін және қоқыс жинау техникасының барлығын тиімді пайдалану қамтамасыз етілсін;

— орман-парк аймақтарын одан әрі дамыту, көшелерде ағаштар мен бұталарды қатарлап егу, газондар мен гүлзарлар салуды кеңейту жолымен қалалар мен қалалық поселкелерде микроклиматты жақсарту және ауа бассейнін сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар жүзеге асырылсын;

— курорттардың, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, туристік базалардың, пионер лагерьлері мен еңбекшілер жаппай демалатын аймақтар территорияларының санитарлық жағдайын одан әрі жақсартуға шаралар қолданылсын, оларда санитарлық ережелердің қатаң сақталуы және табиғи ортаның сақталуы қамтамасыз етілсін;

— монша-кір жуу кәсіпорындарын дер кезінде жөндеу және олардың үздіксіз жұмыс істеуі, сондай-ақ оларды тиісті санитарлық жағдайда ұстау қамтамасыз етілсін;

— министрліктермен, ведомстволармен және өнеркәсіп кәсіпорындарымен бірлесіп қысқа уақыттың ішінде жұмыс істеп тұрған су құбырларының барлығының сумен жабдықтау көздерін санитарлық жағынан қорғау аймақтарын белгілейтін болсын;

— ауыз суды өнеркәсіп кәсіпорындарының техникалық қажеттеріне пайдалануда ысырапты қысқартуға шаралар қолданылсын;

— шағын қазандарды жою және тұрғын үйлер мен әлеуметтік-мәдени мекемелерді магистральды жылыту жүйелеріне қосу жөнінде шаралар әзірленіп, жүзеге асырылсын;

11. Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесіп:

— *(үшінші абзац)* коммуналдық шаруашылықты өркендетудің жылдық жоспарларында санитарлық тазарту кәсіпорындарын салуға қажетті күрделі қаржының бөлінуін көздеп отырсын.

9-тарау

ХАЛЫҚҚА ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚАЗАҚ ССР-інің АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1963 жылғы 28 декабрьдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

258-статьяның үшінші бөлігі, 259-статьяның үшінші және төртінші бөліктері, 267-статьяның бірінші бөлігінің 3-пунктінің екінші абзацы, 271-статья, 341-статьяның үшінші бөлігі, 347-статьяның үшінші бөлігі, 349-статьяның үшінші бөлігі және 357-статья

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1979 жылғы 14 декабрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 6-пункті және 25-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

6-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 2-пункті, 15-статьяның 4-пункті, 23-статья және 30-статьяның 5-пункті

---

[1] 2-томның 7-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 145-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 163-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 22-статья және 28-статьяның 4-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 20-статья, 26-статьяның 4-пункті, 31-статьяның 2, 3, 7-пункттері және 33-статьяның 2, 3, 6, 8-пункттері

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1968 жылғы 20 декабрьдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 12-статьяның 5-пункті, 19-статьяның 1, 2, 5, 7, 8-пункттері және 24-статьяның 3-пункті

ҚАЗАҚ ССР-інің ТҰРҒЫН ҮЙ КОДЕКСІ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1983 жылғы 30 июньдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 28, 299-ст.)

124-статьяның екінші бөлігі

---

[1] 1-томның 191-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 221-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 254-бетін қараңыз.
[4] 4-томның 8-бетін қараңыз.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚҚА ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТЫП, ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 24 МАРТТАҒЫ № 235 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 1 апрельдегі
№ 154 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 8, 36-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі ҚПСС XXVI съезінің, ҚПСС Орталық Комитетінің май және ноябрь (1982 ж.) Пленумдарының шешімдеріне сәйкес республикада халықтың тұрмыс қажетін өтеу ісін жетілдіру, тұрмыстық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде белгілі жұмыс жүргізіліп отырғанын атап өтеді. Үстіміздегі бесжылдықтың екі жылы ішінде қызмет көрсету көлемі бір тұрғынға шаққанда 12 процент, оның ішінде селолық жерлерде 16 процент ұлғайды.

Сонымен бірге ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында атап өтілген кемшіліктердің біздің республикаға да толық дәрежеде қатысы бар. Тұрмыс қажетін өтеудің қол жеткен дәрежесі халықтың өскелең талап-тілегінен әлі де болса елеулі түрде артта қалып отыр.

Бірқатар облыстарда, өнеркәсіп орталықтарында және әсіресе селолық жерлерде ательелердің, шеберханалар мен комплексті қабылдау пункттерінің жүйесі жете дамытылмаған. Заттарды химиялық әдіспен тазартатын, радио-телевизия аппаратурасын, тұрмыстық машиналар мен приборларды, мебель мен тұрғын жайды жөндейтін, кір жуатын және ұзақ пайдаланылатын заттарды прокатқа беретін кәсіпорындардың қызметтерін пайдалануға барлық жерде бірдей мүмкіндік болмай отыр. Қызмет көрсету мәдениетінің төмен болуы, заказдарды орындау мерзімдерінің бұзылуы және сапасының нашарлығы азаматтардың әділ наразылығы мен шағымдарын жиі-жиі туғызады.

Тұрмыс қажетін өтеудің жаңа түрлері мен формалары баяу игеріледі, кәсіпорындардың разрядтылығын арттыру жөніндегі жұмыс нашар жүргізіледі. Абонементтік қызмет көрсету, бұзылған тұрмыстық машиналар мен приборларды күні бұрын жөнделгендерімен алмастыру, заказдарды үйде орындау тиісті түрде дамымай келеді. Қолда бар өндірістік қуаттар толық пайданылмайды. Шалғайдағы елді мекендер мен жайылымдық мал шаруашылығы учаскелерінде халықтың тұрмыс қажетін өтеу ісінде елеулі олқылықтар орын алып отыр.

Гурьев, Маңғышлақ, Талдықорған облыстарында тұрғын үй құрылысына жұмсалатын күрделі қаржының 0,4 проценті, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыс және басқа ұйымдар беретін үй-жайлар есебінен тұрмыстық қызмет жүйесін ұлғайтуға көңіл аз бөлінеді. Жезқазған, Көкшетау, Орал, Ақтөбе, Қызылорда, Торғай облыстарының колхоздары мен совхоздарының орталық усадьбаларында тұрмыстық қызмет үйлерін немесе комплексті қабылдау пункттерін ұйымдастыру әлі күнге дейін аяқталған жоқ.

---

[1] 3-пункттің төртінші абзацы, 4—8-пункттер, 9-пункттің екінші абзацы, 11, 12, 14, 19, 22-пункттер, 23-пункттің бірінші абзацы, 27 және 28-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

26-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 24 марттағы № 235 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі мен халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері дамушы территориялық-өндірістік комплекстер аймақтарында еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеу мәселелерімен нысаналы түрде жете шұғылданбайды.

Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі тұрмыстық қызмет кәсіпорындарына құрылыс және лак-бояу материалдарын, бақылау-өлшеу приборларын, маталарды, былғары товарларын, киім мен аяқкиім фурнитурасын толық көлемде және ассортиментте беріп тұруды қамтамасыз етпейді.

Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі мен Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі тұрмыс қажетін өтеу объектілерінің күрделі құрылысы жоспарларын жыл сайын орындамайды; 1981—1982 жылдары олар осы мақсатқа арнап бөлінген қаржының 30 процеттен астамын игермеді.

Жекелеген жергілікті партия және совет органдары тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының қызметін дамытып, жақсартуға, осы жүйені инициативті басшылармен және білікті мамандармен нығайтуға қажетті қамқорлық көрсетпейді. Тұрмыс қажетін өтеу қызметкерлері тұрғын жаймен, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қанағаттанғысыз қамтамасыз етіледі, емдеу-сауықтыру шараларымен аз қамтылады. Тұрмыстық қызмет кәсіпорындарының жұмысына қоғамдық бақылау нашар жүзеге асырылады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді одан әрі дамытып, жақсарту туралы» 1983 жылғы 24 марттағы № 235 қаулысы бұлжытпай басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттеріне, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының қызметін дамытып, жақсарту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейтіп, халық шаруашылығының осы маңызды саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тұрмыстық қызметтің осы заманғы кәсіпорындарын құруға тұрақты қамқорлық көрсету міндеттелсін. Халықтың тұрмыстық қызметтерге деген сұранымын неғұрлым толық қанағаттандыруға, қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін арттыруға, тұрмыстық қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі жоспарлар мен тапсырмалардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асырсын.

3. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, тұрмыстық қызмет кәсіпорындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері:

халықтың қолындағы бұйымдардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру (радио-телевизия аппаратурасын, тұрмыстық машиналар мен приборларды, мебельді, аяқкиім мен киімді жөндеу, киім жуу, заттарды химиялық әдіспен тазарту) жөніндегі қызметтердің ұлғайтылуын, сондай-ақ халықтың шаштараз, монша, фотоателье, ұзақ пайдаланылатын заттарды прокатка беру ательесінің қызметтеріне деген қажеті қанағаттандырылуын, халықтың заказдары бойынша бірегейлігімен, сәнділігімен және мұқият безендірілуімен ерекшеленетін бұйымдар жасалуын қамтамасыз етсін;

облыстар мен ірі қалаларда тұрмыстық қызметтердің негізгі түрле-

рі бойынша мамандандырылған өндірістік бірлестіктер құру жөніндегі жұмысты күшейтсін. Облыс орталықтары мен ірі қалаларда осы бірлестіктердің жоғары деңгейде механикаландырылған бас кәсіпорындарын, ал басқа қалалар мен аудан орталықтарында — филиалдарын немесе цехтарын салуды қамтамасыз етсін;

(бесінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті тұрмыстық қызметтің жоғары разрядты кәсіпорындарын жабдықтандыру үшін мебельге арналған қорлар бөлінуін жылдық жоспарларда көздеп отыратын болсын;

тұрмыс қажетін өтеудің жаңа түрлері мен прогресті формаларын (тұрмыстық техниканы жөндеу, заттарды химиялық әдіспен тазарту жөніндегі заказдарды шұғыл орындау, абонементтер бойынша қызмет көрсету, заказдарды еңбекшілердің тұрғылықты жерінде қабылдау және жеткізіп беру, кейіннен кигізіп көрмей-ақ киім тігу, тұрмыс приборларын күні бұрын жөнделгендерімен алмастыру) ұлғайтуға шаралар қолдансын;

селолық жерлердегі комплексті қабылдау пункттері мен тұрмыстық қызмет үйлерінде тиісті ауданның территориясында орналасқан тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары көрсететін қызметтің барлық түріне заказдар қабылдануын, радиомеханик, тұрмыстық машиналар мен приборлар жөндейтін слесарь, шаштаразшы үшін жұмыс орны, киім кигізіп көретін қабиналар жабдықталуын, сондай-ақ телефон аппараттары орнатылуын қамтамасыз етсін; село халқының мебель жасауға, аяққиім, киім тігуге, тұрғын жай салуға, тұрмыстық техниканы жөндеуге деген сұранымын неғұрлым толық қанағаттандырып отыратын болсын;

тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының жұмыс режимі еңбекшілерге неғұрлым қолайлы болуы үшін оны одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізе берсін;

пенсионерлерді, үй шаруасындағы әйелдер мен студенттерді тұрмыстық қызмет кәсіпорындары мен ұйымдарына толық емес жұмыс күнімен жұмыс істеуге кеңінен қатыстырып, сала қызметкерлеріне сабақтас кәсіптерді үйретуді және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етсін;

халық тұрмыс қажетін өтеу басқармаларына қабылдау пункттерінің, ательелердің, шеберханалардың, тұрмыстық қызметтің басқа да кәсіпорындарының үй-жайын жөндеу үшін материалдық-техникалық және финанс ресурстары неғұрлым толық бөлінуін көздеп отырсын;

заказдардың орындалу мерзімдері мен тұрмыс қажетін өтеу ережелерінің сақталуы үшін лауазымды адамдардың жауапкершілігін арттырсын, түскен қаржыны иемденіп кетуге, квитанциясыз жұмыстарды орындауға және басқа жағымсыз құбылыстарға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізетін болсын.

9. Облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі:

(үшінші абзац) барлық облыс орталықтарында кварц сағаттарды жөндеуді және оларға техникалық күтім жасауды жүзеге асыратын кәсіпорындар жүйесін құруға, сондай-ақ қалалар мен селолық жерлерде халықтың қаржысы есебінен тұрғын үйлерді жөндеу жөніндегі қызметтерді ұлғайтуға шаралар қолдансын, азаматтардың заказдары бойынша кооперативтік үйлердегі пәтерлерді жабдықтау және жақсарта әрлеу жөніндегі жұмысқа тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын кеңінен қатыстыратын болсын.

Қазақ ССР-інің өнеркәсіп және құрылыс министрліктері мен ведомстволары қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың тұрмыстық қызмет үйлерін және тұрмыс қажетін өтейтін басқа да объектілерді өз

қаржылары есебінен салуға қатысуын қамтамасыз етсін, ірі өнеркәсіптік комплекстер мен объектілерді жобалаған кезде тұрмыстық қызмет кәсіпорындарын салуды көздеп отырсын.

Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолы басқармалары, Қазақ азаматтық авиация басқармасы ірі темір жол станцияларында, авиация порттарында және вокзалдарда тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын кеңейту мен салуды жүзеге асыратын болсын.

Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары қарамағындағы санаторийлерде, пансионаттар мен демалыс үйлерінде демалушылар мен сауықтыру орындарының персоналына тұрмыс қажетін өтеу пункттері салынуын немесе оларды ұйымдастыру үшін үй-жайлар бөлінуін қамтамасыз етсін.

10. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті әкімшілік аудандарды орналастыру жобаларын, сондай-ақ селолық жерлердегі елді мекендерді жобалау және салу жобаларын қайта қараған кезде оларда тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын тұрғызуды көздейтін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР-інің мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, село халқына қызмет көрсету үшін киімді химиялық әдіспен тазартатын кәсіпорындар, радио-телевизия аппаратурасын, тоңазытқыштарды, кір жуатын машиналарды, басқа да тұрмыстық техниканы жөндейтін комплексті кәсіпорындар салу көлемін ұлғайту туралы ұсыныстарды жылдық жоспарлармен бірге Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізіп отырсын.

13. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері:

тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарына еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда, оларды қажетті жабдықтармен, бақылау-өлшеу приборларымен, тетіктермен және аспаптармен жабдықтандыруда қамқорлық көмек көрсету үшін өнеркәсіп кәсіпорындарының коллективтерін кеңінен қатыстыратын болсын;

тұрмыс қажетін өтеу қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын, олардың балалары мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етілуін жақсартуға, пионер лагерьлері жүйесін кеңейтуге, осы сала қызметкерлері үшін сауықтыру шаралары мен олардың демалысын ұйымдастыруға шаралар қолдансын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарларда Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне кооперативтік тұрғын үйлерде жалпы көлемі кемінде 2 мың шаршы метр тұрғын жай бөлінуін, сондай-ақ осы Министрлік кәсіпорындарының қызметкерлеріне арнап өз мақсатында пайдаланылатын жатақханалар салынуын көздейтін болсын.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР-інің өздеріне бекітілген номенклатура бойынша өнім бөлудің баланстары мен жоспарларын әзірлейтін миистрліктері мен ведомстволары Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне қажетті мөлшерде материалдық-техникалық ресурстар мен автотранспорт бөлінуін көздейтін болсын. 1984—1985 жылдары осы Министрлікке радиотелевизия аппаратурасын, тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндейтін кәсіпорындар және ұзақ пайдаланылатын заттарды халыққа прокатқа беретін кәсіпорындар үшін жыл сайын 175 данадан УАЗ, ЕрАЗ, 350 данадан ИЖ шағын тоннажды автомобильдерін және 70 да-

надан коляскалы мотоциклдер (ИЖ, «Урал» және «Киев») бөліп отырсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі тұрмыстық қызмет кәсіпорындарының автомобильдердің запас бөлшектеріне және автомобильдер мен олардың агрегаттарын жөндеуге арнап орын беруге деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыратын болсын.

16. Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің қарамағына мыналарды бөліп отырсын:

жеке-дара заказ бойынша киім тігетін кәсіпорындар үшін — маталар (оның ішінде үлгісі жаңа маталар мен шетелден сатып алынатын маталар), өңдейтін және қолданбалы материалдар, мақта, ватин, жіптер, таза және жасанды мех; бұл кәсіпорындарды маталармен, басқа да материалдармен, тігін өнеркәсібі кәсіпорындары сияқты, бірінші кезекте және ассортиментте қамтамасыз ету ескерілетін болсын;

прокат пункттері үшін — прокат қызметі көлемдерінің жоспарланған өсімін қамтамасыз ететін мөлшерде мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы товарлар.

17. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне кемінде 3-сортты «М» индексі жоғары сапалы, табыс етілетін спецификацияларға сәйкес ақшыл және ашық түсті сырт киімдік былғары товарларын, сондай-ақ аяққиімдік шегелерді, супинаторларды, нәлдер мен басқа да фурнитураны, өңдейтін материалдарды тұрмыстық қызмет кәсіпорындарына бірінші кезекте беріп тұруды жүзеге асыру міндеттелсін.

18. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі тұрмыс қажетін өтеу ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдарына басшылықтың күшейтілуін қамтамасыз етсін, олардың басшыларының тақырыптың актуалдылығы, жұмыстардың ғылыми және техникалық-экономикалық дәрежесі үшін, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының прогресті жобаларын әзірлеу жөніндегі жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуы, еңбекшілер заказдарының орындалу сапасын жақсартып, оларға қызмет көрсету мәдениетін арттыруды қамтамасыз ететін ең соны технологиялық процестер мен жабдықтарды жасап, кеңінен енгізу үшін жауапкершілігін көтеретін болсын.

20. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері тұрмыстық қызмет кәсіпорындары халыққа көрсететін тұрмыстық қызметтерді жарнамалау ісін жақсартуға шаралар қолданып, бұл мақсат үшін баспасөзді, радионы, телевизияны және жарнаманың басқа да тәсілдерін кеңінен пайдалансын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің заказдары бойынша тұрмыстық қызмет анықтамалықтарын басып шығаруды қамтамасыз етсін.

21. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігіне 1983 жылдан бастап халыққа қызмет көрсетудің түрлері мен формаларын ұйымдастыруға және енгізуге тікелей қатысқан тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлеріне сыйлық беруге арналған орталықтандырылған қорларды тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының нақты пайдасының 0,5 проценті мөлшерінде жасауға рұқсат етілсін.

Орталықтандырылған қор есебінен бір қызметкерге төленетін сыйлық мөлшері оның тоқсандағы айлық қызмет окладының (тарифтік ставкасының) 40 процентінен аспауға тиіс.

23. *(Екінші абзац)* Облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері еңбек ұйымдастыруға, біліктілік пен шеберлікті арттыруға, ұстаздықты кеңінен пайдалануға ерекше назар аудара отырып, өндірісте жас жұмысшылардың неғұрлым ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етсін. Жас жұмысшыларға тиісті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауға қамқорлық көрсетіп отырсын.

24. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері халықтың тұрмыс қажетін өтеу ісін дамытып, жақсарту жөніндегі ұйымдастыру жұмысын күшейтсін, совет және шаруашылық органдары, кәсіпорындар, ұйымдар, колхоздар мен совхоздар басшыларының осы мәселелерді шешу үшін жауапкершілігін арттырып, еңбекшілердің тұрмыстық қызметтерге деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталған шараларды олардың сөзсіз орындауына қол жеткізсін. Тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары бастауыш партия ұйымдарының қызметіне басшылықты жақсартсын, еңбек коллективтерін мемлекеттік жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді орындауға жұмылдыруда оларға көмек көрсетсін, тұрмыстық қызмет қызметкерлерін қызмет бабындағы міндеттерін орындауға жоғары жауапкершілік, жұмыстағы кемшіліктерге ымырасыздық, еңбек және мемлекеттік тәртіпті аса қатаң сақтау, социалистік меншікке ұқыпты қарау, тұрмыс қажетін өтеу ережелерін мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеп отырсын.

25. Республикалық және облыстық газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының жұмысына тереңірек үңіліп, олардың қызметін неғұрлым біліктілікпен көрсетіп отырсын, озат коллективтер мен таңдаулы қызметкерлердің тәжірибесін белсене насихаттап, тұрмыстық қызмет қызметкерлері кәсіптерінің қоғамдық беделін көтеруге жәрдемдесетін болсын, партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының тұрмыс қажетін өтеу ісін дамыту, он бірінші бесжылдық тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету, еңбекшілердің заказдарын орындау сапасын және оларға қызмет көрсету мәдениетін арттыру жөніндегі қызметін неғұрлым толық жазып отырсын.

РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫНА ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1967 жылғы 31 октябрьдегі № 734 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 12, 67-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақстан КП облыстық, аудандық комитеттеріне, еңбекшілер

[1] 1-пункттің екінші — бесінші абзацтары, 2—7, 9, 11—13-пункттер, 14-пункттің төртінші абзацы, 15—19-пункттер, 20-пункттің үшінші, төртінші абзацтары, 21, 22 және 25-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

24-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 26 августағы № 822 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

депутаттары Советтерінің облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

(алтыншы абзац) мейманханаларда, колхозшы үйлерінде, пансионаттарда, туристік базаларда, санаторийларда, демалыс үйлері мен аймақтарында тұратындарға тұрмыстық қызмет көрсетуді өрістетуді қамтамасыз ету мақсатымен оларға тиісті ақысына киім мен аяқ киімдерді жөндеу, ішкі киімді дереу жуу сияқты қызметтер, шаштараздық қызметтер, азаматтардың транспорт құралдарын техникалық жағынан қамту, мәдени-тұрмыс мақсатындағы заттарды прокатқа беру және тағы басқа қызметтер алу үшін жағдайлар жасауды қөздеу;

халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары мен ұйымдары дайындалған және жігерлі қызметкерлер арасында басшы кадрлармен және мамандармен нығайтуға шара қолдану, олардың жұмысына үнемі қамқорлық көрсету;

партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының назары тұрмыстық қызмет көрсету қызметкерлер арасында тәрбие жұмысын күшейту, халыққа қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін арттыруға жұмылдырылсын;

халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мәселелері партия комитеттерінде, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сессияларында үнемі талқыланып, кемшіліктерді болдырмауға әсер ететін шаралар қолданылсын, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді дамыту мен жақсарту мәселелеріне өз қызметінің маңызды учаскелерінің бірі ретінде қаралсын.

8. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі республикалық комитеттердің, облыстық советтердің, кәсіподақтардың фабрика-завод және жергілікті комитеттерінің назарын жұмысшылар мен қызметшілерге тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шараларды іске асыруға жұмылдырылсын, осы мәселелер өндіріс кәсіпорындарының коллективтік шарттарына енгізілсін.

10. № 5 қосымшаға сәйкес әрбір селолық ауданда халыққа міндетті түрде көрсетілетін тұрмыстық қызметтердің тізбегі белгіленсін.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне:

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі мен Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің заявкалары негізінде жылдық жоспарларда халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары мен ұйымдарына қажетті мамандар даярлау үшін жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқушылар қабылдауды қарастырсын;

жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіретін мамандарды бөлгенде тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары мен ұйымдарын осы мамандармен барынша қамтамасыз етуді қарастырсын.

20. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі:

республика министрліктері мен ведомстволарының заказдары бойынша олардың жобалауға деген лимиттері есебінен «Қазгипротехнобыт» институтының күшімен жобалауды және құрылысы республика совхоздары мен колхоздарының, өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының қаржылары есебінен іске асырылатын комбинаттардың, павильондардың, тұрмыс үйлерінің, тұрмыс қызметінің және басқа объектілерінің жобаларын байланыстыруды атқаратын болсын.

23. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Радиохабар тарату және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің заказдары бойынша

қысқа метражды жарнамалы фильмдерді дайындауды, анықтамалар мен брошюраларды басып шығаруды, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының озат коллективтерінің жетістіктері жөнінде телевизия хабарлары мен радио хабарларын әзірлеуді қамтамасыз етсін, республика еңбекшілеріне тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының көмегімен пайдаланудан олардың алатын артықшылығы жөнінде түсінікті түрде әңгімелеу қажет.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 31 октябрьдегі № 734 қаулысына № 5 ҚОСЫМША

ҚАЗАҚ ССР-нің ӘРБІР СЕЛОЛЫҚ АУДАНЫНДА ХАЛЫҚҚА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ТҰРМЫС ҚЫЗМЕТІНІҢ ТІЗБЕГІ

Еркек, әйел және бала киімін жеке тігу
Еркек, әйел және бала киімін жөндеу
Ұлт киімін жеке тігу
Трикотаж бұйымдарын тоқу және жөндеу
Бас киімдерді дайындау және жөндеу
Былғары және резина аяқкиімін жеке тігу және жөндеу
Күрделі тұрмыс қызметі машиналары мен приборларын жөндеу
Жеке меншікте пайдаланудағы транспорт құралдарын жөндеу
Металл бұйымдарын дайындау және жөндеу
Халықтың заказдары бойынша жұмсақ және қатқыл мебельді дайындау және жөндеу
Бөшке-ыдыстарды дайындау және жөндеу
Халықтың заказдары бойынша тұрғын үйлерді жөндеу және салу
Ұн тарту, жармаларды өндіру және өзінің шикізатынан майлы тұқымдарды өңдеу
Киімді химиялық әдіспен тазалау және бояу
Ішкі киімді жуу
Фотография қызметін көрсету және фотокиномен әуестенушілердің пленкаларын өңдеу
Халықтың заказдары бойынша байпақ аяқ киімді дайындау және жөндеу
Шаштараз қызметін көрсету
Пештерді қалау және жөндеу
Мәдени-тұрмыс мақсатындағы және шаруашылық қажеттегі заттарды прокатқа беру
Ағашты жару және жинау
Сатып алынған товарларды, отынды және басқа жүктерді үйге тасып жеткізу
Халықтың жеке меншігіндегі малды бағып-жаю
Қызмет бюросының қызметтері
Моншалар мен душтар қызметтері.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚҚА АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ҚӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР КӨРСЕТЕТІН БҰЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 31 ИЮЛЬДЕГІ № 716 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 2 сентябрьдегі № 309
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 19, 64-ст.)

Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың және халық шаруашылығының қажетті мүмкіндіктері бар басқа салаларының кәсіпорындары мен ұйымдарын халыққа ақылы қызмет көрсетуге кеңінен қатыстыру және СССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 31 июльдегі № 716 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті қарамағындағы қажетті мүмкіндіктері бар кәсіпорындар мен ұйымдарда өз қызметкерлері мен басқа азаматтарға көрсетілетін ақылы қызметтер және ең алдымен тұрмыстық техника мен тұрғын жайларды жөндеу жөніндегі қызметтер, транспорт қызметтерін, кооперативтік гараждар мен бау өсіру серіктіктеріне арналған құрылыстар салу, транспорт құралдарына техникалық күтім жасау мен жөндеу жөніндегі қызметтер, мәдениет, физкультура мен спорт мекемелерінің, санаторий-курорт және сауықтыру мекемелерінің қызметтері едәуір ұлғайтылуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына 1986—1990 жылдарға арнап аталған кәсіпорындар мен ұйымдар халыққа көрсететін ақылы қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары жоспарларда кәсіпорындар мен ұйымдардың халыққа ақылы қызмет көрсету жөнінде белгіленген тапсырмаларды орындауына қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлуді көздеп отырсын.

---

[1] 4-пункт және қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 31 июльдегі № 716 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

ХАЛЫҚҚА ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚӘСІПОРЫНДАРЫН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 8 декабрьдегі
№ 726 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Бас басқармасына, СССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті бекітетін номенклатурасы бойынша тұрмыстық электр машиналары мен приборларға деген қажетсінушілікті анықтау және запас бөлшектерді бөлу жоспарларын жасау қосымша жүктелсін.

4. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі тұрмыс қызметі кәсіпорындары үшін қажетті, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігімен тікелей шарттар бойынша, қарамағындағы кәсіпорындарында фурнитур, металл және пластмассалық бұйымдар өндіруді орналастыратын болсын.

6. Казглавбытснабка, халық депутаттары Советтерінің облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттерінің халық тұрмыс қажетін өтеу басқармаларына тоқыма товарларымен сауда жасау жөніндегі көтерме сауда базаларында маталарды, соның ішінде импорт бойынша түсетін маталарды, киімді жеке тігу үшін, оларға бөлінген қорлар көлемінде іріктеп алуға және айырбастауға право беріледі.

7. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне:

в) 1969 жылдан бастап, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын оларға бөлінген қорлар көлемінде шикізатты, материалдар мен фурнитурды (аяқ киім фурнитуры мен метиздер, жүннен ірілген жіп, жүн және вискоз тоқыма маталары) қажетті мөлшерде және ассортиментінде қамтамасыз ететін жабдықтаушыларға бекітіп беруді жүргізетін болсын;

г) тұрмыс қызметі кәсіпорындарын жөндеуге және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының жаңа материалдардан жасап шығарған бұйымдарын жөндеуге және қайта қалпына келтіруге әзірлеу үшін жүн маталарының, жүн және вискоз тоқыма маталарының жаңа өнімдерін халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына, оларға бөлінетін лимит есебіне берілетін болсын;

д) халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына республиканың тоқыма кәсіпорындары жасап шығаратын вискоз және жүн матаны, оларға бөлінген лимит көлемінде, таңдап алуға рұқсат етілсін.

9. Облыстық атқару комитеттері, аудандық атқару комитеттері, қалалық атқару комитеттері мен қаладағы аудандық атқару комитеттері тұрмыс қызметі объектілері бойынша тұрғын үй жөндеу мен салу және жөндеу-құрылыс жұмыстары жөніндегі халықтың заказдарын орындау үшін халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына жергілікті құрылыс материалдарына деген қорды мүмкіндігінше көп бөлетін болсын.

---

[1] 1, 5-пункттер және 7-пункттің «а», «б» тармақтары Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 15 мартағы № 94 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 10, 25-ст.).

3 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 27 августағы № 654 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

10. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі тұрмыс қызметін орындауға шикізатты, материалдар мен запас бөлшектердің жұмсалуына қатаң бақылау орнатуға міндеттелсін. Шикізатты, материалдарды, запас бөлшектерді, отын мен электр энергиясын жұмсаудың бекітілген нормалары үнемі қайта қаралып, оларды үнемдеу жөніндегі шаралар іске асырылатын болсын.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 9 апрельдегі
№ 211 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 8, 38-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1969 жылғы 9 апрельдегі № 211
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес республикалық министрлік болып табылады және ол өзінің қызметінде тікелей Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі республикаға және жергілікті жерге бағынатын өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге басшылық етеді және республикада халықтың тұрмыс қажетін өтеудің жай-жағдайына, оны одан әрі дамыта беруге жауап береді.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі өз қызметін халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттерімен өзара байланыс жасай отырып жүзеге асырады, халықтың тұрмыс қажетін өтеудің барлық түрін дамыта беру жөніндегі жұмысты Қазақ ССР министрліктерімен және ведомстволарымен үйлестіреді, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдары, республиканың тағы басқа министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындары мен ұйымдары арасында басқа да қажетті байланыстарды ұйымдастырады.

2. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— Партия мен Үкіметтің халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін барынша дамыту жөніндегі шешімдерінің орындалуын, тұрмыстық қызмет, өнім шығару, күрделі құрылыс, негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды іске қосу жоспарларын, ғылыми-зерттеу жұмыстары және ғылым

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу жоспарларын, еңбек өнімділігін арттыру, қызметтің, өнімнің өзіндік құнын және құрылыстың құнын арзандату жөніндегі тапсырмалардың, қор жинау, бюджетке төлемдерді өтеу, жоспардың тағы басқа көрсеткіштері жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету;

— тұрмыстық қызмет көрсету ісін халық шаруашылығының ірі механикаландырылған саласына айналдыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру; комбинаттардың, шеберханалардың, қабылдау пункттерінің, тағы басқа тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындардың жүйесін дамыту;

— халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің мәдениетін арттыру және оны жақсы ұйымдастыру, орындалатын жұмыстың сапасын жақсарту, тұрмыстық қызмет көрсетудің жаңа формалары мен түрлерін енгізу;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарда жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа формаларының енгізілуін қамтамасыз ету, Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі жүйесіндегі жоспарлы және экономикалық жұмыстарды жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, өзін көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату, жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу.

3. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі Министрлік жүйесінде заңдардың қолданылу практикасынан қорытынды шығарады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

4. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің перспективтік және жылдық жоспарлардың жобаларын жасау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады, бұл жоспарлардың жобаларын әзірлеуге байланысты методикалық нұсқаулар береді және кәсіпорындардың, техникалық, өнеркәсіптік және финанстық жоспарларының формаларын бекітеді;

— кәсіподақ ұйымдарын кеңінен қатыстыра отырып, халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің халықтың тұрмыс қажетін өтеу басқармалары, кәсіпорындары жасаған, облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері қарап мақұлдаған жоспарлардың негізінде халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін дамытудың перспективтік, ағымдағы жоспарларын жасайды және оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарлы тапсырмаларын бекітеді;

— тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі белгіленген жоспарларды

министрлік жүйесіндегі барлық кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің орындауын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар шығарған, ГОСТ-тар және ОСТ-тар қолданылмайтын, өнімнің жекелеген түрлерінің, сондай-ақ ішкі жабдықтау жүйесі үшін қажетті бұйымдардың, шала фабрикаттардың, жабдықтың, құрал-сайманның және шикізаттар, материалдар, отын және электр қуатын жұмсау нормаларының техникалық шарттарын жасап бекітеді;

— белгіленген тәртіп бойынша Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар шығаратын өнімнің көтерме және бөлшек сауда бағаларының жобаларын жасап, бекітуге табыс етеді, сондай-ақ тұрмыстық қызметтің бағалары мен тарифтерін бекіткен кезде облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері басшылыққа алу үшін халыққа көрсетілетін тұрмыстық қызметтің республика бойынша бірыңғай тарифтерінің жобаларын ұсыныс ретінде жасайды; министрлік жүйесінде қызмет көрсетудің тарифтері мен бағаларының дұрыс қолданылуына бақылау жасайды;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде бастапқы есепті ұйымдастырады, олар үшін бастапқы есептің формаларын бекітеді, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп алады, есеп жұмыстарын орталықтандыру және есептің прогрессивтік әдістерін енгізу шараларын жүзеге асырады;

— шаруашылық есепті нығайту, кәсіпорындардың рентабельділігін арттыру, негізгі қорлар мен айналым қаржыларды дұрыс және тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарын ұйымдастырады;

— тұрмыстық қызмет кәсіпорындарын мамандандыру, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру, еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін, жабдықтарды пайдаланудың, шикізаттар, материалдар, отын, электр қуатын жұмсаудың бекітілген нормаларын енгізу жөнінде шаралар белгілеп, жүзеге асыруда тұрмыс қажетін өтеу басқармалары мен кәсіпорындарына көмек көрсетеді;

— Министрлік жүйесіндегі өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісін басқарады, өнертапқыштыққа, рационализаторлыққа байланысты перспективтік және ағымдағы тақырыптық жоспарларды жасайды, өнертапқыштық және рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізуді қамтамасыз етеді. Басқа одақтас республикалардағы, сондай-ақ шет елдердегі тұрмыстық қызмет кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері жұмысының тиімді тәжірибесін зерттейді және өндіріске енгізеді;

— дайындаушы заводтармен жасалған договорлар бойынша техникалық жағынан күрделі тұрмыстық машиналар мен приборларды тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындардың кепілге алып жөндеп беруі жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

— күрделі құрылысты басқаруды жүзеге асырады, күрделі қаржыны неғұрлым тиімді пайдалануды, жаңа өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосуды, құрылыста үлгі жобаларды барынша пайдалануды қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша титулдық тізімдерді және жоба-смета документациясын бекітеді; мердігерлік құрылыс ұйымдары жүзеге асыратын құрылысты бақылайды, қажетті жоба-смета документациясын дер кезінде жасап, бекітуді және оны құрылысқа беруді қамтамасыз етеді; жоба және смета документациясының сапасына және құрылыстың бекітілген сметалық құнының орындалуына, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарының және салынып жатқан объектілерге берілетін жабдықтардың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асырады;

— тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындарды, құрылыстарды, ұйымдарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар шығаратын өнімді өткізуді ұйымдастырады;

— халық тұрмыс қажетін өтеу басқармаларына, сондай-ақ министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға шикізатқа, материалдарға, жабдыққа, құрал-сайманға, отынға фондылар бөледі, бұл фондылардың уақытында өткізілуіне және оларды өз орнына пайдалануға бақылау жасайды;

— шикізаттар мен материалдарды орталықтандырылмаған жолмен дайындауды, сондай-ақ ішкі жабдықтау жүйесіне қажетті стандартталмаған жабдық, құрал-сайман, тетіктер, шала фабрикаттар өндіруді және бөлуді ұйымдастырады;

— халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс қызметін басқарады және олармен бірлесе отырып тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар жұмысының рентабельділігін арттыруға байланысты шараларды белгілеп жүзеге асырады, белгіленген тәртіп бойынша республикаға бағынатын кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды қаржыландырады;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдардың есептері мен баланстарын бекітеді, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің халықтың тұрмыс қажетін өтеу басқармаларының есептерін талдап бекітеді және министрлік қызметінің барлық түрі бойынша дүркін-дүркін және жылдық жинақталған бухгалтерлік, статистикалық есептер жасайды, Министрлік қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға және тұрмыс қажетін өтеу басқармаларына документтік тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде мемлекеттік меншікті қорғау жөніндегі шараларын жүзеге асырады;

— белгіленген тәртіп бойынша республикаға бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді құрады, қайта құрады және таратады, сондай-ақ халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттерімен келісе отырып, бекітілген еңбек жоспары (бюджеттен бөлінген қаржылардың) шегінде тұрмыстық кәсіпорындарды ұйымдастыру және тарату мәселелерін шешеді;

— халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерімен бірлесе отырып, жұмысшылар мен қызметшілерді, инженер-техник және басшы қызметкерлерді іріктеу, орналастыру, мамандығын арттыру және оларды дұрыс пайдалану жөніндегі шараларын жүзеге асырады. Министрліктің қарамағындағы оқу комбинаттары мен курстардың жұмысын басқарады;

— тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары және арнаулы орта білімді мамандарды қазір және алдағы уақыттарда қанша қажет ететінін анықтайды;

— Қазақтың мемлекеттік халықтың тұрмыс қажетін өтеу жобалау-технологиялық институтының жұмысын басқарады;

— кәсіподақ ұйымдарын қатыстыра отырып, Министрлік жүйесінде еңбек тәртібін нығайту, еңбек заңын, техникалық хауіпсіздікті сақтау және еңбек қорғау жөніндегі шараларды белгілейді және жүзеге асырады, коллективтік договорлар жасауды басқарады және олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады;

— жергілікті өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бір-

лесе отырып, Министрлік жүйесінде кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілерінің творчестволық инициативасын дамытуға, барлық көрсеткіштер бойынша белгіленген жоспарларды мерзімінен бұрын орындауға, тұрмыстық қызметтің сапасын жақсартуға, халыққа қызмет көрсетудің мәдениетін арттыруға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға және тұрмыстық қызмет пен өнімнің өзіндік құнын арзандатуға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады;

— қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив жиналыстарын өткізіп отырады. Бұл жиналыстарда Партия мен Үкімет шешімдерінің орындалуы жөніндегі шаралар туралы баяндамалар, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін дамытудың маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын жақсартуға байланысты мәселелерді талқылайды.

5. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігін министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министр орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу Министрі бөліп береді.

6. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында министр (председатель) және министрдің орынбасарлары, сондай-ақ министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

7. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрі министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді, министрдің орынбасарларының, Министрліктің басқармалары бастықтарының, тағы басқа бөлімшелері басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

8. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрі өз компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің міндетті түрде орындауы үшін нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрі қажет болған жағдайларда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірлескен бұйрықтар, нұсқаулар шығарады.

9. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіп отыратын мәжілістерінде халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін дамытудың, тұрмыс қызметін ұйымдастыруды жақсартудың негізгі мәселелерін және Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, олардың жұмысының мәдениеті, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және пайдалану, мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың

жобаларын талқылайды. Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінін және оның қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшыларының есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас туған жағдайда министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

10. Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шет елдік ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және тұрмыстық қызмет көрсету ісіне енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігінде техникалық және көркемдік советтер құрылады.

Техникалық және көркемдік советтердің құрамын және олар туралы ережені Министр бекітеді.

11. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер арасында шаруашылық мәселелеріне байланысты туған дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Халық тұрмыс кажетін өтеу министрлігі арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру үшін бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Министр бекітеді.

12. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің құрылымын және орталық аппараттың қызметкерлері санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрі бекітеді. Бас басқармалар, басқармалар және бөлімдер туралы ережелерде олардың Министрлік компетенциясы шегіндегі уәкілдігі белгіленеді.

13. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысы жөнінде еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

14. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 5 ноябрьдегі
№ 440 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 22, 73-ст.)

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасын * ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық

* Бұдан былай текст бойынша «халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы».

(Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде ол облыстық (Алматы қалалық) Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне де бағынады.

Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісіне, облыстық, қалалық бағыныстағы тұрмыстық қызмет кәсіпорындары мен ұйымдарына басшылықты жүзеге асырады және өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

2. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

халықтың тұрмыстық қызметтерге деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында облыстың (Алматы қаласының) тұрмыстық қызметін комплексті дамытуды қамтамасыз ету;

экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

тұрмыстық қызметтің жаңа түрлерін енгізіп, ұлғайту, орындалатын жұмыстардың сапасын жақсарту, халыққа қызмет көрсету мәдениетін арттыру;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту, жұмыс істеп тұрған қуаттарды тиімді пайдалану;

өндірісті басқаруды жетілдіру, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білім мен тәжірибесін жақсырақ пайдаланып, кадрларды тұрақтандыру үшін жағдайлар жасау.

3. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыс жасай отырып шешеді.

4. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

халықтың тұрмыстық қызметтерге деген қажетін зерттейді, халық тұрмыс қажетін өтеу ісін дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді, бұл жоспарларды қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға бекітіп береді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

халық тұрмыс қажетін өтеу ательелерінің, шеберханаларының, қабылдау пункттерінің жүйесін дамытып, ұтымды пайдалануға шаралар қолданады;

қызметтің жаңа түрлері мен тұрмыс қажетін өтеу формалары енгізілуін қамтамасыз етеді;

заказдарды қабылдау, орындау және беру тәртіптерінің орындалуы-

на, тұрмыстық қызмет кәсіпорындары жұмысының белгіленген режимі сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар көрсететін қызметтер бағаларының (тарифтерінің) жобаларын әзірлеп, тиісті органдардың бекітуіне белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді, олардың дұрыс қолданылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

өндірісті басқаруды жетілдіреді;

тұрмыстық қызмет объектілерін салуды жүзеге асырады, күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын және қуаттардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етеді, күрделі құрылысқа байланысты барлық мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шараларын белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық етеді, финанс ресурстарын қалыпты пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларын сақтауын, бюджетпен, жұмысшылармен және қызметшілермен, өнім беріп тұрушылармен, мердігер ұйымдармен, банк мекемелерімен уақтылы есеп айырысуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы есепке алу ісін ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік және статистикалық есеп беруді алады, жиынтық баланстар мен бухгалтерлік есеп беруді жасап, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың финанс шаруашылық қызметіне документті тексерулер мен тексерістер жасауды ұйымдастырып, оларды ұдайы жүргізіп отырады, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайтып, олардың рентабельділігін арттыру және пайданы барынша молайту, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, бөлінген қорлардың алынуын және жабдықтар мен басқа да материалдық-техникалық ресурстардың өз мақсатына пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

мемлекеттік стандарттар мен осы заманғы өлшеу құралдарының енгізілуін және өнім сапасының сыналуын қамтамасыз етеді;

еңбек ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қолданылып жүрген шарттарын дұрыс қолдану жөніндегі жұмысты жүзеге асырып, жалақы қорлары мен басқа да көтермелеу қорларының жұмсалуын бақылайды;

білікті кадрларды іріктеу жөнінде жұмыс жүргізіп, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды олармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, еңбек жағдайларын одан әрі жақсартып, сауықтыру, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

облыстық кәсіподақ комитетінің қатысуымен қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайлары жақсартылуын, сондай-ақ сауықтыру шаралары жүргізілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ғылым, техника жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөніндегі шараларды әзірлеп,

олардың орындалуын қамтамасыз етеді, өндірістік процестерді комплексті механикаландырып, автоматтандыру есебінен қол еңбегін қысқартуға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісіне басшылық етіп, өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін қамтамасыз етеді;

облыстық кәсіподақ комитетімен бірлесіп қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, белгіленген жоспарларды толық және асыра орындауға, еңбек өнімділігін одан әрі өсіріп, халыққа қызмет көрсету мәдениеті мен өндірістің рентабельділігін арттыруға, жұмыс пен қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралып, шешілуін ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық етеді.

6. Халық тұрмыс кажетін өтеу басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялылықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

7. Халық тұрмыс кажетін өтеу басқармасын бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

8. Халық тұрмыс кажетін өтеу басқармасының бастығы:

басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін басқарманың компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын ұйымдастырады;

басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ басқарманың тікелей қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмысқа алады және жұмыстан шығарады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде қаржыларға иелік етеді;

басқарманың қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін бұйрықтарын орындауды тоқтата тұрады және бұзады.

9. Халық тұрмыс кажетін өтеу басқармасында коллегия құрылуы мүмкін. Коллегияның құрамын халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

Халық тұрмыс кажетін өтеу басқармасының коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде халық тұрмыс кажетін өтеу ісін дамытып, жақсартудың негізгі мәселелерін қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың жобаларын, сондай-ақ басқарманың компетенциясына енетін басқа да мәселелерді талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, басқарма бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Басқарма бастығы мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте бастық пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне баяндай отырып өз шешімін жүзеге асыра береді,

ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін атқару комитетіне хабарлай алады.

10. Облыс (Алматы қаласы) халқының тұрмыс қажетін өтеу ісін дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, тұрмыстық қызмет көрсету ісінде отандық және шетелдік ғылымның, техниканың ең жаңа жетістіктері мен озық тәжірибені пайдалану және енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ бұйымдардың жаңа түрлерін қарап, бекіту үшін халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасында көркемдік-техникалық совет құрылады.

11. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы шаруашылық есепте тұрады, банкілерде есеп айырысу және басқа счеттары болады.

Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

12. Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы заңды ұйым праволарымен пайдаланады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР-інде ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ ӨНДІРІСТІК БІРЛЕСТІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 12 октябрьдегі
№ 417 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 21—22, 71-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР-інде халық тұрмыс қажетін өтеу өндірістік бірлестігі туралы осыған қосылған, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, СССР Финанс министрлігімен және СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 12 октябрьдегі № 417
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інде ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ ӨНДІРІСТІК БІРЛЕСТІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Халық тұрмыс қажетін өтеу өндірістік бірлестігі *— бірыңғай өндірістік-шаруашылық комплекс, оның құрамына фабрикалар, кәсіпорындар, заводтар, тұрмыстық қызмет үйлері, ательелер және басқа өндірістік единицалар кіреді.

Өндірістік бірлестік құрамына кіретін өндірістік единицалар заңды ұйым болып табылмайды және оларға Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы ереже қолданылмайды.

Өндірістік бірлестік халық тұрмыс қажетін өтеудің негізгі (бастауыш) буыны болып табылады; оның қызметі орталықтандырылған бас-

* Бұдан былай текст бойынша «өндірістік бірлестік».

шылықты шаруашылық дербестікпен және бірлестіктің өзі инициатива көрсетуімен ұштастыру негізінде құрылады.

2. Өндірістік бірлестік, оның оперативті басқаруына немесе пайдалануына бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті пайдалана отырып, өз қызметін жоғары тұрған органның басшылығымен экономикалық және әлеуметтік даму жоспарына сәйкес шаруашылық есеп негізінде бірлестіктің еңбек коллективінің күшімен жүзеге асырып, оған жүктелген міндеттерді орындайды, осы қызметке байланысты праволармен пайдаланады, дербес балансы болады және заңды ұйым болып табылады.

3. Осы Ереже, ведомстволық иелігіне қарамастан, халық тұрмыс қажетін өтеу өндірістік бірлестіктеріне қолданылады.

4. Өндірістік бірлестіктің басты міндеттері мыналар:

халықтың тұрмыстық қызметтерге деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында тұрмыс қызметін дамытып, оның жұмысын одан әрі жақсарту, тұрмыс қажетін өтеудің жаңа прогресті формалары мен түрлерін әзірлеу мен енгізу, жұмыстың, қызметтердің жоғары сапасын және тұрмыс қажетін өтеу мәдениетін, заказдарды орындау мерзімдері қысқартылуын қамтамасыз ету, егер халықтың жеке заказдары бойынша көрсетілетін тұрмыстық қызметтердің көлеміне, мерзімдері мен сапасына теріс әсер етпейтін жағдайда халық тұтынатын товарлар шығаруды ұйымдастыру;

тікелей халыққа және аудандық (қалалық) халық тұрмыс қажетін өтеу өндірістік басқармаларымен және аудандық (қалалық) комбинаттарымен кооперацияласып көрсетілетін тұрмыстық қызметтердің көлемі жөніндегі оптималды жоспарларды жасап, тапсырмаларды орындау, мемлекеттік жоспардың пайда және басқа көрсеткіштері бойынша жоспарды, бюджетке төлемдер жоспарын орындау, банкілермен және өнім беріп тұрушылармен уақтылы есеп айырысу;

ғылым, техника жетістіктерін және озық тәжірибені кеңінен пайдаланып, оларды өндіріске енгізу мерзімдерін қысқарту, халық тұрмыс қажетін өтеу процестері мен халық тұтынатын товарлар өндірісін механикаландырып, автоматтандыру дәрежесін арттыру, қол еңбегін пайдалануды азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, орындалатын тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың жоғары сапасын, оларды пайдаланудың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету;

көрсетілетін қызмет түрлеріне халықтың сұранымын болжамдау;

өндірісті шоғырландыру, мамандандыру, кооперациялау мен құрамдастыру, ішкі резервтерді толығырақ кәдеге жаратып, өндірісті барынша интенсивтендіру, сондай-ақ шикізатты комплексті пайдалану, прогресті технологиялық процестерді және оларды басқару жүйелерін енгізу, көрсетілетін қызметтер мен өнімнің өзіндік құнын жүйелі түрде кеміту және олардың рентабельділігін өсіру негізінде еңбек өнімділігі мен халық тұрмыс қажетін өтеудің тиімділігін барынша арттыру;

еңбек тәртібін нығайтып, кадрларды тұрақтандыру үшін жағдайлар жасау, еңбекке ақы төлеу, материалдық және моральдық ынталандыру формалары мен жүйелерін жетілдіру;

мердігерлік шарт (тұрмыстық заказ) бойынша заказ берушілер алдындағы, сондай-ақ қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді, тұрмыс қажетін өтеу ережелерін жүйе ішіндегі кооперация негізінде сол мөлшерінде, мерзімінде және белгіленген номенклатураға орай орындау;

өндірістік бөлімшелердің халыққа қолайлы жұмыс режимін жасау;

жоспарлауды, басқаруды және шаруашылық есепті жетілдіру, еңбек пен өндірісті ғылыми ұйымдастыруды енгізу; экономикалық-математикалық әдістердің ролін арттырып, өндірісті басқаруда есептеу техникасы мен байланыс құралдарын неғұрлым кең көлемде пайдалану;

күрделі каржыны ұтымды пайдаланып, оның тиімділігін арттыру, құрылыстың салу мерзімдерін қысқартып, өзіндік құнын кеміту, күрделі құрылыс, негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды іске қосу жөніндегі тапсырмалардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету, өндірістік қуаттарды толық пайдалану;

халық тұрмыс қажетін өтеуді ұйымдастыруды жақсарту мақсатында халық депутаттарының жергілікті Советтерімен және олардың атқару комитеттерімен, колхоздармен, совхоздармен, халық шаруашылығының басқа да салаларының кәсіпорындарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен байланыстарды нығайту;

техникалық құралдарды, транспорттың барлық түрлерін ұтымды пайдаланып, тиеу-түсіру және транспорт жұмыстарын ұйымдастыруды жүйелі түрде жақсарту, осы жұмыстарды механикаландыруды және транспорт құралдарының тиеу түсіру кезінде бос қарап тұруын қысқарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

социалистік жарысты барынша дамытып, өндірісті басқаруға еңбекшілердің кеңінен қатысуын қамтамасыз ету, бірлестік коллективінің әлеуметтік дамуы жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

қызметкерлердің мәдени-тұрмыс және тұрғын үй жағдайларын жақсартып, еңбектің неғұрлым қолайлы және хауіпсіз жағдайларын жасау;

ауаны, топырақты және су қоймаларын өнеркәсіптік, шаруашылық тастандылармен, сарқынды сулармен, өндіріс қалдықтарымен ластаудан қорғау, сондай-ақ шуға қарсы күрес жөніндегі барлық қажетті шараларды жүзеге асыру.

5. Өндірістік бірлестік Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша құрылады.

Бірлестікті құрған кезде өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында біріктірілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың территориялық орналасуы, тұрақты кооперациялық байланыстардың бар-жоғы, өндірістік-шаруашылық функциялардың орындалуын толық немесе ішінара орталықтандыру қажеттігі ескеріледі.

Бірлестіктің өндірістік единицасын бірлестік жөнінде жоғары тұрған орган бірлестіктің бас директорының (директорының) ұсынуымен және халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің тиісті атқару комитетінің келісуі бойынша құрады.

6. Қажет болған реттерде жоғары тұрған органның ұйғаруы бойынша өндірістік бірлестікке Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы ережеде көзделген праволармен пайдаланатын жекелеген дербес кәспорындар мен ұйымдар бағындырылуы мүмкін.

Дербес кәсіпорындар мен ұйымдар бағындырылған бірлестік олар жөнінде жоғары тұрған орган ретінде әрекет жасайды. Мұндай реттерде бірлестік аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың жекелеген өндірістік-шаруашылық функцияларды орындауын толық немесе ішінара орталықтандыра алады.

7. Өндірістік бірлестік оған бекітіп берілген, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына орай өндіріп алынуы мүмкін мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

Бірлестіктің жоғары тұрған орган мен бірлестікке бағынысты дербес кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі, сондай-ақ жоғары тұрған органның және бірлестікке бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі ССР Одағының немесе Қазақ ССР-інің заңдарымен не шартпен көзделген реттерде ғана пайда болады.

Мемлекет бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал бірлестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Өндірістік бірлестіктің уставы болады, оны жоғары тұрған орган бекітеді.

Бірлестіктің уставында мыналар болуға тиіс:

бірлестіктің аты (номері), оның тұрған жері (почта адресі) және бірлестіктің банк мекемелеріндегі счеттарының реквизиттері;

бірлестік тікелей бағынатын органның (жоғары тұрған органның) аты;

бірлестіктің немен шұғылданатыны және қызметінің мақсаты;

бірлестіктің уставтық қоры бар екендігі туралы нұсқама;

бірлестіктің осы Ереже негізінде жұмыс істейтіні және заңды ұйым екендігі туралы нұсқама;

бірлестікті басқаратын лауазымды адамның аты (бас директор, директор);

бірлестіктің құрамына кіретін өндірістік единицалардың әрқайсысының тұрған жері көрсетілген олардың тізбесі, бас өндірістік единицаның аты, ал олардың банк мекемелерінде счеттары болған жағдайда — осы счеттардың реквизиттері.

Заңға қайшы келмейтін, бірлестік қызметінің ерекшеліктеріне қатысты басқа да ережелер уставқа енгізілуі мүмкін.

Устав бекітілген күннен бастап бірлестік өзінің қызметіне байланысты праволар мен міндеттерге ие болады және заңды ұйым болып табылады.

9. Өндірістік бірлестіктің өндірістік единицасының праволары мен міндеттері қолданылып жүрген заңдармен, осы Ережемен және сол өндірістік единицаның ережесімен белгіленеді.

Өндірістік единица туралы ережені бірлестіктің бас директоры (директоры); оның құрылымдық бөлімшелері (цехтар, ательелер, шеберханалар, бөлімдер, қызметтер, учаскелер және басқалары) туралы ережелерлі өндірістік единицаның директоры (бастығы) бекітеді.

Бірлестіктің бас директоры (директоры) өндірістік единицаға бірлестіктің компетенциясы шеңберінде, жоғары тұрған орган бірлестікке берген праволардан басқа, қосымша праволар беруге праволы.

10. Өндірістік единицаның өз аты болады, онда құрамына өзі енетін өндірістік бірлестіктің аты да көрсетілуге тиіс.

11. Өндірістік единица:

оған бекітіліп берілген негізгі және айналым қаржыларына, еңбек пен материалдық ресурстарға иелік етіп, өз қызметін шаруашылық есеп негізінде, заңдармен белгіленген праволар, сондай-ақ оған өндірістік бірлестік берген праволар шеңберінде жүзеге асырады;

бірлестік атынан шаруашылық шарттарын жасасады, оларға бірлестік жауап береді. Мұндай шарттардың тізбесі мен түрлерін бірлестік белгілейді.

Бірлестік тұрған жерден тысқары орналасқан өндірістік единицаның СССР Мемлекеттік банкісінің мекемесінде ағымдағы счеты болады және СССР Құрылыс банкісінің мекемесінде күрделі қаржыны қаржыландыратын счеты болуы мүмкін.

Бірлестік тұрған жерде орналасқан өндірістік единицаға да бірлестік бас директорының (директорының) бірлестіктің есеп айырысу счеты бар СССР Мемлекеттік банкісімен келісілген рұқсаты бойынша ағымдағы счет ашылуы мүмкін.

12. Өндірістік бірлестікте ішкі шаруашылық қарым-қатыстарды жүзеге асыру тәртібін, өндірістік единицалардың өз міндеттерін бұзуының зардаптарын, сондай-ақ бірлестікте ішкі шаруашылық дауларды шешу тәртібін бірлестік анықтайды.

13. Өндірістік бірлестіктің, оның өндірістік единицаларының қызме-

тіне байланысты тапсырмалар мен нұсқауларды жоғары тұрған орган, қолданылып жүрген заңдармен көзделгеннен басқа реттерде тек бірлестікке бере алады.

14. Өндірістік бірлестік оның оперативті басқаруындағы мүлікті иемдену, пайдалану, иелік ету праволарын және оған бөлінген жерді пайдалану правосын заңмен белгіленген шеңберде, бірлестік қызметінің мақсаттарына, жоспарлы тапсырмаларға және мүліктің неге жұмсалатынына сәйкес жүзеге асырады.

15. Өндірістік бірлестік өз қызметінде социалистік заңдылық пен мемлекеттік тәртіпті сақтауға міндетті. Бірлестікке, сондай-ақ оның өндірістік единицаларына берілген праволар бүкіл халық шаруашылығының, бірлестік пен оның өндірістік единицаларының мүдделері үшін пайдаланылуға тиіс.

Жоғары тұрған орган бірлестік пен оның өндірістік единицаларының праволары қатаң сақталуын, сондай-ақ бірлестіктің өз міндеттерін орындауын және оған берілген праволарды дұрыс пайдалануын бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

II. Өндірістік бірлестікті басқару

16. Өндірістік бірлестікті басқару оның қызметіне басшылық жөніндегі барлық мәселелерді талқылау мен шешуде дара басшылық пен коллегиялылықты дұрыс ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Бірлестік пен оның өндірістік единицаларының қоғамдық ұйымдары мен қызметкерлерінің еңбек коллективтері бірлестіктің (өндірістік единицалардың) өндірістік-шаруашылық қызметі жоспарларының жобаларын дайындауға, осы жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ету, бірлестік қызметін дамыту мен жетілдіру, оның қызметкерлерінің еңбегі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға кеңінен қатысады.

17. Өндірістік бірлестікке басшылықты бас өндірістік единицаның басқару аппараты жүзеге асырады.

Бірлестікті бас директор (директор) басқарады, ол дара басшылық негізінде іс-әрекет жасайды.

Бас директорды (директорды) бірлестік жөнінде жоғары тұрған орган халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советі атқару комитеті мен Қазақ ССР-інің тиісті министрлігінің немесе ведомствосының келісуі бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Өндірістік бірлестіктің бас директоры (директоры) бірлестіктің бүкіл жұмысын ұйымдастырып, оның қызметіне толық жауап береді.

Бас директор (директор) сенімхатсыз бірлестік атынан іс-әрекет жасайды, барлық кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда оның өкілі болып табылады, қолданылып жүрген заңдарға және осы Ережеге сәйкес бірлестіктің мүлкіне иелік етеді, шарттар жасасып, сенімхаттар (оның ішінде сенім ауыстыру хатын) береді, банкілерде бірлестіктің есеп айырысу және басқа счеттарын ашады.

Өз компетенциясы шеңберінде бас директор (директор) бұйрықтар шығарып, еңбек заңдарына сәйкес қызметкерлерді белгіленген номенклатура шеңберінде жұмысқа алады және жұмыстан шығарады, бірлестік қызметкерлерін көтермелеу шараларын қолданады, оларға жазалар береді.

Егер өндірістік единицалар басшыларының бұйрықтары қолданылып жүрген заңдарға және осы Ережеге немесе басқа нормативтік актілерге қайшы келетін болса, бас директор (директор) оларды бұзады

немесе мұндай бұйрықтарды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқаулар береді.

19. Өндірістік бірлестіктің бас директорының (директорының) орынбасарларын, бас бухгалтерін, заң бөлімінің бастығын (заң бюросының бастығын, аға заң консультантын, заң консультантын) және техникалық бақылау бөлімінің бастығын жоғары тұрған орган бірлестіктің бас директорының (директорының) ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Өндірістік бірлестіктің бас директорының (директорының) орынбасарлары мен басқа басшы қызметкерлерінің компетенциясын бірлестіктің бас директоры белгілейді.

Бас директордың (директордың) орынбасарлары өз компетенциясы шеңберінде бірлестік атынан іс-әрекет жасап, басқа мекемелер мен ұйымдарда оның өкілі болып табылады, сенімхатсыз шаруашылық операцияларын жүргізіп, шарттар жасасады, сондай-ақ бірлестік қызметкерлеріне сенімхаттар бере алады.

21. Өндірістік единицаны директор (бастық) басқарады.

Өндірістік единицаның директорын (бастығын) бірлестіктің бас директоры (директоры) белгіленген тәртіп бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

22. Өндірістік единицаның директоры (бастығы) өндірістік единицаның бүкіл жұмысын ұйымдастырып, қызметі үшін жауап береді.

23. Өндірістік единицаның компетенциясы шеңберінде директор (бастық) сенімхатсыз өндірістік бірлестік атынан іс-әрекет жасап, оған бекітіп берілген мүлікке қолданылып жүрген заңдарға, осы Ережеге және сол өндірістік единица туралы ережеге сәйкес иелік етеді, бұйрықтар шығарып, банкіде өндірістік единицаның ағымдағы счетын және СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісі белгілейтін реттерде басқа да счеттар ашады, бірлестік атынан шаруашылық шарттар жасайды, еңбек заңдарына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады. Өндірістік единицаның директоры (бастығы) белгіленген тәртіп бойынша өндірістік единицаның қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданып, жазалар береді.

24. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен көзделгеннен басқа реттерде өндірістік бірлестік немесе өндірістік единица әкімшілігінің инициативасы бойынша қызметкерлерді тиісті кәсіподақ комитетінің алдын ала келісуінсіз жұмыстан шығаруға болмайды.

25. Өндірістік единицалардың мүдделерін өндірістік бірлестік мүдделерімен ұштастыру, сондай-ақ өндірістік единицалардың тұтас алғанда бірлестіктің шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында бірлестікте бірлестік советі құрылады. Советке бірлестіктің бас директоры (директоры), оның орынбасарлары, өндірістік единицалардың директорлары (бастықтары), сондай-ақ бірлестіктің қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді.

Бірлестікке жекелеген дербес кәсіпорындар мен ұйымдар бағындырылған реттерде осы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары советтің құрамына кіреді.

Бірлестіктің бас директоры (директоры) советтің председателі болып табылады.

Қажет болған реттерде советтің жұмысына бірлестіктің мамандары мен басшы қызметкерлері, өндіріс озаттары, сондай-ақ басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өкілдері қатыстырылады.

26. Өндірістік бірлестіктің советі мыналарды қарайды:

халық тұрмыс қажетін өтеу мен халық тұтынатын товарлар өндірісі саласында оптималды жоспарлардың қабылдануын және резервтердің

барынша пайдаланылуын ескере отырып бірлестікті, оның өндірістік единицаларын дамытудың перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын;

бірлестіктің, оның өндірістік единицаларының, сондай-ақ бірлестікке бағынысты дербес кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік-шаруашылық қызметі туралы есептерді;

шаруашылық шарттарын жасау және оларды орындау мәселелерін;

техникалық прогресті қамтамасыз етіп, орындалатын жобалау-конструкторлық жұмыстардың ғылыми-техникалық дәрежесін арттыру, олардың нәтижелерін тұрмыстық қызмет сферасында және халық тұтынатын товарлар өндірісінде пайдалану, халық тұрмыс қажетін өтеудің сапасы мен мәдениетін жақсарту, сондай-ақ стандарттарды енгізу мәселелерін;

күрделі қаржының тиімділігін арттыру, құрылыс салудың мерзімдерін қысқартып, оның құнын кеміту, жобалық қуаттардың игерілуін жеделдету мәселелерін;

тұрмыстық қызметтердің аса маңызды жаңа, жекелеген түрлері бағаларының жобаларын, мемлекеттік баға тәртібін сақтау мәселелерін;

өндірістік единицаларды мамандандыруды қамтамасыз етуге, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары арасында ішкі жүйелік кооперациялық байланыстарды кеңейтуге, өндірістік қуаттарды, материалдық, еңбек және финанс ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға, бірлестіктің ұйымдық құрылымын жетілдіруге бағытталған ұйымдастыру-техникалық шаралар жоспарларының жобаларын;

еңбек пен тұрмыс қажетін өтеуді ғылыми ұйымдастыру, басқару мен шаруашылық есепті жетілдіру, еңбекті нормалау, еңбекке ақы төлеудің, материалдық және моральдық көтермелеудің формалары мен жүйелері мәселелерін;

социалистік жарысты ұйымдастыру мен дамыту, озық тәжірибені зерттеу және тарату, еңбек тәртібін нығайту, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану, еңбекшілердің творчестволық белсенділігін арттырудың прогресті нормалары мен әдістерін енгізу мәселелерін;

кадрларды іріктеу, даярлау, орналастыру және тәрбиелеу, оларды өндірісте пайдалану мен тұрақтандыру мәселелерін;

ішкі шаруашылық қарым-қатыстарды жүзеге асыру, өндірістік единицалардың өз міндеттерін бұзушылығының зардаптары мәселелерін, ішкі шаруашылық дауларды шешу тәртібін;

бірлестіктің материалдық көтермелеу қорының, әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының өндірістік единицалардың иелігіне берілетін қаржыларының мөлшері туралы мәселелерді, сондай-ақ осы қорларға бөлінетін жарналар нормативтерінің жобаларын, өндірісті дамыту қорының бір бөлігін өндірістік единицаларға берген реттерде оны анықтау мәселелерін; бірлестіктің экономикалық ынталандыру қорлары мен басқа қорларын пайдалану мәселелерін;

егер бірлестікте кеңінен тұтынатын товарлар қоры құралса, оны өндірістік единицалар арасында бөлу мәселелерін;

бірлестікте еңбек жағдайлары мен техника хауіпсіздігі жайын;

бірлестік пен оның өндірістік единицалары коллективтерінің, сондай-ақ бірлестікке бағынысты дербес кәсіпорындар мен ұйымдар коллективтерінің әлеуметтік даму мәселелерін;

бірлестік қызметінің басқа да мәселелерін.

27. Өндірістік бірлестік советінің шешімдері, әдетте, бірлестіктің бас директорының (директорының) бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Бас директор (директор) мен бірлестік советі арасында совет мәжі-

лісінде талқыланған мәселелер бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда бас директор (директор) өз шешімін жүзеге асыра береді.

28. Өндірістік бірлестікті дамытудың техникалық-экономикалық проблемаларын қарау, отандық және шетелдік ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін, ірі өнертабыстар мен ғылыми жаңалықтардың нәтижелерін, тұрмыстық қызметтердің жаңа түрлерін, тұрмыс қажетін өтеудің прогресті формаларын, еңбекті ғылыми ұйымдастыруды және озық тәжірибені пайдаланып, өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін бірлестікте жоғары білікті мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдардың өкілдерінен техникалық-экономикалық және көркемдік советтер құрылуы мүмкін.

Техникалық-экономикалық және көркемдік советтердің құрамы мен олар туралы ережелерді бірлестіктің бас директоры (директоры) бекітеді.

29. Өндірістік бірлестіктер мен олардың құрамына кіретін өндірістік единицаларда коллективтік шарттар ВЦСПС пен СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін тәртіп бойынша жасалады.

30. Ішкі еңбек тәртібі ережелерін өндірістік бірлестіктің еңбек коллективі немесе оның ұйғаруы бойынша өндірістік единицаның еңбек коллективі бірлестік (өндірістік единица) әкімшілігі мен тиісті кәсіподақ органының ұсынуы бойынша үлгі ережелер негізінде бекітеді.

31. Өндірістік бірлестіктің әкімшілігі, ал осы Ережемен көзделген реттерде — өндірістік единицаның әкімшілігі тиісті кәсіподақ органымен бірлесе отырып бірлестіктің үйлеріндегі тұрғын алаңды, сондай-ақ басқа үйлерден бірлестіктің (өндірістік единицаның) иелігіне берілген тұрғын алаңды белгіленген тәртіп бойынша бөледі.

32. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единицаның әкімшілігі тиісті кәсіподақ органымен бірлесіп жұмысшылар мен қызметшілердің экономикалық оқуын, социалистік жарыс ұйымдастырып, оның қорытындыларын шығарады және жарыс жеңімпаздарын анықтайды, озат коллективтер мен қызметкерлерді көтермелеу туралы мәселелерді шешеді.

33. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единицаның әкімшілігі тиісті кәсіподақ органының мәжілістерінде жоспарлардың жобалары, өндірістік-шаруашылық қызметтің нәтижелері, жоспарлардың, коллективтік шарт бойынша міндеттемелердің, коллективтердің әлеуметтік даму жоспарларымен көзделген шаралардың орындалуы және жұмыстағы кемшіліктерді жою жөнінде қолданылған шаралар туралы баяндап отырады.

34. Жұмысшылар мен қызметшілерді өндірістік мәселелерді шешуге кеңінен қатыстыру үшін өндірістік единицалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде, ал қажет болған реттерде тұтас алғанда өндірістік бірлестікте де өз қызметін СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС бекіткен Ереже негізінде жүзеге асырып, тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестер құрылады.

Бірлестіктің, өндірістік единицалардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің әкімшілігі тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестердің ойдағыдай жұмыс істеуіне барынша көмектесіп, олардың шешімдері орындалуын ұйымдастырады.

35. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единицалар қызметкерлерінің жиналыстары (конференциялары) әкімшіліктің баяндамалары бойынша өндірістік жоспарлардың жобаларын, жоспарлардың орындалу қорытындыларын, коллективтердің әлеуметтік даму жоспарларының және оларда көзделген шаралардың орындалуын, коллективтік шарттардың жобаларын және олар бойынша міндеттемелердің орындалу барысын,

өндірісті, халық тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту, экономикалық ынталандыру қорлары мен кеңінен тұтынатын товарлар қорын пайдалану мәселелерін, сондай-ақ еңбек пен өндірістік тәртіптің жайы, өндірісте ішкі еңбек тәртібін сақтау мәселелерін талқылайды. Әкімшілік бұрын болған жиналыстардың (конференциялардың) шешімдерін орындау үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар, сондай-ақ жиналыстарда (конференцияларда) айтылған сын ескертпелер мен ұсыныстарды қараудың нәтижелері туралы жиналысқа (конференцияға) баяндап отырады.

36. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единицаларда халықтық бақылау топтары мен постылары құрылады, оларға бірлестік пен өндірістік единицалардың әкімшілігі жұмыста барынша көмек көрсетуге, олардың ұсыныстары мен тілектерін қарап, беті ашылған кемшіліктерді жоюға қажетті шаралар қолдануға міндетті.

37. Өндірістік бірлестіктің өндірістік және финанс-шаруашылық қызметін тексеруді жоғары тұрған орган мүдделі ұйымдарды қатыстыра отырып жылына бір рет комплексті түрде жүргізеді.

Бірлестіктің қызметін тексеруді жоғары тұрған орган мен халықтық бақылау органдары жүргізеді, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін бақылау жөнінде өздеріне қолданылып жүрген заңдармен жүктелген функцияларға сәйкес басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асыруы мүмкін.

Бірлестік өзінің өндірістік единицаларының өндірістік және финанс-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асырады.

III. Өндірістік бірлестіктің мүлкі

38. Өндірістік бірлестіктің мүлкі оның уставтық қорын құрайтын негізгі және айналым қаржыларынан, сондай-ақ қорлардан және бірлестікке бекітіп берілген басқа мүліктен құралады.

Бірлестікке бекітіп берілген мүлік оның дербес балансында көрсетіледі.

Бірлестікке дербес кәсіпорындар мен ұйымдар бағындырылған жағдайда олардың мүлкі осы кәсіпорындар мен ұйымдардың дербес балансында көрсетіледі. Мұндай реттерде бірлестік жиынтық баланс жасайды.

39. Өндірістік бірлестікте мынадай қорлар құралады:

өндірісті дамыту қоры;

материалдық көтермелеу қоры;

әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қоры;

күрделі жөндеуге арналған амортизациялық жарналар қоры;

өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге жәрдемдесу қоры;

ССР Одағының заңдарына сәйкес басқа да қорлар.

Қорларды құрау мен жұмсау тәртібі қолданылып жүрген заңдармен және осы Ережемен белгіленеді.

40. Өндірістік бірлестік өндірістік программаны орындау үшін қажетті бірлестіктің негізгі және айналым қаржыларының бір бөлігін өндірістік единицаға бекітіп береді. Айналым қаржылары белгіленген нормаларға (нормативтерге) сәйкес бекітіп беріледі.

Өндірістік единица өз иелігіне материалдық көтермелеу қорының бір бөлігі мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының бір бөлігін алады, сондай-ақ өндірісті дамыту қорының бірлестік белгілейтін бір бөлігін алуы мүмкін.

Бірлестікте кеңінен тұтынатын товарлар қоры құралған ретте өндіріс

қалдықтарынан халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсаттағы бұйымдар шығаруға қатысатын өндірістік единицалар өз нелігіне кеңінен тұтынатын товарлар қорының қызметкерлерге сыйлық беруге және олардың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге арналған қаржыларының бір бөлігін алады. Бірлестік беретін қаржылардың мөлшерін бас директор (директор) тиісті кәсіподақ органының келісуі бойынша әрбір өндірістік бірлестіктің аталған товарлар мен бұйымдарды өндіруге қосқан үлесіне пропорциалды түрде белгілейді.

Бірлестік сондай-ақ кеңінен тұтынатын товарлар қорының өндірісті кеңейтіп, халық тұтынатын товарлардың сапасын жақсартуға, оларды шығару үшін құрал-саймандар жасауға және осы товарлардың жаңа үлгілерін әзірлеуге, сондай-ақ тұрғын үйлер салу мен оларды жөндеуге арналған қаржыларының бір бөлігін бас директор (директор) анықтайтын мөлшерде жекелеген өндірістік единицалардың нелігіне бере алады.

Өндірістік единицаның жеке балансы болуы мүмкін.

41. Айналым қаржыларының нормалары (нормативтері) белгіленген тәртіп бойынша өзгерген жағдайда өндірістік единицаға бекітіп берілген айналым қаржыларын өндірістік бірлестік одан алып қоюы мүмкін.

Өндірістік единицаның негізгі және айналым қаржыларына жататын басы артық материалдық байлықтарын бірлестік алып қоюға праволы, ал ол ұсыныс жасаған жағдайда — міндетті.

42. Өндірістік бірлестіктің меншікті айналым қаржыларының жалпы мөлшері (нормативі), олардың өсуі немесе қысқартылуы белгіленген тәртіп бойынша, жоспарлы тапсырмаларға сүйеніп, товар-материалдық байлықтарды жұмсаудың және олардың запастарының нормаларына сәйкес бекітіледі.

Бірлестікке норматив шеңберінде бекітіп берілген айналым қаржыларын жоғары тұрған орган одан алып қоя алмайды.

Басы артық (нормативтен тыс) айналым қаржыларын жоғары тұрған орган бірлестіктің жылдық есебі бойынша қайта бөлу тәртібіне орай немесе бірлестіктің өндірістік жоспары өзгеруіне байланысты меншікті айналым қаржыларының нормативі өзгерген жағдайда ғана одан алып қоюы мүмкін.

43. Өндірістік бірлестікке бекітіп берілген үйлерді, құрылыстарды, жұмыс істеп тұрған жабдықтар мен өзге негізгі құрал-жабдықтарды басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша беруге болады.

44. Уақытша пайдаланылмай тұрған үйлер мен құрылыстарды, өндірістік, қоймалық және өзге үй-жайларды, жабдықтарды, транспорт құралдарын, негізгі қорларға жататын басқа да объектілерді өндірістік бірлестік басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға арендаға бере алады. Үйлердің, құрылыстар мен үй-жайлардың арендалық ақысы олар орналасқан жерлерде қолданылып жүрген ставкалар бойынша, ал негізгі қорларға жататын басқа объектілердің арендалық ақысы амортизациялық жарна мен мүліктің сол түрі бойынша қорлар үшін алынатын ақының сомасынан артпайтын мөлшерде төлеттіріледі.

45. Нормативтен тыс және пайдаланылмайтын материалдық байлықтарды (жабдықтарды, транспорт құралдарын, материалдарды, отынды және т. б.) өндірістік бірлестік белгіленген тәртіп бойынша өткізеді.

Айналым қаржыларына жататын материалдық байлықтарды сатудан алынған сома бірлестіктің айналым қаржысы ретінде оның қарамағында қалдырылады.

Негізгі қорларға жататын материалдық байлықтарды сатудан алын-

ған сома бірлестіктің қарамағында қалдырылып, өндірісті дамыту қорына жұмсалады.

46. Бірлестіктің (өндірістік единицаның) балансында тұрған, өзі арендаға алған, бірлестік (өндірістік единица) қызметкерлері мен олардың семья мүшелері арасында мәдени-ағарту, сауықтыру, физкультура және спорт жұмысын жүргізуге арналған үйлерді, үй-жайларды, құрылыстарды, баулар мен парктерді, пионер лагерьлерін, сондай-ақ техникалық насихат жүргізуге арналған үйлерді, үй-жайлар мен құрылыстарды өндірістік бірлестік пен өндірістік единица бірлестіктің (өндірістік единицаның) тиісті кәсіподақ органына тегін пайдалануға береді.

Аталған объектілерді шаруақорлықпен күтіп-ұстау, жөндеу, жылыту, жарық беру, жуып-сыпыру, күзету және жабдықтау бірлестік (өндірістік единица) есебінен жүргізіледі. Оларды басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері де пайдаланған реттерде бұл кәсіпорындар мен ұйымдар аталған шығындарға үлес қосып қатыстырылады.

Бірлестік (өндірістік единица) бірлестіктің (өндірістік единицаның) тиісті кәсіподақ органына және басқа қоғамдық ұйымдарына олардың жұмысы үшін, жұмысшылар мен қызметшілердің жиналыстарын өткізу үшін қажетті үй-жайларды тегін пайдалануға береді, осы үй-жайларды жабдықтауды, жылытуды, жарық беруді, күзетуді және жуып-сыпыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған ұйымдарға транспорт құралдары мен байланыс құралдарын тегін пайдалануға береді.

47. Бірлестік (өндірістік единица) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мәдени-тұрмыстық және спорт инвентарын сатып алуға пайдаланылуы мүмкін өз қаржылары есебінен сатып алынған осындай мүлікті өндірістік бірлестік (өндірістік единица) өз балансынан бірлестіктің (өндірістік единицаның) кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдардың балансына өтеусіз береді.

48. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единица:

өздерінің жанындағы денсаулық сақтау мекемелері мен олардың құрылымдық бөлімшелеріне — үй-жайды жылытуды, жарық беруді, сумен жабдықтауды, күзетуді, жуып-сыпыруды және жөндеуді қамтамасыз ете отырып осы үй-жайды;

бірлестіктің (өндірістік единицаның) балансында есепте тұрған немесе бірлестіктің (өндірістік единицаның) территориясында орналасқан және оның қызметкерлер коллективіне қызмет көрсететін асханалар мен өзге де қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына — үй-жайды жылытуды, жарық беруді және сумен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып осы үй-жайды тегін береді.

49. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единица өздерінің қызметкерлері оқитын жалпы білім беретін кешкі (сменалық) орта және сырттай оқытатын мектепке, кешкі (сменалық) кәсіптік-техникалық училищеге, біліктілікті көтеру курстары мен оқу-курс комбинаттарына, бірлестік жанындағы жоғары техникалық оқу орны-завод пен техникумға электр энергиясымен және отынмен жабдықтауды қоса алғанда үй-жайларды жөндеуді, шаруашылық күтім жасауды қамтамасыз ете отырып, оқу мақсаттары үшін үй-жайларды, оқу лабораториялары мен кабинеттері үшін қажетті жабдықтарды, приборларды аспаптар мен материалдарды өтеусіз беруі мүмкін.

Өндірістік бірлестік жоғары тұрған органдар мен СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің территориялық органдарына немесе министрліктердің, мемлекеттік ко-

митеттер мен ведомстволардың тиісті материалдық байлықтарды өткізу жүктелген өткізу органдарына хабарламай-ақ:

жалпы білім беретін және арнаулы мектептерге, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарына, біліктілікті көтеру институттары мен курстарына, ДОСААФ ұйымдарына, мектеп-интернаттарға, мектептен тыс балалар мекемелеріне, балалар үйлеріне, қартайғандар мен мүгедектерге арналған үйлерге, еңбекпен түзеу мекемелеріне — оқыту және шеберханаларды, оқу лабораториялары мен кабинеттерін жабдықтандыру үшін қажетті материалдық байлықтарды;

жоғары оқу орындарына — машиналардың, станоктардың, приборлардың және басқа жабдықтардың үлгілерін, сондай-ақ көрмелерде көрсетуден алынатын, оқу мақсаттары үшін пайдалануға болатын экспонаттарды;

туберкулезге қарсы күрес, психиатрия және психоневрология мекемелерінің емдеу-еңбек шеберханаларына жабдықтар мен аспапты өтеусіз өткізе алады.

Бірлестік жалпы білім беретін мектептерді жөндеу мен жабдықтауды жоспардан тыс қор жинау есебінен жүргізе алады.

50. Өндірістік бірлестік негізгі қорларды күрделі жөндеуге және толық қалпына келтіруге арнап амортизациялық жарна бөліп отырады.

Күрделі жөндеуді қаржыландыруға арналған амортизациялық жарналар бірлестіктің мақсатты қорын құрайды және ол бұларды негізгі қорларды күрделі жөндеуге де, жаңғыртуға да, сондай-ақ осы жұмыстарды орындау, ескірген детальдар мен тораптарды ауыстыру үшін қажетті детальдар мен тораптарды сатып алуға жұмсайды.

Ескірген, күрделі жөндеу экономикалық жағынан орынды болмайтын жабдықтардың орнына жаңаларын сатып алуға арналған шығындар да аталған қордың қаржылары есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Күрделі жөндеуді қаржыландыруға арналған амортизациялық жарналардың бір бөлігі күрделі жөндеуді жүзеге асыруға меншікті қаржылары жетпейтін кәсіпорындар мен ұйымдарға көмек көрсетуге арналған резерв жасау үшін белгіленген мөлшерде жоғары тұрған органға беріледі.

Негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық жарналар бірлестіктің қарамағында белгіленген мөлшерде қалдырылып, өндірісті дамыту қорына қосылады. Негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық жарналардың қалған бөлігі орталықтандырылған күрделі қаржыны қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қаржыландыруға жұмсалады.

51. Материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының мөлшерін, сондай-ақ пайдадан осы қорларға және тұтас алғанда өндірістік бірлестік бойынша өндірісті дамыту қорына бөлінетін жарналардың нормативтерін жоғары тұрған орган белгіленген тәртіпке орай, тиісті кәсіподақ органының келісуі бойынша анықтайды.

Өндірістік единицалардың қарамағына берілетін материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қоры қаржыларының мөлшерін бірлестік тиісті кәсіподақ органының келісуіне орай, әрбір өндірістік единица қызметінің көрсеткіштері бойынша белгілейді. Мұның өзінде бірлестік осы қорлардың бөлінбейтін бөлігін өз қарамағына қалдыра алады.

Өндірістік единицаның қарамағына берілген материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының қаржылары осы қорлар туралы қолданылып жүрген заңдар-

мен белгіленген бағыттар бойынша, өндірістік единицаның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып бекітетін сметаларға сәйкес жұмсалады. Осы қорлардың пайдаланылмаған қалдықтары келесі жылға ауыстырылады және өндірістік единицадан алып қоюға жатпайды.

Бірлестіктің өз қарамағында қалдырылатын материалдық көтермелеу қорының қаржылары аса маңызды тапсырмаларды орындағаны үшін бірлестік қызметкерлеріне сыйлық беруге, өздеріне байланысты емес себептермен қызметінің экономикалық көрсеткіштері уақытша төмендеуіне байланысты жекелеген өндірістік единицалардың қарамағына берілген материалдық көтермелеу қорының қаржыларын толықтыру үшін, бірлестік бойынша социалистік жарыстың жеңімпаздарына сыйлық беру үшін пайдаланылады.

Бірлестіктің өз қарамағында қалдырылатын әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының қаржылары белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылады.

Бірлестіктің қарамағында қалдырылатын материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының қаржыларын жұмсау сметаларын бірлестіктің әкімшілігі тиісті кәсіподақ органымен бірлесіп бекітеді.

ССР Одағының заңдарымен белгіленетіннен басқа реттерде бірлестіктің экономикалық ынталандыру қорларының қаржыларын жоғары тұрған органның алып қоюына және қайта бөлуіне жол берілмейді. Мұның өзінде материалдық көтермелеу қоры мен әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының қаржыларын еңбек коллективінің келісуінсіз алып қоюға болмайды. Экономикалық ынталандыру қорларының пайдаланылмаған қалдықтары бірлестік қарамағында қалдырылып, келесі жылға ауыстырылады.

52. Әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының, кеңінен тұтынатын товарлар қорының қаржылары және өндірістік бірлестіктің заңдарға сәйкес тұрғын үй құрылысына жұмсауға болатын басқа да қаржылары есебінен салынған бүкіл тұрғын алаңға адамдар бірлестіктің әкімшілігі мен тиісті кәсіподақ органының бірлескен шешімімен бекітілген тізім бойынша қоныстандырылып, кейіннен халық депутаттары Советінің атқару комитетіне хабарланады.

Өндірістік единицаның қарамағына берілген әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қоры мен кеңінен тұтынатын товарлар қорының қаржылары есебінен салынған бүкіл тұрғын алаңға адамдар өндірістік единицаның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімімен бекітілген тізім бойынша қоныстандырылып, кейіннен халық депутаттары Советінің атқару комитетіне хабарланады.

Аталған қаржылардың есебінен салынған үйлерге сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын орналастыру бірлестіктің (өндірістік единицаның) әкімшілігі мен тиісті кәсіподақ органының келісуі бойынша ғана жүргізіледі.

53. Өндірістік бірлестіктің қызметкерлері мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, үйлерді, құрылыстар мен жабдықтарды дұрыс пайдалануды жүзеге асыруға, материалдық және ақша қаражаттарын жұмсауда қатаң үнемділікті сақтауға міндетті. Мемлекеттік мүлікті бүлдіруге және мемлекетке материалдық нұқсан келтіруге кінәлы адамдар белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

IV. Өндірістік бірлестіктің праволары мен міндеттері

54. Өндірістік бірлестікке тиесілі праволар мен өзінің қызметіне байланысты оған жүктелген міндеттерді бас директор (директор) және міндеттерді белгіленген бөлу бойынша — оның орынбасарлары мен бас-

қа да лауазымды адамдар, ал осы Ережемен және басқа нормативтік актілермен көзделген реттерде — тиісті кәсіподақ органымен бірлесіп, оның келісуіне орай немесе қатысуымен жүзеге асырады.

55. Жоғары тұрған орган осы органның компетенциясы шеңберінде өндірістік бірлестікке қосымша праволар (жоспарлау, ғылыми-техникалық прогресс, күрделі құрылыс, материалдық-техникалық жабдықтау және басқа салада) бере алады.

Жоспарлау саласындағы праволары мен міндеттері

56. Өндірістік бірлестік оның еңбек коллективінің, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдарының қатысуымен өз қызметінің барлық түрлері бойынша бесжылдық және жылдық жоспарлардың жобаларын, сондай-ақ неғұрлым ұзақ мерзімге арналған жоспарлардың жобаларына ұсыныстар әзірлейді, мұның өзінде жоғары тұрған органның тапсырмаларын, тұрмыс қызметін дамытудың негізгі бағыттарын, халықтың тұрмыстық қызметтердің тиісті түрлеріне деген мұқтажын қанағаттандыру қажеттігін, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін, заказ берушілермен және басқа ұйымдармен қалыптасқан шаруашылық байланыстарын, осы байланыстарды одан әрі дамыту қажеттігін басшылыққа алады.

Бірлестік әзірлейтін жоспарлардың жобаларында жоспарлардың барлық бөлімдерінің өзара байланысы қамтамасыз етіліп, ішкі резервтерді толық пайдалану көзделуге тиіс.

57. Жоғары тұрған орган өндірістік бірлестіктің қатысуымен бесжылдық және жылдық жоспарларды қарап, көрсеткіштердің белгіленген жүйесі бойынша оған бесжылдық және жылдық жоспарлы тапсырмаларды бекітеді және бірлестікті осы тапсырмаларды орындау үшін қажетті тиісті материалдық-техникалық, финанс-ресурстарымен, жалақы қорымен қамтамасыз етеді.

Бірлестік жоспарларының барлық басқа көрсеткіштерін жоғары тұрған орган бекітпейді, бірлестік әзірлейді және оларды жоспарлаушы органдар жоспарларды негіздеуге арналған есептік материалдар ретінде пайдаланады.

58. Барлық жоспарлы тапсырмаларды өндірістік бірлестікке тек жоғары тұрған орган, ал өндірістік единицаларға тек бірлестік жеткізеді.

59. Республиканың түрлі облыстарында өндірістік единицалары бар өндірістік бірлестік тиісті көрсеткіштер бойынша жоспарларды салалық қана емес, территориялық тұрғыдан да әзірлейді.

60. Өндірістік бірлестік өзіне бекітілген көрсеткіштерге сәйкес бесжылдық жоспарды әзірлеп, аса маңызды тапсырмаларды бесжылдықтың жылдары бойынша бөледі, мұның өзі бірлестіктің өндірістік-шаруашылық қызметін жоспарлаудың негізгі формасы болып табылады.

Бірлестік өзіне бекітілген жоспарлы тапсырмалар мен жасалған шарттарға сәйкес өндірістік-шаруашылық қызметтің жылдық техникалық, өндірістік-финанс жоспарын, тоқсандық және айлық жоспарларын әзірлейді.

Бірлестіктің бесжылдық жоспарын, жылдық техникалық, өндірістік-финанс жоспарын, тоқсандық және айлық жоспарларын бас директор (директор) бекітеді.

Бірлестік өз құрамына кіретін өндірістік единицалар үшін бірлестікке бекітілген жоспарлы тапсырмалардың неғұрлым экономикалық тиімділікпен орындалуын қамтамасыз ететін бесжылдық, жылдық, тоқсандық және айлық жоспарлардың негізгі көрсеткіштерін белгілейді.

Өндірістік единица бірлестік белгілеген көрсеткіштер негізінде тұтас

алғанда өндірістік единица бойынша және өзінің құрылымдық бөлімшелері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметтің жоспарларын әзірлейді.

61. Өндірістік бірлестіктің бесжылдық және жылдық жоспарларын әзірлеу мен бекіту мерзімдерін Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

62. Өндірістік бірлестікке бекітілетін жоспарлы тапсырмалар тұрақты болуға тиіс және оларды өзгертуді жоғары тұрған орган ерекшелік реттерде ғана, осы өзгерістерді бірлестіктің әкімшілігімен алдын ала талқылағаннан кейін, СССР Министрлер Советі белгілеген тәртіп пен мерзімдерде жүргізе алады.

Жоғары тұрған орган бірлестікке жоспарлы тапсырмаларды өзгерткен жағдайда органның бюджетпен өзара қарым-қатынастарын өзгертпей, бюджетпен өзара қарым-қатысты қоса алғанда бір-бірімен байланысты барлық жоспарлы көрсеткіштерге бір мезгілде тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

63. Жоспардан тыс өнімді бөлудің қолданылып жүрген жүйесін ескере отырып өндірістік бірлестіктің басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге, заказ берушінің шикізаты мен материалдарынан немесе халықтың тұрмыстық қызметтерге деген сұранымын қанағаттандыруға нұқсан келтірмейтін болса өз материалдары мен өндіріс қалдықтарынан кооперация бойынша жоспардан тыс халық тұтынатын товарлар жасауға заказдар қабылдауға правосы бар.

64. Өндірістік бірлестік өндірістік единицаларда жоспарлау жұмысын ұйымдастыруға басшылық етіп, жоспарлардың сапалы әрі уақтылы әзірленуін, олардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жоспарлардың орындалуын күнделікті бақылауды жүзеге асырып, бұл үшін қажетті шараларды жүргізеді.

Ғылыми-техникалық прогресс саласындағы праволары мен міндеттері

65. Өндірістік бірлестік тұрмыс қажетін өтеуді дамытудың аса маңызды проблемалары бойынша ғылыми-техникалық болжамдар әзірлеуге қатысады. Осы болжамдарды ескере отырып бірлестік оны техникалық дамытудың перспективалық жоспарларын және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру мен қайта құру жоспарларын, сондай-ақ өндіріс технологиясын, оны механикаландырып, автоматтандыру құралдарын, басқару жүйелерін жетілдіру және өндіріс шығындарын қысқарту жөніндегі шараларды әзірлейді.

Бірлестік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылым мен техника жетістіктерін тұрмыстық қызметтерді атқаруда пайдаланудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеуге қатысады.

66. Бірлестік үшін комплексті әзірлемелерді, жекелеген ғылыми зерттеулер мен жобалауды жүзеге асыруға арнап өндірістік бірлестік басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен шарттар жасаса алады.

Халық тұрмыс қажетін өтеуде жаңа ғылыми-техникалық бағыттарды жасау мақсатын көздейтін ғылыми зерттеулерді, тәжірибелік жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған техникалық тапсырмаларды бірлестік тиісті жұмыстарды үйлестіретін ұйымның қорытынды шығарып беруі үшін табыс етуге міндетті.

Аталған жұмыстарға арналған шығындар бірлестіктің осы мақсаттарға жұмсайтын қаржылары есебінен, сондай-ақ банкі кредиті есебінен жүргізіледі.

67. Өндірістік бірлестік отандық және шетелдік ғылым мен техниканың жетістіктерін зерттеу, стандарттандыру жөніндегі ұсыныстар мен халықаралық ұйымдардың стандарттарын және орындалған заказдарды пайдалану (қолдану) тәжірибесін қорыту негізінде көрсетілетін қызметтердің техникалық және көркемдік дәрежесіне жүйелі талдау жасай отырып, олардың сапасын арттыруға шаралар қолданады, халықтың өскелең тілектеріне сай келетін тұрмыс қажетін өтеудің жаңа түрлері мен формалары көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Өндірістік бірлестік халық тұрмыс қажетін өтеудің ескірген формаларын жою немесе ауыстыру туралы ұсыныстарды тиісті органдардың қарауына енгізуге, ал заңдармен көзделген реттерде қызметтердің мұндай түрлерін өздігінен жоюға немесе бұйымдардың мұндай түрлерін өндірістен алып тастап, оларды халық қажеттеріне сай келетін жаңаларымен ауыстыруға міндетті.

68. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында өндірістік бірлестік қызметтердің сапасыз орындалған реттерін және жасалатын бұйымдардағы мүкістерді бірлестіктің тиісті қызметтері арқылы уақтылы ашып отыруды, нормативтік-техникалық документтеменің талаптарына, стандарттарға, чертеждерге, эскиздерге, үлгілерге (модельдерге) және мердігерлік шарттың (тұрмыстық заказдың) басқа да шарттарына сай келмейтін қызметтер көрсету мен бұйымдар шығаруды болдырмауды қамтамасыз етеді.

69. Өндірістік бірлестік заказ берушілердің келісуі бойынша қызметтер мен бұйымдарға арналып қолданылып жүрген стандарттармен және техникалық шарттармен салыстырғанда олардан анағұрлым жоғары сапалы қызметтер көрсетіп, бұйымдар шығаруға праволы. Осыған байланысты қосымша шығындарды заказ беруші белгіленген тәртіп бойынша бірлестікке өтейді.

70. Өндірістік бірлестік көрсетілетін тұрмыстық қызметтерге арналған нормативтік-техникалық документтеменің жобаларын әзірлейді немесе әзірлеуге қатысады, осы жобаларды белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді, бекітілген стандарттар мен техникалық шарттардың енгізіліп, сақталуын, қызметтерді атқарған кезде өлшеу мен сынаудың осы заманғы құралдары мен әдістері қолданылуын, бұл құралдардың жайын бақылауды және кәсіпорынды метрологиялық қамтамасыз етудің бекітілген паспортына сәйкес оларды пайдаланудың белгіленген тәртібі сақталуын қамтамасыз етеді.

71. Өндірістік бірлестік орындалатын тұрмыстық қызметтерді, сондай-ақ өзі тұтынатын шикізатты, материалдар мен басқа да ресурстарды стандарттау мен бірегейлендірудің қол жеткен дәрежесіне баға беру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді.

72. Өндірістік бірлестік өндірістің техникалық дәрежесі үздіксіз артуын, өндірісте қолданылатын технологиялық процестер мен оларды басқару жүйесін жетілдіруді, негізгі және қосалқы өндірістік процестерді комплексті механикаландыру мен автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Бірлестік жаңа техниканы енгізудің перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді, оларда өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстардың пайдаланылуын көздеп отырады.

73. Егер қызмет көрсетуде бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыратын органдар тұрмыстық қызмет көрсетудің технологиялық процестерін бекітпеген болса, өндірістік бірлестік бұл процестерді өндірістік единицалар үшін бекітеді.

Егер өндірістің сол саласында бірыңғай техникалық саясатты жүзеге

асыратын тиісті органдар бекіткен технологиялық процестерді өзгерту қызметтердің сапасын жақсартатын (сенімділігін, беріктігін арттыратын) болса немесе сапасын нашарлатпай және стандарттар мен техникалық шарттарды бұзбай оның өзіндік құнын кемітетін не өзге де оң тиімділікке қол жеткізетін болса, қажет болған реттерде бірлестіктің технологиялық процестерді бекіткен органдардың келісуінсіз оларды өзгертуге тыйым салынғандарынан басқаларын өзгертуге правосы бар. Мұның өзінде еңбек қорғау ережелері мен нормаларының, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерінің сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Технологиялық процесті өзгерту туралы оны бекіткен орган хабарлауға тиіс.

74. Өндірістік бірлестік:

а) өндірістік және пайдалану мұқтаждарына арналған шикізатты, отынды, материалдарды жұмсаудың және олардың запастарының нормативтерін, нормаларын, жылу және электр энергиясын жұмсау нормаларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірлейді;

б) жоғары тұрған орган өз компетенциясы шеңберінде белгілеген тізбе бойынша нормалар мен нормативтерді бекітеді;

в) өндірістік единицалар бекітетін нормалар мен нормативтер тізбесін белгілей алады.

75. Өндірістік бірлестік перспективалық және ағымдағы жоспарлар негізінде өнертапқыштық пен рационализаторлық жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстардың уақтылы пайдаланылуын, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстардың пайдаланылғаны үшін сыйлық ақы және өнертапқыштық пен рационализаторлыққа жәрдемдескені үшін сыйлықтар берілуін қамтамасыз етеді.

Бірлестік тиісті кәсіподақ органымен және Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы ұйымымен бірлесіп өнертапқыштық пен рационализаторлық жөнінде тәжірибе алмасуды ұйымдастырып, жарыстар, конкурстар мен байқаулар өткізеді.

Бірлестік қызмет бабындағы тапсырмаларды орындауға байланысты бірлестік қызметкерлері жасаған өнертабыстарды уақтылы анықтап, СССР-де авторлық куәліктер беруге және қажет болған реттерде шетелден патенттер алуға арналған заявкаларды ресімдеу мен беруді белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етеді.

76. Еңбекшілердің творчестволық инициативасын дамыту мақсатында өндірістік бірлестік Ғылыми-техникалық қоғам мен Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы бастауыш ұйымдарының қызметіне барынша жәрдемдеседі, оларды қызметтердің түрлері мен халық тұрмыс қажетін өтеу формаларын техникалық дамытудың нақты міндеттерін, жаңа техниканы, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізудің перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын әзірлеуге, сондай-ақ осы жоспарларды орындауға қатыстырады.

Бірлестік аталған бастауыш ұйымдарды, сондай-ақ қоғамдық конструкторлық, технологиялық және патенттік бюроларды, нормалау бюроларын, жаңашылдар советтерін, қоғамдық институттар мен ғылыми зерттеулер лабораторияларын, экономикалық талдау жасау бюролары мен топтарын, техникалық информация бюроларын, еңбекті ғылыми ұйымдастыру советтерін және басқа творчестволық бірлестіктерді үй-жайлармен, жабдықтармен, приборлармен, инвентарьмен, техникалық және анықтамалық әдебиетпен қамтамасыз етеді.

Бірлестік инженер-техник қызметкерлер мен жаңашыл жұмысшыларды өндірісті техникалық жетілдіруге неғұрлым кеңінен қатыстыру мақсатында тиісті кәсіподақ органының және Ғылыми-техникалық қоғамның бастауыш ұйымы советінің келісуі бойынша осы советке өндірістік бірлестіктің техникалық-экономикалық советінің функцияларын жүзеге асыруды бере алады.

77. Өндірістік бірлестіктің әкімшілігі тиісті кәсіподақ органымен және Ғылыми-техникалық қоғам мен Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы бастауыш ұйымдарының советтерімен бірлесе отырып техникалық прогресс, бірлестіктің экономикалық дамуы мәселелерін талқылау және техниканы, технологияны, өндірісті басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен тапсырмаларды әзірлеу үшін инженер-техник, ғылыми қызметкерлердің, өндіріс озаттары мен жанашылдарының ғылыми, өндірістік-техникалық және экономикалық конференциялары мен кеңестерін ұдайы өткізіп отырады және осы ұсыныстар мен тапсырмалардың уақтылы жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

78. Өндірістік бірлестік шетелдермен ғылыми-техникалық және өндірістік ынтымақтастыққа байланысты жұмыстарды бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырады.

79. Өндірістік бірлестік өнертабыстар мен басқа да ғылыми-техникалық жетістіктерге арналған лицензияларды сату мен сатып алу жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді.

Бірлестік халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуге арналып сатып алынған лицензиялар жабдықтарының уақтылы игерілуіне жауап береді.

Күрделі құрылыс саласындағы праволары мен міндеттері

80. Өндірістік бірлестік күрделі құрылысты жүзеге асырып, күрделі қаржының неғұрлым тиімді пайдаланылуын, оның негізгі қорларды техникалық қайта жарақтандыру мен қайта құруға бірінші кезекте жұмсалуын, пропорциялардың бірлестік шеңберінде жақсаруын, қаржылардың іске қосылатын құрылыстар мен объектілерге шоғырлануын, аяқталмаған құрылыс көлемінің қысқаруын қамтамасыз етеді.

81. Өндірістік бірлестік құрылыс салу мерзімдерін қысқартуға, сапасын арттырып, құнын кемітуге шаралар қолданады, сондай-ақ өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды салу ұзақтығының белгіленген нормалары мен іске қосу мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді; жаңадан іске қосылған өндірістік қуаттарды оларды игеру ұзақтығының нормаларында көзделген мерзімдерде игереді.

82. Өндірістік бірлестік күрделі құрылысты, негізгі қорларды қайта құру мен жөндеуді құрылыс-монтаж ұйымдарымен жасалған мердігерлік шарттар бойынша жүзеге асырады. Жұмыстарды күрделі құрылыс немесе мердігерлік әдіспен жөндеу бойынша жүргізу экономикалық жағынан орынсыз болған реттерде мұндай жұмыстарды орындау шаруашылық әдіспен жүзеге асырылады.

83. Өндірістік бірлестік жобалау-смета документтемесін әзірлеуге арнап жобалау ұйымдарымен шарттар жасасады.

84. Өндірістік бірлестік мыналарды бекітеді:

орталықтандырылған күрделі қаржы есебінен жүзеге асырылатын өндірістік мақсаттағы құрылыстардың жобалау-смета документтемесін, титулдық тізімдерін және Қазақ ССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР-інің тиісті министрлігі немесе ведомствосы өз компетенциялары шеңберінде белгілейтін тәртіп бойынша алдағы жылдардың құрылы-

сына арналған жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін;

жұмыс істеп тұрған өндірістік мақсаттағы объектілерді жұмыстардың сметалық құнына қарамастан өндірісті дамыту қорының қаржылары есебінен ұлғайтуға (қайта құруға) арналған жобалау-смета документтемесі мен олардың титулдық тізімдерін;

жұмыстардың сметалық құнына қарамастан әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қорының, кеңінен тұтынатын товарлар қорының қаржылары және қаржыландырудың басқа да орталықтандырылмаған көздері есебінен жүзеге асырылатын объектілерді салу мен ұлғайтуға (қайта құруға) арналған жобалау-смета документтемесі мен олардың титулдық тізімдерін;

орталықтандырылған күрделі қаржы есебінен жүзеге асырылатын тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы және коммуналдық шаруашылық объектілерін салуға арналған титулдық тізімдерді белгіленген тәртіп бойынша;

еңбек қорғауды қамтамасыз ету, хауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария жөніндегі жұмыстарға арналған титулдық тізімдерді;

мердігердің келісуі бойынша құрылыс ішіндегі титулдық тізімдерді.

Тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді әлеуметтік-мәдени шаралар және тұрғын үй құрылысы қоры мен кеңінен тұтынатын товарлар қоры есебінен салуға арналған титулдық тізімдерді, сондай-ақ еңбек қорғауды қамтамасыз ету, хауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария жөніндегі жұмыстарға арналған титулдық тізімдерді бірлестік тиісті кәсіподақ органының келісуі бойынша бекітеді.

85. Өндірістік бірлестіктің, кейіннен жоғары тұрған органға хабарлай отырып, мердігерлік ұйымдардың келісуі бойынша оларға құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауды және осыған байланысты тиісті жалақы қорын, материалдық ресурстар қоры мен материалдарды шарттар бойынша беруге правосы бар.

86. Егер қажеттілігі салу барысында пайда болатын жұмыстарға арналған бірлік нарықтар белгіленген тәртіп бойынша бекітілмеген болса, өндірістік бірлестіктің бұл жұмыстарға арналған нарықтарды мердігерлік ұйымның келісуімен бекітуге правосы бар.

87. Күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстардың жоспарлары мен тиісті сметалық-финанстық есептерді өндірістік бірлестіктің бас директоры (директоры) бекітеді. Күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар әрі шаруашылық, әрі мердігерлік әдістермен де жүзеге асырылады.

Бірлестік күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар көлемін мердігерлік ұйымға берген ретте бірлестік кейіннен жоғары тұрған ұйымға хабарлай отырып, мердігерлік ұйымға тиісті жалақы қорын, материалдық ресурстарға арналған қорды және материалдарды беруге праволы.

88. Өндірістік бірлестіктің тұрғын үй құрылысы үшін орталықтандырылған тәртіп бойынша өзіне бөлінетін қаржылардың бір бөлігін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға пайдалануға правосы бар. Қаржыларды бұлайша пайдалану туралы шешімді бас директор (директор) тиісті кәсіподақ ұйымымен бірлесіп қабылдайды.

89. Өндірістік бірлестік тұрғын үйлер салуды, коммуналдық шаруашылық объектілерін, медицина және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, пионер лагерьлерін және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы басқа да объектілер салу мен ұлғайтуды жоспарда тиісінше осы мақсатта бірлестікке көзделген күрделі қаржы есебінен басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп (үлес бөліп қатысу тәртібімен) жүзеге асыра алады.

Материалдық-техникалық жабдықтау және өткізу саласындағы праволары мен міндеттері

90. Өндірістік бірлестік жабдықтау мен өткізудің елімізде қолданылып жүрген жалпы мемлекеттік жүйесін ескере отырып, бірлестіктің материалдық-техникалық жабдықталуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

91. Өндірістік бірлестік өндірістік единицаларға материалдық байлықтар запастарының нормативтерін белгілейді, сондай-ақ оларға материалдық ресурстарға арналған лимиттер (қорлар) бөледі және өндірістік программаның өзгеруін ескере отырып оларды белгіленген тәртіп бойынша қайта бөледі.

Бірлестік тұрған жерден тысқары орналасқан өндірістік единица бірлестіктен — бірлестік жөнінде жоғары тұрған орган бөлетін материалдық ресурстарға арналған қорды және осы өндірістік единица тұрған жердегі материалдық-техникалық жабдықтаудың территориялық органдарынан — осы органдар бөлетін материалдық ресурстарға арналған қорды алады. Аталған өндірістік единица қорларды белгіленген тәртіп бойынша өткізеді.

92. Өндірістік бірлестік өзіне бөлінген қорларды өткізуді және қызметтер көрсетуді тұрмыс қажетін өтеудің басқа кәсіпорындарымен өндірістік кооперация тәртібі бойынша жасалған шаруашылық шарттар негізінде немесе меншікті қабылдау пункттері арқылы тікелей заказ берушілерге жүзеге асырады, сондай-ақ материалдық ресурстардың тиімді пайдаланылып, қалыпты сақталуы үшін жауап береді.

Халықтың заказдарын орындауға арналған мердігерлік шарттар, тұрмыс қажетін өтейтін басқа кәсіпорындармен өндірістік кооперация бойынша тапсырмалар мен міндеттемелерді бірлестіктің орындамауы мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзушылық болып табылады және кінәлы лауазымды адамдар белгіленген тәртіпке орай жауап береді.

Жоспарлы тәртіппен бөлінбеген өнімді, сондай-ақ нарядтарға орай өтпеген өнімді бірлестік қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіп бойынша өздігінен өткізеді.

93. Өндірістік бірлестік экономикалық жағынан орынды ұзақ мерзімді төте шаруашылық байланыстарды ұлғайтуға шаралар қолданып, осы мақсатта сатып алушыларды өнім беріп тұрушыларға бекітуді жүзеге асыратын органдарға мұндай байланыстарды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді, сөйтіп бекіту жоспарлары негізінде басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен ұзақ мерзімді шаруашылық шарттарын жасасады.

Өнім беріп тұрушылар мен сатып алушылар арасындағы өнім беріп тұру жөнінде қалыптасқан ұзақ мерзімді төте шаруашылық байланыстарды өзгертуге, қажет болған реттерде, қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіп сақтала отырып жол беріледі.

94. Өндірістік бірлестік материалдық-техникалық жабдықтаудың территориялық органдарымен өзін өніммен (қор бойынша да, қорсыз жабдықтау тәртібімен де бөлінген) кепілді түрде комплексті қамтамасыз етуді, өнімді өндірістік тұтынуға дайындауды, материалдар мен бұйымдарды келісілген график бойынша орталықтандырып жеткізуді, басы артық және пайдаланылмайтын материалдық байлықтарды өткізуді және басқа қызметтер көрсетуді көздейтін жабдықтауды ұйымдастыруға арналған ұзақ мерзімді шарттар жасаса алады.

Аталған шартты жасайтын бірлестіктің материалдық ресурстарының

запасын келісілген мөлшерде материалдық-техникалық жабдықтаудың территориялық органына беруге правосы бар.

95. Өндірістік бірлестік басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан нарядсыз өткізілетін өнімді, басы артық материалдық байлықтарды, сондай-ақ материалдық-техникалық қамтамасыз етудің қажетті заттарын көтерме және бөлшек сауда тәртібі бойынша, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатып ала алады.

96. Өндірістік бірлестік шарттар бойынша бірлестікке қажет өнім жасау үшін басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға қорларды өткізуге және өз ресурстарынан материалдарды, комплектеуші жабдықтарды белгіленген нормаларға орай беруге праволы.

97. Өндірістік бірлестіктің қызмет көрсетудің жаңа түрлеріне перспективалық сұранымды зерттеу мен жарнамалау, сондай-ақ тұрмыс қажетін өтеудің басқа да түрлерін көрсету, материалдар мен бұйымдардың прогресті түрлерін халық тұрмыс қажетін өтеуге белсендірек енгізу жөніндегі жұмыстарды мамандандырылған ұйымдармен жасасқан шарттар негізінде оларға беруге правосы бар.

98. Өндірістік бірлестік өзіне бөлінген өнімнен және шарт жасасудан толық немесе ішінара бастартуға праволы, мұндай бастарту туралы өнім беріп тұрушыға, қор ұстаушыға және нарядты берген органға өзіне өнім бөлінгені туралы құлақтандыру қағазын немесе нарядты алғаннан кейін 10 күн мерзімнен кешіктірмей хабарлайды.

Шарт жасасқаннан кейін бірлестік шартта көзделген өнімді алудан өнім беріп тұрушының келісуі бойынша толық немесе ішінара бастартуға да праволы, бұл туралы қор ұстаушы мен нарядты берген органға 5 күн мерзім ішінде хабарлайды.

99. Өндірістік бірлестік өзіне ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орындайтын ұйымдарға осы жұмыстарды жүргізуге қажетті шикізатты, материалдарды, жартылай фабрикаттарды және дайын бұйымдарды оған бөлінген қорлар шеңберінде, белгіленген тәртіп бойынша ақысын төлеттіре отырып босатуға праволы.

100. Егер қолданылып жүрген заңдармен өзгеше белгіленбеген болса, өндірістік бірлестіктің басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік-шаруашылық қызметі үшін қажетті, бірлестіктің тапсыру және өңдеу жоспарынан тыс өндіріс қалдықтарын оларға босатуға правосы бар.

Кадрлар, еңбек және жалақы саласындағы праволары мен міндеттері

101. Өндірістік бірлестік өзінің номенклатурасына енетін басшы кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырып, еңбек ресурстарына, соның ішінде жоғары және арнаулы орта білімді мамандар мен білікті жұмысшыларға деген ағымдағы және перспективалық қажеттілікті нормативтер бойынша анықтайды, еңбек ресурстарын, жас мамандар мен кәсіптік-техникалық училищелердің түлектерін ұтымды пайдалануға шаралар қолданып, бірлестіктің тұрақты кадрларын жасауға бағытталған шаралар жүргізеді.

102. Өндірістік бірлестік басқарудың оптималды схемаларын, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілер санының нормативтерін қолдану, басқарудың барынша үнемді аппараты бар бірлестіктердің тәжірибесін пайдалану, осы заманғы есептеу техникасын, инженерлік-техникалық және басқару жұмыстарын механикаландыру мен автоматтандыруды енгізу негізінде басқару жөніндегі шығындарды барынша азайтуға күш сала отырып, өз құрылымын ұдайы жетілдіре береді.

103. Өндірістік бірлестік еңбек ұйымдастыруды жүзеге асырып,

ұдайы жетілдіре береді, еңбек ұйымдастырудың бригадалық формалары енгізілуіне жәрдемдеседі, оны нормалау дәрежесін әрдайым арттыра береді, еңбек жөнінде қолданылып жүрген нормалар мен нормативтерді тексеруді жүйелі түрде жүргізеді, уақыттың, тұрмыс қажетін өтеудің салааралық және салалық нормаларын және қолданылуы міндетті басқа да нормативтерді белгіленген тәртіп бойынша енгізеді, еңбек өнімділігінің (өндірімнің) ұдайы артуына күш сала отырып, жоғары өнімді жұмыс істеуге жағдайлар жасайды, еңбек жөніндегі заңдардың, еңбек қорғау ережелері мен нормаларының, хауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді, сауықтыру шараларын жүргізеді, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Бірлестік коллективінің әрбір мүшесі ішкі еңбек тәртібі ережелерін қатаң сақтауға тиіс.

104. Өндірістік бірлестік қызметкерлердің әрқайсысының еңбек нәтижелері үшін де, тұтас алғанда өндірістік единицалар мен бірлестік жұмысының жалпы нәтижелері үшін де материалдық ынталылығын күшейту мақсатында жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады, еңбек өнімділігінің (өндірімнің) өсуі мен жалақының өсуі арасында дұрыс қарым-қатыс болуын, жалақы қоры мен материалдық көтермелеу қорынемді әрі ұтымды жұмсалуын, сондай-ақ жұмысшылармен және қызметшілермен уақтылы есеп айырысуды қамтамасыз етеді.

105. Өндірістік бірлестік кадрларды тікелей өндірісте оқытып-үйрету үшін оқу-материалдық база жасайды және ғылыми-техникалық прогрестің талаптарын ескере отырып жаңа жұмысшы кадрларын даярлауды, жұмысшыларға жаңа кәсіптерді оқытып-үйретуді және қызметкерлердің өндірістік біліктілігін жүйелі түрде көтеруді ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді. Осы мақсатта бірлестікте жеке-дара және бригадалық шәкірттілікпен қоса еңбектің озық әдістерін зерттеу жөніндегі өндірістік-техникалық курстар, мектептер ұйымдастырылады.

Оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқып жүрген қызметкерлерге бірлестік оқуды жұмыспен ұштастыруға қажетті жағдайлар жасап, оларға қолданылып жүрген заңдармен көзделген жеңілдіктер береді.

106. Өндірістік бірлестік оның қызметкерлері оқып жүрген жалпы білім беретін орта кешкі (сменалық) және сырттай оқытатын мектепке, кешкі (сменалық) кәсіптік-техникалық училищеге, біліктілікті көтеру курстары мен оқу-өндірістік комбинатына барынша жәрдем көрсетеді; жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларын, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларын өндірістік оқу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді; жоғары оқу орындары түлектерінің стажировкасын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұйымдастырады және өткізеді, студенттер (оқушылар) өндірістік практикада жүрген уақытта атқару үшін жоғары, арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелерге жұмыс орындары мен қызметтер береді.

107. Өндірістік бірлестік пен өндірістік единицалар өздерінің алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындағаны үшін қолданылып жүрген заңдарға және социалистік жарыс шарттарына сәйкес көтермеленіп отырады.

Жұмыста қол жеткізген табыстары және инициатива көрсеткені үшін бірлестіктің жұмысшылары мен қызметшілеріне қолданылып жүрген заңдармен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен көзделген көтермелеу шаралары қолданылады.

Бірлестіктің жұмысшылары мен қызметшілері шаруашылық құрылысы саласындағы аса үздік жаңашылдық қызметі мен жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін СССР-дің ордендерімен және медальдарымен наградтауға, құрметті атақтар мен Социалистік Еңбек Ері атағын беруге белгіленген тәртіп бойынша ұсынылады.

108. Өндірістік бірлестік қызметкерлердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайлары жүйелі түрде жақсартылуын қамтамасыз етеді, тұрғын үйлер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, ауруханалар мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салынуын ұйымдастырады, кооперативтік және жеке тұрғын үй құрылысына жәрдемдеседі.

109. Өндірістік бірлестік:

а) жұмысшылардың жекелеген топтары үшін, ал қолданылып жүрген заңдарда көзделген реттерде инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілер үшін еңбекке кесімді, мерзімді немесе аккордты ақы төлеуді белгілейді;

б) бірлестік қызметкерлерінің тұрмыстық қызмет көрсету көлемін ұлғайтуға, қызметкерлердің біліктілігін көтеруге және заказдарды орындау сапасы мен халыққа қызмет көрсету мәдениетін жақсартуға материалдық ынталылығын күшейту мақсатында жекелеген қызметкерлерді еңбегіне түсімнен процент есебімен ақы төлеуге белгіленген тәртіп бойынша көшіреді;

в) бірлестік қызметкерлерінің өндірістік жоспарларды толық және асыра орындауға, еңбек өнімділігін (өндірімді) өсіруге, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға материалдық ынталылығын күшейту, сондай-ақ өндірістің тиімділігі мен рентабельділігін арттыру мақсатында тұтас алғанда бірлестік бойынша сыйлық беру туралы ережелерді әзірлеп, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітеді. Мұның өзінде өндірістік единицалардың (бас единицадан басқа) басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ бас өндірістік единицаның жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне сыйлық беруге арналған көрсеткіштерді, оның шарттары мен мөлшерін бірлестіктің бас директоры (директоры) белгілейді. Басқа өндірістік единицалардың жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне сыйлық беруге арналған көрсеткіштерді, оның шарттары мен мөлшерін осы өндірістік единицалардың басшылары бірлестік қызметкерлеріне сыйлық беру туралы ережеге сәйкес белгілейді және оларды бірлестіктің бас директоры бекітеді;

г) тұтас алғанда бірлестік бойынша жұмыстың жылдық нәтижелері үшін сыйлық ақы төлеу туралы ережені әзірлеп, бекітеді, соның негізінде өндірістік единицалардың басшылары осы единицалардың қызметкерлеріне сыйлық ақы төлеу тәртібі мен шарттарын бекітеді;

д) еңбегіне мерзімді ақы төлеген жағдайда кесімді ақы алушылардың тарифтік ставкалары қолданылатын жұмысшы кәсіптерінің тізбесін, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша бекітілген тізбеге сәйкес тарифтік ставкалар орнына айлық окладтар белгіленетін жекелеген жұмысшы кәсіптерін анықтайды. Мерзімді ақы алатын жұмысшыларға кесімді ақы алатын жұмысшылардың тарифтік ставкаларын қолдану олар салалық және басқа техникалық негізделген еңбек шығындарының нормалары (нормаланған тапсырмалар, тұрмыс қажетін өтеу нормалары және қызметкерлер санының нормативтері) бойынша жұмыс істеген жағдайда жүргізіледі;

е) ауыр және зиянды еңбек жағдайларына, аса ауыр және аса зиянды еңбек жағдайларына байланысты көтеріңкі тарифтік ставкалар бойынша төленетін жұмысшы кәсіптері мен жұмыстардың тізбелерін өн-

діріс салалары бойынша осы кәсіптер мен жұмыстардың қолданылып жүрген үлгі тізбелеріне сәйкес белгілейді;

ж) бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес жұмыс разрядтарын белгілейді және жұмысшыларға разрядтар береді;

з) Қызметшілер лауазымының біліктілік анықтамалығына сәйкес басшыларға, мамандар мен техникалық орындаушыларға лауазымдық міндеттер мен біліктілік талаптарын белгілейді және бірлестіктің басшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен басқа да мамандарына белгіленген тәртіп бойынша аттестация жүргізеді. Қажет болған реттерде Біліктілік анықтамалығы негізінде инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілерге арналған қызметтік нұсқаулар әзірлейд;

и) өндірістік единицаларды, сондай-ақ цехтарды, учаскелерді және өндірістік единицалардың басқа құрылымдық бөлімшелерін басшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі тиісті топқа (категорияға) жатқызады, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер мен өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты оларды бір топтан (категориядан) екіншісіне ауыстырады, мұның өзінде белгіленген тәртіп бойынша бекітілген көрсеткіштерді (еңбегіне ақы төлеу жөніндегі топтарға (категорияларға) жатқызу үшін айрықша тәртіп белгіленгеннен басқа реттерде) басшылыққа алады;

к) жұмыс күні нормаланбаған қызметкерлерге қосымша демалыстың ұзақтығын еңбек заңдарына және жұмыс күні нормаланбаған қызметкерлер лауазымының белгіленген тәртіп бойынша бекітілген тізбесіне сәйкес белгілейді;

л) өндіріс жағдайларына қарай жұмысшылар мен қызметшілердің сол категориялары үшін белгіленген күн сайынғы және апта сайынғы жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау мүмкін емес жекелеген өндірістік бірлестіктердің немесе олардың бөлімшелерінің жұмысшылары мен қызметшілерінің жұмыс уақытының жиынтық есебін алуды енгізеді;

м) техникалық негізделген нормалардың сыбағалы үлесін арттыра отырып, өндірімнің, тұрмыс қажетін өтеудің, қызметкерлер санының жаңа нормалары мен нормативтерін және еңбек шығындарының басқа да нормативтерін белгіленген тәртіп бойынша бекітіп, қолданылып жүргендерін қайта қарайды.

Осы тармақтың «а»—«м» тармақшаларында көрсетілген шараларды бірлестіктің бас директоры (директоры) (ал «в» және «г» тармақшаларында көзделген реттерде — өндірістік единицаның басшысы да) бірлестіктің (өндірістік единицаның) жалақы қоры мен материалдық көтермелеу қоры шеңберінде және тиісті кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша жүзеге асырады;

н) жұмыстың сипатына қарай демалыс алдындағы (6 күндік жұмыс аптасы жағдайында) және мереке алдындағы күндерде қызметкерлер үшін қысқартылған жұмыс күнін белгілеу мүмкін емес, ал артық істеген сағаттардың жинақталып қалуына қарай қосымша демалыс күні берілуге тиіс өндірістердің тізбесін бекітеді;

о) жұмысшылар мен қызметшілерге арнаулы киімді, арнаулы аяқкиімді және қорғаныш тетіктерін тегін алуға право беретін жұмыстар мен кәсіптердің тізбелерін, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге зиянды еңбек жағдайларына байланысты сүт алуға және арнаулы сабын алуға право беретін жұмыстар мен кәсіптердің тізбелерін СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітілетін салалық нормалар негізінде тиісті кәсіподақ комитетінің келісуімен белгілейді.

110. Өндірістік бірлестік нормаларды қайта қараған жағдайда ұйымдастыру-техникалық шараларды енгізуге байланысты алынған үнем қаржыларының бір бөлігін өндірімнің жаңа нормалары мен тұрмыс

қажетін өтеу нормаларын 3—6 ай ішінде игеру кезеңінде жұмысшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу үшін тиісті кәсіподақ комитетінің келісуімен пайдалана алады. Өндірістік учаскелердің аталған ұйымдастыру-техникалық шараларды әзірлеп, енгізуге тікелей қатысқан мастерлері мен басқа да инженер-техник қызметкерлеріне де осы үнемнің қаржылары есебінен сыйлық берілуі мүмкін.

111. Тұрмыстық қызметтердің өндірістік (өнеркәсіптік) түрлерін көрсететін өндірістік бірлестіктің белгіленген нормативпен салыстырғанда жалақы қоры бойынша алынған үнем немесе жоспардың нақты орындалуына қарай белгіленген тәртіп бойынша қайта есептелген жоспарлы жалақы қоры есебінен инженер-техник қызметкерлерге және ең алдымен мастерлерге, сондай-ақ қызметшілерге жоғары біліктілігі үшін окладтарына 30 процентке дейінгі, ал конструкторлар мен технологтарға 50 процентке дейінгі мөлшерде бірлестіктің жалақы қорының бір процентіне дейінгі шеңберде үстеме ақы төлеп отыруға правосы бар.

Тұрмыстық қызметтердің өндірістік емес түрлерін көрсететін бірлестіктерде бұл үстеме ақылар мастерлер мен басқа да инженер-техник қызметкерлерге окладының 30 процентке дейінгі мөлшерде бірлестіктің жоспарлы жалақы қорының 0,3 процентіне дейінгі шеңберде және оның үнемі есебінен белгіленеді.

Аталған үстеме ақылар штат кестесі бойынша орташа жалақы мөлшерін белгілеген жағдайда есепке алынбайды, ал жұмыс көрсеткіштері нашарлаған кезде алып тасталады.

112. Өндірістік бірлестіктің кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша мынадай правосы бар:

а) белгіленген тәртіп бойынша кәсіптерді (қызметтерді) қоса атқаруға, тұрмыс қажетін өтеу аймағын кеңейтуге немесе орындалатын жұмыстардың көлемін ұлғайтуға рұқсат етуге;

б) әзірленген ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асыру нәтижесінде өздері қызмет көрсететін учаскелерде персонал санын азайту есебінен еңбек өнімділігін (өндірімді) жоспармен салыстырғанда арттыруды қамтамасыз еткен цех бастықтары мен олардың орынбасарларына, смена (учаске) бастықтарына, аға мастерлерге, мастерлерге және тікелей цехтарда істейтін басқа да инженер-техник қызметкерлерге окладының 30 процентке дейінгі мөлшерде қосымша ақылар белгілеуге. Мұның өзінде аппаратты ұстауға арнап бірлестікке белгіленген шекті қаржылар тиісті жоғары тұрған органның рұқсатымен аталған қосымша ақылар сомасына арттырылады. Еңбек өнімділігінің (өндірімнің) қол жеткен дәрежесі төмендеген немесе адам саны көбейген жағдайда (бұл табиғи және тау-геологиялық жағдайлардың өзгеруінен болғаннан басқа реттерде) окладтарға қосымша ақылар азайтылуы немесе мүлде берілмеуі мүмкін;

в) жоспармен салыстырғанда қызметкерлер санының кемуін және еңбек өнімділігінің (өндірімнің) артуын қамтамасыз еткен шараларды әзірлеп, жүзеге асырғаны үшін жұмысшыларға, басшы және инженер-техник қызметкерлерге біржолғы сыйлық ақы төлеуге. Сыйлық ақының мөлшері еңбек өнімділігінің (өндірімнің) қол жеткен дәрежесіне және жалақы қорының аталған шараларды енгізуден алынған нақты үнеміне қарай белгіленеді.

Осы тармақтың «б» және «в» тармақшаларында көзделген қосымша ақылар мен сыйлық ақылар адам санының салааралық және салалық нормативтерімен, тұрмыс қажетін өтеу нормаларымен және еңбек шығындарының басқа да нормативтерімен салыстырғанда қызметкерлер санын босатудан алынған жалақы қорының үнемі есебінен төленеді;

г) мерзімді ақы алатын жұмысшылар мен қызмет көрсететін кіші

персоналға персоналдың дәл осы категориялары қатарындағы жұмыста уақытша болмаған (ауырып қалған, демалыста, командировкада жүрген ретте және басқа себептер бойынша) қызметкерлердің міндеттерін өзінің негізгі жұмысымен қатар атқарғаны үшін белгіленген тәртіп бойынша қосымша ақы төлеуге;

д) аса жауапты жұмыстар атқаратын білікті жұмысшыларға жоғары кәсіптік шеберлігі үшін — егер СССР Үкіметінің шешімдерімен өзгеше көзделмеген болса, берілген разрядтық тарифтік ставкасының 4,8 және 12 проценті мөлшерінде кезең-кезеңімен (кәсіпорындағы үзіліссіз жұмыс стажын ескере отырып), жалақы қоры жөніндегі үнем есебінен, разрядтар арасындағы айырма шеңберінде үстеме ақы төлеп отыруға;

е) негізгі жұмысынан босатылмаған жұмысшылар қатарындағы бригадирлерге бригада белгіленген айлық нормаланған тапсырмаларды орындаған жағдайда бригаданы басқарғаны үшін — қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіп пен мөлшерде қосымша ақы белгілеуге.

113. Өндірістік бірлестік жекелеген реттерде бірлестіктің білікті жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерін жаңадан іске қосылатын өндірістік единицаларға немесе цехтарға ауыстырған жағдайда, егер жаңа жұмыс орнындағы жалақы бұрынғы жұмыс орнында алатын жалақысынан аз болса, олардың орташа жалақысын өндірісті игеру кезеңіне, бірақ 6 айдан асырмай сақтай алады.

114. Өндірістік бірлестік мұның алдындағы тоқсандар мен айларда алынған, жоспардың орындалу процентіне сәйкес (қолданылып жүрген нормативті ескере отырып) қайта есептелген жалақы қоры бойынша үнемді сол жылдың кейінгі тоқсандары мен айларында жалақы мен сыйлық беруге пайдалана алады.

Жалақы қорының артық жұмсалуы бір-екі тоқсан ішінде өтелуге жатады. Бірлестік жол берген жалақы қорының артық жұмсалған сомасының орны толтырылмаған бөлігі артық жұмсау пайда болған кезден бастап бір жыл бойына оның мойнына қойылады. Тұтас алғанда бірлестік бойынша жалақы қоры относительді түрде артық жұмсалған жағдайда бірлестіктің басшы қызметкерлеріне есептелген сыйлықтар артық жұмсалған сомаға, бірақ есептелген сыйлықтардың 50 процентінен асырмай, артық жұмсау өтелгенге дейінгі мерзімге кемітіледі. Егер бірлестік 6 айға дейінгі кезеңде жалақы қорының артық жұмсалғанын өтейтін болса, мұның алдындағы кезеңдерде жалақы қорының артық жұмсалуына байланысты төленбеген сыйлық бөлігінің 50 проценті аталған қызметкерлерге төленеді.

Жалақы қоры артық жұмсалған жағдайда өндірістік единицалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшы қызметкерлеріне де сыйлықтар дәл осындай тәртіп бойынша төленеді. Мұның өзінде жалақы қорының артық жұмсалуы тек тиісті өндірістік единица (бөлімше) бойынша ғана ескеріледі.

Тұтас алғанда бірлестік бойынша жалақы қоры артық жұмсалмаған жағдайда бірлестік жекелеген өндірістік единицалардың өткен кезеңдегі жалақы қорының өтелмеген артық жұмсалған сомасын есептен шығара алады.

Тұтас алғанда бірлестік бойынша жалақы қорынан үнем жасалған жағдайда бірлестіктің өз жұмысын жақсартқан, бірақ өткен кезеңде жол берілген жалақы қорының артық жұмсалуын өтемеген өндірістік единицалардың басшы қызметкерлеріне де сыйлықтарды толық мөлшерде төлеуге рұқсат етуге правосы бар.

Тұтас алғанда өндірістік единица бойынша жалақы қорынан үнем жасалған жағдайда өндірістік единицаның жекелеген құрылымдық бө-

лімшелері жол берген жалақы қорының өтелмеген артық жұмсалуын есептен шығару және басшы қызметкерлеріне сыйлық беру тәртібін бас директор (директор) белгілейді.

115. Өндірістік бірлестік жалақының белгіленген жалпы қоры, басқару аппаратын ұстауға арналған шекті қаржылар, басқару аппараты қызметкерлері санының лимиті шеңберінде және бірлестіктің уставымен көзделген өндірістік единицалардың тізбесіне сәйкес бірлестіктің құрылымы мен штаттарын үлгі құрылымдарға, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің штаттарына және олардың санының нормативтеріне орай әзірлейді. Бірлестіктің құрылымы мен штаттарын бас директор (директор) бекітеді.

Бірлестіктің бас директоры (директоры) инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің қызметтік окладтарын қолданылып жүрген заңдардың негізінде қызметтік окладтардың схемасына сәйкес және қызметтік окладтар схемаларының орташа окладтары бойынша есептелген жалақы қорының шеңберінде белгілейді және өзгертеді.

Өндірістік единицаның директоры (бастығы) инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің қызметтік окладтарын өндірістік единицаның қызметтік окладтарының схемаларына сәйкес және бас директор (директор) бекіткен оның штат кестесінде көзделіп, орташа қызметтік окладтар бойынша есептелген жалақы қоры шеңберінде белгілейді және өзгертеді.

Бас директор (директор) бірлестіктің басқару аппаратын ұстауға арналған шығыс сметасын жоғары тұрған орган осы мақсатқа арнап белгілеген қаржылар шеңберінде бекітеді.

Бас директор (директор) бекіткен штаттар, окладтар және басқару аппаратын ұстауға арналған шығыс сметасы финанс органдарында тіркелуге жатпайды.

116. Бас директор (директор) бірлестік қызметкерлерінің фабрикаларға, заводтарға, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен басқа да өндірістік единицаларға, бірлестікке бағынысты дербес кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға командировкаға баруына рұқсат бере алады.

117. Өндірістік бірлестік ерекше реттерде жекелеген қызметкерлерге жалақы есебінен айлық жалақыдан аспайтын мөлшерде жоспардан тыс аванс бере алады.

118. Өндірістік бірлестіктің озат жұмысшылар мен қызметшілерді олардың қалауы бойынша жоғары оқу орындары мен техникумдарға оқуға жіберуге және бұл қызметкерлер оқу орнын бітіргеннен кейін өздерін оқу орнына жіберген бірлестікте жұмыс істеуге қайтып келемін деп міндеттеме берген жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оларға көтеріңкі стипендиялар төлеп отыруға правосы бар. Көтеріңкі стипендиялар тағайындай отырып, жоғары оқу орындары мен техникумдарға оқуға жіберілетін адамдардың кандидатураларын әкімшілік бірлестіктің қоғамдық ұйымдарымен бірлесе отырып ұсынады және оларды бірлестіктің еңбек коллективі бекітеді.

119. Өндірістік бірлестік қызметкерлердің өтініші бойынша оларға семья жағдайларына және басқа дәлелді себептерге орай жалақы сақталмайтын қысқа мерзімді демалыс бере алады.

120. Өндірістік единица 109-тармақтың «а», «ж», «м» тармақшаларында, 112-тармақтың «б», «д» және «е» тармақшаларында, 117 және 119-тармақтарда аталған шараларды бас директор (директор) белгілеген тәртіпке орай тиісті кәсіподақ органының келісуі бойынша жүзеге асыра алады.

121. Өндірістік бірлестік финанстық жоспарлау жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, жүргізеді, финанс жоспарының тапсырмаларын орындау, шаруашылық есепті, жоспар-финанс тәртібін нығайту, рентабельділікті арттыру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады, айналым қаржыларының сақталып, мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын және олардың айналымы жеделдетілуін, бюджетке төлемдер бойынша жоғары орган белгілеген жылдық және тоқсандық тапсырмалардың орындалуын, банкілермен, өнім беріп тұрушылармен, жоғары тұрған ұйыммен, жалақы жөнінде жұмысшылармен, қызметшілермен есеп айырысудың және финанс жоспары мен шарттардан туындайтын міндеттемелердің уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Финанс жоспарын әзірлеген кезде бірлестік ішкі резервтердің барынша жұмылдырылуын, өндіріс пен айналыс шығындарының кемуін және осының негізінде қор жинаудың ұлғаюын қамтамасыз етеді.

122. Бюджетпен, өнім беріп тұрушылармен және сатып алушылармен, мердігерлермен, жоғары тұрған ұйыммен есеп айырысу, кредиттік қарым-қатыстар, сондай-ақ жалақы қорының жұмсалуы мен шаруашылық-финанс қызметті банкілердің тарапынан бақылау тұтас алғанда өндірістік бірлестік бойынша, оның өндірістік единицаларының тұрған жеріне қарамастан жүзеге асырылады.

СССР Мемлекеттік банкісінің мекемесінде ағымдағы счеты және СССР Құрылыс банкісінің мекемесінде күрделі қаржыны қаржыландыру счеты бар өндірістік единица өнім беріп тұрушылармен, сатып алушылармен, мердігер ұйымдармен есеп айырысуды тиісінше СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісі белгілеген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы ережеде көзделген праволармен пайдаланатын дербес кәсіпорындар мен ұйымдар бағындырылған бірлестіктер бойынша пайдадан төлемдер жөнінде бюджетпен есеп айырысуды кәсіпорындардың өздері жүргізеді немесе бірлестік СССР Финанс министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша, жүйесіне бірлестік кіретін министрліктің (ведомствоның) келісуімен орталықтандырып жүргізе алады.

123. Өндірістік бірлестік белгіленген тәртіпке орай банк мекемелерінде есеп айырысу және басқа счеттар ашып, солар бойынша тиісті операциялар жасайды.

124. Өндірістік бірлестік банк кредитін пайдалана алады және оның мақсатты пайдаланылуы мен уақтылы қайтарылуы үшін жауап береді.

Бірлестік өзіне қажетті кредиттерге арналған заявкаларды белгіленген тәртіп бойынша СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне, сондай-ақ жоғары тұрған органға табыс етеді.

125. Өндірістік бірлестік меншікті айналым қаржыларының нормативтерін элементтері бойынша жалпы норматив шеңберінде анықтайды, сондай-ақ өндірістік единицаларға меншікті айналым қаржыларының нормативтерін белгілейді.

126. Өндірістік бірлестік меншікті айналым қаржыларының пайда жоспарының орындалмауы немесе пайдадан қаржыландырылатын жоспардан тыс шығындардың жасалуы салдарынан құралған жетімсіздігін үш жылдан аспайтын уақыт ішінде ұйымдастыру-техникалық шараларды жүргізуден қосымша пайда алу жөнінде жоғары тұрған орган белгілейтін тапсырмаларды орындау есебінен, сондай-ақ жоспардан тыс пайданың белгіленген тәртіп бойынша осы мақсатқа бағыттауға жататын

бөлігі және пайдадан экономикалық ынталандыру қорына бөлінетін жарналарды 30 процентке дейінгі мөлшерде азайту есебінен толықтырады.

Жекелеген өндірістік единицаларда олардың пайда жоспарын орындамауы немесе пайдадан қаржыландырылатын шығындар жасауы (тұтас алғанда бірлестік бойынша белгіленген айналым қаржыларының жалпы нормативі сақталған жағдайда) салдарынан құралған меншікті айналым қаржыларының жетімсіздігін толықтыру тәртібін бірлестік мұндай жетімсіздік ең алдымен ол пайда болған өндірістік единицаның есебінен, соның ішінде өндірістік единицаға бөлінетін экономикалық ынталандыру қорлары қаржысының мөлшерін 30 процентке дейінгі шеңберде азайту есебінен толықтырылуға тиіс екенін ескере отырып белгілейді.

127. Өндірістік бірлестік көрсетілетін қызметтерге арналған бағаларды (тарифтерді) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітеді немесе бағалардың (тарифтердің) жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді және мемлекеттік баға тәртібінің сақталуына жауап береді.

128. Өндірістік бірлестік мынадай шараларды жүргізуге арналған смета-финанс есептері мен олардың шығындарының өтелу есептерін қолданылып жүрген заңдар шеңберінде әзірлейді:

жаңа техника, жаңа материалдар жасап, енгізу, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру, жабдықтарды жаңғырту, өндіріс технологиясын жақсарту, өндірістік процестерді рационализациялау мен интенсивтендіру жөнінде;

тұрмыстық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру мен ұлғайту, олардың сапасын жақсарту, тұрмыс қажетін өтеудің жаңа формаларын енгізу және мәдениетін арттыру жөнінде.

Аталған есептерді бірлестіктің бас директоры (директоры) бекітеді.

129. Күні өтіп ескірген, тозған және одан әрі пайдалануға жарамсыз жабдықтарды, инвентарь мен аспаптарды қалпына келтіру мүмкін емес немесе экономикалық жағынан орынсыз және өткізуге болмайтын жағдайда өндірістік бірлестіктің мұндай мүлікті баланстағы есептен шығаруға правосы бар.

Бірлестіктің жаңа объектілер салынуына немесе қайта құрылуына байланысты құлатылған, сондай-ақ тозығы жеткен үйлер мен құрылыстарды баланстағы есептен шығаруға правосы бар.

Күні өтіп ескірген, тозған және одан әрі пайдалануға жарамсыз транспорт құралдарын есептен шығару Қазақ ССР-інің тиісті министрлігінің немесе ведомствосының рұқсаты бойынша жүргізіледі.

130. Өндірістік бірлестіктің жоғары тұрған органға хабарлай отырып, мыналарды шығынға жатқызып, есептен шығаруға правосы бар:

талап мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарызды;

сот арқылы кесіліп, жауапкердің шамасы жоқтығы және оның мүлкін ақы өндіріп алуға жұмсау мүмкін еместігі туралы сот бекіткен актісі бар орындау документтері қайтарылған берешектерді;

бірлестік қайтарып алудан үмітін үзген өзге де берешектерді.

131. Өндірістік бірлестіктің жоғары тұрған органға хабарлай отырып:

— әрбір жекелеген ретте өз балансынан 100 сомға дейінгі мөлшерде мыналарды есептен шығаруға:

байлықтардың кему нормасынан тыс жетімсіздігін, сондай-ақ заказ берушілердің кінәсынан товарлардың, материалдар мен өнімнің бүлінуінен болған ысыраптарды, сондай-ақ нақты кінәлылар анықталмаған реттерде;

талаптың негізсіздігі салдарынан өндіріп беруден сот бастартқан товар-материалдық байлықтардың жетімсіздігі бойынша берешектерді;

— халықтың сұранымына ие болмаған, сондай-ақ күні өтіп ескірген және тұра-тұра тозған прокат заттарын белгіленген норматив шеңберіндегі сомаға арзандатуға және есептен шығаруға правосы бар.

132. Осы Ереженің 130 және 131-тармақтарында көзделген шығындарды өндірістік бірлестіктің балансынан есептен шығару шығындардың себептерін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен мұқият тексергеннен, бұған кінәлы адамдарды анықтағаннан және олардан шығындарға байланысты зая кеткен соманы өндіріп алуға қажетті шаралар қолданғаннан кейін жүргізіледі.

133. Өндірістік бірлестік тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бойынша кіріс жоспарлары мен шығыс сметаларын, кәсіподақ ұйымдарына тегін пайдалануға берілген үйлерді, үй-жайларды, құрылыстарды, бауларды, парктерді, пионер лагерьлерін шаруақорлықпен күтіп-ұстау жөніндегі шығыс сметаларын әзірлеп, бекітеді.

134. Өндірістік бірлестік бухгалтерлік, оперативтік және статистикалық есеп жүргізеді; бірлестіктің өндірістік-шаруашылық қызметінің барлық түрлері бойынша есеп беруді бекітілген формаларға орай және белгіленген мерзімдерде жасап, тиісті органдарға табыс етеді, оның дұрыстығы үшін жауап береді; есепке алу-есептеу жұмыстарының орталықтандырылуы мен механикаландырылуын жүзеге асырады, есепке алудың прогресті әдістерін енгізеді.

Құрамына басқа аудандардың, қалалар мен облыстардың территориясында орналасқан өндірістік единицалар кіретін бірлестік әрбір өндірістік единица жұмысының негізгі көрсеткіштері бойынша есеп берудің СССР Орталық статистика басқармасы белгілеген тәртіп бойынша статистика органдарына табыс етілуін қамтамасыз етеді.

135. Өндірістік бірлестікте барлық өндірістік единицалардың документтерін сақтау үшін біріккен архив құрылады. Бірлестік тұрған жерден тысқары орналасқан өндірістік единицаларда оларға тікелей қызмет көрсететін архивтер құрылуы мүмкін.

V. Өндірістік бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

136. Өндірістік бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, ажырату мен бөлу) және тарату тиісті бірлестікті құруға правосы бар органның шешімі бойынша жүргізіледі.

137. Өндірістік бірлестікті басқа бірлестікпен (кәсіпорынмен, ұйыммен) қосқан ретте олардың әр қайсысының барлық мүліктік праволары мен міндеттері қосу нәтижесінде пайда болған бірлестікке ауысады.

Бірлестікке басқа бірлестікті (кәсіпорынды, ұйымды) біріктірген жағдайда біріккен бірлестіктің (кәсіпорынның, ұйымның) барлық мүліктік праволары мен міндеттері соған ауысады.

138. Өндірістік бірлестікті ажыратқан ретте осы ажырау нәтижесінде пайда болған жаңа бірлестіктерге (кәсіпорындарға, ұйымдарға) қайта ұйымдасқан бірлестіктің мүліктік праволары мен міндеттері ажырату актісі бойынша тиісті бөліктерде ауысады.

Бірлестіктен жаңа бірлестік (кәсіпорын, ұйым) бөліп шығарған жағдайда қайта ұйымдасқан бірлестіктің мүліктік праволары мен міндеттері оған ажырату актісі бойынша, тиісті бөліктерде ауысады.

139. Өндірістік бірлестікті тарату тәртібі мен мерзімін бірлестікті тарату туралы шешім қабылдаған орган белгілейді. Жасалған шарттарды орындау тәртібі туралы мәселені сол орган мемлекеттік жоспардың орындалуына нұқсан келтірмей шешуге тиіс.

Кредиторлардың таратылатын бірлестікке өз претензияларын мәлімдеу мерзімін бірлестікті таратқан орган белгілейді, бірақ ол бір айдан кем болмауға тиіс.

140. Өндірістік бірлестікті таратуды не жоғары тұрған орган тағайындайтын тарату комиссиясы, не таратылатын бірлестіктің бас директоры (директоры) осы органның тапсыруы бойынша жүзеге асырады.

141. Тарату комиссиясы немесе тиісті реттерде таратылатын өндірістік бірлестіктің бас директоры (директоры) бірлестік тұрған жердегі баспасөздің ресми облыстық, республикалық органында бірлестіктің таратылатыны және кредиторлардың претензиялар мәлімдеу мерзімі туралы құлақтандыру жариялайды. Осыған қарамастан тарату комиссиясы немесе таратылатын бірлестіктің бас директоры (директоры) бірлестік кредиторларының барлық претензияларын қолдарындағы материалдар бойынша анықтап, оларға бірлестіктің таратылатыны туралы хабарлауға міндетті.

Таратылатын бірлестікке претензиялар оның заң бойынша ақы өндіріп алуға болатын мүлкінен қанағаттандырылады.

Кредиторлардың өз претензияларын мәлімдеуі үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін анықталған және мәлімденген претензиялар аталған мүліктің бұрын анықталған претензияларды, сондай-ақ белгіленген мерзімде мәлімделген претензияларды қанағаттандырғаннан кейін құралатын қалдығынан қанағаттандырылады.

Тарату мерзімі ішінде анықталмаған және мәлімденбеген претензиялар, сондай-ақ таратылатын бірлестіктің мүлкі жетпеуінен қанағаттандырылмаған претензиялар өтелген деп саналады. Егер кредиторлар претензияның толық немесе ішінара құпталмағаны туралы хабар алған күннен бастап 2 апта мерзім ішінде претензияларды қанағаттандыру туралы талап қоймаса, тарату комиссиясы (таратылатын бірлестіктің бас директоры, директоры) құптаған претензиялар да толық не тиісті бөлігінде өтелген деп саналады.

142. Таратылатын өндірістік бірлестіктен адамның мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына не өліміне себепкер болуына байланысты алынуға тиісті мерзімді төлемдерді төлеу қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етіледі.

Денсаулықтың зақымдануына немесе өлімге себепкер болуға байланысты зиянды өтеу туралы азаматтардың претензиялары мен талаптары, сондай-ақ азаматтардың тарату аяқталғанға дейін дәлелді себептермен қойылмаған басқа да претензиялары мен талаптары кейіннен таратылған бірлестік жөнінде жоғары тұрған органға жалпы тәртіп бойынша қойылуы мүмкін. Бұл орган өзі құптаған немесе сот қанағаттандырған талаптарды қанағаттандыруды таратылған бірлестіктің мүлкін алған өзіне бағынысты бірлестікке (кәсіпорынға, ұйымға) жүктей алады.

* * *

143. Өндірістік бірлестіктің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Өндірістік единицаның өз аты жазылған мөрі болады.

ҚАРТАЮЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПЕНСИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТЕРМЕН ОЛАРДЫҢ ХАЛЫҚ ҮШІН КИІМДІ, АЯҚ КИІМДІ, МӘДЕНИ-ТҰРМЫС МАҚСАТЫНА АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАТТАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРІНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ДОГОВОРЛАР ЖАСАСУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 1 апрельдегі
№ 230 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 8, 39-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қартаюына байланысты пенсионерлермен және мүгедектермен олардың халық үшін киімді, аяқ киімді, мәдени-тұрмыс мақсатына арналған және шаруашылықта қолданылатын заттарды жөндеу жөнінде қызмет көрсетулеріне халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының договорлар жасасуының осыған қосылған Шарттары мен тәртібі бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1970 жылғы 1 апрельдегі № 230
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАРТАЮЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПЕНСИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТЕРМЕН ОЛАРДЫҢ ХАЛЫҚ ҮШІН КИІМДІ, АЯҚ КИІМДІ, МӘДЕНИ-ТҰРМЫС МАҚСАТЫНА АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАТТАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРІНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ДОГОВОРЛАР ЖАСАСУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

1. Халық үшін киімді, аяқ киімді, мәдени-тұрмыс мақсатына арналған және шаруашылықта қолданылатын заттарды жөндеу жөнінде қызмет көрсетуге договорлар бір жағынан (кәсіпорындар), олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының және екінші жақтан (орындаушылар), қартаюына байланысты пенсионерлер мен мүгедектердің арасында жасалады.

2. Договорлар тек қартаюына байланысты пенсионерлер мен мүгедектерді қатыстыруға болатын қызметтердің Тізбегінде көрсетілген қызметтерді орындауға арналып қана жасалады.

3. Орындаушы қызметтің белгілі бір түрін тек өз еңбегімен ғана прейскуранттық баға бойынша көрсетуге және айына екі рет кәсіпорынға договорда белгіленген сомадан кем емес түсім тапсыруға міндеттенеді.

4. Кәсіпорын орындаушыны қызметтер көрсету үшін қажетті договорда белгіленген түсімнің сомасына шикізатпен және материалдармен

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

қамтамасыз етіп отыруға, қажет болған жағдайда құрал-саймандар беріп тұруға және орындаушыға халыққа көрсеткен қызметтері үшін сыйлық ақы төлеуге міндеттенеді.

5. Қызметтер көрсетудің уақыты мен орны (павильонда, өзінің немесе заказ берушінің үйінде, көшеде), түсімнің сомасы және оны кәсіпорынға тапсырудың мерзімдері, сыйлық ақының мөлшері және оны төлеудің мерзімдері договорда кәсіпорынның орындаушымен келісуі бойынша көрсетіледі.

6. Түсім сомасы кәсіпорынның ол үшін договордан туатын барлық шығындары жабылатындай және қызметтің осы түрі бойынша рентабельділіктің бір қалыпты дәрежесі қамтамасыз етілетіндей есеппен тағайындалады.

Түсім сомасы екі жақтың келісімі бойынша договордың күші жүріп тұрған уақыт ішінде көп дегенде екі рет өзгеруі мүмкін.

7. Егер орындаушының тапсырған түсімі договор жасасқан кезде белгіленген сомадан асқан реттерде, договор оған берілетін сыйлық ақының көтеріңкі мөлшерін көздеуге тиіс.

8. Орындаушы халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорнының атынан әрекет жасайды және жұмыс уақытында осы кәсіпорынның фирмалық белгісін тағып жүруге тиіс.

Қызметтер тікелей азаматтардың заказдары бойынша заказ берушімен келісілген мерзімдерде орындалады.

Заказдарды қабылдау кәсіпорынға түсіммен бірге тапсырылатын квитанциялармен ресімделеді.

9. Орындаушы кәсіпорынның алдында қызметтердің сапасы, оларды көрсетудің мерзімдері, заказ берушіден қабылданған заттардың түгел сақталуы және кәсіпорынның оған табыс еткен шикізаты мен материалдарын белгілі мақсатқа пайдалану үшін жауап береді.

10. Қызметтердің сапасы, мерзімі және бағасы туралы заказ берушімен орындаушының арасындағы дау-шарларды кәсіпорын шешеді.

11. Договор қажетті жағдайларда тиісті қызметтерге керексінудің маусымдық артуы немесе кемуі ескеріліп, бір жылдан аспайтын белгілі бір мерзімге жасалады.

Договор мерзімі өткеннен кейін екі жақтың келісуі бойынша жаңа мерзімге ұзартылуы мүмкін.

12. Егер орындаушы договорда белгіленген түсім жөніндегі тапсырманы екі реттен аса орындамаса немесе заказ орындаудың мерзімін әлденеше рет бұзса, не үнемі сапасыз қызмет көрсетуге жол берсе, кәсіпорын договорды мерзімінен бұрын бұзуға праволы.

13. Егер кәсіпорын бір ай бойына орындаушыны шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етпесе, не сыйлық ақы төлеудің договорда тағайындалған мерзімдерін үнемі бұза берсе, орындаушы договорды мерзімінен бұрын бұзуға праволы.

14. Договорды мерзімінен бұрын бұзуды тілейтін жақ өзінің ниеті туралы басқа жаққа күні ілгері, бірақ кемінде 12 күн бұрын білдіруге тиіс.

15. Орындаушының қызметін бақылауды кәсіпорын жүзеге асырады.

ХАЛЫҚ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ МЕН КІР ЖУАТЫН ЖӘНЕ КИІМДІ ХИМИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ТАЗАЛАЙТЫН ЖАҢА КӘСІПОРЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1965 жылғы 26 июльдегі
№ 532 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

6. Облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитеті мен Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) қалалар мен аудандардың барлық жерлерінде тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының құрамында жөндеу-құрылыс учаскелерін (бригадаларын), ал жұмыс көлемі жылына 150 мың сомнан асқан кезде тұрғын үйлерді жөндеу мен салу жөніндегі халықтың заказын орындайтын шаруашылық есептегі жөндеу-құрылыс учаскелерін ұйымдастырсын;

б) облыстық халық тұрмыс қажетін өтеу басқармаларының жанынан немесе жөндеу-құрылыс учаскелерінің құрамында селолық жерлердегі тұрмыстық объектілерде құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізу үшін жылжымалы механикаландырылған құрылыс бригадаларын құру туралы мәселе қаралып, шешілсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспарларында 1966 жылдан бастап, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне жөндеу-құрылыс учаскелері мен жылжымалы бригадаларды жарақтандыру үшін құрылыс механизмдері мен транспорт құралдарының қажетті мөлшерін бөлуді қарастырсын, сондай-ақ тұрмыстық қызмет кәсіпорындарын, әсіресе халықтың заказы бойынша тұрғын үйлерді жөндеу үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етуді жақсартсын.

7. Облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына қалаларда және қалалық поселкелерде жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің бірінші қабаттарынан, тұрғын үй салуға бағытталатын күрделі қаржының 0,4 процентіне дейінін осы мақсатқа арнап пайдалана отырып, халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары үшін үй-жайлар бөлу міндеттелсін [2].

СССР Министрлер Советінің 1965 жылғы 15 майдағы № 384 қаулысына сәйкес облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне тұрғын үй құрылысына бағытталатын 0,4 процент мөлшеріндегі күрделі қаржының тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары құрылысына бөлінетін күрделі қаржыларды, министрліктер, ведомстволар

---

[1] Күшін жойды деп танылды: 9-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 декабрьдегі № 516 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 3, 10-ст.), 11-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 9 сентябрьдегі № 393 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 20, 53-ст.), 18-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 17 июньдегі № 337 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 14, 65-ст.).

1—5, 8, 12, 16, 17-пункттер, 19-пункттің бірінші абзацы, 21 және 22-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

20-пункт СССР Министрлер Советінің 1965 ж. 15 майдағы № 384 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 8-томын қараңыз).

[2] 7-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1976 ж. 17 февральдағы № 81 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., №5, 16-ст.).

мен басқа ұйымдардың осы мақсатқа бөлінетін күрделі қаржыларын кіргізе отырып, орталықтандыруға право берілсін.

10. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің кәсіпорындарын арнаулы орта білімі бар мамандармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылатын техникумдарда 1965—1966 оқу жылынан бастап «Киімді үлгілеу және құрастыру», «Мебель өндірісі», «Тігін фабрикаларының жабдығы мен машиналары», «Тұрмыстық қызмет мақсатындағы электр аппаратурасы» және «Киімді химиялық әдіспен тазалау және бояу» мамандықтары бойынша даярлауды кеңейтуге міндеттелсін. 1966 жылдан бастап аяқ киімді жөндеу және жеке киім тігу жөнінде техниктер-технологтар даярлау ұйымдастырылсын.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне өзіне қарасты кәсіпорындарда тұрмыстық қызмет кәсіпорындары үшін даярланатын мамандықтар бойынша студенттерге өндіріс практикасын өту үшін қажетті орындар беретін болсын.

11. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1966 жылдан бастап, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары үшін жылына кем дегенде 2 мың, оның ішінде кешкі бөлімдерде — 500 маман жұмысшылар даярлауды ұйымдастыруға міндеттелсін.

13. Қазақ ССР Сауда министрлігіне 1965 жылдың II-жарты жылдығында Алматы, Қарағанды және Целиноград қалаларында ұсақ көтерме сауда базалар және барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларда халықтың заказдары бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдар, саймандар, фурнитуралар, запас бөлшектер мен детальдарды тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарына сату үшін, бұл товарлардың сату мөлшерін бөлшек сауда товар айналымы бойынша жоспарды орындауға кіргізе отырып, арнаулы магазиндер ұйымдастыру міндеттелсін. Аталған базалар мен магазиндерге сондай-ақ ақшасыз есеп айырысу рұқсат етілген кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен, колхоздарды қоса, барлық товарлармен сауда жасау тапсырылсын.

14. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне және Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігіне квитанциялар мен жұмыс листоктарын қатаң есеп беру документі ретінде сақтау мен есепке алу тәртібін белгілеу, халық заказын дайындаудың тиісті тәртібін, заказдарды квитанциясыз орындау жағдайларына жол бермей, ретке келтіру міндеттелсін.

15. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті 1966 жылдан бастап, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі мен Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің заявкаларына сәйкес, тұрмыстық қызметтің барлық түрлеріне квитанцияларды және халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары үшін жұмыс листоктарын орталықтандырып, дайындауды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті квитанциялар дайындау үшін қағаз қорларын Комитетке бөлетін болсын.

19. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне қалаларды, жекелеген тұрғын аудандарды, қалалық поселкелерді, колхоздар мен совхоздардың орталық усадьбаларын жоспарлаудың және оларда жаңа үйлерді салудың жобаларын жасап, бекіткенде, қолданылып жүрген нормаларға сәйкес, міндетті түрде тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын қарастыру және осы кәсіпорындар құрылысын комплексті түрде іске асыруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

АЗАМАТТАРДЫҢ ИЕЛІГІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ МАШИНАЛАР МЕН ПРИБОРЛАРДЫ ЖӨНДЕУ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 1 августағы
№ 421 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 17, 83-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

— *(алтыншы абзац)* мамандандырылған ірі кәсіпорындардың жаңынан прогрестік технологияны, стандартталмаған жабдықты, тетіктер мен шағын механикаландырудың құралдарын әзірлейтін және енгізетін конструкторлық-технологиялық бюроларды Министрлікке белгіленген қызметкерлер саны мен еңбек жөніндегі лимиттер шегінде құру;

— кәсіпорындарда тұрмыс қажетін өтеудің жаңа түрлері мен формаларын — заказдарды телефон арқылы және үйге барып қабылдауды, заказдарды жедел орындауды, тұрмыстық машиналар мен приборларды абонементтер бойынша жөндеуді, тұрмыстық машиналар мен приборларды үйге тұрмыс қызметі кәсіпорындарының транспортымен жеткізіп беруді, ақаулы тұрмыстық машиналар мен приборларды жөнделгендеріне ауыстырып беруді және басқаларын кеңінен енгізуді қамтамасыз ету;

— тұрмыстық күрделі техниканы жөндейтін мамандандырылған кәсіпорындарда колхоздардағы, совхоздар мен шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелеріндегі үйге қолданылатын заттарды жөндеу арқылы халыққа қызмет көрсететін жылжымалы комплексті бригадалар ұйымдастыру;

— *(оныншы абзац)* бағалар мен тарифтердің, кепілді қызмет көрсету бойынша өз ара есеп айырысудың сақталуына бақылауды күшейту, көрсетілетін қызметтер үшін азаматтардан, тұрмыстық техниканы жасап шығарушы кәсіпорындардан ақыны дұрыс алмау және жеке кәсіпкерлік қызметінің пайда болуы фактілеріне батыл тыйым салу.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі таяудағы 5—6 жыл ішінде республиканың барлық облыс және ірі өнеркәсіп орталықтарында осы сала үшін қажетті өндірістік базаны құруды ескере отырып, күрделі құрылыс жоспарларында, тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндейтін кәсіпорындарды дамытудың озыңқы қарқынын көздейтін болсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

(үшінші абзац) тұрмыстық күрделі техниканы жөндейтін кәсіпорындарды толықтыру үшін жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіргендердің ішінен қажетті мөлшерде мамандар бөлуді жылдық жоспарларда көздейтін болсын.

5. Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндеу үшін жабдықты, приборларды, запас бөлшектерді және басқа материалдық ресурстарды қажетті мөлшерде бөлсін.

---

[1] 1-пункттің екінші — бесінші, тоғызыншы абзацтары, 2-пункттің екінші абзацы, 3-пункт, 4-пункттің екінші абзацы, 6-пункт, 7-пункттің екінші, төртінші — алтыншы абзацтары, 9, 11—13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі:

— *(үшінші абзац)* музыка аспаптары мен кинофотоаппаратураны жөндейтін шеберлер даярлауды 1975 жылдан бастап ұйымдастырсын.

8. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі дәл механиканы және радиотелевизия аппаратурасын жөндейтін мамандар даярлауды республиканың арнаулы орта оқу орындарында 1976 жылдан бастап ұйымдастырсын.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі таяудағы 10 жылға арнап аталған мамандарға деген қажетті үш ай мерзім ішінде анықтасын және оны Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне табыс етсін.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі республиканың автомобиль жөндейтін кәсіпорындарының қуаттары мен мамандығына сүйене отырып, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары үшін автомобильдерді, двигательдер мен агрегаттарды күрделі жөндеуді 1975 жылдан бастап халық шаруашылық жоспарларында көздейтін болсын.

ҮЙ ТҰРМЫСЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЗАТТАРДЫ, МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ, СПОРТ ИНВЕНТАРЫ МЕН ЖЕКЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА МҮЛІКТІ АЗАМАТТАРДЫҢ УАҚЫТША ПАЙДАЛАНУЫНА БЕРУ (ТҰРМЫСТЫҚ ПРОКАТ) ТУРАЛЫ ҮЛГІ ШАРТТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ҮШІН ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІ ШАРТ-ЗАҚАЗДЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 13 майдағы
№ 205 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 10, 31-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Үй тұрмысында пайдаланылатын құны 50 сом және одан жоғары заттарды, музыкалық аспаптарды, спорт инвентары мен жеке пайдаланылатын басқа да мүлікті азаматтардың уақытша пайдалануына беру (тұрмыстық прокат) туралы осыған қосылған Үлгі шарт және халық үшін жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындауға арналған Үлгі шарт-заказ бекітілсін.

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 13 майдағы № 205 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ҮЙ ТҰРМЫСЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚҰНЫ 50 СОМ ЖӘНЕ ОДАН ЖОҒАРЫ ЗАТТАРДЫ, МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ, СПОРТ ИНВЕНТАРЫ МЕН ЖЕКЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА МҮЛІКТІ АЗАМАТТАРДЫҢ УАҚЫТША ПАЙДАЛАНУЫНА БЕРУ (ТҰРМЫСТЫҚ ПРОКАТ) ТУРАЛЫ

ҮЛГІ ШАРТ

_____ қаласы (селосы) _____ 19 ж.

бұдан былай «Қәсіпорын» деп аталатын _____
(тұрмыстық

_____ және бұдан былай «Пайдаланушы»
прокат кәсіпорнының аты)

деп аталатын, паспортын [1] (сериясы _____ № _____

ішкі істер бөлімі _____

» ____ » _____ 19 ____ жылы берген, _____

_____ қаласында (селосында) _____ көшесі

№ _____ үйде _____ пәтерде тіркелген) және жұмыс орнынан

анықтаманы [2] көрсеткен азамат _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

мыналар туралы осы шартты жасасты: _____

1. Қәсіпорын _____ шығарған № _____

іске толық жарамды, мемлекеттік бөлшек сауда бағасының

прейскуранты бойынша, тозу процентін ескергенде ____ сом тұратын

_____
(прокатқа берілетін заттың аты)

уақытша пайдалануға береді, ал пайдаланушы алады.

Прокат затының жарамдылығы шарт жасалған кезде пайдаланушының көзінше және оның қатысуымен тексерілді.

Осы шарт 19 _____ жылғы — _____ 19 жылғы

_____ дейінгі мерзімге жасалды.

---

[1] Қолданылып жүрген ережелер бойынша паспорты жоқ азаматтар өзін куәландыратын тиісті документ көрсетеді.

[2] Пенсионерлер пенсиялық кітапшасын көрсетеді.

Шарттың мерзімі бір жылдан аса алмайды. Екі жақтың келісуі бойынша шарт жаңа мерзімге қайта жасалуы мүмкін.

2. Пайдаланушы прокат затын оның арналған мақсатына сәйкес пайдалануға, оны жалға тапсырмауға, затты бөлшектемеуге және жөндеу жүргізбеуге міндеттенеді. Рояльдерді, пианиноларды, тоңазытқыштарды басқа (шартта көрсетілген адрес бойынша емес) үй-жайға апарып қоюға кәсіпорынның алдын ала келісімімен ғана жол беріледі.

3. Кәсіпорын прокатқа алынған заттың дұрыс ұсталып, пайдаланылуын тексеруге праволы және ереже бұзылған немесе ақы дер кезінде төленбеген ретте прокатка берілген затты мерзімінен бұрын қайтаруды талап ете алады және шартты бұза алады.

4. Прокатқа алынған затты пайдаланушының пәтеріне және қайтадан кәсіпорынға пайдаланушы жеткізеді.

Екі жақтың келісуі бойынша затты кәсіпорын жеткізіп бере алады, мұндай ретте шығындарды белгіленген тарифтер бойынша пайдаланушы төлейді. Рояльдер мен пианинолар пайдаланушының пәтеріне және қайтадан кәсіпорынның қоймасына мамандандырылған транспортпен жеткізіледі, шығындарды белгіленген тарифтер бойынша пайдаланушы төлейді.

5. Прокат заты істен шыққан жағдайда кәсіпорын пайдаланушы мәлімдеген күннен бастап бес күн мерзім ішінде закымдануды сол орнында жоюға немесе істен шыққан затты басқа біртекті жарамды затпен ауыстыруға міндетті.

Прокатқа алынған затты жөндеуді, сондай-ақ оны жөндеуге және жөндеуден кейін жеткізуді кәсіпорын өз есебінен жүргізеді. Прокатқа алынған заттың сақталуына қырсыздықпен қараудан немесе пайдалану ережесін бұзудан болған жөндеу, сондай-ақ оны жеткізу жөніндегі шығындар пайдаланушының есебінен жүргізіледі.

6. Шарт алты айдан астам мерзімге жасалған ретте клавишалы музыкалық аспапты күйіне келтіруді және тазартуды кәсіпорын өз есебінен мына мерзімдерде жүргізеді: күйіне келтіруді — әрбір алты ай ішінде бір рет, тазартуды — шарттың қолданылу мерзімі ішінде бір рет, реттеуді — пайдалану ережелеріне сәйкес.

Клавишалы музыкалық аспапты қосымша күйіне келтіруді, тазартуды, сондай-ақ реттеуді кәсіпорын пайдаланушының талабы бойынша және соның есебінен жүргізеді.

7. Пайдаланушы прокат үшін кәсіпорынға прейскурант бойынша әрбір ай (тәулік), тоқсан үшін____сом____тиын мөлшерінде ақы төлеп отырады.

Ақы — шарт бір айға дейінгі мерзімге жасалған кезде — бүкіл уақыт үшін, шарт мерзімі бір айдан (тоқсаннан) астам болса — алғашқы айдың (тоқсанның) аяғына дейінгі уақыт үшін, ал келесі айға (тоқсанға) — тиісті айдың (тоқсанның) басталуының 5-күнінен кешіктірмей тариф бойынша, шартпен ескертілген прокат мерзімі негізге алынып төленеді.

Прокатқа алынған затты мерзімінде қайтармағаны үшін пайдаланушыдан өткізіп алған уақыт үшін мына мөлшерде ақы алынады:

а) алғашқы бес тәулік үшін — прокат мерзімінің тарифін негізге ала отырып, прейскурант бойынша бір есе мөлшерде;

б) одан кейінгі уақыт үшін — прокат мерзімінің тарифін негізге ала отырып, прейскурант бойынша бір жарым есе мөлшерде.

Жөндеу прокат затын пайдалану мен ұстау ережелерін пайдаланушының бұзуынан туған реттерден басқа кездерде, зат жөндеуде болған уақыт ішінде прокат үшін ақы алынбайды.

8. Шарт бойынша өз міндеттерін адал орындайтын пайдаланушы-

ның шарттың күші біткеннен кейін басқа адамдарға қарағанда шартты қайта жасасуға артықшылық правосы болады.

9. Пайдаланушы кез келген уақытта прокат шартын бұзуға праволы. Шарт бойынша қалған уақытқа прокат үшін төленген ақы прокат заты іс жүзінде қайтарылған күннен кейінгі келесі күннен бастап қайтарылады.

10. Шарт күшінің мерзімі біткеннен кейін немесе оны мерзімінен бұрын бұзған кезде пайдаланушы прокатқа алынған затты оның қалыпты тозуын ескеріп өзі алған қалпында қайтаруға міндетті.

Прокат затының қайтарылғаны туралы кәсіпорын шарттың екі данасына да жазады.

11. Пайдаланушы мүлікті қайтарудан бас тартқан немесе жалтарған кезде оны алып алу, сондай-ақ пайдаланушы келтірген іс жүзіндегі залалды өндірту заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

12. Прокатқа алынған мүлікті жоғалтқан ретте пайдаланушы бұл туралы кәсіпорынға дереу мәлімдеуге және оның тозуы ескерілген бөлшек сауда бағасы бойынша толық құнын төлеуге міндетті, ал тізбесін жыл сайын Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі бекітетін, сұранымы көп заттар бойынша олардың құны бір жарым есе мөлшерде төленеді.

13. Пайдаланушы прокатқа алынған мүліктің нашарлауына жол берген ретте, егер мүліктің нашарлауы оның кінәсынан болмағанын дәлелдей алмаса, ол кәсіпорынға залалды өтеуі тиіс.

Осыған сәйкес:

— прокатқа алынған затты бүлдірген немесе сындырған ретте, келтірілген зақымдарды жөндеу арқылы жою мүмкіндігі болса, пайдаланушы кәсіпорынға жөндеудің прейскурант бойынша толық құнын төлейді;

— прокат затын толық жарамсыз жағдайға келтірген ретте пайдаланушы істен шыққан заттың сапасы мен маркасына сәйкес келетін біртекті затты қайтарады немесе кәсіпорынға заттың тозуы ескерілген бөлшек сауда бағасы бойынша толық құнын төлейді;

— прокат затының детальдарын қайтарудан бас тартқан немесе жалтарған кезде, егер затты одан әрі пайдалану мүмкін болса, олардың толық құны төленеді, ал егер прокат затының детальдарына сұраным көп болса, олардың құны бір жарым есе мөлшерде төленеді.

14. Қайтарылатын прокат затының жайы туралы дау туған ретте мәселені Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының облыстық товар экспертиза бюролары шешеді. Экспертиза жасау жөніндегі шығындар кінәлы жақтың есебіне жатқызылады. Экспертизаны ұйымдастыру кәсіпорынның міндетіне жатады.

Қолы:

Кәсіпорын

Пайдаланушы

Шарттың екінші данасын алдым:

(пайдаланушы)

_____ 19 жыл.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1980 жылғы 13 майдағы № 205
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ХАЛЫҚ ҮШІН ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІ ШАРТ-ЗАҚАЗ

_____ қаласы (селосы) 19____ жылғы _____

айының _____ күні, бұдан былай «Мердігер» деп аталатын

_____ және
(жөндеу-құрылыс ұйымының аты)

бұдан былай «Заказ беруші» деп аталатын азамат _____
(фамилиясы, аты,

_____ мыналар туралы осы шартты жасасты:
әкесінің аты)

1. Мердігер заказ берушінің мына адрес бойынша: _____

_____ қаласы (селосы), _____ көшесі, № ____ үй, № ____

пәтер, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған заказын орындауға міндеттенеді.

2. Мердігер жұмысты шартқа қосылған тізбеге сәйкес өз материалдарынан, мемлекеттік бөлшек сауда бағалары бойынша _____

сом _____ тиынға орындайды.

Жұмыстарды орындау үшін заказ беруші шартқа қосылған тізбеге сәйкес материалдарды олардың құнын көрсете отырып мердігерге бере алады. Заказ берушінің материалдарының құны екі жақтың келісуімен, бірақ бөлшек сауда бағаларынан асырмай белгіленеді.

3. Егер жұмыс толық немесе ішінара заказ берушінің материалынан орындалатын болса, онда мердігер олардың сақталуы және дұрыс пайдаланылмауы үшін жауап береді, яғни нұқсан сметаға сәйкес өтеледі.

4. Мердігер мыналар туралы заказ берушіге дер кезінде ескертуге міндетті:

— заказ берушіден алынған материалдың сапасыздығы немесе жарамсыздығы туралы;

— заказ берушінің нұсқауларын орындау орындалатын жұмыстың беріктігіне немесе жарамдылығына хауіп төндіретіні туралы;

— орындалатын жұмыстың беріктігіне немесе жарамдылығына хауіп төндіретін өзге де, мердігерге байланысты емес жағдайлардың бар екені туралы. Егер мердігер осы пунктте аталған міндеттердің қайсысын болса да орындамаса, ол осының салдарынан заказ беруші шеккен зиян үшін жауап береді.

5. Жөндеу-құрылыс жұмыстарының құны Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен прейскурант бойынша белгіленеді.

6. Заказды орындау мерзімі шарт-заказды жасасқан кезде, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі бекіткен ережелерге сәйкес екі жақтың келісуі бойынша белгіленеді.

7. Мердігер жөндеу-құрылыс жұмыстарын 19 __ жылғы « _____ » бастап, 19 ___ жылғы « » ___ аяқтауға міндеттенеді.

8. Шарт-заказға қол қойған кезде заказ беруші мердігерге жұмыстың және мердігер материалының құнының кемінде 50 процентін төлейді, орындалған жұмыс қабылданғаннан кейінгі 2 күн ішінде біржолата есеп айырысады.

9. Заказ беруші мердігердің жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындауы үшін қалыпты жағдайлар жасауға, жұмыстан тыс уақытта мердігердің аспабын, инвентары мен материалдарын сақтайтын орын беруге міндетті.

10. Жұмысты белгіленген мерзімде бастауға мүмкіндік болмаған ретте екі жақтың әрқайсысы бұл туралы екінші жаққа жұмыстың басталуынан 3 күн бұрын хабарлауға міндетті.

11. Жұмыстың басталу немесе аяқталу мерзімін мердігер бұзған ретте ол заказ берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін жұмыстың сметалық құнынан 0,1 процент мөлшерінде өсім төлейді, ал егер жұмыс заказдың орындалу мерзімі туған күннен бастап бір апта өткеннен кейін аяқталмаса, мердігер заказ берушіге жұмыстың сметалық құнынан 2 процент мөлшерінде, бірақ 500 сомнан асырмай тұрақсыздық айыбын төлейді.

Осы мерзімдер заказ берушінің кінәсынан бұзылған кезде оның жауапкершілігі де осындай болады. Материалдар мен жұмыс үшін қарызды өтеу мерзімін өткізіп алған кезде заказ беруші мердігерге жылдық қарыз сомасынан 5 процент мөлшерінде штраф төлейді.

12. Дәлелді себептер болған кезде заказ беруші мердігерге жұмыстың орындалған бөлігінің құнын төлеп және оған шартты бұзудан келетін іс жүзіндегі зиянды өтеп, шартты жұмыс аяқталғанға дейін кез келген уақытта бұзуға праволы.

13. Заказ беруші орындалған жұмысты ол біткен күні қабылдауға және кемшіліктер табылған ретте олар туралы мердігерге дереу мәлімдеуге міндетті. Кемшіліктер жөніндегі претензияларды заказ беруші мердігерге жұмыс аяқталған күннен бастап алты ай ішінде, ал құрылыстар мен ғимараттар жөнінде — бір жыл мерзім ішінде мәлімдей алады.

14. Заказ беруші мен мердігердің арасында орындалған жұмыстың сапасын анықтау жөнінде келіспеушілік болған ретте заказ беруші экспертиза тағайындалуын талап етуге праволы, бұл жөніндегі шығындар кінәлы жаққа жатқызылады. Экспертизаны ұйымдастыру мердігердің міндетіне жатады. Претензия негізді болған кезде мердігер кемшіліктерді өз есебінен жояды. Егер мердігер кемшіліктерді көрсетілген мерзімде жоймаса, онда ол заказ берушіге осы шарттың 11-пунктімен көзделген өсім мен тұрақсыздық айыбын төлейді.

15. Осы шарт-заказ бойынша тууы мүмкін барлық даулар заңмен белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

16. Осы шарт-заказбен ескертілмеген барлық мәселелер жөнінде екі жақ халықтың жеке-дара заказдары бойынша тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жөндеу мен салуға және басқа жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындауға арналған заказдарды қабылдап, орындаудың Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі бекітетін ережелерін басшылыққа алады.

17. Шарт-заказ үш дана етіп жасалады, оның екеуі заказ берушіге тапсырылады, ал біреуі жөндеу-құрылыс ұйымында қалады.

Шартқа қол қойғандар:

Мердігер _____

Заказ беруші _____

Шарттың екінші данасын алдым

Заказ беруші _____

ЛОМБАРДТЫҢ ҮЛГІ УСТАВЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 23 декабрьдегі
№ 738 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 24, 150-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:
Ломбардтың осыған қосылған Үлгі уставы бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1968 жылғы 23 декабрьдегі № 738
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ЛОМБАРДТЫҢ ҮЛГІ УСТАВЫ [1]

1. Жалпы ережелер

1. Халықтың жеке пайдалануындағы заттарын және үй мүліктерін сақтауға, сондай-ақ бұл заттарды кепілдікке беріп, несие ақша алуға мүмкіндік туғызу мақсатымен халық депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері ломбардтар ұйымдастырады.

2. Ломбард мемлекеттік кәсіпорын болып саналады және ол тікелей халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасына бағынады, ломбард өзінің қызметінде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарын, сондай-ақ тиісті халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің шешімдерін және ломбардтың осы Үлгі уставына сәйкес жасалған уставын басшылыққа алады.

3. Ломбард шаруашылық есеп негізінде жұмыс істейді және мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды мекеме правосын алады, өзінің аты жазылған мөрі болады.

4. Ломбардтың СССР Мемлекеттік банктің Қазақ республикалық конторының кредит жоспарларында көрсетілген мөлшерде, белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік банктен несие алып, пайдалануға правосы бар.

5. Ломбард өзінің міндеттемелеріне сәйкес, қазіргі қолданылып жүрген заң бойынша өндірілуі мүмкін мүлікпен жауап береді. Сақтауға немесе кепілдікке қабылдаған заттар үшін ломбардқа олардың бағасының толық сомасы мөлшерінде материалдық жауапкершілік жүктеледі.

[1] Екінші бөлімнің 12, 21-пункттері және 30-пункттің бірінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 444 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

Ломбардтың қарыздары үшін халықтың тұрмыс қажетін өтеу басқармасы жауап бермейді, сол сияқты халықтың тұрмыс қажетін өтеу басқармасының қарыздары үшін ломбард та жауап бермейді.

6. Сақтауға немесе кепілдікке қабылданған заттарды ломбард тапсырушы адамның есебінен қойылған бағасының толық сомасына, ал қымбат бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған бұйымдарды — мемлекеттік баға бойынша Мемлекеттік сақтандыру органдарында сақтандыруға міндетті.

7. Ломбардқа сақтауға немесе кепілдікке өткізілген мүліктен соттың заң күшіне енген шешімі немесе үкімі бойынша немесе тергеу органдарының қаулысы бойынша ғана мүлік иесінің еркінсіз алынуы мүмкін. Мұндай жағдайларда мүлікті алушы ломбардқа осы мүлікті сақтағаны үшін, сақтандырғаны үшін жұмсаған шығынын төлеуге, сондай-ақ берілген несиені процентімен қайтаруға міндетті.

Ломбардқа тапсырылған мүлікті иесінің жоғалтқаны немесе оның меншігінен өзінің еркінсіз шығып қалғаны соттың шешімімен немесе үкімімен анықталған жағдайда, ломбардқа төленетін сома мүлікті тапсырған адамнан өндіріп алынады.

8. Ломбардтың уставтық қорын халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы бір жылға белгілейді. Ломбардтың арнаулы қорлары қазіргі қолданылып жүрген заңға сәйкес жасалады және жұмсалады.

9. Ломбардқа өзі бағынатын халықтың тұрмыс қажетін өтеу басқармасының рұқсатымен өзінің бөлімшелерін ашуға право берілді.

Ломбард заттарды сақтау немесе кепілдікке беру үшін үйде қабылдау жөнінде қызмет көрсету бюроларын және қабылдау пункттерін құра алады.

10. Қазіргі қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа ала отырып, ломбардтың құрылыстар алуға және жалдауға, сондай-ақ ломбардқа қажетті үйлер салу үшін, мерзімсіз пайдалану үшін жер участоктарын алуға правосы бар.

II. Ломбардтың операциялары

11. Ломбард төмендегідей операциялар жасайды:

— халықтың жеке пайдаланудағы заттарын және үй мүліктерін сақтауға қабылдайды;

— жеке пайдаланудағы заттарды және үй мүліктерін кепілдікке алып, халыққа несие береді.

Ломбард осыған қосылған тізбекте көрсетілген заттарды, сондай-ақ азаматтық айналымынан алынып тасталған заттарды сақтауға және кепілдікке қабылдамайды.

13. Ломбард ақшадай несиені 3 айға дейінгі мерзімге береді. Мерзім өтіп кетсе, кепілдікке тапсырылған затты сатып алу үшін қосымша бір ай уақыт беріледі.

14. Егер бір кепілдік билетке алған несиесі 50 сомнан асып кетсе, кепілдікке тапсырылған заттың несі ломбардтан алған несиені екі мерзімде бөліп өтеуге праволы, мұндай ретте бірінші төлем мерзімінде төленуге және алынған несиенің жартысынан кем болмауға тиіс.

15. Несие алу үшін ломбардқа сақтауға немесе кепілдікке тапсырылған үй мүліктері мен жеке пайдаланудағы заттарға бағаны ломбард олардың толық құны бойынша зат иесімен келісе отырып қояды. Қымбат бағалы металдардан, тастардан, інжу-маржаннан жасалған бұйымдар мемлекеттік бағамен бағаланады.

Кепілдікке шет ел валюталарын, бағалы қағаздарды алып, несие беруіне ломбардқа рұқсат етілмейді.

16. Ломбард азаматтардың заттарын сақтауға немесе кепілдікке олардың паспорты немесе паспорттың орнына жүретін, жеке басын куәландыратын документі бойынша қабылдайды. Ломбард жасы он сегізге толмаған адамдардан сақтауға немесе кепілдікке зат қабылдамайды.

Сондай-ақ қажет болған жағдайларда тапсырылатын заттың сол адамның өзінікі екенін растайтын басқа да документтерді (немесе басқа дәлелдерді) талап етуге ломбардтың правосы бар.

17. Қабылдап алған мүлікті ломбард тиісті операциялар үшін ломбардқа төленетін барлық төлемдерді толық өтеп болғаннан кейін ғана несіне қайтарады.

18. Ломбард заттарды сақтауға қабылдап алғанда аты-жөні жазылған сақтау квитанциясын, ал кепілдікке мүлік алып, несие бергенде аты-жөні жазылған кепілдік билетін береді. Ломбард беретін сақтау квитанцияларының және кепілдік билеттердің формасын Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі белгілейді.

19. Аты-жөні жазылған кепілдік билеттер мен сақтау квитанцияларын басқа адамға тек қана зат иесінің ломбард басқарушысына өз қолымен берген жазбаша арызы немесе белгіленген тәртіп бойынша куәландырылған сенімхат негізінде беруге рұқсат етіледі.

20. Ломбард несие бойынша белгіленген проценттерді, сондай-ақ затты сақтағаны және сақтандырғаны үшін төленетін төлемдерді несиені өтеген кезде немесе заттың ломбардта тұрған мерзімі үшін ақысын төлеп, сақтаудан қайтып алған кезде өндіреді.

Заттарды сақтауға және кепілдікке тапсыруға байланысты есеп айырысу жарты ай сайын жүргізіледі.

22. Зат иесі кепілдік билетін немесе сақтау квитанциясын жоғалтып алса, бұл туралы ломбардқа жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Осындай арыздың негізінде ломбард зат иесіне оның жеке басын куәландыратын документті көрсетуі бойынша жоғалған билеттің немесе квитанцияның дубликатын береді.

Дубликатты басқа адамның атына, белгіленген тәртіппен жасалған келісім бойынша беруге болады.

23. Ломбард заттарды 12 айға дейінгі мерзімге сақтауға қабылдайды.

24. Кепілдікке немесе сақтауға қабылданған мүліктер (сақтау мерзімі немесе кепілдік уақыты өтіп кеткен заттардан басқасы) ломбард үйінің ішінде сақталуға тиіс.

25. Кепілдік зат беріп алған несие, белгілі мерзімде өтелмеген жағдайда, жеңілдік айы өткеннен кейін бұл мүлікті ломбард комиссиялық магазиндер арқылы халыққа сату үшін комиссияның шарты бойынша сауда ұйымдарына береді. Аталған магазиндерге мүлік-заттар Қазақ ССР Сауда министрлігі бекіткен комиссиялық магазиндерге қабылдау және сату туралы Ережелерге сәйкес беріледі.

Сақтауға тапсырылған заттарды мерзімі өткен соң қайтарып беруді талап етпеген және сақтау шартын қайтадан жаңартпаған жағдайда ломбард 2 ай өткеннен кейін бұл заттарды несие өтеудің уақытын өткізіп алған зат ретінде жоғарыда келтірілген тәртіп бойынша сатуға тапсырады.

Ломбард қымбат бағалы металдардан, тастардан, інжу-маржаннан жасалған бұйымдарды және алтын сағаттарды СССР Финанс министрлігі бекіткен тәртіп бойынша ювелир бұйымдарын сату жөніндегі Қазақ республикалық конторының (Казювелирторг) сатып алу пунктіне береді.

26. Заттарды сатудан түскен сомадан оларды сақтаған және сақтандырғаны үшін төленетін төлемдер, процентімен берілген несиелер, сату жөніндегі шығындар өтеледі. Егер сатудан түскен ақша бұл шығындардан артылып қалса, ломбард оны кепілдік билетін немесе сақтау квитанциясын ұсынған кісіге береді. Мұндай қалдық ақша, зат сатылған күннен бастап үш жыл ішінде талап етілмесе, тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне түсіріледі.

27. Сақтауға қойылған немесе тапсырылған заттардың сатудан түскен ақша ломбардқа берешектерді (ақшадан несие, несиені пайдаланғаны үшін процент, заттарды сақтағаны және сақтандырғаны үшін төленетін төлемдер, сату жөніндегі шығындар) өтемеген жағдайда, сондай-ақ сақтауға немесе кепілдікке тапсырылған заттарды сатуға мүмкіндік болмаған жағдайда ломбард бұл борышты зат несінен сот орындары арқылы өндіріп алады.

28. Сатылған мүлікті сатып аларда, заттарды сақтаудан қайтып аларда және заттарды сатудан түскен ақшаның қалдығын аларда заттарды қабылдаған кезде берілген кепілдік билет немесе сақтау квитанциясы ломбардқа қайтарылуға тиіс.

29. Сақтауда немесе кепілдікте тұрған заттар жоғалып кеткен жағдайда, ломбард зат несіне сақтау квитанциясында немесе кепілдік билетте көрсетілген баға бойынша оның құнын төлейді.

Сақтауда немесе кепілдікте тұрған заттар болар-болмас бүлінген жағдайда, ломбард оның несімен келісе отырып, бүліну мөлшерін анықтайды да, сақтау квитанциясында немесе кепілдік билетінде көрсетілген баға шегінде келтірілген зиянды төлейді.

Егер зат ломбардтың кінәсынан едәуір бүлінген болса, онда ломбард зат несіне оның талап етуі бойынша, кепілдік билетте немесе сақтау квитанциясында көрсетілген баға мөлшерінде мүліктің толық құнын төлеуге міндетті, мұндай ретте бүлінген зат ломбардтың меншігіне айналып, сатылады.

30. *(Екінші абзац)* Жоғалған кепілдік билеттің немесе сақтау квитанциясының орнына оның дубликатын бергені үшін 20 тиын мөлшерінде төлем алынады.

III. Ломбардты басқару

31. Ломбардты дара басшылық принциптері негізінде басқарушы басқарады.

32. Ломбардтың басқарушысын және аға бухгалтерін облыстық Советі атқару комитетінің (Алматы қалалық Советі атқару комитетінің) Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы тағайындайды және қызметтен босатады.

33. Ломбардтың басқарушысы ломбардқа жүктелген істерден туатын барлық праволар мен міндеттерді жүзеге асырады:

— барлық мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындардың, сот және прокуратура органдарының алдында, айрықша сенім қағазы болмағанмен, ломбардтың уәкілі болып танылады;

— ломбардқа қызметкерлер қабылдайды және жұмыстан шығарады;

— ломбардтың Уставымен және қазіргі қолданылып жүрген заңмен белгіленген праволар шегінде ломбардтың барлық мүлкіне және қаражатына иелік жасайды;

— ломбардтың жұмысына байланысы бар операциялардың барлығын жүргізеді.

34. Ломбардтың басқарушысы ломбардтың жұмысына, оған белгіленген жоспарлардың барлық экономикалық және финанс көрсеткіштерінің орындалуына, шарттардың орындалуына, еңбек және финанс тәртібінің сақталуына, өзіне сеніп тапсырылған мүліктің, материалдық бағалы заттардың және ақша қаражатының жоғалмауына, сондай-ақ санитарлық, өртке қарсы күрес, тағы басқа ережелердің, ломбард жөніндегі заңдар мен нұсқаулардың орындалуына, еңбекшілердің арыздары мен шағымдарының дер кезінде қаралуына жауап береді.

IV. Ломбардты тексеру және оның қызметінің тоқтатылуы

35. Ломбардтың жұмысын облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің Халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы және тексеру жүргізуге правосы бар басқа да органдар тексереді.

36. Ломбардтың қызметі халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

37. Ломбардтың қызметі тоқтаған кезде ол қабылдаған мүліктер кепілдік билеттерінде және сақтау квитанцияларында көрсетілген мерзімде иесіне қайтарылуға тиісті, сонымен қатар несиені және басқа төлемдерді ломбардқа өтеу үшін, мүліктерді сатудан түскен сомаларды алу үшін Үлгі уставта белгіленген жеңілдіктер сақталады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 23 декабрьдегі № 738 қаулысымен бекітілген ломбардтың Үлгі уставының 11-пунктіне

ҚОСЫМША[1]

ЛОМБАРДҚА САҚТАУҒА ЖӘНЕ КЕПІЛДІККЕ ҚАБЫЛДАУҒА ЖАТПАЙТЫН МҮЛІКТЕРДІҢ ТІЗБЕГІ

Аударылып тігілген, оңып кеткен, қайта қалпына келтірілген, ластанған, жуылған, қазіргі заманғы модамен тігілмеген және стандартқа жатпайтын (58—60 өлшемді) пальтолар, костюмдер және әйел көйлектері. Жүні түлеген, әлсіз үзілетін күйе тескен мех және мех бұйымдары; фабрика белгісі жоқ барлық мехтар.

Ақ түсті костюмдер, пальтолар, көйлектер.

Формалы киімдер, арнаулы киімдер, спорт және балалар киімдері, галантерея бұйымдары.

Пішілген матаның барлық түрлері және тігіліп бітпеген заттар.

Шұға, шинельдік драп, әскери үлгідегі диагональ және бұлардан жасалған дайын бұйымдар.

Мата қиындыларының барлық түрлері (үш метрден кем болса)[2].

Қиізден, фетрден, резинкадан жасалған және қолдан тігілген аяқ киімдер, сондай-ақ мехтан жасалған ұлтаны резинка аяқ киім.

Қырқылған, дақ түскен және керосиннің, бензиннің, дезинфекциялық дәрілердің исі шығатын кілемдер.

1960 жылға дейін елімізде шыққан стол, қабырға, жаңқалта сағаттарының барлық маркалары, алтын сағаттардан басқалары.

Металмен жиектелген шетел маркалы сағаттар.

Шаруашылық ыдыстар.

---

[1] Қосымшаға Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 23 марттағы № 198 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 7, 33-ст.).

[2] Халық көп талап ететіннен басқалары.

Резинкадан және пластмассадан жасалған бұйымдар.

Велосипедтер, автомашиналар, мотоциклдер, патефондар, дүрбілер, самаурындар, электр арқылы жылу беретін аспаптар, техникалық тетіктердің барлық түрлері және құрал-саймандар.

Мебель, атылатын және атылмайтын қару-жарақтар, оның ішінде аң мылтықтары.

Алтын және күміс теңгелер.

Құйма және ұсақ алтындар. Күміс құймалары.

ЛОМБАРДТАРДЫҢ ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТІ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 13 ноябрьдегі
№ 444 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Ломбардтардың халыққа көрсететін қызметі үшін ақы төлеудің шекті мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 13 ноябрьдегі № 444
қаулысына
Қ О С Ы М Ш А [1]

ЛОМБАРДТАРДЫҢ ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТІ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ

Қызмет түрлері	Заттарды жыл бойы сақтауға төленетін ақының шекті мөлшерлері
Заттарды ссуда бере отырып, сақтау (бағалау сомасынан % есебімен)	8,4
Заттарды ссуда бермей сақтау (бағалау сомасынан % есебімен)	4,8
Кепілге ссуда беру (ссуда сомасынан % есебімен)	4,8

Е с к е р т у.

1. Ломбард бағасы 20 сомнан төмен емес заттарды қабылдайды.

2. Заттарды сақтау ақысына олардың сақтандыру құны қосылады.

3. Ломбард кепілді заттардың 75 проценті мөлшерінде және бағалы металдардан, тастардан, інжуден жасалған бұйымдардың және алтын корпусты сағаттарды кепілге алып, олардың бағалау құнының 90 проценті мөлшерінде ссуда береді. Берілетін ссуданың мөлшері заттар мен бұйымдардың иесінің қалауы бойынша кемітілуі мүмкін.

4. Ломбардтың бір кепілдік билетке берген ссудасы үш жүз сомнан аспауға тиіс.

5. Ломбардта сатып алынған, бірақ алып кетілмеген заттарды сақтағаны үшін төлеуден кейінгі үш күннен соң бағалау сомасынан 4,8 процент мөлшерінде жылдық ақы алынады.

[1] 2—4-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ТОМҒА ЕНГЕН АКТІЛЕРДІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗБЕГІ

1954 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР территориясында қалааралық телефон-телеграф байланыс желілерін қорғауды күшейту және олардың авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары туралы» 1954 ж. 5 июльдегі № 438 қаулысы 141

1956 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының Ережесі туралы» 1956 ж. 24 августағы № 524 қаулысы 29

1959 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Периодикалық баспасөздерді республика халқына жіберуді, жеткізіп беруді жақсарту шаралары туралы» 1959 ж. 4 марттағы № 187 қаулысы 139

1963 жыл

Қазақ ССР-інің Азаматтық кодексі. Қазақ ССР-інің 1963 ж. 28 декабрьдегі Заңымен бекітілген, 363—375-статьялар (сілтеме) 7

224—246-статьялар (сілтеме) 145

258-статьяның үшінші бөлігі, 259-статьяның үшінші және төртінші бөліктері, 267-статьяның бірінші бөлігінің 3-пунктінің екінші абзацы, 271-статья, 341-статьяның үшінші бөлігі, 347-статьяның үшінші бөлігі, 349-статьяның үшінші бөлігі және 357-статья (сілтеме) 275

1964 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Тұрғын үйлерде радио тарату желісінің пәтер ішіндегі сымын жүргізу туралы» 1964 ж. 3 июньдегі № 392 қаулысы . . 138

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Почта байланысының материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту жөніндегі шаралар туралы» 1964 ж. 10 августағы № 551 қаулысы 134

1965 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ауыл-селолардағы кітап саудасының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» 1965 ж. 13 январьдағы № 32 қаулысы 217

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халыққа тұрмыс қызметін көрсету кәсіпорындарының жұмысын жақсарту және ішкі киімді жуу мен киімді химиялық әдіспен тазалау жөніндегі жаңа кәсіпорындарды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» 1965 ж. 26 июльдегі № 532 қаулысы 328

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Балалар тамағы өнімдерін өнеркәсіптік өндіруді одан әрі арттыру және балалар тамағын ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1965 ж. 31 декабрьдегі № 915 қаулысы . . 198

1966 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада сүт және сүт өнімдерін өндіруді арттыру және олармен сауда жасауды ұйымдастыруды жақсарту туралы» 1966 ж. 20 июньдегі № 427 қаулысы 215

1967 жыл

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қоғамдық тамақтандыруды одан әрі дамыту және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1967 ж. 7 майдағы № 298 қаулысы 195

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республика халқына тұрмыстық қызмет көрсетуді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1967 ж. 31 октябрьдегі № 734 қаулысы 282

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада сауданы одан әрі жақсарту жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1967 ж. 4 ноябрьдегі № 740 қаулысы . 193

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалануды жақсарту туралы» 1967 ж. 30 ноябрьдегі № 816 қаулысы, 4-пункттің «б» тармағы, 7-пункт, 12-пункттің үшінші абзацы, 23, 27-пункттер және 33-пункттің «в», «г» тармақтары (сілтеме) . . 224

1968 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырмалар мен міндеттемелерін орындамағаны үшін материалдық жауапкершілігін күшейту туралы» 1968 ж. 19 январьдағы № 38 қаулысы 16

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Жүк автомобиль транспортының жайы және оны пайдалануды жақсарту шаралары туралы» 1968 ж. 4 октябрьдегі № 603 қаулысы 91

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын материалдық-техникалық жабдықтауды жақсарту туралы» 1968 ж. 8 декабрьдегі № 726 қаулысы 285

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі туралы» 1968 ж. 20 декабрьдегі Заңы, 17-статьяның 4—10-пункттері (сілтеме) 8

19-статьяның 1, 3, 5, 6 және 8-пункттері (сілтеме) 157

5-статья, 12-статьяның 5-пункті, 18-статьяның 1, 2, 4—7-пункттері және 24-статьяның 3-пункті (сілтеме) 224

5-статья, 12-статьяның 5-пункті, 19-статьяның 1, 2, 5, 7, 8-пункттері және 24-статьяның 3-пункті (сілтеме) 276

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ломбардтың Үлгі уставын бекіту туралы» 1968 ж. 23 декабрьдегі № 738 қаулысы 337

1969 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Байланыс министрлігінің финансшаруашылық қызметінің қорытындылары туралы» 1969 ж. 14 февральдағы № 96 қаулысы 140

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Азаматтардың транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру ісін жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1968 жылғы 10 октябрьдегі № 790 қаулысын орындау туралы» 1969 ж. 27 февральдағы № 129 қаулысы 100

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1969 ж. 6 марттағы № 138 қаулысы . 112—2
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1969 ж. 9 апрельдегі № 211 қаулысы 286
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Колхоздардың, совхоздардың, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және басқа кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының автомобиль жолдарын салуға және жөндеуге қатысуы туралы» 1969 ж. 4 апрельдегі Указы 114
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Байланыс министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1969 ж. 30 майдағы № 347 қаулысы 125
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Темір жол транспортында адамдарды бақытсыз жағдайға ұшыратпау шаралары туралы» 1969 ж. 30 майдағы № 348 қаулысы 25
Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жүк автомобиль транспортын пайдалануды жақсарту туралы» 1968 жылғы 5 августағы қаулысын орындау туралы» 1969 ж. 1 декабрьдегі № 712 қаулысы . . . 94

1970 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР қалаларын, жұмысшы поселкелерін, аудан орталықтарын және басқа елді мекендерін газбен жабдықтаудың хауіпсіздігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1970 ж. 26 марттағы № 211 қаулысы 258
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қартаюына байланысты пенсионерлермен және мүгедектермен олардың халық үшін киімді, аяқ киімді, мәдени-тұрмыс мақсатына арналған және шаруашылықта қолданылатын заттарды жөндеу жөнінде қызмет көрсетулеріне халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының договорлар жасасуының шарттары мен тәртібін бекіту туралы» 1970 ж. 1 апрельдегі № 230 қаулысы 326
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Сауда министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1970 ж. 9 апрельдегі № 256 қаулысы 145
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Автомобиль транспорты Уставын бекіту туралы» 1970 ж. 18 июньдегі № 379 қаулысы 50
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1970 ж. 6 июльдегі № 418 қаулысы 228

1971 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Почта байланысының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 2 апрельдегі № 182 қаулысы 135
Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР Халық депутаттарының аудандық Советтері туралы» 1971 ж. 21 июльдегі Заңы:
18-статьяның 4-пункті және 19-статья (сілтеме) 7
13-статьяның 2-пункті және 21-статья (сілтеме) 157
5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 20-статьяның 1, 2, 5—8 пункттері және 28-статьяның 4-пункті (сілтеме) 223
5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 22-статья және 28-статьяның 4-пункті (сілтеме) 276
Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының қалалық, қаладағы аудандық Советтері туралы» 1971 ж. 21 июльдегі Заңы: 16-статьяның 6-пункті, 17-статьяның 5-пункті, 18-статья, 31-статьяның 7-пункті және 35-статьяның үшінші пункті (сілтеме) 8
13-статьяның 2-пункті, 19-статья, 31-статьяның 7-пункті және 33-статьяның 6-пункті (сілтеме) 157
5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 17-статьяның 2—6, 10—12-пункттері, 26-статьяның 4-пункті, 31-статьяның 3, 7-пункттері және 33-статьяның 3, 6, 8-пункттері (сілтеме) 224
5-статья, 13-статьяның 2, 3-пункттері, 20-статья, 26-статьяның 4-пункті, 31-статьяның 2, 3, 7-пункттері және 33-статьяның 2, 3, 6, 8-пункттері (сілтеме) 276

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Азаматтардың нелігіндегі жеңіл автомобильдер мен басқа да транспорт құралдарына техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындардың жүйесін жасауды тездету жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 23 августағы № 482 қаулысы 104
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халықты және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 7 сентябрьдегі 516 қаулысы 257
Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 17 сентябрьдегі № 541 қаулысымен бекітілген, 1-пункттің екінші абзацы, 6-пункттің бірінші абзацы және «ж»—«и» тармақтары (сілтеме) 138
Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптік темір жол транспортының жұмысын жақсарту туралы» 1971 жылғы 2 июньдегі № 338 қаулысын орындау жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 22 сентябрьдегі № 547 қаулысы 23

1972 жыл

Қазақ ССР-інің халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1972 ж. 23 марттағы № 170 қаулысымен бекітілген. 250
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің бақылау-тексеру қызметі туралы ережені бекіту туралы» 1972 ж. 26 декабрьдегі № 649 қаулысы 120
Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР-інің Су кодексі» 1972 ж. 27 декабрьдегі Заңымен бекітілген, 88—91 және 94-статьялар (сілтеме) 19

1973 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы халық, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары мен мекемелерін отынмен жабдықтау жөніндегі Бас басқарма (Казглавтопснаб) туралы Ережені бекіту туралы» 1973 ж. 13 июльдегі № 365 қаулысы 242
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды тәртіптеу және оларды ұстауға арналған шығындарды қысқарту жөніндегі шаралар туралы» 1973 ж. 16 июльдегі № 376 қаулысы 95
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада жүк автомобиль транспортын пайдалануды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1973 ж. 13 сентябрьдегі № 472 қаулысы 95

1974 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Өз меншігі правосы негізінде азаматтарға қарайтын тұрғын үйлерді табиғи газбен газдандыру жөніндегі кооперативтің Үлгі уставын бекіту туралы» 1974 ж. 12 февральдағы № 60 қаулысы . . . 259
Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының сапасы мен ассортиментін және сауданың өнеркәсіппен байланысын жетілдіру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1974 жылғы 22 апрельдегі қаулысын жүзеге асыру туралы» 1974 ж. 12 майдағы № 271 қаулысы, 3-пункт және 6-пункттің бірінші абзацы (сілтеме) 214
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Азаматтардың нелігіндегі тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндеу ісін ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1974 ж. 1 августағы № 421 қаулысы 330
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Жүктерді тасымалдаған кезде контейнерлерді тиісінше пайдалану үшін жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың және автотранспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының материалдық жауапкершілігі туралы» 1974 ж. 15 октябрьдегі № 541 қаулысы 15

1975 жыл

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республика қалаларының, жұмысшы поселкесі мен селолық елді

мекендерінің санитарлық жайын жақсарту және халықтың инфекциялық ауруларға ұшырауын болғызбау жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1975 ж. 20 майдағы № 275 қаулысы (үзінді) 271

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Бөлшек сауда товар айналымын және халық тұтынатын товарларға арналған рынок қорларын жоспарлау тәртібі туралы» 1975 ж. 16 октябрьдегі № 516 қаулысы 203

1976 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Саудада өзіне-өзі қызмет көрсетуді одан әрі дамыту және оның тиімділігін арттыру туралы» 1976 ж. 7 июньдегі № 261 қаулысы 199

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада телефон байланысын дамытуды тездету жөніндегі шаралар туралы» 1976 ж. 21 сентябрьдегі № 436 қаулысы 137

1977 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Автомобиль транспортымен жүк тасымалдауда қосып жазуларға, автомобиль бензині мен басқа да жанар-жағар материалдарының ысырабына қарсы күресті күшейту және автомобильге май құятын станциялардың жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1977 ж. 9 июньдегі № 491 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1977 ж. 13 июльдегі № 336 қаулысы 106

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Сауданы одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1977 жылғы 5 июльдегі № 611 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1977 ж. 7 сентябрьдегі № 438 қаулысы 184

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада кітап саудасының материалдық базасын одан әрі нығайту туралы» 1977 ж. 26 сентябрьдегі № 455 қаулысы 216

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Қонақ үйлеріндегі тұрғындарға қызмет көрсетуді онан әрі жақсарту шаралары туралы» 1977 жылғы 26 августағы № 781 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1977 ж. 14 октябрьдегі № 476 қаулысы 269

1978 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1978 ж. 12 апрельдегі № 146 қаулысы 39

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Еліміздің халқы мен халық шаруашылығы почта байланысының қызмет көрсетуін одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 14 июльдегі № 611 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1978 ж 14 сентябрьдегі № 359 қаулысы 132

1979 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Әскери бейіттерді және совет жауынгерлері мен партизандарының қабірлерін көркейту және тәртіпке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1979 жылғы 11 апрельдегі № 339 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1979 ж 3 майдағы № 184 қаулысы 270

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республиканың автомобиль жолдарымен жүк тасымалдауды ұйымдастыруды жақсарту туралы» 1979 ж. 2 октябрьдегі № 369 қаулысы 117

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жоспарлауды жақсарту және шаруашылық механизмінің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға ықпалын күшейту туралы» 1979 жылғы 12 июльдегі № 695 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» 1979 ж.

11 октябрьдегі № 386 қаулысы, 30-пункт (сілтеме) 203
Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР Министрлер Советі туралы» 1979 ж. 14 декабрьдегі Заңы:
6-статьяның бірінші бөлігінің үшінші абзацы, 8-статьяның 4-пункті, 25 және 26-статьялар (сілтеме) 7
8-статьяның 6-пункті және 24-статья (сілтеме) 145
8-статьяның 4, 6-пункттері, 25 және 27-статьялар (сілтеме) 223
8-статьяның 6-пункті және 25-статья (сілтеме) 275

1980 жыл

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Тұтыну кооперациясының қызметін одан әрі дамытып, жақсарту туралы» 1979 жылғы 11 ноябрьдегі № 1003 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1980 ж. 9 январьдағы № 9 қаулысы 191
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Үй тұрмысында пайдаланылатын заттарды, музыкалық аспаптарды, спорт инвентарьлары мен жеке пайдаланылатын басқа да мүлікті азаматтардың уақытша пайдалануына беру (тұрмыстық прокат) туралы Үлгі шарттары және халық үшін жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындауға арналған Үлгі шарт-заказды бекіту туралы» 1980 ж. 13 майдағы № 205 қаулысы 331
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інде сауданы басқарудың бас схемасы туралы» 1980 ж. 30 майдағы № 234 қаулысы 172
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Тұрғын алаңға, коммуналдық қызметкерлерге, газға, электр энергиясына, байланыс қызметіне тұрмыстық приборлар мен аппараттарға абонементтік қызмет халықпен есептесу үшін Алматы қаласында бірыңғай төлем документін енгізу туралы» 1980 ж. 9 сентябрьдегі № 350 қаулысы 265
Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының облыстық Советі туралы» 1980 ж. 13 ноябрьдегі Заңы:
16-статьяның 2, 5-пункттері, 19, 20-статьялар (сілтеме) 7
22-статья және 30-статьяның 5-пункті (сілтеме) 156
6-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 2-пункті, 15-статьяның 4-пункті, 21-статьяның 1—3, 5—8-пункттері және 30-статьяның 5-пункті (сілтеме) . 223
6-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 2-пункті, 15-статьяның 4-пункті, 23-статья және 30-статьяның 5-пункті (сілтеме) 275

1981 жыл

Жергілікті (облыстықты қоса) автомобиль жолдарын салуға, қайта құруға, жөндеуге және күтіп-ұстауға міндетті түрде қатысудан босатылатын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізбегі. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 9 январьдағы № 6 жарлығымен бекітілген 117
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылық өнімін өндіруді молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 8 январьдағы № 27 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1981 ж. 16 февральдағы № 70 қаулысы, 3, 7 және 18-пункттері (сілтеме) 214
Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Қызмет бабындағы және арнаулы жеңіл автомобильдердің пайдаланылуын тәртіпке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 16 февральдағы № 178 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1981 ж. 30 марттағы № 146 қаулысы 97
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен СССР Министрлер Советінің «Халық депутаттары Советтерінің шаруашылық құрылыстағы ролін одан әрі арттыру туралы» 1981 жылғы 19 марттағы № 292 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1981 ж. 26 майдағы № 250 қаулысы, 11-пункттің бірінші абзацы (сілтеме) 203
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1981—1985 жылдары жүктерді контейнерлер мен пакеттерде тасымалдауды

дамытуды жеделдету және тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 28 майдағы № 500 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1981 ж. 2 июльдегі № 295 қаулысы 12
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Темір жол транспортында жүктерді ұтымсыз тасымалдауды одан әрі қысқарту және маршруттау деңгейін көтеру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 ж. 6 июльдегі № 304 қаулысы . . . 23
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Нан және нан-тоқаш бұйымдарын неғұрлым үнемді жұмсау жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 3 июльдегі № 623 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1981 ж. 5 августағы № 345 қаулысы 211
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Мемлекеттік тасымалдау комитеті жанынан Жүк тасымалдауды ұтымдылау жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссия құру туралы» 1981 ж. 21 августағы № 372 қаулысы 16

1982 ж ы л

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Он бірінші бесжылдықта сауданы одан әрі дамыту және халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1982 жылғы 14 январьдағы № 29 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1982 ж. 22 марттағы № 120 қаулысы 174
Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Жеңіл автомобильдермен сауданы тәртіпке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1962 жылғы 2 июльдегі № 626 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1982 ж. 30 июльдегі № 309 қаулысы 215
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС XXVI съезінің шешімдерін жүзеге асыруда республиканың қала халқына коммуналдық қызмет көрсетуді одан әрі жақсарту туралы» 1982 ж. 3 августағы № 310 қаулысы 225
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің сауда басқармасы туралы ережені бекіту туралы» 1982 ж. 1 декабрьдегі № 458 қаулысы . . . 157
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қызмет көрсету сферасында үнемдеу режимін күшейту және ысыраптарды қысқарту туралы» 1982 жылғы 30 сентябрьдегі № 895 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1982 ж. 7 декабрьдегі № 459 қаулысы (сілтеме) 198
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылық жүктері мен жолаушылар тасымалдауды жоспарлауды ұйымдастыруды жақсарту және транспорт кәсіпорындары мен ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға шаруашылық механизмінің ықпалын күшейту туралы» 1982 жылғы 28 октябрьдегі № 942 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1982 ж. 17 декабрьдегі № 480 қаулысы 8

1983 ж ы л

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді одан әрі дамытып, жақсарту туралы» 1983 жылғы 24 марттағы № 235 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1983 ж. 1 апрельдегі № 154 қаулысы 277
Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Тұрғын үй-коммуналдық ресурстарды үнемді жұмсау жөніндегі шаралар туралы» 1983 жылғы 6 апрельдегі № 282 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1983 ж. 29 апрельдегі № 196 қаулысы:
8-пункттің үшінші абзацы (сілтеме) 214
3—5, 7 және 8-пункттер (сілтеме) 22

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Үкіметінің колхоз рыноктарындағы сауда мәселелері жөніндегі шешімдерін біріктіру туралы» 1983 ж. 23 июньдегі № 262 қаулысы 200
Қазақ ССР-інің Тұрғын үй кодексі. Қазақ ССР-інің 1983 ж. 30 июньдегі Заңымен бекітілген:
1-статья, 9-статьяның бесінші бөлігі, 10-статьяның 9-пункті, 11-статьяның 6-пункті, 52-статьяның үшінші — бесінші бөлігі және 53-статья (сілтеме) . 224
124-статьяның екінші бөлігі (сілтеме) 276
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 5 августағы № 759 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1983 ж. 27 сентябрьдегі № 390 қаулысы 107
Халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 5 ноябрьдегі № 440 қаулысымен бекітілген 247
Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасы туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 5 ноябрьдегі № 440 қаулысымен бекітілген . 291
Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің қоғамдық тамақтандыру басқармасы туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 5 ноябрьдегі № 440 қаулысымен бекітілген 162

1984 жыл

Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексі. Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1984 ж. 22 мартта қабылдаған:
140, 141, 143 және 144-статьялар (сілтеме) 8
147—151-статьялар (сілтеме) 125
160—164—1-статьялар (сілтеме) 157
159-статья (сілтеме) 224
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы» 1984 ж. 23 августағы № 357 қаулысы 357
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Халық тұтынатын товарлардың сапасы мен саудасы жөніндегі мемлекеттік инспекциясы (Қазақ ССР Мемлекеттік сауда инспекциясы туралы) Ережені бекіту туралы» 1984 ж. 24 августағы № 358 қаулысы 166
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы ережені бекіту туралы» 1984 ж. 1 октябрьдегі № 404 қаулысы 32
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інде Халық тұрмыс қажетін өтеу өндірістік бірлестігі туралы ережені бекіту туралы» 1984 ж. 12 октябрьдегі № 417 қаулысы 295
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ломбардтардың халыққа көрсететін қызметі үшін ақы төлеу мөлшерлері туралы» 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 444 қаулысы 342

1985 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасының уставы туралы» 1985 ж. 17 январьдағы № 23 қаулысы . . . . 164—2
Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Халыққа ақылы қызмет көрсету негізгі міндеті болып табылмайтын кәсіпорындар мен ұйымдар көрсететін бұл қызметтерді ұлғайту жөніндегі шаралар туралы» 1985 жылғы 31 июльдегі № 716 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1985 ж. 2 сентябрьдегі № 309 қауысы . . . . . 284—1
Қазақ ССР Министрлер Советінің «Азаматтарға ұзақ уақыт пайдаланылатын товарларды несиеге сату туралы» 1985 ж. 27 сентябрьдегі № 343 қаулысы 182—2

ТОМҒА ЕНГІЗІЛГЕН АҚТІЛЕРГЕ АЛФАВИТТІК — АТАУ КӨРСЕТКІШ

А

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

— А. Ж. топтастыру — 55
— А. Ж. басқармасының міндеті — 117
— жергілікті А. Ж. салуға, қайта құруға, жөндеуге және күтіп-ұстауға міндетті түрде қатысудан босатылатын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізбегі — 117
— А. Ж. құрылысын жөндеу мен күтіп ұстауды жақсарту — 55
— А. Ж. салу мен жөндеуге колхоздардың, совхоздардың және шаруашылық ұйымдардың қатысуы — 114

АВТОМОБИЛЬГЕ МАЙ ҚҰЯТЫН СТАНЦИЯЛАР

— жылжымалы А. С. пайдалану — 111
— А. С. жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар — 106—113
— А. С. құрылысын салу — 100, 107
